

С. Б. Мақыш

БАНК ІСІ

**Оқулық ретінде ҚР ғылым және білім
министрлігімен ұсынылған**

Алматы 2008

УДК 336.71 (076)

ББК

**Баспаға Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті
жанындағы жоғары және жоғары оқу орынынан кейінгі «Әлеуметтік
ғылымдар мен бизнес» мамандығының топтары бойынша
оқу-әдістемелік кеңесі,
Қ.И. Сәтбаев атындағы «Қазақ ұлттық техникалық университетінің
Экономика және бизнес институтының
оқу-әдістемелік кеңесі ұсынған**

Мақыш С.Б.

Банк ісі. Оқулық.– (қайта өңделген және толықтырылған) - Алматы: Жеті
Жарғы. 2008. – 498 бет

ISBN

Оқулықта Қазақстандағы банк ісінің қалыптасуы мен дамуы, Қазақстан
Ұлттық банкісінің қызметі мен міндеттері, ҚР-ғы екінші деңгейдегі банктер
қызметін ұйымдастыру және реттеу, банк ресурстарын қалыптастыру және
орналастыру, банктердің клиенттерге көрсететін қазіргі қызметтері мен
өнімдері және операцияларының түрлері, банктің қызметінің нәтижелері, банк
қызметін басқаруға қатысты теориялық және практикалық мәселелер
толығырақ қамтылады.

Оқулық экономикалық жоғары оқу орындарының оқытушыларына,
аспиранттары мен магистранттарына және студенттеріне, сондай-ақ банк
саласының қызметкерлеріне арналады.

ББК

Сын-пікір жазғандар:

Ұ.М. Искаков, Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінің
«Қаржы нарығы және банктік бизнес» кафедрасының меңгерушісі, э.ғ.д.,
профессор.

Д.М. Мәжитов, Қазақстан Ұлттық банкінің Қолма-қол ақшамен жұмыс
жасау департаментінің директоры, э.ғ.к., доцент.

А.Ә. Илияс, Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық
университетінің «Қаржы және маркетинг» кафедрасының доценті, э.ғ.к.

М.Т. Жоламанова, Еуразия нарық институтының «Қаржы және банк
менеджменті» кафедрасының меңгерушісі, э.ғ.к., доцент.

Мазмұны

Алғы сөз	6
1-бөлім. Банк жүйесінің қалыптасуы мен дамуы	
1-тарау. Банктердің пайда болуы мен Қазақстандағы банк ісінің дамуы	
1.1 Банктің мәні және даму тарихы	8
1.2 Қазақстан аумағына банк капиталының енуі	12
1.3 Кеңес үкіметі тұсындағы банк ісінің монополиялануы	17
1.4. Банктік реформалар	19
<i>Бақылау сұрақтары</i>	27
2-тарау. Қазақстан Ұлттық банкі – мемлекеттің орталық банкі	
2.1 Қазақстан Ұлттық банкісінің ұйымдастырылу және функционалдық құрылымы	28
2.2 Қазақстан Ұлттық банкісінің міндеті, қызметтері мен операциялары	31
2.3 Қазақстан Ұлттық банкісінің эмиссиялық қызметі	33
2.4 Қазақстан Ұлттық банкісінің ақша-несие саясаты	37
2.5 ҚҰБ-нің алтын-валюта резервін басқару қызметі	45
2.6 Инфляциялық таргеттеу қағидаттары және трансмиссиялық механизм	50
2.7 Ақша массасы және ақша агрегаттары	55
<i>Бақылау сұрақтары</i>	58
3-тарау. ҚР банк қызметін ұйымдастыру және реттеу	
3.1. Банктерді ашу және олардың қызметін ұйымдастыру	59
3.2. Банк қызметін пруденциалдық реттеу	63
3.3. Банктік қадағалау әдістері	74
3.4 Банктік топтардың қызметін жиынтық қадағалау	83
3.5 Банк қызметін рейтингтік бағалау және CAMEL жүйесі	91
<i>Бақылау сұрақтары</i>	101
2-бөлім. Банктің пассивтері мен активтері	
4-тарау. Банктің ресурстары және капиталдық базасы	
4.1. Банк ресурстарының ұғымы және құрылымы	102
4.2. Банктік меншікті капиталының көздері мен қызметтері	104
4.3. Банктің меншікті капиталының жеткіліктігі	109
4.4 Банктің тартылған қаражаттары	112
4.4.1. Банктің депозиттік операциялары	113
4.4.2. Банктің депозиттік емес ресурстары	119
4.5 Банктің депозиттік саясаты	121
4.6 Қазақстандағы депозиттік нарықтың жағдайы	125
<i>Бақылау сұрақтары</i>	126
5-тарау. Банк активтерінің құрылымы және жіктелуі	
5.1. Банктің активтерінің сипаты мен сапасы	127
5.2 Банк активтерінің жіктелуі	130

5.3 Несиелердің жіктелуі және оларға провизия құру	132
5.4. Банктің инвестициялық операциялары	138
5.3.1. Банктің инвестиция және инвестициялық саясаты	139
5.4.2 Банктің бағалы қағаздармен операциялары	141
<i>Бақылау сұрақтары</i>	150
3-бөлім. Банктің көрсететін қызметтері мен операциялары	
6-тарау. Банктің есеп айырысу-кассалық операциялары	
6.1 Есеп айырысу операциялары, олардың жіктелуі	151
6.2. Банктік шотты ашуды ұйымдастыру тәртібі	152
6.3. Қолма-қолсыз ақшалармен есеп айырысу формалары мен құралдары	156
6.4. Төлем карточкаларымен есеп айырысу	169
6.5 Электрондық қызмет көрсетулер және есеп айырысулар	177
6.6 Кассалық операциялар және қолма-қол ақшалармен банктің жұмысы	182
<i>Бақылау сұрақтары</i>	185
7-тарау. Төлем жүйесі және банкаралық есеп айырысулар	
7.1 Төлем жүйесінің ұғымы және құрылымы	186
7.2. ҚР-ғы төлем жүйесінің қалыптасуы мен дамуы	190
7.3 ҚР-ғы төлем жүйесін ұйымдастыру	193
7.4 СВИФТ жүйесінің құрылымы мен қызметі	198
<i>Бақылау сұрақтары</i>	202
8-тарау. Банктің несиелік саясаты және несиелік механизм	
8.1. Несиелік саясат, оның элементтері	203
8.2. Несиелік механизмнің мазмұны	206
8.2.1 Банктік несиенің жіктелімі	207
8.2.2. Несиелеу субъектілері мен объектілері	209
8.2.3 Несиелеуді ұйымдастыру қағидаттары	210
8.3 Банктің несиелік комитетінің құрамы мен құзіреті	214
<i>Бақылау сұрақтары</i>	217
9-тарау. Корпоративтік клиенттерді несиелеу және несиелік қабілетін бағалау	
9.1. Корпоративтік клиенттерді несиелеу түрлері.	218
9.2 . Корпоративтік клиенттерді несиелеуге қажетті құжаттар	220
9.3. Несиелік қабілетті бағалау критерилері	222
9.4 Қарыз алушы- кәсіпорынның несиелік қабілетін бағалау	224
9.5 Несиелік және кепіл туралы келісімшарт жасау	229
9.6 Несиелік мониторинг және проблемалық несиелермен банктің жұмысы	231
9.7 Жобалық несиелеу ерекшеліктері	234
9.8 Инвестициялық жобаның тиімділігін бағалау	239
9.9 Несиелік қабілетті бағалаудағы шетел тәжірибесі	248
<i>Бақылау сұрақтары</i>	252
10-тарау. Жеке тұлғаларды несиелеуді ұйымдастыру	
10.1 Тұтынушылық несиелеу	253
10.2 Халықты ипотекалық несиелеу	262
10.3. ҚР ипотекалық несиелеу жүйесі	270

10.4 Ипотекалық несие нарығы	275
<i>Бақылау сұрақтары</i>	279
11-тарау. Банктің қаржылық қызметтері	
11.1. Лизинг	280
11.2. Факторинг	285
11.3. Форфейтинг	289
<i>Бақылау сұрақтары</i>	292
12-тарау. Банктің комиссиянды-делдалдық операциялары	
12.1. Траст операциялары	293
12.2. Валюталық операциялар	298
12.3 Инкассо	301
12.4 Аккредитив	303
12.5 Банктік кепіл-хат	309
<i>Бақылау сұрақтары</i>	313
4-бөлім. Банк қызметін басқару	
13-тарау. Банктік менеджменттің мазмұны	
13.1 Банктік басқару теориялары мен бағыттары	314
13.2 Банк менеджментінің сапасын бағалау	317
13.3. Банк қызметін стратегиялық және ағымдағы жоспарлау	320
13.4. Банк қызметіндегі ішкі бақылауды ұйымдастыру	326
13.5. Банк қызметкерлерін басқару	328
<i>Бақылау сұрақтары</i>	331
14-тарау. Банк өтімділігін басқару және бағалау	
14.1. Банк өтімділігі және оған ықпал етуші факторлар	332
14.2. Банк өтімділігін басқару әдістері	336
14.3. Өтімділікті бағалау көрсеткіштері	339
<i>Бақылау сұрақтары</i>	341
15-тақырып. Банктің табыстары мен шығыстарын басқару	
15.1. Банктің табыстары, олардың қалыптасу көздері	342
15.2 Банктің шығыстарының түрлері	345
<i>Бақылау сұрақтары</i>	346
16.-тарау. Банк тәуекелдерін басқару	
16.1 Банктік тәуекелдердің жіктелімі	347
16.2 Несиелік тәуекелді басқару	349
16.3 Пайыздық тәуекелді басқару	354
16.4 Валюталық тәуекелді басқару	361
16.5 Операциондық тәуекелдерді басқару	365
<i>Бақылау сұрақтары</i>	366
Қосымшалар	367
Сөздік	417

Алғы сөз

“Банк ісі” атты оқулық “Банк ісі” пәнінің жұмыс бағдарламасы (syllabus) негізінде дайындалған мемлекеттік тілде жазылып отырған кәсіби пән болып табылады. Оқулық автордың қазіргі Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінің “Банк ісі кафедрасында, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің “Қаржы” кафедрасында доцент, Қ.И. Сатбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің «Қаржы және маркетинг» кафедра меңгерушісі қызметінде жүріп жинақтаған, бірнеше жылдық дәрістік материалдары негізінде дайындалған.

Оқулықтың өзіндік ерекшелігі банктердің қызметін ұйымдастыру, реттеу және бағалау және өтімділігін басқару, олардың нарықтық экономикаға өтудегі рөлі мен қызметтері жайлы нақты Қазақстан Республикасының тәжірибесіне сүйене отырып жазылғандығымен сипатталады.

Оқулық коммерциялық банктердің операцияларын тек теориялық бағытта қарастырып қоймай, сондай-ақ олардың тәжірибелік жақтарын да қамтиды.

Оқулықтың құрылымы: 4 бөлімнен, 16 тарау және бірнеше тақырыптардан, сондай-ақ әр тақырыптан кейін бақылау сұрақтарынан тұрады.

Бірінші тарауда банктердің пайда болуы және даму тарихы, Қазақстанға банк капиталының енуі, ҚР-ғы банк жүйесінің қалыптасуы мен дамуы, сондай-ақ КСРО және ҚР-ғы банктік реформалар туралы мәселелер қарастырылған.

Екінші тарауда Қазақстан Республикасының орталық банкі - Қазақстан Ұлттық банкісінің ұйымдастырылу және функционалдық құрылымы, міндеті, классикалық қызметтері мен операциялары, эмиссиялау қызметі, ақша-несие саясатын жүргізу құралдары, алтын-валюта резервін басқаруы, сондай-ақ инфляциялық таргеттеу қағидағтарына өту ерекшеліктері және трансмиссиялық механизм туралы сұрақтар қамтылған.

Үшінші тарауда ҚР-ғы банктерді ашу және олардың қызметін ұйымдастыру, банк қызметін пруденциалдық реттеу, банктік топтардың қызметін жиынтық қадағалау және банк қызметін рейтингтік бағалау және SAMEL жүйесі қарастырылған.

Төртінші тарауда банктердің ресурстарының қалыптасу көздері мен құрылымдары: меншікті капитал, депозиттік және депозиттік емес ресурстар қарастырылған.

Бесінші тарау коммерциялық банктердің активтері, олардың құрылымдары мен сапасы, сол сияқты кейбір активтердің жіктелімі жайлы мәселелерді қамтиды.

Алтыншы тарауда банктің есеп айырысу-кассалық операциялары, оның ішінде: банктік шоттар ашу есеп айырысу формалары мен құралдарына, сондай-ақ банкаралық есеп айырысуға қатысты мәселелер қамтылған.

Жетінші тарауда төлем жүйесінің ұғымы, құрылымы, ҚР төлем жүйесінің қызметін ұйымдастыру ерекшеліктері, СВФИТ жүйесінің қызметі туралы сұрақтар қарастырылған.

Сегізінші тарауда несиелік саясат және несиелік механизм, несиелеу механизмі және банктердегі несие беру процестері, олардың өзара байланысы және құрылымдық элементтері жүйелі түрде қарастырылады.

Тоғызыншы тарауда корпоративтік несиелеу түрлері, ерекшеліктері, шарттары, қарыз алушының несиелік қабілетін бағалау мәселелері, сондай-ақ жобалық несиелеу ерекшеліктері, инвестициялық жобаның тиімділігін талдау тәжірибиелері қарастырылған. Мұнда қарыз алушының несиелік қабілетін бағалау критерийлері, заңды және жеке тұлғалардың несиелік қабілетін бағалау көрсеткіштер жүйесі беріледі.

Оныншы тарауда, жеке тұлғаларды несиелеу түрлері, ерекшеліктері, тұтынушылық несиелеу және ипотекалық несиелеу тәжірибиелеріне банк материалдарында нақты мысалдар келтірілген.

Он бірінші тарауда банктердің қаржылық қызметтері: лизинг, факторинг және форфейтинг операциялары туралы мәселелер қамтылады.

Он екінші тарауда банктің комиссиянды-делдалдық операциялары, оның ішінде трасталық және валюталық операцияларына қатысты мәселелер баяндалады.

Он үшінші тарауда банк қызметін басқару, банктік менеджменттің бағыттары, соның ішінде қаржы менеджменті және кадр менеджментін ұйымдастыру қамтылған.

Он төртінші тарауда банктің өтімділігіне ықпал етуші факторларға, өтімділікті басқару және бағалау әдістеріне қатысты сұрақтардың банктің табыстары мен шығыстары, оның ішінде пайызды және пайызсыз табыстары туралы баяндайды.

Он бесінші тарауда банктің табыстары мен шығыстары, оның ішінде пайызды және пайызсыз табыстары туралы баяндайды.

Он алтыншы тарауда банктің қызметіндегі тәуекелдер, олардың жіктелімі, сондай-ақ тәуекелдердің кейбір түрлері, соның ішінде несиелік, пайыздық, валюталық тәуекелдерді басқару туралы баяндалған.

Оқулық алғаш рет даярланып отырғандықтан кемшіліктерсіз жазылған деп айта алмаймыз, осыған орай, мамандар мен оқырмандар тарапынан бағалы ұсыныстар мен түзетулер енгізуге байланысты ескертулері болса, оны автор құптайды және келешекте қайта өңделіп, түзетулер енгізу кезінде міндетті түрде ескереді, сондай-ақ ондай тілек білдірушілерге автор ықылас білдіре отырып, алдын ала алғысын айтады.

1-бөлім. Банк жүйесінің қалыптасуы мен дамуы

1-тарау. Банктердің пайда болуы мен Қазақстандағы банк ісінің дамуы

1.1 Банктің мәні және даму тарихы

Ежелгі ғасырлар тарихы кейінгі ұрпаққа банктердің қашан пайда болғаны туралы ғана емес, сондай-ақ олардың қандай операцияларды орындағандығы туралы да толық мәліметтер қалдырмаған секілді.

Кейбір ғалымдардың пікірінше, алғашқы банктер капитализмнің мануфактура тұсында және ең бастысы, Италияның жекелеген қалаларында (Венеция, Генуе) XIV-XV ғғ. пайда болған. Олардың еңбектерінде банк тауар шаруашылығының ерекше институты ретінде тауар шаруашылығының ерте кезеңінде, яғни тауар-ақша қатынастарының дамуына байланыссыз, ақша айналысын реттеу үшін пайда болған делінеді.

XVI-XVII ғғ. Венецияда, Генуеде, Миланда, Амстердамда, Гамбургте, Нюрнбергте саудагер-клиенттер арасында қолма-қол ақшасыз есеп айырысуларды жүзеге асыру үшін жиробанктер құрылады. Жиробанктер өздерінің клиенттері арасында белгілі салмағы бар бағалы металлдардан жасалған ақша бірліктері арқылы есеп айырысулар жүргізді. Өздерінің бос ақша қаражаттарын жиробанктер мемлекетке, қалаларға және артықшылығы бар компанияларға ссудаға берді.

Ал кейбір мамандар, банкті одан да ерте мерзімде – феодализм тұсында пайда болған деп айтады. Олар феодалдық шаруашылық тұсында банктердің төлемдегі делдалдық қызметінің қажеттігінен пайда болғандығын тілге тиек етеді.

Дегенмен де, деректерге сүйене отырып, банктердің пайда болуының екі мың жылдық тарихы бар екендігін айтуға болады.

Өкінішке орай, “банк” сөзінің өзі бізге оның мәнін ғана белгісіз етіп қоймай, алғашқы несиелік мекеме туралы біздің жорамалымыздың ақиқаттығына күмән туғызады.

“Банк” сөзі “banco” деген ағылшын тілінен аударғанда “айырбас столы” дегенді білдіреді. Бұл “айырбас столы” тауарлармен сауда жасалатын алаңдарда құрылады. Сауда мемлекеттер мен қалалардың, жекелеген тұлғалардың әр түрлі монеталарымен жасалған. Ол уақытта монеталардың біртұтас жүйесі болмағандықтан, олармен сауда-саттық барысында әр түрлі формадағы монеталар кездескен. Банктер пайда болардың алдында ақша-сауда капиталының өкілдері саудагерлердің ақшалай салымдарын қабылдап, оларды әр түрлі елдің ақшаларына айырбастауға маманданып отырған. Уақыт өте келе, айырбастаушылар бұл салымдарды, сондай-ақ өздерінің ақша қаражаттарын ссудаға беріп, пайыз алу үшін пайдалана бастайды. Сөйтіп, айырбастаушылар біртіндеп банкирлерге айналады.

Біздің түсінігімізде, банк ұғымы айырбастаушылардың және олардың айырбас орындарының болуымен сипатталады. Алғашқы банктердің Италияда

пайда болу себебі, оның сол уақыттарда дүниежүзілік сауда орталығы болғандығын ескеріп, әр елдің ақшалары мен тауарларының сол елге қарай ағылып, банкирлердің сауда операцияларына тікелей қатысуына байланысты түсіндіріледі.

Тарихшылардың пікірінше, б. э. д. 2300 жыл бұрын холдейлердің сауда компаниялары пайда болып, олар өздерінің тікелей қызметтерімен қатар, ссудалар берген. Олар б. э. д. VI ғ. Ежелгі Вавилонда салым операциялары: салымдарды қабылдау және оларға пайыз төлеу операцияларының жасалғандығын еске сала кетеді. Мұндай операциялар б. э. д. IV ғ. Ежелгі Грецияда да жасалған. Бір айта кететіні, ежелгі гректер салым қабылдай отырып, белгілі бір ақы төлеу арқылы ақшалар айырбасын жүргізіп отырған көрінеді.

Сонымен, бұл алғашқы банктік операцияларды орындаған кімдер? деген сұрақ туады. Тарихшылардың пайымдауынша, олар жекелеген тұлғалар және қолында шоғырланған ақшалай қаражаттары бар шіркеу мекемелері екен. Шіркеулер құндылықтарды сақтайтын ең сенімді орындар болған. Сол уақыттары белгілі гректің шіркеулері (Дельфа, Дело, Само, Эфсе) ақша сақтаумен айналысқан. Эфседегі Артемид шіркеуінде кіші Азия жағалауындағы елдердің салымдары, ал Дельфадағы Аполлон шіркеуінде барлық еуропалық Грецияның бос ақша қаражаттары шоғырланыпты.

Алғашқы банктер жинақталған зор ақша байлықтарының қозғалыссыз жатуға болмайтынын, оларды уақытша пайдалануға беріп, пайда табу қажеттігін түсінеді.

Ежелгі банктер несиелік операциялар жүргізумен қатар салым иелеріне біртіндеп есеп айырысу қызметін де көрсетті. Есеп айырысулар банктердегі салым иелерінің бір шотынан басқа бір шотқа аудару арқылы жүргізілді.

Банктер қызметтерінің қолайлылығы іскер адамдардың назарынан тыс қалмады. Банктің клиенттер қатары ақырындап ұлғая түсті. Банктер өз кезегінде клиенттер арасында жасалатын келісім-шарттарды құруда сенім қызметтерін көрсетіп, сауда-саттықта делдал қызметін атқарды. Есеп айырысуларды жеңілдету мақсатында ежелгі банктер өздерінің банктік билеттерін шығарды. Олар толық құнды ақшалармен қатар айналыста жүрді. Ағылшын елінде алғашқы акционерлік банк - Ағылшын банкі 1694ж. құрылып, үкіметтен банкнота шығаруға құқық алады.

Әрине, мұның бәрі алғашқы банктердің капитализмнің мануфактура жағдайында, банкирлер үйлері ретінде пайда болғанын куәландырмайды. Мұндағы несие беруші мен қарыз алушылардың болуы банктердің пайда болуының тек алғышартын ғана сипаттайды.

Ендеше, осы жерде несие берушінің қандай жағдайларда банкке айналғаны таң қалдырады. Сонымен бізге белгісіз болатын келесі бір нәрсе - бұл несиенің жеке формасы мен банктік несие арасындағы айырмашылықтың болуы. Банктік несие бойынша несиелік қатынастың бір тарабы жеке тұлға емес, несиелік мекеменің қалай болғаны түсініксіз болуы мүмкін.

Бұл сұраққа жауап беру үшін қазіргі кездегі сөздіктердегі банк ұғымына мән берелік. Анықтамалық басылымдарда банк “ірі несиелік мекеме” ретінде

сипатталады. Несиелік істің даму деңгейіне байланысты және несие берушілердің несиелік операциялары бір жүйеге айналу нәтижесінде жеке несие беруші өзінің несие беруін тоқтатады. Несие тек қана тұтыну мақсатына ғана берілмей, шаруашылық операциялардың қажеттілігін де қанағаттандыра бастайды. Несиелік мәмілелер жасаумен бірге несие беруші өзінің клиенттерінің тапсырмалары бойынша есеп айырысу және басқа да операцияларды жүзеге асырады. Сөйтіп, банктер ақша шаруашылығының осы даму сатысына өте отырып, барлық операцияларды бірдей көрсететін біртұтас орталыққа айналады. Демек, алғашқы банктер капитализмнің мануфактура сатысынан да бұрын, яғни мемлекеттің құрылуы кезеңінде пайда болған дегенге негіз бар. Мұндай қатынастардың құл иеленушілік қоғамында болғандығына тарих куә.

Ежелгі Римде банк және несие құқының нормалары болған. Осы нормаларға сәйкес, б.э.д. III ғ. айырбас ісіне мамандандырылған Римдік банкирлерді *кумуляр* деп атады. Оларға несиелік операцияларды жүргізуге рұқсат етілмеген. Тарихшылардың айтуынша, Ежелгі Вавилон банктері тек қана несие беріп қоймай, сондай-ақ жер бөлімшелерін сатып алу-сату, және басқа да операцияларды орындаған.

Банктің пайда болуы туралы қарастырғандар оның мәнін ашуға жақындайды, бірақ та банктің толық мәні әлі де болса жұмбақ болып қала бермек.

Банктік мекемелердің қызметі сан алуан. Қазіргі қоғамда банктер әр түрлі операциялармен айналысады. Банктер арқылы халық шаруашылығын қаржыландыру, бағалы қағаздарды сатып алу-сату, кей жағдайларда делдалдық мәмілелер мен мүлікті басқаруға байланысты қызметтер жүзеге асырылады.

Банктің мәнін ашуға екі жақты тұрғыдан келуге болады: заңи және экономикалық. Бірінші жағдайда, ең бастысы “банктік операциялар” ұғымының маңызы артады. Олардың қатарына банк қызметі туралы заңда көрсетілген операциялар тізімі жатады.

Қай жағынан алсақ та банктің мәнін заң тұрғысынан қарау жеткіліксіз болып табылады. Банктің мәнін айқындау оның қызметінің заңмен қатынасын білумен ғана шектелмейді. Банктің мәнін, оған рұқсат етілген операцияларын анықтайтын заң емес, оны істің экономикалық жағы және банктің жаратылысы анықтайды.

Банктің мәнін талдағанда оның бастапқы атқарған қызметтерін (валюта айырбасы, несие беру, есеп айырысу) жоққа шығаруға болмайды. Жалпы, кез келген құбылыстың мәнін танып білуде, оның қандай операцияларды орындайтыны немесе орындағандығы туралы сұраққа жауап іздеудің қажеті шамалы, бұл жерде ең бастысы, оның сапасына және басқа институттардан өзара айырмашылығына мән берген дұрыс.

Банктің мәнін басқа институттардан өзара айырмашылығына байланысты қарастырсақ, банк ерекше өнім шығарумен айналысатын кәсіпорын болып саналады. КСРО тұсында кәсіпорын ретінде тек фабрика, зауыт, немесе материалдық өнім жасайтын өндіріс сферасы түсінілген. Бірақ экономиканың басқа да буындарына “кәсіпорын” деген атақты иеленуге ешқандай да тиым салынбаған.

Ежелгі Русьте “кәсіпорын” деп қандай да бір іспен немесе қызметпен айналысатын субъектіні айтқан. Сондықтан да белгілі бір қызметпен айналысатын банк сияқты субъектіге “банк – бұл кәсіпорын” деп айту өзінше дұрыс нәрсе. Мұнымен біз нүкте қоюға тиіс емеспіз, себебі “кәсіпорын”- бұл біздің ойымыздағының бәрін толығымен ашпайды.

Сонымен бірге ол дұрыс нақтылауды қажет етеді, себебі, банк шын мәнінде фабрика да, зауыт та емес. Ол бұлардан өзіндік ерекше қызмет көрсетуіне қарай ажыратылады. Ең бастысы - банктің өнеркәсіптік кәсіпорындардан өзара ажыратылатыны, оның қызметінің өндіріс аясында емес, айналыс және айырбас аясында жүзеге асуына байланысты болуы.

Банктің ерекше кәсіпорын ретінде шығаратын өнімі материалдық өндіріс аясының өнімдерінен өзара ажыратылады, ол жай ғана тауар шығармайды, оның тауары ерекше, яғни ақша, төлем құралдары түрінде шығады.

Қызмет көрсету аясындағы банктің өнеркәсіптік кәсіпорындардан ерекшелігі оның несие беруінен байқалады. Оның негізгі өнімі “*несие*” болғандықтан, *банкті* - “*несиелік мекеме*” деп атаған.

Сондай-ақ, банк өнеркәсіптік кәсіпорындардан өзінің эмиссиялау сипатына да байланысты ажыратылады. Ол тек қана акциялар мен басқа да бағалы қағаздар шығарып қоймайды, сол сияқты басқа эмитенттердің бағалы қағаздарын есепке алу және сақтауға байланысты операцияларды жасайды.

Банкті сауда, делдал кәсіпорыны десе болады. Жалпы, банктің саудамен ұқсас болуы кездейсоқтық емес. Шынында да, банктер де ресурстарды сатып алып, оларды сатумен айналысады.

Сауда кәсіпорыны да өз кезегінде банкке ұқсайды, яғни ол да банктің кейбір қызметтерін көрсетеді. Мысалы ірі сауда кәсіпорындары да банк сияқты белгілі мөлшерде ақшалай немесе заттай несие беруі мүмкін. Сауда кәсіпорынынан банктің іргелі айырмашылығын оның негізінен байқауға болады. Банктің негізі деп оның басты өнімі – несие ісі түсіндіріледі.

Сонымен, қазіргі түсінікте “*коммерциялық банк*” - бұл ерекше өнім шығарумен айналысатын кәсіпорын немесе қолма-қол және қолма-қолсыз ақшада төлем айналысын реттеуді жүзеге асыратын ақша-несие институты болып табылады.

“ҚР-ғы банктер және банктік қызмет туралы” заңның 1-бабына сәйкес, “банк –осы заңға сай банктік қызметті жүзеге асыруға құқылы коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға”.

Банктік қызмет - бұл банктік операцияларды жүзеге асырумен байланысты қызметті білдіреді. Аталған заңның 30-бабына сәкес банктік операцияларға мыналар жатады:

- заңды тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банктік шоттарын ашу және жүргізу;
- жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банктік шоттарын ашу және жүргізу;
- банктердің және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу;
- заңды және жеке тұлғалардың металдық шоттарын ашу және жүргізу;

- кассалық операциялар: банкнота мен монетаны қабылдау, беру, қайта санау, айырбастау, ұсату, сорттау, қаптау және сақтау;
- аударым операциялары: заңды және жеке тұлғалардың ақшаны аударумен байланысты тапсырмаларын орындау;
- есепке алу операциялары: заңды және жеке тұлғалардың вексельдерін және өзге борыштық міндеттемелерін есепке алу (дисконт);
- заемдық операциялар: ақы төлеу, мерзімін белгілеу және қайтару шартымен ақшалай формада несиелер беру;
- заңды және жеке тұлғалардың, оның ішінде корреспондент-банктердің тапсырмаларына байланысты, олардың банктік шоттары бойынша есеп айырысу операцияларын жүргізу;
- сенім (траст) операциялары: сенім білдірушінің тапсырмасы бойынша және оның мүддесіне сай, ақшасын, құйма бағалы металын және бағалы қағаздарын басқару;
- клирингтік операциялар: төлемдерді жинау, тексеру және растау, сондай-ақ олар бойынша өзара есепке алу операцияларын жүргізу және клирингке қатысушылардың таза позициясын анықтау;
- сейфтік операциялар: клиенттердің құжатты формада шығарылған бағалы қағаздарын, құжаттарын және бағалы заттарын сақтау қызметін көрсету, сондай-ақ жәшіктерді, шкафтарды және бөлмелерді жалға беру;
- ломбардтық операциялар: тез іске асатын бағалы қағаздар мен жылжитын мүліктерді кепілге алып, қысқа мерзімді несиелер беру;
- төлем карточкаларын шығару;
- банкнота мен монеталарды және бағалы заттары инкассациялау және жөнелту;
- шетел валютасымен айырбас операцияларын ұйымдасытыру;
- төлем құжаттарын инкассоға қабылдау (вексельден басқаларын);
- чек кітапшаларын шығару;
- бағалы қағаздар нарығындағы клирингтік қызмет;
- аккредитивті ашу, растау және ол бойынша міндеттемені орындау;
- ақшалай формада орындалуды көздейтін, банктік кепіл-хаттарды беру;
- үшінші тұлғаның атынан ақшалай формада орындалуды көздейтін банктік кепілдеме беру.

1.2 Қазақстан аумағына банк капиталының енуі

Қазақстанның экономикасы Ресейдің экономикасының бір бөлігі ретінде әр деңгейде дамып келеді. Қазақстанның шаруашылығы бір жағынан, Ресейдің және әлем нарығының тауар айналысына, екінші жағынан, темір жолдарын салу жұмыстарын жедел қолға алу тиімділігін қатар қарастыра отырып, темір жолдарды жүргізу арқылы Қазақстанның ауыл шаруашылық өнімдері мен шикізаттары (ет, тері, жүн т.б.) сыртқа шығарылып отырған.

Қазақстанның Ресей нарығына интенсивті түрде енуі, нәтижесінде Ресейлік орталық-өнеркәсіптік аудандарымен өзара экономикалық байланысы одан әрі кеңейді.

Банк капиталының Қазақстанға енгізілу мерзімі ХІХ ғасырдың аяқ кезін қамтиды. Революцияға дейінгі Қазақстанның көп укладты экономикасында несиенің әр түрлі формалары дамыған. Қазақстанның несиелік жүйесі негізінен Ресей империясының несиелік жүйесінің бір бөлігі ретінде: Мемлекеттік банк бөлімшелерінен, акционерлік, коммерциялық банктер филиалдарынан, өзара несие беру қоғамдарынан, қалалық қоғамдық банктерінен, ипотекалық несие банктері немесе ұсақ несие мекемелерінен және жинақ кассаларынан тұрды.

Ресейдің мемлекеттік банкі 1860 ж. өз қызметін бастап, барлық несие жүйесіндегі - Орталық банк болып саналады және оның айналысқа қағаз ақшаларды шығаруда монополиялық құқығы болды. Ресейдің мемлекеттік банкі барлық акционерлік, коммерциялық банктердің есеп-судалық операцияларының үштен бір бөлігіне жуығын, салымдар мен ағымдық шоттардың жартысынан көбін тартып отырған. Басқа мемлекеттердің Орталық эмиссиялық банктерінен Ресей мемлекеттік банкінің айырмашылығы, ол тек банктерді несиелеп қана қоймай, сол сияқты өнеркәсіп, сауда және дайындау ұйымдарын да қатар несиелеумен айналысқан.

Мемлекеттік банктік бөлімшелері Қазақстан территориясында ірі сауда-өнеркәсіп қызметтерінің орталығы болып саналатын Оралда (1876 ж.), Қызылжарда (1881 ж.), Семейде (1887 ж.), Омбыда (1895 ж.) және бұрынғы Верныйда (қазіргі Алматы) (1912 ж.) ашылып жұмыс жасады.

Ірі коммерциялық банктер қатарында саналатын Сібір сауда-банксінің (1872ж. құрылған) 57 филиалының жетеуі Қазақстанның бірқатар аудандарында, яғни Омбыда (1894 ж.), Семейде (1898 ж.), Қызылжарда (1905 ж.), Верныйда (1908 ж.) Ақмолада (1909 ж.) Қостанайда (1911 ж.) және Керекуде (1916ж.) орналасты.

Филиалдары жағынан екінші орынға ие болатын Орыстың сауда-өнеркәсіп банксінің (1916 ж.) бөлімшелері Қызылжарда (1904 ж.), Қостанайда (1908 ж.), Оралда (1909 ж.) және Омскіде (1916 ж.) ашылды.

Сонымен қатар, Ресей империясында ең ірі банктерге енетін Орыс-Азия банксінің (1910 ж.) филиалдары Омбыда (1898 ж.), Верныйда (1903 ж.) және 1907 ж. – Семейде құрылды.

Екіден филиалдары бар Қазақстанда сыртқы сауда үшін Орыс банкі мен Волжекамский коммерциялық банкі жұмыс істеді. Осылардың біріншісі Омбы (1909 ж.) мен Керекуде (1909 ж.), ал екіншісі Омбыда (1905 ж.) және Семейде (1907 ж.) өз бөлімшелерін ашты.

Қызылжарда, Семейде және Оралда Ярослав-Костромскі жер банксінің агенттіктері ашылып, қызмет көрсетті .

Жалпы, бірінші дүниежүзілік соғыстың бастапқы кезеңінде Қазақстанның әр аудандарында Мемлекеттік банктің - 6 бөлімшесі, акционерлік-коммерциялық банктердің -18 филиалдары, 12 - өзара несие беру қоғамдары, 8 - қалалық қоғамдық банктер, сол сияқты 345 - несиелік және ссудалық

серіктестіктер жұмыс істеді. Несиелік мекемелердің санының көбі жағынан Ақмола бірінші орынға ие болды.

Мемлекеттік банк бөлімшелері болмаған аудандарда, қарапайым операцияларды жүргізу міндеті қазына иелеріне жүктелді. Қазына иелері тікелей қазыналық палаталарға, солар арқылы мемлекеттік қазына иелеріне бағынышты болды. Біртіндеп қазына иелерінің жүргізетін операциялары жылдам өсе түсті, мысалға: жіберілген вексельдер бойынша комиссиялық және есептік төлемдерді алу; жәй және шартты ағымдық шоттарды ашу; мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу және оларды сақтау; өмірлік салымдар бойынша пайыз төлеу және т.б. Қазына иелері Қазақстан аумағында үш қазыналық палаталарға: Омбы, Орынбор және Түркістан палаталарына бағынды.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында ең басты Қазақстандағы банктер - бұл мемлекеттік банктер болды және олар төмендегідей операцияларды жүзеге асырды:

- вексельдерді есепке алу;
- тауарларды кепілге ала отырып, ссуда беру;
- тауар құжаттарын кепілге ала отырып, ссуда беру;
- ауыл шаруашылыққа ссуда беру;
- бағалы қағаздарды кепілдікке алып, ссуда беру;
- қайта есепке алу операцияларын жүргізу;
- вексельдер үшін арнайы шоттар ашу;
- бағалы қағаздарға арнайы шоттар ашу;
- ұсақ несие мекемелеріне ссуда беру;
- барлық есеп-судалық операцияларымен айналысу;
- меншікті бағалы қағаздар шығару;
- салымдық және ағымдағы шоттар ашу.

Вексельдерді есепке алу операцияларымен айналысу мемлекеттік банктің 1960 ж. жарғысына сай көзделген. Вексельдерді есепке алу төлеу уақытынан 6 ай бұрын мерзімде жүргізіледі. Әрбір несие алушыға несие беру кезінде оларды вексельді есепке алу немесе вексель бойынша арнайы шоттардағы қарызы есепке алына отырып, берілетін несиенің сомасын азайту немесе арттыру жайлы сұрақтарды банк мекемелерінде болатын есептік және ссудалық комитеттер өзара талқыға салып шешті. Сонымен қатар, олар клиенттердің несиелік қабілетіне қарай жіктей отырып, оларға берілетін несиенің шекті көлемін бекітті. Мысалға: III разряд – 10 мыңға дейін, II разряд – 20 мыңға дейін, ал I разряд – 30 мың сомға дейінгі несие алуға мүмкіндік берілді.

Вексельдік несиелердің ең көп мөлшері сауданың үлесіне тиді. Сол кездері сауданың үш түрі болған: айырбас, жәрмеңке және стационарлық. Бұлар шаруашылықтың үш типіне: көшпелі, жартылай көшпелі, және отырықшылыққа сай қалыптасты.

Қазақстандағы коммерциялық банктердің филиалдарының қызметі активтік операциялары бойынша: вексельдерді есепке алу; тауарларға және тауарлық

құжаттарды есепке ала отырып, ссуда беру; бағалы қағаздармен жасалатын операциялар қамтылды.

Тауарларды есепке алу арқылы ссуда беру екі формада жүзеге асты:

1.) Заттай, яғни кепілдікке берілген тауарлар банк мөрімен басыла отырып сақталынды, немесе оларды жауапты адамдардың сақтауында қалдырды.

2.) Жеке-заттай, яғни бұл жағдайда тауарлар кепіл берушінің жауапты сақтауында болды. Қаншалықты Мемлекеттік банктің өзіндік сақтау қоймалары болмағандықтан да, тауарларды ескере отырып, ссуда беру көбіне осы екінші формасында жүзеге асырылды.

Сонымен коммерциялық банк активтеріндегі вексельдерді есепке алу 30-36%, ал тауарларды есепке ала отырып, ссуда беру 23-28% үлеске ие болды.

Жергілікті коммерциялық банктер. 1909 –1913 жж.. өнеркәсіптік өрлеу жылдарында Мемлекеттік және акционерлік-коммерциялық банктермен қатар сауда және өнеркәсіптік кәсіпорындарды несиелендіруші жергілікті несиелік мекемелер: өзара несие беру қоғамдары және қалалық қоғамдық банктер жүзеге асырып отырды. Олар несие жүйесіндегі ортаңғы буын ретінде орта және ұсақ буржуазияларға тікелей қызмет еткен.

Қазақстанда, Ресейдің басқа аудандарымен салыстырғанда, өзара несие беру қоғамы кеш пайда болды.

Өзара несие беру қоғамының қаражаттары: мүшелік жарна қосудан, ағымдық шоттардағы қаражаттар мен қоғам мүшелерінің салымдарынан құралды. Бұл қоғамның басты мақсаты өз мүшелеріне несие берумен шектелді. Осы қоғамның жарғысына сай, әрбір қоғам мүшесі өзі қосқан жарнасының он есе көлемінде несие алуға құқылы болды. Бұл қоғамның мүшелерін саудагер, үй иеленушілер, шенеуліктер т.б., сол сияқты ұсақ және орта буржуазиялар жатты.

Қызметінің сипаты жағынан өзара несиелеу қоғамдарының коммерциялық банктерден айырмашылықтары болмады. Олар да салымдар қабылдап, ағымдық шоттар ашты, вексельдерді есепке ала отырып, ссуда берді және тауарлармен байланысты операциялармен айналысты. Сауда және өнеркәсіп кәсіпорындарын несиелеу барысында, олар мемлекеттік және акционерлік-коммерциялық банктердің қаражаттарын пайдаланды.

Жарғысына сәйкес, өзара несие қоғамдарының капиталы мынадай үш көзден құралды:

1. Айналым капиталынан (мүшелердің қосқан жарнасынан);

2. Босалқы капиталдан (түскен пайдадан 10% мөлшерінде аудару негізінде);

3. Арнайы капиталдардан.

Меншікті капитал басқа банктедегідей екінші дәрежелік рөлді ойнайды, яғни ол банк қаражаттарының басты көзі – салымдарға жол берді. Бірақ та олардың акционерлік банктерден айырмашылығы, оларда салымдар басқа адамдар қаражаттары болып табылса, мұндай қоғамдарда салымдар екі топқа бөлінді:

1.) қоғам мүшелерінің салымдары;

2.) сырттан келушілердің салымдары.

Вексельдік несиелеудің ашылу сомасының:

55.8% - сауда және өнеркәсіп клиенттері;

15.9% - ауыл шаруашылық клиенттері;

13.7% - үй иеленушілерге;

9.7% - шенеуліктердің үлесіне тиселі болды.

Мұндай қоғамдардан несие алу қарыз алушыларға біршама арзанға түсті. Орташа есеппен ссудалық пайыз мөлшері – 9-10 %, ал салымдар бойынша төленетін пайыз мөлшері – 4-5 % құрады.

Қалалық қоғамдық банктер. Қалалық қоғамдық банктердің өзара несие беру қоғамдары сияқты, тауар өндірісінің өсуі және сауда-өнеркәсіп буржуазияларының арзан банк иелігіне деген сұранысынан туындады.

Қалалық қоғамдық банктердің өзара несие беру қоғамдарынан айырмашылығы, олардың ұйымдастырылу құрылымына байланысты қалыптасты. Олар негізінен қалалық басқарманың негізінде жүргізіліп және олардың қадағалауында бола отырып, олардың алдында есеп берді. Қалалық қоғамдық банктерге негізінен сауда және өнеркәсіп буржуазиялары мен үй иеленушілер қожалық етті. Бұл банктердің жарғылық қорының ең төменгі мөлшері 10 мың сом шамасында, ал міндеттемесі негізгі және қосымша капиталдан бес мәрте мөлшерінде қалыптасуға тиіс болған.

Осындай банктердің бірі болып ең алғаш 40 мың сандық жарғылық капиталы бар 1871 жылы Қызылжар қалалық қоғамдық банкі құрылды. Оның басты операцияларына: салымдар қабылдау; вексельді есепке алу; бағалы қағаздар, тауарлар, бағалы заттар және жылжымайтын мүліктерді кепілге ала отырып ссуда беру жатты. Банктің негізгі клиенттер қатарының: 78,6%-саудагерлермен мен өнеркәсіпшілер, 25,1%- үй иеленушілер, сол сияқты, 21,4%-ауыл шаруашылығы клиенттерінің үлесіне тиді.

Ұсақ несие беру мекемелері және жинақ кассалары. Қазақ ауылдарының капиталистік қатынастарға өтуі барысында көптеген тауар өндірушілер және ауыл буржуазиялары үшін ұсақ несие беру мекемелерінің тағы бір формасы: несиелік кооперациялар пайда болды.

Несиелік кооперациялардың Қазақстан аумағындағы даму тарихын екі кезеңге бөліп қарауға болады:

Бірінші кезең: XIX ғ. соңы мен 1909 ж. дейін материалдық базаның жеткіліксіздігінен несиелік кооперациялар баяу дамыды.

Екінші кезең: 1909 ж. басталған өнеркәсіптік өрлеумен байланысты несиелік кооперациялар қатары жылдам қарқынмен ұлғая түсті.

Несиелік кооперативтердің ішінде несиелік серіктестіктер кеңінен дамыды және олардың құрамы таза қазақтардан құралды. Несиелік кооперация негізінен шаруа шаруашылығынан, ауыл адамдарына тікелей қызмет көрсетті. Несиелік кооперативтердің капиталы айналым қаражаттарынан (негізгі, қосымша, арнайы капиталдар, пайда және пайыздар) құралды.

Сонымен қатар, Қазақстанда ұсақ несиелік мекемелерінің бір түрі ретінде “қырғыздың ссудалық кассалары” қызмет көрсетті. Олар негізінен жазық дала төңірегінде XIX ғасырдың 70 жылдарында пайда болып, олардың айналым

капиталдары: ішкі істер министрлері қаражаттарынан алым-салықтардан және пайдадан құралды.

“Қырғыздың ссудалық кассаларының” жарғысына сай ссуданың берілуі екі жақты:

а) қысқа мерзімді – 12 айдан аспайтын мерзімге, яғни “ұсақ шаруашылық қажеттерін қанағатандыруға” арналған;

ә) ұзақ мерзімді – 5 жылдан аспайтын уақытқа, халықтың басынан кешкен зияншылық жағдайларына берілген.

Қысқа мерзімді ссуда (3 сомнан 30 сомға дейінгі мөлшерде) уездің бастықтарының рұқсатымен берілсе, ал ұзақ мерзімді ссудалар (200 сомға дейін) облыстық басқарманың шешімімен берілді.

XX ғасырдың басында, Қазақстан аумағында жинақ кассалар кеңінен дамыды. Жинақ кассалары ақшалай қаражаттарды тартумен қатар, салым иелері үшін тартылған қаражаттар есебінен мемлекеттік пайыздық қағаздарды сатып ала отырып, оларды сақтауға қабылдаған. “Жинақ кассаларында жинақталған ақшалар, қайтадан ұлттық банктер арқылы ссудаға берілген”.

Салым иелерінің біршама бөлігі (13.4 %) – жағдайы бар бай клиенттер, қалғанының бәрі ең төменгі топтағыларды құрайтындар, яғни олардың кітапшаларында не бары – 6, 5 сом болса, ең жоғарғы топтағылардың салымдарында – 122 есе жоғары мөлшерде болған.

Жинақ кассаларына жинақталған едәуір ақша қаражаттарды мемлекеттік облигацияларға және теміржолшылардың зайымдарына, сол сияқты жер банктерінің закладты қағаздарына патшалық өкіметпен бақылаусыз жағдайларда ауыстыра отырып пайдаланылды.

1.3 Кеңес үкіметі тұсындағы банк ісінің монополиялануы

1917 жылы Қазан революциясынан кейін, банк ісінде мемлекеттік монополиялық ұйымдастыру қағидалары жүзеге асты. Бастапқыда мемлекеттік банк құрылып, жеке, коммерциялық және басқа банктерді ұлтшылдандыру нәтижесінде мемлекетке тиселі салалық және аумақтық банктер етіп қайта құрылды. Банктік жүйенің тағы бір басты буындары ретінде мемлекеттік еңбек жинақ кассалары қызмет етті. Мемлекеттік банктермен бірқатар кеңес үкіметінің бастапқы жылдарында мемлекеттік емес несиелік мекемелер: кооперативтік және жеке меншікке негізделген, оның ішінде шетел капиталының қатысуымен құрылған мемлекеттік-капиталистік банктер қатары жұмыс істеді.

1922 жылы несиелік және ссуда-жинақ серіктестіктері және олардың одақтары ұйымдасып, ауылды қалпына келтіру мақсатында қызмет көрсетті.

1924 жылы ауыл шаруашылық кооперацияларына несиелік операцияларды жүзеге асыру барысында салымдар қабылдау, ссуда беру және есептеу барысында делдалдық қызмет атқаруына рұқсат беріледі.

жылдан бастап, жеке сауда өнеркәсіпті несиелеуге арналған өзара несие беру қоғамдары, сол сияқты мемлекеттік капиталистік акционерлік онтүстік-шығыс банкі және шетелдік капиталдың қатынасуымен Ресейдің коммерциялық банкі құрылды.

Экономикалық социалистік секторларының кеңінен етек алуы барысында кооперативтік және жеке несиелік ұйымдар өз мәнін жоғалтып, қызметін тоқтатуға мәжбүр болды. Сөйтіп, ауыл шаруашылығын толығымен ұйымдастыру бағдарламасы несиелік кооперацияларды қажетсіз деп санағандықтан да, олар 1931ж. жойылды. Сауда аймағынан және өнеркәсіптен жеке сектордың қудалануы нәтижесінде өзара несие беру қоғамдары қызметтерін тоқтатты. Басқа несие ұйымдарының қызметтері 1922-1925 жылдары құрылған мемлекеттік салалық банктерге: Өнеркәсіп банкісіне. Цеккомбанкке, Всекомбанкке және Орталық ауыл шаруашылық банктеріне өтті.

1930-1932жж. КСРО-ғы жүргізілген несиелік реформа нәтижесінде жаңа қағидаға негізделген салалық банктер қатары ұйымдастырылды. Сонымен, күрделі капитал жұмсалымдарын қаржыландыру мақсатында төрт мамандырылған банктер құрылды.

Өнеркәсіп және электр шаруашылығындағы күрделі құрылысты қаржыландыру банкі 1959 жылы "Құрылыс банкі" болып құрылды.

Көптеген несиелік серіктестіктермен республикалық ауыл шаруашылық банктері негізінде құрылған "Ауыл шаруашылық банкі" "1959 жылы қысқарып, оның қызметі Мемлекеттік және Құрылыс банктері арасында бөлініп беріледі.

Кооперациядағы күрделі құрылысты қаржыландырудың банкі (Всекомбанк) 1936 ж. жойылып, оның активі мен пассиві 1959 жылы қысқарған Сауда банкісіне жүктеледі.

Коммуналдық және тұрғын-үй құрылысын қаржыландыру банкі (Цеккомбанк) 1959 жылы қысқарып, оның қызметі де Құрылыс банкі мен Мемлекеттік банк арасында бөлінді.

Бұл құрылған салалық банктер қызметтерінің басты бағыттары салаларды қаржыландыру және ұзақ мерзімді несиелеуді көздеді.

Ал, КСРО-ның Мемлекеттік банкісінде халық шаруашылығының барлық салаларын қысқа мерзімді несиелеу қызметі шоғырланды. Сонымен қатар, Мемлекеттік банктің рөлі орталық және барлық несиелік жүйенің жетекшісі ретінде одан әрі арта түсті. Барлық кәсіпорындар мен ұйымдардың есеп-айырысу және ағымдық шоттары Мемлекеттік банкте жинақталады.

Барлық республикада, оның ішінде Қазақстанда барлық банктердің республикалық мекемелері жоғарғы тұрған ұйымға бағынуы, банк ісін орталықтандыру қағидасына сай сақталады.

Бір банкте ақша айналысының шоғырлану қағидасы бойынша, әр кәсіпорын, ұйым немесе мекеме тек қана бір банкте өзінің есеп айырысу немесе ағымдық шотын ашуға тиісті болды. Демек, олар, осы банкте өз қаражаттарын сақтай отырып, банктерден несие және нақты ақшалар алды, сол сияқты барлық қолма-қолсыз ақша арқылы есеп айырысуды жүзеге асырады.

1.4. Банктік реформалар

Қазақстан Республикасындағы банктік жүйенің қалыптасуы мен дамуы төмендегідей үш банктік реформаға тікелей байланысты:

- 1) 1987-88жж банктік реформалар;
- 2) 1995 ж банктік реформа.
- 3) 1996-1998 жж банктік реформалар.

1987-88жж банктік реформалар. Қазақстандағы несие жүйесінің қайта құру тұйысындағы дамуы, КСРО-да соңғы рет жүргізілген банктік реформа (1987-1988 жж.) сәйкес келеді. Банктік реформа нәтижесінде: КСРО-ның Мемлекеттік банкі және Құрылыс банктерінің мекемелері негізінде - *КСРО Өнеркәсіп-құрылыс банкі, КСРО Агроөнеркәсіп банкі және КСРО Тұрғын үй-әлеуметтік банкі* құрылды. Сол сияқты, кезінде КСРО-ның Мемлекеттік банкі құрамында келген жинақ кассалары негізінде – *КСРО Жинақ банкі*, Сыртқы сауда банкі негізінде - *КСРО Сыртқы экономикалық банк* құрылды. Сол уақыттан бастап, Мемлекеттік банк кәсіпорындар мен ұйымдарға кассалық және несиелік есеп айырысу қызметін көрсетуді тоқтатты. Сөйтіп, КСРО-ның Орталық банкісіне айналды.

Қазақстанда жоғарыда аталған мамандандырылған банктердің республикалық кеңселері (филиалдары) ашылып қызмет ете бастады.

КСРО-ның Өнеркәсіп-құрылыс банкісіне несиелік саясатты жүргізу, негізгі қызметі ретінде несиелеу жүйесінің тиімділігін арттыру, капитал жұмсалымын қаржыландыру мен несиелеу, сондай-ақ өнеркәсіпте, құрылыста, көлік пен байланыста, мемлекеттік қамсыздандыру жүйесінде есеп айырысу жұмыстарын ұйымдастыру қызметтері бекітіліп берілді. Сонымен қатар, бұл банк осы шаруашылық салаларындағы кәсіпорындар мен бірлестіктердің есеп айырысу, ссудалық және басқа шоттарды жүргізді. Осындай несиелік есеп айырысу қызметтерінің түрлерін ауыл шаруашылық кешені кәсіпорындарында Агроөнеркәсіп банкі, әлеуметтік аумақтағы және сауда саласының кәсіпорындары мен ұйымдарында Тұрғын үй әлеуметтік банкі, халыққа қызмет көрсетуге бағытталған Жинақ банкі жүргізді.

Сыртқы экономикалық банк, экспорттық және импорттық операциялар бойынша есеп айырысуды ұйымдастырды.

Мамандандырылған банктер құрылымы әкімшіл-аумақтық қағидаға сәйкес құрылды. Республикалық банктер одақтас республикаларда және банктің басқармалары саласында ұйымдастырылды. Аудан немесе қала деңгейінде бұл банктер өздерінің мекемелерін ашады. Әр мамандандырылған банктің бір мекемесі әр аудандағы өзіне тиісті клиенттерге ғана қызмет көрсеткен. Жинақ банкісінің мекемелері аудандармен қоса ұжымшар және кеңшарларда жұмыс жасады. Жинақ банкісінен басқа мамандандырылған банктердің төменгі буындары мамандандырылуына қарамай-ақ, сол аудандардың барлық клиенттеріне бірдей қызмет көрсетті. Шындап келгенде, мамандандыру тек банктің жоғарғы басқару деңгейінде ғана жүргізілді, ал төменгі деңгейдегі мекемелер әмбебап мекемелерге айналған болатын.

Мамандандырылған банктер санына байланысты оларда төрт несиелік жоспар болған. Бұл банк клиенттерінің әр түрлі болып келуі несиелік ресурстарды құрауға байланысты бірқатар мәселелерді тудырды. Банктер арасында өзара аймақаралық есеп айырысу жүйесі арқылы құйылатын қаражаттардың бақылаусыздығы арта түсті. Әр банк өз ресурстар көлемінде жұмыс жасауы үшін, оларға Мемлекеттік банкте ашылатын корреспонденттік шоттар бойынша банкаралық есеп айырысуға өту қажет болды.

Мемлекеттің ықпалымен бөлінген коммерциялық банктердің де мамандандырылған банктер сияқты, әр банктің белгілі бір салаларында (өнеркәсіп, құрылыс, ауыл шаруашылық, сыртқы сауда) өзіндік монополиясы болды. Олар өз кәсіпорындарын өте төменгі пайызбен қаржыландырып және несиелеп отырды, яғни, мұнда, бұл кәсіпорындардың өміршеңдігі және пайдалылығы есепке алынбады. Мұндай банктердің активтерінде мемлекеттік зиян шегіп отырған кәсіпорындардың уақыты өткен, төленбеген, яғни, сапасыз ссудалар қатары арта түсті.

Жалпы банктерді мамандандыру идеясы банк жүйесінің жұмысын тығырыққа әкеліп, ол монополияландырудан құтылмады және несиелік механизмге түпкілікті өзгеріс енгізе алған жоқ. Сонымен қатар, КСРО Мемлекеттік банкінің ролі біршама төмендеп, ол мамандандырылған банктердің жұмысына ешқандай әсер ете алмады.

Мұндай жағдайда, банк реформасын батыс үлгілерінде қалыптасқан екі деңгейдегі банктік жүйеде жүзеге асыруға ғана қол жеткізілді.

1987 жылғы реформаға дейінгі банктік жүйенің мынадай кемшіліктері болды:

- вексель айналысының болмауы;
- кәсіпорындардың қарыздарын кешіруі, әсіресе ауыл шаруашылығына қатысты;
- шаруашылықтың барлық аяларында артық несиелеу операцияларының байқалуы;
- банк мамандандырылуының жойылуы;
- кәсіпорындарындағы басқа да несиелік көздерінің болмауынан туындаған монополизмнің орын алуы;
- пайыз мөлшерлемесінің төменгі деңгейде болуы;
- экономиканың әр саласының қызметіне қойылатын (несиелік базасында) банк бақылауының әлсіздігі;
- бақылауға жатпайтын несиелік және банктік ақшалардың басып шығарылуы.

1987 жылғы банктік жүйені қайта ұйымдастыру бұрынғыша әкімшілік сипатқа ие болып қала берді, тек қана бұл жерде үш банктің монополиясын бірнеше банктер монополиялары ауыстырды.

1987 жылғы банк жүйесін қайта ұйымдастырудың оң жағынан теріс жақтары басымырақ болды, атап айтсақ:

- банктер бұрынғы меншік формасында, яғни мемлекеттік болып қала берді;
- олардың монополизмі толық сақталып, монополистердің саны өсті;

реформа жаңа экономикалық механизмдердің жоқтығына қарамай-ақ жүргізілді;

кәсіпорындар белгілі бір банктерге бекітілгендіктен, олардың несие алу барысында банктерді таңдау мүмкіндігі болмады;

клиенттер арасында несиелік ресурстарды бөлу тігінен жалғаса берді;

ақша нарығы және несиелік ресурстар, саудаға түсетін орындар құрылмады;

банк аппаратын ұстауға жұмсалатын шығындар артып кетті;

ағымдық және ссудалық шоттарды бөлу барысында “банктік соғыс” шыға бастады;

қайта ұйымдастыруда несиені қайтарудың басты көздері ретіндегі сақтандыру мекемелерінің қызметтері жайлы қозғалыс болмады.

Бұл реформаның оң жақтары ретінде қолма-қол ақшасыз есеп айырысуды тәртіпке келтіруімен қатар, банк қызметінің мамандандыруын қысқартты десе болады.

Сонымен 70 жыл бойы КСРО-ның банк жүйесінде, оның ішінде Қазақстанда қатаң түрде орталықтандыру мен шоғырландыру, әкімшілік әдістері кеңірек орын алады. Сол уақыттардан қалыптасып келген ақша-несие қатынастары жаңадан туындай бастаған нарықтық қатынастарға сәйкес келмеді.

Социалистік эксперимент жүргізу барысында ғасырлар бойы қалыптасып келген қаржы-несие институттары мен қаржы нарығының құралдары жойылып кеткен болатын. Сөйтіп, утопиялық, идеологиялық тұжырым негізінде монобанктік жүйе қалыптасып, мұнда мемлекеттік банк барлық несиелік жүйені өзіне бағындырып және бәсекелестік элементтерін өзі реттеп отырады.

1989 жылдан бастап, елімізде алғашқы коммерциялық банктер, кооперативтік және жеке банктер қатары жұмыс істеді. Сол жылы алғаш құрылған коммерциялық банктерге – Интеринвестбанк, Крамдсбанк, қазіргі Казкоммерц банк және т.б. жатады.

1995 жылғы банк реформасы. 1990 жылы Қазақстан Республикасы өз егемендігін жариялағаннан бастап нарықтық қатынастардың талаптарына сай келетін меншікті банк жүйесін құруға бетбұрыс жасады.

1990 жылы желтоқсан айында қабылданған “ҚазКРО-ғы банктер және банктік қызмет туралы” алғашқы заң Қазақстандағы банктік реформаны жүргізудің бастапқы кезеңдерін қамтиды.

Бұл банктік реформа Ұлттық банктің 1995 жылға арналған “Қазақстандағы банктік жүйені реформалау” бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылды.

Нарық экономикасына өту жағдайында және экономикалық дағдарысты жоюда, макроэкономикалық тұрақтылыққа қол жеткізуде ҚР банк жүйесі маңызды роль атқарады.

Қазіргі уақытта қалыптасқан екі деңгейлі банктік жүйенің қызмет етуіне байланысты жасалған талдауда, олардың көрсетіп отырғанындай, кемшіліктердің басым бөлігі банктер қызметін реттейтін нормативтік базаны жасаудағы артта қалушылық және оның іске асырылуына іс жүзінде бақылау жасау механизмдеріндегі кемшіліктерімен сипатталады.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасындағы жұмыс жасап отырған банктік жүйенің қалыптасуын үш кезеңге бөледі:

I кезең. 1988 – 1991 жж. (КСРО-ның тұсында) – мемлекеттік салалық мамандандырылған банктер қызметінің бір бөлігін республикалардағы сол банктердің тиісті бөлімшелеріне беру арқылы қайта түрлендіру; алғашқы коммерциялық банктер құру; КСРО Мемлекеттік банкіне орталық банктің жекелеген қызметтерін беруге байланысты бастапқы қадамдар жасау кезеңі.

II кезең. 1992 жылдың аяғы 1993 жылдары – рубль аймағында бола отырып, ҚР Ұлттық банкінің орталық банктің бірқатар қызметтерін орындауға біртіндеп кірісуі, коммерциялық банктердің экстенсивті (сандық) түрде қалыптасуы және дамуы, ұлттық нормативтік базаның қалыптасуының бастапқы кезеңі.

III кезең. 1993 жылдың қараша айынан осы уақытқа дейінгі, яғни айналысқа Ұлттық валютаның енгізілуіне байланысты Ұлттық банкінің ақша-несие аясының қызмет етуіне толық жауапкершілік алу, бюджет және банктермен қарым-қатынас орнатудың классикалық қағидаларын енгізу, банктердің қызметін реттеу жүйесін нығайту кезеңін білдіреді.

1995 жылғы банктік реформалауға дейінгі жұмыс жасаған банктік жүйенің *басты кемшіліктеріне* мыналарды жатқызуға болады:

а) Ұлттық (орталық) банк қызметіне байланысты:

мемлекеттің қаржы саясатын жүргізу барысындағы Ұлттық банк пен Қаржы министрлігі қызметтерінің жеткіліксіз шоғырлануы;

коммерциялық банктердің өтімділігін толық қолдау механизмінің жеткіліксіздігі;

екінші деңгейдегі банктер қызметін қадағалау және реттеу жүйесінің баяу құрылуы;

валюталық реттеу және бақылау жүйесінің қалыптасуындағы артта қалушылық;

макроэкономикалық процесстерді жедел түрде талдау, оларды болжау және шешім қабылдауда пайдалану деңгейінің төмендігі;

осы уақытқа дейін пайдаланылып келген Ұлттық банк пен екінші деңгейдегі банктердің бухгалтерлік есеп жүйесінің халықаралық стандартқа және нарықтық экономика талаптарына сай келмеуі;

Ұлттық банк жүйесіндегі еңбек ақының төмендігінен кадрлардың кету деңгейінің жоғарылығы.

ә) Екінші деңгейдегі банктерге байланысты:

Ұлттық банктер тарапынан белгіленген экономикалық (қазіргі пруденциалдық) нормативтер мен банк клиенттерінің құқықтарын тікелей бұзған банктердің нарықта қызмет ете беруі;

қаржы ресурстарын жинақтаудың іс жүзіндегі механизмдерінің әлсіздігі; шаруашылық субъектілерін несиелеу барысында жобаларды бағалау деңгейінің және банк үшін несиені беруден туындайтын тәуекелді бағалау дәрежесінің, сондай-ақ несиенің қайтарылуына жасалатын бақылаудың қанағаттанарлықсыз деңгейде болуы;

орта және ұзақ мерзімде ірі жобаларды дербес түрде қаржыландыруды іске асыруға мүмкіндік беретін, банктердің капиталдану деңгейінің жеткіліксіздігі; прогрессивті қаржы құралдарын және технологияларды пайдаланып, игерудің баяулығы;

банк қызметкерлерін кәсіби жағынан даярлаудың жалпы төмен деңгейде болуы.

Сонымен бұрынғы салалық мамандандырылған банктерді қайта түрлендіруге байланысты бірқатар шаралар 1994 ж. орта кезінен басталып, 1995 жылға дейін жалғасты.

Бірінші кезекте 1994 жылы Ұлттық банктің ұсынысы бойынша Кабинет Министрлігінің Қаулысына сәйкес арнайы құрылған комиссия Қазагроөнеркәсіп банкіне санация процесін жүргізіп, ондағы орталықтандырылған несиелерге (шаруашылықтардың нақты төлем қабілеттілігін ескермей, Жоғарғы Кеңес пен Үкіметтің шешімі бойынша өткен жылдардағы берілген) байланысты мерзімі өткен қарыздарды Қазагроөнеркәсіп банкінің балансынан Қаржы Министрлігінің қарамағында құрылған *ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау мемлекеттік қорының* балансына беру шараларын іске асырды.

Екінші кезекте, Қазақстан ӘлемБанкін 1994 жылдың орта кезеңінде Мемлекеттік Экспорттық-импорттық банкке (қазіргі Эксимбанк) және әмбебап акционерлік ӘлемБанкке бөлу шаралары жүзеге асты. Сөйтіп, ол уақыттағы ӘлемБанктің жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлесі – 35% құрады. Бұл бір жағынан, ӘлемБанктегі мемлекеттің қаржысы мен мемлекеттік емес акционерлер қаржыларын өзара бөлуге мүмкіндік берсе, екінші жағынан Әлем банктегі монополияны жоюға мүмкіндік жасады.

Үшінші кезекте, мемлекеттік мамандандырылған Халық банкін әмбебап банкке түрлендіру шаралары жүргізілді. Түрлендіру мынадай *үш кезеңді* қамтыды:

Бірінші кезеңде (1995 жылдың 1-ші жартысын) мемлекеттік емес акционерлерден акцияларын сатып алу жолымен 100 % мемлекеттік меншікті қалпына келтіру және оның жарғылық капиталын ұлғайту мақсатында мемлекеттен жалға алған ғимаратын Халық банкінің меншігіне беру, сондай-ақ 01.01.1992 ж. жағдайға байланысты халық салымдарын индексациялау жүйесін анықтау міндеті белгіленді.

Екінші кезеңде (1995 ж. екінші жартысында және 1996 ж.), Халық банкіне пластикалық дебеттік және кредиттік карточкаларды енгізу және олардың қолданылу ауқымын кеңейту міндеті жүктелді.

Үшінші кезеңде (1997 ж. ішінде), Халық банкісінің алдында Ұлттық банк белгілеген пруденциалдық нормативтерге сәйкес 01.01.1998ж. бастап салымдарды мемлекеттің толық кепілдемесінен ұжымдық сақтандыруға негізделген аралас сақтандыру жүйесіне өтуге дайындық жасап және жекшелендірудің бірінші кезеңін бастау міндеті тұрды.

Төртінші кезеңде әмбебап банк - Тұран банкіндегі мемлекеттің үлесі (61%, 1994 жылдың сәуіріне) анықталып, ондағы негізгі борышқор-кәсіпорындардың бір бөлігі 1995 жылы жаңадан құрылатын Медетші банкке берілетін болды.

Бесінші кезеңде әмбебап банк - Кредсоцбанктегі мемлекеттің үлесі - 40,3% мөлшерінде (1994 жылдың сәуіріне) анықталды. 1995 жылдың қаңтар айының аяғына таман оның жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлесін сату бағдарламасын Ұлттық банк даярлауға тиіс болды.

Коммерциялық банктер үшін нақты секторды қысқа мерзімді несиелеу тиімсіз болып табылғандықтан, орта және ұзақ мерзімді несиелеу қызметін өз міндетіне алатын мамандандырылған мемлекеттік банктерді құру қажеттігі туды. Ондай банктерді халықаралық тәжірибеде даму банктері деп атайды, себебі олар үшін басты мақсат пайда табу емес, яғни экономиканың жекелеген салаларын дамыту болып саналады.

Сонымен, Қазақстанда банк секторын реформалау бағдарламасын іске асыру шегінде Экспортты-импорттық банк (Эксимбанк), Мемлекеттік даму банкі және Тұрғын үй құрылыс банкі құрылды. Мамандандырылған банктер қатарында халыққа қызмет көрсетуге маманданған Халық Жинақ банкі де болды.

Мемлекеттік даму банкі – бұл банк экономиканың маңызды салаларында тиімді инвестициялық жобаларды ұзақ мерзімді несиелеуді жүзеге асыруға бағытталған үкіметтің қаржы-несие институты болып табылады.

Экспортты-импорттық банк (Эксимбанк) – бұл Қазақстан үшін дәстүрлі емес, даму және ғылыми ұйымдардың экспортын қаржыландыру үшін, экспорттық несиелер мен инвестицияларға сақтандыру және кепілдеме беру үшін Әлем банктен бөлініп шыққан банк.

Тұрғын үй құрылыс банкі – бұл тұрғын үй құрылысын коммерциялық құрылысшылар арқылы несиелеуге, халық үшін тұрғын үй жинақ шоттарын қалыптастыру, ипотекалық несиелеу жүйесін құру мақсатында құрылған банк.

Медетші банк (траст) – бұл Дүниежүзілік банктің ықпалымен “Проблемалық кәсіпорындар үшін госпиталь” ретінде құрылған банк. Бұл банкті құру туралы жарғыға сәйкес, ол небәрі 4 жыл мерзімге қызмет етуге уақытша құрылды.

Ұлттық банктің 1995 жылғы реформалау нәтижесінде қолданған шаралары қаржылық және экономикалық тұрақтылыққа қол жеткізді. Ең бастысы, ақша-несие реттеу әдістері мен құралдары әрі қарай дами түсті.

Банктерді қайта қаржыландыру механизмі түбірімен өзгерді. 1995ж. ақпан айынан бастап, директивті несиелерді беру тоқтатылды. Орталықтандырылған көздер есебінен берілетін несиелер көлемі мен мерзімі қысқарып, экономиканы несиелеу қызметі Ұлттық банктен екінші деңгейдегі банктерге ауысты. Ұлттық банк орталық банктерге тән қызметке: қысқа мерзімді өтімділігін қолдап отыру мақсатында екінші деңгейдегі банктерге несие беру, Үкіметке несие беру және ақша-несие және валюталық реттеумен айналысуға көшті.

1995 жылдың бірінші жартысында Ұлттық банктің екінші деңгейдегі банктерге берілетін несиелері несиелік ресурстар аукционы арқылы 3 ай мерзімге дейін берілсе, ал екінші жартысында операциялардың ауыртпалығы мемлекеттік бағалы қағаздардың қайталама нарығына өте бастады. Сөйтіп, банкаралық несиелер нарығы дами түсті. 1995 жылы қыркүйек айынан бастап *ломбардтық несиелеу жүйесі* енгізілді. Базалық ақшалардың өсу қарқынына

шек қою мақсатында Ұлттық банк айналысқа өзінің қысқа мерзімді ноталарын шығару арқылы ақша массасын реттеп отырды.

1995 жылы Ұлттық банк қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің нақты мәнін қалпына келтірді. Инфляция қарқынын төмендету арқылы оның мөлшерлемесін төмендетті. Айталық, 1995 ж. қаңтар айындағы инфляцияның қарқынын 8,9%-дан, қыркүйек айында - 2,4%-ға дейін төмендету нәтижесінде қайта қаржыландыру мөлшерлемесі: 210 % -дан 45% -ға дейін төмендеген. Айта берсек, тағы да басқа көптеген жетістіктерге қол жеткізілді.

1996 -1998 жж. банктік реформалар. Бұл реформалар Ұлттық банктің 1996-1998 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының банк жүйесін реформалау бағдарламасына сәйкес жүргізілді.

Банк реформасын жүргізу бағдарламасының басты мақсаты - ҚР ұлттық валютасының ішкі және сыртқы тұрақтылығын әрі қарай арттыру және экономиканы қаржыландыру мүмкіндігін кеңейту үшін екінші деңгейдегі банктердің жүйесін нығайту.

Көздеген мақсатқа жетуде Ұлттық банк мынадай міндеттерді шешуге күш жұмсады:

ақша-несиелік реттеу әдістері мен құралдарын жетілдіру;
елдің қаржы нарығына Ұлттық банктің араласуы арқылы қолма-қол ақша айналымында әкімшілік басқаруды күшейту;

валюталық реттеуді дамыту және алтын валюта резервін басқару;
банктік қадағалау жүйесін және банк қызметін реттеу принциптерін түбірімен өзгерту;

бухгалтерлік есепті және банк жүйесін реформалауды аяқтау;
Ұлттық банктің басқа елдердің орталық банктерімен және басқа да қаржылық институттарымен байланысып, халықаралық қаржы ұйымдарына қатысуы;

Ұлттық банктің құрылымын жетілдіріп, кадр және техникалық әл-ауқатын нығайту;

екінші деңгейдегі банк жүйесін сауықтандыру;
төлем жүйесін дамыту;
елдің банк жүйесінің қызмет етуінің және реформалауының құқықтық қамтамасыз етілуін жетілдіру.

Сол уақыттары Республикамызда берілген директивті несиелердің уақытында қайтарылмағаны, яғни олардың 24 %-дан астамы ғана қайтқандығы белгілі. Соның салдарынан Ұлттық банк ондай несиелерді беруді тоқтатуға мәжбүр болды. Осындай жағдайларға байланысты Ұлттық банк 1996-1998 жж. орталықтандырылған несиелерді тек қана банктердің қысқа мерзімді қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін несиелік аукциондар, банкаралық нарық, ломбардтық несиелеу, “репо” операциялары, вексельдерді қайта есепке алу арқылы беріп отырды.

Ұлттық банк пен Қаржы министрлігі арасындағы бюджетті несиелеуге байланысты жаңа қатынастың қалыптасуына сәйкес, 1998 жылдан бастап, Қаржы министрлігі бюджет тапшылығын өз күшімен несиелеуге міндеттеме алғандықтан, Ұлттық банк оған тікелей несие беруін тоқтатты. Оған дейін

бюджеттің тапшылығының 80%-ға жуық бөлігі Ұлттық банк несиелері есебінен жабылып келген. Мұны да осы реформаның бірден-бір нәтижесі деп санауға толық болады.

Банк жүйесін реформалау және ақша банкноталарын шығаруда меншікті өндірісті іске қосу республикамыздағы қолма-қол ақшамен байланысты жағдайды түбірімен өзгерістерге әкелді. Осыған байланысты қолма-қол ақша айналымын басқаруда 1992-1993 жж. қолма-қол ақшаның тапшылығынан енгізілген директивтік саясаттың орнына экономикалық реттеу әдістерін пайдаланудың алғышарттары жасалды.

Сонымен осы реформа нәтижесінде кәсіпорындарды және екінші деңгейдегі банктердің қолма-қол ақшамен жасалатын кассалық операцияларының лимиті алынып тасталды.

Ұлттық валютаның тұрақтылығын сақтап отыру мақсатында Ұлттық банк шетелдік тәжірибелерді ескере отырып, теңгенің жүйелі валюталық айырбас бағамы саясатын жүргізіп отырды. Алтын-валюта резервін басқаруда Ұлттық банк мынадай екі портфельді құру қажет деп таныды: *стратегиялық инвестициялық портфель және тактикалық өтімділік портфелі*.

Мұндағы, тактикалық өтімділік портфелі валюталық бағамды реттеу саясатын жүргізу және қысқа мерзімді міндеттемелерді жабу үшін қажет. Өтімділік портфелінің негізгі құралдарына ақша нарығының құралдары жатты.

Стратегиялық инвестициялық портфель құрамы Ұлттық банктің орта мерзімді (3 айдан 3 жылға дейінгі) және ұзақ мерзімді (3 жылдан 10 жылға дейінгі) міндеттемелерінен тұрды.

Аталған портфельдің негізгі құралдарына: мемлекеттік бағалы қағаздар нарығының құралдары, орта және ұзақ мерзімді депозиттер және капиталдар нарығының басқа да құралдары жатқызылды.

Банктік қадағалау жүйесін реформалаудың басты мақсаты - банктік қадағалау әдістері мен процедураларын халықаралық стандартқа жақындату болып табылды. Осыған сәйкес, Ұлттық банк екінші деңгейдегі банктерге капиталдану талабын қойды. Мұндағы мақсат - бәсекелік ортада қызмет көрсететін банктерді тәрбиелеу және біршама тұрақты банктерді анықтау болып табылды. Осындай талаптың негізінде Ұлттық банк капиталы жеткіліксіз банктердің өзара бірігуін немесе жойылу шараларын ұйымдастырды. Реформа нәтижесінде көптеген банктер таратылды немесе бірігу процесін басынан кешті. Осындай шараларды ең бастысы, мамандандырылған банктер басынан кешті. Өйткені олардың барлығы дерлік бастапқыда бюджет қаражаты есебінен құрылғандықтан да, олар үшін несиелік ресурстарды қалыптастыру басты мәселеге айналады. Сөйтіп, кейбіреуі өзара бірігіп жұмыс жасауға мәжбүр болды. Айталық, Мемлекеттік даму банкі Эксимбанкпен, Тұрғын үй құрылыс банкі Центркредитбанкпен қосылып, ал, Медетші банк - Медетші қор ретінде қайта түрлендірілді. Мұндай түрлендіруге Ұлттық банк тарапынан банк жүйесіне жүргізген кейінгі реформалар себеп болды.

Ұлттық банктің 1995 жылы бастаған банк жүйесінің бухгалтерлік есебін реформалау 1996-1998 жж. әрі қарай жалғасып, нәтижесінде Ұлттық банктің

халықаралық стандартқа сәйкес жасалған жаңа шоттар жоспары екінші деңгейдегі банктер қызметіне толығымен енгізілді.

Банк жүйесіндегі бухгалтерлік есепті реформалау - нарықтық экономика талаптарына жауап беретін жалпыға ортақ халықаралық принциптер мен стандарттарды банктердің тәжірибесіне енгізуге мүмкіндік беретін шаралар кешенін білдіреді.

Бухгалтерлік есеп реформасын аяқтауға байланысты жұмыстар мынадай мерзімдерді қамтыды:

- *Ұлттық банк бойынша:*

1996 жылы қосымша және бас бухгалтерия бойынша нұсқаулық материалдар дайындап, оларды баспадан шығару. 1997 жылы 1996 жылдың жұмыс нәтижелері бойынша жаңа шоттар жоспары мен нұсқаулық материалдарға өзгерістер енгізу, Ұлттық банктің қызметіне байланысты халықаралық аудит жүргізу, банк мекемелерінде ескі шоттар жоспарынан жаңаға өтуді аяқтау шаралары жүзеге асырылды. 1998 жылдың бірінші жартысында қосымша есеп бойынша бағдарламалық қамтамасыз етудің жаңа пакетін әзірлеу және екінші жартысында Ұлттық банктің бюджетін жоспарлау әдісін жасау.

- *Екінші деңгейдегі банктер бойынша:*

1996 жылы екінші деңгейдегі он банктер бойынша жаңа шоттар жоспарын енгізіп, ай сайын осы жоспарға сәйкес жиынтық балансын алу.

1997 жылы екінші тоқсанында екінші деңгейдегі банктерде бухгалтерлік есептің стандартын жасау, барлық екінші деңгейдегі банктер бойынша үшінші тоқсанда жылдық жинақ есебін құру шаралары жүзеге асты.

Сонымен қатар, бұл банктік реформаның басты нәтижесі - бұл банктік жүйенің тұрақтылығын сақтап қалу мақсатында *халық салымдарын ұжымдық сақтандыру қоры* құрылды. Бұл қорды құру уақыты 1997 жылдан кешікпеуге тиіс еді, бірақ әр түрлі себептерге байланысты қор 1999 жылдың аяғында құрылып, өз қызметін 2000 жылдың қаңтарынан бастады.

Елімізде қабылданған “ҚР банктер және банктік қызмет туралы” ҚР заңына сәйкес қазіргі ҚР-ғы банк жүйесі екі деңгейден тұрады:

- ҚР Ұлттық банкі – мемлекеттік орталық банк ретінде бірінші деңгейдегі банк.

- өзге банктердің барлығы (Мемлекеттік даму банкісінен басқасы) - екінші деңгейді сипаттайды, сондықтан да оларды іс-жүзінде екінші деңгейдегі банктер.

Бақылау сұрақтары

- 1) Алғашы банктер қайда және қалай пайда болды?
- 2) Қазақстанға банк капиталының келуінің нендей себептері болған?
- 3) КСРО-ғы банктің реформаның ерекшелігі мен кемшілігі неде?
- 4) ҚР тәуелсіздігі тұсындағы банктік реформалардың мақсаты не?
- 5) 1995 ж банктік реформалардың нәтижелері қандай?
- 6) 1996-1998 жж банк жүйесін реформалар нендей өзгерістер әкелді?
- 7) Банк қызметінің құқықтық қамтамасыз етілуін қалай түсінесіз?

2-тарау. Қазақстан Ұлттық банкі – мемлекеттің орталық банкі

2.1. Қазақстан Ұлттық банкісінің ұйымдастырылу және функционалдық құрылымы

Қазақстан Ұлттық банкі (ҚҰБ) еліміздің эмиссиялық және резервтік орталығы ретінде мемлекеттің ақша-несие және валюта саясатының басты бағыттарын анықтайды. Оның қызметінің басты мақсаты пайда табу емес, яғни мемлекеттің ақша-несие саясатын жүргізу және еліміздің банк жүйесіне жетекшілік ету.

Қазақстан Ұлттық банкі – бұл бұрынғы қарапайым клиенттерге қызмет көрсетумен айналысқан, мемлекеттік банктен орталық, эмиссиялық банкке түрлендірілген «банктердің банкі» болып табылады.

Іс-жүзінде Қазақстан Ұлттық банкісінде барлық кассалық резервтердің шоғырлануы және олардың шаруашылық айналымына түсуі Қазақстан Ұлттық банкі мекемелерінің коммерциялық банктер кассасын толтыру арқылы арқылы жүзеге асырылады. Барлық банктер қолма-қолсыз есеп айырысуларды ҚҰБ мекемелері арқылы жүргізе отырып, қажет жағдайларда ҚҰБ-нен несие ала алады.

Қазақстан Ұлттық банкі – бұл ақшалай резервтерді құрайтын, оған қоса меншікті алтын-валюта резервтерден, басқа да материалдық құндылықтардан тұратын мүліктерге ие заңды тұлға.

ҚҰБ өзінің атқаратын мәні жағынан біртұтас ұйым болып табылады, ал мемлекет тек оның жарғылық қорының иесі. Бүгінгі жарғылық қордың мөлшері - 20 млрд. теңгені құрайды. Негізгі қорлары ғимараттардан, құрылғылардан, құрал-жабдықтардан, көліктік құралдар мен басқа бағалылықтардан, ал айналым қорлары банкке тиселі болып табылатын меншікті ақшалай қаражаттардан тұрады.

ҚҰБ резервтік және басқа да қорларды құрайды. Оның резервтік қоры жарғылық қор көлемінде құрылып, меншікті пайда есебімен толықтырылады және жүргізген операцияларға байланысты зияндар мен шығындардың орнын жабуға жұмсалады.

ҚҰБ-нің қаржылық жылдағы таза табысы сол қаржылық жылға қатысты, нақты табыстар мен шығыстар арасындағы айналысқа шығарылған, оған қоса активтердің амортизациясын, оның ішінде банкнот пен монеталарды қоса алғандағы шығыстардың айырмасы негізінде анықталады.

ҚҰБ-нің таза табысы жарғылық қорды және резервтік қорды абсолюттік сомада құрауға бағытталады. Таза табыстың қалған бөлігі келесі қаржы жылындағы республикалық бюджетке аударылады. ҚҰБ және оның мекемелері ҚР салық кодексіне сәйкес барлық салықтар мен алымдар төлеуден босатылған.

ҚҰБ-нің несиелік ресурстары төмендегідей көздерден құралады:

- меншікті қаражат есебінен;
- басқа банктерден тартылған және ҚҰБ-де шартты негізде орналастырылған ақшалай қаражаттар есебінен;
- ҚР төңірегінде тартылған қаражаттардан;

- арнайы мемлекеттік қорлар мен бюджеттің уақытша бос жатқан қаражаттар есебінен.

ҚҰБ-нің басқару құрылымы.

Қазақстанның Ұлттық банкі - тігінен басқарылатын жүйедегі біртұтас орталықтандырылған құрылымды білдіреді. Ұлттық банктің басқару органына: *Басқарма және директорлар Кеңесі (Директорат)* жатады.

ҚҰБ-нің жоғары басқару органы *Басқарма* болып табылады және басқармаға мынадай негізгі қызметтер жүктеледі:

- мемлекеттің ақша-несие саясатын дайындау;
- банк қызметіне қатысы бар ҚҰБ-нің нормативтік құқықтық актілерін бекіту;
- Ұлттық банктің банктермен операциялары бойынша ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесін белгілеу;
- банктердің ашылуына рұқсат беру және оларды қайтарып алу туралы шешім қабылдау;
- жекелеген банктік операциялар түрлерін жүргізуге лицензиялар беру туралы шешім қабылдау;
- банктер үшін резервтік талаптар нормасын бекіту;
- алтын валюта активтерін басқарудың негізгі қағидаларын анықтау;
- ҚР валютасының айырбас бағамын анықтау тәртібін бекіту;
- ҚҰБ жұмыс туралы жылдық есепті қарау, қабылдау және Президенттің бекітуіне беру;
- ҚҰБ-нің жылдық балансын және табыс мен зияны туралы есебін қарау және бекіту;
- ҚҰБ туралы нұсқауды, оның жарғылық капиталы мен резервтік қордың қалыптасу тәртібі, негізгі құралдарды және өзге де мүліктерді пайдалану, ақылы қызмет көрсету, ҚҰБ-нің құрылымы және бюджеті, департамент директорларын, филиалдардың, өкілеттіліктердің және ұйымдардың жетекшілерін тағайындау туралы нормативтік құқықтық актілерді бекіту;
- банктер үшін пруденциалдық нормативтер мен басқа да міндетті нормаларды және шектерді бекіту;
- еңбек жағдайын, оған ақы төлеу жүйесі мен мөлшерін анықтау және бекіту;
- ҚҰБ-нің халықаралық және басқа да ұйымдарға қатысуы туралы шешім қабылдау;
- Директорлар Кеңесінің (Директораттың) құрамын бекіту;
- бухгалтерлік есептің қазақстандық стандартын ескере отырып, ҚҰБ-не арналған бухгалтерлік есептің саясатын және әдістерін анықтау.

Ұлттық банктің Басқармасы *тоғыз* адамнан тұрады. Ұлттық банктің Басқармасының құрамына:

- ҚҰБ төрағасы және бес лауазымды тұлғалары,
- ҚР Президентінен бір өкіл;
- ҚР Үкіметінен екі өкіл кіреді.

Қазақстан Ұлттық банкісінің оперативтік басқару органы - директорлар кеңесі болып табылады. Директорлар кеңесі құрамына Ұлттық банк төрағасы, оның орынбасарлары және құрылымдық бөлімшелердің жетекшілері кіреді.

«ҚР Ұлттық банк туралы» ҚР заңына сәйкес Қазақстан Ұлттық банкісі ҚР Президентіне есеп береді. Есеп беру мыналарды білдіреді:

- Парламенттің келісімімен ҚР Президенті ҚҰБ-нің төрағасын 6 жылға сайлайды және қызметінен босатады;
- ҚҰБ төрағасының орынбасарларын да ҚҰБ төрағасының ұсынуымен ҚР Президенті 6 жылға сайлайды және қызметінен босатады.
- ҚҰБ-нің жылдық есебін ҚР Президенті бекітеді;
- Ұлттық валютаның - теңгенің айшығының тұжырымын ҚР Президенті бекітеді;
- ҚҰБ-нің ҚР Президентінің сұрауы бойынша өзінің қызметіне байланысты ақпараттарды беріп отыруы.


Қазақстан Ұлттық банкі өзінің негізгі қызметтерін жергілікті жерлердегі облыстық басқармасы және Алматы қалалық бас филиалы арқылы атқарады. Бұл филиал Ұлттық банк атынан жұмыс істейді. ҚҰБ филиалдары мен өкілеттіліктері өз қызметтерін ҚҰБ бекіткен құзіреттері шегінде ғана жүзеге асырады. Қазақстан Ұлттық банкінің функциональдық құрылымына департаменттер мен басқа да бөлімшелерден тұратын орталық аппараты, филиалдары, өкілеттіліктері мен ұйымдары кіреді (1-сурет).

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің Төрағасы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің Төрағасының орынбасарлары (4 адам)

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының бөлімшелері

Зертеу және статистика департаменті	Төлем балансы және валюталық реттеу департаменті	Заң департаменті	Монетарлық операциялар департаменті	Бухгалтерлік есеп департаменті
Ақпарат технологиясы департаменті	Ішкі аудит департаменті	Қызметкерлер мен жұмыс жүргізу департаменті	Қолма-қол ақшамен жұмыс департаменті	Халықаралық қатынастар басқармасы
Төлем жүйелері департаменті	Ұлттық Банк басшылығының қызметін қамтамасыз ету басқармасы	Операция басқармасы	Монетарлық операцияларды есепке алу басқармасы	Бюджетті жоспарлау және бақылау басқармасы
Автоматтандырылған банктік ақпарат жүйелерін ендіру басқармасы	Қауіпсіздік басқармасы	Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау басқармасы	Қаржы тұрақтылығы басқармасы	Шаруашылық басқармасы



1-сурет. ҚР Ұлттық банкісінің және АҚ-ның 2007 жылғы ұйымдастырылу құрылымы

2007 жылы Үкіметтің және Ұлттық Банктің қызметін ақпараттық-талдамалық қамтамасыз ету мақсатында «Қазақстан Республикасының Үкіметі және Ұлттық Банкі жанындағы Ұлттық талдамалық орталық» АҚ құрылды.

Орталық қызметінің негізгі мәні мыналар болып табылады:

- 1) мемлекеттік басқарудың өзекті мәселелері бойынша зерттеулер жүргізу және ұсынымдар әзірлеу;
- 2) Қазақстанның экономика салаларына қатысты жүйелік және салыстырмалы талдау, еңбек өнімділігінің мониторингі және бағалау және олардың бәсекелестік қабілетін айқындайтын факторларды анықтау;
- 3) мемлекеттік органдардың реттеуші қызметінің тиімділігін бағалау;
- 4) қаржылық тұрақтылық мәселелері бойынша зерттеулер жүргізу.

2.2 Қазақстан Ұлттық банкісінің міндеті, қызметтері мен операциялары

2004 жылдан бастап, «ҚР Ұлттық банкі туралы» ҚР заңына енгізілген өзгерістерге сәйкес, ҚҰБ-нің негізгі міндеті - база тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады.

2004 жылға дейін, оның негізгі міндеті ретінде ұлттық валютаның ішкі және сыртқы тұрақтылығын қамтамасыз ету болғандығын еске сала кеткен дұрыс. Осы жерде, неліктен ҚР Ұлттық банкінің жаңаша негізгі міндетін осылай белгілеу қажет болды деген сауал тууы мүмкін. Осы сауалға екі жақты жауап берген дұрыс. Біріншіден өткен міндеті ретінде белгіленген ұғымдардың

мәнін түсінейік, яғни ұлттық валютаның ішкі тұрақтылығы бұл ішкі бағаның тұрақтылығын қамтамасыз етуді сипаттаса, ал сыртқы тұрақтылығы - бұл ұлттық валютаның шетел валютасына қатысты тұрақтылығын қамтамасыз етуді білдіреді.

1999 жылдың сәуір айынан бастап, еркін өзгермелі бағам режиміне көшкендігіміз баршамызға белгілі және оның басты шарты - ҚР Ұлттық банкінің ұлттық валютаның шетел валютасына қатысты бағамын белгілеуге араласпауын немесе ішкі валюта нарығында валюталық интервенциялауды жүргізбеуін көздейді. Сонымен қатар, ақша-несие саясатының бағыттарында 2003 жылдан бастап, 2007 жылдарға дейін үш кезеңде валюталық режимді ырықтандыру шараларының қарастырылуы соңғы міндеттің қажетсіздігін көрсетеді. Ендеше бұл жерде шетел валютасына қатысты ұлттық валюта тұрақтылығын қамтамасыз ету міндеті өздігінен түсіп қалатыны сөзсіз, сөйтіп тек қана ішкі баға тұрақтылығын қамтамасыз ету ҚР Ұлттық банкінің негізгі міндеті ретінде аталған заңға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар ретінде нақтыланды.

Екіншіден, ішкі баға тұрақтылығын қамтамасыз ету міндетінің қажеттігі ҚР Ұлттық банкінің ақша несие саясатын жүргізуде 2002 жылдан бастап Еуроодақ стандартына және инфляцияны таргеттеу принципіне өту туралы шешім қабылдауынан туындап отыр. Инфляциялық таргеттеу принциптерін пайдаланытын көптеген елдер инфляция жөнінде қойылған мақсаттарға қол жеткізу жауапкершілігін күшейту жағдайларында инфляция бойынша бағдар ретіндегі тұтыну бағаларының индексіне сүйенбейтін болады. Оның орнына инфляциялық үрдістердің негізгі бағыттарын көрсететін баға индекстерін қарастырады және монетарлық емес тұрғыдағы (“базалық инфляция” индекстері) түрлі дәрежедегі күйзелістердің ықпалын жояды.

2003 жылы аталған заңға енгізілген соңғы өзгерістер мен толықтырулардың нәтижесінде 2004 жылдан бастап ҚР Ұлттық банкінің атқаратын қызметтері қатарында бірқатар өзгерістер пайда болды. Бұл жерде ҚР Ұлттық банкке дамыған елдердің орталық банктері сияқты тек классикалық қызметтерді атқару жүктеліп отыр.

Соған сәйкес, барлық қадағалау қызметтері (банктік, сақтандыру, бағалы қағаздар нарығын қадағалау) 2004 жылы 1 қаңтардан өзінің қызметін бастаған Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігіне берілді.

Бүгінгі күні Ұлттық банк мынадай *классикалық қызметтерді* атқарады:

- ақшаны эмиссиялау, яғни айналысқа қажетті мөлшерде банкоталар мен монеталарды шығару;
- мемлекеттің ақша-несие саясатын әзірлеу және жүргізу;
- несие беру;
 - депозит қабылдау;
- төлем жүйесін ұйымдастыру;
- валюталық реттеу және валюталық бақылауды жүзеге асыру;
- төлем балансын құрастыру.

Сонымен қатар, Ұлттық банкке жоғарыда аталған қызметтерге қоса төмендегідей *өзге қызметтерді* атқару жүктеледі:

- Қаржы нарығының барлық қатысушыларының қызметін реттеу және қадағалау, соның ішінде:

- Банктер;
- Сақтандыру ұйымдары;
- Бағалы қағаздар нарығының қатысушылары;
- Жинақтаушы зейнетақы қорлары.

- Қаржы нарығының барлық қатысушыларына арналған бухгалтерлік есеп стандартын бекіту.

Ұлттық банктің негізгі міндеті мен қызметтерін осылайша түйіндеу инфляция бойынша мақсаты көрсетіштер үшін Ұлттық банктің жауапкершілігін күшейтеді.

Жалпы Ұлттық банк мынадай *операцияларды* жүргізеді:

- бірінші кластық эмитенттермен шығарылатын алты айлық өтелу мерзімі бар міндеттемелерді қайта есепке алады;

- мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алады және сатады;

- депозиттік сертификаттармен қайтару мерзімі бір жылға жататын борыштық бағалы қағаздарды сатып алады және сатады.

- депозиттік және есеп айырысу операцияларын жүргізе отырып, бағалы қағаздарды, басқа да құндылықтарды сақтауға және басқаруға қабылдайды;

- қаржы құралдарымен операцияларды жүзеге асырады;

- қажет кезінде банктерде және қаржы ұйымдарында шоттар ашады;

- чектерді жазып вексельдерді береді;

- жарғыға қайшы келмейтін өз міндеттемелеріне сай келетін басқа да банктік операцияларды жүзеге асырады.

2.3 Қазақстан Ұлттық банкісінің эмиссиялық қызметі

ҚР Ұлттық банкі еліміздің орталық банкі ретінде ақшаны эмиссиялау қызметін жүзеге асырады. Қазақстан Республикасында ақшаны эмиссиялау құқығы тек қана ҚР Ұлттық банкіне заңмен бекітіліп берілген.

ҚР Ұлттық банкі өзінің эмиссиялау қызметін 1993 жылдың қараша айының 15 жұлдызынан бастап жүзеге асыруды қолға алды. Себебі бұл күн біздің тәуелсіз ел болуымызбен байланысты 70 жылдан кейін қайта жаңғырған жаңа тарихымызда ерекше күнді білдіреді. Ол күн егеменді еліміздің төл валютасын айналысқа енгізген күн болып табылады.

1993 жылы қараша айына дейін эмиссиялау қызметін тек қана КСРО-ның Мемлекеттік банкі, кейіннен Ресейдің Орталық банкі атқарып келді. Ол кезде Қазақстан аумағында төлем құралы ретінде КСРО-ның Мемлекеттік банкінің немесе Ресей Орталық банкісінің 1961-91жж шығарған рублдегі банкноталары мен монеталары қызмет етті. Ендеше сол уақыттары біздің шаруашылық

айналымға қажетті Ресейдің рублін сатып алып отырғанымызда жасырын емес. Әсіресе 1 рублдегі қолма-қол ақшаны 2 рубль қолма-қолсыз ақшаға сатып алған. КСРО ыдырағаннан кейін кейбір оның құрамына енген республикалар өздерінің ұлттық ақша бірлігін айналымға енгізіп, яғни «рубль аймағынан» шығып кеткен болса, ал біздің республикамыз сол аймақта екі жыл бойы қалды. Оның басты себебі, Қазақстанда өзінің банкнота шығаратын фабрикасы мен Монета сарайы болмады.

1992 жылы құпия жолмен біздің алғашқы валюталарымыз 1,3,5,10,20,50,100 номиналдағы банкноталар түрінде төрт ғасырлық тәжірибесі бар ағылшынның пошта маркілері мен банкнота жасауды кәсіп еткен «Харрисон және оның ұлдары» компаниясымен өзара жасалған келісімшартқа байланысты шығарылды.

1993 жылы 26 шілде күні Ресей өзінің төл валютасын енгізгеннен бастап, өзге елдердің, соның ішінде «рубль аймағындағы» Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан сияқты елдердің қаржылық жүйелерін бөліп жібергендігін хабарлады. Сондай-ақ, Ресей Орталық банкі Қазақстанға қазақ нышандары бар рубльді шығарып беруді ұсынған.

Соған қоса, олардың мынадай талаптары болды: біріншіден, егер рубльді пайдалану үшін Қазақстанның Ресейдің құрамына Ресей Федерациясының субъектісі ретінде енуі; екіншіден, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жинаған небары 700 млн астам АҚШ долларындағы алтын-валюта резервін Ресейдің орталық банкіне тапсыру. Қорыта айтқанда, олар өз рублін бізге пайдалану үшін Қазақстан тәуелсіздігімен төлеуді ұсынды.

Сол уақыттан бастап, Қазақстанда КСРО-ның рубльдері ғана айналыста қалды және өзге рубльден бөлінген аймақтардан олардың келуіне шек қойылмады. Ақыры, оған дейін құнсызданған рубль әрі қарай құнсызданып, инфляция қарқыны 2900 пайыздан асты.

Міне осындай келеңсіз оқиғалардың орын алуы Қазақстанның өз төл валютасын шығаруға еріксіз жол сілтеді. Сөйтіп, 1993 жылы 12 қарашада ҚР Президентінің Жарлығымен ҚР аумағында ұлттық валютаның енгізілуі туралы шешім қабылданып, 15-18 қарашада КСРО-ның 1961 – 91 жж шығарылған рубльдерін ұлттық валютамыз теңгеге айырбастау шаралары жүзеге асты.

Осы сәттен бастап ҚР Ұлттық банкі эмиссиялық банк болып табылады. ҚР Ұлттық банктің эмиссиялық қызметі оның құрылымдық бөлімшелері: Алматы қаласында орналасқан ҚР Банкнота фабрикасының банкноталары мен Өскемен қаласында Монета сарайында дайындалған монеталар көмегімен іске асады.

Эмиссиялық банктің басты міндеті айналысқа қажетті ақша мөлшерін шығару және артық мөлшерін айналыстан алу. Әрине, ақшаны айналысқа қажетті мөлшерден артық шығару оның құнсыздануына жол береді.

1993 жылы 15 қарашада айналымға 1, 3, 5, 10, 20, 50, 100 номиналдағы теңгелік банкноталар; 1, 3, 5, 10, 20 теңгелік монеталар және 1, 2, 5, 10, 20, 50 тиындық монеталар жіберілді. (1-қосымша).

1993 жылы алғашқы тиындар қағазбен басылып шыққан болатын. Аз уақыттан кейін осы қағаз тиындар айналымнан алынып, тасталынып, олардың орнына монета формасындағы тиындар айналымға жіберілді.

ҚҰБ кейінірек айналымға мынадай ақша белгілерін шығарды:

- 1994 жылғы банкноттар, номиналы 200, ол 1993 жылғы үлгі бойынша және номиналы 500 теңге, ол 1994 жылғы үлгі бойынша;
- 1995 жылғы банкноттар, номиналы 1000, ол 1994 жылғы үлгі бойынша;
- 1996 жылғы банкноттар, номиналы 2000 теңге, ол 1996 жылғы үлгі бойынша;
- 1997 жылғы монеталар, номиналы 1, 5, 10, 20, 50 теңге;
- 1999 жылғы банкноттар, номиналы 5000 теңге, ол 1998 жылғы үлгі бойынша;
- 2003 жылғы банкноттар, номиналы 200 және 500 теңге, ол 1999 жылғы үлгі бойынша (өзгертілген дизайн);
- 2001 жылғы банкноттар, номиналы 1000 және 2000 теңге, олар 2000 жылғы бойынша (өзгертілген дизайн);
- номиналы 100 теңге банкнот 2001 жылғы үлгі бойынша;
- мерейтойлық номиналы 5000 теңге банкнот, ол 2001 жылғы үлгі бойынша, бұл ақша түрі мемлекетіміздің 10-жылдық тәуелсіздігіне байланысты;
- 5000 теңгелік банкнот 2001 жылғы үлгі бойынша;
- 2002 жылы номиналы 100 теңгелік монета 2001 жылғы үлгі бойынша;
- номиналы 200 және 500 теңгелік банкноттар, олар 1999 жылғы үлгі бойынша;
- 2003 жылғы номиналы 10000 теңгелік банкнот, ол 2003 жылғы үлгі бойынша

Қазақстан Ұлттық банкі 2006 жылы айналымға жаңа дизайнды банкноттар дыйындап шығарды, бұл банкноттар 200 теңгеден 10000 теңгеге дейін.

Қазақстанның 2006 жылы 15 желтоқсан айына дейін ақша айналысында: 10000, 5000, 2000, 1000, 500, 200, 100, 50, 20, 10, 5, 3 және 1 теңгелік банктік билеттер, 20, 10, 5, 3 және 1 теңгелік металл монеталармен бірге 500 теңгелік алтыннан мерейтойға арнап, дайындалған монеталар, алғашқыда көлемі 64x100 мм. су тамғылы қағазға басылған 50, 20, 10, 5, 2 және 1 тиындар кейіннен олардың орнына осы номиналдарда металл тиындар шығарылды.

Бірақ, бүгінгі күні 1 теңгеге дейінгі тиын монеталар айналыстан алынған, сондай-ақ 100 теңгеге дейінгі номиналдағы банкноталар (қағаз түріндегі) айналыста жүрмейді, олардың орнында металдан жасалған монеталар қолданылыста жүр. Әрине, ірі номиналда банкноталардың айналыста болуы, еліміздегі орташа жалақы мөлшерінің жоғарылауымен байланысты.

2006 жылы 15 қарашада ҚР Ұлттық банкі 200, 500, 1000, 2000, 5000, 10000 теңгелік банкноталардың келбетіне өзгерістер енгізіп шығарды (1-қосымша). Мұндағы шаралар банкнотадағы адам бейнесінің болмауын және олардың қорғаныс қабілетінің жоғары болуын көздейді.

Ескі үлгідегі және 2006 жылғы үлгідегі ақша белгілерінің айналыста қатар жүру кезеңі 1 жыл. Ескі және жаңа үлгідегі ақша белгілерінің айналыста қатар жүру кезеңінде заңды төлем құралы болып табылады, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында төлемнің барлық түрлері бойынша, сондай-

ақ ешбір шектеулерсіз банктік шоттарға есептеуге және аударым жасауға міндетті түрде қабылданады. Ескі және жаңа үлгідегі ақша белгілерінің айналыста қатар жүру кезеңі аяқталғаннан кейін ескі үлгідегі ақша белгілері Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында төлемнің барлық түрлері бойынша заңды төлем құралы болуын тоқтатады. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы заңды және жеке тұлғалардан ескі үлгідегі ақша белгілерін қабылдау мен айырбастаудың көрсетілген он жылдық мерзімін ұзартуға құқылы.

2007 жылы Ұлттық Банктің резервтік қорынан айналысқа 1 322,9 млрд. теңге сомасында қолма-қол ақша шығарылды. Осы уақыт кезеңінде ұлттық валютаның банкноталары мен монеталарын айналыстан алу көлемі 1 150,1 млрд. теңге болды. Осылайша, эмиссиялық нәтиже 172,8 млрд. теңге мөлшерінде оң болып қалыптасты, бұл 2006 жылғы осы көрсеткіштен (228,8 млрд. теңге) 75,5% төмен.

Қаңтарда қолма-қол ақша алу 2006 жылғы қаңтармен салыстырғанда 24,5 млрд. теңгеге азайды және (-) 7,5 млрд. теңге болды. Наурыз – мамыр аралығындағы соңғы үш айда өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда банкноталар мен монеталар эмиссиясының көрсеткіштері 1,5 есе ұлғайғанда, ақпанда эмиссиялық нәтиженің 6 млрд. теңгеге төмендеуі байқалды. Маусымда эмиссия 4,5 млрд. теңгеге төмендеді. Шілде-тамызда эмиссия 24,7 млрд. теңгеге қайта өсті. Эмиссиялық нәтиже (-) 56,1 млрд. теңге сомада теріс болып қалыптасқанда, эмиссиялық көрсеткіштің барынша едәуір төмендеуі қыркүйекте байқалды, бұл осы айлық көрсеткіш үшін тарихи ең аз шама болып табылады. Эмиссияның төмендеу үрдісі IV тоқсанда да сақталды, осы кезеңдегі эмиссиялық нәтиже (-) 22,2 млрд. теңге болды, бұл өткен жылға қарағанда 96,4 млрд. теңгеге төмен. Екінші деңгейдегі банктердің жеке тұлғаларға заемдар беру көлемінің төмендеуі және халыққа шетел валютасын сату көлемінің өсуі осы кезеңде қолма-қол ақшаны айналыстан алудың ұлғаюына себепші болды.

2.4 Қ Р Ұлттық банкісінің ақша-несие саясаты

Ақша-несие саясаты – бұл айналыстағы ақша массасын, несие көлемін, сыйақы (мүдделендіру) мөлшерлемесін өзгертуге және жалпы банк жүйесінің қызметін реттеуге бағытталған шаралар жиынтығы.

Қазақстан Ұлттық банкі мемлекеттің ақша-несие саясатын (АНС) жүргізуші болып табылады. Нақтырақ айтсақ ақша-несие саясатының бағдарламасын және қайта қаржыландыру мөлшерлемесін ҚҰБ Басқармасы анықтайды, ал Директорлар кеңесі оны жүргізеді және өзге ресми мөлшерлемелерді белгілейді. Сонымен қатар АНС-ның жүзеге асырылуына ҚҰБ-нің ақша-несие саясаты жөніндегі Техникалық комитеті тікелей жауап береді. Техникалық комитет әр апта сайын АНС-на байланысты мәжіліс өткізеді және ұсыныстар жасайды. Оның құрамы 13 мүшеден: басшы, екі орынбасары, төрт департамент директорлары, төрт басқарма бастықтары, Төрағаның кеңесшісі және Қаржылық қадағалау агенттігінен бір өкіл кіреді.

АНС-ның мақсаты - инфляцияны төмендету және теңгені тұрақтылығын қамтамасыз ету. 2004 жылдан бастап, ҚР Ұлттық банкінің қолданып отырған ақша-несие саясатының құралдары екі топқа бөлінеді.

- Тікелей құралдар (несие бағасы мен немесе сомасына тікелей бақылауға арналған):

- несиенің бағасын (P - сыйақы мөлшерлемесін) не санын (Q) белгілеу немесе шектеу;

- коммерциялық банктердің балансына қатысты несиелік лимиттер белгілеу.

- Жанама құралдар (нарыққа ықпал ету арқылы ақшаға деген сұраныс пен ұсынысқа ықпал етуге арналаған):

- ашық нарықтағы операциялар;

- міндетті резервтік талаптар;

- несиелеуге және вексельдерді қайта есепке алуға байланысты операциялар.

Қазіргі уақытта жоғарыда аталған құралдардың ішінде іс-жүзінде қолданылып отырғандары: ресми сыйақы мөлшерлемелерін белгілеу, қысқа мерзімді ноттарды эмиссиялау, ашық нарықтағы операциялар.

2007 жылғы ҚР Ұлттық банкі мынадай операциялар бойынша *ресми сыйақы мөлшерлемелерді* белгіеді:

- *ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі;*

- *РЕПО және кері РЕПО операциялары бойынша сыйақы мөлшерлемесі;*

- *банктерден таратын депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі.*

Ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі - ақша нарығының жалпы жағдайына несие бойынша сұраныс мен ұсынысқа, инфляция және күтілетін инфляция деңгейіне байланысты белгіленеді.

РЕПО және кері РЕПО операциялары бойынша сыйақы мөлшерлемелері – жылдық пайыздық мөлшерлемелер, ішкі қаржы нарығының жағдайына байланысты белгіленеді және мемлекеттік бағалы қағаздармен операциялар жүргізуде қолданылады. РЕПО-ның мақсатты мөлшерлесінен ауытқу жағдайында ақшалай қаражаттарды орналастыру немесе тарту жолымен РЕПО нарығындағы сыйақы мөлшерлемелерін реттеу арқылы сыйақы мөлшерлемелерінің елеулі ауытқуын болдырмау.

Банктерден таратын депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі - Ұлттық банктің екінші деңгейдегі банктердің уақытша бос қаражаттарын тартуға байланысты қолданылады.

ҚҰБ-нің ресми сыйақы мөлшерлемелерін төмендегідей 1-кестемен беруге болады.

1-кесте. Ұлттық банктің ресми сыйақы мөлшерлемелері*

пайызбен, кезеңнің соңына

	Сыйақы мөлшерлемесінің түрлері	2000 ж	2001ж	2002ж	2003ж	2004ж	2005ж	2006ж	2007ж
1.	Қайта қаржыландыру	14	9,0	7,5	7,0	7,0	8	9	11

2.	Овернайт займдары бойынша	20	12	9	8,0	8,5	-	-	-
3.	РЕПО операциясы бойынша, соның ішінде:								
	овернайт								
	1 апта	-	5	5,5	4,5	4,25			
	2 апта	6,5	5	5,5	4,5	4,25			
	Кері РЕПО операциясы бойынша	5,5	5,5	5,5	4,5	4,25			
	1 апта						8	9	11

* Дерек көзі: Сандық мәліметтер ҚҰБ статистикалық бюллетенінен алынған.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2007 жылдың екінші жартыжылдығында жағдайдың өзгерісіне және банктердегі өтімділіктің ғаламдық дағдарысқа негізделген өтімділік тапшылығының туындауына әсер ете отырып, банктердің өтімділігін қолдау арқылы қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету жөнінде қадамдар жасады. Қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету пайдасына жасалған таңдау дұрыс болды және де көптеген орталық банктер, оның ішіне дамыған елдердің банктері осы жолды таңдады.

Банктерді теңгедегі қысқа мерзімді өтімділікпен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2007 жылғы тамыздан бастап кері РЕПО операцияларын жүргізу көлемін ұлғайтты, шетел валютасын кепілге бере отырып, сондай-ақ банктердің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі еркін айырбасталатын валютадағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтарды кепілге бере отырып валюталық СВОП операцияларын жүргізе бастады. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өзінің қысқа мерзімді ноталарын мерзімінен бұрын өтеу практикасын жаңартты.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қайта қаржыландыру заемдарының жаңа нысанын, атап айтқанда банктердің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі ұлттық валютадағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтарды кепілге бере отырып қысқа мерзімді заемдар енгізді. Осы қайта қаржыландыру операциялары 7 күн мерзіммен жүргізілді.

2007 жылғы тамыз – желтоқсан аралығындағы кезеңде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 723,9 млрд. теңге көлемінде кері РЕПО операцияларын, 4043,1 млрд. теңге көлемінде валюталық СВОП операцияларын жүргізді. 2007 жылғы желтоқсанның аяғындағы жағдай бойынша банктердің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі алдындағы кері РЕПО операциялары бойынша өтелмеген берешегінің көлемі 4,0 млрд. теңгені, валюталық СВОП операциялары бойынша өтелмеген берешегінің көлемі 123,8 млрд. теңгені құрады.

2007 жылғы тамыздан бастап банктер тарапынан қысқа мерзімді ноталарға деген сұраныс біршама қысқарды, нәтижесінде айналыс мерзімі 28 күн болатын ноталар ғана шығарылды. Қазақстан Республикасы Ұлттық

Банкінің депозиттер тарту бойынша жүргізілген операцияларының көлемі аз болды. Бұл банктердің «бос» өтімділігінің болмауына байланысты болды.

Нәтижесінде айналыстағы ноталардың көлемі 228,9 млрд. теңгеге дейін (тұтастай алғанда 2007 жылы – 57,1% төмендеді), банктердің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі депозиттерінің көлемі 9,9 млрд. теңгеге дейін (тұтастай алғанда 2007 жылы – 92,4% төмендеді) қысқарды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2007 жылғы тамыз-желтоқсанда ішкі валюта нарығында басым түрде шетел валютасын сатушы ретінде болды. Шетел валютасын нетто-сату көлемі 6,5 млрд. АҚШ долл. жетті.

Екінші деңгейдегі банктердің өтімділігін 2007 жылғы тамыз-желтоқсанда 58,2 млрд. теңгеге толықтыру Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ішкі нарықтағы операцияларының нәтижесі болды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тамызда ең төменгі резервтік талаптар тетігі қайта қарады. Өзгерістер резервтік міндеттемелер базасын қысқартуға және резервтік активтер құрылымын ұлғайтуға арналды, бұл бағалау бойынша банктерге 150 млрд. теңгені қосымша босатуға мүмкіндік жасады. Бұл өзгерістер 2007 жылғы 9 қазаннан бастап күшіне енді.

Ақша ұсынысының өсу қарқынының айтарлықтай төмендеуі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2007 жылғы шараларының нәтижесі болды. 2007 жылы ақша базасы 1464,3 млрд. теңгеге дейін 2,5% (2006 жылы – 126,4% кеңейді) тарылды. 2007 жылғы қаңтар-қараша аралығында ақша массасы 4521,0 млрд. теңгеге дейін 22,9% (өткен жылдың қаңтар-қараша аралығында – 64,0%), айналыстағы қолма-қол ақша 686,1 млрд. теңгеге дейін 14,2% (27,4%) ұлғайды.

Ең төменгі резервтік талаптар. Ақшалай нарықтағы тепе-теңдікті қамтамасыз етуде, банктерге берілетін несиелер көлемін реттеуде, банктің өтімділік деңгейін реттеуде және олардың міндеттемелері бойынша төлемсіздікті төмендетуде, сол сияқты банктің салым иелері мен акционерлерінің мүдделерін қорғау мақсатында Ұлттық банк ең төменгі резервтік талаптар механизмін қолданады.

Резервтік талаптар ашық нарықтағы операциялар және пайыз саясатымен қатар коммерциялық банктерді жанама ақшалай-несиелік реттеудің негізгі құралдарының біріне жатады. Қазақстан банк жүйесінің бүгінгі даму жағдайында резервтік талаптар, бір жағынан, сақтандыру институттарының жоқ кезінде, коммерциялық банктердің депозиттерін сақтандыру қызметін, екінші жағынан, экономикадағы ақшалай мультипликация процесін реттеу қызметтерін атқарады.

Ақша-несие саясатының бұл құралы 1993 жылы 1 қаңтарда енгізілген “ҚР коммерциялық кооперативтік және жеке банктердің қызметін реттеу туралы” нұсқауға сәйкес, бастапқыда міндетті резерв нормасы депозиттік міндеттемелердің 18-20% мөлшерінде бекітілген болатын. Кейінен оның мөлшері 6%-ға дейін төмендеді.

Банктердің резервтерінің артық болуы, яғни Ұлттық банктегі корреспонденттік шоттардағы қаражаттардың өсуіне байланысты резервтік талаптар шамасын төмендетіп қана қоймай, сол сияқты резервтеудің

альтернативтік тәртібіне өтуге, яғни бұл банктердің пруденциалдық нормативтерді орындау барысында корреспонденттік шоттағы қаражаттар сомасын ең төменгі резервтер мөлшерінің төмен болмауын сақтап отыруға тиістілігін білдіреді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің “Ең төменгі резервтік талаптар туралы” ережесіне сәйкес банктерді мүмкін және күтпеген шығындардан сақтау үшін екінші деңгейдегі банктер Ұлттық банк белгіленген резервтік талаптардың нормаларын орындауы міндетті.

Осыған байланысты 2004 жылдан бастап, банктер ай сайын резервтік талаптарды орындау туралы есеп береді. Ең төменгі резервтік талаптардың көлемі, банктің банктерден басқа заңды және жеке тұлғалардың алдындағы барлық депозиттік міндеттемелерінен белгіленген пайыз мөлшерінде анықталады.

2006 жылы ең төменгі резервтік талаптар бұрынғы 6% деңгейінде сақталғанына қарамастан, ең төменгі резервтік талаптарды есептеу базасы кеңейді және резервтік активтердің тізбесі қысқарды.

2006 жылың 12 шілде айынан бастап, міндетті резерв нормасын белгіленетін банктік міндеттемелер құрылымы төмендегідей түрлерге өзгертілді:

- *банктердің ішкі міндеттемелері* бойынша міндетті резерв нормасын 6% деңгейінде белгілеу. Мұндағы *банктің ішкі міндеттемелері* қайтару мерзіміне байланыссыз резиденттердің алдындағы банктің міндеттемелерінің сомасын сипаттайды.

- *банктердің өзге де міндеттемелері* бойынша міндетті резерв нормасы – 8%-ға белгіленді. Мұндағы *банктің өзге де міндеттемелері* бейрезидент алдындағы банктің міндеттемелері мен резиденттік белгісіне байланыссыз қарыздық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерінің сомасын білдіреді..

Ашық нарықтағы операциялар – бұл Ұлттық банктің айналыстағы ақша массасының көлемін реттеу мақсатында екінші реттегі нарықта мемлекеттің бағалы қағаздарын сату және сатып алумен байланысты операциялары.

Бұл біршама ақша массасын, коммерциялық банктердің өтімділігі және несиелік жұмыстарды реттеудің ыңғайлы әдістерінің бірі болып табылады. Оның негізгі мәні ақша эмиссиясын тоқтату арқылы банктердің несиені эмиссиялауын шектеуді білдіреді. ҚР Ұлттық банкі нарықта бағалы қағаздарды сату арқылы оны сатып алушылардың резервтік шоттарынан тиісті соманы ұстап қалады. Сөйтіп, керісінше, банктерге несие беруді және ақша шығаруды ынталандыру мақсатында Ұлттық банк бағалы қағаздарды сатып алады да, тиісті соманы банктердің резервтік шотына қайта аударады.

Айналыстағы ақша массасына ықпал ету мақсатында ҚҰБ айналысқа өзінің қысқа мерзімді ноталарын шығарады. Қысқа мерзімді ноталарды орналастыру ҚҰБ-мен қысқа мерзімді ноталамен операциялар жасау туралы келісімшарт жасаған және нақты ұстаушылар ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқық беретін бағалы қағаздар нарығында, брокерлік және дилерлік қызметті жүргізуге арналған лицензиясы бар бар бағалы қағаздар нарығының

қатысушылары арқылы жүзеге асырылады. Қазақстан Ұлттық банкі ақшанесие саясатының басты бағыттарына және қаржы нарығының конъюктурасына сәйкес және бекітілген қысқа мерзімді ноталарды шығару шарттарын сай аукционға қатысшылардың өтініштерін қанағаттандыруға құқылы.

Қазақстан Ұлттық банкісінің алғашқы агенттерімен келісім бойынша айналысқа шығарылған қысқа мерзімді ноталарды мерзімінен бұрын өтеуге немесе айналыстан толық не жартылай алуға құқығы бар.

Алғашқы агенттер аукционға қатысуға өтініш беру ұсынысын екі түрде жасайды: бәсекелестік және бәсекелестік емес.

Қазақстан Ұлттық банкі бәсекелестік емес сипаттағы өтінішті қанағаттандыруды, қаржы нарығының конъюктурасына сәйкес аукционның шартын қабарлау арқылы алғашқы агенттерге және бейрезиденттерге қысқа мерзімді ноталарды сату көлемінің үлесін дербес түрде анықтайды

Аукционды өткізу барысында бастапқы кезекте аукционның шартында хабарланған шекте бәсекелестік емес ұсыныстары бар өтініштерді қанағаттандырады.

Валюталық интервенция деп ұлттық валюталық бағамына әсер ету мақсатында Ұлттық банктің шетел валютасын сату және сатып алу жолымен валюталық нарықтағы операцияларға араласуын айтады.


Отандық банктік тәжірибемізде 1999 жылдың 4 сәуір айына дейін немесе еркін өзгермелі бағам режиміне өткенге дейін ҚР Ұлттық банкінің валюталық нарықтағы интервенциялау саясаты алтын валюта резервтері есебінен жүзеге асырылды. Еркін өзгермелі бағам режиміне өткеннен кейін де Қазақстан Ұлттық банкі ұлттық валютаның айырбас бағамының алыпсатарлық өзгерістеріне жол бермеу мақсатында валюталық интервенциялауды қолданылып отырғаны жасырын емес. Соған байланысты аталған бағам режимін басқарылатын режим деп қарастырған дұрыс болады. Еркін өзгермелі бағамға өтуге біздің ұлттық валюта бағамының шетел валютасына қатысты тұрақсыздығы мүмкіндік бермейтіні сөзсіз.

Ұлттық банктің валюталық нарықтағы интервенциясы дербес түрде кез келген банктер және валюталық биржалар арқылы кез келген валюталық мәмілелер түрлерін пайдалану негізінде жүзеге асырылады.

Мұның салдарынан алтын-валюта резервінің құнсыздану қаупі туындады. Осындай жағдайларды болдырмау мақсатында ҚР Ұлттық банкі ішкі валюта нарығында сатып алушы ретінде қатысып, алтын-валюта резервінің ұлғаюына септігін тигізді. Бұл жерде бір нәрсені естен шығармаған жөн, яғни ҚР Ұлттық банкі ішкі валюта нарығындағы сұраныстан артық шетел валютасын сатып алған кезде, айналысқа артық ақша эмиссияланады және ол ақшаның құнсыздануына жол береді. Осынадай теріс салдарларды болдырмау үшін ҚР Ұлттық банкі “стирилизациялау” құралын пайдаланып отыр. Яғни, айналысқа шығарылған артық ақша көлемінде өзінің қысқа мерзімді ноталарын шығарып, артық ақшаны айналыстан алып отырды.

Теңгенің 2006 жылдың аяғында бір АҚШ доллары үшін 127 теңгені құраған номиналдық бағамы 2007 жылғы сәуірде бір доллар үшін 120,1 теңгеге

дейін нығайды, ал 2007 жылғы маусымның аяғына дейін бір АҚШ доллар үшін 122,31 теңгені құрады және оны 2-суреттен көруге болады.



2-сурет. Ұлттық валютаның АҚШ долларына қатысты айырбас бағамы*

*Дереккөзі: ҚҰБ-нің есептік материалдары.

Теңгенің АҚШ долларына қатысты құнсыздануын біріншіден айналыстағы ақша массасының өсуімен, екіншіден мұнай өнімдеріне деген бағаның өсуінің нәтижесінде пайда болған инфляция орташа жылдық дейгейінің 2007 жылы 10,8 пайызға жоғарылауымен байланыстыруға болады. Шетел валютасына ұсыныстың қысқаруы жағдайында сұраныстың өсуі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтынвалюта резервтері есебінен қаржыландырылды.

Әлемдік капитал нарықтарындағы оқиғалардан кейін банктерде шетел валютасындағы өтімділік тапшылықтарының пайда болуы халықта арасында валюта бағамының одан әрі серпініне қатысты дүрбелең туғызды. Тамызда айырбас бағамы айдың аяғында бір АҚШ доллары үшін 126,25 теңгеге дейін әлсіреді. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің валюта нарығындағы жағдайды тұрақтандыру мақсатында қабылдаған өктемдігі және банк жүйесіне деген сенімділікті қалпына келтіру жөніндегі шаралары теңгенің айырбас бағамын тұрақтандыруды қамтамасыз етті. 2007 жылғы қыркүйектің аяғында айырбас бағамы бір АҚШ доллары үшін 120,96 теңгені, ал 2007 жылғы желтоқсанның аяғында бір АҚШ доллары үшін 120,30 теңгені құрады. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтынвалюта резервтері 2007 жылғы тамыз – желтоқсан аралығындағы кезеңде 6,0 млрд. АҚШ долл. дейін төмендеп, желтоқсанның аяғында 17,4 млрд. АҚШ долл. құрады.

Орта мерзімді болашақта теңгенің АҚШ долларына қатысты нығаюын айқындайтын түбегейлі факторлардың болуын назарға ала отырып, теңге

бағамының күрт ауытқуын болдырмау қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін маңызды фактор болып табылады.

2.5 ҚҰБ-нің алтын-валюта резервін басқару қызметі

Алтын-валюта резерві ұлттық валюта теңгенің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін құрылады және пайдаланылады.

Алтын-валюта резервтері (АВР) құрамы мыналардан тұрады:

- құйма алтыннан;
- Ұлттық банктің шоттарындағы банкнота және монета түріндегі шетел валютасындағы қаражат қалдықтарынан;
- валюталық құндылықтардан;
- шетел валютасындағы жәй және аудармалы вексельдерден;
- шетел үкіметінің немесе халықаралық қаржы ұйымдарының шығарған бағалы қағаздарынан;

• басқа да сыртқы активтерден.

• Алтын-валюта резервін ұлғайту және құрылымын өзгерту келесідей жолдармен жүзеге асырылады:

- монетарлық алтынды сатып алу;
- резиденттер мен резидент еместерден, ҚР Үкіметінен теңгеге шетел валютасын сатып алу;
- депозиттік, салым, шетел валюталарымен дилингтік операциялардан түсетін комиссиялық және басқа да сыйақы (мүдде) түріндегі түсімдер;
- Ұлттық банктің монетарлық алтын, күміс, платина және платина тобындағы басқа да металлдармен жасалатын операцияларды жүргізуден түсетін валютадағы түсімдер;
- Ұлттық банктің кеңес беру, ақпараттық - баспа және басқа да қызметтерінен түсетін шетел валюталарындағы түсімдер.

Алтын валюта резервінің азаюы немесе жұмсалуы мынадай жолдармен іске асырылады:

- ақша-несие саясатын жүргізу мақсатында ішкі валюталық нарықта валютаны сату;
- өнімдердің (қызметтердің, жұмыстардың) импортына төлеу үшін теңгені шетел валютасына конвертация жасау, оған қоса шетелде дипломаттық және басқа да өкілітгіліктерді ұстауға және іссапар шығыстарына, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттің және ҚР Ұлттық банктің сметасы есебінен сыртқы қарыздарға қызмет көрсету үшін;
- басқа да шетел валютасын сатып алу үшін шетел валютасын сату;
- Ұлттық банктің алған несиелері бойынша негізгі соманы және сыйақыны қайтару;
- құрылған провизиялар есебінен (резервтер) зиянды алтын валюта активтерін шегеру.

Ұлттық Банктің жалпы алтынвалюта активтерінің 2008 жылғы 1 қаңтардағы жалпы көлемі 17 392,5 млн. долл болды, бұл 2007 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда 1 734,6 млн. долларға аз. Жалпы алтынвалюта

активтері көлемінің өзгеруіне еркін айырбасталатын валютадағы активтердің 2 210,9 млн. долларға азаюы және монетарлық алтынның 476,3 млн. долларға ұлғаюы ықпал етті (2-кесте).

2-кесте

Қазақстан Ұлттық Банкінің жиынтық алтын-валюта резервтерінің құрылымы*

	Көрсеткіштер (млн. АҚШ долл.)	Сомасы			
		01.01. 2005ж	01.01. 2006ж	01.01. 2007ж	01.01. 2008ж
1	Жалпы алтын-валюта резервтері, барлығы	9 276,654	7 069,705	19 127,051	17 392,450
	соның ішінде:				
1.1.	Монетарлық алтын	803,562	985,512	1 376,243	1 852,526
1.2.	Еркін айырбасталатын валютадағы және СДР-дегі активтер	8 473,093	6 084,192	17 750,808	15 539,923
а)	Қолма-қол шетел валютасы (ЕАВ)	3,299	2,654	3,645	169,476
б)	Еркін айырбасталатын валютадағы депозиттер	1 092,017	669,459	6 227,96	6 236,485
в)	Бағалы қағаздарға кепілге берілген еркін айырбасталатын валютадағы кредиттер	539,924	290,800	309, 524	1 250,200
г)	Еркін айырбасталатын валютадағы акциялардан басқа бағалы қағаздар	6 836,278	5 104,825	11 194,795	7 883,769
д)	Қаржылық деривативтер және басқа да шоттар	1,575	16,454	4,162	0,000

*Көзі: Сандық мәлеметтер ҚҰБ-нің 2005 жылғы есебінен алынған

Қазақстанның валюта нарығы еркін айырбасталатын валютаға сұраныстың оның ұсынысынан артып кету ықпалында болды. Мәселен, Ұлттық Банктің

Қазақстан қор биржасындағы нетто-сатуы 6 025,7 млн. долл. болды. Биржадан тыс нарықта нетто-сату 221,0 млн. долл. болды.

Өткен кезеңде Ұлттық Банк екінші деңгейдегі банктерге Ұлттық Банктегі міндетті резервтеу шоттарына 2 330,8 млн. долл. сомаға қаражат аударды.

Сонымен бірге Ұлттық Банк 2007 жылы жалпы сомасы 600,4 млн. долл. сыртқы борыш бойынша Қаржы министрлігінің төлемдерін жүзеге асырды.

Алтынның әлемдік бағасы 2007 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 1 троя унция үшін 639,75 АҚШ долларынан 2008 жылғы 2 қаңтарға 846,75 АҚШ доллары деңгейіне немесе 32,4% өсті.

Ұлттық Банк сыртқы нарықта 775,4 троя унция мөлшерде алтынды нетто-сатып алуды жүзеге асырды.

Алтынвалюта активтерін басқару. Әлемдік қаржы нарықтарында қалыптасқан ахуалға байланысты алтынвалюта активтерін мемлекеттік бағалы қағаздар сияқты барынша сақталған активтер жағына қайта құрылымдау жүргізілді. Тұтастай алғанда портфельдердің кредиттік сапасы жақсарды.

Алтынвалюта активтерін басқару процесін жетілдіру мақсатында Ұлттық Банктің Инвестициялық комитеті құрылды және жұмыс істеуде.

Есепті кезеңде Ұлттық Банктің алтынвалюта активтерін сыртқы басқарушылардың біреуімен инвестициялық басқару бойынша келісім бұзылды.

Ауқымды қаржы нарықтарындағы күрт өзгерістерге тез назар аудару мүмкіндігін жасау мақсатында Ұлттық Банк Басқармасының 2007 жылғы 30 қарашадағы №139 қаулысымен бекітілген Алтынвалюта активтерін басқару бойынша инвестициялық стратегияға тиісті өзгерістер енгізілді.

Туынды қаржы құралдарымен операцияларды жетілдіру және құралдар тізімін кеңейту мақсатында Ұлттық Банк Басқармасының «Ұлттық Банк Басқармасының «Ұлттық Банктің туынды қаржы құралдарымен операциялар жүргізу ережесін бекіту туралы» 2002 жылғы 13 сәуірдегі № 133 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2007 жылғы 30 наурыздағы №33 қаулысы қабылданды.

Алтынвалюта активтерінің инвестициялық портфелі. Алтынвалюта активтерінің инвестициялық портфелінің нарықтық құны 2007 жылдың басында 8 933,0 млн. долл., ал 2007 жылдың аяғында – 5 799,3 млн. долл. болды.

Валюта қоржынында көрсетілген 2007 жылғы инвестициялық портфельдің кірістілігі 6,04% болды. Эталондық портфельдің кірістілігі 5,72% болған кезде үстеме кірістілік 32 б.т. болды.

АҚШ долларымен көрсетілген 2007 жылғы инвестициялық портфельдің кірістілігі 10,95% болды. Эталондық портфельдің кірістілігі 10,61% болған кезде үстеме кірістілік 34 б.т. болды.

Сыртқы басқарудағы долларлық қосалқы портфельдердің үстеме кірістілігі 2007 жылы комиссиялық сыйақыны есептегенде, 1 Басқарушының басқаруындағы қосалқы портфель бойынша (-)224 б.т., 2 Басқарушының басқаруындағы қосалқы портфель бойынша, тиісінше (-) 234 б.т. және (-)206 б.т. комиссиялық сыйақыны қоса алғанда, (-)200 б.т. болды (3-кесте).

3-кесте

ABP портфелінің басқарушылары бойынша 2005 жылғы үстеме кірістіліктің салыстырмалы кестесі¹

(кірістілік әрбір қосалқы портфельдің меншікті валютасымен есептелген).

млн. АҚШ доллары

Басқарушы	Нарықтық құны	Портфель кірістілігі	Эталон портфель кірістілігі	Үстеме кірістілік
Валюталық активтердің ұзақ мерзімді портфелі				
Барлығы	5 799,30	10,9%	10,61%	0,34%
АҚШ долларымен деноминирленген қосалқы портфель				
Барлығы	2 605,54	7,81%	7,88%	-0,07%
Ұлттық Банк	2 411,86	7,99%	7,88%	0,11%
1-Басқарушы	193,68	5,64%	7,88%	-2,24%
2-Басқарушы*		3,08%	5,08%	-2,00%
Еуромен деноминирленген қосалқы портфель				
Ұлттық Банк	1744,30	3,92%	3,67%	0,25%
Фунт стерлингпен деноминирленген қосалқы портфель				
Ұлттық Банк	570,51	7,59%	7,19%	0,40%
Австралия долларымен деноминирленген қосалқы портфель				
Ұлттық Банк	308,64	4,56%	4,29%	0,26%
Жапон йенімен деноминирленген қосалқы портфель				
Ұлттық Банк	570,32	1,76%	1,83%	0,10%
Абсолюттік кірістілік портфелі				
Барлығы	370,54	6,26%	5,44%	0,82%

* Келісім 28.09.2007 ж бұзылды.

Көзі: Сандық мәлеметтер ҚҰБ-нің 2007 жылғы есебінен алынған

2007 жылдың аяғында басқарушылар инвестициялық портфельдің активтерін мынадай құрал бойынша бөлді: ақша және олардың баламалары - 4,91%, мемлекеттік бағалы қағаздар – 78,98%, агенттік бағалы қағаздар – 9,08%, халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары – 4,93%, корпоративтік бағалы қағаздар – 2,10%.

2007 жылдың аяғында басқарушылар инвестициялық портфельдің активтерін қисық кірістілікке мынадай бөлуді белгіледі: бір жылға дейін – 36,40%, бір жылдан 2 жылға дейін – 3,10%, 2 жылдан 3 жылға дейін – 24,30%, 3 жылдан 4 жылға дейін – 22,50%, 4 жылдан 5 жылға дейін – 0,00% және 5 жылдан астам – 13,80%.

Алтынвалюта активтерінің абсолюттік кірістілік портфелі. Абсолюттік кірістілік портфелінің нарықтық құны жылдың басында 49,9 млн. долл., ал 2007 жылдың аяғында – 370,5 млн. долл. болды. Инвестициялық портфельден 300 млн. долл. сома аудару абсолюттік кірістілік портфелінің нарықтық құнының өзгеруіне ықпал етті.

Абсолюттік кірістілік портфелінің кірістілігі 2007 жылы 6,26% болды. Бұл ретте эталондық кірістілік 5,44% болған кезде үстеме кірістілік 82 б.т. болды.

Алтынвалюта активтерінің өтімділік портфелі. Өтімділік портфелінің нарықтық құны 2007 жылдың басында 8 753,1 млн. долл., 2007 жылдың

¹ басқарушыларға комиссиялық сыйақыны есептегенде

аяғында 9 409,3 млн. долл. болды. Өтімділік портфелі ақша-кредит саясатын жүргізуге арналған және барлық ағындар мен түрлі төлемдер ол арқылы жүзеге асырылады. Бұл портфель алтынвалюта активтері портфельдерінің кірістілігін бағалауға қосылмайды және эталондық портфелі жоқ.

Алтынвалюта активтерінің алтын портфелі. 2007 жылдың басындағы алтын портфелінің нарықтық құны 1 371,7 млн. долл., ал 2007 жылдың аяғында 1 812,2 млн. долл. болды.

2.6 Инфляциялық таргеттеу қағидаттары және трансмиссиялық механизм

Таргеттеу (ағылшын сөзінде *target* қазақша *мақсат*) бұл реттеу ұйымының жауапкершілігіне жататын мақсатты көрсеткіштердің сандық бағдарларына жетуге арналған экономикалық саясаттың құралдарын қолдануды білдіреді. Егер Орталық банк ақырғы мақсатына тікелей қол жеткізе алмаған жағдайда, аралық көрсеткіштерді таргеттеуді қолданады. Халықаралық тәжірибеде таргеттеудің төмендегідей нұсқалары таралған:

- инфляцияны таргеттеу;
- валюталық бағамды таргеттеу;
- номиналдық табыстарды таргеттеу, яғни номиналдық ЖІӨ-нің өсімін болжау.

Инфляциялық таргеттеу – орталық банктің инфляцияның сандық бағдарына қол жеткізу мақсатында ақша-несие саясатының құралдарын қолдануын білдіреді.

Инфляциялық таргеттеуге өткен елдерде ақша агрегаттарын таргеттеуге бағытталған елдерге қарағанда біршама макроэкономикалық тұрақтылық артықшылықтары орын алады. Инфляциялық таргеттеудің салдарынан туындайтын артықшылықтар негізінен ақша-несие саясатының трансмиссиондық тетіктерінің өзіндік ерекшеліктеріне тікелей байланысты.


Инфляция бойынша болжамдардың дәл болуын арттыруға, ақша-кредит саясаты саласында қолданылатын шаралардың инфляцияға ықпалын бағалауға мүмкіндік беретін ақша-кредит саясатының *трансмиссиялық механизмнің (тетігінің) үлгісі берілген* (6-сурет келесі бетте).

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің негізгі басымдағы инфляциялық таргеттеу қағидаттарына көшу бойынша жұмыстарды жалғастыру болып табылады. Инфляциялық таргеттеу Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің инфляцияны төмендету жөніндегі негізгі мақсатына сай келеді және қойылған мақсаттың айқындылығының жоғары болуынан нарық қатысушыларының үлкен сенімін қамтамасыз етеді.

Осы кезеңде ақша-кредит саясатын жүргізудің балама қағидаттарын қолдану немесе назарды ақшаны таргеттеу немесе айырбас бағамды таргеттеу саласына аудару тиімді емес.

Инфляциялық таргеттеу қағидаттарына көшу шеңберінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өзгермелі айырбас бағамының режимін

ұстанатын болады, яғни теңгенің айырбас бағамы ішкі валюта нарығындағы шетел валютасына сұраныс пен ұсынысқа қатысты белгіленетін болады.



6-сурет. Трансмиссиялық тетіктің үлгісі

Инфляциялық таргеттеу қағидаттарына көшу ақша-кредит саясатын жетілдіру бойынша әдіснамалық жұмысты күшейтуді болжайды. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жаңа модельдерді болжау мен әзірлеудің қолданылып жүрген үлгілерін жетілдіру бойынша күштерді шоғырландырады.

ҚҰБ-нің ақша-несие саясатының трансмиссиялық тетігінің үлгісіне ақша-несие саясаты құралдарының инфляцияға ықпал етуінің мынадай негізгі арналары кіреді: ақша арнасы, пайыздық (несиелік) арна, валюта арнасы, сыртқы экономикалық арна. Ақша арнасы инфляцияға ақша сұранысын өзгерту арқылы ақша-кредиттік реттеу саясатына өзгерістер өткізу барысын сипаттайды. Пайыздық (несиелік) арна банкаралық ақша нарығындағы

мөлшерлемелерді өзгерту және заемшылар үшін несиелік мөлшерлемелерді инфляцияға өзгерту арқылы пайыздық саясатқа өзгерістер өткізу барысын сипаттайды. Валюта арнасы салыстырмалы бағаларды өзгерту және импорттық тауарлардың құнын инфляцияға өзгерту арқылы экономиканың айырбас бағамына өзгерістер өткізу барысын сипаттайды. Сыртқы экономикалық арна бензиннің экспорты мен ішкі бағаларын инфляцияға өзгерту арқылы мұнайдың әлемдік бағасына өзгерістер өткізу барысын сипаттайды.

2007 жылы ақша-кредит саясатының құралдарын және макроқорсеткіштер динамикасын талдау және болжамдау әдістерін жетілдіру жұмысы жалғастырылды. 2005 жылдың аяғында әзірленген трансмиссиялық тетік үлгі макроқорсеткіштер динамикасын болжамдаудың маңызды құралы болып табылады. Оған инфляцияға арналған ақша-несие саясаты құралдарының мынадай негізгі ықпал ету арналары кіреді: ақша арнасы, пайыздық (кредиттік) арна, валюталық арна, сыртқы экономикалық арна. Трансмиссиялық тетік моделін салу үшін үлгінің сипаттық үлгісі таңдап алынды, оның негізіне бұрын бір-біріне қатынасы бойынша бірқатар экономикалық айнымалылар нақты функционалдық өзара байланысты көрсеткен жағдайда осы өзара байланыстардың жақын арадағы болашақта да көрінуі ықтимал деген қағидат салынды.

Осы үлгі үнемі жетілдіруге және өзектендіруге ұшырап отырды. Оның соңғы нұсқасында модельге ішінара түзету тетігі моделімен бірге монетарлық (ақша-несие) саясатының ережесін теңестіруді қосу мүлдем жаңа болып табылады.

Трансмиссиялық тетік (ТТ) үлгісінің соңғы нұсқасы 1996 жылғы 1-тоқсан – 2007 жылғы 3-тоқсан аралығындағы кезеңдегі Ұлттық Банктің және Статистика агенттігінің нақты тоқсандық деректері бойынша тоқсандық негізде жасалды және 15 теңдеу, 42 айнымалы кіреді. Теңгенің айырбас бағамы, ақша базасы, ақша массасы (ақшаға сұраныс), бір күндік несиелер бойынша банкаралық мөлшерлеме, заңды тұлғаларға теңгемен несиелер бойынша мөлшерлемелер, экономикаға несиелер көлемі, жалпы ішкі өнімнің көлемі, жалпы ішкі өнімнің оның әлуелік мәнінен ауытқуы, инфляция, монетарлық ереже және қайта қаржыландыру мөлшерлемесін түзету тетігі теңдеулер арқылы сипатталады.

Ақша-несие саясатының мынадай құралдары экзогенді (ықпал етуші) айнымалы болып табылады: Ұлттық Банктің репо операциялары бойынша ставкасы, айналыстағы қысқа мерзімді ноталардың көлемі, Ұлттық Банктегі екінші деңгейдегі банктердің депозиттерінің көлемі, Ұлттық Банктің валюталық басқыншылығы, ең төменгі резервтік талаптар. Ақша-несие саясатының құралдарынан басқа, сондай-ақ импорт және экспорт көлемі, ЖІӨ, импорттық баға индексі, Қаржы министрлігінің айналыстағы мемлекеттік бағалы қағаздарының көлемі, банк жүйесіндегі депозиттер көлемі, негізгі капиталға инвестициялар, мұнайдың әлемдік бағасы, ел бойынша орташа айлық жалақы экзогенді болып табылады.

Трансмиссиялық тетік үлгісінен басқа, 2006 жылы Ұлттық Банкте макроқорсеткіштердің жай-күйі динамикасын бағалауға арналған

трансмиссиялық тетік моделін әр түрлі дәрежеде толықтыратын алуан сателлиттік үлгілер пайдаланылады. Оларға мыналар жатады, мысалы, P-Star инфляциялық қысым үлгісі, әлуетті ЖІӨ үлгісі, инфляцияның векторлық авторегрессиялық үлгі (VAR-үлгісі).

Трансмиссиялық тетік үлгісі және сателлиттік үлгілер Ақша-несие саясатының орташа мерзімге арналған негізгі бағыттарын әзірлеу кезінде пайдаланылады.

Азия Даму Банкінің Орталық Азия елдеріндегі экономикалық саясат реформасы жөніндегі жобасы бойынша техникалық көмек көрсету шеңберінде Ұлттық Банкте қазақстандық экономиканың көп факторлы макроэкономикалық үлгісін әзірлеу бойынша жұмыс жүргізілуде. Бұл үлгі экономикадағы жиынтық сұранысты, жиынтық ұсынысты, өндірістің және инфляцияның факторларына қарай бағаның қалыптасуын, сыртқы секторды, салық-бюджет секторын, сондай-ақ монетарлық саясат ережесін сипаттайтын 6 негізгі үлгіден тұрады.

Қазақстан Республикасында бағаның өсуіне қарай қазіргі кезде бірінші түрі байқалады. Қазақстанда жалпы инфляция және базалық инфляция деңгейі анықталады. Жалпы инфляцияны үкімет пайдаланса, ал Ұлттық банк базалық инфляцияны пайдаланады.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ресми деректері бойынша 2007 жылдың қорытындысы бойынша *инфляция* 18,8% (2006 жылғы желтоқсанға 2007 жылғы желтоқсан) құрады, бұл 2006 жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 10,4 п.т. жоғары. Азық-түлік тауарлары 26,6%, азық-түлікке жатпайтын тауарлар 10,5%, ақылы қызмет көрсету 15,4% қымбаттады.

Базалық инфляция (жеміс пен көкөніс, бензин мен көмір бағаларының өсуін қоспағандағы инфляция) инфляциялық үдерістер динамикасындағы жалпы үрдісті көрсетеді, 2007 жылғы қарашаның қорытындысы бойынша жылдық көрсетумен 17,3% дейін (2006 жылы – 7,3%) өсті.

2007 жылы инфляциялық үдерістер әр түрлі бағыттағы сипатта болды. Жылдың басында инфляцияның өсу қарқынның төмендеуі байқалды: жылдық инфляция 2006 жылғы желтоқсанның қорытындысы бойынша 8,4%-дан 2007 жылғы мамырдың қорытындысы бойынша 7,6%-ға дейін төмендеді.


2007 жылдың екінші жартыжылдығында Қазақстан Республикасының экономикасындағы инфляциялық үдерістер күшейді. 2007 жылғы қыркүйек-қарашада ғана бағалардың өсуі 9,7% жетті, бұл 2007 жылғы бағалардың жалпы өсуінің 50% астамын құрайды.

Нәтижесінде инфляцияның жылдық деңгейі 2007 жылдың қорытындысы бойынша соңғы 7 жылдағы өзінің ең жоғары мәніне (18,8%) жетті, ал орташа жылдық инфляция 10,8% құрады (5-сурет).

Шетел валютасының ағыны, жиынтық сұраныстың жоғары өсу қарқыны, 2006 жылғы ақша ұсынысының ұлғаюы, еңбек өнімділігінің төмен болуы, жекелеген тауарлар мен қызмет көрсету нарығындағы бәсекенің жеткіліксіз деңгейі 2007 жылы инфляцияның түбегейлі факторлары болып қала берді.

Жоғарыда аталып өткендей, әлемдік нарықтарда 2007 жылғы тамызда бірқатар азық-түлік тауарларының (бидай, өсімдік майы) бағалары күрт өсті. Мәселен, ХВҚ деректері бойынша бидайдың әлемдік бағасы (Канада) 2007

жылы 2 есе өсті, АҚШ ауылшаруашылық департаментінің деректері бойынша күнбағыс майының бағасы 2007 жылғы қаңтар-қарашада 91,9% өсті.



5-сурет. Қазақстандағы инфляцияның серпіні, %

Бұл құбылыстар Қазақстан Республикасы ішінде аталған тауарлар мен олардан өңделіп жасалған өнімдердің бағаларына сәл кешігіп әсер етті. Атап айтқанда, 2007 жылғы қыркүйек-қарашада нан, ұн және күнбағыс майы сияқты өнімдердің бағалары біршама қарқынмен өскендігі белгілі.

Демек, жоғарда айтылған факторлардың әсер етуі нәтижесінде Қазақстан Ұлттық Банкінің 2007 жылға инфляцияға қатысты жасалған болжамы орындалмады.

Ақша-несие саясатының 2007-2009 жылдарға арналған негізгі бағыттарына сәйкес 2007 жылға арналған инфляция жөніндегі болжам экономика дамуының 3 сценарийі («капиталдың қалыпты ағыны кезіндегі мұнайдың қалыпты бағалары», «капиталдың жоғары ағыны кезіндегі мұнайдың қалыпты бағалары» және «мұнайдың жоғары бағалары») бойынша айқындалған болатын. 2007 жылдың қорытындысы «мұнайдың жоғары бағалары» сценарийі бойынша орташа жылдық инфляцияның болжамы 8,2%-9,2% шегінде белгіленген болатын. Brent сұрыпты мұнайдың орташа бағасы 2007 жылы бір баррель үшін 72,7 АҚШ долл. құрады.

2007 жылдағы басты ерекшелік инфляциялық қысымның күшеюі және қаржы нарығындағы ахуалдың нашарлауы жағдайында Қазақстан Ұлттық банкінің алдында белгілі бір таңдау жасауға итермелерді. Ондай таңдауларға: бағаның тұрақтылығына қол жеткізу, банк жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету және экономиканың одан әрі өсуін қолдау шаралары жатады.

Сонымен 2007 жылы Қазақстан Ұлттық банкі алдағы екі жылға, яғни 2008-2009 жылдарға арналған ақша-несие саясатының негізгі бағыттарын әзірлеу жөнінде шешім қабылдады.

Алдағы кезеңдердегі Қазақстан Ұлттық банкінің ақша-несие саясатының негізгі басымдығы инфляциялық таргеттеу қағидаттарына көшу бойынша жұмыстарды жалғастыру болып табылды. Инфляциялық таргеттеу Қазақстан

Ұлттық банкінің инфляцияны төмендету жөніндегі негізгі мақсатына сай келеді және қойылған мақсаттың айқындылығының жоғары болуынан нарық қатысушыларының үлкен сенімін қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының өткен жылдардағыдан 2008-2009 жылдарға арналған экономикалық дамуының болжамдарының түбегейлі түрде айырмашылығының барлығын айта кету қажет. Бұған, негізінен алғанда әлемдік қаржы нарықтарындағы жағдайлардың өзгеруі себепші болды. Осыған байланысты дамудың сценарийлік нұсқаларын әзірлеу тәсілдері толық қайта қарастырылды.

Қазақстан Республикасы соңғы жылдарда бірінші рет экономикалық өсудің айтарлықтай бәсеңдеуін басынан кешіріп отыр. Сондықтан да 2008-2009 жж арналған ақша-несие саясатының бағыттарында ЖІӨ-нің нақты өсуінің жоғары қарқынының сақталуын болжайтын сценарий қарастырылмаған. Сондай-ақ онда мұнайдың әлемдік бағаларының төмендеуі нұсқасы да қарастырылмаған, себебі оны жүзеге асырудың алдағы екі жылда Қазақстан Республикасындағы жоғары экономикалық өсу сценарийін жүзеге асыру сияқты мүмкіндігі аз.

Қазақстан Республикасы экономикасының одан әрі дамуы сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 6 қарашадағы қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі бірінші кезектегі іс-қимылдар жоспарын іске асырумен қамтамасыз етіледі.

Демек, халықаралық қаржы нарықтарындағы теріс құбылыстардың әлі де жалғасатын ескеріп, оның отандық экономикаға тигізер ықпалына байланысты экономиканың дамуының: **базалық** және **пессимистік** 2 сценарийі қарастырылды.

Базалық сценарий кезінде төлем балансындағы ағымдағы операциялар бойынша айтарлықтай тапшылықтың (5 млрд. АҚШ долл. астам) сақталатыны күтілуде. Бұл ретте банктердің резидент еместер алдындағы, өтеу мерзімдері 2008 және 2009 жылдары басталатын барлық міндеттемелерді жаңадан сырттан қарыз алу есебінен қайта қаржыландыра алмайтыны болжанды. Осы жағдайларда банктердің сыртқы активтері қысқарады деп күтілуде (1-кесте).

1-кесте. 2008-2009 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН АҚША-НЕСИЕ
САЯСАТЫНЫҢ
НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ БОЛЖАМЫ
(БАЗАЛЫҚ СЦЕНАРИЙ)

	2007 (нақтылық)	2008 (болжам)	2009 (болжам)
Инфляция (<i>орташа алғанда кезеңдегі</i>), %			
- жыл соңында, %	18,8	7,9-9,9	7,5-9,5
- орташа алғанда бір жылда, %	10,8	16,0-18,0	8,5-10,5
Ресми қайта қаржыландыру ставкасы, %	11,0	10,0	9,0
Ақша базасы, млрд. теңге	1464	1681	1878

кезең соңына

<i>өзгеріс, %-бен</i>	-2,5	14,8	11,7
Ақша массасы, млрд. теңге	4614*	4998	6173
<i>өзгеріс, %-бен</i>	25,5*	8,3	23,5
Резиденттердің депозиттері, млрд. теңге	3874*	4167	5124
Банктердің экономикаға кредиттері, млрд. теңге	7256 *	8220	9848
Экономиканы монеталандыру деңгейі, %	38,6 *	31,6	33,1

Болжамға сәйкес ЖІӨ-нің нақты өсуі 2008 жылы 5%, ал 2009 жылы 6,3% құрайды.

Экономикалық өсу қарқынының бәсеңдеуі тауарлар импортына деген қажеттіліктің төмендеуіне және тұтастай алғанда ішкі сұраныстың қысқаруына себепші болады, бұл төлем балансындағы жағдайды 2009 жылға түзетуді қамтамасыз етеді. Нәтижесінде 2009 жылы теңестірілген төлем балансы күтіледі, бұл Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері көлемінің 2008 жылғы деңгейде сақталатынын және теңгенің номиналдық айырбас бағамының тұрақтылығын болжайды.

Осы сценарий үшін нақты сектор мен төлем балансы көрсеткіштерінің болашақтары динамикасына қатысты болжамдар жасалған кезде 2008-2009 жылдарға арналған мынадай болжамдар алынды. Көзделген кезеңде ақша базасының орташа жылдық өсімі 11-15%, ақша массасының өсімі 17-19%, экономикаға несиелердің өсімі 16-18%, банк жүйесіндегі депозиттердің өсімі 18-20% болады.

Пессимистік сценарий кезінде банктердің резидент еместер алдындағы міндеттемелерінің орындалуы шетелден жаңадан қарыз алу болмаған кезде банктердің сыртқы активтерінің қысқаруымен қамтамасыз етіледі деп болжанады (4.1-кесте).

4.1-кесте. 2008-2009 жылдарға арналған ақша-несие саясатының негізгі көрсеткіштерінің болжамы (пессимистік сценарий)

	2007 (нақтылық)	2008 (болжам)	<i>кезең соңына</i> 2009 (болжам)
Инфляция (<i>орташа алғанда кезеңдегі</i>), %			
- жыл соңында, %	18,8	7,9-9,9	7,5-9,5
- орташа алғанда бір жылда, %	10,8	16,0-18,0	8,5-10,5
Ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі, %	11,0	8,0	6,0
Ақша базасы, млрд. теңге	1464	1410	1402
<i>өзгеріс, %-бен</i>	-2,5	-3,7	-0,6
Ақша массасы, млрд. теңге	4614 *	4088	4088
<i>өзгеріс, %-бен</i>	25,5 *	-11,4	0,0
Резиденттердің депозиттері, млрд. теңге	3874 *	3384	3438
Банктердің экономикаға несиелері, млрд. теңге	7256 *	6570	6656
Экономиканы монеталандыру деңгейі, %	38,6 *	28,0	25,6

* 2007 жылдың алдын-ала мәліметтері бойынша

Бұл шаралар нәтижесінде ішкі инвестициялар көлемінің қысқаруына және ішкі жинақ ақша өсуінің бәсеңдеуіне әкеп соғады. Ішкі инвестициялық және тұтынушылық сұраныстың қысқаруы импорт шығыстарының төмендеуіне әкеп соғады және ағымдағы шот дефицитінің 2008 және 2009 жылдардағы ұлғаюын шектейтін болады.

Сыртқы ресурстарға рұқсаттың болмауы жағдайында сыртқы борыштық міндеттемелерге қызмет көрсету қажеттілігі елден капиталдың сыртқа шығуына себепші болады.

Мұндай жағдайлар теңгенің айырбас бағамына, оның әлсіреуі жағына қарай біршама жоғары қысым жасауы мүмкін.

Бұл сценарийдің шегінде Қазақстан Республикасында 2008 және 2009 жылдары экономиканың өсуі байқалмайды деп күтілуде.

Нақты сектор мен төлем балансы көрсеткіштерінің болашақтағы динамикасына қатысты жасалған болжамдар орындалған кезде 2008-2009 жылдары банк жүйесінің сыртқы және ішкі активтерінің қысқаруы және, тиісінше, депозиттердің әкетілуі есебінен экономикадағы ақша ұсынысы қысқарады. Көрсетілген кезеңде ақша базасының орташа жылдық тарылуы 2-4%, ақша массасы орташа алғанда 6-7%, экономикаға берілетін несиелер 4-5%, банк жүйесіндегі депозиттер 2-3% төмендейді.

Екі сценарийді іске асырудың нәтижесінде жылдық инфляцияның біршама бәсеңдеуін болжайтынын атап өткен дұрыс. Егер 2007 жылдың аяғында жылдық инфляция 18,8% деңгейінде қалыптасқан болса, онда 2008 және 2009 жылдардың аяғында ол бір мәнді санмен өлшенетін деңгейге дейін төмендеуі мүмкін. Инфляцияның осындай бәсеңдеуі ақша ұсынысы өсуінің қысқаруы, жиынтық сұраныстың өсуін шектеу, сыртқы күйзелістерді күтудің болмауы сияқты объективтік факторлардың әсер етуінің төмендеуімен байланысты.

Қазақстан Ұлттық банкінің 2008-2009 жылдарға арналған ақша-несие саясатының негізгі мақсаты жылдық инфляцияны (өткен жылдың желтоқсанымен салыстырғанда желтоқсанда) 2008 жылы 7,9-9,9%, 2009 жылы 7,5-9,5% аспайтын базалық және пессимистік сценарийді жүзеге асыру кезіндегі деңгейде ұстап тұру болып табылады. Бұл орташа жылдық инфляцияның сәйкесінше 16-18% және 8,0-10,0% деңгейіне сай болып келеді.

Сонымен, Қазақстан Ұлттық Банкінің іс-қимылдары экономика дамуының базалық немесе пессимистік сценарийін жүзеге асыруға қатысты болады. Базалық сценарийді жүзеге асыру кезінде бағалардың тұрақтылығын қамтамасыз ету басым бағыт болып қалады. Пессимистік сценарийді жүзеге асыру елдегі экономикалық жағдайдың одан әрі нашарлауына жол бермеу мақсатында қаржы секторының тұрақтылығын қамтамасыз ету пайдасына саясат басымдықтарын өзгертуді талап етеді.

Әлемдік және отандық экономикаларда қалыптасқан жағдайдың өзгерісіне әсер ете отырып, Қазақстан Ұлттық Банкі «қатаң» ақша-несие саясатын жүргізуден бас тартады. Жоғарыда атап өтілгендей, ірі елдерді қоса алғанда көптеген елдердің Орталық банктері өздерінің банк жүйелерінің дамуын қолдауға мақсатында ақша-несие саясатын жүргізу тәсілдерін қайта қарап отыр. Қазақстан Республикасындағы экономикалық өсудің бәсеңдеуі жағдайында

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мұндай саясаты неғұрлым қолайлы болып табылады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2008 жылы ақша-несие саясатының құралдарын жетілдіру бойынша, негізінен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің операциялары бойынша пайыздық ставкалардың ролін арттыруға қатысты жұмысын жалғастырады.

Қайта қаржыландырудың ресми ставкасы ақша нарығындағы жағдайға және инфляция деңгейіне қатысты қысқа мерзімді құралдардың ақша нарығындағы мөлшерлемелердің жоғарғы деңгейі болатындай етіп белгіленеді. Қазақстан Ұлттық банкі екінші деңгейдегі банктерден тартатын депозиттер бойынша мөлшерлеме ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемелердің $\frac{1}{2}$ деңгейінде белгіленетін болады және Қазақстан Ұлттық банкінің мөлшерлемелері дәлізінің төменгі мәнін білдіреді.

Қазақстан Ұлттық банкі екінші деңгейдегі банктерге мемлекеттік және агенттік бағалы қағаздарды кепілге бере отырып, кері РЕПО операцияларын жүргізу түрінде қайта қаржыландыру заемдарын беруді жалғастырады. Валюталық СВОП операцияларын жүргізу, сондай-ақ банктердің Қазақстан Ұлттық банкіндегі корреспонденттік шоттарындағы қалдықтарды кепілге бере отырып, қысқа мерзімді заемдар беру банктердің Қазақстан Ұлттық банкінің банктік заемдар беруі мәселелері бойынша ынтымақтастық және өзара іс-қимыл жасау туралы келісім жасаған кезде ғана жүзеге асырылатын болады.

Коммерциялық вексельдермен қайта есепке алу операциялары жүргізу практикасы толық тоқтатылатын болады, осыған байланысты кәсіпорындарға вексельдердің бірінші класты эмитенттері мәртебесін беру тоқтатылады.

Қазақстан Ұлттық банкі Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін конвертациялау және қайта конвертациялау бойынша операцияларды ішкі валюта нарығында шетел валютасын сатып алу немесе сату арқылы және сол сияқты алтынвалюта активтері есебінен жүзеге асыратын болады. Бұл ретте ішкі нарықтағы шетел валютасына қосымша сұраныстың төмендеуіне Қазақстан Ұлттық Банкі конвертациялау операцияларын жүзеге асыра алатын мерзімдердің 6 айға дейін ұлғаюы (2007 жылғы қарашаға дейін – 1 ай) себепші болады.

2008-2009 жылдарға арналған ақша несие саясатының бағыттарында анықталған сценарийлер бойынша Қазақстан Ұлттық банкі мынадай шараларды жүзеге асырады:

- Ақша-несие саясатының базалық сценарийді жүзеге асыру кезіндегі шаралары.

Қазақстан Ұлттық Банкі бірқалыпты қатаң ақша-несие саясатын жүргізетін болады. Бұл бір жағынан, Қазақстан Ұлттық Банкінің операциялары бойынша ставкаларды қалыптасқан жағдайларға барабар деңгейде ұстап тұруды, екінші жағынан банктерді қысқа мерзімді өтімділікпен қамтамасыз ету бойынша операцияларды жүргізуді білдіреді.

Қысқа мерзімді ноталар шығару, екінші деңгейдегі банктердің депозиттерін тарту, қайта қаржыландыру заемдарын беру Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаржы нарығындағы сыйақы ставкаларын

реттеудің, сондай-ақ банктердің өтімділігін реттеудің негізгі операциялары болып қалады.

Қажет болған кезде және сұраныс туындаған жағдайда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі кірістіліктің қысқа мерзімді қисығын қалыптастыру үшін айналыс мерзімі 1 жылға дейінгі қысқа мерзімді ноталарды шығаруды қайта қалпына келтіру мәселесін қарастырады. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі кірістіліктің қысқа мерзімді қисығының мониторингін жүзеге асыратын және қаржы нарығындағы жағдайға қарай тиісті шешімдер қабылдайтын болады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі теңгенің айырбас бағамына оның әлсіреу жағына қарай қысым жасалған жағдайда теңгенің айырбас бағамының қысқа мерзімді күрт ауытқуларына жол бермейді, бұл ретте теңге бағамының ауытқу бағдарлары немесе дәліздері белгіленбейтін болады.

Ішкі инвестициялық және тұтынушылық сұраныстың айтарлықтай төмендеуі төлем балансындағы жағдайды қысқарту, ең алдымен импорт шығыстарын қысқарту есебінен түзетуді қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, олармен болуы мүмкін уақытша лагты ескере отырып, қысқа мерзімді кезеңде ішкі валюта нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың теңгерімсіздігін жою үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қысқа мерзім ішінде шетел валютасына сұранысты шектеу, оның ішінде ішкі валюта нарығында валюта сатып алу және сату тәртібін өзгерту арқылы шектеу жөнінде шаралар қабылдауы мүмкін.

- Ақша-несие саясатының пессимистік сценарийді жүзеге асыру кезіндегі шаралары.

Қазақстан Ұлттық банкі қолдаушы ақша-несие саясатын жүргізетін болады. Бұл ең төменгі резервтік талаптардың қолданылып жүрген нормативтерінің айтарлықтай төмендеуі мүмкін екенін білдіреді.

Қазақстан Ұлттық банкі банктерге біршама көлемде тікелей ұзақ мерзімді көмек көрсетуден бас тартады. Соған қарамастан, Қазақстан Ұлттық банкі Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігімен және Қазақстан Республикасының Үкіметімен бірлесіп әр түрлі жанама құралдарды (активтерді секьюритизациялау, банктердің облигацияларымен және акцияларымен операциялар, даму институттары арқылы өтімділік беру және т.б.) пайдалана отырып, банк секторына қолдау көрсету тетіктерін әзірлеуді және белсенді пайдалануды жоспарлап отыр.

Қазақстан Ұлттық Банкі алтынвалюта резервтерін елдің өзінің халықаралық міндеттемелерін орындауы үшін қажетті деңгейде ұстап тұру мақсатында теңгенің айырбас бағамына неғұрлым жоғары қысым жасалу жағдайында базалық сценариймен салыстырғанда оның айтарлықтай әлсіреуіне жол береді.

Ішкі инвестициялық және тұтынушылық сұраныстың тарылуы төлем балансындағы жағдайды импорт шығыстарын қысқарту ғана емес, сонымен қатар сыртқы борышқа қызмет көрсету үшін төлемдерді қысқарту есебінен түзетуді қамтамасыз етеді. Сонымен қатар шетел валютасындағы өтімділіктің айтарлықтай тапшылығын және елден капиталдың кенеттен әкетілу қаупін

ескере отырып, қажет болған кезде ішкі валюта нарығындағы жағдайды тұрақтандыру жөнінде қатаң шаралар қабылданатын болды. Қазақстан Ұлттық банкі осы мақсатта капиталдың әкетілуін шектеу және шетел валютасына ұсыныстар көлемін арттыру жөнінде, оның ішінде валюталық шектеулерді (арнайы рұқсат режимі) уақытша енгізу арқылы шаралар қабылдауы мүмкін.

2.7 Ақша массасы және ақша агрегаттары

Қазақстан Ұлттық банкі тарапынан жүзеге асатын ақша-несиелік реттеу объектісіне ақша массасының жиынтығы жатады.

Ақша массасы – жеке тұлғаларға, кәсіпорындарға және мемлекетке тиісті және шаруашылық айналымына қызмет ететін сатып алу және төлем құралдарының жиынтығы.

Қазақстанда ақша массасы Ұлттық Банк пен екінші деңгейдегі банкілердің баланстық шоттарын шоғырландыру негізінде анықталады және оның құрамына айналыстағы қолма-қол ақша және резидент заңды тұлғалар мен үй шаруашылығы (жеке тұлғалардың) депозиттері жатады.

Белгілі бір күндегі және белгілі бір кезеңдегі ақша айналысының сандық өзгерісін талдау үшін, сондай-ақ ақша массасының өсуі мен көлемін реттеуге байланысты шараларды жасау үшін әр түрлі көрсеткіштер пайдаланылады. Ондай көрсеткіштерді *ақша агрегаттары* деп атайды.

Өнеркәсібі жағынан дамыған елдердің қаржылық статистикасында ақша массасын анықтау барысында төмендегідей *ақша агрегаттары* қолданылады:

M1 агрегаты, яғни ол айналыстағы нақты ақшаларды (банкноттар мен монеталарды) және банктегі ағымдық шоттардағы қаражаттарды қамтиды;

M2 агрегаты, ол **M1** агрегаты қосылған коммерциялық банктердегі мерзімді және жинақ салымдарынан (төрт жылға дейінгі) тұрады;

M3 агрегаты, ол **M2** агрегаты қосылған арнайы несиелік мекемелердегі жинақ салымдарын құрайды;

M4 агрегаты, ол **M3** агрегаты қосылған ірі коммерциялық банктердегі депозиттік сертификаттардан тұрады.

АҚШ-та, ақша массасын анықтауда төрт ақша агрегатын, Жапония мен Германияда - үш, Англия мен Францияда – екеу, Ресейде - үш ақша агрегаттары пайдаланылады.

Қазақстандағы негізгі ақша агрегаттарына, қазіргі кезде ақша-несие статистикасын жасау және талауда қолданылып жүрген, ақша базасы мен белгіленуі **M3** – ақша массасы жатады. Ақша массасы құрылымына мынадай ақша агрегаттары кіреді:

M0 (айналыстағы қолма-қол ақша, немесе банк жүйесінен тыс ақша);

M1 = **M0** + банктік емес заңды тұлғалар мен халықтың теңгедегі аудармалы депозиттері;

M2 = **M1** + теңгедегі басқа да депозиттері және банктік емес заңды тұлғалар мен халықтың шетел валютасындағы аудармалы депозиттері;

$M3$ (ақша массасы) = $M2$ + банктік емес заңды тұлғалар мен халықтың шетел валютасындағы басқа да депозиттері.

Мұндағы,

Аудармалы депозиттер – 1) әрқашан айыппұлсыз және шектеусіз атаулы құнымен ақшаға ауыстырылады; 2) чектің, траттаның немесе жиро-кепілдіктің көмегімен еркін айналады; 3) төлемдер жүргізуде кеңінен қолданылады. Аудармалы депозиттер қысқа ақша массасының бір бөлігін құрайды.

Басқа депозиттер – негізінен ол, белгілі уақыт аралығынан кейін ғана алынатындығы немесе әр түрлі шектеулері жай коммерциялық операцияларда біраз қолайсыздық туғызатын және жинақ механизміне қойылатын талаптарға жоғары дәрежеде сай келетін жинақ және мерзімді депозиттер. Басқа депозиттер, сонымен қатар, шетел валютасында салынған басқа салымдар мен депозиттерді қамтиды.

Ақша базасының $M3$ ақша массасына $M3$ ықпал етуі *ақша мультипликаторы* (A_m) көмегімен мынадай формула арқылы есептеледі:

$$A_m = \frac{M3 \text{ (ақша массасы)}}{M2 \text{ (ақша базасы)}}$$

ҚҰБ-нің соңғы жылдардағы есептеулеріне байланысты, *ақша базасы* (резервтік ақша) мыналардан тұрады:

- ҚҰБ-нің айналымға шығарған қолма-қол ақшаларынан (ҚҰБ-нен кассасындағы қолма-қол ақшаларды қоспағандағы немесе Ұлттық банктен тыс қолма-қол ақшалардан);

- ЕДБ-дің аудармалы және басқа депозиттерінен; банктік емес қаржылық ұйымдардың аудармалы депозиттерінен;

- ҚҰБ-гі мемлекеттік және мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдардың теңгедегі ағымдағы шоттарынан.

Егер, мысалға ақша мультипликаторы 2,0 -ге тең болса, онда ақша базасының әрбір теңгесі 2 теңге жасауға қабілеттігін көрсетеді.

Ақша массаның жалпы ішкі өнімге (ЖІӨ) қатынасы арқылы экономиканың монетизациялану коэффициентін (K_m) анықтауға болады.

$$K_m = \frac{M3 \text{ (ақша массасы)}}{ЖІӨ} * 100$$

Қазақстандағы соңғы жылдардағы ақша агрегаттарының жағдайы туралы 5-кестеде берілген.

5-кесте

Ақша агрегаттары*		(кезеңнің соңына)					
№	Ақша агрегаттары	12. 2002ж	12. 2003ж	12. 2004ж	12. 2005ж	12. 2006ж	12. 2007ж

1.	Ақша базасы (резервтік ақша), млн.теңге соның ішінде:	208171	254077	287103	662971	1587 978	1 464 265
	1.1 Ұлттық банктен тыс қолма-қол ақша, млн.теңге	177899	206025	230513	458518	687 257	859 852
	1.2 ЕДБ-дің және басқа ұйымдардың Ұлттық банктегі депозиттері, млн.теңге	30272	47989	52135	204453	814 072	604 412
2.	М0 (айналыстағы қолма-қол ақша) млн.теңге	161701	190039	211805	411813	600 832	739 729
3.	М1 (млн.теңге), соның ішінде:	287293	362366	602636	799401	1 261 549	1 518 204
	3.1 халықтың теңгедегі аудармалы депозиттері	17799	23261	25168	57875	101 242	135 140
	3.2 банктік емес заңды тұлғалардың теңгедегі аудармалы депозиттері	107792	149066	365663	329713	579475	643335
4.	М2 (млн.теңге), соның ішінде:	498071	620087	903703	1 515962	2 814 551	3 538 990
	4.1 халықтың теңгедегі басқа депозиттері және шетел валютасындағы аудармалы депозиттері	61442	83818	85193	277720	613 834	794 115
	4.2 банктік емес заңды тұлғалардың теңгедегі басқа депозиттері және шетел валютасындағы аудармалы депозиттері	149336	173903	215874	438841	613 834	794 115
5.	М3 (млн.теңге) соның ішінде:	764954	892321	1193768	2 065340	3677561	4613671
	5.1 халықтың шетел валютасындағы басқа да депозиттері	171439	177870	198517	251747	304628	503343
	5.2 банктік емес заңды тұлғалардың шетел валютасындағы басқа да депозиттері	95443	94264	91548	297631	558381	571338
6.	М0-дің М3-тегі үлесі, %	22,6	21,3	17,8	19,9	16,3	16,0
7.	Ақша мультипликаторы (Ам), теңгемен	3,67	3,51	4,15	3,11	2,45	3,15
8	Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ), млрд теңге	3776,3	4612,0	5870,1	7457,1	10214	12726
9.	Экономиканың монетизациялану деңгейі (М3-тің ЖІӨ қатынасы, %)	20,3	19,3	20,3	27,6	35,3	36,3

* Сандық мәліметтер ҚҰБ-нің статистикалық бюллетенінен алынған

2007 жылы *ақша базасы* 1464,3 млрд. теңгеге дейін 2,5% (2006 жылы – өсу 2,3 есе) тарылды, бұл Ұлттық Банктің таза сыртқы активтерінің төмендеуіне байланысты. Шектеулі ақша базасы, яғни екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы 1454,3 млрд. теңгеге дейін 6,2% кеңейді.

Ағымдағы бағамен Ұлттық Банктің таза ішкі активтері 54,3% ұлғайды. Үкіметке таза талаптар Үкіметтің шоттарындағы қалдықтардың төмендеуі есебінен 72,2% ұлғайды, қаржы ұйымдарына талаптар – екінші деңгейдегі банктерге қайта қаржыландыру кредиттерін беру және айналыстағы қысқа мерзімді ноталар көлемінің төмендеуі нәтижесінде 75,0%; қалған экономикаға талаптар – 21,8% ұлғайды. Ұлттық Банктің басқа да таза ішкі активтері 59,3% қысқарды.

2007 жылы ақша базасының ең көп (12,3%) тарылуы қазан айында байқалды. Ақша базасының барынша кеңеюі сәуірде - 16,2% болды.

2007 жылғы банк жүйесіндегі таза ішкі активтердің ұлғаюы *ақша массасының* 4613,7 млрд. теңгеге дейін 25,5%-ға кеңеюінің негізгі факторы болды. Банк жүйесіндегі ішкі активтердің 67,4%-ға өсуі Үкіметке талаптардың 4,9 есе, сондай-ақ экономиканың басқа секторларына талаптардың 51,4%-ға едәуір ұлғаюына себепші болды. Үкіметке талаптар айналыстағы мемлекеттік бағалы қағаздар көлемінің ұлғаюы, сондай-ақ Үкіметтің шоттарындағы ақша қалдықтары көлемінің төмендеуі есебінен өсті.

Экономиканың секторларына таза талаптардың өсуі (51,4%) экономиканы кредиттеу көлемінің үдемелі ұлғаюына себепші болды.

Алайда 2006 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда ақша массасын кеңейту қарқыны төмендеді, бұл банк жүйесіндегі таза сыртқы активтердің 4,3 есе төмендеуімен қамтамасыз етілді.

Банк жүйесіндегі таза сыртқы активтер құрылымында екінші деңгейдегі банктердің таза сыртқы активтері 39,6% азайды.

Ақша массасының кеңею қарқынының (25,5%) номиналды ЖІӨ-нің өсу қарқынынан (24,6%) аздап асып кетуі экономиканы монеталандыру деңгейінің 2006 жылдың аяғында 36,0%-дан 2007 жылдың аяғында 36,3%-ға дейін шамалы өсуіне әкелді.

2007 жылғы ақша мультипликаторы ақша базасының тарылу жағдайында ақша массасының өсуі нәтижесінде 2,45-тен 3,15-ке дейін ұлғайды.

Ақша массасының құрылымында *айналыстағы қолма-қол ақша* (M0) 2007 жылы 739,7 млрд. теңгеге дейін 23,1%, ал резиденттердің депозиттері – 3873,9 млрд. теңгеге дейін 25,9% өсті. Айналыстағы қолма-қол ақшамен салыстырғанда резиденттердің депозиттерінің басымдықпен өсу қарқыны салдарынан ақша массасының құрылымындағы депозиттер үлесі ұлғаюының оң үрдісі сақталды. 2007 жыл бойы бұл көрсеткіш 83,7%-дан 84,0%-ға дейін өсті.

Айналыстағы қолма-қол ақшаның өсуі жалақы бойынша төлемдердің өсуіне және жеке тұлғалардың мерзімдік салымдарды алуына байланысты.

Соған қарамастан, 2007 жылы айналыстағы қолма-қол ақшаның (M0) өсу қарқыны 2 есе дерлік - 2006 жылғы 45,9%-дан 23,1%-ға дейін қысқарды. Бұл көбінесе қолма-қол шетел валютасын сатудан банктердің кассаларына қолма-

қол ақша түсуінің айтарлықтай өсуімен (40,9%) түсіндіріледі. Банктердің кассаларынан тауарларға, жұмысқа және қызмет көрсетуге ақы төлеуге нетто-беру 37,7%-ға қысқарды, бұл, мүмкіндігінше, қолма-қол жасалмайтын есеп айырысулардың басым болуымен түсіндіріледі.

Бақылау сұрақтары

1. ҚР Ұлттық банктің басқару құрылымына не жатады?
2. ҚР Ұлттық банктің қызметтері қандай?
3. ҚҰБ-нің ақша-несие саясатының қандай құралдары бар?
4. Инфляциялық таргеттеу дегеніміз нені білдіреді?
5. ҚҰБ-нің трансмиссиондық тетік үлгісіне қандай арналар жатады?
6. ҚР Ұлттық банктің 2006-2008 жылға арналған ақша-несие саясатының басты бағыттары қандай?
7. Ақша массасы мен ақша базасының құрылымына не жатады?

3-тарау. Банк қызметін реттеу және қадағалау

3.1 Банктерді ашу және олардың қызметін ұйымдастыру

ҚР-ғы коммерциялық банктер өз қызметінде 1995 жылы 30 наурызда қабылданған “ҚР Ұлттық банкі” және 1995 жылдың 31 тамызында қабылданған “ҚР-ғы банктер және банктік қызмет туралы” ҚР заңдарын басшылыққа алады.

Коммерциялық банктер - банктік жүйенің екінші деңгейін немесе екінші деңгейдегі банктерді білдіреді. Олар банктік ресурстарды шоғырландыра отырып, заңды және жеке тұлғаларға кең көлемде банктік операциялар мен қаржылық қызметтерді жүзеге асырады.

Қазіргі коммерциялық банктер жүйесі 1990 жылдың аяғынан бастап қалыптасты, яғни отандық банктік жүйенің небары 18 жылдық тарихы бар. Коммерциялық банктердің соңғы он бір жылдағы сандық құрамы 5-кестеде берілген.

5- кесте. ҚР -ғы банктік сектордың құрылымы *

Банктік сектордың құрылымы	кезеңнің басына							
	2000 ж.	2001 ж.	2002 ж.	2003 ж.	2004 ж.	2005 ж.	2006 ж.	2007 ж.
Екінші деңгейдегі банктердің саны, о.і:	55	47	44	35	34	35	34	33
- мемлекеттік	1	1	2	2	2	1	1	1
- шетел капиталының қатысуымен	22	16	16	16	16	15	15	15
ЕДБ-дің филиалдарының саны	426	418	400	368	355	385	418	324
Есеп айрысу-кассалық бөлімшелер саны	1065	964	1020	1005	1023	1106	1312	1489
ЕДБ-дің шетелдегі өкілдіктерінің саны	2	5	7	9	10	11	17	22
ҚР-ғы бейрезидент-банктердің өкілдіктерінің саны	17	15	12	13	20	18	18	23
Жеке тұлғалардың салымдарын міндетті ұжымдық кепілдендіру жүйесінің қатысушы-банктерінің саны	12	18	19	22	29	34	33	32
Кастодиандық қызметті жүргізуге арналаған лицензиясы банр банктер саны	10	10	10	10	10	9	11	9

* Сандық мәліметтер ҚР Ұлттық банктің 2000-2007 жж. статистикалық бюллетенінен алынған.

90-шы жылдың басында банктердің саны 200-ден асты, әрине бұл, олардың экстенсивті жағынан дамуын сипаттаса, сол жылдың орта кезінен бастап, күні бүгінге дейін банктеріміздің саны біртіндеп азаюда, әрине бұл құбылысты, олардың интенсивтік немесе сапалық өсуімен байланыстыруға болады.

2007 жылдың 1 қаңтарына Қазақстандағы жұмыс жасайтын банктер саны 33 құрады, соның ішінде Алматы қаласында 30 банк, 31 филиал және 284 есеп-айрысу-кассалық бөлімдер қызмет етеді. Жалпы банктердің 90%-ның бір ірі қалада болуы банк капиталының республиканың өзге аймақтарында дұрыс бөлінбеуіне ықпал етуін көрсетеді. Банктердің тек Алматы қаласында

шоғырлануы, оның бұрынғы астана, қазіргі қаржы орталағына айналу себебіне байланысты болып отыр.

2004 жылдың қаңтар айынан бастап, ҚР екінші деңгейдегі банктері *қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі ҚР Агенттігінің* (Қаржылық қадағалау агенттігі) лицензиясы негізінде қызмет етеді.

Лицензияның өзіндік стандартты формасы бар және онда коммерциялық банктердің айналысатын қызмет түрі жазылады. Қазақстандағы берілетін лицензияның дамыған шет елдерден айырмашылығы әмбебаптығы болып табылады.

ҚР-ғы банк қызметінде мемлекеттік органдар банктердің мамандануын белгілемейді, мысалға, инвестициялық, ипотекалық қызметтерді жүзеге асырады және т.б. Қазақстандық банктер бағалы қағаздар нарығында да тікелей қатысуға толық құқылы.

ҚР-ғы екінші деңгейдегі банктер банктік операцияларды жүзеге асыруға алатын лицензиядан басқа валюталық операцияларды жүргізуге үшін арнайы лицензия алады. Мұндай лицензия оларға өз қызметін жүзеге асыруы үшін қажетті саналатын банктер қатарымен корреспонденттік қатынастар орнатуға, сондай-ақ дамыған шет елдерде өз филиалдары мен өкілеттігін ашуға құқық береді.

Сонымен қатар, екінші деңгейдегі банктер бағалы металдармен операцияларды жүзеге асыруға арналған лицензия алады.

1995 жылдың 31 тамызында қабылданған “ҚР-ғы банктер және банктік қызмет туралы” ҚР-ның заңына сәйкес Қазақстан Республикасында банкті ашу немесе оның қызметін ұйымдастыру мынадай үш кезеңнен тұрады:

- 1) *Банк ашуға рұқсат алу;*
- 2) *Әділет Министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өту;*
- 3) *Банк операцияларын жүргізуге лицензия алу.*

Аталған заңға сәйкес, банкті заңды және жеке тұлға ашуға құқылы.

Бірінші кезеңде, банк ашушы банк ашуға рұқсат алу өтінішін береді және оған қоса төмендегідей құжаттарды тапсырады:

- рұқсат алу үшін беретін өтініші;
- құрылтайшылық шарт (түп нұсқа);
- банктің жарғысы (түп нұсқа);
- банк жарғысын қабылдау және банк органын сайлау туралы хаттама;
- құрылтайшылар туралы мәліметтер;
- құрылтайшылардың соңғы екі есептік жылдағы бухгалтерлік балансы (заңды тұлғалар үшін);
- құрылтайшылардың қаржылық жағдайлары туралы аудиторлық қорытынды;
- егер бір немесе одан да көп құрылтайшылары ҚР-ның резиденті болмаса, ондай жағдайда сол мемлекеттегі тиісті мемлекеттік немесе қадағалау органынан жазбаша келісім қажет;

- егер банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым банк ретінде қайта құрылса, онда: оның жарғысы, құрылтайшылық шарты, соңғы есептік мерзімге жасалған бухгалтерлік балансы, ұйымның қаржылық жағдайы туралы аудиторлық қорытынды;

- банктің жетекшілік қызметіне тағайындалатын тұлғалар туралы мәліметтер, оның ішінде: банк төрағасы мен бас бухгалтерінің банк жүйесінде кемінде - үш жыл, ал олардың орынбасарларының кемінде екі жыл, банк филиалының бірінші жетекшісі мен бас бухгалтерінің кемінде – бір жылдық еңбек тәжірибесі болуы және т.с.с.;

- жаңадан құрылатын банктің толық ұйымдастырылу құрылымы (банктің өкілетті органымен бектілуі тиіс);

- жаңадан құрылатын банктің ішкі аудит қызметі туралы ережесі (банктің өкілетті органымен бектілуі тиіс);

- жаңадан құрылатын банктің несиелік комитеті туралы ережесі (банктің өкілетті органымен бектілуі тиіс);

- жаңадан құрылатын банктің бизнес-жоспары, оның ішінде болу керек, оның ішінде: банк қызметінің стратегиясы, бағыттары мен ауқымы, қаржылық болашағы (есеп айырысу балансы, бастапқы қаржылық (операциондық) үш жылға арналған пайда және зиян туралы есебі, маркетинг жоспары (банк клиенттерін қалыптастыру), еңбек ресурстарын қалыптастыру жоспары;

- тапсырылған бизнес-жоспарына сәйкес дайындық шаралары туралы құрылтайшылардың есебі;

- нотариалды түрде куәландырылған, құрылтайшылардың атынан өтініш беруге құзіретінің барлығын растайтын құжатты;

- басқа банктің жарғылық капиталына қатысуы туралы мәліметтер.

Банк ашу үшін рұқсат алуға берілген өтініш үш ай әрі кеткенде алты ай мерзімі ішінде өкілетті органда қаралады.

Қаржылық қадағалау агенттігі банк ашуға рұқсат беру өтініштердің есебін жүргізеді.

Екінші кезеңде жаңадан құралатын банк Қаржылық қадағалау агенттігі рұқсат берген күннен бастап, бір ай ішінде ҚР Әділет Министрлігінде банк мемлекеттік тіркеуге алынады. Оған, Қаржылық қадағалау агенттігінің банк ашуға берген рұқсатын және оның келісімімен расталған құрылтайшылық құжаттарын тапсырады.

Үшінші кезеңде банктік операцияларын жүзеге асыру үшін Қаржылық қадағалау агенттігінен лицензия алады. Лицензия алу үшін мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап, бір жылға дейін мыналарды орындауға тиіс:

- *ұйымдастырушылық-техникалық шараларды* орындау, оның ішінде: Ұлттық банктің нормативтік талаптарына сәйкес бөлмелерді және құрал-жабдықтарды дайындау, тиісті біліктілігі бар қызметкерлерді қабылдау;

- *жарияланған жарғылық капиталды төлеу.*

Лицензия алуға өтінішпен бірге жоғарыда аталған талаптарды орындағандығын растайтын құжатты беруге тиіс. Өтінішті берген уақыттан бастап, бір ай ішінде Қаржылық қадағалау агенттігі қарайды. Лицензияның

мерзімі шектелмейді және онда банктің жүргізетін барлық операциялар тізімі көрсетіледі.

Банктер бағалы қағаздар нарығында басқа да кәсіби қызмет түрлерін жүзеге асыра алады. Оларға мыналар жатады:

- брокерлік – мемлекеттің бағалы қағаздарымен;
- дилерлік - мемлекеттің және өзге де бағалы қағаздармен;
- кастодиандық;
- клирингтік.

Осы аталған қызмет түрлеріне Қаржылық қадағалау агенттігінен жекелеген және кешенді (бірнеше қызметке) лицензиялар беріледі.

Сонымен қатар, ҚР-ғы екінші деңгейдегі банктер өз қызметін жүзеге асыру барысында филиалдарын, өкілдіктерін, жинақ-кассаларын, сондай-ақ еншілес банктерін аша алады.

Банктің филиалы – филиал туралы ережеде немесе лицензияда көрсетілетін банктік операцияларды жүзеге асыруға құқылы және өзінің дербес бухгалтерлік балансы бар, заңды тұлға болып табылмайтын банктік мекеме.

Заңға сәйкес, банктер өздерінің филиалын ашу үшін Қаржылық қадағалау агенттігінің келісімін алуға тиіс. Ол үшін мынадай құжаттарды тапсырады:

- Филиал ашуға рұқсат алу өтініші;
- Банк операцияларының тізімі көрсетілген банк филиалы туралы ереже;
- Бірінші жетекші және бас бухгалтер қызметіне кандидаттар туралы мәліметтер.

Шетелдік банктердің ҚР аумағында филиалдарын ашуға заңмен тиым салынады..

Банктің өкілдігі – банктік операцияларды жүзеге асырмайтын, яғни банктің тапсырмасымен және оның атынан әрекет ететін банктің орналасқан жерінен тыс орналасқан, заңды тұлға болып табылмайтын банктің құрылымдық бөлімшесі.

Банк өкілдігі де Қаржылық қадағалау агенттігінің келісімімен ашалады. Шетелдік банктер өкілдіктерін ашу үшін мынадай құжаттарын тапсырады:

- өкілдік ашуға рұқсат алу өтініші;
- өтініш жасаушы банктің құрылтайшылық құжаттары;
- ҚР аумағында өкілдік ашу туралы өтініш жасаушы банктің шешімі;
- өтініш жасаушы банктің банктік қызметті жүргізуге арналған лицензиясының барлығын растайтын сол мемлекеттегі банктік қадағалау органының жазбаша расталымы;
- аудиторлық ұйым куәландырған өтініш жасаушы банктің соңғы қаржылық жылға жасалған жылдық есебі;
- өтініш жасаушы банктің ҚР аумағында өкілдігін ашуға қарсы еместігін куәландыратын сол мемлекеттегі банктік қадағалау органының жазбаша хабарламасы;
- өкілдікте жұмыс жасайтын қызметкерлердің саны және жетекшісі туралы мәліметтер.

Еншілес банк – жарғылық капиталдың елу пайыздан астамы бас банкке тиесілі және өзінің дербес бухгалтерлік балансы бар заңды тұлға.

Есеп айырысу-кассалық бөлімі (жинақ кассасы) - ҚР аумағында банктік операциялардың жекелеген түрлерін орындайтын, филиал немесе өкілеттік мәртебесі жоқ, заңды тұлға емес, ҚР Қаржылық қадағалау агенттігінің келісімі негізінде құрылатын бантің аумақтық бөлімшесі.

ҚР Қаржылық қадағалау агенттігінің екінші деңгейдегі банктерді ашуға берген рұқсаты мынадай негіздерге байланысты қайтарып алуы мүмкін:

- банк тарпынан өз еркімен қайта құрылу немесе таралуы туралы шешім қабылдау;
- банк қызметінің тоқтатылуы туралы сот шешімінің қабылдануы;
- мемлекеттік тіркеуге алған күннен бастап, бір жыл ішінде банк қызметіне байланысты жалған мәліметтердің болуы;
- мемлекеттік тіркеуге алған күннен бастап, бір жылдан астам уақытқа дейін банк операцияларын жүргізу лицензиясын алмаған жағдайда;
- банк заңдылықтарында, сол сияқты жарғысында көрсетілмеген операцияларды жүзеге асыруы;
- мемлекеттік тіркеуге алған күннен бастап, бір жылға дейін жарияланған жарғылық қордың сомасын төлемеуі;

Қазақстандық тәжірибеде басқа дамыған шетелдік тәжірибелер сияқты жарияланған жарғылық капиталдың төленген жарғылық төленген капиталдан айырмашылығы болады. Қазақстандағы банктік заңдарға сәйкес банкті тіркеуге алу үшін жарияланған жарғылық қордың 50 %-дан кем емес бөлігі акция, облигация, ақшалай қаражат, бағалы металдар немесе басқа да материалды бағалылықтар мен (ғимарат, техникалар, автокөлік) төленуге тиіс. Ал қалған сомасы, яғни 50 %-ға жуығы жыл бойына салынуға тиіс.

Жарияланған жарғылық қордың 50 %-ның ақшалай түрдегі сомасы сол банктің корреспонденттік шотына түсіріліп, ал материалдық бағалықтары бірлескен түрде бағалануына байланысты банкті құрушы акционерлердің жалпы жиналысындағы акті бойынша қабылданады.

3.2. Банк қызметін пруденциалдық реттеу

Қазақстан Республикасы екінші деңгейдегі банктердің қызметін реттеу механизмінің тәртібі ҚР Ұлттық банкінің екінші деңгейдегі банктердің қызметін реттеу және қадағалау бойынша нормативтік құқықтық актілермен анықталады.

1995 жылы 31 тамызда қабылданған “Банктер және банктік қызмет туралы” ҚР заңының 41-бабына сәйкес, ҚР Қаржылық қадағалау агенттігі екінші деңгейдегі банктердің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында аталған банктердің қызметін реттеуді мынадай жолдармен жүзеге асырады:

- *пруденциялық нормативтер белгілеу;*
- *банктердің орындауына міндетті нормативтік құқықтық актілер шығару;*
- *банктердің қызметін тексеру;*
- *банктің қаржылық жағдайын сауықтандыруға байланысты ұсыныстар беру;*
- *банктерге ықпал ететін шектеу шараларын қолдану;*
- *банктерге немесе олардың лауазымды тұлғаларына санкциялар беру.*

ҚР Ұлттық банкі халықаралық банктік тәжірибеде қолданылатын пруденциялық нормативтер мен орындауға міндетті басқа да нормалар мен лимиттерді белгілеуге құқылы. Ол, сонымен қатар банктердің пруденциялық нормативтерді және орындауға міндетті басқа да нормалар мен міндеттерді бұзғаны үшін жауапкершілікті белгілейді.

Қойылған талаптарға банктің қаржылық жағдайының сәйкестігі туралы мәселені шешу мақсатында ҚР Ұлттық банкі белгілі мөлшерде банктің капиталының көлемін анықтауға құқылы.

Пруденциялық нормативтер немесе орындауға міндетті басқа да нормалар мен лимиттердің нормативтік белгілері мен есептеу әдістемесін, белгіленген күнге банктің капиталының көлемін, ашық валюта позициясының лимиттерін және оларды есептеу тәртібін, резервтік талаптар нормасын және оларды есептеу әдісін, есеп берудің сәйкес формалары мен оны тапсыру мерзімін Ұлттық банк белгілейді.

Банктік қызметті жүзеге асырумен байланысты шығындарды табу мақсатында банктер резервтік қор құруға міндетті. Резервтік қорлар банктердің дивиденттерді төлеуге дейінгі табысының есебінен құрылады. Банктер резервтік қорларының көлемін ҚР Ұлттық банкі белгілейді.

Банктер жүргізетін операцияларының түрлері мен көлеміне байланысты өздерінің қызметінің сенімділігіне бақылауды қамтамасыз ету үшін олар Қазақстан Республикасындағы банктер туралы заңға сәйкес, ҚР Ұлттық банкі бекіткен тәртіпте күмәнді және үмітсіз қарыздарға қарсы арнайы провизиялар құру арқылы берілген несиелер мен басқа да активтерді жіктеуге міндетті.

Банк қызметін реттеу шараларының ішіндегі ең маңыздысы пруденциялық нормативтер. 2005 жылы 30 қыркүйектегі Қаржылық қадағалау агенттігінің Басқармасының № 358 қаулысымен бекітілген “Екінші деңгейдегі банктерге арналған пруденциялық нормативтерді есептеу әдістемесі және нормативтік мәндері туралы” нұсқаулыққа сәйкес оларға мыналар жатады:

- 1) *жарғылық қордың ең төменгі мөлшері;*
- 2) *меншікті қаражаттардың жеткілікті коэффициенті;*
- 3) *бір қарыз алушыға келетін тәуекелдің ең жоғары мөлшері;*
- 4) *өтімділік коэффициенті;*
- 5) *ашық валюталық позиция лимиті;*
- 6) *негізгі қорларға және басқа қаржылай емес активтерге жұмсалынған банк инвестициясының ең жоғары мөлшерінің коэффициенті.*

7) ҚР-ның бейрезиденттерінің алдындағы міндеттемелерге қатысты банктердің капиталдануы

1. Банктің жарғылық капиталының ең төменгі мөлшері

Банктің жарғылық капиталының ең төменгі мөлшерін Ұлттық банк Басқармасы бекітеді. Банк акционерлерден өзінің акцияларын номиналдық бағадан төменгі деңгейде ғана, сондай-ақ ондай сатып алу кез келген пруденициялық нормативтер мен орындауға міндетті басқа да нормалар және лимиттерді бұзбаған жағдайда ғана сатып ала алады.

2. Меншікті қаражаттардың жеткілікті коэффициенті

Меншікті капитал (К) – бұл I деңгейлі капитал, II деңгейлі капитал және III деңгейлі капиталдардың қосындысынан банктің инвестицияларын шегеру арқылы есептеледі.

Меншікті капитал (К) бұл I деңгейлі капитал мен II деңгейлі капитал (I деңгейлі капиталдан аспайтын мөлшерде) және III деңгейлі капиталдардың (нарықтық тәуекелдерді жабуға арналған бірінші деңгейлі капиталдың бөлігінің екі жүз елу пайызынан аспайтын мөлшерде) қосындысынан банктің инвестицияларын шегеру арқылы есептеледі.

Банк инвестициясы бұл заңды тұлғаның акцияларына жұмсалымдары (жарғылық капиталда қатысу үлесі), сондай-ақ жиынтық мөлшері бірінші деңгейлі капитал мен екінші деңгейлі капиталдың 10 пайызан асатын көлемдегі заңды тұлғаның субординирленген қарызы.

Нарықтық тәуекелдерді жабуға арналған бірінші деңгейлі капиталдың бір бөлігі бірінші деңгейлі капиталдың нақты мөлшері мен банктің меншікті капиталының жеткіліктігі нормативтін орындауға үшін қажетті бірінші деңгейлі капиталдың ең төмегі мөлшері арасында айырманы білдіреді.

Бірінші деңгейлі капитал (KI) мыналардан құралады:

- сатып алынған акциялардың сомасын шегергенде қалатын төленген жарғылық капитал ;

- қосымша капитал;

- өткен жылдардағы бөлінбеген таза табыс (өткен жылдардағы таза табыс есебінен құрылған қорлар, резервтер);

- мерзімсіз келісім-шарттар нәтижесінде туындайтын қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер (мерзімсіз қаржылық құралдар).

шегерілген (-):

- материалдық емес активтер (Халықаралық қаржы есебіне Халықаралық стандартына сәйкес банктің негізгі қызметінің мақсатына алынған лицензияланған бағдарламалық камсыздандыру басқалары);

- өткен жылдардағы зиян;

- ағымдық жылдағы шығыстардың ағымдық жылдағы табыстардан артық сомасы.

Мерзімсіз қаржылық құралдар мынадай шарттарға сәйкес келуі қажет:

- айналыс мерзімі белгісіз және депозит болып табылмайды;

- мерзімсіз қаржылық құралды шығарушы банктің инициативасы бойынша ғана кемінде бес жылдан кейін өтелуге тиіс;
- мерзімсіз қаржы құрал бойынша негізгі қарызды және пайызды өтеу үшін жоғарыда аталған Нұсқаулыққа сәйкес банк меншікті капитал жеткіліктігі мен өтімділігіне қатысты нормативті орындауы қажет;
- мерзімсіз қаржы құралы қамтамасыз етілмеуге тиіс;
- қаржы құралы бойынша пайыз мөлшерлемесін өзгерту келісім-шарт жасаған күнен бастап немесе мерзімсіз қаржы құралы шыққан күннен бастап он жылдан кейін ғана мүмкін болады.

Екінші деңгейлі капитал (КІІ) мыналардан құралады:

- ағымдық жылдағы табыстардан ағымдық жылдағы шығыстардың артық сомасы;
- бағалы қағаздар мен негізгі құралдарды қайта бағалау мөлшері;
- тәуекелді есепке алып өлшенген активтер сомасының 1,25%-нан аспайтын сомадағы жалпы резервтер (провизиялар) мөлшері;
- бірінші деңгейлі капитал сомасының 50%-нан аспайтын сомадағы банктің субординарлық қарызы;

Банктің екінші деңгейлі субординарлық қарызы бұл банктің меншікті капиталына жататын қайтару мерзімі бес жылдан асатын қамтамасыз етілмеген міндеттеме.

Облигация субординарлық қарызға және меншікті капиталға жатуы мүмкін егер, ол ҚР-ның заңдылықтарына сәйкес шығарылса.

Банктің субординарлық қарызы меншікті капитал ретінде есепке алынады және бес жыл ішінде мынадай мөлшерде қалып, қалғаны қайтарылады:

- 1-ші жылы - субординарлық қарыздың 100% сомасы;
- 2-ші жылы - субординарлық қарыздың 80% сомасы;
- 3-ші жылы - субординарлық қарыздың 60% сомасы;
- 4-ші жылы - субординарлық қарыздың 40% сомасы;
- 5-ші жылы - субординарлық қарыздың 20% сомасы;

Банктердің субординирленген қарызына Еуропа қайта құру және даму банкісінен немесе Азия даму банкісінен, не Халықаралық қаржы корпорациясынан тартқан заемдары жатуы мүмкін.

Меншікті қаражаттардың (меншікті капиталдың) жеткіліктігі төмендегідей екі коэффициенттің көмегімен есептеледі:

Банктің бірінші деңгейлі капиталының барлық активтер сомасына қатынасы 0,06 –дан кем болмауға тиіс:

$$k1 = \frac{KI - IK}{A}$$

мұнда,
К I – бірінші деңгейлі меншікті капитал;
ИК - банктің акцияға жұмсаған инвестициялары және басқа да заңды тұлғалардың субординарлық қарызы;
А – банктің жиынтық балансына сәйкес барлық активтерінің сомасы.

Банктің меншік капиталының тәуекел дәрежесіне қарай топтасқан активтерге қатынасы 0,12 -ден кем болмауы тиіс.

$$k2 = \frac{K}{A_T - P_a},$$

мұнда,
К – банктің меншік капиталы;
А_т - тәуекел дәрежесіне қарай топтасқан активтер және баланстан тыс міндеттемелер сомасы. Тәуекел дәрежесіне байланысты өлшенген активтерді есепке алу барысында кастодиандық келісім-шарт негізінде банкке қабылданған ақшалар есепке алынбайды;

П_а - арнайы резервтер (күмәнді және үмітсіз активтер бойынша құрылған провизиялар) қосылған меншікті капиталға қосылмаған, құрылған жалпы резервтер сомасы (яғни, тәуекел дәрежесіне қарай топтасқан активтер сомасының 1,25, % асатын сомасында).

Үшінші деңгейлі капитал (КIII) үшінші деңгейлі субординирленген қарызды білдіреді және мынадай шартқа сай болуға тиіс:

- қамтамасыз етілмейді;
- депозит немесе ұсынылатын міндетеме болып табылмайды;
- Нұсқаулыққа сәйкес нормативтерді орындаған жағдайда банкпен алдын ала өтелуі мүмкін;
- бастапқы қайтару мерзімі екі жылдан жоғары болуға тиіс.

Меншікті капиталға жатпайтын екінші деңгейлі субординирленген қарызы банктің үшінші деңгейлі капиталына жатады.

Екінші деңгейдегі банктердің субординарлық қарызы – бұл мынадай талаптарға сәйкес келетін, банктің қамтамасыз етілмеген міндеттемесі:

- 1) депозит немесе міндеттеме болып табылмауға тиіс;
- 2) банктің немесе онымен байланысты аффилиирленген тұлғалар талаптары бойынша кепілдік ретінде қамтамасыз етуілмеуге тиіс;
- 3) алдын ала (толық немесе жартылай) өтелмеуге тиіс;
- 4) банктің таратылуы барысында соңғы кезекте қанағаттандырылуға тиіс (акционерлер арасында қалған мүлікті бөлу алдында).

Банктің субординарлық қарызы - бастапқы қайтару мерзімі 5 жылдан жоғары болып келетін, меншікті капиталға жататын субординарлық қарыз.

Облигация субординарлық қарызға және меншікті капиталға жатуы мүмкін егер, ол ҚР-ның заңдылықтарына сәйкес шығарылса.

Банктің II деңгейлі субординарлық қарызы меншікті капитал ретінде есепке алынады:

қарыздың толық сомасын қайтару мерзімінің басталуы бес жылдан жоғары болса, және бес жыл ішінде мынадай мөлшерде қалып, қалғаны қайтарылады:

- 1-ші жыл - субординарлық қарыздың 100% сомасы;
- 2-ші жыл - субординарлық қарыздың 80% сомасы;
- 3-ші жыл - субординарлық қарыздың 60% сомасы;
- 4-ші жыл - субординарлық қарыздың 40% сомасы;
- 5-ші жыл - субординарлық қарыздың 20% сомасы,

3. Бір қарыз алушыға келетін тәуекелдің жоғарғы мөлшері

Бір қарыз алушы - ҚР-ның заңдарында немесе жасалған келісімшартта көзделген негізде қарыз алушы немесе үшінші бір тұлғаның алдында алдағы 2 айдың ішінде не белгісіз мерзімге несиелік тәуекелге баратын банк тарапынан туындайтын талаптары бар әрбір жеке және заңды тұлға.

Бір қарыз алушыға келетін, тәуекелдің мөлшері мыналардың сомасынан тұрады:

- 1) банк балансында есепке алынатын, қарыз алушыға қатысты банк талабы;
- 2) соңғы бес жыл ішінде банк балансынан шегерілген, қарыз алушыға қатысты банк талаптары;
- 3) ҚР заңдарында немесе жасалған келісімшартта көзделген негізде қарыз алушы немесе үшінші бір тұлғаның алдында алдағы 2 айдың ішінде не белгісіз мерзімге несиелік тәуекелге баратын банк тарапынан туындайтын (несиелік тәуекелмен байланысты) талаптар;

(-) шегерілген,

қарыз алушының міндеттемелері бойынша қамтамасыз ету сомалары, оның ішінде:

- банк қарамағына берілген депозиттегі ақшасы, ҚР Үкіметі және Ұлттық банктің шығарған мемлекеттік бағалы қағздары, құйма бағалы металдары, Standard & Poors және басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің “А” рейтингін иеленетін банк кепіл-хаттары;

- ҚР Үкіметі және Ұлттық банкіне қатысты талаптары;

- Standard & Poors және басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің “BBB” рейтингінен төмен емес ұзақмерзімді қарыздық рейтингі бар банктердің ашқан корреспонденттік шоттарына қатысты талаптары.

Бір қарыз алушыға келетін тәуекел мөлшері қарыз алушының міндеттемелері бойынша тәуекел мөлшерінің (Т) банктің меншікті капиталына (К) қатынасы арқылы есептеледі:

$$кЗ = \frac{T}{K},$$

мұнда,
Т - тәуекел мөлшері (несие лимиті);
К – банктің меншік капиталы.

к3 –тің мәні мынадай екі жағдайда қарастырылады:

- Банкпен ерекше қарым-қатынастағы қарыз алушылар үшін, - 0,10-ден аспауға тиіс;
- Басқа да қарыз алушылар үшін – 0,25-ден аспауы тиіс (соның ішінде 0,10 – баланстан тыс міндеттемелермен қамтамасыз етілмеген банктік несиелер, сондай-ақ оффшорлық аймақ аумағында тіркелген Қазақстан Республикасының бейрезиденттерге берілген несиелер бойынша).

4. Ағымдағы өтімділік коэффициенті.

Өтімділікті бақылап отыру мақсатында банктер ағымдағы өтімділік коэффициенттерінің есебін береді.

Өтімділік коэффициенті мынадай коэффициенттер және лимиттер көмегімен анықталады:

- банктің ағымдағы өтімділік коэффициенті (к4);
- банктің қысқа мерзімді өтімділігінің коэффициенті (к5);
- ағымдағы валюталық өтімділік лимиті(к7.1);
- қысқамерзімді валюталық өтімділік лимиті(к7.2);
- ортамерзімді валюталық өтімділік лимиті(к7.3).

Бір ескертетіні соңғы үш лимит 2006 жылдың 1 қазанынан бастап қолданылуда.

Ағымдағы өтімділік коэффициентінің ең төменгі мәні мәні 0,3-тен кем болмауға тиіс.

Ағымдағы өтімділік коэффициенті (к4) өтімділігі жоғары активтердің орташа айлық шамасының талап етілетін міндеттемелердің орташа айлық шамасына қатынасы арқылы есептеледі:

$$к4 = \frac{А_{ор}}{М_{ор}},$$

мұндағы,
А_{ор}- өтімді активтердің орташа айлық шамасы;
М_{ор}– талап етілетін міндеттемелердің орташа айлық шамасы;
к4– ағымдағы өтімділік коэффициенті.

Өтімділігі жоғары активтерді есептеуге мыналар жатады:

- қолма-қол ақшалар;
- мемлекеттің бағалы қағаздары және «Қазақстан ипотекалық компаниясы» АҚ-ның борыштық бағалы қағаздары, сондай-ақ өтімділігі жоғары басқа да бағалы қағаздар;
- құйма қымбат бағалы металдар;
- Ұлттық банктегі, ҚР-ғы банктердегі;
- Ұлттық банктегі Standard & Poors және басқа рейтингтік агенттіктердің “BBB-” төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі бар бейрезидент-банктердегі талап етуге дейінгі депозиттер;
- Standard & Poors және басқа рейтингтік агенттіктердің “BBB-” төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі бар ҚР банктерге мен бейрезидент-банктерге берген “овернайт” займдары;
- Standard & Poors және басқа рейтингтік агенттіктердің “BBB-” төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі бар ҚР банктер мен бейрезидент-банктерге орналастырылған бір түндік салымдары;
- ҚР қаржылық қадағалау агенттігі тарапынан бекітілген деңгейден төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі бар елдердің шетел валютасындағы мемлекеттік бағалы қағаздары;
- ҚР қаржылық қадағалау агенттігінің тізіміне жататын халықаралық ұйымдардың облигациялары;
- ҚР қаржылық қадағалау агенттігі тарапынан бекітілген рейтингтік агенттіктердің бірінің ең төменгі талап етілетін рейтингін иеленетін шетелдік эмитенттердің облигациялары.

Ағымдағы және қысқа мерзімді өтімділік коэффициенттерді есептеуде талап етілуге дейінгі міндеттемелерге мыналар жатады:

- барлық талап етуге дейінгі міндеттемелер;
- “овернайт” банкаралық несиелері;
- банктерден бір түнге тартқан салымдар;
- есеп айырысу мерзімі көрсетілмеген басқа да талап етуге дейінгі міндеттемелер.

Банктердің қысқа мерзімді өтімділік коэффициенті (к5) үш ай мерзімнен аспайтын өтелу мерзімі бар активтердің орташа айлық шамасының үш ай мерзімге дейін тартылған талап етілетін міндеттемелердің орташа айлық шамасына қатынасы арқылы есептеледі.

Ағымдағы өтімділік коэффициентінің ең төменгі мәні 0,5-тен кем болмауға тиіс.

$$к 5 = \frac{A_{op}}{M_{op}},$$

мұндағы,

A_{op} - өтелу мерзімі үш айдан аспайтын активтердің орташа айлық шамасы;
 M_{op} – үш ай мерзімге дейін тартылған талап етілетін міндеттемелердің орташа айлық шамасы;
 $k5$ – қысқа мерзімді өтімділік коэффициенті.

Банктердің ағымдағы валюталық өтімділік лимиті (к7.1) шетел валютасындағы жоғары өтімді активтердің орташа айлық шамасының сол шетел валютасында тартылған талап етілетін міндеттемелердің орташа айлық шамасына қатынасы арқылы есептеледі және оның нормативтік мәні 0,9-дан кем болмауы тиіс.

Бұл жерде өтімділігі жоғары активтерге жоғарыда аталғандардың құйма қымбат бағалы металдардан басқалар жатады.

Банктердің қысқамерзімді валюталық өтімділік лимиті (к7.2) шетел валютасындағы үш айға дейін өтелу мерзімі қалған активтердің орташа айлық шамасының сол шетел валютасында үш айға дейінгі өтелу мерзімі бар тартылған талап етілетін міндеттемелердің орташа айлық шамасына қатынасы арқылы есептеледі және оның нормативтік мәні 0,8-дан кем болмауы тиіс.

Банктердің ортамерзімді валюталық өтімділік лимиті (к7.2) шетел валютасындағы бір жылға дейін өтелу мерзімі қалған активтердің орташа айлық шамасының сол шетел валютасында бір жылға дейінгі өтелу мерзімі бар тартылған талап етілетін міндеттемелердің орташа айлық шамасына қатынасы арқылы есептеледі және оның нормативтік мәні 0,6-дан кем болмауы тиіс.

Қысқамерзімі және ортамерзімді валюталық өтімділікті есептеген кезде ағымдағы валюталық өтімділік лимитін есептеуде қолданылатын активтерден басқа активтер есепке алынады.

Ағымдағы, қысқамерзімді және ортамерзімді валюталық өтімділік лимитін есептеуде міндеттемелерге барлық талап етілетін міндеттемелер, соның ішінде: есеп айрысу мерзімі белгіленбеген, банктерден алынған «овернайт» займдары, бір түнге тартылған талап ету салымдары, жеке және заңды тұлғалардың мерзімді және шартты депозитерінен басқа алдын ала өтелуін талап ету құқығы бар кредиторлардың мерзімді міндеттемелері, банктердің мерзімді және шартты депозиттері жатады.

Сонымен қатар ҚР бейрезиденттер алдындағы талап етілетін міндеттемелер бойынша ең жоғары лимит мөлшері 1-ге тең және ол, бейрезидент алдындағы міндеттемелердің банктің меншікті капиталына қатысты есептеледі.

ҚР бейрезидент алдындағы міндеттемелердің сомасына мыналар жатады:

- ҚР бейрезидент алдындағы талап етілетін міндеттемелер, соның ішінде есеп айрысу мерзімі белгіленбеген міндеттемелер;

- Бір жылға дейінгі қайтару мерзімі бар ҚР бейрезидент алдындағы талап етілетін мерзімді міндеттемелер;

жеке және заңды тұлғалардың мерзімді және шартты депозитерінен басқа алдын ала өтелуін талап ету құқығы бар кредиторлардың, яғни ҚР-ның бейрезиденттерінің мерзімді міндеттемелері, банктердің мерзімді және шартты депозиттері жатады.

Банктер ағымдағы өтімділік коэффициентін есебімен қатар активтер мен міндеттемелердің мерзімдері бойынша салыстыру кестесінде беруге міндетті (2-қосымшаны қараңыз).

Аталған активтер мен міндеттемелерді мерзімдеріне қарай салыстыру кестесін толтырғанда әрбір активтер (міндеттемелер) үшін ең аз мерзім қарастырылады және сол мерзім ішінде банк дебиторлар мен корреспонденттерінің міндеттемелерді орындауын талап етуге құқы бар. Бұл жерде активтер банктің қызметіне байланысты зияндарды жабуға арналған резервтерді (провизияларды) шегермей-ақ қамтиды.

Активтердің, міндеттемелердің және шартты міндеттемелердің графаларының барлық мәліметтері 1 мен 5-жолдар бойынша өсу нәтижелеріне қарай толтырылады. 5 және 6-жолдардың сомалары “Барлығы” деген жолға жазылып баланстың мәліметтерімен салыстырылады. “Барлығы” деген графа мен жіктелген активтер (стандарты активтерден басқасы) бөлігінің нәтижесінің алшақтығы банктің құрған резервтерінің (провизияларының) сомасына сәйкес келуге тиіс.

Өтімділік коэффициентін есептеуде мынадай баптар есепке алынбайды:

- 1) стандартты активтерден басқа активтер;
- 2) сенім туралы келісім-шартына сәйкес және кастодиандық келісім-шарт негізінде банктің сақтауға қабылдаған инвестицияланбаған қаражат қалдықтары;
- 3) Ұлттық банктің офшорлық аймақ тізіміне енбеген, офшорлық аймақта тұратын бейрезиденттерге қатысты талаптар.

Есептік мерзім ішінде банкте кредиторлар мен депозиторлар алдында мерзімі өткен міндеттемелері болса, өтімділік нормативі орындалмаған болып саналады.

5. Ашық валюталық позиция лимиті

Ұлттық банк Басқармасы Standard & Poors және басқа рейтингтік агенттіктердің “А” төмен емес ұзақ мерзімді рейтингін иеленетін шетел валюталары бойынша ашық валюталық позиция (ұзын немесе қысқа) лимитін белгіленеді.

Ашық валюталық позиция – осы уақытта немесе алдағы уақыттарда жекелеген валюталарда қаражат алу талабы мен беру міндеттемесін бейнелейтін, сол валюталардағы сандық жағынан сәйкес келмейтін активтер мен міндеттемелердің (баланстан тыс талаптар мен міндеттемелерді есепке алғандағы) арасындағы шетел валютасындағы қаражаттар қалдықтарының айырмасы.

Ұзын валюталық позиция – белгілі бір шетел валютасында бейнеленетін міндеттемелер мен баланстан тыс міндеттемелердің, активтер мен баланстан тыс талаптардан артық болып келетін сол шетел валютасындағы ашық валюталық позициясы.

Қысқа валюталық позиция – белгілі бір шетел валютасында бейнеленетін активтер мен баланстан тыс талаптардың міндеттемелер мен баланстан тыс

міндеттемелерден артық болып келетін сол шетел валютасындағы ашық валюталық позициясы.

Әрбір шетел валютасы бойынша ашық валюталық позиция жеке-жеке анықталады.

Шетел валюталарына қатысты ашық валюталық позиция лимиті талаптар шотындағы абсолюттік сома мен баланстық шоттар бойынша шетел валютасындағы міндеттемелердің арасындағы айырма жолымен есептелінеді.

Жекелеген шетел валюталарына қатысты ашық валюталық позиция лимитін есептегенде, бірінші кезекте банктің активтік және міндеттемелік баланстық шоттарында ашылған әрбір шетел валютасы бойынша шоттар қалдығы есептелінеді. Содан кейін, осы валюта бойынша шартты талаптар мен міндеттемелерді есепке алатын баланстық шоттарға ашылған шоттардың қалдықтарының сомасы анықталады.

Банктің валюталық нетто-позициясы барлық шетел валютасындағы банктің ұзын позициясының жиынтық сомасы мен барлық шетел валютасындағы банктің қысқа позициясының жиынтық сомасы арасындағы айырма негізінде есептеледі.

Шетел валютасында бейнеленген талаптар мен міндеттемелер сондай талаптар мен міндеттемелер есепке алынған шетел валютасындағы валюталық позицияның бір бөлігіндегі есепке кіреді.

Ашық валюталық позиция лимитінің нормативтік мәндері төмендегідей болып келеді:

1) ашық валюталық позиция (ұзын және қысқа) лимиті Standard & Poors және басқа рейтингтік агенттіктердің “А” төмен емес рейтингі бар елдердің шетел валюталарында және «Евро» валютасы, сондай-ақ құма бағалы металлдар бойынша банктің меншікті капиталының 12,5 пайыз мөлшерінен аспайтын шамада белгіленген;

2) ашық валюталық позиция (ұзын және қысқа) лимиті Standard & Poors және басқа рейтингтік агенттіктердің “А” төмен рейтингі бар елдердің шетел валюталары бойынша банктің меншікті капиталының 5 пайыз мөлшерінен аспайтын шамада белгіленген;

3) валюталық нетто-позициясының мөлшері банктің меншікті капиталының 25 пайыз мөлшерінен аспайтын шамада белгіленген.

Шетел валютасында операциялар жүргізуге лицензиясы бар банктер, аптаның әр жұмыс күні үшін, аптаның үшінші күнінде, әрбір шетел валютасы бойынша валюталық позиция туралы және валюталық нетто-позициясы туралы есебін арнайы бекітілген формада тапсыруға тиіс (3-қосымшаны қараңыз).

6. Негізгі қорларға және басқа қаржылай емес активтерге жұмсалған банк инвестициясының жоғарғы мөлшерінің коэффициенті

Негізгі қорларға және басқа да қаржылай емес активтерге жұмсалынған банк инвестициясының мөлшерінің меншікті капиталға қатынасының (кб) мәні 0,5-тен аспауы тиіс:

$$кб = \frac{И}{К},$$

мұндағы,

И - негізгі қорларға және басқа да қаржылай емес активтерге жұмсалынған инвестицияның сомасы, оған мыналар жатады:

- 1) ғимарат және құрылғылар;
- 2) салынып жатқан негізгі құралдар;
- 3) банктің жалға алған ғимараттары бойынша капитал шығындары;
- 4) компьютерлік жабдықтар;
- 5) көлік құралдары;
- 6) жалға беруге арналған негізгі құралдар;
- 7) қаржылық лизингке қабылданған негізгі құралдар;
- 8) басқа негізгі құралдар;
- 9) Қаржылық есептің №38 халықаралық стандартына сәйкес банктің негізгі қызметінің мақсатына сай сатып алынған, лицензиялық бағдарламалық құралдар;
- 10) басқа материалдық запастар;
- 11) капитал жұмсалымдары бойынша дебиторлық қарыздар.

7. ҚР-ның бейрезиденттерінің алдындағы міндеттемелерге қатысты банктердің капиталдануы. Бұл норматив 2007 жылы 1 сәуірден бастап енгізілді.

ҚР-ның бейрезиденттерінің алдындағы міндеттемелерге қатысты банктердің капиталдануы к8 және к9 коэффициенттерімен сипатталады.

к8 коэффициенті бұл ҚР-ның бейрезиденттерінің алдындағы банктің жиынтық міндеттемелерінің банктің меншікті капиталына қатынасы арқылы есептеледі. Оның мәні 4-қосымшада берілген.

к8 коэффициентін есептеу барасында ҚР-ның бейрезиденттерінің алдындағы банктің жиынтық міндеттемелерінен мыналар алынып тасталады:

- ҚР-ның бейрезиденттерінде қолындағы банктің айнылысқа шығарған бағалы қағаздары;
- Банктің кепілдігімен өзінің арнайы еншілес ұйымдары арқылы шығарылған бағалы қағаздар;
- ҚР-ның бейрезиденттері және резиденттері болып табылатын заңды және жеке тұлғалардың алдындағы ағымдағы және корреспонденттік шоттары бойынша міндеттемелері;
- ҚР мүшесі болып табылатын Халықаралық ұйымдар сияқты ҚР-ның бейрезиденттері алдындағы міндеттемелері.

к9 коэффициенті бұл ҚР-ның бейрезиденттерінің алдындағы банктің жиынтық міндеттемелері мен айналысқа шығарған қарыздық бағалы қағаздарының банктің меншікті капиталына қатынасы арқылы есептеледі. Оның да мәні 4-қосымшада қатарында берілген.

К9 коэффициентін есептеу барасында ҚР-ның бейрезиденттерінің алдындағы банктің жиынтық міндеттемелерінен мыналар алынып тасталады:

- ҚР-ның бейрезиденттеріне арналып банктің айнылысқа шығарған қарыздық бағалы қағаздары;

- ҚР-ның бейрезиденттері және резиденттері болып табылатын заңды және жеке тұлғалардың алдындағы ағымдағы және корреспонденттік шоттары бойынша міндеттемелері;

- ҚР мүшесі болып табылатын Халықаралық ұйымдар сияқты ҚР-ның бейрезиденттері алдындағы міндеттемелері.

Банктердің пруденциалық нормативтерді орындауына Қаржылық қадағалау агенттігі бақылау жасайды. Әр айдың алтыншы жұмыс күнінде банктер Қаржылық қадағалау агенттігіне пруденциалық нормативтердің есбегін жүргізу үшін қажетті мәліметтерін, сондай-ақ әр айдың бірінші күніне Банктің активтері мен міндеттемелерін мерзімдеріне қарай салыстыру кестесін тапсырады.

Пруденциалық реттеу жүргізу нәтижесінде анықталған банк заңдарының бұзылуына жол берген екінші деңгейдегі банктерге шектелген ықпал ету шаралары мен санкциялар қолдану банк заңдарына сәйкес жүзеге асырылды.

Банктер пруденциалық нормативтер мен орындалуы міндетті басқа да нормалар және лимиттерді, сондай-ақ ҚР Ұлттық банкінің нормативтік-құқықтық актілерін бұзса, олардың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері банктің қаржылық жағдайына және тұрақтылығына, немесе депозиторлары мен клиенттерінің мүддесіне қауіп төндіретін заңсыз әрекеттер жасаса, онда ҚР Қаржылық қадағалау агенттігі шектелген ықпал ету шараларының мынадай түрлерін қолдануы мүмкін:

а) міндеттеме-хатты талап ету;

ә) банкпен жазбаша келісім жасау;

б) ескерту жасау;

в) орындауға міндетті бұйрық хат беру.

Міндеттеме хаты – банк қызметінде жіберілген кемшіліктерді мойындап, банк басшылығы оларды қатаң түрде белгіленген мерзім ішінде жоюға дайындығы.

Жазбаша келісімі – анықталған кемшіліктерді дереу жою және онымен байланысты бастапқы шараларды бекіту туралы банк пен Ұлттық банк арасындағы келісімі.

Ескерту хаты – ҚР Қаржылық қадағалау агенттігінің банктік заңдылықпен қарастырылған санкцияларды қолдану мүмкіндігі туралы банкке хабарлауы.

Бұйрық хат – ҚР Қаржылық қадағалау агенттігінің айқындалған кемшіліктерді белгіленген мерзімде жоюға нақты шараларды қолдану қажеттілігі туралы банкке тапсырмасы.

ҚР Қаржылық қадағалау агенттігі тәртіп бұзушылықтың түріне қарай жоғарыда аталған ықпал ету шараларының біреуін немесе бірнешеуін қолдануы мүмкін.

ҚР Қаржылық қадағалау агенттігі шектелген ықпал ету шараларын қолданумен қатар банкке банктік заңдылықпен көрсетілген санкцияларды қолдану мүмкіндігін де пайдаланады.

Банкке шектелген ықпал ету шараларының бір түрін қолдану, оған бұның алдында қолданған шараларды тоқтатпайды.

Егер де банк өзіне қолданған шектейтін ықпал ету шаралары қарастыратын міндеттерді орындамаса, ҚР Қаржылық қадағалау агенттігі оған қосымша банктік операциялардың түрлерімен айналысуға лицензия беруге немесе филиал ашуға рұқсат беруден бас тартуы мүмкін.

Санкциялар. ҚР Қаржылық қадағалау агенттігі банкке қолданған ықпал ету шараларымен қатар санкциялар қолданады. Санкциялар ретінде төмендегідей шараларды жүзеге асырады:

а) Қазақстан Республикасы заң актілерімен белгіленген негізде айыппұл салу және өндіріп алу;

ә) барлық немесе жеке бір банктік операцияларды жүргізуге лицензияларды жою;

б) банкті консервациялау;

в) белгілі бір негіз бойынша банктің ашылуына рұқсатты қайтарып алу.

ҚР Қаржылық қадағалау агенттігі тарапынан екінші деңгейдегі банктердің банктік операцияларды жүргізуге рұқсат беретін лицензия қайтарылып алғаннан соң, лицензия берген органдармен тиісті шешімдер қабылданғанға дейін банктік операцияларды жүргізу тоқтатылады.

Банктік операцияларды жүргізуге лицензиясы қайтарылғаннан кейін, ҚР Қаржылық қадағалау агенттігі ондай банкті басқару үшін уақытша әкімшілік тағайындайды және барлық басқару органдарының құзыреті уақытша әкімшілікке беріледі. Сондай-ақ банкті бұған дейінгі басқарған органдарының құзыреті тоқтатылады. ҚР Қаржылық қадағалау агенттігі банктік операцияларды жүргізуге лицензияны қайтарып алғаннан кейін, белгіленген тәртіпте 10 күн ішінде банк қызметін еріксіз тоқтату туралы сотқа арыз береді.

Банкті консервациялау - банктің қаржылық жағдайын сауықтандыру және оның жұмысының сапасын жақсарту мақсатында өкіліетті ұйымның шешімі бойынша әкімшілік, заңи, қаржылық, ұйымдастыру-техникалық және өзге де шаралар кешенін мәжбүрлі түрде қолдануды білдіреді.

Банк мынадай жағдайларға байланысты консервациялауға жатуы мүмкін:

- меншікті капиталдың жеткіліктігі коэффициентін жүйелі түрде (соңғы үш ай ішінде) орындамауы;
- ҚР-ға банктер және банктік қызмет туралы заңның 48 бабында көзделгендерге байланысты.

Банкті консервациялар шаралары сол банктің меншікті қаражаты есебінен жүзеге асады.

Банктің қаржылық жағдайы нашарлаған жағдайда, ҚР Қаржылық қадағалау агенттігі оның акционерлері алдында қаржылық жағдайын сауықтыру қажеттілігі туралы, басшылықты ауыстыру немесе банкті қайта құру мәселесі туралы талап қояды және төмендегідей ұсыныстар береді:

– депозиттерді қабылдауды шектеу туралы;

- жарғылық капиталды көбейту туралы;
- дивиденттерді төлеуді тоқтату және провизияларды көбейту туралы;
- жеке филиалдар мен өкілдіктерді жабу және қызметкерлерді қосымша жалдауды тоқтату немесе шектеу арқылы шығындарды қысқарту туралы;
- банктің кез келген лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін жұмыстан уақытша немесе мүлдем босату туралы;
- жоғары тәуекелдік деңгейіндегі банктік операциялардың кейбір түрін шектеу немесе тоқтату туралы.

Депозиттерді айналымға жіберу жөніндегі іс-шаралар шеңберінде заңды тұлғалардың және жеке тұлғалардың депозиттері бойынша ақпартты анықтау мақсатымен банктерге тексеру жүргізілді.

Сонымен қатар заңға сәйкес, банктердің ерікті түрде қайта құрылуы көзделеді. Ерікті түрде қайта ұйымдастырылуға мыналар жатады:

- бірігу;
- қосылу;
- бөліну;
- қайта түрлену.

Банк акционерлерінің жалпы жиналысында қабылданған шешім банкті ерікті түрде қайта ұйымдастырылуына негіз болып табылады.

Ерікті түрде қайта ұйымдастырылуына рұқсат алу үшін мынадай құжаттар талап етіледі:

- банкті ерікті түрде қайта ұйымдастырылуы туралы ең жоғары басқару ұйымының шешімі;
- банкті ерікті түрде қайта ұйымдастырылуының шартын, нысанын, тәртібін және мерзімін сипаттайтын құжаттар;
- банкті ерікті түрде қайта ұйымдастырылуынан кейін жасалатын есеп айырысу балансын қамтитын, ерікті түрде қайта ұйымдастырылуының салдарына байланысты қаржылық болжам.

Банктің несиелік серіктестікке айналуына байланысты жоғарыда атлағна құжаттарға қоса банктік операцияларды жүргізуге арналған лицензия мен соңғы есептік күнге жасалған бухгалтерлік балансын тапсыруға тиіс.

Ерікті түрде қайта ұйымдастырылуына рұқсат алуға ұсынылған құжаттар қабылданған күннен бастап екі ай ішінде қаралады.

Жалпы банктер мынадай жағдайларды таратылады:

- күзіретті ұйымның рұқсатының болуына байланысты оның акционерлерінің шешімі бойынша (ерікті түрде тарату);
- ҚР-ның заң актілерінде көзделген жағдайларға сәйкес соттың шешімі бойынша (мәжбүрлі түрде тарату).

Мәжбүрлі түрде банкті таратуды арнайы құрылған тарату комиссиясы жүзеге асырады. Банкті таратуға байланысты шығыстардың барлығы таратылатын банктің есебінен жабылады.

Банкті тарату туралы шешім шығарған күннен бастап, оның құрылтайшыларының (қатысушыларының) банк мүлкін иеленуге құқы болмайды. Банктің мүлкін бағалауды және оны сатуды тарату комиссия жүзеге асырады. Аралық тарату балансы мен кредиторлардың талаптарының реестрін

күзиретті ұйым бекітеді. Тартып біткен соң тарату комиссиясы сотқа тарту балансы мен тарату таралу есебін тапсырады, сондай-ақ барлық құжаттарды күзиретті ұйымға хабарлай отырып, мұрағатқа тапсырады.

Қазақстандық банктік тәжірибеде жоғарыда аталған екі жағдай бойынша банктердің таратылуы орын алды. Соның нәтижесінде екінші деңгейдегі банктер саны біршама азайды, яғни бірігу, қосылу, бөліну немесе өзге банктік емес ұйымға айналу шаралары іске асты.

3.3. Банктік қадағалау әдістері

Экономикаға мемлекеттің араласу көлемінің қысқаруы және қаржылай ырықтандырылудың орын алуы, еліміздегі банк жүйесінің тұрақтылығы мен өміршеңділігіне ықпал етері сөзсіз. Бірақ бұл жерде банк мекемелерінің қаржы делдалдары ретінде халықтың уақытша бос ақша қаражаттарын тартып, оларды тұтынушылар арасында орналастыратынын ескерсек, банктердің тұрақтылығы туралы мәселені мемлекеттің назарынан тыс қалдыру дұрыс емес. Сондықтан дамыған елдер тәжірибесінде кеңінен қолданылып отырған банк жүйесінің қызметін мемлекет тарапынан қадағалау және реттеу қажеттігі туындайды.

Жалпы банктік қадағалаудың қажеттігінің мынадай негізгі себептерін бөліп атауға болады:

- банк жүйесіне деген қоғамның сенімділігін қамтамасыз ету, сол арқылы банктердің салымшыларының, несие берушілерінің және акционерлерінің мүдделерін қорғау;

- банктердің тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында, олардың банктік заңдылықтарды және нормативтік актілерді бұзу жолдарының алдын алуға бағытталған инспекциялық тексерулер жүргізу;

- сырттай (қашықтан) және іштей тексерулер негізінде банктің басынан кешкен мәселелерін және оның себептерін анықтап, сондай-ақ оларды қалпына келтіруге байланысты нақты шаралар қолдану және ұсыныстар жасау.

Қазақстандағы екінші деңгейдегі банктердің қызметін реттеу 2004 жылға дейін Ұлттық банктің банктік қадағалау департаменті көмегімен жүзеге асты.

Қазіргі кезде 2003 жылы шілде айында қабылданған “Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы” ҚР заңына сәйкес, елімізде банктік қадағалауды жаңадан құрылған мемлекеттік өкілетті орган - *Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын қадағалау және реттеу жөніндегі ҚР Агенттігі* жүзеге асырады. Бұл орган тек қана банктерге қадағалау жүргізбейді, сондай-ақ өзге де қаржы ұйымдары мен жалпы қаржы нарығының қызмет етуіне қадағалау жүргізеді.

Банктік қадағалау - бұл банк қызметіндегі қандай да бір ауытқуларды білу мақсатында бақылауды сипаттайды.


Банктік қадағалаудың басты міндеттерінің бірі – бұл банктердің қызметін реттеуді экономикалық тиімді жолмен жүргізуді қамтамасыз ету, яғни банктік сектордың сенімділігі мен тұрақтылығын қолдау. Ал, ол міндетті шешуде

банктердің қызметін қадағалаудың 2 негізгі әдісін қалай тиімді қолдану мәселесі туады.

Бұл қашықтан (дистанционды) қадағалау әдісі және инспекциялық әдісі.

Қашықтан (сырттан) қадағалау әдісі - бұл банктердің қадағалау органдарына мәліметтер беру түрінде жүргізілетін пруденциялық қадағалау әдісі.

Қашықтан қадағалау механизмі 6-суреттегі тәртіпте жүзеге асырылады.



6-сурет. Қашықтан қадағалау механизмі

Ақпараттық есеп базасы. Банктердің қызметін кешенді түрде сипаттайтын ақпараттың негізгі және жинақтаушы көздері болып табылатын банк балансы мен қаржылық есебін талдау барысында жеке банктік операциялардың тәуекелдік деңгейі мен табыстылығын, өтімділігін анықтауға, меншікті және тартылған қаражаттардың көздерін, олардың белгілі бір мерзімге немесе белгілі бір кезеңге орналастыру құрылымын айқындауға, сондай-ақ банк жүйесіндегі жеке бір банктердің қызметінің мамандануы мен маңызын белгілеуге мүмкіндік береді.

Қаржылық талдаудың мақсаты – енді пайда болып келе жатқан мәселелерді қаржылық тұрақсыздыққа ұшырауға дейін айқындау. Мұндай мәселелерді айқындау банктердің қаржылық есеп беруінен және осы мәселеге қатысты басқа да ақпараттардан (басқару сапасы туралы, сыртқы аудиттің сапасы мен аудиторлардың есеп беруінің мазмұны туралы ақпараттар) алынатын қаржылық ақпараттарды талдауды жүзеге асырумен іске асады.

Қашықтан талдау жүргізетін мамандар мынадай міндеттерді шешеді:

1) Банктердің пруденциялық нормативтер мен сақтауға міндетті басқа да нормалар мен лимиттерді, резервтік талаптар және күмәнді қарыздарға қарсы провизияларды құру барысының орындалуын тексеру.

2) Банктердің қаржылық қызметін қарастыру, оның болашақтағы жұмысы мен дамуы жайлы ой қалыптастыру, оның нәтижелерін соған ұқсас банктердің нәтижелерімен салыстыра отырып бағалау.

Екінші деңгейдегі банктердің қаржылық қызметін талдау банктердің қызметінің қаржылық жағдайы мен нәтижесіне қатысты төмендегідей маңызды сұрақтарды қамтиды:

- 1) капитал;
- 2) активтердің сапасы;
- 3) пайдалылық пен рентабельділік;
- 4) өтімділік.

Қаржылық талдаумен айналысатын мамандар банктік мәселелердің пайда болуының мүмкін болар жақтарын айқындауы тиіс.

Капиталды талдау.

Капитал – банктің қаржылық жағдайының ең маңызды көрсеткіші болып табылады.

Капитал жеткіліктілігі, оның табыстылығы сияқты қашықтан бақыланып отыруға тиіс. Сондықтан банктің капитал бойынша ұстанымын жан-жақты талдау, кез келген банкті қашықтан тексерудің маңызды элементтерін білдіреді.

Жалпы капитал жеткіліктілігі туралы өзінің ойын қалыптастыратын талдаушы мынадай сұрақтарды ескеруі қажет:

- Банк капиталы стандарттарға жауап бере ме?
 - Ең төменгі мөлшерден асқан жағдай бар ма?
 - Капитал деңгейінің банктің өзіне алған тәуекелге қатынасы қандай?
 - Ең төменгі стандарттармен жеткіліксіз есептеуге алынған тәуекелдер бар ма?
 - Банк капиталының деңгейінің өзгеру үрдісі қандай?
- Оның көбеюі мен азаюының себептері неде?
- Банк капиталының сапасы қандай?

Капиталдың кез келген бөлігін банк үшін тұрақты қаражаттар көзі деп санамауға себептер бар ма?

Активтердің сапасын талдау. Банктің активтерінің сапасы банктік операциялардың барлық аспектілеріне әсерін тигізеді. Егер қарыз алушы өзінің қарыздарын қайтармайтын болса және олар бойынша пайызды төлемейтін болса, онда банктің таза пайдасы азаяды. Ал пайдасының азаюы, өз кезегінде өтімділіктің жетіспеушілігіне әкеп соғуы мүмкін. Таза пайданың тұрақсыздығы банк капиталын көбейтуге мүмкіндік бермейді және активтер сапасының нашарлауы жалпы капиталға теріс әсерін тигізеді. Осы себептердің салдарынан банктердің төлем қабілетсіздікке ұшырауы мүмкіндігі туындайды.

Активтердің сапасын қашықтан бақылау мен талдау банктердің қызметін реттеу механизмінің маңызды бір бөлігі болып табылады. Қашықтан бақылаудың талдаушысы банк активтерінің жалпы сапасының нашарлауы

бойынша банк басшылығына хабарлайды және инспекторлық тексеру кезінде зерттелетін факторлардың қатарына қосуы мүмкін. Бірақ қашықтан басқарудың тиімділігі банк беретін ақпараттардың сапалылығымен ғана шектеледі. Ал активтердің сапасын нақты көрсететін мәліметтерді алу үшін, банкте проблемалық қарыздарды анықтауға және оларды тиісті түрде жіктеуге мүмкіндік беретін активтердің ішкі талдау жүйесі болуы қажет. Сонымен қатар, банктердің болашақтағы активтерінің сапасы қазіргі уақытта берілетін жаңа қарыздарды байланысты болады.

Жалпы активтердің сапасын қашықтан талдау кезінде тексеруші мынадай сұрақтарды көрсетуі керек:

- Өткен тоқсанда банктің несиелік жағдайында ерекше өзгерістер байқалды ма?

- Жалпы банк активтеріндегі кешіктірілген және аударылмаған активтердің үлесі қандай?

- Банктің капиталына қатысты сапасыз активтердің деңгейі қандай?

- Өткен тоқсанда немесе алдыңғы жылда сапасыз активтер сомасының жоғарылауы немесе төмендеуі қалай болуы мүмкін? Банктің сапасыз қарыздардың құрылымы қандай?

- Үмітсіз қарыздарды баланстан шығару. Шығарылған ссудалардың негізгі түрлері және олардың өсуі немесе төмендеуі?

- Банктің несиелік қызметінің шығынын жабу үшін құрылған банктің жалпы резервтерінің (провизиялар) сомасы. Банктің құрған резервтерінің (провизиялар) жоғарылауы немесе төмендеуі?

- Ұлттық банктің нормативті талаптарының сақталуы?

Табыстар мен шығыстарды талдау. Капитал, банктің қаржылық жағдайының ең маңызды көрсеткіштерінің бірі дедік. Ал капиталдың тұрақты жағдайын, сәйкес табыстарсыз қолдау мүмкін емес. Банк неғұрлым рентабельді жұмыс жасаған сайын, соғұрлым жыл сайын өзінің капиталын толықтырып және акционерлеріне пайда беріп отырады. Акционерлер банктің одан әрі дамуына жағдай жасайды. Ал шығындар, банктің капиталын азайтып немесе жойып жіберуі мүмкін. Өз табыстарын қайтара алмаған акционерлер капиталды инвестициялауды тоқтатып, соның салдарынан банк банкротқа ұшырауы мүмкін.

Сондықтан банктің табыстарын үздіксіз қашықтан бақылау қажет.

Банктің табысын талдау барысында талдаушы мынадай негізгі үш сұраққа жауап береді:

- Банктің табысының деңгейі қандай? Оның деңгейі банк капиталын құруға және қолдауға жеткілікті ме?

- Табыстардың тенденциясы қандай? Қазіргі экономикалық жағдайда оның келесі жылда жоғарылауы немесе төмендеуі мүмкін бе?

- Табыстардың тұрақтылығы қандай? Егер нарықтық пайыз мөлшерлемелерінің жоғарылаған немесе төмендеген жағдайында ол тұрақты болып қалуы мүмкін бе?

Банк өз қызметін жүзеге асыру барысында көптеген банктік операцияларды жүргізеді.

Операцияларды жүргізуде пайыздық, пайыздық емес және басқа да шығындары болады. Банк осы операцияларды жүргізуге арналған ғимараттары, құрылғылары және қызметкерлері болғандықтан, оның әкімшілік шығындары да болады. Ал осы шығындарды жабу көзі банктің табысы болып табылады. Сондықтан банк өзінің табысын тиімді болу саясатына негіздеп, бос шығындарды қысқартып, табыстың көп бөлігін банктің дамуына, өсуіне және капиталдануына жұмсауы керек. Осы орайда банктің шығындарын талдау қашықтан талдауда маңызды орын алады.

Банктің шығындарын талдауда қарастыратын негізгі мәселелер мыналар:

- шығындардың құрылымы;
- пайыздық шығындардың көлемі;
- пайыздық емес шығындар мен басқа да шығындардың көлемі;
- әкімшілік шығындар;

Өтімділікті талдау. Банктің өтімділік жағдайы оның барлық қызметінің көрсеткіштеріне әсер етеді.

Банктің өз міндеттемелері бойынша жауап бере алмауы банкке деген сенімінің жоғалуына әкеп соғуы мүмкін. Сондықтан өтімділікті қашықтан талдау мен қадағалауда өтімділікке әсер ететін банктің барлық көрсеткіштері мен жағдайлары ескеріліп, өтімді активтердің сомасы мен міндеттемелердің құрамы сияқты банктің өтімділігі бойынша объективті көрсеткіштерге көңіл аударылады. Сондай-ақ банктің өтімділігін кең түрде талдау қарастырылады.

Жалпы қашықтан қадағалаудың талдаушысы банктің өтімділігі бойынша жағдайын бағалаған кезде төмендегідей сұрақтарды қарастыруы қажет:

- Банктің өтімді активтерінің көбеюі немесе азаюы? Банктің өз міндеттемелеріне қатысты өтімді активтерінің көп немесе аз болуы?

- Банк ірі депозиттер, басқа банктердің депозиттері немесе мемлекеттік органдардың депозиттері сияқты тұрақсыз қаражат көздеріне деген тәуелділігін азайтып жатыр ма немесе көбеюде ме? Және тәуелділік деңгейі қандай?

- Банктің активтерінен асатын, жақын арада қайтаратын банктің қарыз сомасы бар ма?

- Қазақстан Республикасы Ұлттық банкпен белгіленген өтімділік бойынша талаптарды орындай ма?

Екінші деңгейдегі банктердің жағдайы туралы ақпараттарды сақтайтын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банктің электронды жүйесінің (BOSS) Ұлттық Банк алдында мынадай міндеттері болады:

- банк басшылығымен үнемі және тиімді байланыста болу;
- өз бақылауындағы банктердің жағдайы туралы банктік қадағалау департаментінің директорына жедел түрде ақпараттар беріп тұру;

- банк басшылығы мен директорлар кеңесінің кемшіліктерді түзетуге қабілеті мен ықыласына байланысты мәселелерді шешуде өздерінің шаралар жоспарын Ұлттық Банктің басшылығына қарастыруға беру;

– өзіне бекітілген банкке қатысты әсер ету шараларының орындалуын бақылау және олардың тиімділігін бағалау.

Банктердің кураторлары жаңа шарттар жоспары бойынша берілетін күнделікті баланстарға талдау жүргізеді.

Апта сайын ашық валюта позициясының лимиттері және валюталық нетто-позициясы орындалуы туралы есептерін тексереді.

Банктердің өтімділігін бақылап отыру үшін куратор банктің апта сайын берілетін ағымдағы өтімділікті орындағаны жайлы есеп беруін (талаптар мен міндеттемелердің салыстыру кестесін) тексереді.

Кураторлар банктердің қызметін реттеуде ең маңызды құралдарының бірі болып табылатын пруденциялық нормативтердің орындалуын тексеріп, олардың дұрыс есептелмегені және орындалмағаны жағдайында банкке ескертулер мен түзетулер жасайды.

Жалпы пруденциялық реттеу тәжірибесі екінші деңгейдегі банктердің пруденциялық нормативтерді сақтаумен бірге сенімді ішкі аудит жүйесін және дұрыс несие саясатымен өтімділік саясатын жүргізуге бағытталған.

Екінші деңгейдегі банктер ҚР Қаржылық қадағалау агенттігіне есеп берудің төмендегідей формаларын тапсырады:

- *700 Н формасы бойынша күнделікті балансы;*
- *ашық валюталық позицияның лимиттері және валюталық нетто-позициясы туралы апталық есебі;*
- *ағымдағы өтімділікті орындалғаны жайлы апта сайын есеп беру (талаптар мен міндеттемелерінің өзара салыстыру кестесі).*
- *пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы ай сайын есеп беруі;*
- *активтердің және шартты талаптар мен міндеттемелердің ай сайын жіктелінуін;*
- *тоқсан сайын үнемі қаржылық есеп беруі.*

Қазақстан Республикасының пруденциялық нормативтері туралы ережесіне сәйкес, к1, к2, к3,1, к3,2, к4,1, к4,2 және к5 коэффициенттерінің есептелген мәліметтерін есеп беретін айдан кейінгі айдың сегізінші күнінен кешіктірмей Қаржылық қадағалау агенттігіне тапсырады. Кураторлар әр ай сайын нормативтердің дұрыс есептелгенін тексеру үшін ақпаратты-статистикалық басқармасының есептелген мәліметтерімен салыстырып отырады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі белгіленген екінші деңгейдегі банктердің қаржылық есеп беру туралы тәртібіне сәйкес банктер Қаржылық қадағалау агенттігіне тоқсан сайын халықаралық стандарттарға негізделген қаржылық есеп береді. Қаржылық есеп беру банктік қаржылық жағдайы мен оның қызметінің нәтижелері туралы нақты мәліметтерді қамтитын отыз бес кестеден тұрады.

Кестеде берілген мәліметтер BOSS жүйесінің көмегімен автоматтандырылған әдіспен өңделеді және осы мәліметтердің негізінде банктің қаржылық жағдайы туралы толық көрініс алуға болады және салыстырмалы банктердің топтарында банктің рейтингісін анықтауға болады.

Сонымен банктер мен әр түрлі есеп берулердің негізінде қашықтан қадағалаудың қызметкерлері тоқсан сайын Статус-Репорт деп аталатын қысқаша қорытынды жасайды.

Статус-Репорт - *банктің ағымдағы қаржылық жағдайын толық бағалауға мүмкіндік беретін құжат.*

Статус-Репортты жасау барысында қашықтан қадағалау қызметкерлері "CAEL" ("CAEL", яғни М-менеджментті қарастырмағанда, CAMEL жүйесі бойынша) компоненттері бойынша банкке рейтинг беру жүйесін қолданады.

Берілген баға тек қана ішкі арналымдарға ғана қолданылады және банкке санкцияларды қолдануға негіз бола алмайды.

Бұл құжатты қарастыру қорытындылары банк бойынша сәйкес ұсыныстар берумен қатар соңғы шешім қабылдау үшін Қаржылық қадағалау департаментінің басшылығына беріледі.

Статус-Репортта көрсетілетін негізгі қаржылық көрсеткіштер мен басқа да мәліметтерге мыналар жатады:

- 1) *Банк туралы жалпы мәліметтер.*
- 2) *Меншікті капиталының көлемі мен құрылымы.*
- 3) *Банктің активтері.*
- 4) *Банктің міндеттемелері.*
- 5) *Банктің табысы мен шығысы.*
- 6) *Өтімділігі мен ең төменгі резервтік талаптар.*
- 7) *Қосымша ақпараттар.*

Талдаушы барлық жоғарыда аталған факторларды ескеріп, қашықтан тексеруді банктің өтімділік позициясын жалпы бағалаумен аяқтауы керек. Егер банктің өтімді активтерінің сапасы төмен болған жағдайда, талдаушы бұл деңгейдің міндеттемелерінің құрамына қаншалықты сай келетінін анықтауы қажет.

Сонымен қашықтан қадағалаудың талдаушысы екінші деңгейдегі банктердің банктік қадағалау департаментіне әр түрлі есеп беруін қарастырып, талдау жасау барысында банктің ағымдағы қаржылық жағдайын толық бағалауға мүмкіндік беретін Статус-Репорт деген қысқаша қорытынды құжат жасайды.

Қашықтан қадағалау қызметкерлері сондай-ақ жыл соңында төрт тоқсан бойынша қорытынды жасап, жылдық Статус-Репортты жасайды.

Сонымен қатар, қашықтан қадағалау талдаушысы:

- банктерді ашу үшін табыс ететін құжаттарды қарастырады;
- банктерге банктік операцияларды жүргізуге лицензия беру құжаттарын қарастырады;
- банктің басқарушы қызметкерлерінің кандидатуралары бойынша Ұлттық банктің біліктілік комиссиясында қаралатын сәйкес құжаттарды дайындайды;
- банктердің бағалы қағаздар проспектілерінің эмиссияларын сараптаудан өткізеді және оларды шығару қорытындылары мен орналастыруын қарастырады.
- банктің қаржылық жағдайын сауықтыру бойынша сондай-ақ оларға санкциялар немесе шектелген ықпал ету шараларын қолдануға байланысты

ұсыныстар жасайды және Банктік қадағалау департаментіне жүктелген басқа да қызметтерді атқарады.

Есеп берулер макроэкономикалық талдауға қажетті мәліметтерді керек еткенімен пруденциялық қадағалау жүйесінде есеп берулер капитал жеткіліктігі, активтердің сапасы мен өтімділік деңгейі сияқты негізгі қаржылық көрсеткіштер мен коэффициенттердің көмегімен талдау жасау арқылы банктің қаржылық жағдайын анықтау үшін қолданылады.

Қашықтан қадағалаудың жетістіктері есеп және есеп берудің нақты нұсқаулары мен нормативтеріне сәйкес берілетін мәліметтердің дұрыстығына байланысты болады, сонымен қатар берілген ақпараттардың толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз етуге көңіл бөлу керек.

Тиімді қашықтан қадағалау үшін жоғарыда аталған негізгі көрсеткіштеріне қаржылық талдау жүргізудің жоғары деңгейдегі кәсіптілігі қажет. Есеп беру мәліметтерін қаржылық талдау, топтар бойынша коэффициенттердің деңгейін, тенденцияларын салыстыру талдауын жүргізу үшін қолданылады.

Қашықтан қадағалау жеке бір банктің қаржылық жағдайында баланысты мәселелердің пайда болғаны туралы қадағалау қызметкерлерін ескертетін "алдын-ала ескерту жүйесі" ретінде қызмет етеді. Өз кезегінде қашықтан қадағалау банктің алдында тұрған тәуекелді жиі айқындай бермейді және барлық субъективтік негізгі аспектілерін жарыққа шығара алмайды.

Қашықтан қадағалау мен инспекциялау жалпы қабылданған әдістері болып саналғанмен, пруденциялық қадағалау осы екі әдісті қатар жүргізуді қажет етеді.

Қашықтан қадағалаудың *артықшылығы* - онда банктердің жағдайы туралы мәліметтер, әсіресе капитал жеткіліктілігі, өтімділігі және табыстылығы бойынша жиі жаңартылып тұрады. Соның өзінде тәуекелдің аспектілеріне жеткілікті көңіл аударуға мүмкіндік болмайды және кейбір берілген мәліметтердің дұрыстығына оның тексеруден өтпегеніне толық сенуге болмайды.

Инспекциялық (іштей) қадағалау - банктерді орналасқан жерінде тексеру арқылы олардың жағдайлары туралы нақты мәліметтер алуға мүмкіндік беретін банктердің қызметін реттеу әдісі.

Инспекциялау әдісінің артықшылығы - банктің барлық операциялары мен тәуекелін тиянақты тексеру, сондай-ақ банктің басқарылуы туралы нақты көрініс алуға болады. Сонымен қатар инспекциялар сирек – кейбір жағдайда бірнеше жылда бір рет - жүргізіледі, сондықтан банктің жағдайының барлық жақтарына үзіліссіз бақылау қызметін жасай алмайды.

Инспекциялық қадағалау механизмі 7-суретте берілген.



7-сурет. Инспекциялық қадағалау механизмі

Инспекциялауды жүзеге асыру үшін қадағалау органдары банктік операциялар мен банктік тәуекелдерді білетін жоғары білікті мамандардан тұратын топ немесе топтарды құруы қажет. Инспекциялық тексерулерді жүргізу үлкен еңбек көлемін қажет ететінін ескере отырып, қадағалау органдары тексерулер өткізілу кезеңділігін (әрбір банк кемінде жылына бір рет тексеріледі) және жүргізілетін тексерулердің көлемінің жалпы немесе шектеулілігін анықтау қажет. Банктерді инспекциялау банк тәуекелін жалпы тексеру арқылы банктің жалпы қаржылық жағдайын айқындауға, сондай-ақ кемшіліктерді жоюды қажет ететін жақтарын ескеруге негізделеді.

Қазақстан Республикасы екінші деңгейдегі банктердің қызметін реттеу механизмі қазіргі кезде көптеген елдерде қолданылатын осындай екі әдісті бірге қамтиды. Соның ішінде қашықтан қадағалау әдісі жедел тексеруді қажет ететін банктерді анықтаудың негізі болып табылатын көрсеткіштерді айқындау үшін қолданылады және тексеруді ерекше алаңдататын қызметтердің бағытын дұрыстап тексеруді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

Қашықтан қадағалау, инспекциялау барысында анықталған мәселелерді жою бойынша жұмыстардың нәтижесіне бақылау жасауы мүмкін. Осымен бірге қадағалау орындары қызметкерлерінің есеп берулерді тексеру, инспекциялау ісінде біліктілігі мен кәсіптілігі болу керек.

3.4 Банктік топтардың қызметін жиынтық қадағалау

Өткен ғасырдың 80-ші жылдарынан бастап, индустриалды дамыған елдерде қаржы-өнеркәсіптік топтардың құрыла бастағаны бәрімізге белгілі. Олардың қызметінің басты бағыттары экономиканың салалары мен нарықтың сегменттерін барынша қамтуды көздейді. Мұндай қаржы-өнеркәсіптік топтардың негізгі элементі өзге компаниялардың мүшелері бола отырып, оларды қаржыландыру мақсатында қаржы тартуды және қызмет көрсетуді жүзеге асыратын банктер болып табылады. Бұл жерде банктер бірнеше ірі клиенттердің қаржылық жағдайына тәуелділіктен туындайтын қосымша тәуекелдерге тап болады. Егерде қадағалау банктердің басқа компаниялармен байланысты туындайтын тәуекелдерін ескеретін болса, онда оны жиынтық қадағалау деп атайды.

Басқаша айтқанда, *жиынтық (консолидированный) қадағалау* – бұл банктік топтардың және банкпен аффилирленген тұлғалардың басында болатын немесе басынан кешетін барлық тәуекелдерді ескеретін қадағалаудың әдісі. Оның мақсаты – қадағалау органдарына банктік топтардың басында болатын тәуекелдерді бағалау жолымен банктердің депозиторларының мүдделерін қорғау қаржы конгломераттарының айқындығын арттыру, сондай-ақ қажет кезінде тиісті шара қолдануды талап ету болып табылады.

Жиынтық қадағалау бағдарламасын жүзеге асыру үшін біріншіден, аффилирленген тұлғаларға анықтама беру; екіншіден, қадағалаушы органның екі құзіретке ие болуға тиіс: аффилирленген тұлғалар туралы шынайы ақпараттар алуға құқылы және анықталған кемшіліктерді қалпына келтіруге байланысты шаралар қолдануға құқығының болуы.

“ҚР-ғы банктер және банк қызметі туралы” Қазақстан Республикасының заңына сәйкес аффилирленген тұлғаға мынадай анықтама берілген: “Тұлға мынадай жағдайларда банктің аффилирленген тұлғасы болып табылады, егер:

- ол банктің ірі қатысушысы болса;
- банк сол тұлғаның ірі қатысушысы болып табылса;
- сол тұлғаның ірі қатысушысы банктің ірі қатысушысы болып табылса”.

Сонымен қатар қазақстандық заңда мынадай анықтама беріледі: “Банктің ірі қатысушысы - бұл банктің дауысты акцияларының он немесе елу пайыздан астамын тікелей не жанама түрде иеленген, банктің қабылдаған шешімдеріне ықпал ету мүмкіндігі бар, ҚР резиденті не бейрезиденті саналатын жеке немесе заңды тұлға”.

Егер қадағалаушы орган банктің басқа компаниялармен байланысы негізінде туындайтын тәуекел дәрежесін бағалайтын болса, онда ол, аталған компаниялар туралы, яғни олардың қаржылық жағдайы, айналысатын кәсібі, сондай-ақ компания басқармасының және өзге жетекшілерінің өндірістік қызметке байланысты туындайтын тәуекелдерді қалай бақылайтыны туралы толық ақпараттар алуға тиіс.

Компаниялардың қызметін реттейтін елдердің заңдарында бас (ата) және еншілес компаниялар деген ұғымдар жиі кездеседі. Кейбір елдерде ата компания деп елу пайыздан астам акцияларды иеленетін компанияларды атайды. Сондай-ақ өзге елдердің заңдылықтарында “акцияны иелену” деген ұғымға қарағанда “бақылау” термині пайдаланылады.

Қазақстан тәжірибесінде еншілес банкке жарғылық капиталының елу пайыздан астамы бас банкке тиесілі болып табылатын екінші деңгейдегі банкті жатқызады.

Банктік супервизорлар үшін кеңейтілген “бақылау” ұғымы пайдаланған қолайлы, себебі, кез келген компания, өзге компаниялардың бақылауында болса, ол компанияларды жарғылық капиталының қанша мөлшері тиесілі болуына қарамастан еншілес компания ретінде қарау шартты.

Банктік топтарға халықаралық талдау жүргізу нәтижесінде белгілі болғаны, олар өздерінің еншілес компанияларының борыштық тұрақсыздыққа ұшырауына мүдделі болмайды, бұл дегеніміз өз кезегінде пайдасыз жұмыс жасайтын ондай компаниялардың ата компаниялардың беделіне нұсқан келтіретінін және банктердің депозиторлары мен кредиторларының оларға деген сенімдерінің төмендеуіне әкелетінін көрсетеді.

Жиынтық тәуекелді бағалаудан бұрын әрине банкпен тығыз қарым қатынастағы тұлғалардың және акционерлерінің тізімі нақтылануға тиіс.

Қазақстанда екінші деңгейдегі банктің ірі қатысушысы болу немесе банктік холдингті құру “ҚР банктер және банктік қызмет туралы” ҚР заңына және “екінші деңгейдегі банктің ірі қатысушысы немесе банктік холдинг мәртебесін алу туралы” ҚР Ұлттық банкісінің ережесіне сәйкес жүзеге асады. Ережеге сәйкес ондай мәртебені алуда мынадай құжаттарды тапсырады:

- сол банктің ірі қатысушысы мәртебесін алу туралы өтініш берушінің жоғары ұйымының шешімінің көшірмесі;

- банктің акциясын сатып алу шарты мен тәртібі туралы мәліметтер, соның ішінде: қосымша бетпен расталған, мәртебені сатып алуға арналған ақша қаражатының көзі және сомасы;

- өтініш берушінің атынан тапсырма алған өкіл туралы мәліметтер, соның ішінде:

жеке тұлға үшін:

- Қазақстан Ұлттық банкісінің бекіткен формасында өтініш беруші туралы, яғни еңбек қызметі, сотталғандығы, банк қызметіне байланысты құқық бұзғандығы үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылғандығы туралы қысқаша мәліметтер;

заңды тұлға үшін:

- өтініш берушінің құрылтайшылық құжаттары;
- Қазақстан Ұлттық банкісінің бекіткен формасында өтініш берушінің жетекшілік қызметкерлерінің білімі, еңбек қызметі, банк қызметіне байланысты құқық бұзғандығы үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылғандығы туралы қысқаша мәліметтер;


- аудиторлық ұйыммен куәландырылған соңғы екі қаржылық жылдағы қаржылық есебі, сондай-ақ ірі қатысушыс мәртебесін беру туралы шешім шығарудан бұрынғы тоқсанға арналған қаржылық есебі;

- ірі қатысушы атағын алғаннан кейінгі уақытқа арналған қаржылық болжам (өтініш берушісінің есеп айырысу балансы, өзге заңды тұлғамен қосылу, банкті басқаруға немесе банктің қызметіне өзгерістер енгізу туралы жоспары мен ұсыныстары).

Жалпы жиынтық қадағалауға байланысты корпоративтік топтарды үш түрге бөлуге болады:

- 1) қарапайым банктік топ;
- 2) аралас қызметі бар банктік топ;
- 3) қарапайым қаржы конгломераты;
- 4) күрделі қаржы конгломераты.

Қарапайым банктік топқа банктік қызметпен айналысатын банктің бақылауында болатын компаниялар жатады (7-сурет).



7-сурет. Қарапайым банктік топ


Қарапайым банктік топтар негізінен белгілі бір кәсіпкерлік қызметпен айналысуға бағытталған еншілес ұйымдарды ашу барысында пайда болады.


Қазақстан Республикасының заңына сәйкес банктік топтар банктерден және қаржылық қызметтер нарығында қызмет етуге бағытталған оның еншілес ұйымдарынан тұрады.

Сонымен қатар, банктік топтарды холдингтік компаниялар басқаруы мүмкін. Мұндағы холдингтік компаниялардың қызметтері еншілес ұйымдардың акцияларын иелену және меншікті инвестицияларын басқарумен сипатталады.

Аралас қызметі бар банктік топ банк қызметімен айналыспайтын компаниялар қызметіне бақылау жасайды (8-сурет).

Аралас қызметі бар банктік топқа өнеркәсіптік компаниялар және банктер бақылау жасайды.






9-сурет. Аралас қызметі бар банктік топ


Аралас қызметі бар банктік топқа өнеркәсіптік компаниялар және банктер бақылау жасайды.

Қарапайым қаржы конгломератындағы ұйымдар негізінен қаржылық қызмет атқарады және олар банктік, сақтандыру және бағалы қағаз нарығының басты қатысушы компаниялары болып табылады (10-сурет).



10-сурет. Қарапайым қаржы конгломераты

Күрделі қаржы конгломератында қаржы нарығының белсенді қатысушылары банктік емес ұйымдар не корпорациялар арқылы өздігінен бақыланады. (11-сурет). Мұндай ұйымдар банктік, бағалы қағазбен сауда және сақтандыру қызметін жүзеге асырады.



11-сурет. Күрделі қаржы конгломераты

Мұндағы, *қаржы конгломераты* деп қаржылық қызметпен айналысатын, қызметі ортақ бақылауда болатын кез келген компанияны атауға болады.

Жиынтық тәуекелді жүзеге асыру үшін банктің аффилиирленген тұлғалардың барлығын анықтап, сондай-ақ олар туралы, яғни банктің қаржылық жағдайына қауіп туғызатын ақпараттар алу және кемшіліктерді қалпына келтіру шараларын қолдану қажет.

Банктің аффилиирленген тұлғалары болып саналатындардың қызметіне жиынтық қадағалауды ұйымдастыру принциптері Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің жасаған Тиімді банктік қадағалаудың негізгі принциптерінде қарастырылған.

Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитеті әлемнің экономикалық жағынан дамыған елдерінің орталық банктерінің жетекшілерінің ұсынысы бойынша 1975 жылы құрылған. Бүгінгі күні Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитеті бұл банктерге және өзге несиелік ұйымдарға қадағалауды жүргізетін әлемнің барлық елдері кіретін дүниежүзілік ұйым болып табылады. Бұл комитеттің орталық ұйымының құрамына Бельгия, Канада, Франция, Германия, Италия, Жапония, Люксембург, Нидерландия, Швеция, Швейцария, Бірккен Хандық, АҚШ сияқты елдердің орталық банктері мен қадағалаушы органдарының жетекшілері кіреді. Комитеттің мәжілісі Швейцарияның Базель қаласында орналасқан Халықаралық есеп айырысу Банкінде өтеді.

1997 жылы қыркүйек айында Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитеті Тиімді банктік қадағалаудың негізгі принциптерін жасады. Тиімді банктік қадағалаудың негізгі принциптері 25, оларды бірнеше топқа топтастырып былай беруге болады:

- тиімді банктік қадағалауды жүргізудің ортақ шарттары;
- банкті және оның иелік ету құрылымын лицензиялау;
- пруденциалдық нормативтерге және өзге нормалар мен лимиттерге қойылатын талаптар;
- қашықтан банктік қадағалау әдістері;
- банктердің есебіне қойылатын талаптар;
- қадағалау органдарының күзіреті;
- банктердің халықаралық қызметі.

Банктік қадағалау – банктік заңдылықтардың орындалуын қамтамасыз ететін әртүрлі мемлекеттік органдардың қызметін сипаттайды.

Банктік қадағалау жүйесіне мыналар кіреді:

- қадағалауға жататын банктік мекемелердің түрлері;
- банктік операцияларды жүргізуге арналған лицензиялар беру процедурасы;

- бухгалтерлік есеп, банктік және статистикалық есеп стандарты;
- банктік қызметке берілген лицензияларды жоққа шығару немесе банктік операцияларды шектеу;
- аудиторлық тексерулердің міндеттілігі;
- банкті уақытша басқару әкімшілігін тағайындау;
- банкті төлем қабілетсіз деп жариялау.

Банктік қадағалауды ұйымдастыру құрылымы әр елде әр түрлі. Ұлыбритания, Италия, Нидерланды елдерінде коммерциялық банктердің қызметіне қадағалауды ұлттық орталық банктері жүргізеді.

Канада және Швейцарияда қадағалау органдары орталық банктен тыс қызмет етеді. Ал, Германия, АҚШ және Жапония елдерінде аралас жүйе, яғни қадағалауды орталық банктер мен бірге қадағалау жөніндегі мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі 1995 жылы Базель комитетінің келісіміне қол қойған күннен бастап, жоғарды аталған принциптерді орындауға міндеттеме алғандықтан оларды орындауда. Бүгінгі күні Жиынтық қадағалау туралы заңының қабылданбай отыруына байланысты бірқатар принциптер ғана толық орындалмауда, ал қалған принциптерді орындап отыр десе болады.

Жиынтық қадағалау Қазақстандағы банктік топтардың қызметіне қадағалау жүргізуге толық мүмкіндік береді.

Айталық, 2005 жылдың 1 қаңтарындағы мәліметтер бойынша Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарының қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі ҚР агенттігі 9 банктік топтарға жиынтық қадағалауды жүргізеді (6-кесте).

6-кесте.

Қазақстандағы банктік топтар*

Бас банктің аттары	Банктік топтардың қатысушыларының аттары
Қазкоммерцбанк АҚ	“Қазкоммерцбанк Қырғызстан” ААҚ, КБ “Москоммерцбанк”, “Қазкоммерц Инвест” АҚ, “Қазкоммерцсекьюритиз”, “Kazkommerts International BV”
“БанкТуранӘлем” АҚ	“ТуранӘлем Секьюритиз” ЖШС, “БТА Лизинг” АҚ, “TuranAlemFinance” В.В., “Қазақстан” МЖЗҚ, “Құрмет” МЖЗҚ, “Kazko Construction” LTD, “Force Technologi” ЖШС, “Real Estate” ЖШС
“Қазақстан Халық Жинақ банкі” АҚ	“Казтелепорт” АҚ, “Халық-лизинг” АҚ, HSBK (Europe) В.В., РФ-ның Челябинск қаласындағы “Хлебный” АҚБ, шетелдік сақтандыру компаниясы “Казинстрах” АҚ, Қазақстан Халық банкі МЖЗҚ
“БанкЦентркредит” АҚ	“Капитал” МЖЗҚ АҚ, “Центр Лизинг” ЖШС, “Актас жол” ЖШС, “KIB Asset Menegement”
“Темірбанк” АҚ	“Темір Capital BV”, “Темір Лизинг” АҚ

“Нұрбанк” АҚ	“Нұр-Траст” ЗАИБЖҰ АҚ, “Нұр-Секьюритиз” АҚ, “Нұринвест” Лизинг компаниясы ЖШС, “Гранд-Ломбард” ЖШС, “Меркур-Ревард” СК АҚ, “Money experts” брокер-дилер
“Банк Каспийский” АҚ	“Алматы Халықарылық Сақтандыру тобы СК” АҚ
“АБН АМРО Банк Қазақстан” АҚ	АБН АМРО “Asset Menegment” ЗАИБЖҰ АҚ, “АБН АМРО-КаспийМұнайГаз” ЖЗҚ
“Алматы сауда қаржы банкі” АҚ	“АТФ Полис СК” АҚ, “ДКСЖ “АТФ LIFE” АҚ

* Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарының қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі ҚР агентігінің материалынан

Банктік топтардың қызметін реттеу мақсатында ҚР Ұлттық банкі олардың орындауына міндетті мынадай пруденциалдық нормативтер белгілейді:

- жарғылық капиталдың төменгі мөлшері;
- меншікті капиталдың жеткілікті коэффициенті;
- бір қарыз алушыға келетін тәуекелдің ең төменгі мөлшері.

Банктік топтардың жарғылық капиталының ең төменгі мөлшері 1,5 млрд. теңге көлемінде бекітілген.

Меншікті капиталдың жеткілікті коэффициенті бекітілмеген, сондай-ақ оған талап қойылмаған болса, онда ең төменгі меншікті капиталды анықтау үшін активтер мен шарты және мүмкін міндеттемелерді 0,2 көбейтеді.

Банктік топтың меншікті капиталы келесідей түрде есептеледі:

$$MK = НМК + (ҚНМК - ҚМКТ),$$

мұндағы,

МК – меншікті капитал;

НМК – банктің нақты меншікті капиталы;

ҚНМК – банктік топтың қатысушысының нақты меншікті капиталының мөлшері (банктен басқа);

ҚМКТ – банктік топтың қатысушысының меншікті капиталының ең төменгі мөлшері (банктен басқа).

Меншікті капитал жеткіліктігі банктік топтың меншікті капиталының тәуекел дәрежесіне қарай өлшенген активтер мен шартты және мүмкін міндеттемелерге қатынасы және үлесі былай есептеледі:

$$K = \frac{MK - Y}{A - П}$$

мұндағы,

K – меншік капиталының жеткіліктігі коэффициенті;

Y - азшылық үлесі;

А - тәуекел дәрежесіне қарай өлшенген активтері мен шартты және мүмкін міндеттемелер;

П – меншікті капиталға кірмеген арнайы құрылған резервтер және жалпы құрылған резервтердің сомасы.

Меншікті капиталының жеткіліктігі коэффициенті 0,12 -ден кем болмауы тиіс.

Бір қарыз алушы деп банктік топтың қатысушысының алдында қандай да бір міндеттеме бойынша борышқор болып табылатын кез келген тұлға. Мұндағы банктік топтың бір немесе бірнеше борышқорларынан тұратын топтар үшін тәуекел мөлшері мынадай міндеттемелердің бірі болса ғана есептеледі:

- борышқорларының бірі акциялардың 25%-дан астамын иеленеді;
- борышқорлардың акцияларының 25%-дан астамын иеленетін және оған тікелей не жанама бақылау жасайтын тұлғалар.

- борышқордың бірі екінші біріне өзінің меншікті активтің пайдалануына беріп, немесе оның кепілшісі ретінде болып табылатын, сондай-ақ екіншісінің міндеттемесі үшін жауапты тұлға;

- борышқорлар банктік топтың қатысушы болып табылмайтын борышқор тұлғаға өздерінің меншікті активін беріп, немесе оның міндеттемесі үшін жоғары тұлға алдында жауапты тұлға.

Банктік топтың бір қарыз алушысына келетін тәуекелдің ең жоғары мөлшері былай есептеледі:

$$ЖТ = \frac{T}{МК}$$

мұндағы,

ЖТ – бір қарыз алушыға келетін тәуекелдің ең жоғары мөлшері;

T - бір қарыз алушыға келетін банктік топтың тәуекелдің мөлшері;

Бір қарыз алушыға келетін тәуекелдің ең жоғары мөлшері аффилирленген тұлғаларға қатысты меншікті капиталдың 10%-нан және банктік топтың бір қарыз алушысына келетін тәуекелдің ең жоғары мөлшері әр қайсысы аспауға тиіс меншікті капиталдың 10%-нан аспаған жағдайда банктің топтың меншікті капиталының мөлшерінің сегіз есе көлемінен аспауы тиіс..

2004 жылдың 1 қаңтарынан Қазақстандық бірқатар банктік топтардың пруденциалдық нормативтерінің есебі 7-кестеде көрсетіледі.

7-кесте.

ҚР-ғы банктік топтардың пруденциалдық топтардың есебі

Банктік топтың аттары	ЖК min (≥ 1,5 млрд. тенге)	$K \geq 0,12$ (МК жетк.)	ЖТ < 10% (байланыс ты қарыз алушы үшін)	ЖТ < 25% (бір қарыз алушы үшін)	ЖТ < 800% (МК-дың 10%-нан аспайтын тәуекел)
Қазкоммерцбанк АҚ	2 392 418	0,15	4	18	96,78
“БанкТуранӘлем” АҚ	2 3 410 908	0,14	0,13	24,71	164,5
“Қазақстан Халық Жинақ банкі” АҚ	9 896 800	0,15	6,46	15,81	99,46
“БанкЦентркредит” АҚ	5 063 339	0,15	2	21	136
“Темірбанк” АҚ	3 077 500	0,19	9	19	108
“Нұрбанк” АҚ	3 807 500	0,20	1	18	42,03
“АБН АМРО Банк Казахстан” АҚ	2 200 000	0,50	0,9	20,9	37

* Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарының қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі ҚР агентігінің материалынан

ҚР қаржылық қадағалау агенттігінің пайымдауынша банктік топтарға арналған пруденциалдық нормативтердің қолданыла бастаған уақытынан бастап, олардың еншілес ұйымдарының қаржылық-шаруашылық көрсеткіштері жақсарған.

3.5 Банк қызметін рейтингтік бағалау және CAMEL жүйесі

Жалпы қаржылық жағдайды анықтауда банктің негізі көрсеткіштерін және капиталдың сәйкестілігін, активтердің сапасын, басқаруды (менеджмент), табыстылығы мен өтімділігін бағалайтын *CAMEL жүйесі* қолданылады.

анктің қаржылық жағдайын жан-жақты тексерулер барысында мынадай сұрақтар қамтылады:

а) Банктің қаржылық жағдайымен жүргізілетін операциялардың саласын анықтау.

Бұл активтер мен кассаны түгендеу, ішкі бақылау шараларын орындауын тексеру, белгіленген тәртіптерді сақтау мен құжаттардың дұрыс жүргізілуі;

ә) басқару сапасын бағалау, олар төмендегілерді қамтиды:

– операторлар жағынан басшылықтың бақылауын бағалау;

– банк басшылығына берілген құзыреттер мен олардың жүзеге асу тәртібін зерттеу;

– қызметкерлердің қызметке сәйкестігін және қайта дайындау тәртібі;

– иерархиялық құрылым мен екі жақты бақылау.

б) заңдар мен инструкцияларды сақтауына бақылау жасау. Құжаттар мен заңдардың және белгіленген әдістердің сақталуын тексеру;

в) бухгалтерлік есеп беруді жүргізудің дәлдігі.

Аудиторлық тексеру нәтижесінде алынған санкциялар мен рекомендацияларды сақтау, келісімдер бойынша құжаттарды жүргізудің дәлдігін және дұрыстығын бағалау.

г) Активтердің сапасын тексеру.

Операторлар кеңесімен жасалған несиелік саясатының толықтығы төмендегідей бағыттарды қамтиды:

- жеке тұлғалар мен компанияларға берілетін несиелердің қатынасы;
- банктер үшін қолайлы бағалы қағаздардың түрлері;
- бағалау тәртібі;
- ссудалардың шекті көлемі;
- несиені бағалау әдістемесі;
- несиенің қайтарылуы мен несиелік қабілеттілігін бақылау;
- несиенің "ескіруі", пайыздардың тоқтатылуы мен несиелік бойынша шығындарды жабу үшін резервтерді құру.

д) банктің төлем қабілеттілігін бағалау. Бұдан кейін банктің төлем қабілеттілігі мен банк балансы бағаланады. Бұл әдетте банктің жоғары менеджментімен және аудиторларымен жеке-жеке қарастыруды қамтиды.

Тексерушілер сондай-ақ банктің қызметін АҚШ-тың Федералды резервті жүйесімен жасалған "CAMEL" жүйесіне сәйкес бағалайды.

Банктің табыстылығын тексеруде СПРЭД-тің банк қызметкерлерінің еңбек өнімділігіне және активтер сомасынан пайда алу коэффициентіне қатынасына мән береді.

Басқа жағынан банктің қаржылық жағдайын тексеру банк басшылығымен немесе оның акционерлері мен салымшыларға қатысты алаяқтық жағдайлар мен заңға қарсы келетін іс-әрекеттерді айқындайды. Мұндай іс-әрекеттер, әсіресе қазіргі кезде банктік алаяқтардың өз құралдарын халықаралық байланыстарда пайдаланып, оларды заңсыз жолмен шығаруға барлық мүмкіндіктерін салуынан көрініп отыр. Банкті тексерушілер заңсыз қызметтер мен алаяқтықты болдырмау мақсатында басқа да органдармен ақпараттар алмасу саласында тығыз қарым-қатынас жасайды.

Инспекциялау банктің қызметтерінің толық немесе жеке бір сұрақтар бойынша зерттеу жолымен, оның нақты қаржылық және институционалды жағдайы туралы мәліметтерді анықтау үшін және банктің басшылары немесе жеке қызметкерлерінің қызметінің қазіргі заңдылыққа сәйкестігін тексеру үшін жүргізіледі. Банктерді инспекциялауды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі дербес түрде немесе басқа ұйымдардан мамандарды шақыру арқылы жүргізеді. Ұлттық банктен банктерге кешенді және ағымдық тексерулер жүргізілуі мүмкін.

Банкті тексеру бойынша комиссияның басшысы, қажет болған жағдайда, оның мүшелері арасында нақты міндеттердің болуы мен жұмыстың жоспарын анықтайды. Комиссия инспекциялауды жүргізу бойынша өзінің жұмысын өз бетінше ұйымдастырады және танысу үшін банктен барлық қажетті құжаттарды алуға құқылы. Банк талап етілген құжаттарды дайындауға және тексерушілерге беруге жауапты өз мамандарын анықтайды.

CAMEL рейтинг жүйесі - қаржылық есеп беру мәліметтері мен инспекциялық тексерулердің нәтижесі бойынша банктің жағдайына баға беруге болатын банкті қаржылық талдаудың әдісі.

Рейтинг жүйесінің *CAMEL* атауы талданатын компоненттердің алғашқы әріптерінен құрылған:

C – (*capital adequacy*) – капиталдың жеткіліктілігі, мұнда банктің міндеттемелерін қамтамасыз ету үшін капиталдың жеткіліктілігі, яғни меншікті капиталының көлемі бағаланады.

A – (*asset quality*) – активтердің сапасы, мұнда активтердің сапасы анықталады, сонымен бірге, несиені қайтаруды қамтамасыз етуге және проблемалы несиенің жалпы банктің қаржылық жағдайына әсер етуіне баға беріледі.

M – (*management*) менеджмент - банк қызметінің тиімділігіне, қалыптасқан жұмыс тәртібі мен заңды және нормативтік актілердің талаптарының орындалуына бақылау әдістерін ескере отырып, банкті басқару әдістері бағаланады.

E – (*Earnings*) – табыстылығы (*пайдалылығы*) - банктік қызметтерді кеңейту перспективалары үшін, оның табысының жеткіліктілігі тұрғысынан банктің рентабельділігі бағаланады.

"L" – (*Liquidity*) – өтімділік, банктің ағымдағы және болашақтағы міндеттемелерін орындау үшін өтімді активтерінің жеткіліктілігі, яғни өтімділік деңгейі анықталады.

CAMEL жүйесінің компоненттерін бағалау Ұлттық банкке берілетін қаржылық есеп берулердің мәліметтері бойынша жүргізіледі. Бірақ та оларды нақтырақ бағалау үшін инспекциялық тексерулерді жүргізу қажет. Бұл жүйе бойынша банкті бағалау үзідіксіз процесс болып табылады. Дегенмен де бағалауды инспекциялық тексерудің соңында жүргізгенді дұрыс санайды.

CAMEL жүйесінің бес компонентінің әрқайсысын: капиталдың жеткіліктілігі, активтердің сапасын, басқару, табыстылығын және өтімділігін бағалауды жүргізгенде мынадай принциптер мен тәртіптерді ескеруі қажет:

1-рейтинг (тұрақты):

- өте жақсы нәтижелер мен қаржылық тұрақтылық;
- бағалануы өте жоғары немесе басқа банктерге қарағанда жоғары.

2-рейтинг (қанағаттанарлық):

- қызметінің нәтижелері қанағаттанарлық (күрделі мәселелер табылған жок);
- қызметінің нәтижелері орташадан жоғары немесе орташа деңгейде;
- қаржы операцияларының қауіпсіздігі мен сенімділігін қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайлар жасалған.

3-рейтинг (орташа):

- қызметінің нәтижелері қанағаттанарлықсыз;
- бағалануы орташа немесе қанағаттанарлықтан төмен;
- сапасы орташадан төмен.

4-рейтинг (шекте):

- орындалуы орташа деңгейден төмен;

– банктің қызметіндегі кемшіліктері болашақта банк қызметіне қауіп төндіретіні анық көрініп тұр.

5-рейтинг (қанағаттанарлықсыз):

- қызметінің нәтижелері сөзсіз нашар;
- мәселелері асқынған және тез арада шаралар қолдануды талап етеді;
- егер кемшіліктерді жою бойынша шаралар қолданбаса, банктің банкротқа ұшырау қаупі бар.

Капиталдың жеткіліктігі. Капитал салымшылардың қаражаттарын қорғайтын ең басты құрал болып табылады. Тұрақты капиталы бар банктің өзінің салымшыларына қауіп төндірмей үлкен шығындарды өз мойнына алу мүмкіндігі болады.

Сонымен қатар, банктердің халықаралық стандарттарға өтуі бойынша оларды бірінші немесе екінші топқа жатқызуға байланысты әрбір банк үшін белгіленетін жеке бақылау белгілері бар.

Меншікті капиталдың (МК) жеткіліктігіне қатысты сапалы көрсеткіштерді талдау үшін төмендегідей көрсеткіштерді есептеуге болады:

$$\text{Активтердің өсу қарқыны} = \frac{\text{Берілген жылғы есепті кезеңдегі активтер} - \text{Өткен жылғы есепті кезеңдегі активтер}}{\text{Өткен жылғы есепті кезеңдегі активтер}}$$

$$\text{Меншікті капиталдың (МК) өсу қарқыны} = \frac{\text{Берілген жылғы есепті кезеңдегі МК} - \text{Өткен жылғы есепті кезеңдегі МК}}{\text{Өткен жылғы есепті кезеңдегі МК}}$$

$$\text{Дивиденттердің пайдаға қатынасы} = \frac{\text{Дивиденттер}}{\text{Пайда}}$$

$$\text{Пайданың меншікті капиталға қатынасы} = \frac{\text{Дивиденттер}}{\text{МК}}$$

SAMEL жүйесі бойынша капиталдың рейтингісін жүргізудің жалпы принциптері мынадай:

1-рейтинг (тұрақты):

- банктің меншікті капиталының жеткіліктілік коэффициенттері (k_1 , k_2) белгіленген минималды белгілерден екі немесе одан көп есе жоғары болса, яғни 12 % және 24 %-ға тең немесе одан жоғары;

- банктің меншікті капиталының көрсеткіштері басқа банктермен салыстырғанда жоғары болса.

Осы рейтингтегі банктер сәйкесінше капитализацияланған және болашақта жақсы капитализацияланған деп есептелінеді.

2-рейтинг (қанағаттанарлық):

- k_1, k_2 коэффициенттері 8 %-пен 14 % -ға тең;
- банк капитал көрсеткіштері бойынша банктерді салыстыру тобында ең бір жақсы банктердің бірі болып табылады;
- инспекциялаудың нәтижесі бойынша банктің активтерінің сапасы қанағаттандырылған немесе орташа.

Бұл деңгейдегі банктер қазіргі кездегі жеткілікті капиталдары және оны болашақта да сақтайды деп айтуға болады.

3-рейтинг (орташа):

- k_1, k_2 коэффициенттерінің көрсеткіштері белгіленген нормативтерге сәйкес, яғни 6 % және 12 %-ге тең;
- капитал көрсеткіштері бойынша банктерді салыстыру тобында ең аз дегенде орташа жағдайда орналасатын банктер;
- инспекциялық тексерулер нәтижесінде анықталған активтердің сапасы орташа банктер.

4-рейтинг (шекті):

- белгіленген нормативтердің (k_1, k_2) ең болмаса біреуін орындап жүрген немесе капитал жеткіліктілігі көрсеткіштері 6 % және 10 %-ға тең банктер;
- банктерді капитал көрсеткіштер бойынша салыстыру тобында соңғы орындардың бірінде орналасқан банктер;
- инспекциялық тексерудің нәтижелері бойынша әлсіз немесе активтердің сапасы жағынан проблемалары бар банктер.

Бұл рейтингтегі банктердің капиталы жеткіліксіз және оның жағдайы банктің өмір сүруі мен төлем қабілеттілігіне қауіп төндіреді.

5-рейтинг (қанағаттанарлықсыз):

- капитал жеткіліктілігінің көрсеткіштері белгіленген нормативтерден төмен немесе теріс көлемді капиталы бар банктер;
- банктерді капитал көрсеткіштері бойынша салыстыру тобында нашар банктердің қатарына жататын банктер;
- инспекциялық тексерудің қорытындылары бойынша активтерінің сапасы шекті немесе қанағаттанарлықсыз болған банктер.

Бұл рейтингтегі банктерге акционерлер немесе басқа да қолдау көздері жағынан жедел жәрдем жасау талап етіледі. Қаржылық және басқа да әлсіз жақтары банктің төлем қабілеттілігіне қауіп төндіреді.

Активтердің сапасы. Банктің активтерінің сапасын талдаудың мақсаты болып банктің есеп беруінде олардың өмір сүру қабілеттілігі мен құны дұрыс көрсетілгенін анықтау. Тәуекел деңгейін анықтауда активтердің әр деңгейдегі тәуекелінің бар екенін ескеру қажет. Белгілі бір активтердің түрлері тәуекелмен ешбір байланыссыз болады. Мысалға, кассадағы қолма қол ақша немесе Ұлттық банктегі корреспонденттік шоттағы қалдық. Бұл активтерге қарама-

қарсы 100 % тәуекелі бар активтер бар. Мысалы, оларға банктен берілетін несиелер жатады.

Активтердің сапасын талдау барлық активтердің түрлерін сондай-ақ баланстан тыс активтер мен несие портфеліндегі проблемалы активтердің негізгі бөлігін қамтиды. Сондықтан несие портфелінің сапасын талдауға көп көңіл бөлуді қажет етеді. Бұл талдаудың негізгі принципі несиенің қайтарылуын қамтамасыз етуді талдау болып табылады. Біріншіден, инспектор келесі жақтарына көңіл аударуы керек:

1) несиені өтеу келісім-шартқа сәйкес жүргізіліп жатыр ма, әлде төлемдер кешіктірілген бе?

2) қарыз алушы кәсіпорынның қаржылық жағдайы тұрақты ма, әлде қаржылық жағдайы нашарлап қалды ма?

3) қарыз алушы несиені қайтара алмаған жағдайда банктің несиенің орнын жабу үшін қосымша қамтамасыз ету қаражаттары немесе несиені қайтарудың басқа түрлері бар ма?

Егер банк несие бойынша шығындарды жабуға провизиялар құрған болса, онда құрылған провизиялардың сомасын активтердің жіктелінуіне дейінгі сомасынан алынып тасталынады.

Активтердің сапасын талдау жіктелінген активтердің орташа құны мен банк капиталының қатынасына негізделеді. CAMEL жүйесі бойынша активтердің сапасын бағалаудың негізгі принциптері 8-кестеде келтірілген

8-кестеде.

Активтер сапасын бағалау принциптері

Жіктелген активтер құнының капиталға қатынасы	CAMEL рейтингісі
5%-дан кем емес	1. Тұрақты
5% -дан 15%-ға дейін	2. Қанағаттанарлық
15%-дан 30-ға дейін	3. Орташа
30%-дан 50-ға дейін	4. Шекті
50%-дан жоғары	5. Қанағаттанарлықсыз

1-рейтинг (тұрақты). Мерзімі кешіктірілген немесе жіктелінген активтердің саны аз, несиенің нашар орналастырылуына қарсы тұру үшін ішкі бақылау жүйесі мен басқару механизмдері жеткілікті банктер.

Бұл рейтингтегі банктердің диверсификацияланған несиелік портфелі болуы және бір қарыз алушыға келетін тәуекелдің ең жоғарғы мөлшері мен банкпен ерекше қатынастағы тұлғаларға байланысты талаптардың орындауы керек.

2-рейтинг – (қанағаттанарлық). 1-рейтингке жатқызылған банктерге қарағанда, бұл рейтингтегі банктердің мерзімі кешіктірілген немесе жіктелінген активтерінің мөлшері үлкен болады, бірақ проблемалы активтердің көлемі орташа ал, жалпы активтердің сапасы қанағаттандырарлық болады.

Несие саясаты мен ішкі бақылау жүйесінің саясаты жалпыға сәйкес деп бағаланады, сондай-ақ кез келген айқындалған шығындарды жұмыс тәртібінде түзеуге болады.

Бұл рейтингтегі банктердің де диверсификацияланған несиелік портфелі болуы және бір қарыз алушыға келетін тәуекелдің ең жоғарғы мөлшері мен банкпен ерекше қатынастағы тұлғаларға байланысты талаптарды орындауы керек.

3-рейтинг (орташа). Бұл рейтингтегі банктердің мерзімі кешіктірілген және жіктелінген активтердің көлемінің жоғары болып келуі қауіп төндіреді. Жалпы жіктелінген активтердің деңгейі әзірше банктің капитализациялануын қажет етпейді, бірақ жағдайдың нашарлап кету мүмкіндігі бар. Мұндай банктер берілген несиелердің қайтарылуын талап етуді жеткілікті деңгейде қамтамасыз етпеген.

Банктің жағдайын жақсарту үшін ішкі бақылау әдістерін жетілдіру қажет.

4-рейтинг (шекті). Бұл рейтингтегі банктердің мерзімі кешіктірілген және жіктелінген активтердің көлемі шығынды және активтердің сапасы нашар деп бағаланады. Жағдайды түзетуге байланысты жедел түрде шаралар қолданбаса, проблемалы активтердің деңгейі мен ауыртпалығы болашақта банктің төлем қабілетіне қауіп төндіруі мүмкін.

Мұндай банктердің несиелерді басқаруы нашар, несие саясаты мен ішкі бақылау механизмі әлсіз болады және басқару мен иемдену мәселелері бойынша заңсыз іс-әрекеттердің де болуы мүмкін. Бұл банктердің несиелік портфелі банкпен ерекше қатынастағы тұлғалардың белгілі бір санымен ғана шектеледі.

Банктер мен ерекше қатынастағы тұлғаларға байланысты талаптардың орындалмауын сипаттайды.

5-рейтинг (қанағаттанарлықсыз). Бұл рейтингтегі банктердің мерзімі кешіктірілген және жіктелген активтер көлемінің нашар жағдайы және банктің төлем қабілеттілігіне нақты қауіп туғызады.

Сауықтыру бойынша бірнеше механизмдерді іске қосып және ағымдағы шығындарды қысқартуға байланысты жақын арада шаралар қолданбаса банктің банкротқа ұшырау қауіпі бар.

Табыстылық. Табыстылық пен рентабельділік банктің жұмысының маңызды көрсеткіштері болып табылады.

Табыстылықты талдауда ең алдымен мынадай факторларды ескеру қажет:

– банкте уақыт өткен сайын өзінің құнын жоғалтатын активтердің (құралдар, негізгі құралдар) амортизациялау тәжірибесі бар ма?

– салық бойынша қарыздың есептелуі дұрыс жүргізіле ме?

– салықты төлегеннен кейін акционерлерге дивидент түрінде төленген сомалардың есеп баптарында көрсетілуін тексеру.

Өйткені дивидент түрінде төленген таза пайданың жоғары болуы банктің пайдасының көп бөлігін өзінің капиталын көбейтуге жіберілетін бөлінбеген пайда түрінде сақтамағанын көрсетеді.

Берілген есеп беру мәліметтердің растығын тексерген соң, CAMEL жүйесі бойынша рейтингті анықтау үшін пайдалылықты талдау жүргізіледі. Пайдалылықты талдау жылдың соңында жүргізіледі. Пайдалылықты талдау мынадай принциптерге сүйенеді (9-кесте).

9-кесте.

Пайдалылықты талдау мынадай принциптері

Активтердің орташа құнына қатысты қайтарымдылық көрсеткіштері	CAMEL жүйесі бойынша рейтингісі
1%-дан жоғары	1. Тұрақты
0,75% -дан 1%-ға дейін	2. Қанағаттанарлық
0,50%-дан 0,75%-ға дейін	3. Орташа
0,25%-дан 0,50%-ға дейін	4. Шекті
0,25%-дан төмен немесе шығындар	5. Қанағаттанарлықсыз

Банктің пайдалылық көрсеткіші активтердің орташа құнына қатысты қайтарымдылық коэффициенті болып табылады. Ол төмендегідей түрде есептеледі:

Дивиденттерді төлегенге дейінгі және салықтарды төлегеннен кейінгі таза пайда

Активтердің орташа құны

Өтімділігі. Өтімділікті талдау үшін кез келген көрсеткішті қолдану мүмкін емес және CAMEL жүйесі бойынша өтімділік рейтингісін анықтау үшін инспекторға бірнеше факторларды ескере отырып, өзінің жеке ойын басшылыққа алуы қажет:

1) салымдардың көлемін, яғни банктің депозиттерінің қанша бөлігі негізгі депозиттерді (банктің қолында ұзақ мерзімге қалатын депозиттер), оның алдын ала ескертусіз шоттардан алынуы мүмкін салымдар бөлігімен салыстыруды (талап еткенге дейінгі депозиттер);

2) активтердің өтімді түрде болуы немесе өтімді түрдегі активтерге тез айналатын активтердің болуы (өтімді түрде активтер көп болған сайын өтімділік деңгейі жоғары болады);

3) банктің қарыз қаражаттарына деген қажеттілік деңгейі, яғни банкаралық нарықта несие желісін ашу келісімі бойынша алынған қаражаттар немесе Ұлттық банктен алынған қаражаттардың тартылған ресурстардың жалпы көлеміне қатынасы (бұл деңгейдің жоғары болуы банктің өтімділік позициясына мазасыздық туғызады);

4) банк басшылығының өтімділік деңгейін басқару қабілетін және банктің өтімділікті реттеудегі өзінің жеке ішкі саясаты мен принциптерін сақтауы.

Бұдан басқа әр түрлі төмендегідей қатынастарды қолдануға болады.

1) Берілген несиелер

Депозиттік салымдар

2) Өтімді активтер

Салымдар

CAMEL жүйесі бойынша өтімділікті талдаудың жалпы критерийлері:

1-рейтинг (тұрақты). Бұл рейтингтегі банктердің өтімді активтерінің көлемі жеткілікті. Банктің ішкі бақылау әдістері мен ақпаратты өңдеу жүйесі банк басшыларына сәйкес мәліметтерді беріп отырады. Банкте депозит түрінде несиелеудің үлкен көлемді көздері бар. Өтімділік деңгейі бойынша банктерді салыстырғанда бұл банктің өтімділік коэффициенті жоғары.

2-рейтинг (қанағаттанарлық). Бұл рейтингтегі банктерде өтімділік деңгейінің төмендеуі мен қарыз қаражаттарына тәуелділігінің жоғары тенденциялары байқалады. Банкте депозит түрінде несиелеу көздерінің белгілі бір бөлігі ғана бар. Және тез арада қаржы қаражаттарын тартудың белгілі бір мүмкіндігі бар. Өтімділік коэффициенті басқа банктермен салыстырғанда орташа деңгейден жоғары.

3-рейтинг (орташа). Бұл рейтингтегі банктерде өтімді активтер көлемі жеткіліксіз. Өтімділік коэффициенті басқа банктермен салыстырғанда орташа.

4-рейтинг (шекті). Бұл рейтингтегі банктердің өтімді активтерінің көлемінің жеткіліксіздігінен өтімділік көрсеткіштері нашар. Яғни, өтімділік коэффициенті үнемі сақталмайды. Банк қарыз қаражаттарына тәуелді. Өтімділік көрсеткіштері басқа банктермен салыстырғанда орташадан төмен.

5-рейтинг (қанағаттанарлықсыз). Банктің өтімділік көрсеткішінің өте нашар жағдайда болуы оның өмір сүруіне қауіп төндіреді. Өтімді активтердің жетіспеушілігі және өтімділік коэффициенттерінің үнемі сақталмауы байқалады. Мұндай банктерге тез арада реттеу шараларын қолдану керек.

Менеджмент. CAMEL аббревиатурасының жазылуында менеджмент үшінші компоненті болғанымен, менеджменттің талдауын басқа компоненттердің барлығын талдағаннан кейін жүргізеді. Өйткені менеджментті бағалау басқа 4 компонентке тікелей тәуелді болады және басқаруды бағалау CAMEL жүйесіндегі субъективті компонент болып табылады.

Капиталды активтердің сапасы, пайда мен өтімділікке қарағанда, басқару әдістерін бағалау үшін коэффициентті көрсеткіштерді қолдану мүмкін емес. Басқару әдістерін бағалау кезінде CAMEL жүйесі бойынша басқа 4 бағытының рейтингісін ескеру қажет.

Менеджментті талдау кезінде мынадай факторлар ескерілуге тиіс:

- банктерге тексеру жүргізгенде, банк басшылығы өзінің техникалық біліктілігін, басқарушылық және әкімшілік қабілеттілігін көрсетуі керек;
- банк басшылығының экономикалық жағдайдың өзгеруіне, сондай-ақ банктік жүйенің өзгеруіне бейімделу қабілеті болуы керек және Ұлттық банк пен сыртқы аудиторлардың ұсыныстарын орындауы керек;
- банк басшылығы банк жұмысының ішкі тәртіптерін жасауға және оның орындалуына жауапты болуы керек;
- банк басшылығы білікті басқаруды қамтамасыз ету үшін қызметкерлерді оқытып отыруы қажет;

• банк басшылығының кез келген заңсыз іс-әрекеттері айқындалған жағдайда, әсіресе банкпен ерекше қатынастағы тұлғаларға жеңілдікпен несие бергені үшін сыналуды керек.

CAMEL рейтинг жүйесі бойынша барлығы 5 компоненттің бағалануы жүргізіліп болған соң, жалпы банктің бағасын сипаттайтын банктің жиынтық рейтингісін анықтайды.

Жиынтық рейтингісін есептеу үшін 5 компоненттің әрқайсысы бойынша балдарды қосып, шыққан соманы 5-ке бөлеміз.

Мысалы:

капитал жеткіліктілігі	= 2
активтердің сапасы	= 2
менеджмент	= 3
табыстылық	= 3
өтімділік	= 1

Барлық компоненттердің сомасы 11-ге тең болса, оны 5-ке бөлеміз, нәтижесі 2,2 оны бүтін санға айналдырсақ (9-кесте), жиынтық рейтинг 2-ге тең немесе қанағаттанарлық болып табылады.

9-кесте.

Жиынтық рейтингтің мәндері

1-ден 1,4 дейін	1-ге айналдырылады және рейтинг тұрақты
1,5-тен 2,4 дейін	2-ге айналдырылады және рейтинг қанағаттанарлық
2,5-тен 3,4 дейін	3-ке айналдырылады және рейтинг орташа
3,5-тен 4,4 дейін	4-ке айналдырылады және рейтинг шекті
4,5-тен 5,0 дейін	5-ке айналдырылады және рейтинг қанағаттанарлықсыз

1-рейтинг немесе тұрақты рейтингісін алған банктерге келесі жағдайлар тән:

- қаржы жағдайы барлық аспектілер бойынша сенімді;
- табылған кемшіліктер айтарлықтай емес және оларды қызмет барысында түзетуге болады;
- банктің қаржылық жағдайы экономикада немесе банктік секторда болып жатқан мәселелер мен өзгерістерге қарағанда тұрақты;

2-рейтинг немесе қанағаттанарлық рейтингісін алған банктерге мынадай жағдайлар тән:

- табылған кемшіліктер айтарлықтай емес және олар банк басшылығымен түзелуі мүмкін;
- банктің қаржылық жағдайы өз деңгейінде тұрақты саналғанымен, банктің, экономикалық конъюнктураның жағдайы мен банк секторының жұмысының өзгерістеріне бейімделу қабілеті болуы керек;
- банктік қадағалау департаментін мазасыздандыратын тексеру немесе есеп беруді талдау барысында айқындалған мәселелер банк басшылығымен міндетті түрде шешілуі керек.

3-рейтинг немесе орташа рейтингісін алған банктерге тән жағдайлар:

- банк әлсіз, егер экономикада немесе банктік сектордағы жағдайлар қолайсыз жақтарға өзгерсе, онда банктің қаржылық жағдайы нашарлауы мүмкін;

- тез арада жіберілген қателіктерді түзету бойынша шаралар қолданбаса банктік қаржылық жағдайы нашарлайды.

- банктің жағдайы банктік қадағалау департаментін ерекше мазасыздандырады.

4-рейтинг немесе шекті рейтингісін алған банктерге мына жағдайлар тән:

- қаржы қызметінде айтарлықтай кемшіліктер болады;
- жағдайының тұрақсыздық белгілері бар және ол қажетті түрде қалыпқа келтірілмеген;

- егер жағдайды түзету бойынша шаралар қолданбаса, жағдайдың асқынып кетуі, банктің болашақта өмір сүруіне қауіп төндіруі мүмкін;

- банктің банкротқа ұшырау қаупі бар;
- банкті қадағалау департаменті жағынан қатаң қадағалау мен бақылауды қажет етеді.

Сондай-ақ мәселелер мен кемшіліктерді жоюға байланысты толық жоспардың болуы талап етіледі.

5-рейтинг немесе қанағаттанарлықсыз рейтингісін алған банктерге келесі жағдайлар тән:

- жақын арада банкротқа ұшыраудың жоғары деңгейдегі мүмкіндігі бар;
- бірнеше қауіпті кемшіліктері бар, жағдайдың өте нашар болуы банктің акционерлері тарапынан немесе басқа да қаржы көздерінен жедел қаржылық көмекті қажет етеді;

- жағдайды түзету бойынша жедел шараларды қолданбаса және қаржылық көмек көрсетілмесе күштеп таратуды қажет етеді.

Бақылау сұрақтары:

- 1) Банкті ашуға рұқсат және лицензия алу үшін қандай құжаттар қажет?
- 2) Қандай пруденциалдық нормативтерді білесіз?
- 3) Қашықтан қадағалау механизмі неден тұрады?
- 4) Инспекциялық қадағалау дегеніміз не?
- 5) CAMEL жүйесі дегеніміз не?

2-бөлім. Банктің пассивтері мен активтері

4-тарау. Банк ресурстары және капиталдық база

4.1. Банк ресурстарының ұғымы және құрылымы

Коммерциялық банктер бір жағынан, шаруашылық субъектілердің уақытша бос ақшалай қаражаттарын тартатын болса, екінші жағынан, бұл қаражаттар есебінен кәсіпорындар мен ұйымдардың әр түрлі қажеттерін қанағаттандыратын арнайы мекеме. Коммерциялық банктің пассивтік операциялық негізінде оның қызметінің жүзеге асырылуы үшін қажетті банк ресурстары жинақталады.

“Банк ресурстары” термині “несиелік ресурсы” қарағанда кең ұғымды білдіреді. Банк ресурстары тек несиелеуге ғана емес, сол сияқты басқа да активтік немесе комиссияндық операцияларды қаржыландыру үшін пайдаланылады.

Жоспарлы экономиканы әкімшіл және әміршіл басқару жүйесі жағдайында банк ісінің ұйымдастырылуында мемлекеттік монополия көрінісі байқалады. Барлық кәсіпорындар, ұйымдар және мекемелер заңды түрде мемлекеттік банк мекемелерінде өздерінің ресурстарын міндетті түрде сақтауға тиіс болды. Банкке кәсіпорындар мен мекемелердің ресурстары іс жүзінде ақысыз тартылды. Тек кооперативтік кәсіпорындарға ғана жартылай мөлшерде төленді. Осындай жағдайларда жалпы *мемлекеттік қарыз қор* деген экономикалық түсінік қалыптасты. Жалпы мемлекеттік қарыз қор халық шаруашылығын несиелеу үшін банк жүйесі арқылы мемлекеттің ықпалымен жинақталған қаражаттар жиынтығын білдіреді. Демек, олар банк ресурстары болып саналады. Ссудалық қорды орталықтан бөлу сипаты банк ресурстарының құрылымдарына тікелей әсер етті. Ол уақыттары да банк ресурстары меншікті және тартылған қаражаттарға бөлінген. Мұндағы меншікті қаражаттарға: жарғылық, резервтік, негізгі құралдар, амортизациялық және банк ісін дамыту қорлар, ал, тартылған қаражаттарға: мемлекеттік бюджет қаражаты, кәсіпорындардың, ұйымдардың есеп айырысу және ағымдық шоттардағы қаражаттары және халықтың ақшалай жинақтары жатты. Осындай жағдайларда банк ресурстары нарығы қалыптасып, мемлекеттің қарыз қоры осы нарықтың бір бөлігін құрады.

Бүгінгі таңдағы банк ресурстары нарығының құрылуында көптеген ерекшеліктер бар деуге болады. Коммерциялық банктердің қызметінің тұрақтылығы үшін, ең бастысы, олардың баланстары өтімді болу керек, ал оның қамтамасыз етілуі, банктік ресурстар мен несиелік жұмсалымдар арасындағы көлемі және мерзімі бойынша тепе-теңдіктің сақталуын талап етеді.

Банк ресурстары нарығының пайда болуымен қатар бағалы қағаздар нарығы қалыптасады. Сөйтіп банктер жаңа қызмет түрлері ретінде бағалы қағаздармен, факторинг, лизинг және басқа операциялармен тікелей жұмыс жасай бастады. Бұл, яғни банктің ресурстық құрамына тек қана ақшалай қаражаттар емес, сол сияқты тауарлы-материалдық құндылықтар және бағалы қағаздар кіреді дегенді білдіреді. Ұлттық (орталық) банкіміз “банктердің банкі” болып табылатындықтан, коммерциялық банктердің ресурстарының бір бөлігі сол банктен алған ресурстардан да құралады.

Демек, коммерциялық банктер ерекше бір кәсіпорын ретінде делдалдық қызметке байланысты, банктік ресурстар нарығында ақшалай ресурстарды

сатып ала отырып, оны қажет ететін кәсіпорынға, ұйымға және халыққа сатып отырады.

Банк ресурстары - бұл банктің пассивтік операциялары негізінде қалыптасқан және барлық активтік операциялар бойынша банк өтімділігін қамтамасыз ету және пайда табу мақсатында орналастыруға бағытталатын банктің меншікті және тартылған қаражаттарының жиынтығы.

Нарықтық қатынастарға өту барысында банктік ресурстарының құрылымында біршама өзгерістер болуда. Меншікті қаражаттар қатарына, біріншіден, коммерциялық банктің акционерлік капиталы, резервтік қоры, сол сияқты қосымша қорлары кіреді. Тартылған қаражаттардың жаңа түріне: Ұлттық банктен және басқа да несиелік мекемелерден алатын несиелер, басқа банктердің, корреспонденттік шоттағы, депозиттік шоттардағы қаражаттары, облигацияларды сатудан түскен қаражаттар, лизингтік операцияларды жүзеге асырғаны үшін алынған тауарлы-материалды құндылықтар жатады.

Коммерциялық банктердің ресурстарының құрылымы олардың мамандануы, әмбебаптығы және қызметінің ерекшеліктеріне қарай ерекшеленеді.

Банк ресурстарының құрылымына мыналар жатады:

- 1) Банктің меншікті капиталы.
- 2) Банктің заемдық және тартылған қаражаттары.

Банк ресурстарының құрамындағы меншікті капитал үлесі тартылған қаражаттарға қарағанда өте төмен болғандықтан барлық қаражаттарға деген қажеттілігінің 10%-ға жуық бөлігі өтелсе, ал қалған бөлігі тартылған қаражаттардың үлесіне тиеді.

2004 жылдың 1 қаңтарына берілген мәліметтер бойынша Қазақстандық екінші деңгейдегі банктердің пассивтері, олардың құрылымы мен шамасына қарай 10-кестеде топтастырылған.

10-кесте.

Қазақстандық екінші деңгейдегі банктердің пассивтерінің құрылымы мен шамасына топтастырылуы*

Банктердің аттары	Міндеттемелері	Меншікті капиталы	Барлық пассивтері
1. Қазкоммерцбанк АҚ	383 359 151	39 265 133	422 624 284
2. ТуранӘлем банкі АҚ	340 308 170	29 670 510	369 978 680
3. Қазақстан Халық Жинақ банкі АҚ	232 454 217	21 100 904	253 555 121
4. Алматы сауда қаржы банкі АҚ	86 669 542	9 083 160	95 752 702
5. БанкЦентрКредит АҚ	75 177 638	7 561 962	82 739 600
6. Нұрбанк АҚ	51 287 682	7 123 368	58 411 050
7. Каспийский Банкі АҚ	48 772 598	6 161 812	54 934 410
10-кестенің жалғасы			
8. Альянс Банкі АҚ	46 589 193	4 085 889	50 675 082
9. Еуразия банкі АҚ	41 954 490	8 461 110	50 415 600
10. Ситибанк Казахстан АҚ	28 864 535	6 303 720	35 168 255
11. Валют-Транзит банкі АҚ	26 132 978	5 429 518	31 562 496

12. АБН АМРО Қазақстан банкі АҚ	25 511 314	5 146 055	30 657 369
13. Темірбанк АҚ	24 249 481	4 413 033	28 662 514
14. HSBC Қазақстан банкі ЕБ	17 494 355	2 779 504	20 273 859
15. Қазақстан Наурыз банкі АҚ	15 805 879	2 219 898	18 025 777
16. ТЕХАКАВАНК	10 986 409	1 507 108	12 493 517
17. Цеснабанкі АҚ	10 812 320	1 428 783	12 241 103
18. Альфа-банк ЕБ	7 424 480	2 280 476	9 704 956
19. Қазақстандағы Қытай банк ЕБ АҚ	4 185 336	2 450 711	6 636 047
20. Демір Қазақстан банкі АҚ	2 815 026	1 198 976	4 014 002
21. Нефтебанк АҚ	2 622 019	913 606	3 535 625
22. Алма-Ата МБ АҚ	2 009 297	978 905	2 988 202
23. Данабанк АҚ	1 231 666	1 064 945	2 296 611
24. ТПБК АҚ	929 517	1 290 089	2 219 606
25. Лариба-Банкі ББ АҚ	913 270	1 327 307	2 240 577
26. КЗИ банкі АҚ	886 873	2 213 684	3 100 557
27. ТАИБ Қазақстан банкі ЕБ АҚ	706 996	1 193 421	1 900 417
28. Қазақстан индустриалды банкі АҚ	647 980	1 119 484	1 767 464
29. Сенімбанкі АҚ	144 537	1 055 273	1 203 310
30. КИБ АҚ	126 340	1 076 970	1 203 310
31. Заман-банкі АҚ	98 316	1 034 446	1 132 762
32. Алаш-банкі АҚ	83 625	1 101 709	1 185 334
33. Пәкістан ұлттық банкі ЕБ АҚ	46 656	1 113 635	1 160 291
34. Қазақстан Тұрғынүйжинақ банкі АҚ	15 638	1 508 473	1 524 111

* Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын қадағалау және реттеу жөніндегі ҚР агентігінің есептік материалдарынан

Кестеден көріп отырғанымыздай, банктердің пассивтерінің өсуіне міндеттемелердің артуы, соның ішінде депозиттік базаның өсуі ықпал етуде. 2003 жыл бойына екінші деңгейдегі банктердің міндеттемелерінің сомасы 480,9 млрд. теңге немесе 47,6% өскен. Депозиттердің құрылымында салымдарды кепілдендіру жүйесіне мүше-банктерде орналасқан жеке тұлғалардың салымдары 341,5 млрд. теңгені құрады немесе бұл көрсеткіш 2003 жылдың 1 қаңтарымен салыстырғанда 42,4% жоғары. 2004 жылдың 1 қаңтарына екінші деңгейдегі банктердің жиынтық меншікті капиталының мөлшері 44,9% өсіп, 233,6 млрд теңгені құрады.

4.2. Банктік меншікті капиталының көздері мен қызметтері

Коммерциялық банктердің меншікті капиталының ролі мен шамасы, басқа қызметпен айналысатын кәсіпорындар және ұйымдарға қарағанда өзіндік ерекшеліктерге ие.

Банктің меншікті капиталы банктің тұрақтылығын қамтамасыз етуде маңызды. Банктің бастапқы құрылуы барысында меншікті капитал көмегімен банк қызметіне байланысты алғашқы шығындар: жер, ғимарат, құрал-жабдық, жалақыға жұмсалатын және т.б. шығындар жабылады. Себебі, меншікті капиталсыз банктің қызметін бастау мүмкін емес. Осы меншікті капитал

есебінен банкте қажетті резервтер құрылды. Сонымен қатар, банктің меншікті капиталы ұзақ мерзімді активтерге жұмсалымдардың басты көзі.

Меншікті және тартылған коммерциялық банк ресурстары Ұлттық банкте ашылатын корреспонденттік шотта көрсетіледі. Бұл активтік шот, сондықтан да дебеті бойынша ресурстар, ал кредиті бойынша несиелік жұмсалымдар беріледі. Демек, дебеттік қалдықтың шамасы банктің бос резервінің мөлшерін көрсетеді. Банктің бос резервінің мөлшері активтік операцияларға жұмсалмаған оның ресурстарының шамасын білдіреді. Осы бос резервтер сомасы қаншалықты жоғары болса, банктің тұрақтылығы соғұрлым жоғары, бірақ пайдасы төмен болады. Керісінше, егер бос жатқан қаражаттарының шамасы аз болса, онда тұрақтылығы төмен, пайдасы жоғары келеді. Сондықтан да, әрбір коммерциялық банк өзінің корреспонденттік шоттағы қалдығын үнемі ықшамдауға ұмтылады.

Банктің меншікті капиталы - *банктің қаржылық тұрақтылығын, коммерциялық және шаруашылық қызметін қамтамасыз ету үшін құрылған банктің әр түрлі қорлары мен сол сияқты ағымдағы қызметінің нәтижесіне байланысты және өткен жылдардағы бөлінбеген пайдасы.*

Банктің меншікті капиталының құрылымы бірдей емес, себебі, оларға әсер ететін әр түрлі факторларға, атап айтсақ, активтер сапасына, меншікті пайданың пайдаланылуына, капиталдың бағасын нығайту мақсатына және банк саясатына байланысты жыл бойына өзгеріп отырады.

Сонымен, қазіргі коммерциялық банктердің меншікті капиталы мынадай баптар құрайды:

- *жарғылық капитал;*
- *резервтік капитал;*
- *қосымша капиталдар;*
- *банк операциялары бойынша тәуекелдерді төмендету мақсатында құрылған қорлар (резервтер);*
- *бөлінбеген банк пайдасы.*

Банктің *жарғылық капиталы* банктің заңды тұлға ретінде міндетті түрде құрылуын және өмір сүруінің экономикалық негізін құрайды. Жарғылық капиталдың төменгі мөлшері Қазақстан Ұлттық банктердің пруденциялық нормативтерімен реттеліп отырады. Банктің жарғылық капиталы, оның құрылтайшыларының қосқан жарналары немесе пайлары сомасынан тұрады.

Қазақстанда екінші деңгейлі банктер төмендегідей екі ұйымдық формаларда құрыла алады:

- акционерлік банк формасында;
- пай қосу арқылы, яғни жауапкершілігі шектеулі серіктестік формасында;

Пай қосу арқылы құрылған банктің жарғылық капиталы құрылтайшылық құжатта мөлшері анықталған пайшыларының жарнасынан құралып, олар қосқан жарналары көлемінде жауапты болып саналады. Мұндай банктердің жарғылық капиталын ұлғайту, тек қана пай қосушылардың қосымша қосқан жарналары және пай қосушылардың санының өсуі есебінен жүзеге асырылады. Алайда, акционерлік банктер өздерінің жарғылық капиталын ұлғайту үшін

қосымша акцияларын эмиссиялайды, сол сияқты бұрынғы шығарылған акцияларының бағасын өсіреді.

Меншікті капиталдың құрамдас бөлігі - акционерлік капитал. Бағалы қағаз (акция) шығару есебінен құрылған банктің жарғылық капиталын банктің *акционерлік капиталы* деп атайды. Акционерлік капитал көлемі акцияны ұстаушылар – акционерлер қосқан жарналардан құралады. Акционерлік банктің акциясы - банктің жарғылық капиталына үлес қосқандығын куәландыратын және дивиденд алуға және банкті басқару ісіне араласуға құқық беретін бағалы қағаз.

Акционерлік капиталдың құрылымы әр банктерде әр түрлі келеді. Акционерлік капитал келесідей түрлерге бөлінеді:

а) меншікті акционерлік капитал, яғни бұл жай және артықшылығы бар акцияларды сатудан түскен қаражаттардан, үнемделген капитал және бөлінбеген пайдадан тұрады;

б) банктік резервтер, яғни алдағы уақыттағы әр түрлі шығындарды жабуға, дивиденттер төлеуге, қайтарылмаған қарыздың орнын жабуға арналады;

в) банктің ұзақ мерзімді міндеттемесі (ұзақ мерзімді вексельдері, облигациялары).

Ашық типтегі банктің акциясы қолдан-қолға басқа да акционерлердің келісімінсіз өтеді. Жабық типтегі банктің акциясы қатаң түрде белгіленген тізім бойынша немесе құрылтайшылардың арасында бөлінеді.

Банктің жай акциясын иеленушілер, банктің таза табысынан дивидент алып отыруға, оның жойылуы барысында тиісті мүлкіне ие болуға және акционерлердің жиналысына қатысып дауыс беруге құқылы.

Банктің артықшылығы бар акцияларын иеленушілер тұрақты пайыз түрінде табыс алып отыруға, бірінші кезекте банктің жаңа акцияларын сатып алуға және оның жойылуы барысында бірінші болып өзіне тиісті мүлкін алуға құқылы.

Сонымен қатар, банктер қаражат тарту мақсатында облигацияларды шығарады.

Жалпы, банктің акционерлік капиталының құралуы төмендегідей кезендерден тұрады:

1. бағалы қағаздардың проспекті эмиссиясын дайындау және оны сараптамадан өткізу;

2. бағалы қағаздарды эмиссиялауды тіркеу;

3. эмитент-банктің бағалы қағаздарын тіркеу;

4. шығарылатын және орналастырылатын бағалы қағаздардың нәтижелерін тіркеу.

Акционерлік банктер акцияларды төмендегідей жағдайларда шығарылады:

- банкті акционерлік формада құру;

- банктің жарғылық қорын ұлғайту үшін қосымша акциялар шығару.

Банктің меншікті қаражатының түріне резервтік қор жатады. *Резервтік қор* – банк қызметінде пайда болуы мүмкін зияндардың орнын жабу мақсатында құрылған қаражат қоры.

Сондай-ақ, резервтік қор банктің тұрақты қызмет етуін қамтамасыз етеді. Резервтік қордың шамасы заңды түрде жарғылық капиталға белгілі бір пайыз мөлшерінде, айталық, 25% мөлшерінде құрылатын болса, оның мөлшері жарғылық қормен теңескен жағдайда жарғылық капиталға толығымен аударылады. Резервтік қордың құралуының негізгі көзіне банк пайдасы жатады. Кейде, банкте пайда болмаған жағдайда резервтік қор есебінен банктің артықшылығы бар акциялары бойынша пайыздар төленеді.

Қосымша капиталдар - негізгі құралдардың тозуына байланысты аударылған аударымдар есебінен және белгілі мақсатқа бағытталатын пайданы бөлу нәтижесінде құрылатын қаражаттар.

Арнайы қорлар - негізгі қорларды қайта бағалау негізінде, валюталық қаражаттарды қайта бағалау қоры, яғни ұлттық валюта мен шетел валюталары арасындағы айырма нәтижесінде құрылады. Валюталық қаражаттарды қайта бағалау қоры шетел валютасында жарғылық капиталды қалыптастыру барысында маңызды.

Келесі қорға жекелеген банктік операциялар бойынша тәуекелді төмендету мақсатында құрылатын *арнайы резервтер* жатады. Мұндай резервтерге: несиелік тәуекелді жабуға және бағалы қағаздардың құнсыздануына байланысты құрылған резервтер жатады.

Бөлінбеген пайда – акциялар бойынша дивидентті төлегеннен кейін және резервтік қорға аударғаннан қалған пайданың бөлігін білдіреді.

Банктің меншікті капиталын ұлғайту жолдарына мыналар жатады:

- банк пайдасы;
- акциялар шығару;
- құрылтайшылар және пай қосушылар санын арттыру;
- облигациялар шығару жатады.

Банк капиталы банктің дербестігін қамтамасыз ете отырып, оның қаржылық тұрақтылығына кепіл болады және банктің басынан кешетін әр алуан тәуекелдердің зардаптарын ретке келтіретін басты көз болып табылады. Банктің меншікті капиталы мынадай қызметтер атқарады:

- *қорғаныс қызметі*;
- *шұғыл қызметі*;
- *реттегіштік қызметі*;
- *айналым қызметі*;
- *резервтік қызметі*.

Банктің меншікті капиталының *қорғаныс қызметі*, оның капиталының шамасының банктің төлем қабілетіне және тұрақтылығына тікелей байланыстылығын сипаттайды. Банктің меншікті капиталы қаншалықты жоғары болса, соғұрлым банк өтімді болып саналады. Банк банкротқа ұшырай қалған жағдайда, оның акционерлерінен басқа ешкім зиян шекпейді.

Банк капиталының *қорғаныс қызметі* - банктің салым иелеріне жәрдем ақы төлеу мүмкіндігін ғана емес, сол сияқты ағымдағы табыс болмаған жағдайда зияндарды жабуға қызмет етуін сипаттайды. Сондықтан да, оның азаюы банктің банкротқа ұшырауына жол береді. Қорғаныс қызметі – меншікті капиталдың ең басты қызметін білдіреді.

Банк капиталының *шұғыл қызметі* қорғаныс қызметіне қарағанда екінші дәрежелік маңызға ие болып табылады. Оперативтік қызметі жер, ғимарат, құрал-жабдықтар алуға қажетті меншікті қаражаттарды жұмылдыруды, сондай-ақ көзге көрінбейтін зияндар жағдайына байланысты резервтер құруды сипаттайды. Бұл қаржы ресурстар көздері әсіресе, банктік қызметтің басталуы үшін маңызды. Кейіннен бұл қаражаттардың бір бөлігі ұзақ мерзімді активтерге және әр түрлі резервтерді құруға жұмсалынады.

Қаржы және салым иелерінің мүдделерін қамтамсыз етуден басқа банктердің меншікті капиталы *реттегіш қызметті* атқарады. Бұл қызмет қоғамның мүдделерімен, сол сияқты банк операцияларына бақылауды жасауға мүмкіндік жасайтын заңдар және ережелерге тікелей байланысты. Банк капиталының көрсеткіштерінің көмегімен мемлекеттік ұйымдар банктер қызметтеріне баға беріп, оған бақылауды жүзеге асырады.

Банктің меншікті капиталына қатысты ережелер, оның ең төменгі мөлшеріне қойылатын талаптарды, активтерге байланысты шектелуін және басқа банктен активтер сатып алу шартын қамтиды. Қазақстан Ұлттық банкі бекіткен пруденциялық нормативтерде банктің меншікті капитал көлемі беріледі. Сонымен қатар, реттегіштік қызметке ссудалық және инвестициялық операцияларға байланысты шектеу мақсатында капиталды пайдаланады.

Айналым қызметі. Кез келген банк капиталы банкроттыққа қарсы, не болмаса зияндардың орнын жабу үшін құрылмайды. Олардың басты мақсаты коммерциялық қызмет көрсету болып табылады. Мұндай қызметтер тәуекелмен байланысты болатындықтан, банк капиталының мұндағы қызметі тәуекел дәрежесін есепке алатын активтік айналымды авансылаумен сипатталады. Сондықтан да, бұл қызметті меншікті капиталдың айналым қызметі деп атайды. Бұл қызметті атқара отырып, өзінің айналым капиталын кассалық ақшалар, несиелік, факторингтік және лизингтік операцияларға, бағалы қағаздар сатып алуға, басқа да ғимарат, құрылғыларға және басқа да негізгі қорларға жұмсай отырып, банктер өз несие берушілерін зияндардан қорғайды.

Резервтік қызметі. Тәуекелдер тек активтік операцияларға ғана емес, сондай-ақ пассивтік операцияларға да тиісті болып келеді. Пассивтік операциялардан туындайтын тәуекелдерді болдырмау үшін банктер тартылатын қаражаттар есебінен міндетті резервтер ретінде Орталық банкте резервтерін құрайды.

Банктердің төлем ресурстарының мүмкін болар тапшылығына байланысты міндетті түрде құрайтын резервтер сияқты, активтік операцияларды болатын тәуекелдердің орнын толтыру үшін арнайы меншікті капитал резервін құруға мәжбүр болады. Мұндай зияндар банк капиталының айналым қызметіне жатпайтындықтан, оларды басқа қызметі - резервтік қызмет арқылы ғана қолдап отырады.

4.3. Банктің меншікті капиталының жеткіліктілігі

Банктің меншікті капиталының жеткіліктілігі ұзақ уақыт бойы ғылыми-зерттеу затына және банктер мен оны реттеуші ұйымдар арасындағы пікірталасқа айналып келеді.

Банктер өздерінің активтерін арттыру үшін капиталдың төменгі мөлшерде болғанын қалайды. Ал банкті бақылаушылар, банктердің банкроттықтан аулақ болуы үшін капиталдың жеткілікті мөлшерде болуын талап етеді. Банктердің банкроттығы ондағы басқарудың нашарлығынан болуы мүмкін, себебі банкті жақсы басқарса, ол төменгі капитал нормасында жұмыс жасай алады деген пікірлер бар.

“Капиталдың жеткіліктілігі” термині банктің жалпы тұрақтылығын және оның тәуекелге бару дәрежесін көрсетеді. Капиталдың жеткіліктілігі - бұл банк капиталының мөлшерінің тәуекел дәрежелері ескерілген банк активтеріне сәйкес болуға тиісті. Сондай-ақ, коммерциялық банктер өз жұмыстарында банк капиталын шамадан тыс ұлғайтуды теріс санайды. Өйткені, ол банктің қызметіне кері әсер етуі мүмкін. Банктердің көбі акция шығара отырып, қаражат тартуға ынтасыз болып келеді. Сондықтан банк жетекшілері бір жағынан, қадағалау және бақылау ұйымдары екінші жағынан, банк капиталы мен коммерциялық банктердің басқа да қызметіндегі параметрлер арасындағы қолайлы қатынасты табуға тырысады.

Кез келген коммерциялық банктің меншікті капиталының мөлшерін мынадай формуламен анықтауға болады:

$$MK = A - M$$

мұндағы,

МК – банктің меншікті капиталы;

А – банктің активтерінің жалпы сомасы

М – банктің міндеттемелері.

Банктің ресурсындағы меншікті капиталдың өте төменгі үлесінде болуы да дұрыс емес. Себебі, ол банктің салым иелері алдындағы жауап беру мөлшеріне сәйкес келмейтіндігін сипаттайды.

Банк меншікті капиталын ұлғайтуға негіз болатын төмендегідей факторларды ескеру қажет:

- банктердің дивидендтері өнеркәсіптік кәсіпорын активтеріне қарағанда, пайыз мөлшерлемесінің өзгеруіне, қарыз алушының несиелік қабілетінің нашарлауына байланысты, олардың нарықтық құндары өзгеріп отырады;

- банк көбіне тұрақсыз қысқа мерзімді қарыз көздеріне көңіл бөледі, бірақ олардың көбі талап етуге байланысты қайтарылып алынуы мүмкін.

Сондықтан, кез келген саяси немесе экономикалық өмірдегі жағдайлар банктердегі ресурстардың сыртқа ағылуына себеп болуға тиіс. Бастапқыда банк капиталының активтерге қатысты шекті қатынасы 20% шамасында болса, ал қазіргі оның шамасы 12 %-ды (пруденциялық нормативтердегі к2-нің мәні) құрайды. Бұл дегеніміз банк жүйесіндегі төлем қабілетінсіздік тәуекелдің уақыт өте келе арта түсетіндігін көрсетеді. Себебі, банк жүйесіндегі банктердің активтерінің сапасы әлі де болса өз деңгейінде еместігін ескерсек, онда болашақты оның орнын жабатын меншікті капитал үлесі жеткіліксіздігі байқалады.

Демек, банк капиталының жиынтық деңгейінің жеткіліктігі банк жүйесін қолдайтын басты шарттардың біріне жатады.

Банктердегі немесе жалпы банктік жүйедегі капитал көлемін тура анықтау қиын, бірақ жоғарыда қарастырылған қызметтердің орындалуы үшін, салым иелері мен бақылаушы ұйымдардың сенуі үшін капитал жеткілікті мөлшерде болуы қажет. Қажетті капиталдың сомасы банктің тәуекел деңгейіне байланысты болуға тиіс. Мысалы, егер банктің берген ссудаларының тәуекел дәрежесі өте жоғары болса, онда банкке көп мөлшерде қорлар құруға тура келеді. Қажетті меншікті капитал мөлшерін анықтай отырып, банк алдында келесідей міндеттер тұрады: тәуекелдің артуына байланысты өз капитал мөлшерін ұлғайту қажет пе немесе тәуекел деңгейі төмен болып келетін активтерге өз қаражаттарын орналастырған тиімді ме? Осындай жағдайда банк капиталы, оның активтер сапасына, басқару сапасына, қызметіндегі саясатқа және банктің басынан кешетін тәуекелдерге тәуелді ме жоқ па? - деген балама сауал туындайды.

Банк меншікті капиталын бағалау әдістемесі туралы сұрақ 80-ші жылдардың екінші жартысында халықаралық қаржы ұйымдарында да үлкен пікір талас туғызған болатын. Сөйтіп, 1988 ж. Базель комитеті келісімінің шешімімен “Халықаралық біртұтас капитал есебі және капитал стандарты туралы келісім шарт” негізінде “Кук коэффициенті” деп аталатын капитал жеткіліктігі нормативі іс жүзіне енгізілді. 1993 жылдан бастап күшіне енген бұл коэффициент көптеген елдердің Орталық банктерінде, біздің Қазақстан Ұлттық банкінде, пруденциялық норматив қатарында пайдаланылуда.

Кук коэффициенті, банк капиталы мен оның баланстан тыс активтері арасындағы ең төменгі шекті қатынасын бейнелейді. Мұндағы меншікті капитал екі элементті қамтиды: негізгі және қосымша капитал. Олардың жеткіліктігіне баға беру үшін, активтер мен баланстан тыс міндеттемелердің өлшемі таңдап алынған.

Мұндай тәсіл баланстан тыс операциялардың іске қосылуын қамтамасыз етумен қатар, төменгі тәуекелді активтерге қаражаттар жұмсауды ынталандыра түседі.

Базель келісіміне сәйкес, банктің капиталы екі деңгейге бөлінеді: *I деңгейлі капитал және II деңгейлі капитал.*

I деңгейлі капиталға: қарапайым акциялар, бөлінбеген пайда, сол сияқты еншілес компаниялардың бақылаусыз пакеті шегерілген материалдық емес негізгі капитал шамасы жатады.

II деңгейлі (қосымша) капиталға: ссудалар бойынша зияндарды жабуға арналған резервтер, мерзімсіз артықшылығы бар акциялар қосылған екінші дәрежелі қарыздар жатады.

Базель келісімінің бекіткен нормативтік коэффициентіне сәйкес, екінші деңгейдегі банктердің қызметін реттеуде қолданылатын, пруденциялық нормативтер қатарында банк капиталының жеткіліктілігі коэффициентін белгілейді.

Бұл коэффициентті біздің тәжірибемізде есептеу үлгісі 2-тақырыпта пруденциялық нормативтер қатарында берілген.

2001-2007 жылдардағы статистикалық деректерге сүйеніп, банктердің меншікті капиталының серпінін 11-кестемен беруге болады.

5-кесте. ЕДБ-дің меншікті капиталының жеткіліктігінің серпіні,

кезеңнің соңына

Көрсеткіштер	2000 ж	2001 ж	2002 ж	2003 ж	2004 ж	2005 ж	2006 ж	2007 ж
Жиынтық меншікті капитал, млрд теңге, о.і.:	97,6	122,1	161,2	223,5	346,8	587,2	1168,6	1781,8
1- деңгейлі деңгейлі капитал, млрд теңге	68,9	90,7	110,6	153,3	229,1	368,4	816,5	1 283,7
2- деңгейлі капитал, млрд теңге	32,7	35,4	55,7	87,9	128,4	218,7	385,4	560,9
3-деңгейлі капитал, млрд теңге	-	-	-	-	-	-	1,5	1,5
I деңгейлі капиталдың барлық активтер сомасына қатынасы (к1)	0,11	0,11	0,9	0,11	0,08	0,08	0,09	0,11
Меншікті капиталдың тәуекел дәрежесіне қарай топтасқан активтерге және баланстан тыс міндеттемелерге қатынасы (к2)	0,26	0,19	0,18	0,17	0,17	0,16	0,15	0,14
Ескертпе –ҚҰБ-нің № 7 (92) 2002 жылғы шілдедегі және №5 (150) 2007 жылғы мамырдағы статистикалық бюллетенінен және ҚҚА-нің 2007 жылғы есептік материалдарынан алынған сандық мәліметтер негізінде есептелген.								

Кестеден көріп отырғанымыздай банктеріміздің меншікті капиталы соңғы жылдары онша қатты өспеген. 2008 жылдың 1 қаңтар айына капиталдың мөлшері 1 781,8 млрд. теңгені немесе 14,8 млрд АҚШ долларын құрайды. Мұны салыстырмалы түрде қарасақ, АҚШ-ғы банктердің капиталының ЖІӨ-ге қатысты шамасынан 10 есе кіші немесе шығыс Еуропа елдерінен 35 есе кіші, Германиядан 25 есе кіші. Егерде әлемдегі үш ірі банктің жиынтық капиталы 145 млрд. АҚШ долларын құраса, онда оның мөлшері біздің отандық банктеріміздің капиталынан 10 есе үлкен болып келеді.

Жалпы ҚҰБ-нің және ҚҚА-нің есептік мәліметтеріне сүйенсек Қазақстандық банктердің меншікті капиталының жеткіліктігі коэффициентінің нормативтерге сай орындалысы сақталған.

Ал енді, жарғылық капиталының көлеміне қарай қазақстандық банктерді бірнеше топқа топтастыруға болады. Ол туралы 12-кесте мәліметтері баяндайды.

12-кесте. ҚР-ғы ЕДБ-дің жарғылық капиталдарының серпіні, мерзімнің соңына, млрд. теңге


Барлық ЕДБ		Белгіленген шектегі жарғылық капитал						Төленген жарғылық капитал	
		< 100	100 -500	500 -1000	1000-1500	1500-2000	> 2000	Барлығы	о.і. шетел капиталы қатысқан
2000 ж	47	1	8	13	14	4	7	68,8	15,9
үлесі, %	100,0	2,1	17,0	27,7	29,8	8,5	14,9		23,
2001 ж	43	0	5	11	14	4	12	100,8	17,8
үлесі, %	100,0	0,0	11,6	25,6	32,6	2,3	27,9		17,7
2002 ж	35	0	1	6	14	4	10	76,9	26,6
үлесі, %	100,00	0,00	2,86	17,14	40,00	11,43	28,57		34,6
2003 ж	34	0	0	4	13,	2	15	100,4	47,6
үлесі, %	100,00	0,00	0,00	11,76	38,24	5,88	44,12		47,4
2004 ж	35	0	0	2	15	1	17	161,4	59,1
үлесі, %	100,00	0,00	0,00	5,71	42,86	2,86	48,57		36,6
2005ж	34	0	0	1	10	2	21	244,7	25,4
үлесі, %	100,00	0,00	0,00	2,94	29,41	5,88	61,76		10,4
2006ж	33	0	0	0	9	2	22	593,6	-
үлесі, %	100,00	0,00	0,00	0,00	27,27	6,06	66,67		-
2007ж	33	0	0	0	7	5	21	713,9	-
үлесі, %	100,00	0,00	0,00	0,00	21,21	15,15	63,64		-

Ескертпе – ҚҰБ-нің № 7 (92) 2002 жылғы шілдедегі және №5 (150) 2007 жылғы мамырдағы статистикалық бюллетенінен алынған сандық мәліметтер негізінде есептелген

Кестеден көріп отырғанымыздай 2007 жылғы 1 маусымға тіркелген барлық 33 банктеріміздің 21-нің жарғылық капиталы ғана 2 млрд. теңгеден жоғары (немесе 63,64%) болса, 5 банктікі – 1,5 – 2 млрд. теңге (немесе 15,15%) аралығында, ал 7 банктікі – 1 – 1,5 млрд. (немесе 21,21%) теңге аралығында қалуда. Әрине, соңғысы жеке меншік немесе ЖШС нысанында құрылған банктер болуы мүмкін. Бұл кестедегі мәліметтерде Мемлекеттік даму банкі мен Эксимбанктің жарғылық капиталының мөлшері есепке алынбаған.

Дегенмен де банк активтерінің жоғары қарқынмен өсуі банктік секторы үшін тәуекелдің ұлғаюына әкелетінін естен шығармаған дұрыс сияқты.

Сонымен бірге ЕДБ-дің жиынтық меншікті капиталының құрамында шетелдің банктердің капиталының өсуін байқауға болады. ЕДБ-дің меншікті капиталы мен активтердің соңғы 2000-2007 жж қатынасын төмендегі 6-суреттен көруге болады.



6-сурет. ЕДБ-дің меншікті капиталы мен активтер серпіні, млрд теңге

6-суреттен көріп отырғанымыздай, екінші деңгейдегі банктердің активтері 2000 жылы 527,9 млрд теңгені құраса, ал бұл көрсеткіш 2007 жылдың аяғына дейін 22 есеге артып, 11 683,4 млрд теңгені құраған.

ЕДБ-дің капиталдары 2000 жылы 97,6 млрд теңгені құраса, 2007 жылдың аяғында салыстырғанда 18 есе өсіп, 1 781,8 млрд теңгені құрап отыр.

2007 жылғы көрсеткіш бойынша капиталдың банк активтерінің 13,7% ғана құрауы бұл тек пруденциальдық норматив деңгейін көрсетеді немесе оның норматив бойынша мәні 0,12.

Осындай жағдайларға байланысты кейбір банктеріміз капитал жеткіліктігін сақтап, тәуекелдің алдын алу мақсатында несиелеу көлемін шектеуде. Банктің табысы берген несиелердің сапасына тікелей байланысты десек, онда несие көлемін шектеу банк табыстылығын шектеуге, соның нәтижесінде банк капиталын ұлғайту көзінің қысқаруына әкелетінін білеміз. Ендеше бүгінгі банктеріміздің меншікті капиталын ұлғайту көзі ретінде тек қана акцияларды шығару амалы қалуда. Бір айта кететіні, кейбір ірі банктеріміз өздерінің акцияларын депозитарлық қолхат арқылы шетел нарығына орналастырып отырғаны да жасырын емес. Бұл шаралар аталған банкке қатысты ҚР Қаржылық қадағалау агенттігі тарапынан күмән туғызуы мүмкін. Себебі, мұндай жағдай отандық банк акциялары иелерінің жұмбақ болуын баяндайды.

4.4. Банктің тартылған қаражаттары

Банк ресурстарының құрылымында тартылған қаражаттар үлесі меншікті қаражаттармен салыстырғанда өте жоғары, олардың есебінен банктің активтік операцияларының басым бөлігі жүзеге асырылады.

Нарықтық қатынастардың дамуына байланысты, сондай-ақ ескі банктік жүйе үшін уақытша бос ақшалай қаражаттарды тартудың дәстүрлі емес тәсілдерінің болуы, тартылатын қаражаттар құрылымын толығымен өзгертті десе де болады.

Банктік тәжірибеде барлық тартылатын қаражаттарды жинақтау тәсілдеріне байланысты үлкен екі топқа бөледі:

- *депозиттік қаражаттар;*
- *депозиттік емес тартылған қаражаттар.*

Тартылған қаражаттар ішінде ең көп бөлігін депозиттер құрайды. Депозиттер, банк үшін бірден-бір арзан ресурс көзі болып табылады.

Депозит – бұл клиенттердің (жеке және заңды тұлғалардың) банктегі белгілі бір шотқа салған және өздері пайдалана алатын қаражаттары.

Депозиттік емес тартылған қаражаттар – бұл банктің алған қарыздары түрінде немесе өздерінің меншікті бағалы қағаздарын сату жолымен тарататын қаражаттары.

Депозиттік емес банктік ресурс көздері мен депозиттер өзара ажыратылады. Біріншіден, олар персоналдық емес, яғни банктің нақты клиенттің атынан тартылмайды; екіншіден, мұндай қаражаттарды тарту инициативасы банктің өзінен туындайды.

Депозиттік емес тартылған ресурстармен көбіне ірі коммерциялық банктер айналысады. Өйткені, депозиттік емес қаражаттар ірі сомада сатып алынатындықтан да, оларды көтерме сауда операциялар сипатына жатқызуға болады.

4.4.1 Банктің депозиттік операциялары

Депозиттік операциялар активті және пассивті болып бөлінеді. Активті депозиттік операциялар – банктің уақытша бос ақша қаражаттарын Орталық банкте және өзге корреспондент-банктердегі шоттарда орналастыруымен байланысты операциялар. Олар банктің өтімді активтері ретінде, яғни жалпы активтердің өте аз бөлігін алады. Активтік депозиттер банктің өтімді қаражаттарына жатады.

Пассивті депозиттік операциялар - бұл клиенттердің уақытша бос ақша қаражаттарын белгілі уақытқа және пайыз төлеу шартымен тартумен байланысты операциялар. Бұл операциялар көмегімен тартылған депозиттер пассив жағының көп бөлігін алады және банктік ресурстарын қалыптастырудың негізгі көзі.

Қазіргі банктік тәжірибеде салымдардың, депозиттердің және депозиттік емес ресурстардың шоттарының әр түрлері кездеседі. Бұл банктердің жоғарғы бәсекелестік нарықта банк қызметтеріне деген клиенттер топтарының

сұранысын қанағаттандыруға және олардың қаражаттары мен уақытша бос қаражаттарын банктік шоттарға тартуға ұмтылуына жағдай жасайды.

Экономикалық мазмұнына қарай депозиттерді мынадай топтарға бөледі:

- талап етілетін депозиттер;
- мерзімді депозиттер;
- жинақ салымдары;
- бағалы қағаздар түріндегі (депозиттік және жинақ сертификаттары) депозиттер.

Сондай-ақ, оларды төмендегідей белгілеріне байланысты жіктеуге болады:

- мерзімдеріне қарай;
- салым иелерінің категорияларына қарай;
- қаражаттарды салу және қайтарып алу шартына қарай;
- пайыз төлеу тәсіліне қарай;
- банктің активтік операциялары бойынша жеңілдіктер алуына қарай;
- басқа.

Салым иелерінің категорияларына байланысты депозиттік шоттар мынадай түрлерге бөлінеді:

- жеке тұлғалардың шоттарына;
- кәсіпорындар және акционерлік қоғамдардың шоттарына;
- жергілікті билік ұйымдарының шоттарына;
- қаржылық мекемелердің шоттарына;
- шетелдік азаматтарының шоттарына.

Талап етілетін депозиттер – бұл салым иелерінің бастапқы талап етуіне байланысты әр түрлі төлем құжаттар арқылы қолма-қол ақшаларын алатын әр түрлі шоттардағы қаражаттар.

Отандық банктік тәжірибеде талап етілетін депозиттерге мыналар жатады :

- мемлекеттік, акционерлік кәсіпорындардың, сондай-ақ әр түрлі шағын коммерциялық құрылымдардың ағымдық шоттарындағы сақталатын қаражаттары;

- әр түрлі мақсатқа тағайындалған қорлардың қаражаттары;
- есеп айырысудағы қаражаттар;
- жергілікті бюджеттер қаражаттары және олардың шоттарындағы қаражаттар;

- басқа банктердің корреспонденттік шоттарындағы қаражат қалдықтары.

Талап етілетін депозиттік шоттардың *артықшылығы* олардың иелері үшін жоғарғы өтімділігіне байланысты сипатталады. Талап етілетін депозиттік шоттарға қаражаттар, шаруашылық және басқа да операциялардың жүзеге асырылуы барысында түседі және пайдаланылады.

Ал, кемшілігі – бұл шот бойынша пайыз мүлде төленбейді немесе біршама төменгі мөлшерде төленеді. Міне осыдан келіп талап етуге дейінгі шоттардың төмендегідей өзіндік *ерекшеліктері* қалыптасады:

- ақша салу және оны алу кез келген уақытта ешқандай да шектеусіз жүзеге асырылады;

- шот иесі банктен осы шотты пайдаланғаны үшін пайыз түрінде немесе комиссияндық ақы алып отырады;

- банктер талап етілетін шоттарда ақшалай қаражаттарды сақтағаны үшін өте төменгі деңгейде пайыз төлейді, кейде төлемеуі де мүмкін;

- талап етілетін депозиттер бойынша, коммерциялық банк Орталық банкте сақталатын міндетті резервтерге жоғарғы мөлшерде аударымдар жасайды.

Қазақстандық көптеген коммерциялық банктерде талап етілетін депозиттердің үлесі тартылған қаражаттар құрылымында өте жоғары болып келеді. Бұл өте арзан ресурс болғанымен банктерде оларды ұзақ мерзімге орналастыруға байланысты қиындықтар туындайды. Халықаралық банктік тәжірибеде оларды ұзақ мерзімді активтерге айналдыруда депозиттік базаны сандық талдау әдісі қолданылады. Мұнда депозиттік базаны сипаттайтын көрсеткіштер есептелінеді:

1. Талданатын мерзім ішінде ресурстық базаның өсімін көрсететін қаражаттардың (талап етілетін депозиттердің) шоғырлану деңгейі. Оны пайыздық қатынаста мынадай формуламен есептейді:

$$Ш_d = (K_c - K_6) / T$$

мұндағы, $Ш_d$ - қаражаттың шоғырлану деңгейі;

K_c - мерзімнің соңындағы қаражат қалдығы;

K_6 - мерзімнің басындағы қаражат қалдығы;

T - мерзім ішіндегі қаражат түсімдері.

2. Орташа сақталу мерзімі. Талап етілетін депозиттерде сақталатын қаражаттардың орта күнінің санын көрсетін көрсеткіш, сол арқылы тартылған қаражаттарды мерзімді активтерге айналдыру мерзімін мынадай формуламен анықтауға болады:

$$M = K_0 * K / A$$

мұндағы, M – орташа сақталу мерзімі;

K_0 - мерзім ішіндегі орташа қаражат қалдығы;

K - қарастырылатын мерзім ішіндегі күндер саны.

A - мерзім ішіндегі алынатын немесе аударылатын қаражаттар сомасы.

3. Талап етілетін депозиттердің азаймайтын (тұрақты) қалдығы немесе олардың табысты активтерге оналастыруға болатын қаражаттарының бір бөлігі:

$$A_k = K_0 / T$$

мұндағы, A_k – азаймайтын қаражат қалдығы;

K_0 - мерзімі ішіндегі орташа қаражат қалдығы;

T - мерзім ішіндегі қаражат түсімдері

Мынадай мысалды қарастырайық.

Кірген қалдық	Айналым		Шығатын қалдық
	Дебет	Кредит	
Актив/Пассив			Актив/Пассив
50000	200000	400000	250000

Есептелу жолы:

$$\text{Ш}_д = (K_c - K_б) / T = (250000 - 50000) / 400000 = 50\%;$$

$$M = K_0 * K / A = 150000 * 360 / 200000 = 270 \text{ күн};$$

$$A_k = K_0 / T = 150000 / 400000 = 37,5\%.$$

Есептеу нәтижесінен, талап етілетін депозиттердің ұлғаю тенденциясы байқалады және банкке үнемі 100000 теңгеде талап етілетін депозит ретінде қаражат түсіп отыратын болса, онда оның 37 500 теңгедегі сомасын 9 ай мерзімге (270 күн) дейін мерзімді табыс әкелетін активтерге орналастыру мүмкіндік туатыны көрсетіледі.

Соңғы көрсеткішті келесідей тәсілді пайдалана отырып, өзгертуге немесе жетілдіруге болады. Алдымен белгілі бір кезеңде (мысалы, бір айға) шоғырланатын депозиттердің тұрақты бөлігін анықтау қажет. Мысалы,

1 ай

$$X1 = \frac{\text{қаражаттар түсімі} - \text{кетуі}}{\text{Депозиттердің жалпы сомасы}} = \frac{300000 - 200000}{1000000} = 0,1$$

$$2 \text{ ай} \quad X2 = (400000 - 150000) / 1000000 = 0,25$$

$$3 \text{ ай} \quad X3 = (600000 - 450000) / 1000000 = 0,15$$

Бір тоқсандағы депозиттердің тұрақты бөлігінің үлесін (Т) мына формуламен есептейміз:

$$T = 1 - \frac{0,1 \Sigma X1 + 0,25 \Sigma X2 + 0,15 \Sigma X3}{\Sigma Xn}$$

мұндағы X1, X2, X3 - орташа есеппен алынған әр айдағы депозиттердің сомасы;

Xn - орташа есеппен алынған бір тоқсандағы депозиттердің сомасы.

Бұл көрсеткіштер банк қызметкерлеріне қандай да бір күнге немесе мерзімге қатысты депозиттік қоржынының жағдайын нақты бағалауға және соның негізінде депозиттік қоржынның сапасы туралы қорытынды жасауға және оны ықшамдау бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, депозиттік қоржынның сапасын бағалауда депозиттердің орташа мөлшері көрсеткішін пайдалану қажет. Оның формуласы мынадай:

$$O = \text{Ж}_д / K$$

мұндағы O - депозиттің орташа мөлшері;

Ж_д - депозиттің жалпы сомасы;

К - жасалған депозиттік келісім-шарттардың саны.

Мерзімді депозит – бұл банктерде белгілі бір мерзімге және пайыз төлеу шартында орналастырылған клиенттердің уақытша бос ақша қаражаттары.

Бұл депозит түрі алдын ала хабарлаудан кейін немесе мерзім бойынша алынуы мүмкін. Мерзімді депозиттер чектің көмегімен пайдаланылмайды, бірақ қолма-қол ақша түрінде еркін аударылады немесе ағымдағы шотқа аударылады. Егер мерзімге дейін бұл салымды алатын болса, онда шот иесі айып-пұл төлеуге міндетті.

Бұл салымның ерекшелігі - талап еткенге дейінгі депозитке қарағанда, оларға міндетті резервтердің төменгі мөлшері белгіленеді.

Депозиттің бұл түрін алдын ала хабарлау негізінде немесе уақыты жеткен кезде салым иесі ала алады. Мерзімді депозиттерді чектер арқылы алуға болмайды. Мерзімді депозиттерді басқа шоттарға аударуға болады.

Мерзімді депозиттер мынадай түрлерге бөлінеді:

- *меншікті-мерзімді депозиттер*;
- *алдын ала алуы ескертілетін мерзімді депозиттер*.

Меншікті-мерзімді депозиттер сақталу мерзіміне қарай жіктеледі:

- 30 күнге дейінгі;
- 30-90 күнге дейінгі;
- 90-180 күнге дейінгі;
- 180 күннен 360 күнге дейінгі;
- 360 күннен жоғары.

Мерзімді депозиттер бойынша, салым иесінен алдын ала хабарлау депозиті бойынша міндетті түрде өтінішін талап етеді. Өтініш беру уақыты алдын ала келісіледі және депозит бойынша, соған сәйкес пайыз белгіленеді. Әдетте, алдын ала алуын хабарлау мерзімі жеті күннен жоғары болып келеді.

Мерзімді депозиттердің мынадай ерекшеліктері болады: есеп айырысу үшін пайдаланылмайды, әрі мұндай шоттарға ешқандай да есеп айырысу құжаттары толтырылмайды; шоттағы қаражат баяу айналады; тұрақты пайыз төленеді; пайыз мөлшерінің ең жоғарғы деңгейі Ұлттық банкі тарапынан реттеліп отырады; ақшаны алуы туралы салым иесінің алдын ала хабардар етуі талап етіледі; бұл шоттағы қаражаттар бойынша ең төменгі мөлшерде резервтер белгіленеді.

Тағы бір кеңінен таралған депозиттердің түрі - **жинақ салымдары**. Олардың белгіленген мерзімі жоқ, қаражатты алуда ескертуін талап етпейді, салымның жоғарғы шегі шектелген, ақшаны салу және алу кезінде жинақ кітапшасын көрсетуі қажет.

Банктер үшін мұндай шоттар қосымша жұмыстарды талап етеді: операцияны рәсімдеу қиынырақ, кітапшаны жоғалту және ұрлатып алу жағдайына сай екі жақты тіркеу енгізу қажет және т.б. Компьютердің көмегімен жасалған жеке бет шоты туралы көшірмесі негізінде жинақ салымдарымен басқа салымдарды ауыстыруға мүмкіншілігі бар.

Мерзімді депозиттер және жинақ салымдары депозиттік ресурстардың біршама тұрақты бөлігін білдіреді.

Жинақ салымдарының тұрақты мерзімі болмайды. Бұл салымдардың түрі бойынша, мерзімді депозиттерге қарағанда төменгі мөлшерде пайыз төленеді. Жинақ салымдары жинақ кітапшалары негізінде толтырылады.

Жинақ салымдарының төмендегідей ерекшеліктері болады:

- ақшалай қаражаттар сақтауда тұрақты мерзімі болмайды;
- шоттағы қаражатты алдын ала алу барысында ешқандай да ескерту талап етілмейді;
- ақшаны шотқа саларда немесе шоттан аларда міндетті түрде ақшалай қаражаттар қозғалысы көрсетілетін жинақ кітапшасының болуы талап етіледі.

Отандық банктік тәжірибеде жеке тұлғаларға ашылатын жинақ салымдары салым операцияларының мерзіміне және мазмұнына қарай төмендегідей түрлерге бөлінеді:

- мерзімді жинақ салымдары;
- қосымша жарна қосатын мерзімді жинақ салымдары;
- ұтыс салымдары;
- ақшалай-заттай ұтыс салымдары
- мақсатты және ағымдық салымдар;
- алдын ала алуын хабарлайтын салымдар;
- валюталық салымдар.

Мерзімді жинақ салымдарға тұрақты мерзімі белгіленетін және сол мерзім өткенше алуға мүмкін емес салымдар жатады. Мерзімді жинақ салымдарына басқа жинақ салымдарға қарағанда жоғарғы мөлшерде пайыз төленеді.

Қосымша жарна қосатын салымдар – бұл шоттағы қаражатқа алдын ала келісілген уәде бойынша үздіксіз ақшалай соманы қосып отыруға болатын салымды білдіреді. Бұл шотта жинақталынған соманы белгілі бір күнде (жаңа жылдық салым, бойжеткен кезде және т.с.с) толық төленеді.

Ағымдық жинақ салымдар негізінен жалақы, зейнетақы, үздіксіз төлемдерді төлеу үшін жинақталатын және пайдаланылатын қаражаттарды білдіреді. Мұндай салымдар бойынша өте төменгі пайыз төленеді.

Мерзімді депозиттер мен жинақ салымдарының бір түріне *депозиттік және жинақ сертификаттарын* жатқызуға болады.

Депозиттік сертификат – заңды тұлғаның банкке салған қаражатын куәландыратын және оған салым мерзімінің өтуіне қарай банктен немесе оның филиалдарынан салған салым сомасы мен сыйақы мөлшерлемесін алуға құқық беретін бағалы қағаз.

Жинақ сертификаты - жеке тұлғаның банкке салған қаражатын куәландыратын және оған салым мерзімінің өтуіне қарай банктен немесе оның филиалдарынан салған салым сомасы мен сыйақы мөлшерлемесін алуға құқық беретін бағалы қағаз.

Депозиттік және жинақ сертификаттары иемденуіне қарай екі түрлі болып келеді:

- *атаулы сертификаттар*;
- *мәлімдеуші сертификаттар*.

Атаулы депозиттік және жинақ сертификаттары бұл салым иелерінің атына толтырылып беріледі. Ал, мәлімдеуші сертификаттарда салым иесінің аты-жөні көрсетілмейді, яғни оны кім иеленсе, сол қаражаттың иесі болып саналады.

Депозиттік және жинақ сертификаттары сатылған тауарлар және көрсетілген қызметтер үшін төлеуге болатын төлем құралы немесе есеп айырысу қызметін атқара алады. Депозиттік сертификаттар көбіне ірі сомада шығарылатындықтан да, оларды заңды тұлғалар сатып алады.

Әлемдік банктік тәжірибеде депозиттік сертификаттардың мынадай екі түрі бар:

- *аударылатын;*
- *аударылмайтын.*

Аударылмайтын депозиттік сертификаттар салым иелерінің қолдарында болып, уақыты жеткен соң банкке ұсынылады.

Аударылатын депозиттік сертификаттар басқа бір тұлғаларға екінші нарықта сатып алу-сату арқылы өтеді.

Жинақ сертификаты жеке тұлғаларға арналып шығарылады. Жинақ сертификатының мерзімі 1 жылдан 3 жылға дейінгі мерзім аралығын құрайды. Жинақ сертификаты тек жеке тұлғаларға ғана беріледі.

Мерзімді депозиттік және жинақ сертификаттары мерзімінен бұрын төлеуге ұсынылуы мүмкін. Мұндай жағдайда банк сертификаты сатып алады, бірақ төменгі мөлшерде пайыз төлейді.


Коммерциялық банктер үшін бұл сертификат ресурсты жинақтау тиімділігімен, яғни ірі соманың белгілі бір мерзімге түсуін сипаттайды.

Осындай жағдайда, коммерциялық банктердің активтік операцияларын қаржыландырудың басты көзі ретінде пайдаланылатын тартылған қаражаттарды жинақтауда, коммерциялық банктерден депозиттік саясатты белсенді түрде жүргізе отырып, депозиттік операцияларды ұлғайту талап етіледі.

Депозиттік операцияларды ұйымдастыру барысында коммерциялық банктер баланс өтімділігін сақтай отырып, мынадай талаптарды ескеруі тиіс:

- депозиттік ресурстардың қаржыландыратын активтік операциялардың мерзімдері мен сомасына сәйкес келуі;
- депозиттік операциялар банк пайдасын ұлғайтуға немесе болашақта пайда алу үшін жұмыс жасауға тиіс;
- депозиттік операцияларды ұйымдастыру процесінде мерзімді депозиттер мен мерзімді салымдардың көбірек тартылуына көңіл бөлу;
- салым иелерінің санын өсіру мақсатында, депозиттік операциялар түрлерін ұлғайтып, қосымша қызмет көрсетіп, жеңілдіктер жасауға тиіс.

2007 жылдың 1 қаңтарына банктердің депозиттік ресурстарының құрылымында заңды тұлғалардың депозиттері үлесі – 78,1%, ал жеке тұлғалардың салымдарының үлесі – 21,9% құрайды (7 -сурет).



7-сурет. Депозиттік ресурстар құрылымында заңды және жеке тұлғалардың депозиттерінің үлесі, %

Қай мерзімде бомасын заңды тұлғалардың депозиттерінің үлесі жеке тұлғалардың депозиттерінен артық. Бұл өз кезегінде халықтың әлеуқатының әлі де болса жеткіліксіз деңгейде қалуын сипаттайды.

Банктердің депозиттерінің құрылымын ішінара, оның түрлеріне байланысты талдауда келесі беттегі 13-кесте мәліметтерін пайдаланамыз.

13-кесте. ЕДБ-дің депозиттік ресурстарының серпіні мен құрылымы.

	кезеңнің басына				
Банктің депозиттік ресурстарының құрылымы, млрд теңге	2004ж	2005ж	2006ж	2007ж	2008ж
Барлық депозиттер, о.і.:	972,0	1 607,8	2523,1	4714,9	6424,0
Заңды тұлғалардың депозиттері, о.і.:	628,8	1 159,8	1926,2	3680,7	4 976,1
Клиенттердің ағымдағы және карт-шоттары	406,2	756,7	1319,5	2 334,4	3 307,0
Талап етілетін депозиттер	2,7	5,0	7,3	6,4	19,6
Мерзімді депозиттер	218,7	396,5	597,0	1 336,6	1 643,7
Шартты салымдар	1,2	1,6	2,4	3,3	5,8
Жеке тұлғалардың салымдары, о.і.:	343,2	448,0	596,9	1 034,2	1 447,8
Клиенттердің ағымдағы және карт-шоттары	45,3	60,3	83,7	132,6	165,1
Талап етілетін депозиттер	14,5	16,7	19,7	30,6	28
Мерзімді депозиттер	282,9	360,3	492,7	870,0	1253,6
Шартты салымдар	0,5	10,7	0,8	1,0	1,1

Ескертпе – ҚҚА-нің есептік материалдарынан алынған

Соңғы 4 жыл ішінде банктің депозиттік ресурстарының көздері өскендігін көреміз. Барлық депозиттер 2004 жылдың 1 қаңтарына 972,0 млрд теңгені құраса, 2008 жылы 1 қаңтарында оның көлемі 6424,0 млрд теңгеге дейін 6,6 есеге көтерілген. Оның ішінде заңды тұлғалардың депозиттері 2004 жылдың 1 қаңтарына 628,8 млрд теңгені құраса, 2008 жылы 1 қаңтарында оның көлемі 4 976,1 млрд дейін өскен. Заңды тұлғалардың депозиттерінің құрамында ағымдағы және карт-шоттары бойынша қаражат қалдықтары 2004 жылдың 1 қаңтарына 406,2 млрд теңгені құраса, 2008 жылы 1 қаңтарында оның көлемі 3 307,0 млрд теңге дейін өскен. Заңды тұлғалардың депозиттерінің құрамында талап етілетін депозиттер бойынша қаражат қалдықтарының көлемі 2004 жылдың 1 қаңтарына 2,7 млрд теңгені құраса, 2008 жылы 1 қаңтарында оның көлемі 19,6 млрд теңгеге дейін немесе 7,2 есе өскен. Заңды тұлғалардың депозиттерінің құрамында мерзімді депозиттер мөлшері 2004 жылдың 1 қаңтарына 218,7 млрд теңгені құраса, 2008 жылы 1 қаңтарында оның көлемі 1643,7 млрд теңгеге дейін немесе 7,5 есеге артқан. Заңды тұлғалардың депозиттерінің құрамында шартты депозиттер мөлшері 2004 жылдың 1 қаңтарына 1,2 млрд теңгені құраса, 2008 жылы 1 қаңтарында оның көлемі 5,8 млрд теңгеге дейін ұлғайған.

Депозиттік ресурстар құрылымында жеке тұлғалардың салымдары 2004 жылдың 1 қаңтарына 343,2 млрд теңгені құраса, 2008 жылы 1 қаңтарында оның көлемі 1447,8 млрд дейін немесе 4,2 есеге өскен.

Жеке тұлғалардың салымдарының құрамында ағымдағы және карт-шоттары бойынша қаражат қалдықтары 2004 жылдың 1 қаңтарына 45,3 млрд теңгені құраса, 2008 жылы 1 қаңтарында оның көлемі 165,1 млрд теңге дейін өскен. Жеке тұлғалардың салымдарының құрамында талап етілетін салымдары бойынша қаражат қалдықтарының көлемі 2004 жылдың 1 қаңтарына 14,5 млрд теңгені құраса, 2008 жылы 1 қаңтарында оның көлемі 28 млрд теңгеге дейін немесе 2 есе өскен. Жеке тұлғалардың салымдарының құрамында мерзімді салымдар мөлшері 2004 жылдың 1 қаңтарына 282,9 млрд теңгені құраса, 2008 жылы 1 қаңтарында оның көлемі 1 253,6 млрд теңгеге дейін немесе 5 есеге артқан. Жеке тұлғалардың салымдарының құрамында шартты салымдар мөлшері 2004 жылдың 1 қаңтарына 0,5 млрд теңгені құраса, 2008 жылы 1 қаңтарында оның көлемі 1,1 млрд теңгеге дейін ұлғайған.

2008 жылдың 1 қаңтарына банктердің депозиттік ресурстарының құрылымында заңды тұлғалардың депозиттерінің үлесі – 77,5%, ал жеке тұлғалардың салымдарының үлесі – 22,5% құрайды.

Екінші деңгейдегі банктер міндеттемелерінің жалпы сомасы 2007 жылдың басынан алғанда 2 255,1 млрд теңгеге (28,2%-ға) өсіп, 2008 жылдың 1 қаңтарына 10 256,7 млрд теңгені құрады.

Банк міндеттемелерінің артуына банктердің арнайы бағыттағы еншілес ұйымдарының салымдарының 971,9 млрд теңгеге немесе 62,4%, жеке тұлғалар алдындағы міндеттемелері 413,6 млрд теңгеге немесе 40,0%, дейін өсуі елеулі ықпал етті.

Депозиттік нарықтың жалпы көлемінің өсуіне біріншіден, халықтың мерзімді салымдар бойынша Қазақстандық салымдарды сақтандыру қорының

кепіл беру мөлшерінің талап етілетін салымдарға қарағанда жоғаруы болуы, екіншіден, заңды және жеке тұлғалар үшін мерзімді депозиттер бойынша банктердің ынталандыру құралдарын пайдалану, оның ішінде пайыз мөлшерлемесінің талап етілетін салымдармен салыстырғанда жоғары белгіленуі жатады.

Депозиттік нарықтың тұрақты дамуына әр түрлі факторлар, соның ішінде халық табыстарының өсуі, теңгенің АҚШ долларына қатысты нығаюы, халықтың салымдарының ұжымдық кепілдендіру жүйесінің қызмет етуі және жалпы соңғы жылдардағы экономикалық өсу ықпал етуде.

Сонымен қатар, тұрақты депозиттік нарықтың қалыптасуына Қазақстан Ұлттық банкінің 1999 жылы 5 қарашада бекіткен “ҚР-ғы екінші деңгейдегі банктерегі жеке тұлғалардың салымдарын (депозиттерін) міндетті түрде ұжымдық кепілдендіру (сақтандыру)” ережесі негізінде құрылған “Жеке тұлғалардың салымдарын кепілдендіру (сақтандыру) Қазақстан қоры” АҚ-ның қызметі ықпал еткен десе болады. Ендеше осы қорға қысқаша тоқталайық.

Қордың жарғылық капиталы 1 млрд теңге. Қордың құрылтайшысы Ұлттық банк болып табылады. Қордың банктік шоты Ұлттық банкте ашылған. Қордың қаражаты ережеге сәйкес мынадай бағытта орналастырылады:

- Қор активінің 80%-ын кем емес қаражатын мемлекеттің бағалы қағаздарына;
- Ұлттық банктегі салымға (депозиттерді).

Бұл Қордың мақсаты - “ҚР-ғы екінші деңгейдегі банктерегі жеке тұлғалардың салымдарын қайтаруды қамтамасыз ету.

Ережеге енгізілген соңғы өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес, Қорға қатысушы банктердегі жеке тұлғалардың салымдарын (депозиттерін) міндетті түрде ұжымдық кепілдендіру (сақтандыру) объектісіне мыналар жатады:

- жеке тұлғалардың теңгедегі мерзімді салымдары сыйақыларымен;
- жеке тұлғалардың шетел валютасындағы (доллар мен еуроға) мерзімді салымдары сыйақысыз;
- жеке тұлғалардың талап етілетін салымдары сыйақысыз.

ҚР-ғы екінші деңгейдегі банктерегі жеке тұлғалардың салымдарына кепіл беру Қорға қатысушы банктерге берген куәлік негізінде жүзеге асады.

Қорға қатысушы банктер үшін олардың қаржылық жағдайыны байланысты жеке түрде міндетті күнтізбелік жарна мөлшерлемесі кепілдендірілетін салым (депозит) сомасы мен оған есептелетін сыйақы көлемінен 0,125 %-дан 0,375 %-ға дейін белгіленеді. Міндетті күнтізбелік жарна мөлшерлемесін есептеу үшін кепілдендірілетін салым (депозит) сомасына көбейту қажет.

Жеке тұлғалардың салымдары (депозиттерін) және оның сыйақылары қандай валютада салымға салынса сол валютамен қайтарылады.

Қор әрбір салымшыға (депозиторға) мынадай мөлшерде кепілдік береді:

- *теңгедегі мерзімді салымды* - 700 мың теңгеден аспайтын сомада және банктік операцияларды жүргізуге арналған лицензиясын қайтарып алғанға дейінгі уақытқа есептелген сыйақы сомасын, Ұлттық банктің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің елу пайызы мөлшерінде;

- *АҚШ доллары және еуроға салымды* - салынған салымның (депозиттің) 90% теңгеге балама сомадан аспайтын мөлшерде сыйақысыз шетел валютасында, яғни Ұлттық банктің салық және кеден төлемдерін есептеу мақсатында белгілеген шетел валютасының теңгеге қатысты бағамы бойынша салым салынған валютада;

- *Теңгедегі талап ету салымын* - 50 мың теңгеден аспайтын салынған салым көлемінде сыйақысыз.

4.4.2 Банктің депозиттік емес ресурстары

Банк депозиттік емес ресурстары банктің қысқа мерзімді өтімділігін қолдау мақсатында тартылады. Оларға: банкаралық несиелер, Ұлттық банктің несиелері, банктердің меншікті бағалы қағаздарын эмиссиялау нәтижесінде тартқан ресурстары, сондай-ақ отандық және шетелдік басқа да қаржы нарығынан сатып алынған ресурстары жатады.

Банкаралық несие - *бұл коммерциялық банктердің бір-біріне беретін несиелері.*

Банкаралық несие бұл басқа ресурстармен салыстырғанда өте қымбат ресурс болып табылады.

Банкаралық несиенің негізін банкаралық депозиттер құрайды. Банкаралық депозиттер – бұл банктердің бір-бірінде ашқан коррешотындағы қаражат қалдықтары.

Депозиттік емес қаражаттардың бір түріне Ұлттық банктің коммерциялық банктерге қысқа мерзімді өтімділігін қолдап отыру мақсатында беріліп отырған мынадай несиелерін жатқызуға болады: *овернайт (бір түндік)* және *овердрафт*.

Овернайт – *банктердің Ұлттық банктегі корреспонденттік шотында дебеттік қалдықтың пайда болуына байланысты бір түнге берілетін несие.*

Мысалға, оны бүгін кешке алған жағдайда, ертеңіне кешке қайтаруға тура келеді. Кей жағдайда, бұл несиені алу жұмыс аптасының соңғы күні немесе жұма күнге түссе, онда несие келесі аптаның бірінші күні қайтарылуы тиіс. Овернайт заемдары бойынша ҚР Ұлттық банкі сыйақы мөлшерлемесін белгілейді.

“Овернайт” заемдары бойынша сыйақы мөлшерлемесі - ҚР Ұлттық банкінің екінші деңгейдегі банктерге, олардың ҚР Ұлттық банкіндегі корреспонденттік шоттары бойынша есеп айырысуды дебеттік қалдықпен аяқтауы барысында бір түнге берілетін заемдары бойынша қолданылады.

Овердрафт – *банктік жұмыс күні ішінде банктердің Ұлттық банкте ашқан корреспонденттік шотында уақытша қаражат жоқтығына немесе жетіспеуіне байланысты ақшалай аударымдар мен төлемдер жасау мақсатында берілетін несие.*

Овердрафт заемдары бойынша ҚР Ұлттық банкі сыйақы мөлшерлемесін белгілейді.

Бұл аталған несиелер қысқа мерзімді. Ұлттық банк екінші деңгейдегі банктерге бүгінгі күні орта және ұзақ мерзімде несиелерді бермейді.

Бағалы қағаздарды қайта сатып алу негізінде сату келісімі (*РЕПО операциясы*) - қазыналық міндеттемелермен қамтамасыз етілетін қысқа мерзімді займның түрін білдіреді.

Мұндағы қарыз алушының міндеттемесі, яғни ол келісілген күні және алдын ала белгіленген бағада, өзінің сатқан бағалы қағазын қайта сатып алуды көздейді.

Банктердің мемлекеттің бағалы қағаздарымен жасайтын РЕПО және кері РЕПО операциялары бойынша сыйақы мөлшерлемелерін ҚР Ұлттық банкі белгілейді.

ҚР Ұлттық банктерде *вексельдерді қайта есепке алу* және несие беру – бұл қосымша қаражатқа деген қажеттілікке байланысты коммерциялық банктердің ҚР Ұлттық банкке өздерінің вексельдерін кепілге бере отырып, ресурстар тарту тәсілі.

ҚР Ұлттық банкі вексельдерді қайта есепке алуда ресми есептік мөлшерлемені белгілейді.

Банктік ресурстарды тартудың жаңа бір формасына *банктің вексельдерін* жатқызуға болады. Банктер тек қарапайым вексельдерді ғана шығарады. Банк вексельдерін шығарудағы артықшылықтарға: біріншіден, вексельді тауарлар мен көрсетілетін қызметтер үшін есеп айырысуда пайдаланады; екіншіден, вексельдер ссуда алу барысында кепілдік ретінде жүреді; үшіншіден, вексельді жеке және заңды тұлғалар қолдана алады; төртіншіден, вексельдердің өтімділігі жоғары; бесіншіден, вексельдер бойынша дисконт мөлшерлемесі жоғары; алтыншыдан, вексельдің заңды немесе жеке тұлғаға өту барысында шектеулік болмайды; жетіншіден, вексельдің мерзімі әр түрлі болады.

Коммерциялық банктер өздерінің меншікті капиталы мен банктік ресурстар көлемін ұлғайту мақсатында облигациялар арқылы қосымша қаражат тартады. Облигацияларды отандық тәжірибеде көбіне ірі коммерциялық банктер шығарып отыр. Мұндай қарыздық міндеттемелер түрлерін шығару бір жағынан, банк капиталын, екінші жағынан, оның ресурстарын ұлғайтуға мүмкіндік береді. Бұл операцияларды ұйымдастырудың басты мақсаты - банктің өтімділігін жақсарту.

ЕДБ-дің тартылған қаражаттарының өсуіне депозиттермен қатар, депозиттік емес ресурстары да үлкен үлес қосқан. Депозиттік емес ресурстардың банктердің тартылған қаражаттары құрылымына талдау жасап көрейік (14-кесте).

14-кесте. ЕДБ-дің депозиттік емес ресурстарының серпіні мен құрылымы.
кезеңнің басына

Банктің депозиттік емес ресурстарының құрылымы, млрд теңге	2004ж	2005ж	2006ж	2007ж	2008ж
Банкаралық депозиттері	69,0	79,4	185,1	257,6	319,9
үлесі, %	4,6	3,3	4,5	3,2	3,1
Басқа банктер мен банктің жекелеген операцияларын жүзеге асыратын ұйымдардан алған займдары	217,4	343,9	576,8	1414,3	1 798,2
үлесі, %	14,6	14,2	14,2	17,7	17,5
ҚР Үкіметінен алған займдары	7,5	5,4	3,1	2,2	7,7
үлесі, %	0,5	0,2	0,1	0,0	0,1
Халықаралық қаржы ұйымдарынан алған займдары	17,7	19,2	26,5	27,4	85,1
үлесі, %	1,2	0,8	0,6	0,3	0,8
Бағалы қағаздармен жасалатын «РЕПО» операциялары	76,9	72,2	163,5	530,0	245,4
үлесі, %	5,2	3,0	4,0	6,6	2,4
Айналысқа шығарған бағалы қағаздары	27,8	102,1	273	421,6	467,6
үлесі, %	1,9	4,2	6,7	5,3	4,6
Өзге де міндеттемелері	80,2	150,5	256,3	628,8	908,9
үлесі, %	5,3	6,2	6,3	7,8	8,9
Барлық міндеттемелері	1491,3	2418,6	4 073,9	8 001,6	10 256,7

Ескерту- ЕДБ-дің және ҚҚА-нің есептік мәліметтері негізінде есептелген

Талданған жылдар ішінде банктің депозиттік емес ресурстарының көздері өскендігін көреміз. Банкаралық депозиттері 2004 жылдың 1 қаңтарына 69,0 млрд теңгені құраса, 2008 жылы 1 қаңтарында оның көлемі 319,9 млрд теңгеге дейін 4,6 есеге көтерілген.

Банктердің басқа банктер мен банктің жекелеген операцияларын жүзеге асыратын ұйымдардан алған займдарының көлемі 2004 жылдың 1 қаңтарына 217,4 млрд теңгені құраса, 2008 жылы 1 қаңтарында оның көлемі 1798,2 млрд теңгеге дейін немесе 8,3 есе өскен.

ҚР үкіметінен алған займдарының мөлшері де 2004 жылдың 1 қаңтарына 7,5 млрд теңгені құраса, 2008 жылы 1 қаңтарында оның көлемі 7,7 млрд. дейін өскен.

Халықаралық қаржы ұйымдарынан алған банктердің қарыздары 2004 жылдың 1 қаңтарына 17,7 млрд теңгені құраса, 2008 жылы 1 қаңтарында оның көлемі 85,1 млрд. теңге дейін өскен.

Бағалы қағаздармен жасалатын «РЕПО» операциялары мөлшері 2004 жылдың 1 қаңтарына 76,9 млрд. теңгені құраса, 2008 жылы 1 қаңтарында оның көлемі 245,4 млрд. теңгеге дейін немесе 3,2 есеге артқан.

Банктердің айналысқа шығарған бағалы қағаздар көлемі 2004 жылдың 1 қаңтарына 27,8 млрд теңгені құраса, 2008 жылы 1 қаңтарында оның көлемі 467,6 млрд. теңгеге дейін немесе 17 есе өскен.

Өзге де кредиторлардан алған қарыздары немесе өзге міндеттемелері 2004 жылдың 1 қаңтарына 21,4 млрд теңгені құраса, 2008 жылы 1 қаңтарында оның көлемі 148,7 млрд теңгеге дейін ұлғайған.

2008 жылдың 1 қаңтарына банктердің депозиттік емес ресурстарының құрылымында ең көп үлесті алатын ресурстарға: басқа банктер мен банктің жекелеген операцияларын жүзеге асыратын ұйымдардан алған займдары – 17,5%, бағалы қағаздармен жасалатын «РЕПО» операциялары – 2,4 % және шығарған бағалы қағаздары – 4,6% жатады.

2008 жылдың 1 қаңтарына банктердің депозиттік емес ресурстарының құрылымында ең аз үлесті алатын ресурстарға: ҚР Үкіметінен алған займдары – 0,1 % және Халықаралық қаржы ұйымдарынан алған займдары 0,8% жатады.

Банктің депозиттік емес ресурстардың ішінде халықаралық қаржы ұйымдар мен басқа банктерден алған ресурстардың, сондай-ақ бағалы қағаздарды шығарудан түскен түсімдердің жиынтығы көбіне банктердің сыртқы қарыздарын сипаттайды.

Сыртқы қарыз алуда қазақстандық банктер шетел қаржы ұйымдарынан несиелер түрінде алуды және меншікті бағалы қағаздарын шығару арқылы пайдаланады. Сондай-ақ банктер халықаралық нарықтан синдицирленген және еурооблигациялық заемдар арқылы қарыз ақша алады. Осындай құралдарды пайдалану нәтижелері қаржыландырудың ірі дерек көздеріне тәуелділік пен міндеттемелердің көп шоғырлануы болып табылады, бірақ бұл сол бір уақытта баға бойынша клиенттік қаражаттармен салыстырмалы бұдан да «ұзақ» пассивтері бар банктерді қамтамасыз етеді.

Өткен жылы резидент еместердің алдындағы міндеттемелер 101,6%-ға өсті, банктердің сыртқы міндеттемелерінің басым бөлігін бас банктерге (сыртқы міндеттемелердің 42%) арнайы мамандандырылған еншілес ұйымдардың салымдары құрайды, бұлар есепті кезең ішінде 99,3%-ға өсті және 2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 862,0 млрд. теңгені құрады.

Сондай-ақ, сыртқы міндеттемелердің құрылымында резидент еместерден (банктердің сыртқы міндеттемелерінің 29%) алынатын, есепті кезеңде 62,1%-ға өскен заемдар бөлініп шығады және 2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 588,9 млрд.теңге болды. Бұл ретте, бейрезиденттерден алынатын заемдардың негізгі көлемін Ұлыбританияның және Солтүстік Ирландияның Біріккен Корольдігі, Жапония, Германия, Австрия және АҚШ елдері құрап отыр, олардың банк секторының жиынтық міндеттемелеріндегі үлесі 16,1%-ды құрады. Осы қаражаттар клиенттердің (резиденттерге және резидент еместерге) сауда-саттық операцияларын қаржыландыруға бағытталды. Заем қаражаттар түсуінің тағы бір дерек көзі эмиссия мен банктердің борыштық бағалы қағаздарын орналастыру болып табылады. Айналысқа жіберілген бағалы

қағаздар сыртқы міндеттемелердің 10%-ын құрады және есепті кезеңде 142 млрд. теңгеге өсті және 2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 206,6 млрд. теңге болды. Банктердің сыртқы міндеттемелерінде 2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 117,3 млрд. теңге болған РЕПО операциясының ескерілетіндігін атап өту керек.


Банктер қаралып отырған кезеңде де АМК заемдары мен еурооблигациялары түрінде басымдықпен белсене қарыз алуды жалғастырды. АМК (арнайы мақсаттағы кәсіпорындар) – қазақстандық банктердің және кәсіпорындардың әлемдік қаржы нарықтарында делдал болу мақсатында шет елдерде құрылған еншілес кәсіпорындары және олардың көпшілік бөлігі Нидерландта тіркелген. Осы елдердің кредиторлары алдындағы міндеттемелері 2006 және 2005жж. аяғындағы 25,6 және 12,3 млрд. долл. салыстырғанда тиісінше 34 млрд. долл. болды. Сондай-ақ Қазақстан үшін Ұлыбритания – 2006 және 2005жж. тиісінше 10,4 және 4,3 млрд. долл. салыстырғанда 15,4 млрд. долл., сондай-ақ АҚШ – 2006 және 2005жж. тиісінше 6,8 және 5,8 млрд. долл., ірі кредитор болуын жалғастыруда. Kazkommerts International B.V. 250 млн. долл., Kazkommerts Finance 2 B.V 250 млн. долл., TuranAlem Finance B.V. 30 млрд. жапон йеніне, сондай-ақ HSBK (Europe) B.V. 700 млн. долл. еврооблигациялар шығаруы есебінен АМК-дан тартуын атап айту қажет.

2007 жылғы екінші тоқсанда банктер дербес ұйымдастырған синдикатталған заемдарға қатысты «Нұрбанк» АҚ-ның 100 млн. долл. сомаға мерзімі 2 жыл және «Банк ЦентрКредит» АҚ-ның 90 млн. долл. баламамен йена сомасына жасаған мәмілелері орын алды.

Қазақстандық банктердің негізгі резидент емес кредиторлары мынадай қаржы ұйымдары болып табылады: шетелдік банктер (Morgan Stanley Bank International Limited, Standard Bank Plc, Deutsche Bank AG London Branch, банктердің әр түрлі синдикаттары), Халықаралық қаржы ұйымдары (Еуропа қайта құру және даму банкі, Азия даму банкі) және басқа да институционалдық инвесторлар (оның ішінде АМК шығарған еврооблигациялардың түпкілікті ұстаушылары болып табылатындар).

Тұтастай алғанда, банктер үшін негізгі кредитор елдер үлестеріне 45,9 млрд. долл. жалпы берешек сомасының 50 % тиесілі Нидерландия және Ұлыбритания - 17,8 % болып табылады (9-сурет).


Банктер секторы бойынша сыртқы борыштың ең көп үлесін еліміздің үш ірі банктері «Қазкоммерцбанк» АҚ, «ТұранӘлем» Банкі» АҚ және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ алады, яғни 2007 ж. 30 маусымдағы олардың үлесі 58,5% (2006 ж. және 2005 ж. тиісінше 57,6 % және 63,3 %) құраған. Содан кейінгі орында келесі үш банкке тиесілі, яғни «ЦентрКредит» Банкі» АҚ, «Альянс банк» АҚ және «АТФ банк» АҚ - 28,5 % (2006 жылы және 2005 жылы тиісінше 28,9% және 20,3 %) алды. Бұл жинақталған борыш көлемі бойынша «Қазкоммерцбанк» АҚ, «ТұранӘлем» Банкі» АҚ және «Альянс банк» АҚ көшбасшы жағдайға ие болуына қарамастан, «екінші эшелон» банктерінің сыртқы қарыз алуы өсуінің жоғары қарқынын растайды.



*Басқа елдерге, сондай-ақ еурооблигацияларды ұстаушылар және корреспонденттік шоттардың және банктердегі депозиттердің иелері жатқызылды

9-сурет. Банктердің кредитор елдері бойынша сыртқы қарыздары
30.06.2007 ж., %-бен

Сонымен қатар, қаржы құралдарының түрлері бойынша банктердің берешектері 10-суретпен берілген.



10-сурет. Қаржы құралдарының түрлері бойынша банктердің берешектері, млрд АҚШ долларымен

2007 ж. 30 маусымдағы жағдай бойынша банктердің несиелер бойынша берешектері 40 млрд. долл. жуық құрады, оның ішінде жартысынан астамы (22 млрд. долл.) АМК алдындағы міндеттемелерге тиесілі (банктердің барлық міндеттемелерінің 48 % жуығы), мұның өзі борыштың осы санатының елдік құрылымындағы Нидерландтардың (22,7 млрд. долл.) айтарлықтай үлесін қамтамасыз етеді.

Банктердің еуроодағы және жапон йеніндегі сыртқы заемдар тарту көлемінің ұлғаюына байланысты борыштың осы санатындағы валюталық құрылымы жыл басындағымен салыстырғанда өзгерді -АҚШ доллары 76 % (87 % -жыл басында), ЕУРО – 9,1 % (5 % -жыл басында), GBP – 3,2 % (жыл басында 0,02 %), жапон йені - 4,8 % (жыл басында 1,5%), теңге – 6,2 % (жыл басында 6 %) құрайды.

2007 ж. 2 тоқсанында резидент еместердің банктердегі шоттарындағы қаражат 0,7 млрд. долл. ұлғайды, бұл ретте негізінен корреспонденттік шоттардағы қалдықтар және шетелдік банктердің қысқа мерзімді депозиттері ұлғайды. Есепті күні банктердің резидент еместердің шоттары бойынша міндеттемелері 2,1 млрд. долл. құрады (банктердің сыртқы міндеттемелерінің 4,6 %), оның ішінде 28% корреспонденттік шоттарға, 32 % -ұзақ мерзімді депозиттерге, 22% -қысқа мерзімді депозиттерге, 10 % -ағымдағы шоттарға және талап ету бойынша шоттарға және 8 % - басқа да депозиттерге. Борыштың осы санатының елдік құрылымында 32 % Ресей Федерациясына тиесілі.

Банктердің борыштық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері 0,3 млрд. долл. өсті. Бұл 2007 ж. 2-тоқсанда «Альянс банк» АҚ-ның 10 жылдық еурооблигацияларын 20 млрд. жапон йені сомасына (163 млн. долл. баламамен) орналастыруға және ішкі нарықта шығарылған банктердің облигацияларымен қайталама нарықта жүргізілген операцияларға байланысты. 2007 ж. 30 маусымда барлығы борыштық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелер 3,5 млрд. долл. құрады.

2007ж. 2-тоқсанда банктер берешектерінің құрылымы мерзімдер бойынша қысқа мерзімді борыш үлесінің 2006 ж. 22,3 % және 2005 ж. 41,1 % салыстырғанда 16 % дейін азаюы түрінде жақсаруы жалғаса түсті (бастапқы өтеу мерзімі бойынша). Сонымен бір мезгілде қысқа мерзімді несиелердің жартысынан астамын (51 % немесе 2,8 млрд. долл.) есепті кезең ішіндегі айтарлықтай айналымдармен РЕПО операциялары құрайды. Мәселен, 2007 ж. екінші тоқсанда РЕПО операциялары бойынша түсім 3,1 млрд. долл., өтеу – 2,3 млрд. долл. құрады.

2007 жылғы үшінші тоқсанда банктер 4,2 млрд. АҚШ долл. сомасына ұзақ мерзімді сыртқы заемдарды (мерзімі 1 жылдан асатын) тартты, ал бірінші және екінші тоқсанда тарту көлемі, тиісінше, 6,9 және 6,2 млрд. АҚШ долл. құрады. Бұрын тартылған ұзақ мерзімді заемдар бойынша негізгі борышты төлеуді және қысқа мерзімді заемдарды таза өтеуді өтеуді ескере отырып банк секторының сыртқы заемдары бойынша ресурстардың нетто-ағыны 2007 жылдың үшінші тоқсанында 0,2 млрд. АҚШ долл. құрады.

Банктердің қысқа мерзімді борышында сондай-ақ резидент еместер алдындағы овернайт және басқа да берешек заемдары ескеріледі.

4.5 Банктің депозиттік саясаты

Тартылған қаражаттарды тиімді басқару банктің депозиттік саясатының жасалуын көздейді.

Коммерциялық банктің депозиттік саясаты салым иелерінің ақшалай қаржаттарын депозитке тарту және тартылған қаражаттарды тиімді басқарумен байланысты банктік саясатты білдіреді.

Депозиттік саясат банктің қаражаттарды тартумен байланысты стратегиясы мен тактикасын қамтиды.

Депозиттік саясат – банктік саясаттың құрамдас бөлігі ретінде банктің депозиттік операцияларын дұрыс ұйымдастыруға бағытталған шаралардың жиынтығын білдіреді.

Кең мағынасында депозиттік саясатты депозит қызметін көрсетуші мен салым иелері арасындағы қатынасты реттеу құралы ретінде қарастыруға болады.

Тар мағынасында, бұл кез келген коммерциялық банктің депозиттік операцияны ұйымдастыру барысындағы банктің стратегиясы мен тактикасын сипаттайды.

Коммерциялық банктердің депозиттік саясатының басты мақсаты - ҚР заңына сәйкес депозиттік операциялардың жүргізуде банктердің бар мүмкіндіктерін пайдалану және өтімділіктің қажетті дейгейіне қолдау көрсету.

Банктердің депозиттік саясатының міндеттері мынадай болуға тиіс:

- банктің депозиттік базасын нығайтып, депозиттік нарықтағы үлесін кеңейту;

- меншікті капиталға қатысты нормативтерді сақтай отырып, банктің депозиттік портфелінің көлемін ұлғайтып, оның сапасын арттыру;

- банктің активі мен пассивін басқаруға байланысты шешімдерге сәйкес және өтімділік саясатына қарай банктің ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді депозиттерінің өзара шекті қатынасын қолдау;

- барлық салым иелеріне қатысты өлшемді және икемді саясат ұстану.

Депозиттік саясаттың ұғымын екі тұрғыдан қарауға болады. Кең мағынада бұл салым иелерінің және өзге де кредиторлардың ақшалай қаржаттарын тартумен, сондай-ақ қаражат көздерін анықтаумен байланысты банктің қызметін сипаттайды. Ал, тар мағынада бұл банктің өтімді қаражаттарға деген қажетін қанағаттандыру мақсатында тартылған қаражаттарды іздестіру шараларын білдіреді.

Депозиттік саясат банктің стратегиясына сәйкес жасалуы тиіс. Соныдықтан банк өзінің депозиттік саясатын жасау барысында өзінің әлуелі клиенттерін, яғни жеке салымшыларды немесе салымшылар ретінде заңды тұлғаларды дұрыс таңдай білуі қажет.

Банктік ортадағы күшті бәсекелестік жағдайында банктер агрессивтік депозиттік саясат жүргізуді таңдайды. Сонымен қатар, клиенттерді тартуда банктердің тиімді пайыз саясатын қолданғаны дұрыс. Ол үшін банк депозиттік саясат шегінде өзінің тактикасын жасауы қажет.

Депозиттік операцияларды жүргізуде банктер мынадай принциптерді басшылыққа алады:

- депозиттік базаны қалыптастыру барысында заңдық және нормативтік талаптардың орындалуын сақтау;
- депозиттік операциялар банктің пайда табуына ықпал етуге тиіс;
- тартылған депозиттік ресурстар банктің өтімділігін қамтамасыз етуге тиіс;
- депозиттік ресурстардың субъектілер, түрлері және мерзімдері бойынша дифференциалдануын қадағалауы қажет.

Банктің депозиттік саясаты депозиттік операцияларға байланысты туындайтын тәуекелдерді басқаруға аса мән береді.

Депозиттік саясаттың міндеті: банк балансының өтімділігін сақтау; ең төменгі шығынды ресурстар тарту; барынша ұзақ мерзімге қажетті мөлшерде депозит тартуды қамтамасыз ету; алдағы уақыттарда банкте тұрақты ресурстардың шоғырлануын қамтамасыз ету.

Депозиттік саясат туралы ереженің құрылымы мынадай баптарды қамтуға тиіс:

- жалпы ереже;
- депозиттік саясаттың мақсаты мен міндеттері;
- банктің құрылымдық бөлімшелерінің өзара әрекеті;
- банк ресурсының құрылымы;
- ақшалай қаражатты тарту мерзімі және депозиттік келісім-шартты бекіту тәртібі;
- депозиттік келісім-шартты жасауға және банкте шот ашуға қажетті құжаттардың тізімі;
- депозиттік және жинақ сертификаттарын сатумен байланысты операцияларды рәсімдеу тәртібі және оған қажетті құжаттар;
- банктік және банктік емес ұйымдардың қаражаттарын тарту және рәсімдеу тәртібі;
- ҚР Ұлттық банкінің белгілеген міндетті резерв нормалары негізінде резервтік шотқа қаражат аудару тәртібі;
- құжаттарды сақтау тәртібі.

Клиенттердің құрамына және банктің қызметінің бағытына байланысты депозиттік саясаттың өзге де бөлімдері болуы мүмкін.

Депозиттік саясаттың қалыптасуы мен іске асырылуына ықпал ететін факторларды екі тұрғыдан бөліп қарауға болады. Бірінші, клиенттің тұрғысынан: жинақтау шартына байланысты анықталатын экономикалық қатынастар субъектілерінің мүдделерінің әр түрлілігі, жағрафиялық жағдайы, ұлттық дәстүрлер, әлеуметтік топтың ерекшеліктері, соның ішінде жасы, олардың рухани, саяси, әлеуметтік мүдделері, отбасы жағдайы, білім деңгейі, мамандығы, табысының деңгейі, зейнетақымен қамсыздануы, салымдарды сақтандыру жүйесінің дамуы және т.б. жатады. Ал банктің тұрғысынан алсақ, ондай факторларға мыналар жатады: бесекеlestік деңгейі, банктік қызмет түрлерінің даму қарқыны, “бәрі клиенттер үшін” деген саясат, банктік қызметтердің сапасы, тәуекелдің диверсификациялануы, банк қызметкерлерінің

біліктілік деңгейі, қаржатты тарту технологиясының жағдайы, банктік операциялардың қазіргі техникалармен қамтамасыз етілуі және т.б.

Депозиттік нарықтың қазіргі жағдайына жасалған талдаудан салым иелері үшін мыналардың маңыздылығын айта кету қажет:

Біріншісі – бұл банктің сенімділігі. Көптеген салымшылардың пікіріне сүйенсек, еліміздегі ең тұрақты банктерге Халық Жинақ банкі АҚ, ТұранӘлем банкі АҚ, Қазкоммерцбанк АҚ жатады. Себебі аталған банктердің банктік қызмет көрсету тәжірибесі жеткілікті немесе сапасы жоғары деңгейде бағаланады.

Екіншісі – бұл депозиттер бойынша белгіленетін пайыз мөлшерлемелерінің деңгейі. Бұл жерде қаншалықты банк тұрақты болса, соғұрлым олардың депозиттер бойынша пайызы төмен. Ал кейбір танымал емес банктеріміз керісінше барынша жоғары пайыз мөлшерлемесін белгілеп, депозиттік нарықтан клиенттерді тартуға тырысады.

Үшінші, банктің құрылымдық бөлімшелерінің көп болуы және қызмет көрсету сапасы. Әрине неғұрлым филиалы көп болса соғұрлым депозиттік нарықтағы клиенттерді көбірек тартуға мүмкіндік туады. Ол үшін қызмет көрсету сапасы жоғары болуы тиіс.

Депозиттік нарыққа жасалған талдау депозиттік саясаттың ортақ ықшамдылық критерилерінің болуын талап етеді. Қазақстандық банктердің депозиттік саясатының ортақ ықшамдылық критерилеріне мыналарды жатқызуға болады:

- банктің тұрақтылығын, сенімділігін және қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында депозиттік, несиелік және өзге операциялар арасында өзара байланыстың болуы. Атап айтсақ, активтер мен пассивтерді сомаларына, мерзімдеріне, өтімділігіне, тәуекел дәрежесіне және табыстылығына қарай келістіру қажеттігі, яғни депозиттік саясатты жүргізу барысында ықшамды депозиттік қоржынның қалыптасуына мән беру;

- тәуекелді төмендету мақсатында банктің депозиттік ресурстарын диверсификациялау;

- клиенттердің тобына қарай депозиттік қызмет көрсету (байларға, кедейлерге, халықтың жалпы бөлігіне арналған банк өнімдерін сату);

- банктің өнімдері мен көрсетілетін қызметтері бәсекелес банктердікінен ерекшеленіп тұруға тиіс (сапасына, бағасына және т.б. қарай).

Міне осындай талаптар ескерілген жағдайда отандық банктеріміз депозиттік саясатты іске асыру тиімділігі артады және ықшамды депозиттік портфельді басқаруға қол жеткізе алады.

Жалпы банктердегі депозиттік саясатты жүзге асыру мынадай принциптерге негізделеді:

1) *Салымдарды кепілдендіру.*

Қазақстандық жеке тұлғалардың салымдарды сақтандыру қорына мүше болу арқылы банктер салымдардың сақталуы мен қайтарылуына кепіл беруге тиіс.

2) *Міндеттемені орындау.*

Банктік салым туралы келісімшартқа сай және клиенттердің алғашқы талбы бойынша клиенттер алдындағы міндеттемелерді толық және уақытыл орындау.

3) *Ашықтылық.*

Банктің қаржылық жағдайы туралы клиенттердің барлығына ақпараттың ашық немесе қол жетімді болуы (заңмен тиым салынбағаннан басқалары).

4) *Бәсекелестік.*

Банк өзінің депозиттік өнімдерінің депозиттік нарықтағы бәсекелестік қабілетін арттыру үшін мынадай шешімдер қабылдау қажет:

- бұрын шығарған және жанадан шығаратын депозиттік өнімдерінің сапасын арттыру мақсатында банк үнемі ішкі және сыртқы депозиттік нарықтарға маркетингтік зерттеулер жүргізу қажет және депозиттер бойынша жәй, күрделі және прогрессивтік сыйақы есептеу әдістерін пайдалану;

- депозиттер бойынша ұтыс жариялау, салым иелеріне сыйлық беру, бонус жүйесі сияқты маркетингтік ынталандыру әдістерін қолдану қажет;

- клиенттерге өте жоғары мәдени және сапалы қызмет көрсету.

5) *Құпиялылық.*

Клиенттермен қарым-қатынас орнату барысында алынған кез келген ақпаратты, соның ішінде: клиенттердің мәліметтері, олардың қызметі, қаржылық мүдделері қатаң құпия болуға тиіс.

Коммерциялық банктердің депозиттік саясатының нарықтың секторлары бойынша өзіндік ерекшелігі болуға тиіс.

Жеке тұлғалар салымдары бойынша:

Банктердің тұрақты ресурсын құрайтын жеке тұлғалардың, соның ішінде жеке кәсіпкерлердің салымдарын тарту арқылы депозиттік базаны нығайту.

Табысы жоғары клиенттер сегментіне байланысты тұрақты клиенттерді тарту:

- VIP санатындағы ірі клиенттерді тарту;

- Орташа табысты клиенттерді тарту.

Заңды тұлғалар депозиттері бойынша:

Корпорация мен ұйымдардың ұзақмерзімді салымдарын банкке тарту арқылы банктегі олардың шоттарының қатарын өсіру және банктің ол депозиттік нарықтағы ұстанымын одан ары нығайту.

Банкаралық депозиттер нарығы бойынша.

Банктер банкаралық депозиттер нарығын өздерінің қысқа мерзімді өтімділігін реттеу құралы ретінде тиімді пайдалануы қажет.

Бақылау сұрақтары

1) Банктің мешікті капиталын қандай баптар құрайды?

2) Тартылған қаражаттарға нелер жатады?

3) Депозиттің қандай түрлері болады?

4) Депозиттік емес ресурстарға не жатады?

5) Депозиттік саясат дегеніміз не?

5-тарау. Банк активтерінің құрылымы және жіктелуі

5.1. Банктің активтерінің сипаты мен сапасы

Банк активтері бұл пайда табу мақсатында банктік ресурстарды, әр түрлі активтер бойынша орналастырылған қаражаттары.

Банктік активтердің құрылымы баланстың актив жағында көрсетілетін сапасына қарай бөлінген баптардың баланс нәтижесіне қатынасын сипаттайды. Активтердің сапасы активтік операциялардың түрлендірілуіне, тәуекелді активтерінің көлеміне, толық құны жоқ активтердің көлеміне және активтердің өзгеріске ұшырау белгілеріне қарай анықталады.

Коммерциялық банктің активтерін төмендегідей төрт топқа бөлуге болады:

1. *касса және оған теңесетін ақшалай қаражаттар;*
2. *берілген несиелер;*
3. *бағалы қағаздарға жұмсалынған инвестициялар;*
4. *банктің ғимараты мен жабдықтары.*

Активтердің сапасы, олардың өтімділігіне, тәуекел активтердің көлеміне, толық бағалы емес активтердің үлес салмағына, активтердің көлеміне, табыс әкелуіне қарай анықталады.

Банк өзінің міндеттемелерін күнделікті орындап отыруын қамтамасыз етуі үшін активтердің құрылымы өтімділіктің қоятын талаптарына сәйкес келуге тиіс. Осы мақсатта банк өзінің активтерін, олардың өтелу мерзімдеріне байланысты және өтімділік дәрежесіне қарай жіктейді. Өтімділігіне қарай банк активтері төмендегідей топтарға бөлінеді:

1. *жоғары өтімді активтер;*
2. *өтімді активтер;*
3. *ұзақ мерзімді өтімді активтер.*

ҚР-ғы екінші деңгейдегі банктерге арналған пруденциалдық нормативтерге сәйкес жоғары өтімді активтерге мыналар жатады:

- қолма-қол ақшалар;
- мемлекеттің бағалы қағаздары және Қазақстан ипотекалық компаниясының борыштық бағалы қағаздары, сондай-ақ өтімділігі жоғары басқа да бағалы қағаздар;
- құйма қымбат бағалы металдар;
- Ұлттық банктегі Standard & Poors және басқа рейтингтік агенттіктердің “А” төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі бар бейрезидент-банктердегі талап етуге дейінгі депозиттер;
- Standard & Poors және басқа рейтингтік агенттіктердің “А” төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі бар ҚР банктерге берген “овернайт” займдары.

Банктің бұл қаражаттары банктің айналымынан қажет уақытында алуға мүмкіндік беретін активтерге жатады.

Банктің өтімді қаражаттарының құрылымына жоғарыда аталғандарынан басқалары, яғни қайтару мерзімі 30 күнді құрайтын, шетел валютасында берген

барлық несиелер, алдағы 30 күн ішінде аталған банкке келіп түсуге тиісті басқа да төлемдер жатады.

Ұзақ мерзімді өтімді активтерге бір жылдан жоғары уақытқа берілген несиелердің бәрі, сондай-ақ 50% кепіл-хат және кепілдікпен 1 жылдан жоғары уақытқа берілген несиелер, Үкіметтің кепіл-хатымен, бағалы қағаздарды және бағалы металдарды кепілге алып берілген ссудаларды шегеріп тастағандағы мерзімі өткен несиелер.

Кейбір шетелдік әдебиеттерде банк активтерін, олардың өтімділігі мен пайдалылығына қарай 4 топқа бөледі:

1-топ. Алғашқы резервтер – бұл алынатын салымдарды төлеуге және несиеге деген өтінішті қанағаттандыру үшін тез арада пайдаланылатын ең өтімді активтер. Мұндай активтерге мыналар жатады:

- *Касса;*
- *Орталық банктегі корришоттағы және өзге де шоттардағы ақшалай қаражаттар;*
- *Инкассациялау процесіндегі чектер және өзге де төлем құжаттары;*
- *Басқа да коммерциялық банктердегі корришоттағы қаражаттар.*

Мұндай активтер банкке табыс әкелмейді, бірақ банктің өтімділігінің негізгі көзі болып табылады.

2-топ. Екінші реттегі резервтер – бұл банкке шамалы ғана табыс әкелгенімен де жоғары өтімді активтер қатарына жатады. Себебі, оларды ең төменгі тәуекелмен, кішкене ғана кешіктіріп, қолма-қол ақшаға айналдыруға болады. Оларға мыналар жатады: вексельдер және өзге де қысқа мерзімді бағалы қағаздар; талап етілетін (онкольдық)несиелер; бірінші сыныпты қарыз алушыға берілетін несиелер.

Бұл топтың активтерінің тағайындалуының басты мақсаты – алғашқы резервтерді толықтыру көзі ретінде қызмет ету болып табылады.

3-топ. Банктік активтердің маңызды бөлігі – банктік несиелік портфель. Банктің несиелері біршама табысты және ең тәуекелді болып келеді. Бұл топ банктің пайдасының басты көзін құрайды.

4-топқа инвестициялық портфель жатады. Инвестициялық портфельді қалыптастыру екі мақсатты көздейді: банкке табыс әкелу және ұзақ мерзімді бағалы қағаздардың өтелу мерзімінің жақын қалуына байланысты, сондай-ақ оларды қысқа мерзімге айналдыруда екінші реттегі активтерге қосымша ретінде болу.

2004 жылдың 1 қаңтарына берілген мәліметтер бойынша Қазақстандық екінші деңгейдегі банктердің активтері, олардың құрылымы мен шамасына қарай 13-кестеде топтастырылған.

13-кесте.

Қазақстандық екінші деңгейдегі банктердің активтерінің құрылымы мен шамасына топтастырылуы*

млн.теңге

Банктердің аттары	Ақша	Коршот	Бағалы қағаз	Клиенттерге талаптар	Өзге активтер	Барлық активтер
1. Қазкоммерц банкі АҚ	9 961 235	9 461 136	72 465 212	262 159 778	6 876 923	422 624 284

13-кестенің жалғасы

2. ТуранӘлем банкі АҚ	9 706 315	6 960 352	84 791 610	236 440 507	32 079 896	369 978 680
3. Қазақстан Халық Жинақ банкі АҚ	7 519 773	3 725 582	48 040 339	160 118 016	34 151 411	253 555 121
4. Алматы сауда қаржы банкі АҚ	2 054 827	3 471 485	22 937 817	60 498 397	6 790 176	95 752 702
5. БанкЦентр кредит АҚ	2 953 006	8 906 261	9 915 329	52 642 058	8 322 946	82 739 600
6. Нұрбанк АҚ	2 054 827	4 807 864	10 434 652	36 504 227	4 609 480	58 411 050
7. Каспийский Банкі АҚ	1 268 401	5 627 738	7 746 716	34 743 321	6 688 234	54 934 410
8. Альянс Банкі АҚ	1 424 323	2 577 525	13 201 569	30 698 040	2 503 625	50 675 082
9. Еуразия банкі АҚ	668 722	3 360 371	20 302 328	15 957 191	10 126 988	50 415 600
10. Ситибанк Қазақстан АҚ	411 378	5 360 068	2 814 318	20 685 728	5 896 763	35 168 255
11. Валют-Транзит банкі АҚ	417 724	1 290 635	2 683 261	17 668 080	9 502 796	31 562 496
12. АБН АМРО Қазақстан банкі АҚ	1 123 166	1 582 630	8 575 788	11 549 034	7 738 751	30 657 369
13. Темірбанк АҚ	813 240	2 597 503	2 651 683	15 119 114	7 480 974	28 662 514
14. HSBC Қазақстан банкі ЕБ	106 859	873 584	4 019 436	9 784 796	5 489 184	20 273 859
15. Қазақстан Наурыз банкі АҚ	401 867	800 213	3 127 415	11 400 562	2 295 720	18 025 777
16. ТЕХАКАВАНК АҚ	523 183	357 885	1 120 733	7 940 370	2 551 346	12 493 517
17. Цеснабанкі АҚ	501 902	715 553	2 454 053	7 564 338	1 005 257	12 241 103
18. Альфа-банк ЕБ	286 380	894 342	718 492	6 897 344	908 398	9 704 956
19. Қазақстандағы Қытай банкі ЕБ АҚ	200 519	1 387 070	2 098 089	640 713	2 309 656	6 636 047
20. Демір Қазақстан банкі АҚ	208 194	1 123 993	840 374	839 298	1 002 143	4 014 002
21. Нефтебанк АҚ	141 83	880 681	14 583	1 793 685	704 793	3 535 625
22. КЗИ банкі АҚ	173 953	215 884	1 920 599	180 539	609 582	3 100 557
23. Алма-Ата МБ АҚ	214 750	306 888	-	1 922 942	543 622	2 988 202
24. Данабанк АҚ	36 078	69 018	-	1 579 934	254 150	2 240 577
25. Лариба-Банкі ББ АҚ	107 332	299 161	1 157 416	285 067	193 524	2 219 606
26. ТПБК АҚ	4 734	578 865	1 157 416	285 067	193 524	1 219 606
27. ТАИБ Қазақстан банкі ЕБ АҚ	38 235	95 467	562 845	987 240	216 630	1 900 417
28. Қазақстан индустриалды банкі АҚ	29 368	42 178	-	1 722 864	-	1 767 464
29. Қазақстан Тұрғынүйжинақ банкі АҚ	3 405	4 930	312 756	1 148 016	55 004	1 524 111
30. КИБ АҚ	-	96 019	-	955 858	151 433	1203 310
31. Сенімбанкі АҚ	25 910	30 966	70 083	1 032 817	40 034	1 199 810
32. Алаш-банкі АҚ	26 363	171 179	162 592	503 101	322 099	1 185 334
33. Пәкістан ұлттық банкі ЕБ АҚ	35 475	66 871	862 176	-	195 769	1 160 291
34. Заман-банкі АҚ	5 645	24 717	24 940	957 706	119 754	1 132 762

* Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарының қызметтерін қадағалау және реттеу жөніндегі ҚР агентігінің есептік материалдарынан

Кестеден көріп отырғанымыздай, 2003 жыл бойына екінші деңгейдегі банктердің активтерінің сомасы 531 млрд. теңге немесе 46,4% өсіп, 2004 жылдың 1 қаңтарына 1 676 млрд теңгені құрады. Банктер активтерінің құрылымындағы ең көп бөлігі займдарға - 60,6%, одан кейін, бағалы қағаздар портфеліне – 19,6%, ең аз үлес банкаралық салымдар -9,1% тиеді. Банк активтерінің өсуі займдардың артуымен қамтамасыз етілген. Жіктелген активтер мен шартты міндеттемелердің жалпы активтердегі үлесі 14,9% артты.

2004-2007 жж Қазақстандық банктік сектордың активтерінің серпіні мен құрылымы 14-кестеде берілген

14-кесте Банктік сектордың активтерінің серпіні мен құрылымы

мерзімнің басына

Банк активтерінің құрылымы, млрд теңге	2004ж	2005ж	2006ж	2007ж	2008ж
Қолма-қол ақшалар, тазартылған бағалы металл және корреспонденттік шоттары	113,8	205,1	331,2	986,9	1 013,9
үлесі, %	6,8	7,6	7,5	11,1	8,7
Бағалы қағаздары	328,3	468,0	651,7	1240,4	787,8
үлесі, %	19,6	17,4	14,4	14,0	6,7
Өзге банктерде орналастырған депозиттері	84,6	85,0	345,6	520,6	639,6
үлесі, %	5,0	3,2	7,7	5,9	5,5
Банктік займдары мен кері РЕПО операциялары	1086,6	1813,4	3062,1	5991,8	8868,3
үлесі, %	64,9	67,4	67,8	67,5	75,9
Капиталға жұмсалған инвестициялары мен субординирленген қарыздары	43,6	58,4	83,0	97,1	222,5
үлесі, %	2,6	2,2	1,8	1,1	1,9
Өзге активтері	19,1	59,8	41,5	35,2	151,3
үлесі, %	1,1	2,2	1,0	0,4	1,3
Барлық активтері	1 677,9	2687,5	4 515,1	8 872,0	11 683,4

Ескертпе –ҚҚА-нің және ЕДБ-дің есептік материалдары негізінде автор есептеген

Соңғы 4 жыл ішінде банктің активтері баптары бойынша өскендігін көреміз. Қолма-қол ақшалар мен корреспонденттік шоттарындағы қаражаттың мөлшері 2004 жылдың 1 қаңтарына 113,8 млрд теңгені құраса, 2008 жылы 1 қаңтарында оның көлемі 1 013,9 млрд теңгеге дейін көтерілген. Бағалы қағаздарға салған қаражаттары 2004 жылдың 1 қаңтарына 328,3 млрд теңгені құраса, 2008 жылы 1 қаңтарында оның көлемі 784,8 млрд теңгеге дейін ұлғайған. Өзге банктерде орналастырған депозиттер көлемі 2004 жылдың 1 қаңтарына 84,6 млрд теңгені құраса, 2008 жылы 1 қаңтарында оның көлемі 639,6 млрд теңгеге дейін өскен. Банктердің клиенттерге берген займдары мен кері РЕПО операцияларының мөлшері 2004 жылдың 1 қаңтарына 1086,6 млрд теңгені құраса, 2008 жылы 1 қаңтарында оның көлемі 8868,3 млрд теңгеге дейін немесе 8 есеге артқан. Капиталға салынған инвестициялар мен субординирленген қарыз мөлшері 2004 жылдың 1 қаңтарына 43,6 млрд теңгені құраса, 2008 жылы 1 қаңтарында оның көлемі 222,5 млрд теңгеге дейін немесе 5 есеге артқан.

Банктердің өзге активтерінде де өсу байқалады, яғни 2004 жылдың 1 қаңтарына 19,1 млрд теңгені құраса, 2008 жылы 1 қаңтарында оның көлемі 151,3 млрд теңгеге дейін немесе 7,9 есеге артқан.

4.2 Банк активтерінің жіктелуі

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банктің Басқармасының 2002 жылы 16 қарашадағы № 465 қаулысымен бекітілген “Активтердің, шартты міндеттемелердің жіктелуі және оларды күмәнді және үмітсіз санаттарға жатқыза отырып, оларға қарсы провизиялар құру” туралы ережесіне сәйкес, ҚР қаржылық қадағалау агенттігіне банктер ай сайын айлық баланспен бірге активтер мен шартты міндеттемелердің жіктелуі және оларға қарсы провизиялар құру туралы мәліметтер береді.

Мұндағы активтерге заңды және жеке тұлғаларға қатысты, сондай-ақ басқа банктерге байланысты банктің талаптары жатады.

Аталған ережеге сәйкес, активтер мен шартты міндеттемелер *стандартты* және *жіктелінген* болып бөлінеді.

Жіктелінген активтер қатарына жатпайтын активтер стандартты болып табылады.

Жіктелінген активтер мен шартты міндеттемелер *күмәнді* (5 санатты күмәнді) және *үмітсіз* болып бөлінеді.

Жіктелген активтер қатарына банк несиелері, депозиттері, бағалы қағаздары, дебиторлық қарыздары және шартты міндеттемелері жатады.

Несиелердің жіктелуі олардың сапасына, қамтамасыз етілуіне, қарыз алушының қаржылық жағдайына, оның несиелік тарихына, несиелердің жіктелу санаттарына байланысты жүзеге асады.

Банкаралық несие басқа банктердегі депозит сияқты жіктеледі.

Заңды және жеке тұлғаларға берілген несиелердің жіктелуі 5-қосымшада берілген.

Басқа банктерде орналастырылған банк депозиттерінің жіктелуі өзінше ерекше. Егер А тобындағы рейтингінен төмен емес рейтингі бар шетел банкінде немесе Қазақстан Республикасының суверенді рейтингі бір деңгейге төмен емес жеке рейтингі бар кез келген резидент банкте депозит (соның ішінде корреспонденттік шот) орналастырылған болса, депозиттен, соның ішінде корреспонденттік шоттан қаражатты аудару уақытында жүзеге асып отырса, онда ондай депозит стандартты болып табылады.

Сонымен қатар, егер А тобындағы рейтингінен төмен емес рейтингі бар шетел банкінде немесе Қазақстан Республикасының суверенді рейтингі бір деңгейге төмен жеке рейтингі бар кез келген резидент банкте депозит (соның ішінде корреспонденттік шот) орналастырылған болса, онда банк құжат негізінде оның қаржылық жағдайына мониторинг жүргізеді.

Қаржылық жағдайын анықтайтын мониторинг болмаған жағдайда, ондай банкте орналасытырылған депозит не корреспонденттік шот бір категорияға төмендеп жіктеледі (6-қосымшаны қараңыз).

Бағалы қағаздарды жіктеудің өзіндік ерекшелігі бар. Бағалы қағаздарды жіктеу банктің инвестициялық портфеліндегі баланста қайта бағалауға жатпайтын қарыздық бағалы қағаздар түрлері бойынша жүзеге асырылады.

Заңды тұлғалардың акцияларын жұмсалынған инвестициялар жіктелуге жатпайды. А тобындағы рейтингінен төмен емес рейтингі бар шетел эмитентінің немесе Қазақстан Республикасының суверенді рейтингі бір деңгейге төмен емес жеке рейтингі бар резидент-эмитенттің, сондай ақ Қазақстан қор биржасының А категориясының ресми тізіміне енген бағалы қағаздар бойынша төлемдер кешіктірілмеген жағдайларда олар стандартты болып саналады.

А тобындағы рейтингінен төмен рейтингі бар шетел эмитентінің немесе Қазақстан Республикасының суверенді рейтингі бір деңгейге төмен жеке рейтингі бар резидент-эмитенттің қаржылық жағдайына құжат негізінде банк мониторинг жүргізеді.

Бағалы қағаз эмитентінің қаржылық жағдайын анықтайтын мониторинг болмаған жағдайда, ондай бағалы қағаздар бір категорияға төмендеп жіктеледі (7-қосымша).

Дебиторлық қарыздарды жіктеуге әкімшілік және шаруашылық қызметке байланысты өтеу мерзімі үш айдан жоғары дебиторлық қарыздардан басқалары жатады. Қайтару мерзімі алдын ала белгіленбеген, бірақ банк балансында алты айдан жоғары мерзімде есепте тұрған дебиторлық қарыздар бойынша бір категорияға төмендейді.

Егер бір дебитордың дебиторлық қарызы банктің меншікті капиталының 5 пайызынан жоғары болса, онда дебиторлық қарыздың пайда болған күнінен бастап банк дебитордың қаржылық жағдайына тиісті құжаттар бойынша мониторинг жүргізеді. Дебитордың қаржылық жағдайына жүргізілетін мониторинг болмаған жағдайда ондай активті жіктеу бір категорияға төмендейді (8-қосымша).

Банктің шарты міндеттемелерінің жіктелуі клиенттің тапсырмасы бойынша қабылданған және келісімшартқа сәйкес клиент үшін банкке төлем тәуекелін тудыратын міндеттемелер бойынша жүзеге асады.

Шартты міндеттемелерді есепке алу және жіктеу банкпен оның клиенті арасындағы келісімшарт жасалған күннен басталады.

Шартты міндеттеме бойынша сый ақы төлеу мерзімі кешіктірілмеген және шартты міндеттеме ашылған клиенттің қаржылық жағдайы тұрақты болған жағдайда ондай шартты міндеттеме стандартты болып саналады.

Клиенттің қаржылық жағдайы тұрақты болмаған және сый ақы төлеу мерзімі кешіктірілген жағдайда ондай шартты міндеттемелер жіктеледі (9-қосымшаға қараңыз).

Несиелердің, басқа банктердегі банктік депозиттерінің (соның ішінде корреспонденттік шоттардың), бағалы қағаздардың, дебиторлық қарыздар және шартты міндеттемелердің жіктелуі 10-қосымшада берілген критерилерге байланысты жүзеге асады.

Провизиялардың көлемі жіктелген активтердің сомасынан, олардың сапасына байланысты 5%-дан 100% -ға дейін құрылады

Провизиялар – активтердің қайтарылмауы немесе олардың құнының төмендеуінен келген шығындарды жабу үшін қажетті құралдардың сомасы.

Провизиялар *жалпы және арнайы* болып бөлінеді.

Жалпы провизиялар – бұл банктің арнайы провизияларды құруды қажет ететін активтерден басқа да барлық жиынтық активтері бойынша мүмкін шығындарды жабу үшін құрылған провизиялар.

Арнайы провизиялар – бұл құны өзінің сатып алу құнынан екі есе төмен немесе қайтарылмай қалуы мүмкін нақты жіктелінген активтер бойынша шығындарды жабуға арналған провизиялар.

Активтер мен шартты міндеттемелер айына екі рет жіктеледі.

1) Алдын ала жіктелім, яғни айдың соңғы күнінен 7 күн бұрын жасалатын жіктелім оның мақсаты:

- айдың соңына таман Банк бойынша жалпы алғанда активтер мен шартты міндеттемелердің сапасын тәуекелдің дәрежесіне қарай болжау;

- провизияның мөлшерін болжау;

- айдың соңына дейін қарыз алушыларды қарыздары бойынша ескерту және қайтармай қалу тәуекелінің алдын алу;

- қарыз алушыға қызмет көрсетумен байланысты болуы мүмкін мәселелерді несиелік бөлімшелерге хабарлау.

2) Ақырғы жіктелім. Айдың соңғы күнінде банктің балансында провизия мөлшерінің өзгерісі көрсетіледі.

Жіктелімді жасауға негізінен банктерде мысалға ТұранӘлем банкі АҚ-да мынадай бөлімшелер қатысады:

- Тәуекел басқармасы.

- Банктің несиелеу бөлімшесі, соның ішінде копоративтік бизнес басқармасы, жобалық несиелеу басқармасы, шағын және орта бизнесті несиелеу басқармасы, филиалдарды несиелеу бөлімдері.

- Middle Office, соның ішінде корпоративтік бизнесті мониторинг басқармасы, филиалдардағы несиелік операцияларды қамтамасыз ету бөлімі.

- Активті және пассивті операцияларды есепке алу бөлімшелері, соның ішінде активті және пассивті операцияларды есепке алу басқармасы, филиалдардағы бухгалтерия.

- Кепілмен қамтамасыз етуге мониторинг жасайтын бөлімшелер, соның ішінде Бас банктегі кепілмен қамтамасыз етуге мониторинг жасайтын бөлім, филиалдардағы кепілмен қамтамасыз етуді бағалаушы мамандар.

- Қаржы институттарымен жұмыс жасайтын басқарма.

- Қауіпсіздік басқармасы.

ЕДБ-дің активтері мен шарты міндеттемелерін жоғарыдағы ережеге сәйкес жіктеу туралы 15-кестеден көруге болады.

15-кесте. ЕДБ-дің активтері мен шарты міндеттемелерінің сапаларының серпіні.

	кезеңнің басына				
Банк активтері мен шартты міндеттемелерінің жіктелімі	2004ж	2005ж	2006ж	2007ж	2008ж
Барлық активтер мен шартты міндеттемелер, млрд, теңге с.і.:	1 965,9	3 330,3	5 427,0	11 242,5	13 377,7
Стандартты	1 467,2	2 411,5	3 973,5	8 117,7	7695,0
үлесі, %	74,6	72,4	73,2	72,2	57,5
Күмәнді, с.і.	475,0	862,6	1 382,1	3 026,9	5542,5
үлесі, %	24,2	25,9	25,5	26,9	41,5
1-санатты күмәнді	350,0	691,5	1 136,8	2 587,9	4253,7
үлесі, %	17,8	20,8	21,0	23,0	31,8
2-санатты күмәнді	37,0	28,9	38,2	112,7	581,3
үлесі, %	1,9	0,9	0,7	1,0	4,5
3-санатты күмәнді	51,4	97,9	142,8	236,1	539,5
үлесі, %	2,6	2,9	2,6	2,1	4,0
4-санатты күмәнді	16,1	18,9	28,5	39,0	59,2
үлесі, %	0,8	0,5	0,5	0,3	0,4
5-санатты күмәнді	20,5	25,4	35,8	51,2	108,8
үлесі, %	1,1	0,8	0,7	0,5	0,8
Үмітсіз	23,7	56,2	71,4	97,9	140,2
үлесі, %	1,2	1,7	1,3	0,9	1,0

Ескерту- ЕДБ-дің есептік және ҚҚА-нің есептік мәліметтері негізінде автормен есептелген

Кестеден байқағанымыздай банктердің активтері мен шартты міндеттемелерінің сапасына жасалған талдаудан, стандартты активтер мен шартты міндеттемелердің үлесінің 2004 жылмен салыстырғанда 2008 жылы 74,6%-дан 57,5%-ға дейін төмендегенін көруге болады.

Ал күмәнді активтер мен шартты міндеттемелердің үлесі болса керісінше 2004 жылмен салыстырғанда 2008 жылы 24,2%-дан 41,5%-ға дейін өскен.

Күмәнді активтердің ішінде, 1-санаттағы күмәнді активтер мен шартты міндеттемелердің үлесі 2004 жылмен салыстырғанда 2007 жылы 17,8%-дан 31,8%-ға дейін өскен.

Үмітсіз активтер мен шартты міндеттемелердің үлесі керісінше төмендеп отыр, немесе 2004 жылмен салыстырғанда 2008 жылы 1,2%-дан 1,0%-ға дейін төмендеген.

5.3 Несиелердің жіктелуі және оларға провизия құру

Әрбір несиелік операциялар бойынша несиелік қоржынды жіктеу несиелік тәуекелдерге провизия есептеу мақсатында жүзеге асады.

Банктердің несиелік операциялары бойынша мүмкін болар зияндардың орнын жабу үшін провизия (резерв) құру қажеттігі банк қызметіндегі несиелік тәуекелдің болуымен негізделеді. Несиелік тәуекелдерге байланысты провизия құру банк активтерінің сапасының нашарлауын немесе несиелік операциялардың тәуекелдігінің жоғарылығын ескере отырып жүзеге асырылады. Банк үшін провизияның құрылуы, оның қаржылық қызметінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Банк негізгі қарыздың толық сомасына байланысты шығындардың орнын жабу мақсатында ұлттық және шетел валютасындағы барлық несиелік операциялар түрлері бойынша резервтеу коэффициентіне сәйкес провизия құра алады. Аталған резерв есебінен кейіннен қайтарылмаған несиелер бойынша зияндар шегеріледі.

Несиелік тәуекел деңгейіне қарай, яғни қарыз алушының келісімшартта бекітілген мерзімде несие берушіге төлемеген негізгі қарызы мен пайызының сомасына қарай несиелер жіктеледі. Несиелік тәуекелдің шамасына қарай барлық несиелер мынадай сыныптарға бөлінеді:

1) Стандартты;

2) Күмәнді:

- 1-санатты күмәнді – төлемдерді уақтылы және толық төлеген жағдайларда;

- 2-санатты күмәнді - төлемдерді кешіктіріп несеме жартылай төлеген жағдайларда;

- 3-санатты күмәнді - төлемдерді уақтылы және толық төлеген жағдайларда;

- 4-санатты күмәнді - төлемдерді кешіктіріп несеме жартылай төлеген жағдайларда;

- 5 –санатты күмәнді

3) Үмітсіз.

Қарыз алушылардың төлем қабілетсіздігінен туындайтын қарыздың қайтарылмауынан шегетін зияндарды болдырмау мақсатында банктерде несиелік тәуекелді бағалау тәжірибесі жүзеге асады.

Барлық несиелер және несиеге теңестірілетін клиенттердің қарыздары бойынша несиелік тәуекел бағаланады және оны тиісті шоттар бойынша жіктеледі:

Аттары	Шот номері
--------	------------

Несиелік қоржынның жіктелуі	
1) Басқа банктерге берілген несиелер	
Басқа банктердің корреспонденттік шоттары бойынша овердрафт займдары	1301
Басқа банктерге берілген қысқа мерзімді займдар	1302
Басқа банктерге берілген ұзақ мерзімді займдар	1304
Басқа банктерге берілген қаржы лизингтері	1305
Банктің займдары бойынша басқа банктердің мерзімі өткен қарыздары	1306
Банктің займдары бойынша басқа банктердің блокирленген қарыздары	1307
Банктің займдары бойынша басқа банктердің қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен қарыздары	1309
2) Клиенттерге берілген несиелер	
Клиенттерге берілген овердрафт займдары	1401
Клиенттердің кредиттік карточкалары бойынша шоттары	1403
Клиенттердің есепке алынған вексельдері	1405
Клиенттерге берілген факторингтік несиелер	1407
Клиенттерге берілген форфейтингтік несиелер	1422
Клиенттерге берілген қысқа мерзімді займдар	1411
Клиенттерге берілген ұзақ мерзімді займдар	1417
Клиенттерге берілген қаржы лизингтары	1420
Клиенттердің қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен қарыздары	1421
Банктің займдары бойынша клиенттердің мерзімі өткен қарыздары	1424
Клиенттерге берілген протесталған вексельдер	1425
Банктің займдары бойынша клиенттердің блокирленген қарыздары	1427
Клиенттерге берілген өзге займдар	1440
3) Басқа банктерде орналастырылған Банктің депозиттерінің жіктелімі	
А) Корреспонденттік шоттар	
Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар	1052
Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар бойынша блокирленген қарыздар	1053
Б) Басқа банктерде орналастырылған салымдар	
Басқа банктерде орналастырылған салымдар (бір түнге)	1251
Басқа банктердегі орналастырылған талап етілетін салымдар	1252
Басқа банктердегі орналастырылған қысқа мерзімді салымдар (1 айға дейін)	1253
Басқа банктердегі орналастырылған қысқа мерзімді салымдар (1 жылға дейін)	1254
Басқа банктердегі орналастырылған ұзақ мерзімді салымдар	1255
Басқа банктердегі салымдар бойынша мерзімі өткен қарыздар	1257
Басқа банктердегі салымдар бойынша блокирленген қарыздар	1258
4) дебиторлық қарыздар жіктелімі	
Өзге дебиторлар	
Өзге алдын ала төлемдер	1791
Брокерлермен есеп айырысулар	1852
Банктің қызметкерлерімен есеп айырысулар	1854
Құжатты есеп айырысулар бойынша дебиторлар	1855
Кепіл-хаттар бойынша дебиторлар	1861
Капиталдық жұмсалымдар бойынша дебиторлар	1856

Акцептелген вексельдер үшін клиентке қатысты Банктің талаптары	1864
5) Банктің шартты міндеттемелерінің жіктелуі	
А) Аккредитив шоты	
Шығарылған қамтамасыз етілмеген аккредитивтер бойынша болуы мүмкін міндеттемелер	6505
Расталған қамтамасыз етілмеген аккредитив бойынша болуы мүмкін міндеттемелер	6510
Б) Кепіл-хат шоты	
Берілген немесе расталған кепіл-хаттар бойынша болуы мүмкін міндеттемелер	6555
С) Өзгелері	
Форфейтингтік операциялар бойынша міндеттемелер	6580
Алдағы уақытта займдарды беруге байланысты шартты міндеттемелер	6625
Форфейтингтік операциялар – контршоты бойынша іздестірілетін вексельдер	6680

Несиелерді жіктеу барысында барлық несиелік операциялар бойынша қарыз алушының жалпы қарызы ретінде қарыз алушыға келетін жиынтық тәуекел анықталады.

Жалпы активтерді, соның ішінде несиелерді жіктеу және несиелік тәуекелді бағалау мынадай *критерилерді* ескере отырып жүзеге асады:

- 1) *Қарыз алушының қаржылық жағдайы;*
- 2) *Банк алдындағы жіктелінген активтер және шартты міндеттемелер бойынша мерзімі өткен қарыздарының болуы;*
- 3) *Қамтамасыз ету сапасы;*
- 4) *Несиенің мерзімін ұзартылуы;*
- 5) *Өзге де мерзімі өткен міндеттемелердің болуы;*
- 6) *Несиелердің көзделген мақсатқа жұмсалынбаған бөлігі, %-бен;*
- 7) *Өзге несие берушілер алдында шегерілген қарыздарының болуы;*
- 8) *Қарыз алушыда Ұлттық банктің бекіткен тізіміне енген рейтингтік агенттіктердің рейтингінің болуы.*

Несиелерді жіктеу үшін ең бастысы қарыз алушының қаржылық жағдайына баға берілуге тиіс.

Қарыз алушының қаржылық жағдайын бағалауда отандық банктер тәжірибесінде несиелік скоринг жүйесі қолданылады.

Қарыз алушы заңды тұлғалардың қаржылық жағдайын бағалау тоқсан немесе жарты жыл сайын бір рет клиенттің берген қаржылық есебі негізінде жүргізіледі. Мұндағы қаржылық есепке бухгалтерлік баланс пен пайда және зиян есебі жатады. Осындай құжаттар негізінде несие-менеджері қарыз алушының қаржылық жағдайына несиелік скоринг көмегімен жедел-бағалауды жүзеге асырады.

Несиелік скорингті жүргізу барысында қарыз алушының қаржылық қызметін сипаттайтын бес параметр пайдаланады. Аталған параметрлер екі топқа бөлінген:

1-топ: Қаржылық көрсеткіштердің өзгерісінің динамикасы:

- өндіріске жұмсалатын шығындардың сатудан түсетін түсімдерге қатынасына қатысты өзгерісі;

- негізгі құралдардың құндарының өзгерісі;
- меншікті капиталдың өзгерісі;
- міндеттемелердің жалпы өзгерісі.

2-топ: Қаржылық көрсеткіштер негізінде қарыз алушының несиелік қабілетін бағалау.

Мұда қарыз алушының несиелік қабілетін сипаттайтын мынадай қаржы көрсеткіштері есептеледі:

- ағымдағы және жылдам өтімділік коэффициенттері;
- автономия коэффициенті;
- сауданың рентабельділігі;
- меншікті капиталдың рентабельділігі;
- тауарлы-материалды запастардың айналымдылығы;
- дебиторлық қарыздар айналымдылығы;
- кредиторлық қарыздар айналымдылығы.

Әрбір бағалау параметрлеріне сараптамалық немесе есептеу жолымен бекітілетін балл беріледі және маңыздылық салмағы белгіленеді.

Скоринг – берілген балдар мен тиісті салмағының сомасы ретінде есептеледі және оның мәні нол мен бірдің арасында болады. Есептеу нәтижесінде анықталған мәнді қарыз алушының қаржылық жағдайының деңгейін анықтау үшін және сол санат бойынша тиісті балл беру үшін пайдаланады.

Активтер мен шарты міндеттемелерді жіктеу және оларды күмәндінің санаттарына және үмітсіздерге жатқыза отырып, оларға қарсы провизия (резервтер) құру Ережесіне сәйкес, әрбір класс қарыз алушылардың белгілі бір қаржылық жағдайына сәйкес келеді:

Класс	Қаржылық жағдайының сапасы	Сипаттамасы
1	тұрақты	Қарыз алушының қаржылық жағдайы тұрақты; компания зиянсыз, төлем қабілетінді, нарықта жақсы позиция ұстанған; актив бойынша жасалған келісімшарттың қызмет ету мерзімі ішінде қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауына ықпал ететін сыртқы немесе ішкі факторлар айқындалмаған; өзінің міндеттемесі бойынша банкпен есеп айырысудағы клиенттің мүмкіндігі күмән туғызбайды; қарыз алушының активтері мен пассивтері мерзімдері бойынша өлшенген
2	қанағаттанарлық	Қарыз алушының қаржылық жағдайының уақытша нашарлауының, табыстарының, төлем қабілетіндік деңгейінің, нарықтық позициясының төмендеу белгілері бар; актив бойынша жасалған келісімшарттың қызмет ету мерзімі ішінде қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауына ықпал ететін сыртқы немесе ішкі факторлар айқындалған; өзінің міндеттемесі бойынша банкпен есеп айырысудағы клиенттің мүмкіндігі күмән туғызуы; бұл жерде қарыз алушының уақытша қиындықтарды жеңіп, банк алдындағы өзінің міндеттемесімен есеп айырысатындығына сенім бар.
3	тұрақсыз	Қарыз алушының қаржылық жағдайы үздіксіз

		нашарлағандығының, қызметі зияндылығының, төлем қабілетіндік деңгейі төмендеуінің, нарықтағы үлесінің азаюының белгісі бар; бұл жерде қарыз алушының қаржылық жағдайының тұрақтану немесе жақсаруна сенім жоқ; қарыз алушыға 1 жыл бойы санациядан өтудің жариялануы; қызметінің тоқтауына ықпал етпеген бірақ, қарыз алушыға материалдық залал әкелген форс-мжор немесе өзге жағдайлардың болуы; қарыз алушының қаржылық жағдайын бағалау үшін қажетті мәліметтердің немесе несиелік іс-құжаттарының болмауы
4	қауіпті	Қарыз алушының қаржылық жағдайы үздіксіз нашарлауы, зиянмен жұмыс жасауы, төлем қабілетінсіздігі, нарықтағы позициясын жоғалтуы; меншікті капиталдың теріс көрсеткішке ие болуы; қарыз алушыға 1 жылдан жоғары мерзімде санациядан өтудің жариялануы; қарыз алушының банкрот ретінде танылуы; қызметінің тоқтауына ықпал еткен бірақ, қарыз алушыға материалдық залал әкелген форс-мжор немесе өзге жағдайлардың болуы. Сонымен қатар қарыз алушының қаржылық жағдай туралы ақпарат болмаған кезде, оның жағдайы қауіпті болып саналады.

Скоринг көмегімен есептелінген, қарыз алушының қаржылық жағдайының класына сәйкес аталған критерилер бойынша балл беріледі:

Класс	Қаржылық жағдайының сапасы	Балл
1	тұрақты	0
2	қанағаттанарлық	+1
3	тұрақсыз	+2
4	Қауіпті (критический)	+4

Скоринг көмегімен мерзімі өткен қарыздары бар несиелер бойынша қарыз алушы жеке тұлғаның қаржылық жағдайын тоқсан сайын немесе жарты жылда бір рет бағалауды жүзеге асыруға болады.

Ережеге сәйкес, әрбір класс қарыз алушылардың белгілі бір қаржылық жағдайына сәкес келеді:

Класс	Қаржылық жағдайының сапасы	Сипаттамасы
1	тұрақты	Қарыз алушының қаржылық жағдайы тұрақты; Қарыз алушы алты айдан астам мерзім бойында жұмыс жасайды және табыстары тұрақты түсуде. Төлем қабілетіндік коэффициенті (қарыз алушының және оның отбасы мүшелерінің барлық шығыстарының барлық табыстарына қатынасы) 0,9-дан кіші немесе тең. Қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауына ықпал ететін факторлар айқындалмаған;
2	Қанағаттанарлық	Қарыз алушының қаржылық жағдайының уақытша нашарлауының белгісі бар. Қарыз алушы алты айдан төмен, бірақ екі айдан жоғары мерзімде жұмыс жасайды және табыстарының түсуі тұрақты. Төлем қабілетіндік коэффициенті (қарыз алушының және оның отбасы мүшелерінің барлық шығыстарының барлық табыстарына

		қатынасы) 0,9-дан 1-ге дейінгі аралықты құрайды. Қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауына ықпал ететін факторлар айқындалған;
3.	Тұрақсыз	Қарыз алушының қаржылық жағдайының уақытша нашарлауының белгісі бар. Қарыз алушы ек айдан төменгі мерзімде жұмыс жасайды және табыстарының түсуі тұрақсыз. Төлем қабілетіндік коэффициенті (қарыз алушының және оның отбасы мүшелерінің барлық шығыстарының барлық табыстарына қатынасы) 1-ге тең немесе жоғары. Қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауына ықпал ететін факторлар айқындалған; Қарыз алушының банк алдындағы өзінің міндеттемесімен есеп айырысатындығына сенім жоқ, сондай-ақ қарыз алушының несиелік ісқұжаттары жоқ.
4	қауіпті	Қарыз алушының қаржылық жағдайы қауіпті жағдайға жеткен, табыс алу көзі жоқ (жұмыстан босатылған немесе кәсіпкерлік қызметі тоқтаған). Төлем қабілетіндік коэффициенті (қарыз алушының және оның отбасы мүшелерінің барлық шығыстарының барлық табыстарына қатынасы) 1-ден жоғары. Клиент төлем қабілетінсіз.

Скоринг көмегімен есептелінген, қарыз алушының жеке тұлғаның қаржылық жағдайының класына сәйкес аталған критерилер бойынша балл беріледі:

Класс	Қаржылық жағдайының сапасы	Балл
1	тұрақты	0
2	қанағаттанарлық	+1
3	тұрақсыз	+2
4	Қауіпті (критический)	+4


Қамтамасыз ету сапасының критерилері бойынша балдарды аталған Ережеге сәйкес есептейді (қосымша бетті қараңыз).

Активтерді жіктеу барысында анықталатын қорытынды балл жоғарыда аталған барлық критерийлерді қосу арқылы анықталады.

Қорытынды балдың мәнінің негізінде несие бөлімінің қызметкері жіктелінетін активтер санатын бекітіп, соған сәйкес провизия мөлшерін анықтайды:

Баллар саны	Активтердің жіктелім санаттары	Провизия мөлшері (негізгі қарыздың сомасынан %-бен)
1-ге дейін	Стандартты	0
	Күмәнді	
1-ден 2-ге дейін	1-санатты	5% - төлемдерді уақтылы және толық төлеген жағдайда
	2-санатты	10% - төлемдерді кешіктірсе немес жартылай төлесе
2-ден 3-ке дейін	3-санатты	20 % - төлемдерді уақтылы және толық төлеген жағдайда
	4-санатты	25% - төлемдерді кешіктірсе немес жартылай төлесе
3-тен 4-ке дейін	5 санатты	50% - барлық жағдайларда
4-тен жоғары	Үмітсіз	100% - барлық жағдайларда

Банк несиелерінің өсуі серпіні өз кезегінде банк жүйесіндегі тәуекел деңгейін арттырып, несиелік қоржынның сапасын төмендетуге әсер етуде (11-сурет).



11-сурет. ЕДБ-дің несиелік қоржынының сапасы, %.

Көріп отырғанымыздай несиелік қоржынның сапасы 2000 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда біршама нашарлағандығы байқалады, оны несиелік қоржында күмәнді несиелердің өсуінен байқауға болады, айталық 2000 жылы стандартты несиелер - 55,2%, күмәнді – 39,0%, үмітсіз 5,8% құраған болса, ал 2007 жылы аяғына стандартты несиелер – 39,8%, күмәнді – 58,7%, үмітсіз 1,5% құрап отыр.

Біріншіден, несиелік қоржынның сапасының нашарлауына 2003 жылдан бастап, қолданыла бастаған 2002 жылы 16 қарашадағы №465 қаулысымен бекітілген “Активтердің, шартты міндеттемелердің жіктелуі және оларды күмәнді және үмітсіз санаттарға жатқыза отырып, оларға қарсы провизиялар құру” туралы ережесі бойынша қойылатын талаптардың күшейуі ықпал етсе, екіншіден, банктердің кепілсіз шартпен несиелеу көлемін өсуіне ынталы болуы да әсер еткен, үшіншіден, бұл аталған банктердің басында тұрған несиелік тәуекелдің деңгейін сипаттайды.

ЕДБ-дің несиелері бойынша мерзімі өткен берешектері туралы 16- кестеден байқауға болады.

16-кесте. ЕДБ-дің несиелері бойынша мерзімі өткен берешектері, кезеңнің соңына

Көрсеткіштер	2000ж	2001ж	2002ж	2003ж	2004ж	2005ж	2006ж	2007ж*
Барлық несиелер млрд. теңге:	276,2	489,8	672,4	978,1	1 484, 0	2 592,1	5 991,9	6013,0
оның ішінде:								
Мерзімі өткен	4,8	8,3	15,5	17,9	30,0	33,	66,5	50,2

берешектер, барлығы, млрд теңге, о.і.:								
Банктік емес заңды тұлғалардың	4,4	7,7	14,1	16,6	27,8	28,6	59,7	37,6
Жеке тұлғалардың	0,4	0,6	1,4	1,3	2,2	4,5	6,8	12,6
Ұлттық валютадағы	2,9	3,1	5,4	8,9	16,4	15,1	24,2	29,2
Шетел валютасындағы	1,9	5,2	10,1	9,0	13,6	17,9	42,3	20,9
Қысқа мерзімді несиелер бойынша	3,4	6,5	10,8	10,0	17,8	17,3	44,6	19,4
Ұзақ мерзімді несиелер бойынша	1,4	1,8	4,7	7,8	12,2	15,8	21,9	30,7

Ескертпе –ҚҰБ-нің № 7 (92) 2002 жылғы шілдедегі және №5 (150) 2007 жылғы мамырдағы статистикалық бюллетенінен алынған сандық мәліметтер негізінде автор есептеген

* 31.05.2007ж

Халықаралық банктік тәжірибеде банктердің несиелік қоржындарындағы проблемалық несиелердің үлесі 5-6% көлемінен аспайтын болса, ал біздің банктеріміздің несиелік қоржынындағы олардың үлесі бүгінгі күні 47,4% немесе 10 есе жоғары көрсеткішке ие. Мұндай көрсеткіш тек қана қадағалаушы ұйымдарды емес, банк иелерін ойландырып, тиімді шешім қабылдауды қажет етеді. 2007 жылдың тамыз айынан бастап, күні осыған дейін бірқатар банктеріміз, оның ішінде ірі банктер клиенттерге несие беру шарттарын қайта қарап, яғни қатаңдатып немесе несие бағасы мен бастапқы салым мөлшерін екі есеге өсіру арқылы несие беру көлемінің қысқартып отыр. Бұл да керек шара қысқа мерзімді тиімді болуы мүмкін, ал ұзақ мерзімде тиімсіз.

5.4 Банктің инвестициялық операциялары

“Инвестиция” сөзі латынша “investire” қазақ тіліне аударғанда “қаражат салу, жұмсау” дегенді білдіреді. Инвестицияның төмендегідей типтері болады:

1) *Портфельдік (қаржылық) инвестициялар*, мемлекеттік, муниципальдық органдардың бағалы қағаздарына және корпоративтік компаниялардың шығарған акцияларына, облигацияларына немесе өзге бағалы қағаздарына жұмсаған қаражаттар.

Портфельдік инвестицияны жүзеге асыру барысында инвестор пайыз немесе дивиденд түрінде табыс алады және өтімді резервтерін қалыптастырады. Портфельдік инвестицияны уақытша бос ақша қаражаты бар банктер, инвестициялық компаниялар және фирмалар жүзеге асырады.

2) *Нақты капитал (капитал жасайтын) инвестициялар* – материалдық өндіріске материалдық-заттай қызмет түрлерін ұзақ мерзімді қаражат салу немесе басқаша айтқанда, жұмыс жасап отырған кәсіпорындарды қайта құру және техникалық жағынан қайта қаруландыруға, жаңа кәсіпорындар салуға

жұмсалған инвестициялар. Бұл жерде инвестор-кәсіпорын өзінің капиталын, соның ішінде негізгі өндірістік қорларын ұлғайту мақсатында жұмыс жасайды.

3) *Материалдық емес активтерге салынған инвестициялар* – кәсіпорынға, жобаларға және қандай да бір істі бастауға қажет құқықтарға, лицензияларға, ноу-хау, мүлікке және басқа да ғылыми-техникалық өнімдер нысанындағы ақшалай емес инвестициялар.

4.4.1. Банктік инвестиция және инвестициялық саясаты

Жалпы банк қызметіндегі инвестициялаудың өзіндік ерекшелігі бар. Кең мағынада, *банктік инвестиция* - пайда табу мақсатында банктің ресурстарын орналастыруға бағытталған активтік операциялардың жиынтығы.

Ал, тар мағынада, *банктік инвестиция* - табыс немесе пайда алу мақсатында ақшалай қаражаттарды бағалы қағаздарға жұмсауы.

Сонымен қатар, банктік инвестициялау деп негізгі капиталға жұмсаған қаражаттарды да түсінуге болады.

Банктің инвестициялық қызметі инвестициялық саясат көмегімен жүзеге асырылады. Инвестициялық саясаттың негізгі мазмұны қаражат жұмсау үшін біршама тиімді бағалы қағаздың түрлерін анықтау, әр уақыт кезеңіне инвестиция портфелінің құрылымын оңтайландырудан тұрады.

Банктердің инвестициялық саясаты - банк қызметінің тұрақты жұмыс жасауын, нәтижелілігін немесе пайдалылығын, сондай-ақ өтімділігін қамтамасыз ету мақсатында инвестициялар портфелін басқару стратегияларын жасауға және іске асыруға бағытталатын шаралар жиынтығы.

Банктің инвестициялық саясатының басты бағыттары мынадай бөлімдерді қамтиды:

- инвестициялық саясаттың басты мақсаты;
- баланс активі мен пассивіндегі инвестициялық операциялардың шегін (үлесін) анықтау;
- инвестициялық операциялардың сапасы үшін жетекшілер мен атқарушылардың жауаптылығы;
- инвестициялардың құрамы мен құрылымы;
- бағалы қағаздардың сапасының деңгейінің және өтеу мерзімінің тиімділігі;
- инвестициялар портфелінің диверсификациялануына қойылатын негізгі талаптар;
- портфелдің құрамына түзетулер енгізу механизмі;
- сақтау тәртібі және сақтандыру механизмі;
- пайдалар мен зияндарының есебі;
- компьютерлік қамсыздандыру бағдарламалары.

Инвестициялық портфелінің мынадай түрлерге жіктеледі:

- Консервативті портфель тәуекелі және табысы төмен танымал бағалы қағаздардан тұрады және мұндағы инвестициялау мақсаты капиталдың құнын сақтап қалу.

- Агрессивті портфель тәуекелі және табысы жоғары бағалы қағаздардан тұрады және мұндағы инвестициялау мақсаты табыс алу.

- Бағалы қағаздар (инвестициялық) портфелі - банктердің пайда әкелетін бағалы қағаздарға салынған қаражаттарының жиынтығын білдіреді.

Жалпыға ортақ бағалы қағаздар портфелінің қалыптасу принциптеріне мыналар жатады:

- қауіпсіздік;
- табыстылық;
- өтімділік;
- капиталдың өсуі.

Бағалы қағаздар портфелін басқарудың екі әдісі бар: активті және пассивті. Активті басқару әдісі бағалы қағазбен тұрақты жұмыс жасауды сипаттайды. Активті басқарудың әдістері мынадай жолдармен жүзеге асады:

- белгілі бір бағалы қағаздарды таңдау;
- бағалы қағаздарды сатып алу немесе сату мерзімін белгілеу;
- бағалы қағаз портфелінде тұрақты свопинг (ротация) жүргізу.

Егерде ҚР Ұлттық банкі қайта қаржыландыру мөлшерлемесін төмендететін болса, онда төменгі купондық табысы бар ұзақ мерзімді облигацияларды сатып алған дұрыс, себебі, қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің төмендеуі облигация бағамын жоғарлатады. Мұндай жағдайда купондық табысы жоғары қысқа мерзімді облигацияларды сатып жіберу қажет, өйткені олардың бағамы төмендеуі мүмкін.

Бағалы қағаздар портфелін пассивті басқару мынадай әдістер арқылы іске асады:

- диверсификациялау;
- индекстік әдіс;
- портфелді сақтау.

Диверсификациялау әдісі бағалы қағаздар портфелін әр түрлі қағаздардан қалыптастыру шараларын білдіреді. Диверсификацияланған портфелдің құрылымы инвестор-банктердің мақсатымен сәйкес келуі қажет.

Индекстік әдіс бойынша басқарғанда белгілі бір портфелді эталон ретінде алады. Эталон-портфелдің құрылымы белгілі бір индексермен сипатталады. Бұл әдісті пайдалану қиындығы негізінен эталон ретінде портфельді таңдаумен байланысты.

Портфелді сақтау әдісі портфелдің жалпы сипатының деңгейін сақтау және оның құрылымын қолдап отыруды білдіреді. Бағалы қағаздармен ірі сомада операция жүргізгенде, олардың бағамдарында өзгерістер болуы мүмкін, ол өзгерістер өз кезегінде, активтердің ағымдағы құндарының өзгеруіне жол береді. Айталық, компанияның акционерлерінің сатқан акцияларының құны олардың сатып алғандағы құнынан жоғары болуы мүмкін. Мұндай жағдайда, бағалы қағаздар портфелінің бір бөлігін сату қажет, сол арқылы, компанияға қайтарған акционерлерді акцияларының құндары өтеледі. Сондай-ак

акционерлердің акцияларды компанияға көп мөлшерде сатуы, олардың бағамдарының төмендеуіне жол беріп, нәтижесінде компанияның қаржылық жағдайына теріс әсер етеді.

4.4.2 Банктің бағалы қағаздармен операциялары

Банктердің инвестициялық операциясы бұл олардың бағалы қағаздармен жасалатын операцияларын сипаттайды.

Коммерциялық банктердің бағалы қағаздармен жасалатын операцияларын мынадай үш топқа бөлуге болады:

- банктің эмитент ретіндегі операциялары;
- инвестор ретіндегі операциялары;
- делдал ретіндегі операциялары.

Коммерциялық банктер эмитент ретінде төмендегідей бағалы қағаздарды шығарады:

- акция,
- облигация;
- банктік сертификат;
- туынды бағалы қағаздар.

Акцияларды шығару арқылы банктер акционерлік қоғам ретінде құрылып, оның жарғылық капиталын қалыптастырады.

Облигация мен сертификаты шығару арқылы банктер қосымша қаражаттар тартады.

Банктің инвестор ретіндегі қызметінің нәтижесінде банктің бағалы қағаздар портфелі қалыптасады.

Ал, 2006-2008 жылғы 1 қаңтардағы екінші деңгейдегі банктердің инвестициялық қоржындарының құрылымы туралы 17-кестеден көруге болады.

17-кесте. ЕДБ-дің инвестициялық қоржындарының құрылымы

Бағалы қағаздар	01.01.2006ж		01.01.2007ж		01.01.2008ж.	
	млн. теңге	үлесі, %	млн.теңге	үлесі, %	млн. теңге	үлесі, %
ҚР мемлекеттің бағалы қағаздары, оның ішінде:	217 198	33,56	477 762	38,54	296 720	38,52
ҚР еурооблигациялар	39 583	6,12	40 705	3,28	8 869	1,15
Қаржы Министрлігінің бағалы қағаздары	91 509	14,14	97 414	7,86	136 696	17,75
ҚҰБ-нің ноталары	83 511	12,90	338 211	27,28	148 957	19,34
Жергілікті атқарушы ұйымдардың бағалы қағаздары	2 594	0,40	1 431	0,12	2 198	0,28
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	139 800	20,05	74 826	6,03	3 863	0,50
Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік бағалы қағаздары	147 799	22,84	235 251	18,97	151 417	19,65
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде:	85 374	13,19	212 692	17,15	178 984	23,24
акциялар	3 712	0,57	32 363	2,61	39 349	5,11
облигациялар	81 661	12,62	180 329	14,54	139 417	18,10
Шетелдік эмитенттің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде:	67 075	10,36	239 394	19,31	139 328	18,09
акциялар	0	0,00	0	0,00	1 043	0,14
облигациялар	67 075	10,36	239 394	19,31	138 285	17,95
Барлығы	647 245	100,0	1 239 924	100,0	770 094	100,0

Ескертпе – ҚҚА-нің мәліметтері негізінде автормен есептелген

Кестеден көріп отырғанымыздай, банктердің жиынтық инвестициялық қоржыны 2006 жылдың 1 қаңтарға 647 245 млн теңгені құраған. Қоржынның ең үлкен бөлігін 33,56% ҚР мемлекеттің бағалы қағаздары алады немесе оның көлемі 217 198 млн. теңгені құрайды. Осы көрсеткіш 2007 жылдың 1 қаңтарда 1 239 924 млн теңгені құрап, яғни 1,8 есе өскен. Бұл жерде өсу әсіресі мемлекеттің бағалы қағаздарының есебінен қамтамасыз етілгенін байқау қиын емес. Қоржынның ең үлкен бөлігін 38,54% ҚР мемлекеттің бағалы қағаздары алады немесе оның көлемі 477 762 млн. теңгені құрайды.

2008 жылдың 1 қаңтарына ЕДБ-дің жиынтық инвестициялық қоржыны 777 312 млн теңгені құрап, өткен жылға қарағанда 1,5 есеге кеміген. Қоржынның ең үлкен бөлігін 38,52% ҚР мемлекеттің бағалы қағаздары алады немесе оның көлемі 296 720 млн. теңгені құрайды.

Екінші орынды алатын ҚР мемлекеттік емес бағалы қағаздарының инвестициялық қоржындағы үлесі 2006 жылы 33,56 % немесе 217 198 млн. теңгеге, 2007 жылы 17,15 % немесе 212 692 млн. теңгеге, ал 2008 жылы 21,50 % немесе 178 984 млн. теңгеге тең.

Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарының үлесі 2006 жылы 20,05 % немесе 129 800 млн. теңгеге, 2007 жылы 6,03 % немесе 338 211 млн. теңгеге, ал 2008 жылы 0,50 % немесе 3 863 млн. теңгеге тең.

Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік бағалы қағаздарының үлесі 2006 жылы 22,84 % немесе 147 799 млн. теңгеге, 2007 жылы 18,97 % немесе 235 251 млн. теңгеге, ал 2008 жылы 19,65 % немесе 151 417 млн. теңгеге құрайды. Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесі 2006 жылы 10,36 % немесе 67 075 млн. теңгені, 2007 жылы 19,31 % немесе 239 394 млн. теңгені, ал 2008 жылы 18,09 % немесе 139 328 млн. теңгені құрайды.

Егер 2005 жылы мәліметтермен салыстыратын болсақ, мұнда бірінші жарты жылдықта 115 аукцион өткізіледі, яғни 20 аукцион көп, бірақ орналастыру көлемі 88,5 млрд теңге құрады.

Жалпы 2004 жылы алғашқы нарықта мемлекеттік бағалы қағаздар 142,4 млрд теңге сомасына орналастырылды. Осыған байланысты мемлекеттік бағалы қағаздар алғашқы орналастыру тиімділігі жоғарлады: 2005 жылы 179,0 млн теңге, ал 2006 жылы қазанда 787,2 млн теңге. 2006 жылы мемлекеттік бағалы қағаздар орналастырудың 80% Ұлттық Банк қысқа мерзімді ноталарында келеді, ал қалған 20% ҚР Министрлігінің міндеттемелері қамтиды.

Сөзсіз, инвесторлар арасында ең танымалы ҚҰБ ноталары болып табылады. Бұл бағалы қағаздарға сұраныс, басқа эмиссияны шектегенде, әрқашан 200-300% деңгейде, кейде ұсыныстан он рет жоғары болды.

Банктер қаражаттарының бір бөлігін мемлекеттік емес бағалы қағаздарға орналастырады. Мемлекеттік емес бағалы қағаздарға корпоративтік бағалы қағаздарды жатқызамыз.

Бұл жерді банктер табыс алу мақсатында өзге эмитенттердің бағалы қағаздарына қаражаттарын салады. Әрине қаражат салуда мынадай факторларды ескереді:

- тәуекел деңгейі;
- өтімділік дәрежесі;
- табыстылық.

Тәуекел – бұл қор нарығындағы өзгерістердің әсерінен бағалы қағаздардың нарықтық құндарының төмендеу қауіпін сипаттайды.

Тәуекел деңгейіне қарай бағалы қағаздар тәуекелсіз және тәуекелді деп екіге бөлінеді. Тәуекелсіз бағалы қағаздарға тек қана мемлекеттің бағалы қағаздарын жатқызуға болады. Қалған бағалы қағаздардың барлығы тәуекелді бағалы қағаздарға жатады.

Мемлекеттің бағалы қағаздары – эмитенті мемлекет болып табылатын мемлекеттің ішкі қарызының формасын немесе борыштық бағалы қағаздарды білдіреді.

ҚР-да мемлекеттің бағалы қағаздарын мынадай мемлекеттік ұйымдар мен мекемелер шығарады (18-кесте):

а) ҚР Үкімет немесе ҚР Қаржы министрлігінің айналысқа шығаратын қазынашылық міндеттемелері,

ә) Қазақстан Ұлттық банкінің бағалы қағаздары, соның ішінде:

- Ұлттық банктің қысқа мерзімді нотасы;

- Ұлттық банктің арнайы валюталық нотасы;

б) *Муниципалдық бағалы қағаздар* – жергілікті билік органдарының жергілікті жерлерде әр түрлі шараларды қаржыландыру мақсатында шығаратын бағалы қағаздары.

Жалпы мемлекеттің бағалы қағаздарының сипаты 18-кестемен берілген.

18-кесте.

ҚР мемлекеттің бағалы қағаздары сипаты

Түрі	Шығару мақсаты	Орналастыру тәсілі	Айналыс мерзімі	Номинал құны
Ұлттық банктің қысқа мерзімді нотасы	Айналыстағы ақша массасын реттеу	Аукцион/сату	7 күнен 90 күнге дейін	100 теңге
Ұлттық банктің арнайы валюталық нотасы	Еркін өзгермелі валюта бағамына өтуге байланысты жинақ зейнет ақы қорлардың активтерін қорғау	Ноталар портфелін жинақ зейнет ақы қорларымен айырбастау	35 күн	100 АҚШ доллары
Арнайы валюталық мемлекеттік облигациялар (АВМЕКАМ)	Жинақ зейнет ақы қорлардың активтерін қорғау	мемлекеттік облигациялар портфелін жинақ зейнет ақы қорларымен айырбастау	5 жыл	100 АҚШ доллары
Мемлекеттің қысқа мерзімді қазынашылық валюталық міндеттемесі (МЕКАВМ)	Республикалық бюджеттің ағымдағы тапшылығын қаржыландыру	Аукцион	3,6,9 және 12 ай	100 АҚШ доллары
Мемлекеттің индексацияланатын қазынашылық міндеттемесі (МЕИКАМ)	Республикалық бюджеттің ағымдағы тапшылығын қаржыландыру	Аукцион	3 ай және одан жоғары	1000 теңге
Мемлекеттің орта мерзімді қазынашылық міндеттемесі (МЕОКАМ)	Республикалық бюджеттің ағымдағы тапшылығын қаржыландыру	Аукцион	2 және 3 жыл	1000 теңге
Мемлекеттің қысқа мерзімді қазынашылық міндеттемесі (МЕККАМ)	Республикалық бюджеттің ағымдағы тапшылығын қаржыландыру	Аукцион	3,6,9 және 12 ай	100 теңге
Мемлекеттік ішкі займдық ұлттық жинақ облигациялар (ҰЖО)	Республикалық бюджеттің ағымдағы тапшылығын қаржыландыру	Жазылу жолымен	364 күн	1000 теңге

Бүгінгі таңда ҚР-ғы екінші деңгейдегі банктердің инвестициялық операцияларға бағытталған активтерінің басым бөлігі мемлекеттің бағалы қағаздарға жұмсалып отырғаны жасырын емес. Себебі, мұндай бағалы қағаздарға салған активтер: біріншіден, өтімді, яғни банк ондағы қаражатты тез арада қолма-қол ақшаға айналдыра алады, екіншіден, олардан алатын табыс төмен болғанымен тәуекел төмен немесе жоқ десе де болады.

Мемлекеттің бағалы қағаздары табыстылығына қарай үш түрге бөлінеді:

- *Дисконттық*, мұндай бағалы қағаздар алғашқы нарықта инвесторларға жеңілдікпен (номиналдық құнынан төменгі бағамен) сатылып, номиналдық құны бойынша өтеледі.

Дисконтты мемлекеттің бағалы қағаздарының жылдық тиімді табысы шегерім (дисконт) мөлшеріне байланысты және оны төмендегідей формуламен есептеуге болады:

$$D_t = \frac{T}{[(N - P) / P * 100 \%]}$$

мұндағы:

N – бір бағалы қағаздың атаулы құны;

P – сатудың орташа өлшенген дисконтталған құны;

T – мемлекеттік бағалы қағаздың бір жыл ішіндегі айналымы.

- *Купондық*, яғни номиналдық құнына пайызбен бейнеленген табыс әкелетін бағалы қағаздар. Купон мерзіміне қарай жылына 2-4 ретке дейін төленеді.

- *Аралас*, яғни купон және дисконт түрінде қатар табыс әкелетін бағалы қағаз. Бұл жағдайда инвестор-банктің табысы екі көзден: дисконт түріндегі және купон мөлшерлемесі түріндегі табыстардан құралады.

Мысалғы, облигацияның ағымдағы бағасы 100 теңге, купон мөлшерлемесі – 10 %, онда облигацияның ағымдағы табысын төмендегідей түрде есептеуге болады.

$$\text{Купон} / \text{баға} * 100 = 10/100 * 100 = 10\%$$

Егер облигация бағасы өсіп, 150 теңгені құраса, онда ағымдағы табыс:

$$10/150 * 100 = 6.66\%$$

Демек, қандай да бір бағалы қағазды сатып алу барысында банк инвестор ретінде эмитенттің қызметіне байланысты туындайтын және оған қатыссыз болатын тәуекелге баратыны сөзсіз. Мұндай тәуекелді екі түрге бөледі:

- *Жүйелік тәуекел*, яғни эмитент компанияның қызметіне байланыссыз нарықтағы өзгерістерге тиесілі экономикалық факторларға негізделген тәуекел.

Мұндай тәуекел диверсификациялауға жатпайды, сондықтан оны диверсификацияланбайтын тәуекел деп атайды.

- Жүйелік емес, яғни эмитенттердің қызметіне негізделген тәуекел. Мұндай тәуекелдерді инвестициялық қоржынды диверсификациялау арқылы немесе өзге эмитенттердің бағалы қағаздарына қаражат салу арқылы қалыпқа келтіруге болады.

Тәуекелдің алдын алу үшін банктер қор нарығына мынадай талдаулар жүргізеді:

- түпкілікті талдау;
- техникалық талдау.

Түпкілікті талдау эмитенттің табысын, сату көлемін, активі мен пассивін, меншікті капиталға қатысты пайдасын және менеджментінің деңгейін сипаттайтын көрсеткіштерге баға беруді білдіреді. Талдау көзіне эмитенттің пайда немесе зиян туралы есебі, балансы және өзге құжаттары жатады.

Техникалық талдау эмитенттің бағалы қағазына деген сұраныс пен ұсынысты, олармен жасалған операциялар көлемі және бағамын бағалауды сипаттайды.

Сонымен қатар халықаралық банктік тәжірибеде банктер бағалы қағаздармен операциялар жүргізуде бағалы қағаздардың рейтингіне мән беруге тиіс (15-кесте).

15-кесте

Ашық нарықтың бағалы қағаздары бойынша несиелік тәуекел рейтингі

Бағалы қағаздардың сапасы	Рейтингтік белгілер		
	Standard & Poor's Corporation	Moody's Investor Service	
Жоғары сапалы/ инвестициялық тәуекелі төмен	Aaa	AAA	Көптеген банктер үшін мұндай инвестициялық сапа немесе инвестициялық рейтинг қолайлы
Жоғары рейтинг немесе сапасы жоғары	Aa	AA	
Орташадан жоғары рейтинг	A	A	
Орташа рейтинг	Baa	BBB	Алып-сатарлық сапасы бар бағалы қағаздар көптеген банктер үшін қолайсыз
Бірқатар алып-сатарлық элементтері бар орташа рейтинг	B	B	
Орташадан төменгі рейтинг	Baa	CCC	
Төменгі рейтинг (қайтарылмауы мүмкін)	Ca	CC	
Алып-сатарлық рейтинг (жиі қайтарылмайды)	C	C	

Төменгі сапалы алып-сатарлық бағалы қағаздар (болашағы жоқ)	Бағаланбайды	DDD	
Қатарылмайтындығы туралы белгісі бар немесе банкрот туралы жарияланған корпорациялардың шығарған бағалы қағаздары		DD	
		D	

Көптеген банктер осы рейтингтегі жоғары инвестициялық сапалы бағалы қағаздарды, соның ішінде AAA рейтингінен BBB рейтингіне дейін Moody's Investor Service бағаны бойынша, немесе Aaa рейтингінен Baa рейтингіне дейін Standard & Poor's Corporation бағаны бойынша сатып алуды дұрыс санайды.

Банк қаражатарының бір бөлігін мемлекеттік емес бағалы қағаздарға орналастырады. Мемлекеттік емес бағалы қағаздарға корпоративтік бағалы қағаздарды жатқызамыз.

Корпоративтік бағалы қағаздарды корпорациялар, акционерлік қоғамдар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер және өзге кәсіпорындар мен ұйымдар шығарады. Корпоративтік бағалы қағаздарға мыналар жатады: *акциялар; облигациялар; ипотекалық куәліктер; фьючерс және опцион; депозитарлық қолхаттар.*

Акция – бұл акционерлік қоғамның жарғылық капиталына үлес қосқандығын куәландыратын және басқару ісіне қатысуға құқық беретін, сондай-ақ иесіне табыс әкелетін бағалы қағаз.

Дивидент төлеу тәсілінің айырмашылығына байланысты акциялар жай және артықшылықты болып бөлінеді. Жай акция, оның иесіне акционерлік қоғамының табысына байланысты табыс әкеледі және қоғамды басқару ісіне немесе жалпы жиналысқа қатысуға құқық береді. Ал, артықшылықты акция, иесіне қоғамның табысына байланыссыз тұрақты табыс алуға құқық береді, бірақ басқару ісіне араласуға немесе акционерлер жиынылысына қатысуға құқық бермейді. Артықшылықты акцияның келесі бір артықшылығы - қоғам борыштық тұрақсыздыққа ұшыраған жағдайда мүлікті жай акция иесінен бұрын алуға мүмкіндік беруі.

Акцияға инвестициялаудан банк дивидент түрінде табыс алады. Жай акция бойынша дивидент мөлшері белгіленбейді және оның көлемі акционерлік қоғамның пайдасын тікелей тәуелді болып табылады.

Ал артықшылықты акциялар бойынша дивидент мөлшері пайызбен белгіленеді. Сондықтан артықшылықты акция бойынша алатын дивидент түріндегі табысты (D_{AA}) мынадай формула көмегімен білуге болады:

$$D_{AA} = \frac{\text{Акция номиналы} * \text{Дивиденд мөлшері}}{100}$$

1-есеп. Акционерлік қоғамның жарғылық капиталы 5 млн теңгені құрасын. Оның шығарған акцияларының саны: 800 жай акциялар және 200 артықшылықты акциялар. Дивидендке бөлінетін пайда мөлшері 1 млн теңге. Артықшылықты акциялар бойынша дивидент мөлшері 50%. Егер акциялардың барлығының номиналдық құны бірдей болса, онда жай акциялар бойынша төленетін дивиденд мөлшері қандай болмақ? Ең бірінші мұнда акциялардың номинал құнын табу керек:

$$\text{Акция номиналы} = \frac{5\,000\,000}{(800 + 200) \text{ дана}} = 5000 \text{ теңге}$$

Акцияның номиналын пайдаланып артықшылықты акциялар бойынша төленетін жалпы табыс (T_{AA}) мөлшерін анықтаймыз:

$$T_{AA} = 200 \text{ дана} \times 5000 \text{ теңге} \times 0,5 = 500000 \text{ теңге}$$

Осы жерде бір артықшылықты акция бойынша алатын дивиденд түріндегі табысты (D_{AA}) есептейік:

$$D_{AA} = \frac{5000 \text{ теңге} \times 50\%}{100} = 2500 \text{ теңге}$$

Заңға сәйкес артықшылықты акциялар бойынша дивиденд жай акциялардан бұрын төленді десек, онда жай акцияны ұстаушылардың арасында бөлінетін дивиденд мөлшері: $1\,000\,000 - 500\,000 = 500\,000$ теңгені құрайды. Демек, бір жай акцияға төленетін дивиденд: $500\,000 / 800 = 625$ теңгеге тең.

Акцияның бағамы (A_B) акциядан түсетін дивидентке тура пропорционал және ссудалық пайызға кері пропорционал болып табылады:

$$A_B = \frac{\text{Дивидент}}{\text{Ссудалық пайыз}} \times 100$$

Мұндағы ссудалық пайыз ретінде ҚР Ұлттық банкінің қайта қаржыландару мөлшерлемесін немесе коммерциялық банктердің депозит бойынша белгілейтін сыйақы мөлшерлемелерін пайдалануға болады.

Жалпы акцияға жұмсалатын қаражаттың тиімділігін банктер бағалау білуге тиіс. Ол үшін акцияға келетін дивиденттің (A_d) коэффициентін есептеу формуасын пайдаланады:

$$A_d = \frac{\text{Төленетін дивиденттер}}{\text{Айналыстағы жай акциялар саны}} \times 100$$

Қаншалықты бұл көрсеткіштің мәні жоғары болса, соғұрлым одан түсетін табыста жоғары.

Осы көрсеткішке қоса дивидентті төлеу коэффициентін (D_r) есептеу қажет.

$$D_T = \frac{\text{1 жай акцияға төленетін дивидент}}{\text{1 акцияға келетін пайда}} \times 100$$

Акциялар шығару формасына қарай: *құжатты* (сертификатпен) түрде және *құжатсыз* (шоттағы бухгалтерлік жазулар арқылы) болып келеді.

Облигация – оның иесінің ақшалай қаражат салғандығын куәландыратын және эмитенттің осы қаражат сомасы (номиналдық құны) мен пайызды қайтарып беру туралы міндеттемесін растайтын бағалы қағаз.

Қазақстандағы айналыста жүрген корпоративтік облигациялар табыстылығына қарай екі түрге бөлінеді:

- *Купондық облигация* - инвестор-банкке пайыз мөлшерлемесі формасында, яғни алты айда немесе жылына бір рет табыс әкелетін түрі;

- *Дисконттық облигация* - инвестор-банктің облигацияны шығарушыдан номиналдық құнынан төменгі бағада сатып алып, оны өзінің құнымен қайта сату арысындағы айырма түрінде банкке табыс әкелетін түрі.

Купондық облигация бойынша табысты (K_T) есептеу:

$$K_T = \frac{\text{Купон}}{\text{Сатылу бағасы}} \times 100$$

Дисконттық облигация бойынша банктің табысын (D_T) есептеу формуласы:

$$D_T = \text{Номиналдық құн} - \text{Сатылу бағасы}$$

2-есеп. Айталық, банк, 91 күнге шығарылған 1000 теңгелік номинал құны дисконттық облигацияны 750 теңгеге сатып алсын делік. Мұндағы банктің табысы былай есептеледі:

10000 теңге – 750 теңге = 250 теңге (дисконттық табыс мөлшері).

250 теңге : 750 теңге (басында салынған капитал) * 100 = 33,3% (салынған қаражаттан алатын табыс).

Банктің 91 күнге қаражат салғанын ескеріп, бір күндік табысты есептейтін болсақ, ол 33,3% : 91 күн = 0,3659% тең. Енді жылдық табысты анықтайық: 0,3659% * 364 күн = 133,19%.

Депозиттік және жинақ сертификаттарын банктердің өздері шығарады және оған инвестиция жұмсайды.

Банктік сертификаттар бағалы қағаз болып табылатындықтан, олар инвесторлар тартуға мүмкіндік береді. Шетел тәжірибесінде банктік сертификаттар мемлекеттің бағалы қағаздарынан кейін тұрақтылығы мен өтімділігі жағынан екінші орынды алады.

3-есеп. Коммерциялық банк номиналдық құны 1000 теңгелік, 6 айдан соң өтелетін және 10% дисконттық жылдық табысы бар депозиттік сертификат сатып алған. 3 ай өткен соң банк,

ол сертификатты сатады. Сату барысында 3 айлық депозиттік сертификаттың табысы 5 % дисконттық жылдық мөлшерлемені құрайды. Депозиттік сертификатты сатып алу және сату бағасын есептеу керек:

1) Сатып алу бағасы:

$$1000 - (1000 \times 10\% \times 6) / (100\% \times 12) = 950 \text{ теңге.}$$

1) Сату бағасы:

$$1000 - (1000 \times 5\% \times 6) / (100\% \times 12) = 987 \text{ теңге.}$$

Ипотекалық куәліктер – бұл ипотекалық несиенің қамтамасыз беру барысында кепілге алынған жылжымайтын мүлік құнымен бағаланатын, яғни базалық активі жылжымайтын мүлік болып табылатын туынды бағалы қағаз.

Қазақстанда мұндай бағалы қағаздарды Қазақстан Ипотекалық компаниясы екінші деңгейдегі банктермен бірлесіп шығарып отыр. Банктер мұндай қағаздарды сатып алуға ынталы, себебі олар өтімді және тұрақты, сондайақ табысты бағалы қағаздар түріне жатады.

Депозитарлық қолхат – депозитар банкте сақталған шетел компанияларының акцияларына шығарылған туынды бағалы қағаз.

Мұндай бағалы қағаз сертификат немес құжатсыз формада айналысқа шығарылады.

Шетел тәжірибесінде екі депозитарлық қолхат кеңінен қолданылады:

1. АДР – американдық депозитарлық қолхат, яғни тек америка қор нарығына айналысқа жіберілген.

2. ГДР - ғаламдық депозитарлық қолхат, онымен Еуропа қор нарығында және өзге елдерде операциялар жүзеге асыруға болады.

1927 жылы ағылшынның ұлттық компанияларының бағалы қағаздарын сыртқа шығаруға тиым салуымен байланысты, американдық инвесторлардың ондай бағалы қағаздарға деген сұранысының туындауының арқасында алғаш рет АДР пайда болды.

АДР – бұл АҚШ банктерінің бірінде қандай да бір шетелдік компаниялардың акцияларын иеленгендігін куәландыратын туынды бағалы қағаз. АДР арқылы шетелдік компаниялар американдық инвесторларға шыға алады. Ал американдық инвесторлар шетел қор нарықтарынан шетел компанияларының акцияларын сатып алудың орнына АҚШ-та шығарылған АДР формасындағы субституттарға ие болады. АДР-дің базалық активіне тек акциялар жатады.

Шығару шартына қарай АДР екі түрге: демеушіленетін және демеушіленбейтін болып бөлінеді. Демеушіленбейтін АДР, компанияның акциясын көп бөлігін иеленетін ірі акционер немесе акционерлер тобының инициативасымен шығарылады. Демеушісіз АДР-дің артықшылығы – ол қарапайым, ал кемшілігі – онымен сауда тек биржадан тыс нарықта жасалады. Демеушіленетін АДР-е эмитенттің инициативасы бойынша шығарылады. Демеушіленетін АДР-ге арналған төрт деңгейлі бағдарлама болады. Бірінші және екінші деңгейлік бағдарлама қайталама нарықта айналыста жүрген акцияларға қолхат шығаруды көздейді. Үшінші және төртінші деңгейлік бағдарламалар бастапқы шығарылатын акцияларға қолхат шығаруды сипаттайды.

2002 жылдың шілде айында ҚР қор нарығының кәсіби қатысушыларымен Қазақстандық депозитарлық қолқатының (ҚДҚ) шығарылу және айналыс ережесінің жобасы жасалған болатын. Осы ережеге сәйкес ҚДҚ-ның құжатсыз формада шығару көзделген. ҚДҚ-ның эмитенті ретінде кастодиан қызметіне арналаған лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк бола алады. ҚДҚ-ның базалық активіне туынды немесе эмиссияланбайтын бағалы қағаздар жатады.

Қазіргі уақытта халықаралық қор нарығында 50 елдің, соның ішінде Қазақстанның барлығы шамамен 1100 депозитарлық қолқаттары айналыста жүр (16-кесте).

16-кесте.

2002 жылдың 30 маусымына берілген Германияның қор биржаларындағы Қазақстандық компаниялардың ГДР-нің бағасы мен котировкасы

код	Ашылуы	мақ	мін	Жабылуы	Өзгеріс	Көлемі	ISIN (ұлттық идентификациялық номер)
KKGBу, BE	14,00	14,00	14,00	14,00	0,00	0	US4866E2028
KKGBу, F	14,00	14,05	14,00	14,05	+0,36	1630	US4866E2028
KZT Ку, BE	5,50	5,50	5,50	5,50	0,00	0	US4866D2045
SYRGq, BE	5,00	5,00	5,00	5,00	0,00	0	US8257001078
SYRGq, F	5,00	5,00	5,00	5,00	0,00	0	US8257001078
RKA				87,78	+0,25		

KKGBу, BE – ЖАҚ “Казкоммерцбанк”, 30 акция = 1 ГДР;

KZT Ку, BE – ЖАҚ “Қазақтелеком”, 1 акция = 3 ГДР;

SYRGq – АҚ “ШНОС”, 5 акция = 1 ГДР;

RKA – Қазақстандық АДР бойынша REUTERS композиттік индексі;

BE – Берлин қор биржасы

F – Франкфурт қор биржасы

Көзі: REUTERS

Банктердің туынды бағалы қағаздармен операцияларына фьючерс және опционмен жасалатын операцияларды жатқызуға болады.

Фьючерс – мәмілеге қатысушы тараптардың келісім-шарт жасаған уақытта бекіткен бағасы бойынша алдағы уақытта немесе белгілі бір мерзімнен кейін биржалық активті сатып алу-сату туралы стандартты биржалық контрактіні білдіреді. Мұнда биржалық активке бағалы қағаздар, соның ішінде акциялар жатады.

Опцион – сатушының белгілеген күнінде немесе одан бұрын базалық активті сатып алуға (сатуға) құқық алатын немесе сыйақы төлеп қана мәміленің орындалуынан бас тартуға құқылы, біреуі осы контрактінің иесі (немесе сатып алушысы) болып табылатын екі қатысушысының арасында жасалатын келісім-шарт.

Опционның екі түрі болады: опцион “колл” және опцион “пут”. Опцион “колл” бағалы қағазды сатып алуға құқық берсе, ал, опцион “пут” оны сатуға құқық береді.

Бағалы қағаздармен жасалатын операцияларда банктер делдал ретінде бола отырып, клиенттердің тапсырмалары бойынша оларды сату, қайта сату, сақтау, есепке алу, басқару және табыстарын алу сияқты операцияларды орындайды.

ҚР екінші деңгейдегі банктер бағалы қағаздар нарығында мынадай кәсіби қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- брокер қызметі
- дилер қызметі;
- депозитарий қызметі;
- кастодиандық қызмет;
- тізілім жүргізуші немесе тіркеуші қызметі;
- бағалы қағаздарды басқару.

Брокер қызметі – клиенттің тапсырмасы бойынша және оның есебінен бағалы қағаздармен операциялар жүргізу.

Дилер қызметі - өзінің атынан және өзінің есебінен бағалы қағаздармен сауда-саттық операцияларын жүзеге асыру.

Депозитарий қызметі – бағалы қағаздардың иелерін құқықтарын есепке алу және растауға, бағалы қағаздармен мәміле жасауда техникалық жағынан қамтамасыз етумен байланысты банктердің қызметі.

Кастодиан қызметі – бағалы қағаздарды сақтаумен және олармен жасалатын мәмілеге бақылау жасаумен байланысты банктердің қызметі.

Бұл аталған кәсіби қызмет түрлерін жүзеге асыруға банктердің арнайы лицензиясы болуы тиіс.

Қазақстанда брокер-дилер қызметіне кешенді лицензия беріледі. Оның екі түрі бар:

- 1-санатты брокер-дилер қызметіне арналған, яғни номиналды ұстаушылар ретінде клиенттердің шотын жүргізуге арналған;
- 2-санатты брокер-дилер қызметіне арналған, яғни клиенттердің шотын жүргізуге құқық бермейтін.

Сонымен қатар, банктер бағалы қағаздармен андеррайтинг қызметін жүзеге асырады. Андеррайтинг қызметі – эмитентпен келесім-шарт негізінде жаңа шығарылған бағалы қағаздарды орналастыруға байланысты брокер-дилер қызметін сипаттайды. Бағалы қағаздар бизнесіндегі *андеррайтинг* – бұл бағалы қағаздарды сатудан ешқандай да төменгі ақшалай қаражаттың келіп түспейтіндегі туралы эмитентке кепілдік беруді білдіреді.

Бақылау сұрақтары

- 1) Банктік активтер деп нені түсінесіз?
- 2) Банк активтерінің құрылымы неден тұрады?
- 3) Банк несиелері қалай жіктеледі?
- 4) Банктің инвестициялық операциялары дегеніміз не?
- 5) Мелекеттің бағалы қағаздарының инвестициялау тиімділігі неде?
- 6) Мемлекеттік емес бағалы қағаздарға не жатады?

6-тарау. Банктің есеп айырысу-кассалық операциялары

6.1 Есеп айырысу операциялары, олардың жіктелуі

Есеп айырысу операциялар мынадай белгілеріне байланысты жіктеледі:

Есеп айырысу субъектілеріне қарай:

- банктік емес секторлар (шарушылық субъектілері) арасындағы банктер арқылы есеп айырысулар;
- жеке сектор - үй шаруашылықтарының банктер арқылы есеп айырысулары;
- банктік сектор - банкаралық есеп айырысулар.

Есеп айырысу объектілеріне қарай:

- тауарлы операциялар бойынша есеп айырысулар;
- бюджет және басқа бюджеттен тыс қорлармен аударымдар;
- банк ссудалары, вексельдері және басқа да міндеттемелері бойынша төлемдер.

Есеп айырысу аумағына қарай:

- Мемлекет ішіндегі есеп айырысулар, соның ішінде:
 - бір қаланың ішінде;
 - қаладан тыс жерлерде, аудандарда, ауылда және т.с.с.
- Мемлекет арасында (халықаралық) есеп айырысулар.

Есеп айырысу уақытына қарай:

- сауда операциясы басталғанға дейінгі (аванстық) төлемдер;
- мәміле жасалған соң, мерзімді төлемдер;
- коммерциялық несие шартында, яғни мәміле жасалған соң белгілі бір уақыттан кейінгі төлемдер;
- мерзімінен бұрын, яғни келіскен мерзімге дейін;
- ашық шот бойынша (жоспарлы), яғни тауарларды алған сайын үздіксіз төлемдер;
- мерзімі кейінге қалдырылған, яғни бастапқы белгіленген мерзімін ұзарту жолымен;
- мерзімі өтіп кеткен төлемдер, яғни төлем уақыты кешіктірілген.

Есеп айырысу жүйелеріне қарай:

- пошта байланысы арқылы;
- телеграф-телетайп байланысы арқылы;
- телефон байланысы арқылы;
- электрондық байланыстар арқылы;
- SWIFT (Дүниежүзілік банкаралық телекоммуникация қоғамы) жүйесі арқылы

Есеп айырысу формаларына қарай:

- Қолма-қолсыз аударымдар (банктік), соның ішінде:
 - кредиттік;
 - дебеттік;
 - ашық шот арқылы;
 - аккредитив;

инкассо.

- Қолма-қол ақшалар (банкнота және монеталар) арқылы;

Есеп айырысу тәсіліне қарай:

- толық есеп айырысулар;
- жартылай есеп айырысу;
- өзара талаптар мен міндеттемелерді есепке алу (клиринг) арқылы есеп айырысулар.

Есеп айырысу құралдарына қарай:

- Кредиттік аударымның құралдарымен есеп айырысулар, соның ішінде: төлем тапсырмасымен;

Дебеттік аударымдар құралдарымен есеп айырысулар, соның ішінде:

- төлем талап-тапсырмасы,
 - чек,
 - вексель,
 - инкассалық өкімдер;
- Аралас құралдар арқылы есеп айырысулар, яғни бірде дебеттік, бірде кредиттік аударымдар түрінде болатын: аккредитив, пластикалық карточкалар, банктік аударымдар және т.б.

Есеп айырысу шамасына қарай:

- ірі төлемдер;
- ұсақ төлемдер;

Есеп айырысу кезектілігіне қарай:

- жалақы, бюджет, сақатандыру және т.с.с. төлемдер;
- материалдық құндылықтар үшін төлемдер;
- несиелер үшін төлемдер;
- сот шешімі бойынша төлем құжаттарымен есеп айырысулар.

Отандық банк тәжірибесінде банктердің есеп айырысу-кассалық операциялар мынадай түрлерге бөлінеді:

- банктік шоттар ашу;
- ұлттық немесе шетел валютасында аударым операциялары;
- алдағы уақытта валюталау күні қойылуға тиісті, ұлттық валютадағы аударым операциялары;
- төлемнің шартын өзгерту не қайтару;
- валюталық операцияларға бақылау жасау;
- шоттың архивін беру;
- шоттан қолма-қол ақша беру;
- ұсақ ақшаларды ірілеп беру;
- банктен кеңсеге дейін немесе керісінше қолма-қол ақшаларды инкассациялау;
- құндылықтарды жеткізіп беру.

6.2 Банктік шотты ашуды ұйымдастыру тәртібі

Есеп айырысу-кассалық операциялар негізінен клиенттердің банктердегі ашқан ағымдық және басқа да шоттары арқылы жүзеге асады.

Қазіргі кездегі екінші деңгейдегі банктерде шоттар ашу тәртібі 1998 жылғы 29 маусымдағы “Ақшалай төлемдер мен аударымдар туралы” ҚР заңына және 2000 жылғы 2 маусымдағы Ұлттық банк Басқармасының N 266 бекітілген “Қазақстан Республикасының банктеріндегі клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу тәртібі туралы” нұсқаулықта көзделген. Осы нұсқаулыққа сай банктерде ашылатын шоттар мынадай түрлерге бөлінеді: ағымдағы, жинақ және корреспонденттік. Жоғарыдағы ережеге сәйкес, ҚР-ғы екінші деңгейдегі банктерді шот ашу мынадай құжаттар талап етіледі:

I. Резидент-заңды тұлғалар үшін:

Жарғысының көшірмесі (нотариалды куәландырылған);

Статистикалық карточка;

Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі;

СТТН көшірмесі;

Филиалдар мен өкілеттік үшін, резидент-заңды тұлғаның басшыларына берілген сенім-хаттың көшірмесі;

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін ҚР Қаржы Министрлігінен рұқсат қағаз;

Қол қою үлгісі бар құжат (нотариалды куәландырылған) 3 дана;

Қол қоюшы тұлғаларға арналған бұйрықтың көшірмесі мен олардың төл құжаттары мен СТТН;

Банктік шот ашу туралы өтініш;

Банктік шот туралы келісім-шарт.

II. Бейрезидент-заңды тұлғалар үшін:

Мемлекеттік немесе орыс тілінде дайындалған, Филиал немесе өкілеттік туралы ереженің көшірмесі (нотариалды куәландырылған);

Статистикалық карточка;

Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі;

СТТН көшірмесі;

Филиалдар мен өкілеттік үшін, бейрезидент-заңды тұлғаның олардың басшыларына берілген сенім-хаттың көшірмесі;

Қол қою үлгісі бар құжат (нотариалды куәландырылған) 3 дана;

Жеке куәлігі (көшірмесі);

Банктік шот ашу туралы өтініш (формасы келесі бетте көрсетілген);

Банктік шот туралы келісім-шарт.

III. Шаруа (фермер) шаруашылығы:

Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі;

СТТН көшірмесі;

Жерді пайдалануға жер бөлімшесін беру туралы құжаттың көшірмесі (нотариалды куәландырылған);

Қол қою үлгісі бар құжат (нотариалды куәландырылған) 3 дана;

Жеке куәлігі (көшірмесі);

Банктік шот ашу туралы өтініш;

Банктік шот туралы келісім-шарт.

Банктік шот ашу туралы өтініш формасы
(заңды тұлға үшін)

Қазақстан Халық банкі АҚ Алматы Облыстық филиалы

Кімнен: _____
(заңды тұлғаның толық және нақты атауы)

Ө Т І Н І Ш

Қазақстан Халық банкінің № 139900 Алматы Облыстық филиалында бізге белгілі және міндетті күші бар “___” _____ 2006 ж. № ___ Банктік шот келісім-шарты негізінде банктік шот ашуыңызды сұраймын:

№ банктік ағымдық _____
валюта түрі KZT, USD, EUR, RUR

№ транзитті режимді _____
валюта түрі KZT, USD, EUR, RUR

№ _____
(шоттың өзге типі) валюта түрі KZT, USD, EUR, RUR

Жетекші _____
(қолы)

“___” _____ 2006 ж. Бас бухгалтер _____
М.О. (қолы)

БАНК	БЕЛГІЛЕРІ
<p>_____ валютасында (валюта түрі)</p> <p>_____ шот ашуға (шоттың типі)</p> <p>РҰҚСАТ ЕТЕМІН</p> <p>ОПЕР Б бастығы _____</p> <p>“___” _____ 2006 ж.</p> <p>Шот № _____</p>	<p>Шот ашу құжаттарын тексерген:</p> <p>ОПЕР Б бастығы _____</p> <p>Менеджер _____</p> <p>Кеңесші заңгер _____</p> <p>Ашылды“___” _____ 2006 ж.</p>

**Қол қою үлгісі бар
Қ Ұ Ж А Т
(формасы)**

Банк клиенті	Кодтары	Банктің	белгілері
Банк клиентінің мекен-жайы, телефоны			
Жұмыс орыны, телефоны, (толық атауы)			
Банктің мекен-жайы, телефоны (банк филиалы, бөлімшесі)			
Банктік шот түрлері (ағымдағы, жинақ)			
Клиенттің жеке сәйкестендірілген коды			
Осы құжатта көрсетілген үлгілер клиенттің келісімен талап ететін банктік шоты бойынша барлық операцияларды жүргізген кезде міндетті деп саналсын.			
Аты-жөні		Қол қою үлгісі	

Келесі беті

Үлгілерді қуәландыратын ұйымның атауы	Үлгілерді қуәландыруға өкілеттігі бар адамдардың аты-жөні	Үлгілердің қуәландырылған күні	Үлгілерді қуәландырған адамдардың қолдары мен мөрлері
			қолдары
			Мөрі

5.3 Қолма-қолсыз ақшалармен есеп айырысу формалары мен құралдары

Банктің есеп айырысу-кассалық операциялары екі формада жүзеге асады: қолма-қол ақшалар мен қолма-қолсыз ақшалармен есеп айырысу.

Қолма-қол ақшалармен есеп айырысулар – бұл нақты ақшалармен төлемдер және аударымдар жасауды сипаттайды.

Мұндағы нақты ақшаларға: банкноталар және монеталар жатады. Қолма-қол ақшалармен есеп айырысулар көбіне кассалық операциялар көмегімен іске асады.

Есеп айырысу операцияларының басым бөлігі қолма-қолсыз түрде жүреді.

Қолма-қолсыз ақшалармен есеп айырысулар – клиенттердің банкте ашқан шоттары көмегімен, олардың тапсырмасы негізінде бір шоттан екінші бір шотқа аударылатын төлемдердің жиынтығы

Мұндағы, қолма-қолсыз ақшалар - чектер, пластикалық карточкалар электрондық аударымдар көмегімен пайдаланылатын клиенттердің шоттардағы сақтаған ақшалары (депозиттер).

Қолма-қол ақша мен қолма-қолсыз ақшалар арасында тығыз байланыс пен өзара тәуелділік бар. Ол ақшаның үнемі бір айналыс сферасынан екінші біріне өтіп отыруынан байқалады. Айталық, қолма-қол ақшалардың банктегі депозитке салынуы, олардың қолма-қолсыз ақшаға айналуын білдірсе, ал, банктен жалақы, жәрдемақы, стипендия, зейнетақы және т.с.с. төлеу үшін ақша алған жағдайларда қолма-қолсыз ақшалар қолма-қол ақшаларға ауысуы байқалады.

“Қазақстан Республикасы аумағында төлем құжаттарын пайдалану және қолма-қолсыз төлемдер мен ақшалай аударымдарды жүзеге асыру ережесі” туралы ҚР Ұлттық банк Басқармасының 2000 жылға 25 сәуірде бекіткен N 179 қаулысына сәйкес, заңды тұлғалар арасындағы 4000 айлық есеп көрсеткішінен асатын мөлшерде есеп айырысулар тек қана қолма-қолсыз тәртіпте жүзеге асырылуға тиіс. Осы ережеге сәйкес қолма-қолсыз есеп айырысуларда қолданылатын төлем құжаттарының түрлеріне мыналар жатады:

- 1) төлем тапсырмасы;
- 2) төлем талабы-тапсырмасы;
- 3) инкассалық үкім;
- 4) чекпен есеп айырысу;
- 5) вексельмен есеп айырысу;
- б) төлем карточкаларымен есеп айырысу.

Аталған төлем құжаттарының мынадай өзіне тән көрсеткіштері болуға тиіс:

төлем құжатының атауы;
төлем құжатының номері, толтырылған күні, айы, жылы;
ақшаны аударушының (төлеушінің) толық аты-жөні және жеке идентификациондық коды;
ақшаны аударушы банктің толық аты-жөні және банктік идентификациондық коды;

бенефициардың (ақшаны алушының) толық аты-жөні және жеке идентификациондық коды;

бенефициар-банктің толық аты-жөні және банктік идентификациондық коды;

төлемнің тағайындалу коды;

санмен және жазбаша түрде берілген төлем сомасы;

төлемді немесе ақшалай аударымды жасайтын тұлғаның қолдары мен мөрлері (егер құжат қағаз түрінде толтырылған болса);

бенефициардың және ақшаның аударушының салықты төлеуші ретіндегі тіркеу номері (СТТН)

Төлем құжаттары қағаз және электрондық жолмен толтырылуы мүмкін. Төлем құжаттарының дұрыс толтырылуына үлкен мән беріледі. Әсіресе, ондағы төлемнің тағайындалу коды 1999 жылғы 15 қарашадағы “Қазақстан Республикасының Мемлекеттік классификаторы - төлемдердің тағайындалуының бірдей классификаторын пайдалану ережесі туралы” ҚР Ұлттық банктің Басқармасының бекіткен №388 қаулысына сәйкес болуға тиіс.

MT 100 форматындағы электрондық төлем тапсырмасында төлемдердің тағайындалуының бірдей классификаторының (ТТБК) толтырылуын мынадай мысалмен беруге болады:

{1:F01K0560100000000000000000}

{2:/100SGROSS000000N2020}

{4:

:20:12772

:32A:000120KZT1500,00

:50:/D/100886815

/NAME/ ШК “Ұлытау”

/RNN/485418590103

CHIEF/ Өмірбай Асқар Сейтжанұлы

/MAINBK/Тасмағанбет Бақытжан

/IRS/ 1

/SECO/7

:52B:190501601

:57B190501306

:59:56893117

/NAME/:ЖШС “Байқоңыр”

/RNN/600400070070470

/IRS/1

/SECO/7

:70:/NUM/63

/DATE/991112

/VO/01

/SEND/07

/KNP/830

/ASSIGN/ Құрылыстық қызмет көрсеткені үшін.

Валюта коды

Төлеушінің
резиденттік белгісі

7- Мемлекеттік емес қаржылық
емес корпорациялар – бенефициардың
экономика секторы

Бенефициардың
резиденттік белгісі

Төлемнің тағайындалу
коды

Төлемдердің тағайындалуының бірыңғай классификаторы толтырылатындарға мынадай төлем құжаттары жатады:

- 1) *төлем тапсырмасы;*
- 2) *төлем талабы-тапсырмасы;*
- 3) *салық (кеден) органдарының инкассалық үкімі;*
- 4) *аударуға берген өтініші.*


Төлем тапсырмасымен есеп айырысу - бұл қазіргі кезде кеңінен қолданылатын есеп айырысу формасы.

Төлем тапсырмасы – ақшаны аударушының (төлеушінің) аталған тапсырмада көрсетілген ақша сомасын бенефициарға аудару туралы қызмет көрсетуші банкке берген тапсырмасы.

Төлем тапсырмасымен есеп айырысу мынадай төлемдерді жүзеге асыру үшін қолданылады: алынған тауарлары мен көрсеткен қызметтері үшін, тауарлы емес операциялар (зейнетақы және сақтандыру қорына төлемдер, салықтық төлемдер, банкке комиссияндық және т.б. төлемдер) бойынша, жабдықтаушылар мен мердігерлерге тауары және көрсетілген қызметтері үшін алдын ала төлеуге, аванстық төлемдер.

Төлем тапсырмасы оны толтырған күннен бастап (оны толтырған күн есепке алынбайды) он күнге жарайды және төлеушінің шотында қаражат болған жағдайда ғана іске асырылады. Екі жақтың келісуі бойынша төлем тапсырмасы мерзімді, мерзімінен бұрын және кешіктірілген болуы мүмкін. Мерзімді төлем - бұл тауарды жөнелткенге дейін (9-сурет) төлеу арқылы жүргізіледі. Мерзімінен бұрын және кешіктіріп төлеу бұл жақтың қаржылық жағдайына зиян келмеуі үшін жасалған келісім негізінде төленуі мүмкін.

Төлем тапсырмасымен есеп айырысу сызбасы 9-суретте берілген.



9-сурет. Төлем тапсырмасы бойынша тауарлар (қызметтер) үшін төлемді сатып алғаннан кейін төлеу барысында есеп айырысу сызбасы.

1 - тауарды (қызметті) жабдықтау; 2 - төлем тапсырмасын банкке беру және шоттан қаражатты шегеру; 3 - бенефициар банкіне қаражатты аудару және алушының шотына есептеу; 4 – бенефициардың шотына қаражат түскендігін хабарлау.

Төлем тапсырмасын теңге және шетел валютасы бойынша толтырылу үлгілері келесі беттерде берілген.

ТӨЛЕМ ТАПСЫРМАНЫ ТОЛТЫРУ ҮЛГІСІ

Төлеуші банкке түсті

ТӨЛЕМ ТАПСЫРМАСЫ № 1
15 қараша 2007 ж.
 (толтырылу күні)

Код жолында ақша төлеушінің коды көрсетілген: бірінші символ резиденттік белгісі, екіншісі экономика секторының коды

Ақшаны төлеуші АК "Бүркіт" (аты-жөні) СТТН 600000000002	ИИК 000467002	КОд 17	100000-00
Төлеуші банк ААК "Казкоммерцбанк"	БИК 190501926		
Бенефициар ААК "Алматыгорстрой" (аты-жөні) СТТН 600000000003	ИИК 000467125	КБе 16	
Бенефициар Банкі ААК "Нұрбанк"	БИК 190501306		
Делдал банк	БИК		

Кбе жолында бенефициардың коды көрсетілген: біріншісі резиденттік белгісі, екіншісі экономика секторының коды

Сомасы жазбаша : **Жүз мың теңге 60 тиын**

Төлемнің тағайындалу коды

Тауарды қабылдау (қызмет көрсету) күні "30" желтоқсан 2005 ж.	Төлемнің тағайындалу коды	830
Төлемнің тағайындалуы Құрылыс қызметтерін көрсеткен үшін №12 3 қараша 2007 ж. келісім шартқа сәйкес (тауардың аты, көрсетілген қызмет, тауарлы құжаттардың күні мен нөмірі, келісім шарттың нөмірі мен күні және басқа да реквизиттерді көрсетумен бірге)	Бюджеттік классификация коды	
	Валюталау күні	15.11.07

М.О.

 (ақша төлеушінің қолы)

Қабылдаушы банк өткізді
 " " ж.

 (жауапты орындаушының қолы)

Мөрдін орыны

ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫН АУДАРУҒА АРНАЛҒАН ТӨЛЕМ ТАПСЫРМАНЫ ТОЛТЫРУ ҮЛГІСІ**Аударуға өтініш №2**

(шетел валютасын аударуға төлем тапсырмасы)

15 қараша 2007 ж.

Ақшаны төлеуші <u>АҚ "Бүркіт"</u> <u>600000000002</u> (аты-жөні; СТТН)	ИИК 000467002 КОд
Төлеуші банк <u>ААҚ "Казкоммерцбанк"</u> <u>600000000005</u> (аты-жөні; СТТН)	БИК 190501926

Сомасы Валюта Сомасы жазбаша: **Бір мың** Валюталау күні
1000-00 USD АҚШ доллары 15.11.2006 ж.

Бенефициар Банкі <u>ААҚ "Нұрбанк"</u> (аты-жөні; СТТН (егер болса))	БИК 191201706
-----------------------------------------------------------------------------------	-------------------------

Бенефициар <u>NY LTD</u> (аты-жөні; СТТН (егер болса))	ИИК КОде 000045687
----------------------------------------------------------------------	------------------------------

Делдал Банк <u>CITIBANK</u> (аты-жөні; СТТН (егер болса))	БИК 000000754931
-------------------------------------------------------------------------	-------------------------

Контракт №, күні №25/16 3.11.2007 ж.	Төлемнің тағайындалуы: 865 Кенестік қызмет үшін төлем
------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------

Қабылдаушы банк комиссиясы <input checked="" type="checkbox"/> ақшаны төлеуші есебінен бенефициар есебінен	Делдал банк комиссиясы <input checked="" type="checkbox"/> ақшаны төлеуші есебінен <input type="checkbox"/> бенефициар есебінен
Ерекше шарттар	

М.О.

(ақша төлеушінің қолы)

Қабылдаушы банк өткізді

"___" _____ ж.

(жауапты орындаушының қолы)

Мөрдiң орны

Ескерту: * - Резидент емес, ҚР тыс орналасқан және ҚР-да тіркелген тұрақты мекемесі жоқ тұлғаға ақша аудару кезінде "КБе" жолында экономика секторының коды көрсетілмейді


Төлем талап-тапсырмасы - бұл қолма-қолсыз ақшамен есеп айырысудың жаңа формасы, біздің тәжірибеге 1990 жылы енгізілген болатын. Мұнда төлем талабы және төлем тапсырмасының элементтері қатар қамтылған.

Төлем талап-тапсырмасы – бенефициардың төлеушіге оған қызмет көрсетуші банкке бағытталған, жөнелтілген өнім, атқарылған жұмыстар және көрсетілген қызмет құнын жіберілген есеп айырысу құжаттары негізінде төлеу талабы.

Төлем талап-тапсырмасын бенефициар толтырады да, оны коммерциялық құжаттармен бірге бірден аударушының банкіне жібереді. Аударушының банкі, ол төлем талап-тапсырмасын төлеушіге береді. Ал аударушы, банкке келіп түскеннен бастап, үш күн ішінде төлем туралы банкке келісімін беруге тиіс.

Төлем талап-тапсырмасы банктегі аударушының шотында ақша болған жағдайда ғана қабылданады. Төленбеген төлем талап-тапсырмасы 3 күннен 30 күн аралығында № 1 картотекаға орналастырылуы мүмкін. Төлем талап-тапсырмасы бойынша төлеуден бас тартатын болса, оны осы үш күн ішінде банкке хабарлайды. Сөйтіп төлем талап-тапсырмасы жөнелту құжаттарымен және төлеуден бас тартуын хабарлайтын құжатпен бірге тікелей бенефициарға қайтарылады.

Төлем талап-тапсырмасы бойынша есеп айырысудағы құжат айналымы мынадай сызбамен беріледі (10- сурет).



10-сурет. Төлем талап-тапсырмасы бойынша есеп айырысудағы құжат айналымының сызбасы

1- тауарды жабдықтау (қызмет көрсету); 2- төлем талап-тапсырмасын аударушының банкіне жібер; 3 – есеп айырысу құжаттары аударушыға келісім беруі үшін беріледі; 4 – төлеуге келісім берген есеп айырысу құжаттары банкке қайтарылып, ондағы сома банкте сатып алушының шотынан шегеріледі; 5- бенефициардың банкіне қаражат аударылып, онда бенефициардың шотына есепке алынады; 6 – бенефициардың шотына қаражат келіп түскендігін хабарлайды.

Төлем талап-тапсырмасымен есеп айырысудың мынадай артықшылықтары бар: келісім-шарт тәртібінің нығаюына мүмкіндік береді және құжат айналымын жылдамдатады.

Төлем талап- тапсырмасын толтыру үлгісі келесі бетте берілген.

ТӨЛЕМ ТАЛАП -ТАПСЫРМАСЫН ТОЛТЫРУ ҮЛГІСІ

Төлеуші банкке түсті 15 қараша 2007 ж.
Қабылдау уақыты: 11:00
сағат

ТӨЛЕМ-ТАЛАП ТАПСЫРМАСЫ № 1

"15" қараша 2007 ж.
(толтырылу күні)

СОМАСЫ

Ақшаны төлеуші АҚ "Бүркіт"
(аты-
жөні)
СТТН 600000000002

Төлеуші банк ААК
"Казкоммерцбанк"

Бенефициар ААК
"Алматыгорстрой"
(аты-
жөні)
СТТН 600000000003

Бенефициар Банкі ААК "Нұрбанк"

Делдал банк _____

ИИК 000467002	КОд 17	100000-00
БИК 190501926		
ИИК 000467125	КБе 16	
БИК 190501306		
БИК		
	Төлемнің тағайындалу коды	830

Сомасы жазбаша : **Жүз мың теңге 00**
тиын

Тауарды қабылдау (қызмет көрсету) күні "30" қазан 2007 ж.

Төлемнің тағайындалуы Құрылыс қызметтерін көрсеткен үшін
№12 3 қараша 2007 ж. келісім шартқа сәйкес
(тауардың аты, көрсетілген қызмет, тауарлы құжаттардың күні мен нөмірі, келісім шарттың нөмірі мен күні және басқа да реквизиттерді көрсетумен бірге)

М.О. _____
(бенефициардың қолы)

"Акцептеу орны"

М.О. _____
(ақша төлеушінің қолы)

" ____ " _____ ж.
акцептеу күні

Қабылдаушы банкпен өткізілді
" ____ " _____ ж.

(жауапты орындаушының қолы)
Мөрдiң орны

Инкассалық өкім – заң актілерінде көзделген жағдайда ақшаны жөнелтушінің келісімінсіз, оның банктік шотынан ақшаны алу үшін пайдаланылатын төлем құжаты.

ИНКАССАЛЫҚ ҮКІМДІ ТОЛТЫРУ ҮЛГІСІ

Төлеуші банкке түсті:
15.11.2007.
Қабылдау уақыты: 11:00 сағат

ИНКАССАЛЫҚ ҮКІМ № 1

15 қараша 2007 ж.

(толтырылу күні)

СОМАСЫ

Ақшаны төлеуші АҚ "Бүркіт" (аты-жөні) СТТН 600000000002	ИИК 000467002	КОд 17	100000-00
Төлеуші банк ААҚ "Казкоммерцбанк"	БИК 190501926		
Бенефициар ААҚ "Алматыгорстрой" (аты-жөні) СТТН 600000000003	ИИК 000467125	КБе 16	
Бенефициар Банкі ААҚ "Нұрбанк"	БИК 190501306		
Делдал банк	БИК		
	Төлемнің тағайындалу коды		830

Сомасы жазбаша : **Жүз мың теңге 00 тиын**

Төлемнің тағайындалуы **№1 7 қаңтар 2007 ж. соттың бұйрығына, «Ақшалай аударымдар мен төлемдер туралы» ҚР заңының 15 бабына сәйкес**

(ақшаны алуға негіз болатын заң актісіне міндетті түрде сілтеме жасау)

М.О.

(талап етушінің қолы)

Қабылдаушы банкпен
өткізілді
" ____ " _____ ж.

(жауапты орындаушының қолы)

М.О.

Инкассалық өкім салық және кеден органдарына төленбеген төлемдерді, сондай-ақ соттың шешімі бойынша басқа да төлемдерді талап ету жағдайында қолданылады. Мұндағы салық және кеден органдарының инкассалық өкімінен басқасы міндетті түрде соттың шешімдері, бұйрығы, қарары және қаулысы

бойынша берілетін орандау парағымен бзрге жүреді. Инкассалық өкімде төлемнің тағайындалуы ақшаны аударушының банктік шотынан, оның келісімінсіз ақшаны алуға құқық беретін заңдық актіге сілтеме көрсетіледі.

Салық және кеден органдарынан келіп түскен инкассалық өкім сомасы аударушының шотындағы қаражат көлемінде төленуі мүмкін, яғни қаражат көлемі толық жетпеген жағдайда, сол құжаттың келесі бетіне *“жартылай төленді”* деген белгі қойылуға тиіс. Қалған сома қаражаттың шотқа түсуіне қарай төленеді. Тек қана соттың шешімімен келетін инкассалық өкімдер шотта қаражат соамсы жеткілікті болған жағдайда төленеді, керісінше жағдайда ол шоттағы қаражат қозғалысына тиым саланды. Мұндай төлем құжаттары басқа құжаттарға қарағанда кезектен тыс төленуге тиіс.

Чекті есеп айырысу барысында төлем құралы ретінде заңды және жеке тұлғалар пайдалана алады. чек арқылы есеп айырысудың қолайлылығы мынада: егерде төлеуші тауарды алғанға дейін төлегісі келмей, ал жабдықтаушы төлеуге кепіл бергенше тауарын жібергісі келмеген жағдайда; сатушы белгісіз болған жағдайда.

Еліміздегі чекті пайдалану барысы 1998 жылғы 5 желтоқсандағы ҚР Ұлттық банкі Басқармасының бекіткен № 266 қаулыға сәйкес жүзеге асады.

Чектер қолма-қолсыз төлемдерді жүзеге асыру және қолма-қол ақшал алу үшін пайдаланылады. ҚР-да чекпен есеп айрысу тек қана ұлттық валютада жүзеге асады. Банктен қолма-қол ақшалар алуға арналған чектің түріне *ақшалай чек* жатады. Мұндай чектің түрін Ұлттық банктің бекітілген формасында 2003 жылдың 1 қаңтарына дейін екінші деңгейдегі банктер өздерінің клиенттеріне беріп келсе, бүгінгі күні кез келген коммерциялық банк өзінің формасында чекті шығарып отыр. Чекті пайдалану банктен алатын чектік кітапша негізінде іске асады. Чек алу үшін шот иесі банкке чектік кітапша алуға өтінішін жасайды. Чек алуға үшін өтініш формасы келесі бетте берілген.

Аталған ережеге сәйкес чектер төмендегідей түрлерге бөлінеді:

Кепілденген чек - *чек берушінің банкіндегі шотындағы қаражаттың көлеміне байланыссыз чекте көрсетілген соманы төлеуге қызмет көрсетуші банктің беретін кепілін көрсететін чек.*

Кепілдендірілмеген чек - *чек беруші банктің кепілдігі көрсетілмеген чек;*

Қамтамасыз етілген чек – банкке алдын ала салған депозитпен қамтамасыз етілген чек;

Қамтамасыз етілмеген чек – *депозитпен қамтамасыз етілген чек.*

Ережеге сәйкес, чек - *бұл чек берушінің чекті қабылдаушы банкке, өзара жасалған келісімшарт негізінде чекте көрсетілген соманы чекті ұстаушыға төлеу туралы бұйрығы.*

Чектің өзіне тән төмендегідей көрсеткіштері болады:

“чек” деген атауы;

чек номері мен сериясы;

чектің қызмет ету мерзімі;

чек берушінің аты-жөні;

чек берушінің СТТН-і.

Чек алу үшін өтініш формасы

<p style="text-align: center;">ӨТІНІШ № _____ « ____ » _____ 200__ ж</p> <p>№ _____ шоты бойынша _____ дана _____ ақшалай чек (саны жазбаша) (бетін саны) кітапшасын беруіңізді сұраймын.</p> <p>Чек кітапшасын алуды _____ (аты-жөні) сеніп тапсырамыз, оның қолын куәландырамыз.</p> <p>Клиенттің қолы және мөрі</p>	<p>Талонды кассаға беру « ____ » _____ 200__ ж</p> <p>№ _____ шоты</p> <p>_____ дана Чек кітапшасы берілді</p> <p>сериясы _____ № _____ ден № _____ дейін</p> <p>Мөрге орыны</p>
<p>Чек кітапшасы берілсін: Банк жетекшісі _____</p> <p>Бас бухгалтер _____</p> <p>Жауапты орындаушы _____</p> <p>Чек кітапшасы сериясы _____ бланкілер № _____ -ден № _____ дейін Берген кассир _____ Алдым _____</p>	<p>Кассирдің қолы _____</p>

Санмен және жазбаша түрде көрсетілген сомасы, күні, айы, жылы, чек берген жері және чек берушінің қолы мен мөрі;

Чек ұстаушының аты-жөні;

Чек ұстаушының СТТН-і;

Чекті төлеуге міндетті чек беруші банктің атауы;


Чек бершу банктің жеке банктік коды;

“Бұйрық бойынша төлеңіз” кестесі;

“Төлемнің тағайындалу” кестесі.

Чекті төлем ретінде қабылдағаны туралы чек ұстаушының белгі соғатын орыны.

Чектің қызмет ету мерзімі тотырылған күнді есептемегенде он күнді құрайды. Чек бойынша бір банкте есеп айырысудың тәртібі сызбамен берілген (11-сурет).



11-сурет. Чекпен есеп айырысу сызбасы

1- төлеуші банкке чектік кітапша беру туралы өтінішін жасап, оған қосымша төлем тапсырмасын береді; 2 – банк оған чектік кітапша береді және төлем тапсырмасындағы соманы жеке бір шотқа аударады; 3 – бенефициар тауарын жөнелтеді немесе қызмет көрсетеді; 4 – тауарлар мен қызметтер үшін чекпен есеп айырысады; 5-бенефициар чекті банкке көрсетеді, ал банк сатып алушының шотынан чектегі соманы шегеріп оны бенефициар шотына түсіреді.

Вексель қолма-қолсыз есеп айырысу бір құралына жатады. Себебі, вексельдің атқаратын басты қызметі – төлем құралы. Есеп айырысу барысында пайдаланылатын вексельдің түрлері: *жай* және *аудармалы* болып келеді. “Вексель” сөзі ағылшынша *bill note* – міндеттеме шоты дегенді білдіреді.

Вексель - белгілі бір соманы алдын ала келісілген мерзімде және белгіленген жерде төлейтіндігі туралы борышқордың қарыздық міндеттемесі.

Вексельдің екі түрі бар: *жай* және *аудармалы*. Вексельдің түрлеріне “ҚР-ғы вексель айналысы туралы” (28.04.97) ҚР заңында мынадай түсініктемелер берілген:

Жай вексель (соло) – вексельді ұстаушыға вексельде көрсетілген соманы белгілі бір уақытта немесе талап етуге байланысты төлеу туралы вексель берушінің еш нәрсемен негізделмеген міндеттемесін сипаттайтын вексель.

Аудармалы вексель (тратта) – вексельде көрсетілген соманы білгілі бір уақытта алғашқы вексельді ұстаушыға (ремитентке) төлеу туралы үшінші бір тұлғаға (трассатқа) вексель берушінің (трассанттың) еш нәрсемен негізделмеген ұсынысын (бұйрығы) сипаттайтын вексель.

Жай және аудармалы вексель - коммерциялық вексельдің түрлері ретінде қарастырылады.

Вексель айналысын бірінші болып қолдаушылардың қатарында Казкоммерцбанк тәжірибесін атап кетуге болады. Бұл банк “1996 жылғы астықтан бидайды мемлекеттің сатып алуы туралы” 1996 жылы 7 ақпанда

қабылданған № 173 ҚР Үкіметінің Қаулысына сәйкес өзінің 500, 1000 және 5000 АҚШ долларындағы “астық” вексельдерін айналымға шығарып, оларды несиелі құралы ретінде клиенттеріне берді.

МЕМЛЕКЕТТІК АЗЫҚ-ТҮЛІК КЕЛІСІМ-ШАРТ КОРПОРАЦИЯСЫ

ж а й
В Е К С Е Л Ъ

Сериясы ГК-1

№ 0077315

Толтырылған күні:
1 сәуір 1996 ж.
Ұсынылған күні:

Толтырылған орыны: 480091, Алматы қ.,
Төле би көшесі, 73 а
Төлеу орыны: 480060, Алматы қ.,
Гагарин көшесі, 135 ж

Мемлекеттік азық-түлік келісім-шарт компаниясы

1 0 0 0

(бір мың) АҚШ долларына
балама вексельді ҚР Ұлттық банкінің бағамы бойынша
теңгемен төлеуге сөзсіз міндетті

АКМОЛА облысы бойынша Мемлекеттік азық-түлік келісім-шарт компаниясының өкілдігі

(кімге немесе кімнің бұйрығы бойынша төленуге тиісті, соның атауы)

Төлеу мерзімі: ұсынылғаннан кейін 10 күн ішінде.
1996 жылдың 1-желтоқасынан бастап векселдер өтеледі.
1997 жылдың 1-наурызына дейін вексель төлеуге ұсынылуы тиіс.

Вексель “1996 жылғы астықтан бидайды мемлекеттің сатып алуы туралы” 1996 жылы 7 ақпанда қабылданған № 173 ҚР Үкіметінің Қаулысына сәйкес шығарылған және осы Қаулымен анықталған бидай сатып алушылардың бағдарламасына қатысушылар арасында айналыста жүреді

Корпорация
төрағасы

Бас
бухгалтер


Мөрдін
орыны

Сол клиенттерінің ішінде атап айтсақ сыртқа астық сатумен айналысатын “Астық” акционерлік компаниясы 5000 АҚШ долларындағы вексельді тендер бойынша жеңіп алып, оны өзінің жабдықтаушылары арасында төлем құралы ретінде пайдаланды.

Сонымен қатар, осы банк 2003 жылы домицилиант ретінде “Қазақстан темір жолы” ҰК-ның 200,0 млн теңгеге бағалаған вексельдерін өтеді.


Мұндағы, “домицилиант” – вексельде көрсетілген төлемді жүзеге асыратын, вексельде делдал ретінде қатысатын банк.

Енді жай және аудармалы вексельдің айналысы процесіне мән берелік. Ол көрініс 12-ші және 13-ші суретте берілген.



12-сурет. Жай вексельдің айналыс процесі

1 - сатып алушы (вексель беруші) вексельді тауарды (қызметті) сатушыға ұсынады; 2 - сатушы (вексель ұстаушы) сатып алушыға (тапсырыс берушіге) тауарын, өнімін жөнелтеді, жұмысын атқарады, қызметін көрсетеді; 3 – сатушы вексельде көрсетілген, яғни төлейтін мерзім жеткенде вексельдегі қарызды төлеуге төлеушіге ұсынады; 4 – сатып алушы (төлеуші) вексельді төлейді.



13-сурет. Аудармалы вексельдің айналыс процесі

1- вексель беруші (трассант) төлеушіге (трассатқа) тауарын және оған қоса аудармалы вексельді (траттаны) жөнелтеді; 2 – төлеуші (трассант) акцептелген вексельді вексель берушіге (трассантқа) қайтарады; 3 – вексель беруші (трассант) акцептелген вексельді ремитентке (аудармалы вексель бойынша қаражатты алушыға) жібереді; 4- вексельде келісілген төлем мерзімінде ремитент вексельді трассатқа төлеуге ұсынады; 5 – трассат вексельді төлейді және сонымен бірге вексельдің келесі бетінде төлегені туралы белгісін салады.

6.4. Төлем карточкаларымен есеп айырысу

Төлем карточкаларымен есеп айырысулар компьютер торабының, ақпараттарды автоматты түрде өңдеу құралдарын қолданатын байланыс жүйелері арқылы жүзеге асыратын банктер және олардың клиенттері, сатушылар мен сатып алушылар арасындағы төлемдер жиынтығы.

Төлем карточкалары - пластикалық карточка формасында болады. Олар екі түрлі болып келеді:

Дебеттік карточка – карточкалық шот иесіне банкоматтан қолма-қол ақша алуға және карточкамен қызмет көрсететін сауда үйлерінде, мейрамханаларда және т.б. орындарда сатып алынған тауары мен қызметтері үшін есеп айырысуға мүмкіндік беретін төлем құралы.

Банкомат – банктік карточка көмегімен және ондағы сақталған қаражат көлемінде, оның иесіне қолма-қол ақшаны алуға мүмкіндік беретін автоматандырылған құрылым.

Банкоматтан карточка көмегімен ақша алу үшін әрбір карточка иесіне арнай ПИН-код тағайындалып атаулы карточка беріледі.

ПИН-код - (ағыл. Personal Identification Number – жеке идентификациялық номер) – банктік картаның иесіне банкомат немесе Pos-терминалдар арқылы қызмет көрсетуге мүмкіндік беретін жеке идентификациялық номері.

Банктік карточканың мынадай өзіне тән реквизиттары бар:

- логотипі, яғни карточканың қай төлем жүйесіне тиісі екендігі, мысалы: “Master Card”, “Visa” және т.с.с.;
- карточканың номері (ол 16 саннан тұрады);
- карточка иесінің аты-жөні;
- карточканың эмитентінің атауы;
- карточканың қызмет ету мерзімі;
- карточка иесінің қол қою үлгісі.

Қазіргі кезде көптеген эквайер банктеріміз ірі сауда үйлерімен өзара жасаған келісім-шарт негізінде төлем карточкаларын шығаруды көздеп отыр. Мұндай карточкалардың иелері аталған сауда үйлерінде сауда жасағанда белгілі бір жеңілдіктерді пайдаланады.

Ол үшін сауда үйінде ПОС терминал орнатылады. Мұндағы Pos- терминал дегеніміз сауда немесе қызмет көрсететін кәсіпорында банктік карточкаларға қызмет көрсетуге арналған құрылым. құрылғылары орнатылады.

Pos (ағыл. Point of Sale – сауда орны) – эквайерер банкпен өзара жасалған келісім-шартқа сәйкес, тұтынушылардың сатып алған тауарлар мен қызметтері үшін төлем құралы ретінде банктік картаны қабылдайтын, сауда немесе қызмет көрсететін кәсіпорын.

Кредиттік карточка - оның элименті мен карточка иесі арасындағы келісім шартқа сәйкес, несиелік көлемінде тауарлар мен қызметтер үшін төлемді жасауға, не қолма-қол ақша алуға арналған карточка.

Кредиттік карточкалар бөлшек сауда айналымында және қызмет көрсету сферасында қолданылады. Қазіргі уақытта несиелік карточкалардың мынадай түрлері қолданылады: банктік, саудаға арналған, бензин сатып алуға арналған,

туризм және ойын-сауық шараларын төлеуге арналған. Біршама кеңінен таралған түріне сауда карточкаларын жатқызуға болады.

Қазақстан аумағында қолданылып жүрген карточкалар қолданылу аясына қарай екі түрге бөлінеді:

1) локальдық немесе оқшауланған, яғни бір елдің аумағында қолданылатын төлем карточкалары;

2) халықаралық, яғни әлемдік банктік тәжірибеде еркін қолданылатын төлем карточкалары.


Төлем карточкаларымен есеп айырысулар слиптің көмегімен жүзеге асырылады.

Слип (Pos-терминал немесе банкоматтың түбіртегі) - төлем карточканы пайдаланып операция жасалғандығын растайтын есеп айырысу құжаты.

Слип мынадай көрсеткіштерді қамтиды:

- Pos немесе банкоматтың идентифкаторы;
- Операцияның жасалған күні;
- Операция сомасы және валютасы;
- Эмитент банктің операцияларды авторизациялауды растайтын коды;
- Банктік карточканың өзіне тән белгілерері;
- Слипте карточканы ұстаушының қолы.

Отандық банктік тәжірибеде пластикалық карточкаларын пайдалану арқылы есеп айырысу тәртібі 14-суретте берілген.



14-сурет. Пластикалық карточкаларын пайдалану арқылы есеп айырысу тәртібі

1 Эмитент банк төлем жүйесінің өкілдерімен келісімшарт жасасып, соның негізінде аталған жүйеде қызмет ететін пластикалық карточканы шығаруға құқық алады.

2. Карточка иесі эмитент банкте карт-шотын ашады және банкпен келісімшарт жасасады. Эмитент банк оған карточка береді.

3. Карточка иесі карточкамен қызмет көрсетуге маманданған сауда үйінен тауар сатып алғысы келіп Pos-терминалдан өткізеді немесе ПИН-коды арқылы қолма-қол ақша алғысы келіп өзге банкоматқа салады.

4. Pos-терминал не банкомат авторизациялауды жүзеге асырады

5. Авторизациялау процедурасы сәтті аяқталса, Pos-терминал не банкомат карточка иесіне слипті береді, оған ол қол қоюға тиіс. Сөйтіп, ол өзі қалаған тауарды немесе қолма-қол ақшасын алады және карточка иесіне қайтарылады.

6. Жұмыс күнінің соңына қарай Pos-терминал Эквайрер банкке слипті береді, яғни ол есеп айырысуға негіз болып табылады.

7. Эквайрер банк слип негізінде Pos-терминалмен есеп айрысады немесе Pos-терминал шотына слипте көрсетілген соманы аударады.

8. Эквайрер банк пластикалық карточкамен жасалған операциялар бойынша ақпаратты Ұлттық процессингтік орталыққа береді.

9. Ұлттық процессингтік орталық күні ішінде келіп түскен ақпарттарды өңдейді және қорытынды мәліметтерді төлем жүйесіне қатысушы банктер арасында есеп айырысуды жүргізу мақсатында дайындайды.

10. Төлем жүйесінің қатысушылары пластикалық карточкаларды пайдалану барысында жасалған операциялар бойынша Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы (КБЕО) арқылы өзара міндеттемелерді өтейді.

11. Эмитент банк пен карточка иесі өзара есеп айырысуларды карточка түріне қарай төмендегідей тәртіпте жасайды:

- дебеттік карточка бойынша эмитент банк карточка иесінің шотынан тиісті қаражатты шегереді;

- кредиттік карточка бойынша карточка иесі оған берілген несие сомасы мен оған есептелетін пайызды қайтарады.

Мұндағы, *авторизация* - эмитент банктің төлем карточкасын пайдаланып операция жүргізуге берген рұқсатын білдіреді. Авторизациялау процедурасы аяқталған соң эмитент банк, банктік картаны (слип) пайдалану арқылы жасалған есеп айырысу және өзге құжаттарды төлеуге байланысты міндеттеме алады.

Авторизациялау екі режимде: «он-лайн» және «офф-лайн» режимінде жүзеге асырылуы мүмкін.

«Он-лайн» режимі (ағыл. on-line – нақты уақыт режимі) – банктік картаны шығарушымен арадағы электронды немесе телефон байланысы арқылы немесе магнитті штрихті картаны көмегімен жасалатын операцияны сипаттайды. On-line режимінде рұқсат алу үшін эмитент банкпен арада байланыстың болуы қажет.

«Офф-лайн» режимі (ағыл. off-line – қолжетімсіздік) - банктік карточканы шығарушымен арадағы электронды немесе телефон байланысты қажет етпейтін, яғни чипті (микросхемалы) картаның көмегімен жасалатын операцияны білдіреді

Эквайрер банк – банктік карточкалар көмегімен жасалтын операциялар бойынша Pos-терминалдармен есеп айырысуды жүзеге асыратын банк.

Қазақстанда 2000 жылдың аяғында ҚР Ұлттық банктің құрылтайшылығымен жабық акционерлік қоғам формасында «Процессингтік орталық» құрылды. Мұндай ұйымды құрудың басты мақсаты Қазақстанда төлем карточкаларын пайдаланудың біртұтас кеңістігін жасау болып табылды.

Ұлттық процессингтік орталық – төлем жүйесінің технолгиялық ядросы болып саналатын мамандандырылған есептеу орталығы.

Ұлттық процессингтік орталық мынадай қызметтерді атқарады:

- төлем карточкалары бойынша транзакцияларды өңдеп, қажетті құжаттарды дайындау;
- төлем жүйесіне қатысушы банктер арасында өзара есеп айырысуларды жүргізуге арналған ақпараттар даярлау;
- төлем карточкаларын, соның ішінде халықаралық төлем карточкаларын пайдалану арқылы жүзеге асырылатын төлемдер клирингін ұйымдастыру;
- төлем жүйесіне қатысушы банктердің үстеме шығыстарын азайту мақсатында екінші деңгейдегі банктер мен бағдарламалық-техникалық құралдарды көтерме бағамен жабдықтаушылар арасынын байланыстыру жұмыстарын ұйымдастыру;
- қатысушы банктерді техникалық және ақпараттық жағынан қолдау;
- төлем карточкаларын қабылдау торабын ұйымдастыру.

Локальдық жүйеснің төлем карточкаларын мынадай екінші деңгейдегі банктеріміз шығаруда: AltynCard – Қазақстан Халық банкі АҚ және Алматы сауда-қаржы банкі АҚ; SmartAlemCard – ТұранАлемБанк АҚ; Каспий – Каспий банкі АҚ; Қазақстан Ситибанкі локальдық карточкасы; Дуэт – Валют-Транзит банкі АҚ; Цесна банктің локальдық карточкасы - Цесна банк АҚ; KazCard – Казпошта АҚ. Сонымен қатар банктер халықаралық жүйелердің мынадай төлем карточкаларын шығарады және таратады: VISA International, Europay International, American Express International және Diners Club International.

Төлем карточкаларының нарығы қаржы секторының болашағы бар бағыттарының бірі бола отырып, жедел және тиімді қарқынмен дамуда.

Қазіргі уақытта нарықта қызмет көрсетудің үлкен ассортименті бар және әр түрлі карточкалық бағдарламалардың айтарлықтай мөлшері ұсынылады. Мәселен, төлем карточкасының көмегімен дүкендер мен мейрамханаларда тауарлар мен қызмет көрсетулер үшін есеп айырысуға, коммуналдық қызмет, байланыс қызметі үшін ақы, салық және кеден төлемдерін төлеуге, кредиттерді өтеуге, карточкадан карточкаға ақша аударуға болады.

Сондықтан Қазақстанның тұрғындары барған сайын тауарлар мен қызмет көрсетулерді жеткізушілердің пайдасына қолма-қол жасалмайтын төлемдерді жүргізу кезінде төлем карточкаларын пайдалануды дұрыс көреді.

Төмендегі кестеде Темірбанк АҚ-ның шығаратын және қызмет көрсететін төлем карточкаларының түрлері берілген.




VISA Electron – халықаралық дебеттік (төлем) карточка. Электрондық құрылғыларды пайдалану негізінде және автоматтандырылған режимде операцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл карточка барлық тұтынушыларғы қолжетімді болып табылады, себебі оның құны төмен және бастапқы салымды салу қажет емес.



VISA Classic – халықаралық кредиттік карточка. Бұл карточка операцияларды автоматты түрде және қолмен жасауға мүмкіндік береді. Бұл карточка, оны ұстаушыға өзіндік тиімділік және сенімділік береді.



VISA Business – халықаралық корпоративтік карточка. Корпорацияның сенімді тұлғасына корпоративтік, өкілділік және іссапар шығыстарына арнап беріледі.



VISA Gold – халықаралық кредиттік карточка. Бұл өте жақсы карточка, себебі оның иесіне шетелдік ерекше дүкендерде, мейрамханаларда және мейманханаларда аса сый-құрмет көрсетіледі және тауарлар мен қызметтер үшін төлемдерде белгілі жеңілдіктер беріледі.

Мұндағы, *авторизация* - эмитент банктің төлем карточкасын пайдаланып операция жүргізуге берген рұқсатын білдіреді.

Авторизациялау процедурасы аяқталған соң эмитент банк, банктік картаны (слип) пайдалану арқылы жасалған есеп айырысу және өзге құжаттарды төлеуге байланысты міндеттеме алады.

Эквайрер банк – банктік карточкалар көмегімен жасалтын операциялар бойынша Pos-терминалдармен есеп айырысуды жүзеге асыратын банк.

Ал енді Қазақстандағы Халықбанкі акционерік банктің пластикалық карточкаларымен операцияларына тоқталайық.

Халық банк Қазақстанда Тұраналем банктен кейін карточканы айналымға шығарушы екінші банк. Оның алғашқы карточкалары Алтын деп аталды және оларды қазірде қолдануда. Карточкалардың нарғындағы үлесі жағынан Халық банк бірінше орында. Себебі, Халық банкте кез келген бюджеттік мекеме және онда оқитын студенттер қызмет көрсетіледі.

Төменде Халық банк АҚ-ның шығаратын және қызмет көрсететін төлем карточкаларының түрлері берілген.

VISA Electron – халықаралық дебеттік (төлем) карточка. Электрондық құрылғыларды пайдалану негізінде және автоматтандырылған режимде операцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл карточка барлық тұтынушыларғы қолжетімді болып табылады, себебі оның құны төмен және бастапқы салымды салу қажет емес.

VISA Electron – халықаралық дебеттік (төлем) карточка. Электрондық құрылғыларды пайдалану негізінде және автоматтандырылған режимде операцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл карточка барлық тұтынушыларғы қолжетімді болып табылады, себебі оның құны төмен және бастапқы салымды салу қажет емес.

VISA Classic – халықаралық кредиттік карточка. Бұл карточка операцияларды автоматты түрде және қолмен жасауға мүмкіндік береді. Бұл карточка, оны ұстаушыға өзіндік тиімділік және сенімділік береді.

VISA Business – халықаралық корпоративтік карточка. Корпорацияның сенімді тұлғасына корпоративтік, өкілділік және іс-сапар шығыстарына арнап беріледі.

VISA Gold – халықаралық кредиттік карточка. Бұл өте жақсы карточка, себебі оның иесіне шетелдік ерекше дүкендерде, мейрамханаларда және мейманханаларда аса сый-құрмет көрсетіледі және тауарлар мен қызметтер үшін төлемдерде белгілі жеңілдіктер беріледі.

Қазақстан Халық банкі пластикалық карточкалармен мынадай операциялар жасайды:

- **БАНКОМАТ АРҚЫЛЫ ТӨЛЕМ ЖАСАУ** - бұл Мобильдік банкинг байланысы, Қазақтелеком қызметі және кәбілді теледидар үшін ақы төлеудің, сондай-ақ Сіз тұратын қаладағы қол жетімді басқа да төлемдерді өзіңізге ыңғайлы кез келген уақытта іске асырудың қолайлы тәсілі.

Сонда сіз төлем қабылдайтын орындар мен Халық банкі бөлімшелерінің жұмыс режиміне тәуелді болмайсыз.

1. Карточканызды банкомат ұяшығына саласыз да, операция жүргізілетін тілді таңдайсыз және ДСН-кодын тересіз;

2.Банкоматтың менюлер панелінен «Төлемдер» деген батырманы тандап аласыз.

Одан әрі нұсқаулыққа сүйене отырып, төлем түрін тандайсыз, төлем сомасын енгізесіз және оны растайсыз.

3. Төлем сомасы көрсетілген чекті алуды ұмытпаңыз. Төлем сомасы қызмет көрсетушінің шотына түскенге дейін чекті сақтап қойыңыз.

- **КАРТОЧНЫЙ ДЕПОЗИТ.** Депозитті ашу үшін Халық банкінің банкоматын немесе мультимедиялық киоскіні пайдалану жеткілікті. Банк бөлімшесіне барып жатпай-ақ, ақша жинақтай аласыз. Карточкалық депозитті Халық банкінің банкоматы немесе мультимедиялық киоскісі арқылы банк шотынан толықтырып отыруға болады.

Карточкалық депозитті төмендегідей тәртіппен ашуға болады:

1.Карточканызды банкомат ұяшығына салыңыз да, операция жүргізілетін тілді тандап алыңыз және ДСН-кодын теріңіз;

2.Банкоматтың менюлер панелінен алдымен «Аударымдар, депозиттер» деген батырманы танданыз;

3.Одан кейінгі менюлер арасынан «Депозит ашу» операциясын тандайсыз;

4.Банкомат нұсқаулығына сүйене отырып, одан әрі депозит ашасыз.

Депозит ашуға қажетті ең төменгі ақша сомасы - 1000 тенге.

Сонымен қатар, карточкалық депозитті толықтыру жолдары манайдай:

1.Карточканызды банкомат ұяшығына салыңыз да, операция жүргізілетін тілді тандап алыңыз және ДСН-кодын теріңіз;

2.Банкоматтың менюлер панелінен алдымен «Аударымдар, депозиттер» деген батырманы тандаңыз;

3.Одан кейінгі менюлер арасынан «Депозитті толықтыру» операциясын тандайсыз; Содан кейін салатын ақшаңызды тересіз.

- **МОБИЛЬДІК БАНКИНГ.** Бұл қызмет Халық банкі төлем карточкаларын иеленуші болып табылатын әрі ұялы байланыс телефонын қолданатын Банк клиенттеріне ұсынылады.

- **БАНКИНГ** Ендігі жерде карточканыздағы ақша қалдығын білу үшін Сізге банкоматқа бару міндетті емес, 8080 нөміріне SMS- хабарын жөнелтсеңіз болғаны. Мұнымен қатар Сіз бұдан былай карточкалық шотыңызға қосымша бақылау жасауды өз қолыңызға аласыз, өйткені карт-шотыңыздағы ақша қозғалысы, яғни карточканыз бойынша жүргізілетін кез келген операция (шотқа түскен/шоттан алынған ақша) туралы ұялы телефоныңызға бірден аталған операцияны растайтын SMS –хабары түседі (егер ұялы телефоныңыз осы опцияға қосылған болса).

ШОТТЫ БАҚЫЛАУДЫҢ БІРНЕШЕ МЫСАЛЫ:

1.Карточканызға жалақы түскендігі туралы әп-сәтте білесіз.

2.Кафе немесе ресторанда көрсетілген қызмет үшін карточкамен есептесе отырып, қандай сома ұсталғандығын бірден білесіз.

Сонымен қатар Халық банкі өз клиенттеріне ұялы телефон байланысы үшін SMS -хабарының көмегімен ақы төлеу мүмкіндігін ұсынып отыр.

Мұндай қызмет түрін пайдалану арқылы Сіз мобильдік телефон үшін ақыны өзіңізге ыңғайлы кез келген уақытта төлей аласыз.

«Мобильдік банкинг» қызметіне қосылу рәсімі өте оңай. Сіз мұны екі түрлі жолмен іске асыра аласыз: банкомат арқылы немесе Банк бөлімшесінің бірінде.

Банкомат арқылы қосылу үшін:

1.Карточкаңызды банкомат ұяшығына салыңыз да, операция жүргізілетін тілді таңдап алыңыз және ДСН-кодын теріңіз;

2.Банкоматтың менюлер панелінен «Мобильдік банкинг» деген батырманы таңданыз;

3.Банкомат менюіндегі нұсқаулыққа сүйене отырып, тіркеуден өтіңіз.

Банк бөлімшесінен қосылу үшін:

1.Бөлімшеге келіп, өтініш толтырасыз;

2.Жеке құжатыңызды және «Мобильдік банкинг» қызметіне қосылуы тиіс карточканызды көрсетесіз.

«Мобильдік банкингті» екі түрлі режимде пайдалануға болады.

1.Банкке SMS -хабарын жөнелту арқылы сұрату жасап, ақпарат алу (абоненттік төлемсіз).

2.Әрбір операция бойынша автоматты түрде хабар алып отыру, сондай-ақ SMS-хабарламасымен сұрату жіберу (абоненттік төлеммен).

Карточканы «Мобильдік банкинг» қызметінен ажыратуды банкомат арқылы іске асыруға болады.

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҮРҒЫН ҮЙ-ҚҰРЫЛЫС ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ-ҒЫ ТӨЛЕМДЕР.

«Қазақстанның Тұрғын үй-құрылыс жинақ банкі» АҚ-ның Халық банкі төлем карточкасын пайдаланатын клиенттері енді Қазақстан Халық Банкі банкоматтары, арқылы салым ашуға және қарыздарының төлемін өтеуге мүмкіндік алады. Қызметтің бұл түріне де кез келген ыңғайлы уақытта қол жеткізуге болады.

1.Карточкаңызды банкомат ұяшығына салыңыз да, операция жүргізілетін тілді таңдап алыңыз және ДСН-кодын теріңіз;

2.Банкоматтың менюлер панелінен алдымен «Аударымдар, депозиттер» деген батырманы таңданыз;

3.Одан кейінгі менюден «Депозитті толықтыру» немесе «Кредитті өтеу» деген операцияны таңдап алып, әрі қарай банкоматтағы нұсқаулыққа сүйене отырып, әрекет жасайсыз.

4.Банкоматтан чекті алыңыз, оны ақша шотқа түскенше сақтап қойыңыз
ИНТЕРНЕТ ЖЕЛІСІНДЕ ЕСЕП АЙЫРЫСУ.

Есеп айырысуды Интернет желісінде жүргізетіндер үшін Халық банкі Visa Virtuoop деген карточка ұсынады. Клиентке карточка деректемелері, нөмірі бар, әрекет мерзімі, сәйкестендіру коды және клиенттің мәліметтері көрсетілген карточка баламасы беріледі іздің өз карточкаңыз бар болса да, Visa Virtuoop карточкасына ие бола отырып, Сіз:

- әрекет етуші карточкаңыздың нөмірі алаяқтарға белгілі болып қалады және Интернет жүйесінде рұқсат етілмеген мәмілелер жасау үшін пайдаланылады деп қауіптенбейсіз;

• өзіңіздің жасаған сауданызды кадағалап отыру ыңғайлы болуы үшін, сондай-ақ егер шоттың нөмірі алаяқтарға белгілі болып қалған жағдайда мүмкін болатын әлеуетті шығын мөлшерін шектеу үшін «нақты» және «виртуалды» төлемдеріңізді бір-бірінен бөле аласыз.

Visa Virtuon карточкасын алу үшін Банк бөлімшелеріне барып жолығуға болады.

СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН MAESTRO ISIC КАРТОЧКАСЫ.

ISIC (International Student Identity Card) - Студенттердің Халықаралық сәйкестендірмелік карточкасы.

ISIC саяхат шегуші студенттерге қолдау жасау мақсатында әрі көмек ретінде 1968 жылы құрылған болатын. Қазіргі уақытта ISIC дүние жүзі таныған әрі мойындаған, студент мәртебесін дәлелдейтін бірден-бір карточкалық құрал болып табылады. Карточканы ЮНЕСКО да таныған және ұсынған, мұның өзі халықаралық қолдау белгісін білдіреді.

Карточка жоғарғы оқу орындарының күндізгі бөлімінде оқитындар үшін шығарылады.

ISIC карточкасы бойынша осындай логотип қойылған барлық жердегі тауарлар мен қызметтерге дисконттық жеңілдік алуға болады. Қазақстанда қазірдің өзінде ISIC карточкасымен жеңілдік беретін 50-ден астам кәсіпорын бар: бұлар – медицина орталықтары, боулинг-орталықтары, кафелер, музейлер, түнгі клубтар, сондай-ақ барлық халықаралық әуе компаниялары.

ISIC таралған дүние жүзіндегі кез келген елде Сіз Көмек желісімен (Help line)

байланысып, құқықтық және медициналық көмек алуыңызға болады. Көмек желісі тәулік бойы жұмыс істейді және операторлар 4 тілде (ағылшынша, немісше, французша, испанша) жауап бере алады.

ISISConnect арнаулы байланыс жүйесі студенттерге әлемнің 137 елінде 85 пайызға дейін жеңілдетілген төмен тарифтермен телефон шалуға, сонымен қатар телефакс.

Дауыстық пошта жәшігін әрі тегін электрондық пошта қызметін пайдалануға мүмкіндік береді.

ISIC карточкасын Сіз Халық банкінің кез келген Дербес сервис орталығына барып ресімдеуіңізге болады.

Карточканы шығару үшін қажетті құжаттар:

Клиенттің өтініші түпнұсқа

Клиенттің жеке басын куәландыратын құжаты көшірме

Клиенттің СТН анықтамасы көшірме

Студенттің ЖОО-да күндізгі бөлімде көшірме оқитындығын растайтын жоғарғы оқу орны беретін құжат (студенттік билет)

Клиенттің 5x6 мөлшерлі түрлі-түсті фотосуреті,

түпнұсқа сыртқы бетінде клиенттің тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы жазып көрсетіледі

Халық банкінің банкоматтары арқылы қол жеткізуге болатын операцияларға мыналар жатады:

- Қолма-кол акша алу;
- Карточкаңыз бойынша соңғы 10 транзакция туралы үзінді және карточка балансын алып отыру;
- Мобильдік байланыс, кәбілдік теледидар, Қазақтелеком қызметі үшін ақы төлеу, сондай-ақ сіздің қалаңызда қол жеткізуге болатын басқада төлемдер.
- Халық банкінің бір карточкасынан екіншісіне ақша аудару - «Card to Card»;
- «Карточкалық депозитте» ақша жинақтау;
- Карточка бойынша кредит лимитін ашу;
- «Мобильдік банкинг» қызметіне қосылу;
- Қазақстан Халық банкінің ЖЗҚ-дағы зейнетақылық жинағыңыз туралы үзінді алып отыру;
- «Қазақстанның тұрғын үй-құрылыс жинақ банкі» АҚ-да салымдар ашу және кредитті өтеу.

2006 жылдың 1 қыркүйек айына банктер 3,981 млн төлем карточкаларын шығарса, ал карточканы ұстайтындар саны – 3,812 млн. адамды құрады (бұл көрсеткіштер 2005 жылдың сол мерзімімен салыстырғанда 34.5% және 34.8% өскен).

Ең көп тараған төлем карточкаларға халықаралық төлем жүйелерінің карточкалары жатады, олардың үлесі 89.7%, ал локалдык жүйенің үлесі – 10.3%-ды құрайды. 2005 жылдың қазан айына берілген көрсеткіштер 86.7% және 13.3% құраған (17-19 кестелер).

17-кесте.

Төлем карточкаларын ұстайтындар мен пайдалушылар саны

	1.10.2005ж	1.10.2006ж
Айналыстағы карточкалар саны (мың бірлік), с.і.:	2 959.6	3 981.4
- Локальдық жүйе	393.2	410.6
- Халықаралық жүйе), соның ішінде	2 566.4	3 570.9
Visa International	2 070.9	2 884.4
Europay International	495.1	686.0
Карточканы ұстайтындар саны (мың. адам), с.і.:	2 828.1	3 812.6
- Локальдық жүйе	366.0	379.8
- Халықаралық жүйе), с.і.:	2 462.2	3 432.7
Visa International	1 972.7	2 760.4
Europay International	489.1	672.1
Пайдаланылған төлем карточкаларының саны (мың бірлік), с.і.:	1 721.7	1 794.7
- Локальдық жүйе	162.0	122.1
- Халықаралық жүйе), с.і.:	1 559.7	1 672.6
Visa International	1 269.1	1 350.8
Europay International	290.4	321.6
POS – терминалдар саны (дана), с.і.:	5 908	9 801
сауда ұйымдарындағы	4 213	7 634
<i>Банктердегі</i>	1 695	2 167
Импринтерлер саны (дана), с.і.:	1 415	1 331
сауда ұйымдарындағы	706	660
<i>банктердегі</i>	709	671
Банкоматтар саны (дана)	1 564	2 223

Сауда ұйымдарының саны (дана)	2 760	4 849
Карт-шоттарындағы орташа айлық қалдықтар (млн.тг.)	44 754.4	57 225.2

Ескерту: кестеде Қазақстандық банктердің шығарған American Express International, Diners Club International, Europa International и Visa International сияқты халықаралық төлем жүйелерінің карточкалары есепке алынған

Импринтер – банктік карточкалардың өзіне тән белгілерінің түпнұсқасын қағаздан жасалған құжатқа көшіруге арналған механикалық құрылым.

2006 жылдың қыркүйек айында Қазақстандық эмитент банктердің шығарған төлем карточкаларын пайдалану көлемі 113,6 млрд теңгені құрады, бұл көрсеткіш 2005 жылдың қыркүйек айымен салыстырғанда 47,9%-ға өскендігін көрсетеді.

18-кесте.

Қазақстан аумағы бойынша төлем карточкаларының таралымы

	01.10.2006 ж		
	Айналыстағы карточкалар саны (мың бірлік)	Карточканы ұстайтындар саны (мың. адам)	Пайдаланылған төлем карточкаларының саны (мың бірлік)
Барлығы, соның ішінде	3974.1	3785.0	1790.6
Ақмола облысы.	141.8	137.5	66.0
Ақтөбе облысы	233.0	228.4	102.6
Алматы облысы	152.7	145.0	73.0
Атырау облысы.	203.7	188.1	89.2
Шығыс Қазақстан облысы	335.0	325.5	169.1
Жамбыл облысы	183.0	179.5	66.6
Батыс Қазақстан облысы	127.9	122.3	60.4
Қарағанды облысы	537.6	516.2	207.3
Қостанай облысы	129.8	126.0	64.6
Қызылорда облысы	123.4	118.9	53.4
Маңғыстау облысы	193.8	174.7	97.5
Павлодар облысы	251.0	241.3	105.2
Солтүстік-Қазақстан облысы	101.3	97.5	52.1
Оңтүстік-Қазақстан облысы	238.7	230.0	85.2
Алматы қаласы	741.9	689.5	363.0
Астана қаласы	279.4	264.6	135.5

Айналыстағы карточкалар саны мен оларды ұстаушылар саны жағынан, сондай-ақ пайдаланылған карточкалар саны жағынан Алматы қаласы бірінші орында, екінші орында Қарағанды облысы, ал үшінші орынды Шығыс Қазақстан облысы алады.

19-кесте.

Төлем карточкалармен есеп айрырысу құралдары

	01.10.2006 ж				
	POS терминалдар	–	Импринтерлер саны (дана)	Банкоматтар саны (дана)	Сауда ұйымдар

	саны (дана)			ының саны (дана)
Барлығы, соның ішінде	9 801	1 331	2 223	4 849
Ақмола облысы.	289	24	67	159
Ақтөбе облысы	457	24	108	272
Алматы облысы	144	6	64	39
Атырау облысы.	482	59	141	220
Шығыс Қазақстан облысы	770	99	187	395
Жамбыл облысы	228	28	80	113
Батыс Қазақстан облысы	343	25	82	144
Қарағанды облысы	895	93	267	418
Қостанай облысы	364	30	84	169
Қызылорда облысы	158	17	54	99
Маңғыстау облысы	345	38	139	212
Павлодар облысы	509	16	131	233
Солтүстік-Қазақстан облысы	231	6	58	122
Оңтүстік-Қазақстан облысы	442	62	120	196
Алматы қаласы	3 159	688	449	1 475
Астана қаласы	985	116	192	583

Алматы қаласы бойынша 3 159 – POS-терминал, 688 – импринтер, 449-банкомат және 1475 - сауда ұйымдары қызмет етуде. Ал Астана қаласы бойынша 985 - POS-терминал, 116 – импринтер, 192- банкомат және 583 - сауда ұйымдары қызмет етуде.

Соңғы уақыттары елімізде қолма қол ақшаларды алуға қарағанда қолма-қолсыз ақшалармен жасалған төлемдер өскен (20-21 - кестелер).

20-кесте.

Төлем карточкаларын есеп айырысу түрлері

Көрсеткіштер	Қыркүйек	
	Қолма-қолсыз төлемдер	Қолма-қол ақшаларды беру операциялары
2005ж.		
Саны (мың транзакция) с.і.:	499.2	3 772.0
- Локальдық жүйе	87.7	301.2
- Халықаралық жүйе), с.і.:	411.5	3 470.8
Visa International	338.6	2 832.0
Europay International	72.8	638.8
Көлемі (млн. теңге) с.і.:	6 907.4	69 871.6
- Локальдық жүйе	681.1	5 744.6
- Халықаралық жүйе), с.і.:	6 226.4	64 127.0
Visa International	5 572.8	53 801.4
Europay International	653.6	10 325.6
2006ж.		
Саны (мың транзакция) с.і.:	691.6	5 087.3
- Локальдық жүйе	49.9	263.1
- Халықаралық жүйе), с.і.:	641.7	4 824.2
Visa International	526.4	3 947.5
Europay International	115.3	876.7
Көлемі (млн. теңге) с.і.:	13 959.8	99 601.3

- Локальдық жүйе	784.3	5 982.1
- Халықаралық жүйе), с.і.:	13 175.4	93 619.2
Visa International	11 219.1	77 831.9
Europay International	1 956.3	15 787.3
Өзгерістер, %		
Саны (мың транзакция) с.і.:	38.5%	34.9%
- Локальдық жүйе	-43.1%	-12.7%
- Халықаралық жүйе), с.і.:	56.0%	39.0%
Visa International	55.4%	39.4%
Europay International	58.3%	37.2%
Көлемі (млн. теңге) с.і.:	2.0 есе	42.5%
- Локальдық жүйе	15.2%	4.1%
- Халықаралық жүйе), с.і.:	2.1 есе	46.0%
Visa International	2.0 есе	44.7%
Europay International	3.0 есе	52.9%

2006 жылы 2005 жылмен салыстырғанда төлем карточкаларымен есеп айрысуларда локальдық жүйенің карточкаларына қарағанда халықаралық жүйенің карточкаларымен қолма-қолсыз төлемдер жасау мен қолма-қол ақша алу операциялары артып отыр.

21-кесте.

Қазақстан аумағындағы төлем карточкалармен есеп айрысулар жағдайы

	1.10.2006ж			
	Қолма-қолсыз ақшалай төлемдер		Қолма-қол ақшаларды беру операциялары	
	Саны (мың транзакция)	Сомасы (млн. теңге)	Саны (мың транзакция)	Сомасы (млн. теңге)
Барлығы, с.і.:	651.9	12 873.9	5 050.8	95 001.1
Ақмола облысы.	11.7	237.6	162.2	2 223.3
Ақтөбе облысы	16.6	663.5	308.1	5 673.1
Алматы облысы	13.2	248.3	136.9	2 179.5
Атырау облысы.	18.3	754.9	307.7	6 696.4
Шығыс Қазақстан облысы	25.6	187.7	473.1	6 700.3
Жамбыл облысы	14.9	202.6	210.9	3 010.6
Батыс Қазақстан облысы	11.2	993.0	184.6	2 926.1
Қарағанды облысы	52.4	751.5	506.4	7 094.9
Қостанай облысы	16.4	509.3	176.5	2 523.4
Қызылорда облысы	16.3	246.8	140.2	2 595.1
Маңғыстау облысы	17.3	199.3	320.9	6 951.7
Павлодар облысы	23.8	987.3	294.1	4 514.6
Солтүстік-Қазақстан облысы	11.6	401.6	139.4	2 065.4
Оңтүстік-Қазақстан облысы	13.1	236.8	223.8	3 977.0
Алматы қаласы	319.6	5 263.7	1 001.5	26 967.4
Астана қаласы	69.8	990.0	464.4	8 902.3

2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстанда орташа алғанда 3 адамға бір төлем карточкасынан келеді, ал 2007 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша орташа алғанда 4 адамға бір төлем карточкасынан келген.

Төлем карточкаларын шығаруды Қазақстан Республикасының 19 екінші деңгейдегі банкі және «Қазпошта» АҚ жүзеге асырады. Бұл ретте Қазақстан нарығында халықаралық және сол сияқты жергілікті төлем жүйелерінің карточкаларын кездестіруге болады.

Жергілікті жүйелердің карточкаларына Altyn Card, SmartAlemCard, Каспийский, KazCard, TemirCard жүйелерінің карточкалары, сондай-ақ «Цесна Банк» АҚ және «Қазақстан Ситибанкі» АҚ-ның жергілікті карточкалары жатады. Халықаралық төлем жүйелерінің карточкаларынан Қазақстан нарығында Visa International, Europay International, American Express International, Diners Club International және China Union Pay карточкалары ұсынылған.

2008 жылғы 1 қаңтарда айналыста жүрген төлем карточкаларының барлық саны 5,6 млн. бірлік болды, бұл 2007 жылғы тиісті кезеңдегі деңгейден 36,9% артық.

Осы карточкаларды ұстаушылардың саны 35,7% ұлғайды және 2008 жылғы 1 қаңтарда 5,3 млн. адам болды. Бұрынғысынша, елдегі ең танымал карточкалар халықаралық төлем жүйелерінің Visa International және Europay International карточкалары болып табылады, олардың үлесі айналыстағы карточкалардың жалпы санының 96,4% құрайды. Қазіргі уақытта Visa International карточкаларын Қазақстан халқының 25,3% пайдаланады.

6.5 Электрондық қызмет көрсетулер және есеп айырысулар

Банктің электрондық қызметі – бұл банктік карточкаларды және электрондық ақша жүйесін пайдалану арқылы көрсетілетін қаржылық қызметтері, сондай-ақ қор құндылықтарымен жасалатын биржалық операцияларды жүзеге асыруда мен қаржы делдалдары ретінде көрсететін банктік мекемелердің электрондық қызметтері.

Электрондық қолма-қолсыз есеп айырысу жүйесі – Банк пен клиент арасындағы төлем операцияларын жылдамдатуға, сондай-ақ олардың орындалысын бақылау жасауға арналған есеп айырысу жүйесі.

Мұндағы есеп айырысу операцияларының жылдамдатылу қағаз формасындағы құжаттардың орнын, банкке электрондық байланыс жолдары арқылы жеткізілетін олардың электрондық үлгілерімен айырбастау және төлем құжаттарын автоматты түрде өңдеу нәтижесінде жүзеге асады.

Мұндай жүйелердің техникалық негізіне құжатты әр түрлі санкцияланбаған құбылыстардан қорғайтын арнайы технология немесе шифрлау жүйесі мен электрондық сандық қолтаңба жатады. Банк пен клиент арасындағы құжат алмасу “Банк клиенті” ішкі жүйесі арқылы жүзеге асады.

Электронды сандық қолтаңба - банк пен клиент арасында есеп айырысуларда қолданылатын төлем құжаттарының түпнұсқалығын және ондағы мәліметтердің шынайылығын растайтын, сондай-ақ берілетін ақпараттың

құпиялығына толық кепілдік беретін және есеп айырысу процессінде үшінші бір тұлғаның араласуына жол бермейтін санмен құпияланған таңбалар. Электронды сандық қолтаңба клиенттің банкке тапсырған қолы және мөр қою үлгісі бар карточкаға балама болып келеді.

“Банк клиенті” ішкі жүйесі мынадай қызмет атқарады:

- төлем құжаттарын даярлау;
- қол қою және жіберу;
- құжаттарды және банктен берілетін шоттың көшірмесін қабылдау;
- құжаттарды қарау және мөр басу;
- құжаттардың архивін жүргізу.

Электрондық қолма-қолсыз есеп айырысу жүйесінде қолданылатын құжаттарға мыналар жатады:

- клиенттің төлем тапсырмасы;
- Клиенттің ағымдағы шотына ақша қаражаты түскендігі туралы хабарлама;
- Клиенттің шоттары бойынша көшірме.

Клиенттің жіберген құжаттарын қабылдай отырып, банк төлем құжатындағы электрондық сандық қолтаңбаның сәйкестігін және құжаттың дұрыс толтырылуын автоматты түрде тексереді.

Электрондық қызмет көрсету түрлеріне сондай-ақ Internet banking және Home-banking қызметтерін жатқызуға болады. Мұндай қызметтерді отандық банктеріміз клиенттерге ұсына бастады.

Интернет-банкинг - банкке келмей-ақ Интернет жүйесін пайдалану арқылы клиенттерге банктің операцияларды пайдалануға мүмкіндік беретін банктің электрондық қызметі.

Интернет-банкинг жүйесі Интернет арқылы нақты уақыт режимінде (online) ыңғайлы уақытта әлемнің ірбір нүктесінен өзіңіздің банктік шотыңызды басқаруға арналған банк қызметі.

Интернет-банкинг жүйесінің қызметін пайдалану арқылы клиенттер мынадай операцияларды жүзеге асырады:

- ағымдағы және алдағы күндермен төлемдер жасау;
- валютаны сатып алу және сату;
- карточкалық шотқа қаражат салу;
- шоттың көшірмесін алу;
- өзінің шотынындағы қалдықты бақылау;
- Банкке берілген төлем құжаттарының архивін жасау;
- Шот бойынша болжам жасау;
- Зейнетақы төлемдерін жасау;
- валюталық бағам туралы ақпарат алу;
- Жедел түсім жүйесі бойынша жеке тұлғалардан төлемдер алу.

Интернет-банкинг жүйесінің артықшылықтары мынадай:

- *жасалтын операциялардың қолайылығы мен қарапайымдылығы*, яғни тұратын қаладан кетіп қалсаңызда, кез келген шотыңыз арқылы операцияларды жасай аласыз;

- *үстеме шығыстарды азаюы*, яғни сізге немесе сіздің бухгалтеріңізге банкке бару қажет емес, сондайақ уақыт жұмсаудың, бензинге шығын шығарудың, машинаны пайдаланудың қажетігі болмайды;
- *жұмыстың тиімділігін арттыру*, жұмыс уақытыңызды үнемдеу арқылы, ол уақытты басқа ісіңізге пайдаланасыз;
- *қажетті ақпаратты алудың жеделдігі*, банктің серверінде сақталған ақпаратты жылдам алуға мүмкіндіктің болуы;
- жүйені орнатудың және онымен жұмыс істеудің *шығындарының төмендігі*.


Интернет-банкинг жүйесіне қосылу үшін мынадай талаптар орындалуы қажет:

- Интернетке қосылу;
- Microsoft Explorer 4.0 немесе одан жоғары бағдарламаның болуы;
- Интернет-банкинг жүйесі бойынша қызмет көрсету шартына қол қою;
- Жүйеге тегін тіркелу және қосылу.

Интернет банкинг жүйесінің қауіпсіздігі мынадай құралдармен қамтамасыз етіледі:

- қуатты шифрлеу алгоритмі;
- электрондық сандық қолтаңба;
- X.509 стандарты бойынша сертификатталу;
- Барлық жасалған іс-қимылдарғы аудиторлық бақылау жасау.

Интернет арқылы Банк пен клиенттің арасындағы қауіпсіз байланысты ортану сызбасы төменде берілген:



1) Клиент Интернет арқылы Интернет-банкинг жүйесіне байланыс орнатады.

2) Клиенттің компьютерінің бағдарламасы мен Банктің қауіпсіздік серверінің өзара идентификациялық хабарламалармен алмасуы, егер Банктің қауіпсіздік сервері банк клиенті екеніне сенімді және Клиент қажетті серверге түскеннен кейіннен соң ғана жүзеге асады.

3) Қауіпсіздік сервері «Қауіпсіздік сервері – Клиент» деген шифрланған арна жасайды. Содан соң клиенттің Банк ресурстарына қолжетімділігінің барлығын тексереді.

4) Клиент Интернет-банкинг жүйесімен жұмыс жасайды.

5) Жүйе арқылы жіберілетін ақпараттарға (төлем құжаттары және т.б.) Клиенттің электронды сандық қолтаңбасы қойылады.

Номе банкинг – банкоматтарды, электрондық есеп айырысу жүйелерін пайдалану арқылы және үйінде отырып банктік операцияларды жүргізуге мүмкіндік беретін халыққа арналған банктің электрондық қызметі.

Жеке компьютерді банктік компьютерлер жүйесіне қосу арқылы банк клиенттері мынадай қызметтерді пайдалана алады:

- ағымдағы күндегі шот балансын алу,
- белгілі бір уақыт ішіндегі ақша қаражаттар қозғалысының есебін алу
- ақшалай аударымдар мен төлем жасау,
- кредиттік және өзге пластикалық карточкалар шығаратын эмитент компаниялардың қызметін төлеу,
- бағалы қағаздармен операциялар жүргізу.

Қазіргі кезде отандық банктер тәжірибесінде халықаралық және Қазақстанның ішінде жылдам ақшалай аударымдар жасау біршама дамып отыр. Ондай аударымдардың біріне Western Union аударымдар жүйесі жатады. “Western Union” сөзінің қазақ тіліндегі аудармасы “Батыс Одағы” деген ұғымды білдіреді.

Western Union 1871 жылы құрылған халықаралық корпорация және оның бүгінгі күні жер шарының 180 елінде 80 мыңнан астам өкілдері қызмет етеді.

Western Union аударым жүйесінің мынадай артықшылықтары бар:

- *ерекше банк қызметі*, ақшалай қаражатты жөнелтушіге және оны алушыға банктік шот ашудың қажеттігі жоқ;
- *жылдам аударым*, аударым жылдамдығы 5-10 минут;
- *қауіпсіз*, жөнелтуші туралы нақты мәліметтерді білсеңіз, аударымды ала аласыз;
- *қол жетімділік*, жер шарының кез келген нүктесіне аударым жасау мүмкіндігі;
- *сенімділік*, компания әрбір аударымға компания кепілдік береді.

Western Union жедел аударымы банктің тек жеке тұлғаларға көрсетілетін қызметіне жатады.

Қазақстанда Western Union халықаралық корпорация ең алғаш өкілі “Банк ЦентрКредит” АҚ болып табылады.

Western Union жедел аударым жүйесі бойынша ақшалай аударым жасау шарты мынадай:

- Жеке куәлігін немесе төлқұжатын көрсету керек;
- СТТН болуға тиіс;
- Алушының аты-жөнін көрсету;
- “Ақшаны жөнелту” құжатының формасын толтырып, оған қол қою қажет;
- Жөнелтетін соманы банкке тапсыру.

Сонымен бірнеше минуттардан соң аударылған қаражаттар әлемнің кез келген жерінде алушыға төленеді. Банк ақшалай аударымды жасағаны үшін аударым сомасына қарай комиссиялық сыйақысын алады.

Western Union жедел аударым жүйесі бойынша ақшалай аударымды алу шарты төмендегідей:

- Жеке куәлігін немесе төлқұжатын көрсету керек;
- СТТН болуға тиіс;
- Ақшаны жөнелтушінің аты-жөнін, қаласын, елін, аударым сомасын көрсету қажет;

- “Ақшаны алу” құжатының формасын толтырып, оған қол қою керек;
- “Ақшалай аударымды алуға қосымша” құжат формасын толтырып, оған қол қою керек.

Сонымен қатар банк операторы Western Union жедел аударым жүйесі бойынша ақшалай аударым жасалғандығын тексереді және ақпарат нақтыланған жағдайда ақшалай аударымды алушаға тиісті сома беріледі.

Кей жағдайда банктерде ақшалай аударымды алушыдан аударым жасалған бақылау номерін сұрауы мүмкін, егер ақшаны жөнелтуші ақшаны алушыға ол номерді хабарлаған жағдайда. Бұл номер негізінен операторға компьютерден ақшалай аударымды алушының аты-жөнін тез іздеп табу үшін қажет.

Бүгінгі күні Western Union халықаралық корпорациясы өкілі Қазақстандағы бірқатар банктермен келісім жасаған. Олардың ішінде бұл жүйенің қызметін алғаш көрсетуші “Банк ЦентрКредит” АҚ.

Өзара келісім негізінде мысалға, “Банк ЦентрКредит” АҚ-ның Қазақстаннан шетелге АҚШ долларында ақшалай аударымдарды жасаудағы тарифтері белгіленеді (22-кестені қараңыз).

22-кесте.

Western Union ақшалай аударымдары бойынша тариф жүйесі.

Сома	Тариф	Сома	Тариф
50,00 немесе төмен	13,00	3500,01 – 4000,00	160,00
50,01 – 100,00	15,00	4000,01 – 4500,00	180,00
100,01 – 200,00	22,00	4500,01 – 5000,00	200,00
200,01 – 300,00	29,00	5000,01 – 5500,00	220,00
300,01 – 400,00	34,00	5500,01 – 6000,00	240,00
400,01 – 500,00	40,00	6000,01 – 6500,00	260,00
500,01 – 750,00	45,00	6500,01 – 7000,00	280,00
750,01 – 1000,00	50,00	7000,01 – 7500,00	300,00
1000,01 – 1500,00	75,00	7500,01 – 8000,00	320,00
1500,01 – 1750,00	80,00	8000,01 – 8500,00	340,00
1750,01 – 2000,00	90,00	8500,01 – 9000,00	360,00
2000,01 – 2500,00	110,00	9000,01 – 9500,00	380,00
2500,01 – 3000,00	120,00	9500,01 – 10000,00	400,00
3000,01 – 3500,00	140,00		
Қосымша қызметтер (жөнелтушінің қалауы бойыншы)			
Телефонмен хабарлау			3,00
Телеграфпен хабарлау (кейбір елдер үшін)			3,00
Хабарлама беру (20 сөзге дейін)			3,00
Quick Pay 3000 АҚШ долларына дейін			15,00
Quick Pay 5000 АҚШ долларына дейін			25,00

Көзі: “Банк ЦентрКредит” АҚ-ның мәліметтері

Сонымен қатар, отандық банктеріміз тәжірибесінде жек тұлғалар үшін банктік шот ашпай-ақ Қазақстан аумағында жедел аударымдар жасау қызметі көрсетіледі. Мұндай жедел аударымдарды осы қызметті көрсететін банктердің

филиалдарынан бірнеше минуттардан кейін теңгеде алуға болады. Мұндай жедел ақшалай аударымдардың өзіндік ерекшеліктері бар және оны аударым жасау немесе алу шарттарынан байқауға болады.

Жедел ақшалай аударым жасау шарты мынадай:

- Жеке куәлігін көрсету керек;
- СТТН болуға тиіс;
- Алушының аты-жөнін көрсету;
- “Ақшаны жөнелту” құжатының формасын толтырып, оған қол қою қажет;
- Жөнелтетін соманы банкке тапсыру.

Сонымен бірнеше минуттардан соң аударылған қаражаттар сол банктің филиалдары орналасқан жерлерде алушыға төленеді. Банк ақшалай аударымды жасағаны үшін аударым сомасына қарай комиссияндық сыйақысын алады.

Жедел аударым бойынша ақшалай аударымды алу шарты төмендегідей:

- Жеке куәлігін көрсету керек;
- СТТН болуға тиіс;
- Ақшаны жөнелтушінің аты-жөнін, қаласын, елін, аударым сомасын білуі қажет;
- “Ақшаны алу” құжатының формасын толтырып, оған қол қою керек;

Сонымен банк операторы жедел аударым жүйесі бойынша ақшалай аударым жасалғандығын тексереді және ақпарат нақтыланған жағдайда ақшалай аударымды алушаға тиісті сома беріледі. Кей жағдайда банктерде ақшалай аударымды алушыдан аударым жасалған бақылау номерін сұрауы мүмкін, егер ақшаны жөнелтуші ақшаны алушыға ол номерді хабарлаған жағдайда. Бұл номер негізінен операторға компьютерден ақшалай аударымды алушының аты-жөнін тез іздеп табу үшін қажет.

6.5 Кассалық операциялар және қолма-қол ақшалармен есеп айырысу

ҚР-ғы екінші деңгейдегі банктер өздерінің кассалық операцияларын 1999 жылы 15 қарашада Ұлттық банктің Басқармасының қаулысымен бектілген “ҚР екінші деңгейдегі банктерде кассалық операцияларды жүргізу” ережесіне сәйкес жүзеге асырады.

Осы ережеге сәйкес, **кассалық операция** – бұл құндылықтарды қабылдау, қайта санау, майдалау, айырбастау, беру, сорттау, орау және сақтаумен байланысты операцияны білдіреді.

Касса жұмысын ұйымдастыру, яғни клиенттерге кассалық операциялар бойынша қызмет көрсету және қолма-қол ақшаны өңдеу үшін банктерде мынадай бөлімшелер болуға тиіс:

- *кіріс-шығыс кассалары;*
- *қайта санау кассасы;*
- *кешкі касса;*

- *сыртқа шығатын касса;*

Банк кассасына клиенттерден қолма-қол ақшаларды қабылдау және оларды ағымдық және корреспонденттік шоттар бойынша есепке алу төмендегідей кіріс кассалық құжаттар көмегімен жүргізіледі:

- 1) қолма-қол ақшаны салатындығының хабарламасы;
- 2) кіріс кассалық ордер бойынша.

Басқа да құндылықтарды қабылдау баланстан тыс ордерлер арқылы рәсімделеді.

Кассадағы қолма-қол ақшаны өткізу үшін клиент кіріс кассалық құжатты толтырады және оған қосымша бетте кассаға өткізілетін банкнота мен монеталардың тізімін жасап, онда олардың номиналдарын, санын, сондай-ақ банкноталар мен монеталардың жалпы сомасын санмен және жазбаша түрде көрсетеді.

Операциондық жұмыскер кіріс кассалық құжаттың дұрыс толтырылғандығын тексереді де құжаттарды бақылаушы-бухгалтерге тапсырады. Ол бұл құжатта көрсетілген соманы кассалық журналға жазады.

Бақылаушы-бухгалтер, кассалық құжатты алғаннан соң, ондағы операциондық жұмыскердің қолын қол қойылған үлгімен салыстырып, қолма-қол ақшаны салу туралы хабарламадағы санмен және жазба түрінде көрсетілген соманың сәйкестігін тексеріп, қолын қояды да ол кіріс кассалық құжатты кассирге тапсырады.

Бақылаушы-бухгалтер болмай қалған жағдайда, банктегі бұйрыққа байланысты, оның міндеті кассирге жүктеледі.

Кассир кіріс кассалық құжаттарды тексеріп болғаннан соң клиентті шақырып, одан банкноталар мен монеталарды санап қабылдап алады.

Қабылдау барысында кассирдің үстелінде тек қана қолма-қол ақшаны тапсырушының ақшалары болуға тиіс.

Қолма-қол ақшаны қабылдап алғаннан кейін, кассир қабылдаған соманы, кіріс кассалық құжатындағы сомамен салыстырады, сома сәйкес келген жағдайда кассир кіріс кассалық құжатқа қолын қойып, түбіртекке “Кіріс кассасы” деген мөр басып, оны ақшаны тапсырушыға береді.

Егер қолма-қол ақшаны тапсырушының тапсырған сомасы мен кіріс кассалық құжатындағы сомасы арасында сәйкессіздік анықталса, сондай-ақ күмәнді ақша белгілерінің барлығы айқындалса, онда кассир бастапқы құжатты қайта сызып тастап, оның келесі бетіне ұсынылған соманы көрсетіп жазады да өзінің қолымен оны куәландырып, клиентке түбіртекті береді. Ал, кіріс кассалық құжаттар операциондық жұмыскерге қайтарылып, онда нақты өткізілген қолма-қол ақша сомасына қайта рәсімделініп, бақылаушы бухгалтерге қайтарылады, ол кассалық журналдағы көрсетілген соманы сызып тастап, қайтадан жаңа соманы жазады.

Күмәнді ақша белгілерін кассир, касса меңгерушісінің және клиенттің қатынасумен ақша белгілерін сараптамаға қабылдау туралы екі данада акті жасайды. Актіде: күні, сондай ақшаны анықтаған кассирдің аты-жөні, клиенттің аты-жөні, банкноталардың номиналдары, сериялары мен номерлері, сондай-ақ ақша белгілерінің жарамсыздық сипатының белгілері көрсетіледі және бұл

актіге кассир, касса меңгерушісі және бас бухгалтер қолдарын қойып, банктің мөрі басылады. Актінің бірінші данасы банкте қалдырылып, екіншісі клиентке беріледі. Алынған күмәнді ақша белгілері Ұлттық банктің тиісті бөлімшелеріне сараптамаға жіберіліп, олардың жарамдылығы анықталған жағдайда, клиентке басқа ақша белгілері айырбасталып беріледі.

Банк клиентінің ағымдық және корреспонденттік шотынан қолма-қол ақшаны беру мынадай құжаттар арқылы жүзеге асырылады:

- 1) ақшалай чекпен;
- 2) шығыс кассалық ордермен.

Басқа да құндылықтарды беруде баланстан тыс ордерлер рәсімделеді.

Банк клиенті қолма-қол ақша алуға арналған кассалық құжаттарын операциялық жұмыскерге береді, ол құжаттарға сәйкесінше тексерулер жүргізіп, оларды бақылаушы-бухгалтерге береді, сөйтіп шығыс кассалық ордерінде көрсетілген қолма-қол ақша сомасы шығыс жөніндегі кассалық журналда есепке алынып, қолма-қол ақшаны алушы клиентке ақшалай чектің бақылау маркасы немесе шығыс кассалық ордердің екінші данасы кассаға көрсету үшін беріледі.

Шығыс құжатын алған бақылаушы-бухгалтер (кассир) мынадай жұмыстарды жүргізуге міндетті:

- 1) қолма-қол ақшаны беруге құқығы бар банктің жауапты тұлғалардың қолдарының барлығын тексеріп, оны қол қою үлгісімен салыстыруға.
- 2) құжатта көрсетілген соманы саны мен жазба түрдегісін салыстыруға;
- 3) клиенттің лауазымды тұлғаларының шығыс құжатында қолдарының болуын тексеру және оларды үлгіде қойылған қолдарымен өзара салыстыруға.

Содан соң барып кассир қолма-қол ақшаны алушыны кассаға чектегі номері бойынша шақырып, тағы да қандай соманы алатындығын нақтылап алып, содан соң ақшасын береді.

Қайта есептеу кассасы клиенттің инкассацияланған ақшалай түсімдерін қайта санаумен айналысады. Қайта есептеу кассасының кассирі, бақылаушы кассирдің қатысумен кешкі кассаның кассирінен және бақылаушы кассирден инкассаторлық сөмкені қабылдап, ақшаны оған тіркеме құжаттар негізінде қайта санаудан өткізіп, қабылдап алады.

Инкассаторлардан қолма-қол ақшасы бар сөмкелерді кассирлер қабылдау барысында мыналарды тексереді:

- 1) келіп түскен сөмкелердің тұтастығын (жыртығының жоқтығын, жамалмағандығын, пломбының бұзылмағандығын, жіптің үзілмегендігін және т.б.);
- 2) сөмкедегі қойылған пломбының банктегі пломбының үлгісімен сәйкестігін;
- 3) инкассаторлар тапсыратын сөмкелердің құжаттағы сөмкенің номерімен сай келуін;
- 4) қабылдайтын соманың құжатта көрсетілген сомамен сәйкестігін.

Инкассаторлық сөмкені қабылдап алған соң бақылаушы-кассир және бригаданың әрбір мүшесі қабылдаған сөмкелерді есепке алу журналдарының

екеуіне де қолдарын қояды. Журналдың екінші данасын бақылаушы инкассаторлардың басшысына береді.

Егер де қабылдаған сөмкелердің бір жері жыртылып немесе басқа да сәйкес келмейтін жағдайлар айқындалса, онда кассир бақылаушы кассирдің және инкассаторлардың қатысуымен, сөмкедегі қолма-қол ақшаларды құжаттағы сомамен салыстыра отырып, қайта санайды. Қайта санау немесе жыртылған сөмкеден ақшаны қабылдау барысында екі данада акті жасалып, біріншісі банктің кассалық құжаты ретінде қалдырылып, ал екіншісі инкассаторлар арқылы тиісті құжаттармен ақшаны тапсырушы клиенттің өзіне жіберіледі.

Кассалық операциялар негізінде банктің кассасына келіп түсетін және шығытын қолма-қол ақшалар арнайы символдар негізінде есепке алынады Олар 11-12 қосымшаларда берілген.

Бақылау сұрақтары:

1. Есеп айырысу операциялары қалай жіктеледі?
2. Қолма-қолсыз есеп айырысу формаларына нелер жатады?
3. Пластикалық карточкалармен есеп айырысу ерекшеліктері неде?
4. Ұлттық процессингтік орталық қызметуі туралы не білесіз?
5. Отандық банктердің жаңа қызмет түрлері қандай?
6. Электрондық қызмет дегеніміз не?
7. Электрондық сандық қол таңба нені білдіреді?
8. Интернет-банкинг қызметін қалай түсінесіз?
9. Номе-банкинг қызметі нені білдіреді?
10. Жедел аударымдардың қандай түрлері білесіз?
11. Кассалық операциялар дегеніміз не?
12. Банк кассасына түсетін қолма-қол ақша символдарына нелер жатады?
13. Қолма-қол ақшалай шығыс символдарына не жатады?

7-тарау. Төлем жүйесі және банкаралық есеп айырысулар

7.1 Төлем жүйесінің ұғымы және құрылымы

Төлем жүйесі ұғымы нарықтық қатынастар жағдайында қолданылатын, яғни қолма-қолсыз есеп айырысу жүйесінің орнына келген жаңа ұғым болып табылады.

Төлем жүйесіне анықтама бергенде оның пайдалану ауқымының кеңдігін ескерген дұрыс.

Төлем жүйесі бұл:

- ақшалай аударымдар мен төлемдерге арналған ережелер, мекемелер және техникалық тетіктер жиынтығы;
- шаруашылық субъектілердің материалдық не қаржылық ресурстарды сатып алу барысындағы қабылдайтын міндеттемелерді орындауға арналған тетіктер жиынтығы;
- ақшалай қорлардың орын ауысуына не қозғалысына себеп болатын тетіктер жиынтығы;
- орындалуға тиісті міндеттемелер шегінде ақшалай аударымдар мен төлемдерді жасайтын төлем құралдарының жиынтығы;
- ақшалай аударымдар мен төлемдерді экономикалық және құқықтық жағынан қамтамасыз ететін бағдарламалардың, байланыс желілерінің және есептеуіш техникалардың жиынтығы.

Төлем жүйесінің мақсаты тауар мен қызметтерді жабдықтаушы мен сатып алушылар арасындағы ақшалай аударымдар мен төлемдерді уақтылы заңға, ережеге және стандарттарға сай жүзеге асырып, оларды міндеттемелерінің өз уақытында орындалуын қамтамасыз ету.

Төлем жүйесінің құрылымдық элементтеріне мыналар жатады:

- құқықтық база;
- төлем жүйесінің қатысушылары;
- төлем құралдары;
- ақшалай аударымдар мен төлемдерді ұйымдастыру механизмі;
- инфрақұрылым және технология.

Құқықтық база – төлем жүйесіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттемелерін нақты айқындауға мүмкіндік жасайды. Құқықтық база ретінде 2000 жылы қабылданған «Ақшалай аударымдар мен төлемдер туралы» ҚР заңын, Мемлекеттік жалпыға бірдей төлемдердің тағындалу классификаторын, Бюджеттік классификаторы және ҚР Ұлттық банктің нормативтік актілерін жатқызуға болады. Мұндағы Мемлекеттік жалпыға бірдей төлемдердің тағындалу классификаторы төлемдердің айқындылығын анықтау, төлемдер бойынша көрсеткіштер жүйесін қалыптастыру және ҚР-на келетін ақша ағымын таңдауға арналған нормативтік құжат. Осы классификаторға сәйкес және ондағы кодтар бойынша жасалған төлемдер ҚР Ұлттық банкке Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы (ҚБЕО) арқылы беріледі.

Төлемдердің тағайындалуының бірдей классификаторы Қазақстан Республикасындағы ақша-несие және валюта саясаты, сыртқы қарыз, төлем

балансының параметрлерін, банк жүйесінің жағдайын шұғыл түрде талдау, жоспарлау және бақылау, сондай-ақ ақша ағымын талдауға мүмкіндік беретін көрсеткіштер жүйесін қалыптастыруға арналған.

Төлемдердің тағайындалуының бірдей классификаторының құрылымы төмендегідей:

I	II	III	IV	V	VI	VII	VIII	IX	X
---	----	-----	----	---	----	-----	------	----	---

мұндағы:

I - ақшаны аударушының резиденттік белгісі;

II - ақшаны аударушының экономика секторы;

III – бенефициардың резиденттік белгісі;

IV - бенефициардың экономика секторы;

V, VI, VII – валюта және бағалы металдар коды;

VIII – операция түрі;

IX – төлемнің сипаты;

X – төлемнің ашып көрсетілуі.

Резиденттік белгісі ҚР-ның валюталық заңдылықтарына сәйкес анықталады және былай белгіленеді:

“1” – резидент; “2” – бейрезидент.

Экономиканың секторының коды мынадай:

0 – Халықаралық ұйымдар;

1 – Үкімет;

2 – Аймақтық және жергілікті басқару органдары;

3 – Орталық (ұлттық) банктер;

4 – Ақшалай-депозиттік ұйымдар;

5 - Депозиттік емес қаржылық корпорациялар;

6 – Мемлекеттік қаржылық емес корпорациялар;

7 – Мемлекеттік емес қаржылық емес корпорациялар;

8 – Үй шаруашылығына қызмет көрсететін, коммерциялық емес ұйымдар;

9 - үй шаруашылықтары.

Халықаралық ұйымдар секторына мыналар жатады: Халықаралық Валюта Қоры, Дүниежүзілік қайта құру және даму банкі, Еуропа қайта құру және даму банкі, Азия даму банкі және өзгелер.

Үкімет секторына мыналар жатады: республикалық бюджеттен қаржыландырылатын ҚР Үкіметі, Министрліктер, ведомствалар, Орталық мемлекеттік басқару органдары, бюджет мекемелері; шетел Үкіметі.

Аймақтық және жергілікті басқару органдары секторына жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын аудандық, қалалық, облыстық әкімшіліктер, бюджет мекемелері жатады.

Ақшалай-депозиттік ұйымдар секторына ҚР екінші деңгейдегі банктері және шетел банктері кіреді.

Депозиттік емес қаржылық корпорацияларға банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар: сақтандыру компаниялары, клирингтік ұйымдар, қор биржасы, бағалы қағаздардың Орталық депозитарийі, Мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорлары, Брокерлік және трасталық компаниялар, ломбардтар, айырбас орындары және басқалар жатады.

Мемлекеттік қаржылық емес корпорациялар секторына мыналар жатады: пайда табу мақсатында тауарлар өндіру және қаржылық емес қызмет көрсетулермен айналысатын және басқару органдарының бақылауында болатын кәсіпорындар мен ұйымдар (мысалы, қорғаныс өнеркәсібінің кәсіпорындары, уран кенін ашу, дәрі-дәрмек өндіру, жылу және сумен қамту, көлік, байланыс және т.б.).

Мемлекеттік емес қаржылық емес корпорациялар секторына пайда табу мақсатында тауарлар өндіру және қаржылық емес қызметтер көрсетумен айналысатын басқару органдарының бақылауында болмайтын кәсіпорындар мен ұйымдар (АҚ, ЖШС және өзге меншік нысандарында жұмыс жасайтын сауда, құрылыс және өзге кәсіпорындар).

Үй шаруашылығы қызмет көрсететін коммерциялық емес мекемелер секторына пайда немесе өзге қаржылық игіліктер әкелмейтін, тауар өндіру және қызмет көрсетумен айналысатын кәсіпорындар немесе ұйымдар (қоғамдық бірлестіктер, партиялар, кәсіподақ ұйымдары, қоғамдық қозғалыстар, діни бірлестіктер, қайырымдылық қорлары және өзге қоғамдық ұйымдар) жатады.

Үй шаруашылықтары секторына жатады: өздерінің табыстары мен мүліктерін жартылай немесе толық біріктіретін, бірге тұратын және жекелеген тауарлар мен қызмет түрлерін бірге тұтынатын бір топ тұлғалар (отбасылар, жеке азаматтар, заңды тұлғалық мәртебесі жоқ кәсіпкерлер).

Төлемнің тағайындалу коды *операцияның түрін* анықтайтын 10 санаттан тұрады:

0 – Зейнет ақы және жәрдем ақы;

1 - Қолма-қол ақшамен операциялар (спецификалық аударымдар);

2 – Шетел валютасы және бағалы металдармен операциялар;

3 – Депозиттер;

4 – Займдар;

5 - Қазақстан Республикасының бейрезиденттерінің шығарған бағалы қағаздары, вексельдер және депозиттік сертификаттары, және шетел капиталына инвестициялар;

6 - Қазақстан Республикасының резиденттерінің шығарған бағалы қағаздары және вексельдері және Қазақстан капиталына инвестициялар;

7 – Тауарлар мен материалдық емес активтер;

8 – Көрсетілетін қызметтер мен трансферттер;

9 – Бюджетке төлемдер мен бюджеттен төлемдер.

Төлемдердің тағайындалу кодының (ТТК) кестесі 13-қосымшада берілген.

Төлемдердің тағайындалу кодын анықтауға мысал ретінде:

8 – “Көрсетілетін қызметтер мен трансферттер” санаты таңдалып алынады; тобы - **81** - “Көлік”;

вариант - **814** “Автомобилдік жүк тасымалдау”.

Ендеше, төлем құжатының “Төлемнің тағайындалу коды” деген орында **814** коды жазылуға тиіс.

Қазіргі кездегі ҚР Ұлттық банкінің ұйымдастыратын төлем жүйесінің қатысшыларына мыналар кіреді:

- ҚР Ұлттық банкі.
- Орталық клирингтік палата
- Екінші деңгейдегі банктер және олардың филиалдары.
- Қаржы министрлігінің қазынашылық департаменті.
- Орталық депозитарий.
- Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығы.
- Қазақстан қор биржасы АҚ.
- Қазпошта РМК.

Төлем құралдарын таңдау мынадай екі факторға тәуелді:

- 1) жалпы негізде (жалпы есеп айырысу жүйесі);
- 2) клиринг негізінде (таза ұстанымын есептеу арқылы ұйымдастырылатын есеп айырысу жүйесі).

Жалпы негізде есеп айырысуда әр төлем құжаты жеке-жеке өңделіп ақша аударымы сол төлем құжаты негізінде жүзеге асырылады.

Клиринг негізінде клирингтің қатысушы банктерінің қарама-қарсы міндеттемелерін өзара есепке алу арқылы іске асады. Мұнда әр қатысушының таза ұстанымы (барлық түскен және шыққан қаражаттар сомаларының арасындағы айырма) анықталып, соған сәйкес аударым жасалады. Клиринг екі жақты және көп жақты болып келеді. Екі жақты клирингте өзара есепке алу тек екі банк арасында жүргізіледі. Ондай клиринг нәтижесінде қандай да бір қатысушының дебеттік таза ұстанымы анықталған болса, онда біріншісі, екінші қатысушының пайдасына ақшалай аударымдар жасайды. Мұндай жағдайда әрбір банктің үш жекелеген екі жақты таза ұстанымы болуы мүмкін. Көп жақты клирингте әрбір қатысушының басқа барлық қатысушыларға қатысты міндеттемесін өзара есепке алады. Мұндай да әрбір қатысушының бір таза ұстанымы болады

Инфракұрылым мен технология компоненттері есеп айырысу жүйелерінің қауіпсіздігіне, төлемдердің жылдамдығына, тұрақтылығына, байланысты болып келеді. Мұндай компоненттер төлем жүйесінде болатын тәуекелдерді, атап айтсақ несиелік, жүйелік, өтімділік, операциялық, техникалық, заңи және т.б. тәуекелдерді ескереді.

Төлем жүйесін ұйымдастыру мынадай қағидаттарға негізделеді:

- төлемдерді жүзеге асырудың құқықтық режимі;
- банктік шот бойынша төлемдерді жасау;
- есеп айырысу формаларын таңдаудағы шаруашылық субъектілерінің экономикалық дербестігі;
- төлемдерді акцептеудің болуы;
- төлемді шот қалдығы көлемінде жасау;
- төлеушінің шотынан шегергеннен кейін қаражатты алушының шотына есептеу;
- төлемдердің мерзімділігі;
- төлем жүйесіне жасалатын бақылаудың болуы;
- төлем жүйесіне қатысушылардың материалдық жауапкершілігінің болуы.

7.2. ҚР-ғы төлем жүйесінің қалыптасуы мен дамуы

1990 жылға дейінгі Қазақстандағы ұйымдастырылған төлем жүйесі бір орталықтан экономиканы басқару жүйесіне негізделді. 1991 жылдан бастап, ҚР өзінің тәуелсіздігін алып, басқа елдермен экономикалық байланыстар орнату барысында төлем жүйесін ұйымдастыру технологиясы түбегейлі өзгерістерге ұшырады.

Жалпы ҚР-ғы төлем жүйесінің қалыптасуы 1994 жылдан басталады. Бірінші кезеңде төлем жүйесін ұйымдастырудың құқықтық базасын жасау жүзеге асты. 1994 жылы қарашада ҚР-ғы банктік клиринг туралы ҚР Ұлттық банкінің уақытша ережесіне сәйкес Қазақстан клирингтік палатасы құрылды.

Клирингтік палатаның негізгі қызметіне мыналар жатты:

- клирингке қатысушы банктердің өкілдері арасында үздіксіз чектердің айырбасын қамтамасыз ету;
- өзара талаптарды ескеру арқылы қатысушы банктердің таза (нетто) ұстанымын анықтау;
- банк мекемелерінің корреспонденттік шоттары бойынша ақырғы таза ұстанымды көрсету мақсатында клирингтің нәтижелері туралы ҚР Ұлттық банкке ақпараттар беру.

Осы кезеңде Қазақстан аумағында вексель, чек және төлем карточкаларын пайдалану тәртібін реттеуге арналған нормативтік актілер жасалып бекітілді.

1995 жылы Ұлттық банкі базасында Алматы клирингтік палатасы құрылып, ол көпжақты өзара есепке алу әдісі бойынша жұмыс жасады. Ақырғы есеп айырысулар операциялық күн соңына қарай әрбір қатысушының таза ұстанымына байланысты 1 рет жасалды.

Таза ұстаным - клирингтің бір қатысушысына қатысты клирингтің барлық қатысушыларының ақшалай міндеттемелері бойынша төлем құжаттарының сомасы мен аталған қатысушының басқа қатысушыларға қатысты ақшалай міндеттемелері сомасындағы айырманы білдіреді.

Егер айырма мәні теріс болса, онда клирингке қатысушылардың дебеттік таза ұстанымы, ал оң болса онда кредиттік таза ұстанымы анықталады.

Клирингке қатысушылар ретінде клиринг ұйымымен өзара келісімшарт жасасқан кәсіпкерлікпен айналысатын кез келген заңды және жеке тұлға бола алады.

Ірі төлемдер жүйесінің басты кемшілігіне төлем жүйелерінің қатысушы-банктер арасында ақшалай аударымдар мен төлемдердің қағаз жүзінде жүзеге асуы жатады. Бұл негізінен электронды тәсілмен іске асатын электронды төлем тапсырмаларының болмауын тікелей байланысты.

Сөйтіп, ҚР -ғы төлем жүйесін дамыту және жетілдіру мақсатында ҚР Ұлттық банкінің облыстық филиалдарында аймақтық клирингтік палаталар құрылды және олар аймақ ішіндегі төлемдерді банкаралық клиринг арқылы жүзеге асырды.

Банкаралық клиринг - талаптар мен міндеттемелерді өзара есепке алуға негізделген, тауарлар мен көрсетілген қызметтер үшін қолма-қолсыз есеп айырысулардың жүйесін білдіреді.

Банкараралық клиринг екінші деңгейдегі банктердің корреспонденттік шоттары көмегімен іске асады. Банкаралық клирингтің объектілеріне мыналар кіреді:

- төлем тапсырмалары,
- ақшалай аударымдар,
- чектер,
- вексельдер,
- бағалы қағаздар,
- аккредитивтер,
- займдар.

Сол уақыттары Қазақстанда 19 клирингтік палаталар қызмет етті. 1995 жылы 30 желтоқсанда Клирингтік палата қайта түрлендіріліп, нәтижесінде Қазақстан банкаралық есеп айрысу орталығы (ҚБЕО) құрылды.

Қазақстан банкаралық есеп айрысу орталығы (ҚБЕО) – төлем жүйесін пайдаланушылардың төлем құжаттарының негізінде олардың шоттарына ақша қаражаттарының уақтылы түсуін, сондай-ақ оларды өзара толық ақпараттармен қамтамасыз ететін мекеме.

Қазақстан банкаралық есеп айрысу орталығы қазіргі заманға сай құрал-жабдықтармен жабдықталып, төлем тапсырмаларымен есеп айрысуларды қамтамасыз ететін электронды бағдарламалар қондырылды. Ондай бағдарламаларға Кубаж-1 және Кубаж –2 жатты. Кубаж-1 бұл ҚР Ұлттық банкінің автоматтандырылған жүйесін, ал Кубаж-2 Кубаж-1 бағдарламасының жетілдірілген нысанын сипаттайды.

1996 жылы Қазақстан банкаралық есеп айрысу орталығы базасында Ірі төлемдер жүйесі ұйымдастырылып, ол жүйе жалпы төлемдерді нақты режимде жүзеге асырып, электрондық төлемдерді өңдеуді жүзеге асырды.


Төлем жүйесін жетілдірудің келесі бір шаралары ретінде ҚР Ұлттық банкінің филиалдарынан екінші деңгейдегі банктің коршоттарын ҚР Ұлттық банктің орталық аппаратына көшірді. Коршоттарды орталықтандыру ҚР Ұлттық банкіне жедел түрде есеп айрысу банкінің қызметін атқаруға, сондай-ақ банктік және төлем жүйесіне жасалатын бақылау қызметінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік берді.

Ұсақ төлемдер нарығын дамыту және осы салада қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында 1999 жылдың 1 тамызынан бастап, ҚР Ұлттық банкінің облыстық филиалдарындағы клирингтік палаталар жабылды.

Қазіргі кезде бұл клирингтік палаталар Қазақстан банкаралық есеп айрысу орталығы қызметін жүзеге асырады.

Қазіргі уақыттағы Қазақстан банкаралық есеп айрысу орталығының (ҚБЕО) клирингтік палатасындағы есеп айрысуды жүргізу сызбасы төмендегі 15-суретте берілген.

2000 жылдың соңына қарай Ірі төлемдер жүйесі Банкаралық ақшалай аударымдар жүйесіне түрлендіріліп, оған қатысушылардың шотындағы қаражат шегінде нақты уақыт режимінде есеп айрысу жүзеге асырыла бастады.



15-сурет. Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығының (ҚБЕО) клирингтік палатасындағы есеп айыруды жүргізу сызбасы

Екінші деңгейдегі банктер арасында корреспонденттік қатынас орнатулар 2000 жылы 25 қарашада ҚР Ұлттық банкінің N 428 қаулысымен бекітілген “ҚР екінші деңгейдегі банктердің арасында және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асырушы ұйымдардың арасында корреспонденттік қатынастар орнату ережесін” басшылыққа алады.

7.3 ҚР-ғы төлем жүйесін ұйымдастыру

Қазіргі ҚР-ғы төлем жүйесі үш ішкі жүйеден тұрады:


- 1) Банктік хабарламаларды өңдеу жүйесі (БХӨЖ).
- 2) Банкаралық ақшалай аударымдар жүйесі (БААЖ).
- 3) Ұсақ төлемдер жүйесі (ҰТЖ).

Ішкі жүйелер бір-бірімен тәуелсіз қызмет етеді және хабарлама механизмдері арқылы байланысты қолдайды. Жүйенің барлық субъектілері ортақ хабарлама нысаны бойынша өзара ортақ мәліметтермен алмасады.

Банктік хабарламаларды өңдеу жүйесі мынадай қызметтерді атқарады:

- 1) төлем жүйесінің субъектілерінен хабарламаны қабылдау.
- 2) хабарламаның толық түсуіне бақылау жасау.
- 3) келіп түскен хабарламаны өңдеу.
- 4) хабарламалар ағымын тарату.

Хабарламаны алмасу «жұлдыз» белгісіне ұқсас жасалады (16-сурет):



16-сурет.

Банктік хабарламаларды өңдеу жүйесі хабарламалармен алмасу жүйесінің ортасында бола отырып, хабарламаны жіберушілерден барлық хабарламаларды

қабылдап, оларды қателері болмаған жағдайда жүйеге қатысушыларға өзгеріссіз күйінде жібереді.

Қазақстан Республикасы аумағында нақтылы уақыт режимінде жұмыс Банкаралық ақшалай аударымдар жүйесі (БААЖ) Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы (ҚБЕО) негізінде 1996 жылдың тамызынан бастап жұмыс істеп келеді. Бұл жүйе бұрын Ірі төлемдер жүйесі деп аталған болатын (ІТЖ).

ІТЖ жетілдіру және оны дамыған шет елдердің жұмыс істеп тұрған жалпы негіздегі есеп айырысу жүйелеріне жақындату мақсатында Ұлттық Банк тарапынан жұмыстар жүргізілді. 2000 жылдың соңында ІТЖ жүйе қатысушыларының есеп шотындағы ақша қаражаттары шегінде нақтылы уақыт режимінде есеп айырысуларды жүргізетін (RTGS – нақтылы уақыт режиміндегі есеп айырысулар) және халықаралық қаржы ұйымдарының жалпы негіздегі төлемдер жүйесіне қойылатын барлық негізгі талаптарға жауап беретін Банкаралық ақшалай аударымдар жүйесі болып қайта құрылды. Кез-келген ел үшін RTGS жүйесін құру қаржы саласында ең жоғары басымдыққа ие. Мұндай жүйенің болуы мемлекеттің банк жүйесінің тұрақты жұмыс істеуін сипаттайды.

Банкаралық ақшалай аударымдар жүйесінің мақсаты осы жүйе пайдаланушыларының Ұлттық Банктегі шотындағы ақша қаражаттарын қолдана отырып, осы қаражаттардың шегінде операциялық күн ішінде ұлттық валютада қайтарымсыз және түпкілікті есеп айырысуларды қамтамасыз етуден тұрады. Банкаралық ақшалай аударымдар жүйесінде ірі және үлкен басымдыққа ие төлемдер жасалады.

Сонымен қатар, Банкаралық ақшалай аударымдар жүйесін енгізу бұл төлем жүйесіндегі мониторинг механизмін және банктердің өтімділігін басқаруды жетілдіру кезеңін сипаттайды.

Банкаралық ақшалай аударымдар жүйесі – нақты уақыт режиміндегі жұмыс жасайтын қолма-қолсыз ақшалардың электрондық аударым жүйесі болып табылады.

Банкаралық ақшалай аударымдар жүйесін пайдаланушыларға мыналар жатады:

- ҚР Ұлттық банкі.
- ҚР Ұлттық банкісінің монетарлық операциялар департаменті.
- ҚР Қаржы министрлігінің қазынашылығы.
- Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығы.
- Екінші деңгейдегі банктер.
- Облыстық клирингтік палаталар.
- Қор биржасы.
- Орталық депозитарий.
- Бағалы қағаздар нарығының қатысушылары.


Банкаралық ақшалай аударымдар жүйесінің пайдаланушысына ҚБЕО-мен осы жүйеде қызмет көрсету туралы келісімшарт жасасқан банк немесе банктік емес қаржы ұйымы жатады. Жүйенің әрбір қатысушысының Ұлттық Банкте корреспонденттік шоты болуы тиіс.

Соңғы жылдары Банкаралық ақшалай аударымдар жүйесіне қатысушыларының саны артып отыр, соның ішінде: 34 екінші деңгейлі

банктер; Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Казнашылық департаменті және оның 16 аумақтық басқармалары; 15 банк қызметінің жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар; ҚРҰБ және Мемлекеттік зейнетақы жинақтау қорының Банк-Кастодианы (ҚРҰБ монетарлық операциялар департаменті) бар.

Банкаралық ақшалай аударымдар жүйесінің жұмыс істеу ерекшелігі онда мәліметтерді беру және қабылдау тек қана электронды тәсілмен жүзеге асады. Банкаралық ақшалай аударымдар жүйесінде электронды мәліметтерді беруді куәландыруға және оларды беру кезінде тәуекелдерді табуға бағытталған ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету процедуралары сақталады. ҚБЕО-ғы мен пайдаланушылар, жіберілген және қабылданған электронды мәліметтердің есебін қамтамасыз етіп, оның бақылауын жүргізеді. Банкаралық ақшалай аударымдар жүйесінде өңделетін барлық электронды мәліметтер аудиторлық із қалдырады.

Жоғарыда аталып өткендей, Банкаралық ақшалай аударымдар жүйесінде төлемдер пайдаланушылар шотындағы ақша қаражаттары шегінде нақтылы уақытта жүзеге асырылады. Пайдаланушы позициясында төлем құжатында көрсетілген сомаға сәйкес төлем жасауға қажетті ақшаның болмауы немесе жеткіліксіздігі жағдайында ҚБЕО-да төлем тапсырымдары кезекке тұрады. Кезекте тұрған құжаттар басымдылық кодтарына сәйкес өңделеді. Басымдылық кодтары шеңберінде кезекте тұрған төлем тапсырмаларының орындалуы FIFO – «бірінші келген, бірінші шығысқа ие болу» қағидасы бойынша, олардың кезекке келіп түсу тәртібімен жүзеге асады. Пайдаланушылар төлем тапсырымдарының орындалу кезектілігін белгілеуге және өзгертуге құқылы. Пайдаланушылардың кезекке орналастырылған төлем құжаттарын қайтарып алуға мүмкіндіктері бар. Банкаралық ақшалай аударымдар жүйесінің құрылымы Y ұқсас болып келеді (17-сурет)



17-сурет.

Банкаралық ақшалай аударымдар жүйесінің (БААЖ) қызметі төмендегідей түрде жүзеге асады:

1) Тапсырма берушінің банк - А банкі ақшалай аударымдар туралы төлем тапсырмасын банкаралық ақшалай аударымдар жүйесіне береді.

2) Ақшалай аударымды жасаған жағдайда БААЖ тапсырма беруші банктің, яғни А банкінің шотын дебеттегені туралы және Бенефициар банктің, яғни В банкісінің шотын кредиттегені туралы немесе ақшалай аударымдарды жасағаны туралы хабарлайды.

3) БААЖ төлемді аударғандығын куәландыратын төлем тапсырмасын Бенефициар банкке береді.

4) Тапсырма беруші банк хабарламаны алғаннан кейін, төлеушінің шотынан ақшаны шегереді де, оны Бенефициар банктің шотына есепке алады.

5) Ақырғы есеп айырысу БААЖ барлық пайдаланушыларының жұмыстары бойынша ҚР Ұлттық банкінде жасалады.

БААЖ-гі хабарламалармен алмасу ҚР Ұлттық банкісінің нормативтік құқықтық актілерімен бекітілген ақпараттар алмасу форматы бойынша жүзеге асады.

БААЖ-нің өнімділігі орта есеппен 1 секундта 5-7 өңделген қаржылай транзакцияны құрайды. БААЖ арқылы Қазақстан төлем жүйесіндегі ақшалай аударымдар мен төлемдердің 95%-ы жасалады.

Ақшалай аударымдар ҚБЕО жасайтын және оның бекіткен SWIFT жүйесінің хабарламаларын пайдалану арқылы электрондық тәсілмен жүзеге асады.

БААЖ-ны пайдаланушылардың Ұлттық банкте корреспонденттік шоты болады. БААЖ демалыс және мейрам күндерінен басқа күндері жұмыс жасайды.

Пайдаланушылар үшін ең маңызды фактор бұл төлемдердің құны. БААЖ-де төлемдердің құны жоғары болғанымен есеп айырысуға кепілдік беріледі және ең бастысы шарт мұнда ақшаның болуы.

БААЖ-ның қызмет ақыларын ҚР Ұлттық банкі белгілейді (23-кесте).

23-кесте.

БААЖ-ның қызмет ақылары

Төлемдерді өткізу уақыты	Тенгедегі құны
16-00 –ден 8 –00-ге дейін	9
9-00-ден 13-00-ге дейін	11
13-00-ден 16-00-ге дейін	22

Клирингке құжаттарды тәулік бойы қабылданып, ақтық есеп айырысу 15-00-ден 16-00 аралығында жасалады.

15-00-де Клирингтің операциялық күні аяқталады және төлем құжаттарын қабылдау тоқтатылады, тек қана ағымдағы төлем күнмен бір

біріне қарама-қарсы жасалатын талаптар жасалып, әр пайдаланушының таза ұстанымы анықталады.

2005 жылы БААА арқылы өткен төлемдер саны 28,1% 7,9 млн. транзакцияға дейін, төлемдер сомасы – 72,7% 50,3 трлн. теңгеге дейін өсті.

2005 жылы БААЖ арқылы негізінен Қазақстан резиденттерінің бағалы қағаздарымен (БААЖ-дағы төлемдердің жалпы көлемінен 37,8%), банктердің және олардың клиенттерінің банкаралық депозиттерімен және меншікті қаражатының аударымдарымен (23,1%) операциялары және шетел валютасымен және қымбат металдармен операциялар (11,4%) бойынша төлемдер өткізілді.

Осыған байланысты БААЖ-дағы төлемдер көлемінің байқалған көбеюі негізінен Қазақстан резиденттерінің бағалы қағаздарымен (86,0%), банктердің және олардың клиенттерінің банкаралық депозиттерімен және меншікті қаражатының аударымдарымен (2,2 есе) операциялары, сондай-ақ шетел валютасымен және қымбат металдармен (83,5%) операциялар бойынша төлемдер көлемінің өсуіне себепші болды. Осы төлемдер көлемінің көбеюі сомасы БААЖ-дағы төлемдер көлемінің жалпы өсімінен 84,9% болды. Сондай-ақ төлемдер көлемінің жүйесінде тауарлар және материалдық емес активтердің - 33,1%, көрсетілген қызметтің - 19,5% және бюджетке төлемдер және бюджеттен төлемдер - 48,0% өскенін атап өткен жөн.

Елдің жүйелік-мәнді төлем жүйесі бола отырып, БААЖ іс жүзінде елдегі қолма-қол жасалмайтын төлемдер көлемінің негізгі ағынын - талданатын кезеңдегі қолма-қол жасалмайтын төлемдердің жалпы көлемінен 97,2% өңдеді, бұл сан бойынша қолма-қол жасалмайтын төлемдердің жалпы санының 34,2% болды. Осы арақатынас БААЖ-нің елдегі неғұрлым ірі және басым төлемдерді ғана өткізетін фактіні растайды.

Бұл ретте жүйенің талданатын кезеңдегі жұмысының тиімділігін оң деп бағалауға болады, себебі жүйедегі ақша ағынының елеулі өсімі (72,7%) жүйедегі орындалмаған төлем құжаттары көлемінің қысқаруымен (88,6%) қатар жүрді.

Ұсақ төлем жүйесі бұл төлем жүйесіне қатысушылардың арасындағы белгілі мөлшерден аспайтын ақшалай аударымдар мен төлемдердің жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

Ұсақ төлемдер жүйесі Қазақстанның барлық аумақтарында жұмыс жасайды. Оны пайдаланушыларға мыналар жатады:

- ҚР Ұлттық банкі.
- ҚР Қаржы министрлігінің қазынашылығы.
- Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығы.
- Екінші деңгейдегі банктер.
- Облыстық клирингтік палаталар.
- «Қазпошта» РМК

Ұсақ төлемдер жүйесінің басты ерекшеліктері мынадай:

- пайдаланушылар қатарында Қазақстанның барлық банктерімен қатар, жекелеген банктік операцияларды жүзеге асыратын банктік емес қаржы

мекемелері (Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығы, Қазынашылық, банктердің филиалдары) бар;

- тек қана электрондық төлем құжаттарын қабылдайды.
- бір төлемнің сомасы 3 000 000 теңгеден аспауына шек қойылады;
- пайдаланушыларға алдағы күндермен (Т+3) валюталау күнін қоя отырып, төлемдерді жіберуге мүмкіндік беріледі, яғни сол күнге дейін олар сақталады да күні жеткенде өңдеуге қабылданады;
- пайдаланушылардың төлем жүйесіне кіруде бірнеше терминалдарды пайдалану мүмкіндіктерінің болуы, бірақ та оларды біреуі ғана негізгі болып саналады;

- БААЖ-не қарағанда көрсетілетін қызметтердің бағасының төмен болуы.

Екінші деңгейдегі банктердің филиалдары төлем құжаттарын бұл жүйеге бас банктері арқылы немесе өздері тікелей бере алады. Ұсақ төлемдер жүйесі есеп айырысу жасалғаннан кейін құжаттардың өткендігі туралы ақпараттарды бас банкі арқылы филиалдарға жеткізіп отырады. Бұл жүйемен байланыс немесе оған қатысу міндетті түрде БААЖ-гі шотының болуына байланысты қалыптасады.

7.4 СВИФТ жүйесінің құрылымы мен қызметі

СВИФТ (ағылшынша SWIFT – Society for World-Wide Interbank Financial Telecommunications аударғанда Дүниежүзілік банкаралық қаржы телекоммуникациясы қоғамы) 1973 жылы мамыр айында 239 банк құрылтайшылығымен Бельгия мемлекетінің заңдылығына сәйкес құрылды. Оның штаб пәтері Брюссельге жақын Ла-Ульпц қаласында орналасқан. СВИФТ қызметінде Бельгияның заңдарын басшылыққа алады. СВИФТ акционерлік қоғам, оның акционерлері мүше банктер. СВИФТ-тің ең жоғары басқару ұйымы – мүше банктердің жалпы жиналысы.

СВИФТ халықаралық ақша айналымында электрондық ақшалай аударымдар мен төлемдер бойынша өзінің мүшелеріне қызмет көрсететін қоғам.

СВИФТ мынадай қызметтер атқарады:

- Халықаралық банктік операцияларға арналған стандартты ақпараттарды өңдеудің электрондық жүйесін дайындау;
- Есеп айырысу операцияларына арналған телекоммуникация құралдарын жасау;
- Жүйеге қатысушыларды оқыту және оларға семинарлар жүргізу;
- Арнайы және терминалды қызметтер көрсету.

СВИФТ өзінің қатысушы банктеріне ақшалай аударымдар, бағалы қағаздар бойынша есеп айырысуды қамтамасыз етуге байланысты спутник байланысы арқылы нұсқаулықтар береді. Банктер қаражат аудару туралы бұйрықтарды қабылдап, электрондық терминалдар арқылы аударымдар жасайды.

Өз елінің заңына сәйкес халықаралық банктік операцияларды жүргізуге құқығы бар кез келген банк СВИФТ-ке мүше бола алады.

СВИФТ-ке мүшелерге мыналар жатады:

- *мүше банктер*;
- *бірлескен мүшелер* - мүше банктің филиалдары мен өзге құрылымдық бөлімшелері;
- *өзге қатысушылар*: қаржы институттары (брокерлер кеңсесі, клиринг және сақтандыру компаниялары).

СВИФТ-ке мүше болу 2 кезеңнен тұрады:

I кезең банкке мүше болу құжаттарын дайындау. Бұл кезеңде мүше банктер кіру туралы өтінішін жасау, СВИФТ жарғысын орындау, СВИФТ-тің операциялық шығыстарын өтеу туралы міндеттемесін, банктің мекен-жайы туралы, қоғам алдындағы байланысы үшін жауаптылығы және банктік хабарламаларды беру кестесіне шолуы сияқты құжаттарын дайындайды. Мүше болуға кандидат банктерге бір жолғы төлем жасау және қоғамның 1 акциясын сатып алу міндеті жүктеледі.

II кезең банктік қоғамға қосу кезеңі. Бұл кезеңде банк коммуникациялық құрал-жабдықтарды сатып алады және мамандарды оқытады. Қосу уақыты тіркелмелі: яғни наурыз, маусым, қыркүйек және желтоқсан айларының бірінші дүйсенбісі.

Банктердің мүше болу үшін жасаған шығындары 5 жыл ішінде өтелуі мүмкін.

Әрбір аймақта СВИФТ өзінің аймақтық әкімшілігін құрады.

СВИФТ артықшылықтары:

- *сенімділік*, хабарламалардың толық және уақтылы жеткізілуіне жауаптылығы;
- *қауіпсіздік*, СВИФТ торабы бойынша хабарламаларды жіберуде әр түрле шифрлерді қолдану барысында олардың қауіпсіздігі сақталады және оны хабарлама жіберуші мен алушыдан басқа ешкім оқи алмайды;
- *жылдамдылық*, хабарлама бірнеше секунд немесе 15-20 минут ішінде жетеді, оның түпнұсқалығын растау автоматты түрде жүзеге асырылады. Ондағы жұмыс демалыссыз және мейрамсыз күндіз түні іске асады.
- *тиімділік*, СВИФТ стандарты мен технологиясы автоматты түрде хабарламаларды өңдеу үшін арнайы қолданбалы бағдарламаларды жасайды. Соған сәйкес хабарламаны қолмен өңдеу шығыны азайып, өнімділік арта түседі.

Ал кемшілігі мынада:

- қымбаттығы, ұсақ банктер үшін кіру жарнасының қымбат болуы;
- құжат айналысы кезінде төлем несиесін пайдалану мүмкіндігінің азаюы немесе жоқтығы, яғни шоттың дебеттелуі мен кредиттелуінің арасындағы мерзімнің қысқалығы.

СВИФТ жүйесінде 130 хабарлама (Message Transaction - MT) түрінен тұратын 11 санат қолданылады.

Жүйелік хабарламалар, яғни арнайы есеп беру арқылы сұрау және алу, мәліметтер базасында хабарламаларды іздестіру, оқу және жаттығу мақсатында пайдаланылады.

Жүйелік хабарламаның үш түрі болады:

LOG-IN/OUT – жүйеге кіру/ шығуға арналған жүйелік хабарлама;

RETRIEVAL – бұл сұраныс бойынша сақталған хабарламаның көшірмесін жіберу;

REPORTS – әр түрлі шоттар/есептер туралы ақпарат алуға мүмкіндік беретін хабарлама.

Банктік хабарламалар жедел және жәй болып бөлінеді. Жедел хабарламалар үшін арнайы тарифтер болады.

Қалған типтер 1-9 санттарға және n санатына жатады. Оларға үш мәнді сандық код беріледі. Бірінші үші сан операциялар кодына сәйкес келеді.

n санаты – жалпы топтың хабарламасы. Жалпы топтың хабарламасы 1-9 санаттың кез келгенін пайдаланады.

Сонымен СВИФТ жүесінде өңделетін пайдаланылатын хабарламалар санаттары мен түрлеріне тоқталайық.

0-санат. Жүйелік қабарламалар

1-санат. Клиенттік аударымдар мен чектер

2-санат. Қаржылық ұйымдар аударымдары

3-санат. Валюталық операциялар

4- санат. Инкассо және оған қосымша құжаттар

5-санат. Бағалы қағаздар

6-санат. Бағалы металдар мен синдикаттар

7-санат. Құжатты аккредитивтер мен кепіл-хаттар

8-санат. Жол чектері.

9-санат. Аралас хабарламалар.

n –санат. Жалпы топ.

Хабарламалардың барлық түрлері жалпы қағидатқа сүйене отырып жасалады. Хабарлама тақырыбы екі санды кодпен беріледі. Мысалы, 57 коды банкті, 69 – бенефициарды, 71 - кімнің есебіне қаражат немесе комиссия сомасының есептелетіндігін, 32 төлем сомасын көрсетеді.

СВИФТ-ке бүгінгі таңда әлемнің 155 елінің 4800 банктер мен қаржы ұйымдары мүше, сол елдерде оның барлығы 20 000 терминалы қызмет етеді. СВИФТ жүйесін пайдаланушылардың қатарының күрт өсуі СВИФТ-1 және СВИФТ –2 жүйелеріне бөлінуге әкелді. СВИФТ-2 жүйесін өту 1989 жылдан 1995 жылдар аралығын қамтиды.

СВИФТ – торабы төрт деңгейден тұрады:

1) *Пайдаланушы терминалы*, яғни пайдаланушының торапқа қосылуына мүмкіндік береді. Қазіргі нарықта СВИФТ жүйесін қосылудың бірнеше терминалдары бар. Бірақ олардың барлығы сертификацияланған болуы тиіс.

б) *Аймақтық процессорлар*, олардың қызметі топтық процессорда бастапқы өңдеуді жүзеге асыру болып табылады. Аймақтық процессорлар операциялық орталықтарды адамның қатысуынсыз Unisys A Series фирмаларының компьютерімен көмегімен жұмыс жасайды.

7) *Топтық процессорлар*, яғни оларды операциялық орталықтарды орналастырылады және 3 Unisys A Series фирмаларының компьютерімен көмегімен жұмыс жасайды.

8) *Жүйені басқарушы процессорлар*, яғни СВИФТ –2 жүйесіне жаңадан енгізілген деңгей. Оларда операциялық орталықтарды орналастырылады және Unisys A Series фирмаларының компьютерімен көмегімен жұмыс жасайды.

СВИФТ-2 ақпараттар 4 ай бойында сақталады.

Халықаралық валюталық төлемдерді жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Ұлттық банк СВИФТ жүйесін пайдаланады. СВИФТ жүйесіне қосылғанға дейін банктердің корреспонденттерімен хабарламалар алмасуы телекс арқылы жүргізілді.

ҚР Ұлттық банкісінде СВИФТ жүйесі 1994 жылы сәуір айында орнатылды. Бұл Қазақстандағы алғашқы аймақтық процессор болып табылған. Кейіннен оған өзге банктеріміз қосылды.

ҚР Ұлттық банкісінде СВИФТ ST-400 интерфейсі пайдаланылады.

СВИФТ ST-400 интерфейсінде үш кіру паролы қолданылады. СВИФТ стандартына сәйкес бір терминалда үш адам жұмыс жасайды:

- 1) СВИФТ операторы (USER).
- 2) Коммуникациялар бойынша жауапты тұлға (USOF).
- 3) Басқарушы (SLS-BKE).

Әрбір маманның өзінің кіру паролы болады. Оператор хабарламаларды енгізу жұмысын атқарады. Коммуникациялар бойынша жауапты адам байланыс жолдарын ашу және жабуды, телектік хабарламаларды тестілеу және идентификациондық кілтпен алмасуды жүзеге асырады. Басқарушы хабарламалардың қатесіз жөнелтуіне бақылау жасайды.

Мәміленің міндетті элементтеріне мыналар жатады:

- мәміленің серіктесі;
- аударым номері;
- мәміле күні;
- айырбас бағамы;
- есеп айырысу күні;
- валюта және сомасы;
- есеп айырысудағы корреспондент банктер.

ҚР Ұлттық банкі көбіне клиенттік аударымдарды жүзеге асырады. ҚР Ұлттық банктің клиенттеріне мемлекеттік және акционерлік ұйымдар, Министрліктер мен әр түрлі кәсіпорындар жатады.

Ұлттық банк клиенттердің аударымдарын өзінің банк корреспонденттері арқылы СВИФТ жүйесінің байланысының көмегімен жасайды.

ҚР Ұлттық банктің тәжірибесінде мынадай хабарламалар санаттары жиі пайдаланылады:

- клиенттік аударымдар, 100-форматтағы (101,102 және т.б.) хабарламалар;
- банкаралық аударымдар, яғни 200-форматтағылар (201,202,203 және т.б.);
- қаржылық мәмілелер – 300-форматтағылар (3001, 302, 303 және т.б.);

- бағалы қағаздар – 500-форматтағылар;
- бағалы металлдар – 600-форматтағылар;
- құжатты аккредитивтер мен кепіл-хаттар – 700 форматтағылар.

СВИФТ жүйесі арқылы ҚР Ұлттық банкінің төлем хабарламасын пайдалану тәжірибесіне мысал келтірейік.

СВИФТ формат MT202

Күні: 8.03.2006ж

Кімге: Федералды резервтік банк, Нью-Йорк,

Кімнен: ҚР Ұлттық банкі, Алматы

MT 202 қаржы институттарының жалпы аударымы

:20 : аударым номері -	93457734
:21: сілтеме -	BISBB07029SISBBO
:32A: D/B/ валюта/ сома/ -	14.01.2006 USD 10,000,000.00
:53: жіберушінің корреспонденті -	/F
:57A: банктегі шоты -	Чейз Манхеттен банк Нью-Йорк
:58A: бенефициар банкі -	Дойче банк, ФФ/М

СВИФТ жүйесін отандық банктер тәжірибесінде пайдалану хабарламаларды беру уақытын қысқартып, оны пайдаланушылардың санын арттыра түсуге, қағазсыз халықаралық банктік операцияларды жүзеге асыруға, сондай-ақ операциялық шығыстарды азайтуға толық мүмкіндік жасауда. Сонымен қатар СВИФТ-ті пайдалану төлем құжаттардың жоғалуына жол бермейді және банктің тәуекелін азайтады.

Бақылау сұрақтары:

1. Төлем жүйесі дегеніміз не?
2. ҚР төлем жүйесінің құрылымы неден тұрады?
3. ҚР төлем жүйесінің қалыптасуы туралы не білесіз?
4. Банктік хабарламаларды өңдеу жүйесі немен айналысады?
5. Банкаралық ақшалай аударымдар жүйесінің қатысушылары кімдер?
6. Ұсақ төлемдер жүйесі туралы не белсіз?
7. СВИФТ жүйесі қандай қызмет атқарады?
8. Қазақстан банктері СВИФТ-ке қашаннан бастап мүше болды?
9. СВИФТ-ке мүше болу шарттары қандай?

8-тарау. Банктің несиелік саясаты және несиелік механизм

8.1. Несиелік саясат, оның элементтері

Несиелік саясат банктің несиелік қызметінің міндеттерін, оларды іске асыру құралдары мен әдістерін, сондай-ақ несиелік процесті ұйымдастыру қағидаттары және тәртібін белгілейді. Несиелік саясат несиелік механизм көмегімен жүзеге асырылады.

Несиелік саясат – банктің несиелік жұмысын ұйымдастыру негізін және несиелеу процесіне қажетті құжаттар жүйесін жасау шарттарын білдіреді.

Кең мағынасында, несиелік саясатты несие беруші банк пен қарыз алушылар тұрғысынан қарастыруға болады.

Тар мағынасында, несиелік саясат – бұл несиелік процесті ұйымдастыру барысындағы банктің стратегиясы мен тактикасын сипаттайды.

Несиелік саясат банктің несиелік жұмысын, оның жалпы стратегияларына сай ұйымдастыру негізін және несиелеу процесін қалыптастыруға қажетті құжаттар жүйесін (ұйымдастыру) жасау шарттарын білдіреді.

Жалпы несиелік саясат мынадай сипатта болуға тиіс:

- нұсқаулық емес, яғни директивті нұсқауларды қамтиды;
- несиелеудің мақсаттарын нақты және мағыналы анықтауға мүмкіндік береді;
- нақты мақсаттарды іске асырудың бірнеше ережелерін қамтиды;
- оны іске асыруды қамтамасыз ететін стандарттар мен нұсқаулықтарды қамтитын құжаттардан тұрады.

Несиелік саясат банктің стратегиясын, оның тәуекелді басқару облысындағы саясаттарын ескере отырып жасалады. Несиелік саясат несиелік қызметтің төмендегідей негізгі бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді:

- несиенің берілуіне және несиелік портфельді басқаруға жауап беретін банк қызметкерлері жетекшілікке алатын объективтік стандарттар мен критерийлерін;
- несиелеу облысындағы стратегиялық шешімдерді қабылдайтын тұлғалардың басты іс-әрекеттерін;
- сыртқы аудит қызметтерінің жұмысын және банктегі несиелік қызметтің сапалығын;
- ішкі бақылау қағидаларын.

Несиелік саясат банк қызметін диверсификациялаудағы іс-әрекеттердің тізбектелуін қамтамасыз ету үшін және несиелік қызметкерлердің лауазымды міндеттерін анықтау үшін қажет. Несиелік саясатты іске асырудың белгілі бір тәртібі болмайынша несиелеудің біртұтас ережелерін тәжірибеге енгізу мүмкін емес. Сондықтан да, жазбаша түрде жазылған несиелік саясат пен оны іске асырудың соған сәйкес ережелері несиелік процесті жүргізудің негізін құрайды.

Несиелік саясат, банк қызметкерлерінің бүгінгі таңда несиелеуге болатын экономика секторын дұрыс таңдай білуіне, сондай-ақ, несие беру мүмкіндігі туралы сұрақты шешуде банк үшін бірінші реттік маңызы бар басқа факторлар

мен қарыз алушының несиелік қабілетіне қарап “өз клиентін” таңдаудағы біліктілігіне негізделеді. Сондай-ақ, несиелік саясат банктің бүгінгі иелігіндегі немесе ертең енгізуді дұрыс санайтын несиелік өнімдермен анықталады. Мысалға, кәсіпорындарға қысқа мерзімді несиелер (айналым қаражаттарын толықтыруға) және ұзақ мерзімді инвестициялық несиелер (өндірісті кеңейтуге, жаңғыртуға, техникалық жағынан қайта қаруландыруға, ғылыми-техникалық инновацияларды енгізуге) берген қолайлы.

Несиелік саясаттың маңызды элементі банктегі бақылауды ұйымдастыру болып табылады (потенциалды қарыз алушыны несиелеу мүмкіндігі туралы сұрақты шешу барысында несиелік стандартты дұрыс қолдануға бақылау жасау; жекелеген несиелік қызметкерлердің құзыретін сақтауға бақылау жасау; банктің несиелік портфелінің жағдайына және оның ішінде проблемалық несиелерге қойылатын жалпы бақылау).

Ішкі несиелік саясатты жасау банк жетекшілерінің несиелеу мақсатын қалыптастыруды және бұл мақсаттардың банктің жалпы міндеттері мен стратегиялық мақсаттарымен қаншалықты сай келетінін анықтауды талап етеді. Несиелеу мақсаттары анықталғаннан соң, соның негізінде банк қызметкерлерінің қажетті несиелік операцияларды атқаруына мүмкіндік беретін банктің несиелік саясатын және оған қоса несиелеу стандарты мен несиелік нұсқаулықтары жасалады.

Несиелік стандарттар мен нұсқаулықтарды жасаудың бастапқы кезеңі аяқталуына байланысты, бұл құжаттардың бірінші редакциясы тәжірибелі қызметкерлерге сараптауға берілуі тиіс. Сараптаушылардың талдауы және ұсыныстары енгізілгеннен кейін несиелік саясат бойынша комитет (немесе директорлар кеңесі, несиелік комитет) саясатты және соған сәйкес нұсқаулықтарды бекітеді.

Несиелік саясат несиелеу лимиттерін, тәртібін, кейде несиелеу бойынша жекелеген ережелерді де қамтиды. Мысалы, несиелік саясатта бір қарыз алушыға келетін тәуекел лимиті анықталады. Сонымен қатар, несиелік саясатта барлық несиелердің несиелік құжаттарда көзделген мақсаттарға сай берілуі де қарастырылуы мүмкін.

Несиелік саясатта несиелік комитет туралы ереже де қамтылады. Несиелік комитет несиелік беру барысында қорытынды жасап, несиелік беруге байланысты мәселелерді қамтиды.

Отандық банктер тәжірибесіндегі несиелік комитеттің шешетін мәселелері мынадай:

- несиелік алуға берген клиенттің өтінішін және несиелік қызметкердің несиелік беру туралы қорытындысын қарайды;
- несиелік беру немесе одан бас тарту туралы шешім шығарады;
- несиелік тәуекелдерге байланысты несиелеу формаларын анықтайды;
- несиелік сомасы мен мерзімін анықтап, пайыз мөлшерлемесін бекітеді;
- несиелік қайтаруды қамтамасыз ету тәсілдеріне талаптар белгілейді;
- несиелеу шартын бекітеді (несиелік лимит, несиелік желі);
- берілген несиелерге мониторинг жүргізу тәртібін бекітеді;
- банктің несиелік стратегиясын жасайды;

- несиелеу бойынша бөлімшелердің жұмысын талдайды;
- несиелік комитеттің мәжілісінің хаттамаларына қол қояды және хаттамаларды тіркеу кітабын жүргізеді.

Несиелік саясатта қарыз алушылардың негізгі қызметіне байланысты тәуекелдігі жоғары операцияларды немесе жобаларды қаржыландыру үшін тағайындалатын несиелер туралы да айтылуға тиіс.

Несиелік саясатпен банк қызметкерлерін таныстыру, оларды соған сай келетін ережелермен және нұсқаулықтарға үйрету, банкте несиелік саясатты енгізудің негізгі элементі болып табылады.

Несиелік саясат несиелік қызметтің басты бағыттарын анықтайды. Оларды, өз кезегінде, несиелік саясаттың қабылдаған бағыттарын іске асыру жүйесі ретінде тұжырымдауға болады. Несиелік саясатта төмендегідей элементтер көрсетілуге тиіс:

- несиелік қызметті ұйымдастыру;
- несиелік портфельді басқару;
- несиелеуге бақылау жасау;
- құзіретті бөлу қағидаттары;
- несиелеуді таңдаудың жалпы критерийлері;
- несиелеудің жекелеген бағыттары бойынша шектеулер;
- несиелермен жасалатын ағымдық жұмыстардың қағидаттары;
- несиелер бойынша зиян шегу жағдайларына резерв жасау.

Іс жүзінде несиелік саясатты іске асыру тәсілдері мен әдістерін белгілі бір формада, яғни соған сай келетін төмендегідей үш құжат түрінде көруге болады:

1. несиелеу саясаты;
2. несиелеу стандарты;
3. несиелеу нұсқаулықтары.

Сондай-ақ аталған үш құжат ерекше бір құжатта - “Несиелік саясат бойынша жетекшілік ету” - біріктіріледі.

Несиелеу саясатында несиелеуді жүзеге асыратын бөлімшелер жұмыскерлерінің қызметтерін нақтылайтын несиелік нұсқаулықтар мен несиелеу стандарты, несиелеудің жалпы бағыттары мен бағдарлары анықталады.

Несиелеу стандарты – бұл банкте несиелік қызметті жүзеге асыратын барлық қызметкерлердің жетекшілікке алатын құжаты.

Несиелеу стандартында мынадай сұрақтар қарастырылады:

- қарыз алушының қаржылық ақпараттарын жинау және талдау тәртібі;
- несиенің кепіл-хаттар және кепілдемелермен қамтамасыз етілуіне қойылатын талаптар;
- әкімшілік стандарттар және несиелік процесті ұйымдастыру ережелері;
- қарыз алушының несиелік қабілетін талдау тәртібі;
- құжаттардың толтырылуына қойылатын талаптар;
- несиелеудің айрықша түрлері бойынша ережелер (мысалға, ипотекалық немесе тұтыну несиелері бойынша).

Барлық банктер бойынша құжаттар айналымын стандарттау мақсатында несиелеу стандарттарына әр түрлі құжаттар үлгілері жатуға тиіс. Ондай құжаттарға: несиелік келісім-шарт, кепіл туралы шарт, кепілдеме туралы шарт және т.б. жатады.

Несиелік нұсқаулық – несиелеу процедураларын іске асырудың жалпы алгоритмін бекітетін кезектіліктің қадамдарын суреттеуді білдіреді.

Басқаша айтқанда, ол несиелік қызметтің нақты бір бағыттарына жатады.

Жалпы, несиелік саясатта қарыз алушын туралы қажетті ақпараттар жинау және несиелік қабілетіне талдаудан бастап, несиелік талдау және аудит, ссудалар бойынша мүмкін болар зиян процесін қамтитын несиелік процестің барлық кезеңдері көрсетіледі.

Несиелік саясат мынадай қызметтерді атқарады:

- банктегі несиелеу процесін ұйымдастыруға бақылау жасауға негіз ретінде болу;

- несиелеуді жүзеге асыратын бөлімдердің қызметкерлері үшін анықтама материал және нұсқаулық ретінде болу;

- несиелік бөлімдердің жетекшілері үшін несиелік нұсқаулықтардың талаптарының орындалуына бақылау жасау құралы;

- несиелік талдау және аудит бөлімі жұмыскерлерінің тексеруді жүзеге асыруына негіз болатын талаптарды анықтау.

Коммерциялық банктің несиелік саясатын іске асыру процесінде проблемалық ссудалармен жасалатын жұмысқа ерекше көңіл бөлініп және қосымша бақылау жасалуға тиіс.

8.2. Несиелік механизмнің мазмұны

Экономикалық түсінікте “механизм” белгілі бір қызметті жандандыруға және бір нәрсені іске қосуға болатын құралды білдіреді. Бұл мағынасында “механизм” термині басқаруда жиі қолданылады. Яғни, оның мәні экономикалық, оның ішінде несие саясатының міндеттерімен анықталатын, басқарылатын объектіге басқаратын субъектінің әрекет ету мазмұнымен байланысты болып келеді.

Несиелік механизм – *нарықтық қатынастарға сай экономиканың тиімді дамуын қамтамасыз ететін несие түрлерінен, несиелеу қағидаттарынан, несиелеу әдістері мен тәсілдерінен және несиелік тәуекелді басқарудан тұратын экономикалық механизмнің құрамдас бөлігі.*

Несиелік механизм экономикалық механизмнің бір бөлігі ретінде бола отырып, іс жүзінде несие қызметінің жүйесін нақты және кешенді түрде бейнелейді. Нарықтық экономика жағдайында несиенің дамуы және қызмет етуі үшін пайдаланылатын несиелік механизм өзінің негізі және құрылымы бойынша объективті сипатқа ие. Олай болмаса несиелік механизм несиенің экономикалық категория ретіндегі қызмет етуін жеткізе және тура бейнелей алмай, сондай-ақ оның қозғалысының объективті негізінен айырылып қалар еді.

Несиелік механизм сипатының объективтігін айта отырып, екі элементті: несиені және несиелік механизмді бір бірінен бөліп қарау дұрыс емес. Соңғысы несиенің бейнелейтін қатынастарынан алыс жатпайды, яғни олардың нақты бір қабатын құрайды.

Несиелік механизм несиелеуді экономикалық-ұйымдастыру қатынастарының белгілі бір қабатын, яғни несиелік қатынастардың жоғарғы буынын білдіреді. Мұндағы буын ретінде несиенің объективті сипатын және несиелік қатынастарды ұйымдастыруға байланысты шаруашылықтың субъективтік қызметінің өзара іс әрекеті түсіндіріледі.

Несиелік механизмге несиенің мазмұны және өзіндік ерекшеліктерін сипаттайтын қатынастар және олардың пайда болу әдістері, тәсілдері және формалары жатады. Соңғылары несиелік қатынастардың мәніне жатпағанымен де, олар несиелік іс-тәжірибені сипаттайтын процеске жақын немесе оның үстінде қалыптасады.

Берілген несиелік механизм тұжырымы бұл механизмнің тек субъективтік сипаты туралы кездесетін позицияларға қарама-қарсы тұрады. Осы тұрғыдан, кейбір мамандар несиелік категориясын жалпы әдістемелік жоспардан оқып біле отырып, ғылыми таным барысында бірден несиенің мазмұнын, оның қызметтерін талдаудан несиелеу механизміне өтеді.

Кез келген экономикалық механизм өзара байланысқан, яғни оның бір элементінің қозғалысы немесе өзгеруі басқаларының қозғалуы мен өзгеруіне ықпал ететін элементтер жиынтығынан тұрады.

Несиелік механизмнің басқа экономикалық механизмдер сияқты мынадай құрылымдық элементтері болады:

- *несиенің түрлері;*
- *несиелеу объектілері;*
- *несиелеу субъектілері;*
- *несиелеу әдістері;*
- *несиелеу процесі (несиелеу механизмі);*
- *несиелеу қағидаттары;*
- *несиелік тәуекелді басқару;*

8.2.1 Банктік несиенің жіктелімі

Несиенің түрі – бұл несиелік қатынастар құрылымының, олардың негізгі қызметтерінің, яғни әр алуан сыртқы және ішкі өзгерістер барысында толық сақталатын көрінісі.

Несиелік берушілер мен қарыз алушылар арасындағы байланыстар қалай өзгергенімен де, несиенің түрі сол күйінде сақталады.

Коммерциялық банктер өздерінің клиенттеріне әр түрлі несиелер береді. Оларды мынадай белгілеріне байланысты жіктеледі:

1. Қарыз алушылар категорияларына қарай:

1. Қаржылық институттарға берілетін несиелер:

- мақсатты қорларға;

- банктерге;
 - қаржы-несиелік мекемелеріне.
2. Қаржылық емес агенттерге берілетін несиелер:

- өнеркәсіп салаларына;
- ауыл шаруашылығына;
- саудаға;
- дайындау ұйымдарына;
- жабдықтау-сату ұйымдарына;
- кооперативтерге;
- жеке кәсіпкерлерге.

3. Тұтыну мақсатына берілетін несиелер.

II. Мерзіміне қарай:

- қысқа мерзімді (1 жылға дейін);
- орта мерзімді (1 жылдан 3 –5 жылға дейін);
- ұзақ мерзімді (5 жылдан жоғары).

III. Тағайындалуы және пайдалану сипатына қарай:

- негізгі қорларға жұмсалатын;
- айналым қаражатына жұмсалатын.

IV. Қамтамасыз ету дәрежесіне қарай:

1. Қамтамасыз етілген:

- кепіл-хатпен,
- кепілдемемен;
- кепілдікпен

2. Сақтандырылған.

3. Қамтамасыз етілмеген:

- сенім (бланктік)несиесі.

V. Қайтарылу дәрежесіне қарай:

1) *Стандартты несие* - қайтарылу уақыты жетпеген, бірақ қайтуында ешқандай күмән жоқ несиелер;

2) *Күмәнді несиелер* - қайтарылу уақыты кешіктірілген, мерзімі ұзартылған және банк үшін тәуекел туғызатын несиелер. Соңғы қабылданған активтердің жіктеу ережесіне сәйкес, күмәнді несиелер ішінара бөлінеді: 1-санатты күмәнді, 2-санатты күмәнді, 3-санатты күмәнді, 4-санатты күмәнді, 5-санатты күмәнді.

3) *Үмітсіз несиелер* - қайтару уақыты кешіктірілген, мерзімі өткен ссудалар шотына жазылған несиелер.

VI. Валютамен берілуіне қарай:

- ұлттық валютамен;
- шетел валютасында.

VII. Берілу шартына қарай:

- **Тұтыну несиесі** - бұл жеке тұлғаларға тұтыну тауарларын сатып алу үшін және тұрмыстық қызметтерді өтеуге берілетін несие.

• **Ипотекалық несие** – бұл қозғалмайтын мүліктерді (тұрғын үйді, өндіріс ғимараттарын, жерді және т.с.с.) кепілге ала отырып, ұзақ мерзімге берілетін несиені білдіреді.

• **Овердрафт несиесі** – клиенттің шотынан қаражатты шегеру арқылы ондағы дебеттік қалдық бойынша берілетін қысқа мерзімді несиенің формасы.

• **Овернайт несиесі** – өтімділікті қолдау мақсатында бір түнге берілетін банкаралық несиенің түрі.

• **Онкольдық несие** – кредитордың алғашқы талабы бойынша өтелетін қысқа мерзімді несие.

• **Банкаралық несие** – банктердің бір-біріне беретін несиесі.

• **Ломбардтық несиесі** – тез іске асатын бағалы заттарды немесе бағалы қағаздарды кепілге алып, берілетін несие.

• **Лизингтік несие** - құрал-жабдықтарды жалға алумен байланысты берілетін несие.

• **Рамбурстық несие** – шикізаттарды ішке алып кіру және жартылай фабрика және дайын өнімдерді сыртқа шығару тәжірибесінде пайдаланылатын несие.

• **Сенім несиесі** – банктің сеніміне кірген, төлем қабілеті жоғары клиенттерге берілетін несие.

• **Маусымдық несие** – жабдықтаушының қаржыландыру уақыты мен түсімді алу мерзімі арасындағы уақыт бойынша ашақтықты жабуға арналған несие.

• **Консорциалдық несие** – ірі жобаларды несиелеу мақсатында банктердің өзара қосылып беретін несиелері.

8.2.2. Несиелеу субъектілері мен объектілері

Несие құрылымы несие беруші мен қарыз алушыдан, сондай-ақ қарыз капиталынан тұрады. Мұндағы несие беруші мен қарыз алушыларды несиелік мәмілеге қатысушы тараптар немесе оларды несиелік қатынас субъектілері деп атауға болады. Осы тараптардың біреуі болмаса несиелік мәміле жасалмайды. Несие берушілерге мемлекет, банктер (орталық және коммерциялық), банк типтес мекемелер мен қаржылық ұйымдар, сондай-ақ халықаралық қаржы ұйымдары да жатады. Кейбір жағдайларда, несиенің коммерциялық формада берілуіне байланысты несие берушіге өнім өндіруші кәсіпкерлер де жатуы мүмкін. Ал, қарыз алушыларға қаражатқа деген уақытша қажеттілігі бар кез келген заңды және жеке тұлғалар жатады.

Несиелеу объектісі - бұл несиенің пайдалану заты, яғни несиенің іске асырылу аясы деп түсінуге болады.

Несиелеу объектісі материалды құндылықтар, өндіріс және айналыс шығындары түрінде, сол сияқты, егер несие материалдық жағынан қамтамасыз

етілмеген жағдайда, банк алдындағы шаруашылық ұйымның міндеттемесі ретінде де болады. Материалды қамтамасыз етілген несиелеу объектісіне өндірістік шикізат қорларын, негізгі және көмекші материалдарды, жанар-май, ыдыстар, сатып алынатын жартылай өнімдер, азықтар және басқа да материалды құндылықтардың маусымдық жинағы және өнеркәсіптегі дайын өнімдердің және сауда ұйымдарындағы тауарлардың маусымды қорлары жатады. Мұндай қорларды жасау, ең бастысы, өндіріспен және өнімдерді сату процесімен тығыз байланысты.

Несиелеу объектісіне, экспортты және импортты тауарлар мен қызметтермен жабдықтау, экономикалық қызметке байланысты шығындар, кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды және жеке тұлғалардың сатып алынатын шикізаттары, материалдары, құралдары және басқа да мүліктері, ломбардтық операциялар, шаруашылық субъектілердің кірістері мен шығыстары арасындағы алшақтық жатады.

Ұзақ мерзімді несиелеу объектілеріне жататындар мынадай түрлерге бөлінеді:

- өндіріс объектілерінің құрылысы;
- өндіріс объектілерін қайта құру, техникалық жағынан қайта қаруландыру, кеңейту;
- техникалар, құрал-жабдықтар және көлік құралдарын сатып алу;
- жаңа өнім шығаруды ұйымдастыру;
- өндірістік емес маңызы бар объектілерді салу.

8.2.3 Несиелеуді ұйымдастыру қағидаттары

Несиелеу қағидаттары (принциптері) несиенің мәнін және қызметтерін, сондай-ақ несиелік қатынастарды ұйымдастыру облысындағы объективті экономикалық заңдардың талаптарын бейнелейді.

Несиелеу қағидаттары негізінде несиелік процесс, яғни банктік несиелердің берілуі, пайдаланылуы және қайтарылуы жүзеге асырылады. Несиелеу қағидаттарына байланысты банктік несиелердің берілуінің басты шарттары: несиенің мақсаты және мерзімі, олардың қаражаттар айналымы шеңберінде қатынасу нәтижелілігі және т.б. анықталады.

Қазіргі несиелік қатынастарды ұйымдастыру қағидаттары екі топқа бөлінеді:

I топқа – жалпы экономикалық тәртіптегі қағидаттар:

- несиенің мақсаттылығы;
- несиенің дифференциалдығы.

II топқа – несиенің мәнін бейнелейтін қағидаттар:

- несиенің мерзімділігі;
- несиенің қайтарымдылығы;
- несиенің төлемділігі;

- несиенің қамтамасыз етілуі.

Қазіргі несиенің дифференциалдық қағидаттарының мазмұны өзгерген десе болады. Біріншіден, ол мерзімділік қағидаттарымен байланысады, яғни несиенің уақытында қайтара алатын шаруашылық органдарына беріледі. Сондықтан да несиелеудің дифференциациялануы тек несиелік қабілетті сипаттайтын көрсеткіштер негізінде ғана жүзеге асырылады. Екіншіден, бұл қағидат несиелік келісім жасалғанға дейін және банктер несиелік ресурстарға деген сұранысын оқып-үйрену барысында потенциалды қарыз алушылардың несиелік қабілетін және сұралып отырған ссуданың қамтамасыз етілу сипатын және олардың банк үшін пайдалылығын, сондай-ақ қаражаттардың жұмсалыу ұзақтығын жетекшілікке ала отырып, бастапқы несиені орналастырғанға дейін іске қосылады. Үшіншіден, несиелік қабілеттілігіне байланысты несиелеудің дифференциациялануы, оның өткен жүйедегі нұсқасымен салыстырғанда қаталдау болып табылады.

Мерзімділік – белгілі экономикалық категория ретіндегі мәніне негізделген несиенің ерекше бір белгісі. Ол, яғни несиенің берушінің қарыз алушыға берілген қаражаты белгілі бір уақыт ішінде келісілген тәртіпке сай қайтарылуға тиістілігімен қорытындыланады. Осыдан келіп, несиенің қайтарымдылық қағидаты туындайды.

Несиенің қайтарымдылығы оның экономикалық категория ретінде басқа да тауарлы-ақшалай қатынастардың экономикалық категорияларынан ажыратылатын ерекшелігімен сипатталады. Қайтарылмайтын несиенің болмайды. Сондықтан да, қайтарымдылық - несиенің ажырамас бөлігі болып табылады.

Шаруашылықтың нарықтық қатынастарға өтуіне байланысты несиелеудің бұл қағидатына ерекше мән берілген. Біріншіден, оның сақталуына байланысты ұдайы өндірісте ақшалай қаражаттармен бірқалыпты қамтамасыз етілуі тәуелді. Екіншіден, бұл қағидатты сақтау коммерциялық банктердің өтімділігін қамтамасыз ету үшін қажет. Олардың жұмысын ұйымдастыру қағидаттары тартылатын несиелік ресурстардың қайтарымсыз жұмсалымдарға салынуына жол бермейді. Үшіншіден, әр жекелеген қарыз алушы үшін бұл принциптің сақталуы банктен жаңа несиенің алуға мүмкіндік береді.

Несиенің төлемділігі – бұл несиенің беруші қарыз алушыға берілетін қаражатты қайтару барысында бастапқы сомандан өсіп қайтарылатындығын білдіреді. Іс жүзінде ақылылық несиені пайдаланғаны үшін төленетін сыйақы (пайыз) түрінде беріледі.

Несиенің қойылатын сыйақы мөлшерлемесін несиенің бағасы деп те атайды. Еркін реттелетін нарық жүйесі тұсында несиенің үшін сыйақы мөлшерлемесі несиенің деген сұраныс пен ұсыныс негізінде қалыптасады.

Қазіргі банктердің несиенің үшін сыйақы мөлшерлемесін белгілеуде ескеретін басты факторларына мыналар жатады:

- орталық банктің коммерциялық банктерге беретін ссудалары (мүдделендіру) бойынша белгіленетін сыйақысының базалық мөлшерлемесі;
- банкаралық несиенің бойынша орташа сыйақы мөлшерлемесі;

- өз клиенттеріне депозиттік шоттар бойынша төлейтін орташа сыйақы мөлшері;
- банктің несиелік ресурстарының құрылымы тартылған (қаражаттар үлесі қаншалықты жоғары болса, несие бағасы соғұрлым қымбат болуға тиіс);
- несиеге деген сұраныс (сұраныс аз болса, несие бағасы да арзан болады);
- несиенің сұралатын мерзімі мен түрі, нақтырақ айтсақ, банк үшін оның қамтамасыз етілуіне байланысты тәуекел дәрежесі;
- еліміздегі ақша айналысының тұрақтылығы (инфляция қарқыны қаншалықты жоғары болса, соған сәйкес несие үшін төленетін сыйақыда жоғары болуға тиіс, себебі, инфляция жағдайындағы ақшаның құнсыздануынан банктің ресурсын жоғалту тәуекелі артады).

Сонымен қатар, пайыз мөлшерлемесіне объективтік және экономикалық, сол сияқты субъективтік факторлар да әсер етеді. Шын мәнісінде, заңды және жеке тұлғалардан тартатын несиелік ресурстар қаншалықты қымбатқа түссе, соғұрлым несиенің бағасы жоғары келеді.

Банктік тәжірибеде ссуда бойынша жай және күрделі сыйақы есептеу формулалары қолданылады.

Жай сыйақыны есептеу формуласы келесідей түрде беріледі:

$$I = \frac{i * P * n}{360 * 100},$$

мұндағы:

i – сыйақы мөлшері;

P - қарыз қалдығы;

n – сыйақы есептелетін кезеңдегі күндер саны;

I – ссуданың барлық мерзіміне есептелетін жай сыйақы сомасы.

Несие бойынша есептелетін күрделі сыйақыны есептеу формуласы төмендегідей:

$$I = P * \left[\left(1 + \frac{i}{1200} \right)^n - 1 \right],$$

мұндағы:

i – сыйақы мөлшерлемесі;

P – несиенің бастапқы сомасы;

I - несиенің барлық мерзіміне есептелетін сыйақы сомасы;

n – аймен берілген несиенің ұзақтығы.

Егерде несиелеу мерзімі кезеңінде қарыз қалдығының бір бөлігі мерзімі өткен ссудалар шотына жатқызылса, онда мерзімі өткен ссудалық қарызға сыйақыны есептеу келесідей формулаға байланысты жүргізіледі:

$$I_g = Q * \left[\left(1 + \frac{i_g}{1200} t_1 \right) - \left(1 + \frac{i_g}{1200} t_2 \right) \right],$$

мұндағы:

I_g – мерзімі өткен қарыз бойынша есептелген сыйақы сомасы;

G - мерзімі өткен қарыз сомасы;

i_g - мерзімі өткен қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесі (айыппұл);

t₁ - несие бергеннен бастап мерзімі өткен қарызға байланысты сыйақы есептелген күнге дейінгі уақыт мезгілі;

t₂ - несие бергеннен бастап мерзімі өткен қарыз пайда болғанға дейінгі уақыт мезгілі.

Несиелеудің келесі бір қағидаты - берілетін ссудалардың *материалдық жағынан қамтамасыз етілуі*. Бұл қағидаттың пайда болуы негізінен несиенің экономикалық категория ретінде шығуымен бірге келеді. Бірақ та, уақыт өте келе, бұл қағидаттың мазмұны толығымен өзгерген.

Ал, бүгінгі несиенің қамтамасыз етілуі ретінде кепіл, кепіл-хат, кепілдеме, сақтандыру міндеттемелері қолданылуда.

Енді осы несиенің қамтамасыз етілу тәсілдеріне тоқталайық.

Кепілге берілетін ссуда – бұл қарыз алушының активтерімен қамтамасыз етілген несие. Кепілге берілетін активтер қарыз алушының иелігінде қалып, оның пайдалануында болады.

Экономикасы жақсы дамыған елдердегі қарыз алушының жағдайы жақсы болып келген жағдайларда несие қамтамасыз етілмеуі де мүмкін.

Несие берушінің кейбір активтерді анықтаудағы нақты мәселелері кездеседі. Сондықтан кепілге берілетін кейбір активтердің төмендегідей сипатта болуын білу шарт:

Біріншіден, кепілге несие берілуі туралы шешім қабылдағанға дейін жеңіл бағаланатын болуға тиіс.

Екіншіден, кепілге алынатын мүліктің нарықтағы қозғалыс мүмкіндігін үнемі тексеріп отыру қажет.

Үшіншіден, кепілдің өтімділік дәрежесін есепке алу өте маңызды, басқаша айтсақ, кепілге алынатын зат көп уақыт өтпей нақты ақшаға айналуға тиісті.

Төртіншіден, кепіл туралы келісім жасасқанда, кепілдің амортизациясын немесе моральдық тозу жақтарын ескеру қажет. Өйткені, кейбір активтер басқаларына қарағанда өзінің бастапқы құнын тез жоғалтады.

Кепіл-хат - қарыз алушы төлеуден бас тартқан жағдайда, үшінші бір жақтың қарызды өтеймін деген жазбаша міндеттемесін береді. Бұл жағдайда кепіл-хаттың заңдылығы туралы несие берушіге қарыз алушыдан төлеуді кепілдеуге, кепіл берушінің құқығы туралы сұрақтың маңыздылығын ескеру қажет. Кепіл-хаттың ссуданың қамтамасыз ету құралы ретінде пайдалану, кепіл-хатты берушінің тұрақтылығын алдын ала бағалап білуді талап етеді.

Кепіл-хат – күрделі экономикалық құрал ретінде мынадай түрлерге бөлінеді.

Біріншіден, ол *қамтамасыз етілген* немесе *қамтамасыз етілмеген* болып келеді.

Екіншіден, ол *шектеулі* немесе *шектеусіз* болады. Шектеусіз кепіл-хат бойынша, оны беруші бір қарыз алушының барлық қарызын несиелеу берушіге төлей алмайтындығы жағдайында төлеуге кепіл береді. Мұндағы кепіл-хат қамтамасыз етілмеген болып келеді. Шектеулі кепілдеме - бұл нақты бір қарыз алушының ссудаға байланысты болатын қарызын төлеуге кепілдік береді. Кепіл-хаттың бұл түрлері біздің елімізде дами алған жоқ.

Үшіншіден, *жеке* немесе *корпоративтік* кепіл-хаттар. Жеке кепіл-хат жеке тұлғаларды, серіктестіктерді несиелеу барысында қолданылады. Корпорациялардың кепіл-хаттары басқа бір корпорациялардың алған ссудаларын қамтамасыз етуде жиі пайдаланылады. Бұл аталған кепіл-хаттар дамыған елдер тәжірибесінде кең қолданылғанымен де, біздегі корпорациялардың беретін кепіл-хаттарына банктер әлі де болса, олардың түбінде өтей алатындығына сенімсіздік танытуда.

Несиелерді қамтамасыз етудің келесі бір жолы – *несиелерді сақтандыру*. Бұл енді біздің тәжірибемізде кезінде қолданылғанымен де, оның айналасында көптеген мәселелер орын алуда.

8.3 Банктің несиелік комитетінің құрамы мен құзіреті

Несиелік комитет - несиелеу туралы шешім шығаруға бөгеде адамдардың аралысуына жол бермейтін және несиелік тәуекелді төмендетуді қамтамасыз ететін тұрақты ұйым.

Несиелік комитеттің құрамы әр банкте әр түрлі болуы мүмкін.

Несиелік комитеттің мынадай түрлері отандық тәжірибеде ұйымдастырылады:

- Бас кеңсегің Несиелік комитеті;
- Шағын Несиелік комитет;
- Филиалдың Несиелік комитет.

Мысал ретінде «Банкцентркредит» АҚ-ның тәжірибесінде ұйымдастырылғын Несиелік комитет құрамы 9 мүшеден тұрады:

- Директорлар Кеңесінің кеңесшісі – Несиелік комитет төрағасы
- Басқарма төрағасының орынбасары – Несиелік тәуекел департаментінің директоры (Несиелік комитет төрағасының орынбасары);
- Басқарма төрағасының орынбасары - Әкімшілік департаментінің директоры;
- Басқарма төрағасының орынбасары – Бизнесті дамыту департаментінің директоры;
- Басқарма төрағасының орынбасары – Қаржы департаментінің директоры;

- Тәуекелдерді талдау және басқару департаментін Басқарушы директоры;
- Корпоративтік қаржы департаментінің Басқарушы директоры;
- Заң басқармасының бастығы;
- Шағын және орта бизнесті несиелеу департаментінің Басқарушы директоры.

Несиелік комитеттің мәжілісі қажет болған жағдайда кеңесшілердің қатысуымен өткізілуі мүмкін. Кеңесшілер құрамына мыналар жатады:

- Ірі жобалар бойынша несиелік тәуекел басқармасының бастығы – Департамент директорының орынбасары;
- Несиелік тәуекел басқармасының бастығы;
- Халықарлық қатынастар басқармасының бастығы;
- Корпоративтік бизнес басқармасының бастығы;
- Қауіпсіздік басқармасының бастығы.

Несиелік комитеттің хатшысын Несиелік тәуекел департаментінің директоры сайлайды. Несиелік комитеттің құрамы Банктің ұйымдастырылу құрылымының өзгеруіне қарай өзгеруі мүмкін.

Несиелік комитеттің құзіретіне мыналар жатады:

- Несиелік тәуекел департаментінің өз бетінше несиелеуіне арналған несиелік лимиттер белгілеу;
- Филиалдардың өз бетінше несиелеуіне арналған лимиттер белгілеу;
- Филиалдардың несиелік комитетінің құрамын, құзірітен және қызметін бекіту;
- Несиелік комитеттің мәжілісті өткізу процедурасын бекіту;
- Несиелік тәуекел департаментінің, Шағын және орта бизнесті несиелеу департаментінің, Жобалар бойынша корпоративтік қаржылар департаментінің мониторингтік есептерін бекіту;
- Несиелік тәуекел департаментінің ұсынысы бойынша филиалдардың мониторингтік есептерін бекіту және өз бетінше несиелеуіне арналған несиелік лимиттерін қайта қарау;
- Банктің өзге банктік мекеме немесе қаржы институты болып табылмайтын заңды тұлғалардың бағалы қағаздарын сатып алуына қатысты мәселелерін қарау;
- Вексель және факторинг операциялары бойынша қаржыландыру мәселесін қарау;
- Несиелік өтініштер мен несиенің қайтару мерзімін ұзартуға қатысты мәселелерді қарау;
- Жоғарда аталған мәселелерді қарау барысында мынадай шешімдер шығару:

- а) келісім беру;
- ә) ескертпелерді қалыпқа келтірген жағдайда келісім беру;
- в) кейінге қалдыру;

Комитеттің шығарған шешіміне қоса

- г) қалпына келтіруге жіберу. мынадай мәселелер бойынша Банк басқармасының шешімі талап етіледі:

- Несиелік комитетің күзіретіне жатпайтын несиелік өтінішке келісім беру;

- Несиелік саясатты бекітуге немесе өзгертуге келісім беру;

- Филиалдардың өз бетінше несиелеуіне арналған лимиттерді бекіту.

Кейбір банктерде шағын және орта бизнес субъектілерінің жобалары бойынша несиелік шешімдер қабылдауға бөге адамдардың араласуына жол бермейтін және несиелік тәуекелді төмендетуді қамтамасыз ететін тұрақты ұйым - шағын Несиелік комитет қызмет етуі мүмкін. Ол ұйым банктің Бас кеңсесінде ұйымдастырылады.

Мысалы «Банкцентркредит» АҚ-ның тәжірибесінде ұйымдастырылғын осындай шағын Несиелік комитет құрамы 6 мүшеден тұрады:

- Басқарма төрағасының орынбасары – Несиелік тәуекел департаментінің директоры (Төраға);

- Шағын және орта бизнесті несиелеу департаментінің Басқарушы директоры. (Төрағаның орынбасары)

- Ірі жобалар бойынша несиелік тәуекел басқармасының бастығы;

- Несиелік тәуекел басқарамасының бастығы;

- Проблемалық несиелер басқармасының бастығы;

- Заң басқармасының өкілі.

Шағын Несиелік комитетінің күзіреті мынадай:

- Бір миллионға дейінгі сомада берілген несиелер бойынша филиалдардың мониторингтік есебін қарау;

- Вексель және факторинг операциялары бойынша қаржыландыру мәселесін қарау;

- Бас кеңсенің берген күзіреттері негізінде несиелік өтініштер мен несиенің қайтару мерзімін ұзартуға қатысты мәселелерді қарау;

- Жоғарыда аталған мәселелерді қарау барысында мынадай шешімдердің бірін шығарады:

а) келісім беру;

ә) ескертпелерді қалыпқа келтірген жағдайда келісім беру;

в) кейінге қалдыру;

г) қалпына келтіруге жіберу.

Филиалдың Несиелік комитетінің құрамына 5 мүше кіреді:

- Филиал директоры (Төраға);

- Бэк-кеңсесінің бастығы (Төрағаның орынбасары);

- Несиелік бөлім бастығы;

- Филиалдың заңгері;

- Қауіпсіздік қызметінің бастығы.

Филиалдың Несиелік комитетінің мәжілісіне филиалдың тәуекел-менеджері қатысады. Несиелік комитетің хатшысын Филиалдың директоры тағайындады. Филиалдың Несиелік комитетінің күзіреті мынадай:

- Берілген несиелер бойынша мониторингтік есепті қарау;

- Вексель және факторинг операциялары бойынша қаржыландыру мәселесін қарау;

- Бас кеңсенің берген құзіреттері негізінде несиелік өтініштер мен несиенің қайтару мерзімін ұзартуға қатысты мәселелерді қарау;

- Жоғарда аталған мәселелерді қарау барысында мынадай шешімдердің бірін шығарады:

а) келісім беру;

ә) ескертпелерді қалыпқа келтірген жағдайда келісім беру;

в) кейінге қалдыру;

г) қалпына келтіруге жіберу.

Несиелік Комитет аптасына бір рет мәжіліс жасауға тиіс. Мәжілістен 2 күн бұрын күн тәртібіндегі сұрақтар Комитеттің төрағасына бектуге ұсынылады.

Күн тәртібіндегі сұрақтар міндетте түрде мыналарды қамтиды:

- Қатысушылар, соның ішінде шақырылған тұлғалар;

- Акивтер мен пассивтерді басқару жөніндегі Комитеттің бекіткен несиелеу лимиттері бойынша Несиелік тәуекел департаментінің ақпараты;

- Несиелік өтініштерді қарау;

- Ағымдағы өзге де мәселелер.

Бас кеңсенің несиелік бөлімінің мамандарынан құжаттарды жинау 2 күн бұрын жүзеге асады. Жоба бойынша құжаттардың барлығын тексеру мыналарды қамтиды:

- Жоба бойынша сараптамалық қорытынды және ұсыныстар;

- Несиелік тәуекелдер бойынша тәуекел менеджерінің қорытындысы;

- Заң қызметінің қорытындысы;

- Қауіпсіздік қызметінің қорытындысы;

- Кепіл затын бағалау актісі;

- Қаралатын өзге мәселелер бойынша ақпараттар.

Күн тәртібі мен аталған құжаттар көшірмелері Несиелік комитет мүшелеріне мәжілістен 1 күн бұрын беріледі. Мәжілістің соңына қарай барлық құжаттардың көшірмелері жиналып алынады да бір данасы арнайы папкаға тігіледі, ал қалғандары жойылады.

Комитеттің қабылдаған шешімдері хаттамамен рәсімделеді. Хаттама мен шешімдер мәжілістің ертесіне дайындалып, оған Хатшының және мәжіліске қатысқан Комитеттің мүшелерінің қолдары қойылады. Мәжіліс хаттамасының түпнұсқасы арнайы папкаға тігіліп, банктің сейфінде бір жылға дейін сақталады және кейіннен мұрағатқа тапсырылады. Хаттама көшірмелері филиалдарға және басқарма бастықтарына жеткізіледі.

Бақылау сұрақтары:

1. Несиелік саясаттың құрылымдық элементтеріне нелер жатады?
2. Несиелік механизмді қалай түсінесіз?
3. Несиелік механизмнің элементтері неден тұрады?
4. Қандай несиелеу қағидаттарын білесіз?
5. Несиелік комитеттің құрамына кімдер кіреді?
6. Несиелік комитеттің құзіретіне не жатады?

9-тарау. Банктік несиелеу және несиелік қабілетті бағалау

9.1 Корпоративтік клиенттерге берілген несиелік түрлері

Банктердің несиелік қызметтерінің маңызды бағыттарының біріне корпоративтік клиенттерді несиелеу жатады.

Корпоративтік клиент – қызмет көрсетуде ерекше басымдықтарды иеленетін және даму барысында ынтымақтасуға болатын банк клиенті.

Корпоративтік клиент деп материалдық өндіріс саласының өнім шығаратын және қызмет көрсететін кез келген кәсіпорындарын түсінуге болады.

Корпоративтік клиенттерге акционерлік қоғамдар, жеке компаниялар мен фирмалар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, шаруа қожалықтары, бірлескен кәсіпорындар жатады.

Корпоративтік клиенттерді несиелеу – банктік мекемелерден өзге заңды тұлға болып табылатын банктің клиенттеріне несиелік беруді білдіреді.

Корпоративтік клиенттерді несиелеу мынадай екі қызмет атқарады:

6) макроэкономикалық – елдің экономикасын инвестициялауға арналған ақшалай ресурстарды жұмылдыру;

7) микроэкономикалық – банктердің табыстылығы мен тұрақтылығын арттыруға ықпал ететін негізгі табыстарды алу.

Корпоративтік клиенттерге берілетін несиелерге мыналар жатады:

Овердрафт (ағыл. overdraft - жоспардан жоғары) - клиенттің ағымдық шотындағы қаражат қалдығынан төлейтін төлемдер сомасы жоғары болған жағдайда банктің беретін қысқа мерзімді несиесінің ерекше формасы. Мұндай жағдайда клиенттің шотынан қаражатты толық көлемде шегеріп тастап, банк, шоттағы қалдықтан асатын сомада клиентке автоматты түрде несиелік береді.

Овердрафт нәтижесінде, бухгалтерлік тілмен айтқанда банкте дебеттік қалдық түзіледі. Овердрафты келісімшарт бойынша банктің сенімді клиенттері ғана пайдалана алады, ол келісімшартта овердрафтың ең жоғарғы сомасы, овердрафт бойынша несиелік беру және оны қайтару шарты көрсетіледі. Овердрафтың басқа қарыздардан ерекшелігі, несиені қайтарудағы барлық сома клиенттің ағымдық шотында есепке алынады.

Маусымдық несиелік – жабдықтаушының қаржыландыру уақыты мен түсімді алу мерзімі арасындағы уақыт бойынша алшақтықты жабуға арналған несиелік. Маусымдық несиелік көбіне ауыл шаруашылығы өндірушілеріне егін салып одан табыс алғанға дейінгі шығынды жабу мақсатында беріледі.

Лизингтік несиелік – банк клиенттерінің құрал-жабдықтарды және техниканы жалға алумен байланысты берілетін несиелік.

Сенім несиесі – банктің сеніміне кірген, төлем қабілеті жоғары корпоративтік клиенттерге берілетін несиелік. Мұндай несиелер қамтамасыз етусіз беріледі.

Консорциалдық несиелік – ірі жобаларды несиелеу мақсатында банктердің өзара қосылып беретін несиелері. Мұндай несиелер негізінен ірі жобаларды несиелеуде бір банктің несиелеу шегінен асқан жағдайда қолданылуы мүмкін.

Инвестициялық несиелер – жаңа өндіріс орнын ашуға, өндірісті қайта құруға және кеңейтуге арналған ұзақ мерзімді несие.

Инновациялық несие – банк клиенттерінің өндіріске озық технологияларды немесе нау-хауды иегеруімен байланысты берілетін ұзақ мерзімді несие.

Вексельдік несие – банктің сенімді клиенттеріне вексель формасында берілетін қысқа мерзімді несиесі. Мұндай вексельдерді банктер шағарады және олардың номиналдық құны болады, сондай-ақ олардың бағасы жай банктік несиеге қарағанда біршама арзан.

Рамбурстық несие – шикізаттарды ішке алып кіру және жартылай фабрикат және дайын өнімдерді сыртқа шығару тәжірибесінде пайдаланылатын несие.

Контокорренттік несие - клиенттің барлық түсімдері мен төлемдері есепке алынатын банктегі бірыңғай ағымдық (контокорренттік) шоты бар, өзінің тұрақты клиенттеріне банктің беретін несиесі.

Ломбардтық несие - тауарлы-материалдық құндылықтар мен мүліктік құқықтарды, бағалы металдарды, бағалы қағаздарды және т.б. кепілге ала отырып қысқа мерзімге несие берушінің қатаң тіркелген сомада беретін несиесі.

Форфейтингтік несие - сыртқы сауда операцияларында қолданылатын коммерциялық вексельді сатып алу жолымен экспортерлерды немесе сатушыларды қысқа мерзімді (180 күнге дейінгі) несиелеу нысаны. Банк (форфейтор) экспортердан (сатушыдан) сатқан тауары үшін импортердің (сатып алушының) берген ақшалай міндеттемесін (векселін) сатып алуы арқылы экспортердің сатқан тауарының құнын толық немесе жартылай төлейді. Кейіннен импортер (сатып алушы) форфейтордың көрсеткен міндеттемесі бойынша ақшалай соманы оған төлейді. Тез арада төлегені үшін форфейтор-банк экспортерден пайыз ұстап қалады.

Факторингтік несие – жабдықтаушының немесе банк клиентінің жабдықтаған тауары мен көрсеткен қызметтері үшін төленбеген төлем талабын (шот-фактурасын) банкке сатумен байланысты несиелік операция.

Экспорттық несие - экспорты қолдау құралы ретінде өнімді сатуды қаржыландыру мақсатында сатып алушыға немесе оның банкіне берген несие. Фирмалық экспорттық несие экспортер тарапынан беріледі де банктен қаржыландырмайды. Банктік экспорттық несие банктен шетелдік сатып алушыларға тікелей беріледі.

Несиелік желі – келісілген лимит шегіндегі белгілі бір уақыт ішіндегі қарыз алушығы несие беріп отыруға несиелік мекеменің оған берген заңды түрде рәсімделген міндеттемесі.

Ашылған несиелік желі арқылы несиенің есебінен банк пен қарыз алушының арасында жасалынған несиелік келісім-шартқа сәйкес, кез келген есеп айырысу құжаттарын төлеуге болады. Несиелік желі көбіне бір жылға ғана ашылады, бірақ кейде одан да қысқа мерзімге ашылуы мүмкін. Клиент банктен несиелік желі мерзімінің кез келген уақытында қосымша келіссөздер жүргізбей-ақ және ешқандай бланк толтырусыз несие ала алады. Бірақ банк қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлағанын байқап қойса,

бекітілген шек көлемінде несиелік беруге келіспеу құқығы сақталады. Белгіленген тәртіп бойынша, несиелік желі тұрақты қаржылық жағдайы және жақсы ресурстары бар клиенттерге ашылады. Клиенттің өтініші бойынша несиелеу шегі қайта қаралуы да мүмкін.

Несиелік желінің *жаңартылатын* және *жаңартылмайтын* түрлері болады. Жаңартылмайтын несиелік желі ашқан жағдайда несиені беріп және оны өтегеннен кейін банк пен клиент арасындағы қарым-қатынас аяқталады. Жаңартылатын несиелік желі барысында (револьверлік) несиелік автоматты түрде қарыздың белгіленген лимит шегінде беріледі және өтеледі. Несиелік желі, сол сияқты, мақсатты да болуы мүмкін. Мұндай мақсатты несиелік желі клиенттің бір контракт төңірегінде белгілі бір тауарларды жабдықтауды төлеуі үшін ашылады.

Жоғарыда аталған несиелерді банктер корпоративтік несиелеу тәжірибиесінде кеңінен қолдануда.

9. 2. Корпоративтік клиенттерді несиелеуге қажетті құжаттар

Корпоративтік клиенттерді несиелеуге қажетті құжаттар жинау несиелеу үрдісінің 1-кезеңінде жүзеге асады. Бұл кезеңде клиент банктің несиелік менеджерімен сұхбаттасып, кеңес алғаннан кейін және несиелеу шартымен толық келіскен жағдайда банктің жасаған формасында құжатты немесе құжатсыз (компьютердегі арнайы бағдарлама) түріндегі *несиелік алу үшін өтінішін* және *сауалнаманы* толтырады және несиелік алуға қажетті құжаттарды жинақтап банкке тапсырады. Қажет құжаттардың тізімін несиелік менеджері клиентке тапсырады. Клиенттердің әр түрлі топтары үшін әр түрлі құжаттар пакеті әзірленуі мүмкін.

Жалпы банкке тапсыратын клиенттің құжаттары екі топқа бөлінеді: несиелік сараптама және заңи сараптамаға арналған құжаттар.

Клиенттердің әр түрлі топтары үшін әртүрлі құжаттар пакеті әзірленуі мүмкін. Мысал ретіндегі құжаттар пакетінің құрамына жататындар:

1) құрылтайшылық құжаттардың, жарғының, жалға алу шарттарының, тіркелген куәліктерінің немесе патенттерінің, жерді пайдалану құқығын куәландыратын құжаттарының нотариалды түрде куәландырылған көшірмесі;

2) кәсіпорының басшысының немесе кәсіпорын атынан несиелік алуға сенім білдірген тұлғаның төл құжаты және клиенттің несиелік алуға құқығын растайтын басқа да құжаттардың көшірмелері;

3) қаржылық есебі, яғни соңғы екі жылдық қарыз алушының балансы, қаржылық қызметінің есебі, ақша қаражаттарының қозғалысының есебі;

4) несиеленетін шаралардың рентабельдік деңгейін және оның қайтарылу мерзімін сипаттайтын техникалық - экономикалық есебі;

5) несиеленетін мәмілелерді растайтын келісім шарттар көшірмелері (материалдық бағалылықтарды жабдықтауға және сатуға арналған шарттар, тауарлы-материалдық бағалылықтар шотының көшірмелері және т.с.с),

6) алашақ және берешек қарыздары туралы құжат (қарыздарының пайда болу себебі мен мерзімі, және оны өтеу мерзімдері көрсетілуге тиіс);

7) басқа банктерден алған несиелер туралы мәліметтер (шоттар бойынша көшірме);

8) каматамасыз ету мақсатында кепілге берілген мүлікке қарыз алушының меншік құқығын растайтын құжаттар;

9) несиені қайтаруға байланысты міндеттемені куәландыратын құжаттар;

10) қызметін жаңадан бастаған, яғни қаржылық есептер және басқа да құжаттары жоқ кәсіпорынның бизнес жоспары.

Қажет жағдайларда банк қарыз алушыдан несиені қайтаруын камтамасыз ететін басқа да құжаттар мен мәліметтерді талап ете алады. Сонымен қатар, банкпен тұрақты несиелік қатынаста болатын қарыз алушылар үшін кейбір құжаттар тізімі қысқаруы мүмкін.

Қарыз алушы банкке несие алуға өтініш жасаған уақытта, банк несиелеудегі оның мүмкіндігін алдын ала бағалау үшін сауалнама толтыруы мүмкін. Онда: фирманың жетекшісі мен қарыз алушының аты-жөні; қызметі және меншік түрі; клиенттің заңды мекен-жайы; ағымдық және валюталық шот ашқан банктің аты және реквизиттері; негізгі құрылтайшылары; ол сұрайтын несиенің мақсаты, сомасы және мерзімі; соңғы есептік күнге берілген баланс құрылымы және басқа да көрсеткіштер.

Қарыз алушының несиелік қабілетін бағалауда мынадай ақпарат көздерінің маңызы зор:

- өтініш жасаушымен тікелей сұхбаттасу, яғни банк қызметкері ссуда алуға өтініш жасау себептерін біле отырып, өтініштің банктің несиелік саясатынан туындайтын талаптарына жауап беретіндігіне мән береді. Қарыз алушының тарихы, өнімінің және көрсететін қызметінің сипаты, шикізат көздері, жұмыскерлерінің біліктілігі туралы ақпараттар жинайды. Бұл ақпараттар басқа жолдармен тексеріледі;

- клиенттерінің несиелік қабілеті, олардың өткен уақыттардағы несиелерге қатынасы, шоттардағы қалдықтары және т.б. туралы ақпараттардан тұратын банк картотекасын жүргізу;

- орнында инспекция жүргізу;

- қаржылық есебін талдау;

- басқа банктермен контракт арқылы, қарыз алушының жабдықтаушылары арқылы, салық инспекциялары арқылы сырттай ақпарат көздері.

Шетелде клиенттердің несиелік қабілеті туралы ақпараттар жинауға маманданған және оны беретін арнайы фирмалар немесе агенттіктер бар. Қазіргі уақытта дамыған елдерде, банктерге келісім шарт негізінде қызмет көрсететін сондай бірнеше тәуелсіз ұйымдар жұмыс жасайды. Мысалға, фирма “Дан энд Брэд форд” 3 млн. жуық АҚШ-тың, Канаданың, Данияның фирмалары туралы ақпараттар жинақтап, жалпы ұлттық және аймақтық анықтамаларда жариялайды. Біздің елімізде 2003 жылдан бері Несиелік бюро қызмет ете бастағанымен әлі банктердің, онымен ақпараттар алмасуы дұрыс жолға

қойылған жоқ. Банктер әлі де болса несиелік қабілетті талдауда тек қана клиенттердің берген құжаттарын пайдаланумен шектеледі.

9.3 Несиелік қабілетті бағалау критерийлері

Қарыз алушының несиелік қабілеті бұл коммерциялық банк балансының өтімділігін қолдау әдісі болып табылады.

Несиеу процесі белгіленген мерзімде сауданың қайтарылмай қалуға себепкер болатын көптеген тәуекел факторлардың іс әрекетімен байланысты болып келеді. Сондықтан да, банк несиесінің берілуі алдын-ала ықпал ететін факторларды оқып-үйрену арқылы несиелік қабілетті оқып үйренуге жағдай жасайды.

Қарыз алушының несиелік қабілеті - бұл қарыз алушының өзінің қарыздық міндеттемелері бойынша толық және уақытында есеп айырысу қабілеті.

Қарыз алушының несиелік қабілетінің, оның төлем қабілетінен бір айырмашылығы - онда өткен кезеңдегі немесе қандай да бір күндегі төлемсіздікті есепке алмайды, яғни мұнда алдағы уақыттардағы қарызды өтеу қабілетін болжанады. Өткен уақыттардағы қарыз алушының төлем қабілетсіздігінің дәрежесі клиенттің несиелік қабілетін бағалау барысында көңіл аударатын ең бір формалды көрсеткіш болып табылады. Егерде қарыз алушының мерзімі өткен қарызы болып, ал балансы өтімді және меншікті капиталдың мөлшері жеткілікті болса, онда банкке өткен уақыттағы төлемдердің бір рет кешіктірілуі, клиенттің несиелік қабілетсіздігі туралы қорытынды үшін негіз болып табылмайды. Несиелік қабілеті бар клиенттер банкке, жабдықтаушыларға, бюджетке ұзақ төлемсіздіктің болуын жібермейді.

Клиенттің несиелік қабілетінің деңгейі, банктің нақты қарыз алушыға беретін нақты ссудасымен байланысты қарапайым (жеке) тәуекелдерінің дәрежесін көрсетеді. Қарыз алушының қаржылық тұрақтылығын объективті бағалау және несиелік операцияларға байланысты мүмкін болар тәуекелдерді есепке алу банкке несиелік ресурстарды тиімді басқаруға және пайда табуға мүмкіндік береді.

Әлемдік және отандық банктік тәжірибе қарыз алушының несиелік қабілетінің мынадай критерийлерін бөліп қарайды: қарыз алушының мінездемесі, қаражатты қарызға алу қабілеті; ағымдағы қызметі барысында қарызды өтеу үшін қажетті қаражатты табу қабілеті (қаржылық мүмкіндігі), капиталы, несиенің қамтамасыз етілуі, несиелік мәміле жасалатын жағдай, бақылау (қарыз алушының қызметінің заңдылық негізі, банк стандарты мен қадағалау ұйымдарына несиенің сипатының дәл келуі).

Қарыз алушының мінездемесі деп оның заңды тұлға ретіндегі беделі және менеджерлерінің беделі, қарызды қайтарудағы жауапкершілігі және несиенің мақсатының банктің несиелік саясатына сай келуі түсіндіріледі.

Қарыз алушының заңды тұлға ретінде *беделі* оның сол аяда ұзақ уақыт қызмет етуінен, экономикалық көрсеткіштерінің орташа салалық көрсеткіштерге сай келуінен, оның несиелік тарихынан, оның серіктестерінің (жабдықтаушылары, сатып алушылары, несие берушілері) іскерлік әлеміндегі беделінен тұрады. Менеджерлерінің беделі олардың кәсіби жарамдылығына (білімі, жұмыс тәжірибесі) моральдық сапасына, жеке қаржылық және жанұялық жағдайына, оның басқаратын құрылымы мен банк арасындағы қарым-қатынастар нәтижесіне байланысты негізделеді.

Қаражатты қарызға алу қабілеті қарыз алушының несиеге өтініш беруге, несиелік келісім-шартқа қол қоюға немесе келіссөздер жүргізуге құқының болуын, яғни кәсіпорынның немесе фирманың өкілдерінде белгілі бір өкілеттіліктерінің болуын білдіреді.

Қарыз алушының несиелік қабілетінің ең негізгі критерийлерінің бірі - оның қарыз өтеу үшін ағымдағы қызметінің жүргізілу барысында қаражат табу қабілеті болып табылады.

Қарыз алушының капиталы оның несиелік қабілетінің біршама маңызды критерийі болып саналады. Оны бағалауда төмендегідей екі шарттың маңызы зор:

1) оның жеткіліктілігі, яғни Орталық банктің тарапынан жарғылық қордың (акционерлік капиталдың) ең төменгі мөлшеріне қойылатын талабы және қаржы левераж коэффициенті негізінде талданады;

2) несиеленетін операцияларға меншікті капиталдың жұмсау дәрежесі, яғни ол банк пен қарыз алушының арасында тәуекелдің бөлінуін куәландырады. Неғұрлым меншік капиталының жұмсалымы көбірек болса, соғұрлым қарыз алушының несиелік тәуекеліне ықпал ететін факторларды қадағалап отыруға мүмкіндік туады

Несиенің қамтамасыз етілуі - қарыз алушының активтерінің құны және несиелік келісім-шартта көрсетілетін қарызды өтеуде екінші қосымша көздердің (кепіл, кепіл-хат, кепілдеме, сақтандыру қағаздарының) болуы. Мұндағы қосымша көздер қарыз алушының басына қаржылық қиындықтар туу барысында, олардың банк алдындағы міндеттемелерін уақтылы орындауына кепілдік береді. Кепілдік сапасы, кепіл-хат беруші, кепілдемеші мен сақтандырушының тұрақты болуы, қарыз алушының ақшалай қаражаттың жеткіліксіздігі жағдайында аса маңызды.

Несиелік операциялар жасалатын жағдайларға елдегі, аймақтағы, салалардағы ағымдық немесе болжанған экономикалық жағдай, саяси факторлар жатады. Бұл жағдай банктің сыртқы тәуекел дәрежесін анықтайды.

Соңғы критерий – бақылау, бұл мынадай сұрақтарды ескереді: қарыз алушының қызмет етуі және несиелік шаралардың жүзеге асырылуы үшін заңды және нормативтік негіз бар ма? Заңдардағы күтілетін өзгерістер (мысалы салық заңы) қарыз алушының қызметінің нәтижесіне қалай әсер етеді? Несиелік өтініште көрсетілген қарыз алушы және ссуда туралы мәліметтер, банктің несиелік саясаты туралы құжатта белгіленген банктің стандартына, сол сияқты, ссудалардың сапалылығын бақылап отырып, Қаржылық қадағалау ұйымдарының стандарттарына қаншалықты сәйкес келеді?

Аталып өткен, банк клиентінің несиелік қабілетін бағалау критерийлері несиелік қабілетті бағалау тәсілдерінің мазмұнын анықтайды. Ондай тәсілдер қатарына жататындар:

- *іскерлік тәуекелді бағалау;*
- *менеджментті бағалау;*
- *қарыз алушының қаржылық тұрақтылығын бағалау;*
- *қаржылық коэффициенттерді бағалау;*
- *ақша тасқынын талдау;*
- *қарыз алушы туралы ақпарат жинақтау;*
- *орналасқан жеріне бару арқылы, қарыз алушының жұмысын қадағалап отыру.*

Отандық банктік тәжірибеде қарыз алушының несиелік қабілетін бағалаудағы басты факторға оның қаржылық жағдайы жатады. Ол қарыз алушының қызметін көрсететін көрсеткіш ретінде қызмет ете отырып, меншікті және заемдық қаражаттарды орналастыру және пайдалану құрылымдарымен, сондай-ақ пайданы алу, бөлу, және тиімді пайдаланумен сипатталады.

9.4 Қарыз алушы-кәсіпорынның несиелік қабілетін бағалау

Қарыз алушының несиелік қабілетін бағалау оның қаржылық жағдайына баға беруді сипатайды. Қаржылық жағдайына баға беруде клиенттің қаржылық құжаттары қолданылады.

Қарыз алушының қаржылық жағдайы оның мынадай төлем қабілетінен байланысты:

- 1) шаруашылық шарттарына сәйкес төлем талаптарын уақтылы қанағаттандыру;
- 2) несиені қайтару;
- 3) жұмыскерлер мен қызметкерлерге жалақы төлеу;
- 4) бюджетке төлемдерді және салықтарды төлеу.

Қарыз алушының қаржылық жағдайы жақсы болса, ол барлық міндеттемелері бойынша есеп айырыса алады.

Қарыз алушының несиелік қабілетін банктік талдау шектеулі және кең көлемде жасалады. Қарыз алушының несиелік қабілетін талдау үшін оның тиімділігін, төлем қабілеттілігін, шаруашылық-қаржылық қызметін жан-жақты бағалауға мүмкіндік беретін көрсеткіштер жүйесін ұсынатын көптеген әдістемелер қолданылады.

Кәсіпорынның қаржы-экономикалық жағдайын талдау үшін негізгі көздер ретінде қаржы Министрлігі бекіткен келесідей жылдық бухгалтерлік есеп формалары қызмет етеді: ”Кәсіпорын балансы” (№1 форма); ”Қаржы нәтижелері және оларды пайдалану туралы есебі” (№2 форма); Кәсіпорын балансына қосымша бет (№3 форма); сондай-ақ ҚР статистикалық есеп

формасы ”Кәсіпорынның (ұйымның) қаржылық қызметінің негізгі көрсеткіштері туралы есебі” (№1 – Ф – мерзімді – тоқсандық формалары) және Кәсіпорынның (ұйымның, мекеменің) өнімінің (жұмыстар, қызмет) кеткен шығындары туралы есебі” (№5-з – мерзімді – тоқсандық- жылдық формалары).

Отандық банктік тәжірибеде қарыз алушының компаниялардың несиелік қабілетін бағалауда мынадай қаржылық коэффициенттердің төрт тобы пайдаланылады:

- *өтімділік коэффициенті;*
- қаражат көздерін тиімді басқаруды талдауға арналған *қаржылық тәуелділік коэффициенттер;*
- компанияның ресурстарын пайдалану тиімділігін талдауға арналған *айналымдылық коэффициенттер;*
- *пайдалылық коэффициенттер.*

Осы көрсеткіштердің есептелу алгоритміне тоқталайық.

1. Өтімділік коэффициенті.

Өтімділік коэффициентінің өзі екі коэффициент көмегімен анықталады:

- ағымдағы өтімділік коэффициенті;
- тез өтімділік коэффициенті.

$$\text{Ағымдағы өтімділік коэффициенті} = \frac{\text{Ағымдағы активтер}}{\text{Ағымдағы міндеттеме}}$$

Мұндағы ағымдағы активтерге кассадағы және банктік шоттағы қаражаттар, дебиторлық таза қарыз, тауарлы-материалды запастар, өзге ағымдағы активтер (алдағы уақыт шығыстары, өтімділігі жоғары бағалы қағаздарға жұмсалымдар және т.с.с.). Дебиторлық таза қарыз дебиторлық қарыз қалдығынан үмітсіз қарыздарды жабуға арналған резервті шегеру арқылы анықталады. Тауарлы-материалды запастардың да айналым мерзімі 1 жылдан аспауға тиіс.

Ағымдағы пассивтерге қысқа мерзімді ссудалар, жабдықтаушылардың, бюджеттің, жұмыскерлерінің алдындағы төленбеген қарыздары, өзге ағымдағы міндеттемелер жатады.

Ағымдағы өтімділік коэффициенті бұрынғы өтеу коэффициенті ретінде белгілі. Бұл коэффициент ағымдағы міндеттемелердің ағымдағы активтермен қаншалықты қамтамасыз етілетінін сипаттайды. Бұл көрсеткіштің мәні 0,70-тен 1,20 ға дейінгі аралықта болуға тиіс. Егер оның мәні 1,20-дан артып кетсе, онда тауарлы-материалды запастарға (ТМЗ) салынғын қаражаттар айналысының бәсеңдеуін немесе дебиторлық қарыздың жоғары болуын көрсетеді. Ал оның мәнінің төмен болуы клиенттің төлем қабілетсіздігін баяндайды.

Жалпы бұл көрсеткіштің мәнінің жоғары болуы, қарыз алушының қаржылық тұрақтылығын білдіреді.

Дүниежүзілік банктік тәжірибеде бұл көрсеткіштің нормативтік мәні клиенттердің классына қарай әр түрлі болып келуі мүмкін:

I,II,III класс үшін – 2,0;
IV класс үшін –1,5;
V-VI класс үшін – 1,25.

$$\text{Тез өтімділік коэффициенті} = \frac{\text{Ағымдағы активтер} - \text{ТМЗ}}{\text{Ағымдағы міндеттеме}}$$

Бұл көрсеткіш тауарлы –материалды запастарды (ТМЗ) тез арада сату мүмкіндігі болмаған жағдайдағы қарыз алушының қысқа мерзімді міндеттемелерді өтеу мүмкіндігін бағалауға көмектеседі.

Аталған коэффициенттің мәнінің 0,4-тен 0,6-ға дейінгі аралықта болғаны дұрыс. Бөлшек сауда компанияларында оның мәні 0,3-тен 0,4 аралығында болуы ықтимал. Оның мәнінің жоғары болуы дебиторлық қарыздардың өсуінен туындайды.

2. Қаражат көздерін тиімді басқаруды талдауға арналған қаржылық тәуелділік коэффициенттер.

Бұл топтың коэффициенттерін талдау қарыз алушының меншікті капиталының қамтамасыз ету дәрежесіне және оның тартылған қаражат көздеріне жалпы тәуелділігіне баға беруге мүмкіндік жасайды. Аталған көрсеткіш коэффициенттеріне мыналар жатады:

- міндеттеменің активке қатынасы;
- міндеттеменің капиталға қатынасы.

$$\text{Міндеттеменің активке қатынасы} = \frac{\text{Бір мерзімдегі орташа қарыз сомасы}}{\text{Бір мерзімдегі орташа активтер сомасы}}$$

Осы және келесі коэффициенттерді есептеген кезде банктерге берешек (қысқа және ұзақ мерзімді), жабдықтаушыларға, бюджетке және т.с.с.берешек орташа қарыздары пайдаланылады.

$$\text{Міндеттеменің капиталға қатынасы} = \frac{\text{Бір мерзімдегі орташа қарыз сомасы}}{\text{Бір мерзімдегі орташа меншікті капитал сомасы}}$$

Бұл коэффициент жалпы қарызбен меншікті капиталдың шекті қатынасын көрсетеді. Мысалға, коэффициент 2,0 тең болса, онда әрбір қарыздың 2 теңгесіне меншікті капиталдың 1 теңгесі келеді дегенді білдіреді немесе ол активтердің 67%-ы қарыздың есебінен және 33%-ы меншікті капиталдың есебінен қаржыландырылатын сипаттайды..

Дүниежүзілік банктік тәжірибеде бұл көрсеткіштің нормативтік мәні клиенттердің классына қарай әр түрлі болып келуі мүмкін:

I класс – 0,66

II класс – 1,00

III класс үшін – 1,10

IV класс үшін – 1,25

V класс – 1,75

VI класс үшін – 2,00.

3) *Компанияның ресурстарын пайдалану тиімділігін талдауға арналған айналымдылық коэффициенттер.*

Оларғы мыналар жатады:

- дебиторлық қарыздың айналымдылық ұзақтылығы (күнмен);
- кредиторлық қарыздың айналымдылық ұзақтылығы (күнмен);
- ТМЗ-дың айналымдылық ұзақтылығы (күнмен).

$$\begin{array}{l} \text{Дебиторлық} \\ \text{қарыздың} \\ \text{айналымдылығы} \end{array} = \frac{\text{Дебиторлық қарыздың орташа сомасы}}{\text{Сатудан түскен түсім}} * 360$$

Дебиторлық қарыздың айналымдылық мерзімі ұзақ болған сайын оны қайтармау тәуекелі туындайды. Сондықтан бұл көрсеткішті талдағанда әрбір заңды және жеке тұлғаға қатысты дебиторлық қарыздың құрылым мен сапасына, оның пайда болу себептері мен қайтарылу жағдайын басты назар аудару қажет. Сонымен қатар дебиторлық қарыздың айналым қаражаттарындағы үлесін бағалау қажет (қаншалықты оның үлесі жоғары болса соғұрлым компанияның активтері өтімсіз). Талдау барысында дебиторлық қарыздың құрамындағы күмәнді және үмітсіз қарыздардың үлесін анықтау арқылы, оның сапасын бағалауға болады (қаншалықты оларды үлесі жоғар болса, соншалықты компанияның өтімділігі төмендейді). Дебиторлық қарызды талдауда айналым-сальдолық ведомосты, ірі қарыздар бойынша төлем құжаттарын (төлем тапсырмасын, тауарлы көлік жүкқұжаттары және т.с.с) пайдалану қажет.

$$\begin{array}{l} \text{Кредиторлық} \\ \text{қарыздың} \\ \text{айналымдылығы} \end{array} = \frac{\text{Кредиторлық қарыздың орташа сомасы}}{\text{Сатудан түскен түсім}} * 360$$

Кредиторлық қарыздың айналымдылық есептеу дебиторлық қарызды есептеумен ұқсас. Бұл жерде дебиторлық қарыздың ұзақтығы мен кредиторлық қарыздың ұзақтығын өзара салыстыру арқылы компанияның ақшалай қаражаттарының түсуі мен жұмсалыуының орташа жылдамдығын бағалауға болады.

$$\text{TMЗ айналымдылығы} = \frac{\text{TMЗ орташа сомасы} * 360}{\text{Өнімді өткізудің өзіндік құны}}$$

Бұл көрсеткіштің мәні өскендігі TMЗ-дың артқанын, яғни сұраныстың азайғандығынан қоймада тауарлардың жиналып қалғандығын және оны сақтау шығындарының артатынын сипаттайды. Кейде оның өсуі шикізат пен материалдарға алдағы уақыттары бағаның өсуімен де байланысты болуы мүмкін. Ал оның мәнінің төмендігі, TMЗ-дың жеткіліксіздігін, оның бизнестің дамуын тежейтіндігін көрсетеді. Сондықтан талдау объективті болуы үшін компанияның орналасқан жеріне барып, оның қоймасындағы сақталған тауарлардың барлығына көз жеткізген дұрыс.

4) Пайдалылық коэффициенттері.

Бұл көрсеткіш компанияның пайдалылық және рентабельділік деңгейін көрсетеді және ол пайданың әр түрлі нұсқалары мен сатудан түскен түсімге қатынасы арқылы есептеледі.

Мұндай коэффициенттерге мыналар жатады:

- жалпы пайда нормасы;
- таза пайда нормасы;

$$\text{Жалпы пайда нормасы} = \frac{\text{Жалпы пайда}}{\text{Сатудан түскен түсім}}$$

$$\text{Таза пайда нормасы} = \frac{\text{Таза пайда}}{\text{Сатудан түскен түсім}}$$

Есептелінетін таза пайда нормасы немесе сату рентабельдігі өткен кезеңгі аталған көрсеткіштің мәнімен өзара салыстырылады. Бұл көрсеткіштің төмендеуі қарыз алушының бәсекелестік қабілетінің төмендеуін сипаттайды. Ол өз кезегінде оның өніміне деген сұраныстың азаюына әкеледі.

Қарыз алушының несиелік қабілетіне жоғарғыдағы көрсеткіштерді пайдаланып баға бергеннен кейін, егер клиенттің несиелік қабілетті болса, онда несиелік сарапшы Несиелік комитеттің қарауына қарыз алушының сипаты туралы сараптамалық қорытынды жасайды (14-қосымша).

Несиелік сараптаманың қорытындысына қосымша бет ретінде кепіл мүлкін бағалау есебі жүреді. Кепіл затын банкте тәуелсіз бағалаушы іске асырады. Кепіл затын бағалау нарықтық және шығындық әдіспен жүзеге асуы мүмкін. Кепіл затын бағалау барысында кепілдік құны анықталады. Сол кепілдік құнының 70% көлемінен аспайтын мөлшерде банк клиентке несие бере алады. Кей жағдайда клиенттің сұрайтын несиесінің сомасы кепіл құнының мөлшерінен асып кетсе, онда банк клиенттен қосымша кепіл затын кепілге қоюды талап етеді.

Сонымен қатар, несиелік сараптама қорытындысы негізінде берілетін несиеге байланысты тәуекел деңгейі анықталады. Несиелік тәуекел несиелік рейтингін бағалау көмегімен есептеледі. Несиелік тәуекелді бағалауды Тәуекел басқармасының қызметкері жүргізеді. Егер несие бойынша тәуекел деңгейі жоғары болса, онда несиенің бағасы қымбаттауы, немесе несие алуда клиенттің бастапқы салымды көбірек төлеуі, кей жағдайларда банктің несие беруден бас тартуы орын алады.

Егер несиелік тәуекел төмен болса және Несиелік комитет оң шешім қабылдауына байланысты несиелік келісімшарт пен кепіл туралы келісімшарт жасалады.

9.5 Несиелік келісімшарт жасау және несие беру

Қазіргі несиелеудің басты ерекшелігі бойынша банк қарыз алушының несиелік қабілетін тексеріп болғаннан кейін, несиелік шарт жасасу үшін несиелеу субъектісімен қатынасқа түседі. Несиелеуге байланысты барлық сұрақтарда банк пен қарыз алушы келісімшарт негізінде шешеді.

Несиелік келісімшарт екі жақтың өзара міндеттемелерін және жауапкершіліктерін анықтайды. Онда мыналар көрсетіледі:

- несиелеу мақсаты және объектісі;
- несиенің мөлшері;
- несиені беру мерзімі және қайтару шарттары;
- несиені қамтамасыз ету формасы;
- несие үшін төленетін сыйақы мөлшерлемесі;
- несиенің қозғалысын және клиенттің қаржылық жағдайын бақылау үшін қарыз алушының беретін құжаттарының тізімі;
- несиелеу процесіндегі банктің бақылау қызметі

Несиелік келісімшарттың мазмұнын келісуші жақтардың өздері анықтайды.

Несиелік қатынастарды ұйымдастыру тәжірибесінде кепіл туралы келісімшарттың орыны ерекше. Кепіл туралы шарт кепіл затына байланысты ажыратылады.

Кепіл затына: заттар, бағалы қағаздар, басқа да мүліктер және мүліктік құқықтар жатады.

Материалдық-заттық мазмұнына қарай кепіл заттары мынадай топтарға бөлінеді:

1. Клиенттің мүліктерінің кепілі:

- тауарлы-материалдық құндылықтар кепілі:
 - а) шикізаттар, материалдар, жартылай өнімдер кепілі;
 - ә) тауарлар және дайын өнімдер кепілі;
 - б) валюталық құндылықтар (нақты валюталар), алтыннан жасалған бұйымдар кепілі;
 - в) басқа да тауарлы-материалдық құндылықтар кепілі;
 - бағалы қағаздар (вексельдер) кепілі;
 - сол банктегі депозиттер кепілі;
 - жылжымайтын мүлік кепілі (ипотека).

2. Мүліктік құқықтар кепілі:

- жалгерлік құқық кепілі;
- авторлық құқық кепілі;
- жерге құқық кепілі.

Кепіл туралы келісім-шартта мынадай мәселелер қарастырылады:

- Келісім-шарт жасасушы тараптар туралы мәліметтер;
- Келісім-шарт заты;
- Кепіл берушінің құқықтары мен міндеттері;
- Кепіл ұстаушының құқықтары мен міндеттері;
- Талап ету құқықтары;
- Кепілге қойған мүлікті қайта рәсімдеу, басқа мүлік есебінен;
- Кепілге қойған мүліктің бұзылуына байланысты тәуекел жағдайлары мен кепіл затын ауыстыру;
- Тараптардың жауапкершіліктері;
- Ерекше шарттар;
- Дауларды шешу;
- Басқа шарттар.
- Кепіл туралы келісімшарт жасасушылардың заңды мекен-жайы мен өзге де мәліметтері.

Бұл кезеңде ағымдық шот ашу, ссуданы беруді құжаттау тәртібін (қосымша құжаттар толтырылуы мүмкін), ссуданы беру тәсілін анықтайтын несиелеуді ұйымдастыру және техникалық шарттарын қамтиды.

Несиенің көлеміне байланысты әр түрлі берілу тәсілдері болады. Біріншісі несиені клиенттің шотына толығымен аударылып, қажет болған жағдайларда жұмсалынады. Екіншісі – несиені алуға құқығы қосымша қаражаттарға деген қажеттіліктің туындауына байланысты біртіндеп іске асады. Үшіншісі - белгілі бір соманы алуға клиенттің құқығы бола отырып, ол оны алудан бас тартады (мысалға, артық сыйақы төлегісі келмейді).

Несиенің мөлшері оны беру барысында несиелеу ережелеріне сәйкес анықталады.

9.6 Несиелік мониторинг және проблемалық несиелемен банктің жұмысы

Несиелік мониторинг – несиені берген күннен бастап, оны толық қайтарғанға дейін бақылауды және қарыз алушының несиелік қабілетінің өзгерісін үнемі талдап отыруды, несиеле сапасының төмендеуі немесе несиелік келісімшарттың бұзылуы анықталған жағдайларда тиісті шаралар қолданылуды қамтитын банктің күнделікті жұмысы.

Несиелік мониторингті жүргізуге арналған ақпарат көзіне мыналар жатады:

- банкте жинақталған қарыз алушы туралы ақпараттар;
- қарыз алушыдан алатын ақпараттар;
- өзге көздерден алынатын ақпараттар (жабдықтаушылардан, сатып алушылардан, өзге банктерден, қаржы ұйымдарынан, үшінші тұлғалардан және т.б.).

Ақпараттың толықтығына қарай несиелік мониторинг *ағымдық* және *тереңдетілген* болып бөлінеді.

Ағымдық мониторинг – ай сайын ағымдық мониторинг есебін түрінде рәсімделетін, несиені қайтару кестесінің орындалысы шегінде барлық несиелер бойынша жоспарлы түрде қарыз алушының шаруашылық және қаржылық жағдайы туралы жалпы ақпараттарды алу негізінде жүргізілетін тексеру.

Ағымдық несиелік мониторинг әр ай сайын несиеле толық қайтарылғанға дейін жасалады. Ағымдық несиелік мониторинг қорытындысы бойынша есеп беру нысаны 15-қосымшада берілген.

Ағымдық несиелік мониторингтің мақсаты – банктің барлық берген несиелер бойынша төлемсіздіктің алдын алу. Мониторинг жүргізуде несиені қайтару кестесі пайдаланылады және оның көшірмесі шот менеджеріне беріледі.

Ағымдағы мониторингтің негізгі қадамдарына мыналар жатады:

- қарыз алушының шотындағы ақша қаражаттарының қозғалысына бақылау жасау;
- клиентке ескертулер жасау (несиені төлеу мерзімінен екі үш күн бұрын телефон арқылы ескерту, телефон болмаған жағдайда жазбаша түрде);
- клиенттің орналасқан жеріне бару (қарыз алушы кәсіпорынның қаржылық есебінің материалдары негізінде оның қаржылық және шаруашылық жағдайымен танысу және т.б.).

Қарызды қайтару күнінде несиені қайтару кестесі бойынша қарыз алушының негізгі қарыздың және пайыздың төленгендігі тексеріледі.

Егер қарыздың қайтаруын кешіктіру қарыз алушының уақытша қаржылай қиындықтарына немесе ұмытшақтығына байланысты болса, онда дабыл қағу қажет емес. Бұл жағдайда қарыздың кешіктірілуі қарыз алушының болашақ іскерлігіне кері әсер ететіндігін ескерткен дұрыс.

Егер қарыз алушының тексеріп бару барысында несиені қайтармауымен байланысты мүмкін болар мәселелердің барлығын куәландыратын қауіпті

белгілер анықталса, онда тереңдетілген мониторинг жүргізіліп, оның нәтижесінде мынадай сұрақтарға жауап ізделінеді:

- қарызды кешіктіру себептері;
- кешіктірілген қарызды қайтару мүмкіндігі;
- алдағы уақыттары қарызды қайтару кестесін орындау мүмкіндігі.

Тереңдетілген мониторинг - ай сайын тереңдетілген мониторинг есебін түрінде рәсімделетін, несиені қайтару кестесінің орындалысының бұзылуына қарай, жоспардан тыс (кенеттен) немесе қандай да бір алаңдатарлық белгілердің туындауына байланысты қарыз алушының шаруашылық және қаржылық жағдайы туралы барынша толық ақпараттарды алу мақсатында жүргізілетін тексеру.

Тереңдетілген мониторинг бойынша есеп беру формасы 16-қосымшада берілген.

Тереңдетілген мониторингтің ұзақтылығы мыналарға тәуелді:

- қарыз алушының несиелік рейтингіне;
- қарыз алушының саласының жағдайына.

Несиелік рейтинг – несиені қайтару ықтималдығы, міндеттемені орындау тұрғысынан қарыз алушының несиені өтеу қабілеттілігін бағалауды білдіреді. Мұндай рейтингті әдетте банктер немесе мамандандырылған консалтинг агенттіктері анықтайды.

Несиелік мониторинг келесі бір түріне *несиелік ресурстардың мақсаты пайдалануын тексеру* жатады. Несиелік ресурсты бергеннен кейін несие менеджері міндетті түрде жобаның іске асырылатын жеріне барып қарыз алушының несиелік ресурсты көздеген мақсатқа пайлану барысына тексеру жасайды.

Егер жоба бойынша несиелік ресурсты игеру кезең-кезеңімен жүзеге асатын болса, онда жобаның әр кезеңінде игерілген несиелік ресурстың көлеміне қарай, оның көздеген мақсатқа пайдалану барысына тексеру жүргізіледі.

Қарыз алушының несиелік ресурстарды көздеген мақсатқа пайдаланбағаны анықталған жағдайда несие менеджері қарыз алушының міндеттемені орындамағаны туралы хабарлама даярлап және оны заң қызметкері тексеріп куәландырады. Сөйтіп ол мәселені несиелік Комитеттің алдына қарауына қояды. Несиелік комитет ондай несиелер бойынша қарызы туралы нақты шешім қабылдайды.

Проблемалық несиелерге мыналар жатады:

- несиелік келісімшартта көрсетілген уақытта қайтарылмаған, уақыты кешіктірілген және қосымша келісім берілген несиелер;
- сақтандыру, кепіл-хат немесе кепілдемемен қамтамасыз етілген несиелер бойынша сақтандыру компанияларының, кепіл-хатты және кепілдеме берушілердің банк алдындағы міндеттемелері орындалмағандар;
- несиелерге есептелетін пайыздың несиелік келісімшартта көрсетілген күннен 30 күн өткенге дейін қайтарылмаған несиелер.

Сондай-ақ проблемалық несиелерге қарсы шараларға мыналар жатады:

- қарыз алушының қызметін қайта құру;

- несиені қайтару кестесін өзгерту;
- пайыз (сыйақы) төлеу тәртібін өзгерту.

Отандық банктік тәжірибеде проблемалық несиелерге несиелердің жіктелу ережесіне сәйкес стандартты несиеден өзгелері, соның ішінде күмәнді және үмітсіз несиелер жатады. Кез келген коммерциялық банкте проблемалық несиелер Басқармасы немесе жұмыс жасау бөлімі ұйымдастырылуы қажет.

Проблемалық несиелермен әрі қарай жұмыс жасау бағытын таңдауда мынадай факторлар ескерілуі тиіс:

- қарыз алушының Банк алдындағы міндеттемені орындамау себебі;
- проблемалық несиенің пайда болу себептері: дефолтқа итермелеген форс-мажор немесе нарықтағы жағдаяттың теріс өзгерісі, бизнес жоспарындағы жіберілген қателіктер, кәсіпорындағы менеджмент сапасының төмендігі және т.с.с.;

- қарыз алушының іскерлік беделі, несиелік тарихының болуы;
- кепіл мүлкі есебінен несиелік қарызды қайтару мүмкіндігі;
- қаржылық сауықтандыруға байланысты шаралар жасалған жағдайда қарыз алушының несиелік қарызды толық төлейтіндігін куәландыратын қаржылық сауықтандыру жоспарының банкке ұсынылуы;

- қарыз алушының ағымдағы қаржылық есебі, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы толық ақпараттарды банкке беруге дайын болуы;

- қарыз алушының қосымша қамтамасыз ету мүлкін банкке ұсынуы.

Қысқаша айтқанда, банк үшін аталған нұсқалардың қайсысы аз шығын жұмсай отырып, несиелік қарызды қайтаруға мүмкіндік жасайтыныдығын ескеру қажет.

Проблемалық несиені анықтағаннан кейінгі банктің жұмысы мыналарды қамтиды:

- *қарыз алушыны қаржылық жағынан сауықтыру;*
- *ссудалық қарызды төлеттіру* (өндіріп алу).

Қарыз алушыны қаржылық жағынан сауықтыру несиелік келісімшартты өзгерту арқылы несиені қайтаруға мүмкіндік беру, қарыз алушының қаржылық және шаруашылық жағдайын жақсартуы үшін оған қосымша несиелік ресурс беру немесе өзге шараларды қолдануды көздейді.

Қарыз алушыны қаржылық жағынан сауықтыру шараларына мыналар жатады:

- несиенің төлем мерзімін ұзарту немесе несиелік келісімшарттың қызмет ету мерзімін созу;

- қарызды қайта құрылымдау, яғни несиелік келісімшартқа өзгерістер енгізе отырып, қосымша несиелік ресурсты бөлу жолын қарастыру;

- қайта қаржыландыру, қарыз алушыға немесе үшінші бір тұлғаға (қарызды аудару) жаңадан несие беру есебінен несиені төлеттіру;

- заңға қайшы келмейтін өзге шаралар.

Несиенің мерзімін ұзарту немесе қайта құрылымдау шарты ретінде мыналар ұсынылады:

- қарыз алушыдан қосымша қамтамасыз ету мүлкін талап ету;

- қарыз алушының алашақ қарызын банкке алуға құқық беруі туралы келісім жасау;
- өндірістік және қаржылық қызметінде пайдаланбайтын қарыз алушының активтерінің бір бөлігін сату;
- шығыстарды азайту бағдарламасын жасау;
- кей жағдайларды қаржыны басқарушыны қайта тағайындауды талап ету.

Несиені қайта қаржыландыру шаралары проблемалық несиелермен жұмыс жасау тәсілі ретінде мынадай жағдайда қолданылмайды:

- қарыз алушының қарызын өтеуді үшінші бір тұлға өз жауапкершілігіне алса;
- қарыз туралы келісімшартты рәсімдеу барысында қателіктер жіберілсе.

Несие бойынша қарызды төлеттіру сот шешімі бойынша немесе сот шешімінсіз кепілге салынған мүлікті жолымен қарыз алушыдан (кепіл затын берушіден, кепілгерден, кепілдік берушіден) өндіріп алуды сипаттайды.

Егер несиені төлеу мерзімінің кешіктірілуі қарыз алушының зұлымдығынан туындап және оның банк қызметкерімен кездесуді қаламайтындығы анықталса, несие менеджері мұндай ақпаратты Банктің қауіпсіздік басқармасына және проблемалық несиелер Басқармасына хабардар жеткізеді.

Кепіл мүлкін сату аукциондық немесе аукционсыз әдістермен жүзеге асуы мүмкін.

Аукционсыз әдіспен кепіл мүлкін сату мынадай тәсілдермен іске асады:

- Банктің бақылауымен кепіл беруші кепіл мүлкін сатады;
- Банктің сенімді тұлғасына кепіл берушінің кепіл-хат беруі арқылы кепіл мүлкін сату;
- Үшінші бір тұлғаға несие бойынша кепіл затын қайта рәсімдеу.

Кей жағдайларды кепіл заты жылжымайтын мүлік немесе тұрғын үй болса, онда оны банк жаңа қарыз алушыға ипотекалық несие беру арқылы сатып жіберуі мүмкін.

Кепіл мүлкін ипотекалық несиені беру арқылы сатудың отандық тәжірибінде мынадай екі нұсқасы белгілі:

- Бірінші нұсқа, келісімшартта көрсетілген кепіл мүлкінің бағалау құны, оның нарықтық құнына сәйкес келсе, онда кепіл затын ипотекалық несие бойынша рәсімдеу аукциондық тәсілмен іске асуы мүмкін.

Екінші нұсқа, нарықтық құны келісімшартта көрсетілген кепіл мүлкінің бағалау құнынан төмен болса, онда аукционға жеткізбей кепіл берушінің келісімі бойынша сатып жіберуге болады.


9.7 Жобалық несиелеу ерекшеліктері

Жобалық несиелеу басқа несиелеу нысандарынан өзара ажыратылады. Оның мынадай өзіне тән ерекшеліктері болады.

Жобалық несиелеу барысында несие берушілерге: кәсіпорындар, өнімді жабдықтаушылар мен сатып алушылар, банктер, зейнетақы қорлары, инвестициялық және лизингтік компаниялар, тәуекел етуші фирмалар-инвесторлар, мемлекет және басқалары жатады. Осы жерден оның келесі бір ерекшелігі, яғни ірі инвестициялық жобаны іске асыруға қажетті бірнеше көздердің пайдалануы туындайды. Яғни жобалық несиелеу барысында несиелеу көзі ретінде халықаралық қаржы нарықтарынан тартқан қаражаттар, экспортты мемлекеттік несиелеу бағдарламасы бойынша бөлінген қаражаттар, Дүниежүзілік банктің және Еуропа қайта құру және даму банктірінің ұзақмерзімді несиелерін тарту маңызды.

Жобалық несиелеу негізінен несие берушілерді кеңірек тарту, яғни консорциумдардың несиелерін пайдалануды сипаттайды.

Жобалық несиелеуде қарыздық қаражаттарды арнайы компанияға береді. Себебі, бұл жерде жобаның құрылтайшылары несиенің қайтарылуына толық жауап бермейді. 18-суретте жобалық несиелеу бойынша ақшалай қаражаттың банктен қарыз алушыға қарай қозғалысы көрсетілген.



18-сурет. Банктен қарыз алушыға ақшалай қаражаттың қозғалысы

Жобалық несиелеудің тағы да бір ерекшелігі, мұнда ірі компанияның меншікті капиталынан жоғары мөлшерде капитал тартуға мүмкіндік

туындайды. Ал ұсақ компаниялар үшін капиталдан жоғары мөлшерде несиелену алуға мүмкіндік шектелген.

Жобалық несиелеуде жобаны іске асырудан туындайтын тәуекелдің жартысын жобаның басқа да қатысушыларына бөлуге мүмкіндік бар. Ал қарапайым несиелеуде мұндай тәуекелдің барлығы бір қатысушының басында болады.

Жобаның құрылтайшылары мұндай несиелеу барысында алған несиелену бойынша қарызды өзінің балансында көрсетпейді, ол тек қана арнайы компанияның балансында есепке алынады. Нәтижесінде мұндай несиелену құрылтайшының қаржылық жағдайының нашарлауына ықпал етпейді.

Сонымен, жобалық несиелеудің басқа несиелену нысандарынан айырмашылығы мынадай:

пайыз бен негізгі қарызды қайтару негізіне жобаны іске асырудан түсетін табыстар жатады;

жоба бойынша тәуекел оған қатысушы тұлғалар арасында бөлінеді;

заемдық капиталдың бірнеше көзін бірдей пайдалану мүмкіндігі бар;

жобаны қаржыландыруға байланысты заемдық қаражаттар арнайы құрылған компанияға беріледі;

жобалық несиелеу құны өте жоғары.

Жоғарыда аталып отырған жобалық несиелеудің өзіне тән ерекшеліктері оған қатысушыларда жобаны инвестициялау алдындағы сатыға көңіл бөлуді, яғни инвестициялық жобаны іске асыруға мүмкіндік беретін іскерлік-жоспардың сапалы дайындалуына мән беруді талап етеді. Бұл өз кезегінде жобалық несиеленуді жүзеге асыруға және жобаға қатысуға байланысты шешім қабылдауға мүмкіндік жасайды.

Жобалық несиелеудің өзіне тән объектісіне инвестициялық жоба жатады. Инвестициялық жобаға түсінік бермес бұрын жоба сөзінің мәніне тоқталайық.

Жоба - бұл белгілі бір бастапқы мәліметтері бар және нәтиженің (мақсаттың) болуын талап ететін және оны шешу тәсілдеріне негізделетін міндеттерді білдіреді.

Жобалардың келесідей түрлері болады: тұрғын үй немесе құрылыс объектісін салу, инвестициялау портфелін қалыптастыру, ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағдарламалары, кәсіпорынды қайта құру, жаңа ұйым құру, жаңа техника және технологиялар жасау, кинофильмдер шығару, аймақты дамыту және т.б.

Егерде жобаны іске асыру нәтижесі заттай объектілер (ғимарат, құрылыс, өндірістік кешен) болып табылса, онда жобаның анықтамасы келесідей түрде нақтылана түседі.

Жоба – заттай объектілерді және технологиялық процестерді іске асыруға қажетті материалдық, қаржылай, еңбек және басқа да ресурстар қамтитын техникалық және ұйымдастыру құжаттарын, сондай-ақ олардың орындалуына байланысты басқару шешімдерін және шараларын жасайтын немесе жұмылдыратын, көздеген мақсаттар төңірегінде қалыптасқан жүйе.

Инвестициялық жобаға төмендегідей екі жақты түсінік беруге болады:

біріншіден, ол - белгілі бір мақсатқа жетуді қамтамасыз ететін, қандай-да бір іс-әрекеттер кешенін қамтитын шаралар;

екіншіден, ол - қандай да бір іс-әрекеттерді жүзеге асыру үшін қажетті ұйымдастырушылық-құқықтық және есеп айырысу-қаржылық құжаттардың кешенін қамтитын жүйе.

Инвестициялық жоба – алға қойған мақсатқа жету үшін қандай да бір жобаға капитал жұмсаумен байланысты жасалатын ұйымдастыру-экономикалық шешімдердің жүйесін білдіреді.

Соңғы анықтама жобалық несиелеуге сәйкес келетін анықтама. Жобалық несиелеу бойынша *инвестициялау объектісіне* мыналар жатады:

салынатын, қайта құрылатын немесе кеңейтілетін кәсіпорын, ғимарат, құрылғылар;

жұмыс жасап тұрған кәсіпорында жаңа бұйым түрлерін өндіру;
өндірістің қауіпсіздігін арттыру немесе қоршаған ортаны қорғау;
басқа да инвестициялар.

Инвестициялау объектілерді мынадай белгілеріне байланысты жіктейді:

а) жобаның көлеміне қарай:

шағын жобалар (10-15 млн долларға дейінгі мөлшерде капитал жұмсауды қажет ететін, еңбек шығыны – 40-50 адам-сағаттық жобалар);

ірі жобалар (капитал жұмсалымы – 1 млрд доллар және одан жоғары, еңбек сыйымдылығы – 2 млн адам-сағат);

орта жобалар, яғни шағын және ірі жобалардың арасында болатын жобалар.

ә) іске асыру мерзіміне қарай:

қысқа мерзімді жоба (1 жылға дейін);

орта мерзімді жоба (1 жылдан 5-7 жылға дейін);

ұзақ мерзімді жоба (5 жылдан жоғары).

б) тәуелсіздік дәрежесіне қарай:

әр түрлі жоба (бірдей іске асатын және соның ішінде біреуін таңдауды қажет ететін);

өзара байланысты жоба (бірі бірінсіз іске асырылмайтын жобалар);

өзара тәуелсіз жоба (бірінің жүзеге асуы екіншісіне қарама-қайшылық тудыратын және өзара байланыссыз жобалар).

Шағын жоба - өндірісті кеңейту және шығарылатын өнім түрлерін арттыру жоспарын білдіреді.

Ірі жоба – ішкі және сыртқы нарықтағы сұранысты қамтамасыз ету үшін қажетті өнеркәсіп өнімдерін шығару жоспары.

Орта жоба - өндірісті қайта құру немесе техникалық жағынан қайта қаруландыру жоспары.

Жобалық несиелеуде *жобалық айналым* деген сөз қолданылады. Дүниежүзілік банкте қабылданған тәжірибеде жобалық айналымның өзіне тән кезеңдері болады (19-сурет).

Нарықтық қатынастар жағдайындағы жобалық несиелеудің күрделі сатысына *инвестициялау алдындағы кезең* жатады. Инвестициялық жобаны несиелеу үшін, біріншіден, жобаның тұжырымын жасау қажет, екіншіден, оның

тиімділігі бағалау керек, үшіншіден инвестицияның техникалық-экономикалық негіздемесін жасау қажет, төртіншіден, сапалы бизнес-жоспарды даярлап, оны іске асыру мәселелерін қарастыру керек.

I. Инвестициялау алдындағы кезең
Инвестициялық мүмкіндікті талдау
Жобаны даярлау (ТЭН не бизнес-жоспар құру)
Техникалық-экономикалық және қаржылық тиімділігін бағалау
Жоба бойынша шешім қабылдау
II. Инвестициялау кезеңі
Келіссөздер, контрактілер жасау
Жобалау
Құрылыс
Маркетинг
Оқыту
III. Жоба өнімін пайдалану кезеңі
Қабылдап алу және іске қосу
Құрал-жабдықты ауыстыру
Кеңею, жаңарту

19-сурет. Жобалық айналым кезеңі

Инвестициялық жобаларды қаржылық бағалау, жобаларды таңдауда және олардың негізін құруда басты рөл атқарады. Себебі, басқа жобаның талдауларында оң сипаттағы басқа талдаулардың бәрі оны іске асыруда мыналарды қамтамасыз етпесе қабылданбауы мүмкін:

- тауарларды немесе қызметтерді сатудан түскен табыс есебінен жобаға жұмсалған қаражат орнын толтырмаса;
- инвестицияның рентабелділігін қамтамасыз ететін пайда алу;
- инвестицияның белгілі-бір мезгілде өзін-өзі өтеуі.

Инвестициялық операциялардың мұндай нәтижелерінің нақтылығын анықтау, кез-келген жоба бойынша нақты активтерге қаражат жұмсаудың қаржылық және экономикалық параметрлерін бағалаудың басты міндеті болып табылады. Мұндай бағалауды іске асыру, біршама қиын, себебі, оған келесідей факторлар әсер етеді:

- біріншіден, инвестициялық шығындар бір-ақ рет немесе жобаның ұзақ уақыт жұмысы барысында бірнеше рет қайталануы мүмкін;
- екіншіден, инвестициялық жоба іске асырудан алынатын нәтиженің процесінің ұзақтығы (яғни, бір жылдан жоғары);
- үшіншіден, ұзақ уақыты операциялардың жүзеге асырылуы инвестицияның барлық аспектілерін бағалау барысында белгісіз жағдайларға, яғни тәуекел қателіктеріне әкелері сөзсіз.

Міне осы аталған факторлардың болуы, инвестициялық жобаны бағалаудың арнайы әдістерін жасау, соның негіздерінде инвестициялық жобаға ең төменгі мүмкіндіктердегі шешім қабылдаудың негізін жасауға мүмкіндік береді.

9.8 Инвестициялық жобаның тиімділігін бағалау

Инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау негізінен жобаға жұмсалған шығындардың қайтарымдылығын анықтауды сипаттайды.

Инвестициялардың тартымдылығын бағалау көрсеткіштеріне мыналар жатады:

- таза ағымдық құнды анықтау әдісі;
- инвестицияның рентабелділігін есептеу әдісі;
- ішкі пайда нормасын есептеу әдістері.
- инвестицияның өтелу мерзімін есептеу әдісі.

Инвестицияны талдаудың таза ағымдағы құнын анықтауға негізделген әдісін пайдалану, инвестициялық жобаны іске асыру нәтижесінде фирманың құндыдылығын арттыру мынадай екі бірдей алғышарттан туындайды:

1. кез-келген фирма өзінің бағалылығын жоғарлатуға ұмтылады;
2. әр уақыттағы шығындардың құны бірдей емес.

Таза ағымдағы құн (NPV) - бұл инвестициялық жобаны іске асырудан түсетін ақшалай түсімдер сомасы мен оларды ағымдағы дисконтталған құны және жобаны іске асыру үшін қажетті барлық шығындарды ағымдық құндарының дисконтталған сомасы арасындағы айырманы білдіреді.

$$NPV = \frac{CF_1}{(1+k)^1} + \frac{CF_2}{(1+k)^2} + \dots + \frac{CF_n}{(1+k)^n} - I_0 = \sum_{t=1}^n \frac{CF_t}{(1+k)^t} - I_0 \text{ немесе}$$

$$NPV = \sum_{t=1}^n \frac{CF_t}{(1+k)^t} - I_0$$

CF_t - (ағылшынша Cash flow) – ақшалай қаражаттардың t-уақыт кезеңінің соңына түсуі.

I_0 – (ағылшын. Investment) – бастапқы қаражаттар жұмсалымы.

Егерде жобаның таза ағымдағы құны NPV оң көрсеткішті көрсетсе онда инвестициялық жобаның іске асырудан фирманың бағалылығы артады, сөйтіп инвестициялау оның пайдасына жүреді, яғни ол жобаны тиімді жоба деп аталады.

Инвестицияның рентабелділігінің (PI) есебінің әдісі, бұл таза ағымдағы құнды анықтау әдістерін толықтырады. Инвестицияның рентабелділігі – инвестордың байлығының 1 теңгеге шаққандағы құндылығын анықтайтын көрсеткіш болып табылады. Рентабелділікті анықтау мынадай кестемен анықталады:

$$PI = \sum_{t=1}^n \frac{CF_t}{(1+k)^t} \Bigg/ I_0$$

Бұл инвестицияның рентабелділік көрсеткішті кейде “табыс-шығын” коэффициенті деп те атайды.

Егерде NPV оң санды көрсетсе, PI бірден жоғары болады (PI>1), ал егер NPV<0 болса онда PI<1 болады. Демек PI>1 үлкен болса онда мұндай инвестициялық жоба тиімді.

PI –ға көңіл бөлу яғни оны инвестициялаудың абсолюттік тиімділігі ретінде қару талдаушыға инвестициялық жобаны келесідей екі аспектіде зерттеуге мүмкіндік береді:

Біріншіден, оның көмегімен инвестициялық жобаның тұрақтылық шамасын білуге болады.

Екіншіден, PI инвестицияны талдаушылар үшін әртүрлі инвестицияларды саралаудың сенімді құралы болып табылады.

Инвестицияны бағалаудың қарапайым әдістер бұл ақшалай түсімдермен шығындарды дисконттау тұжырымдамасы сияқты, инвестицияның тиімділігін тура бағалауда ертеден және кеңірек қолданылып келе жатқан инвестицияны бағалау әдістері қатарына жатады. Бұл қарапайым әдіс қосымша ақпараттар алуға көмек береді және сәтсіз ақшалай қаражат жұмсау тәуекелдігін төмендетеді.

Инвестицияны бағалаудың ең басты қарапайым әдісі бұл **инвестицияның өтеу мерзімін** есептеу әдісі болып табылады.

Бұл әдіс инвестицияның бастапқы сомаларын жабу үшін мерзімін анықтаудан тұрады. Инвестицияның өтелу мерзімін (PP- payback period) есептеу формуласы келесідей:

$$PP = I_0 / CF_t^{(\Sigma)}$$

$$PP \text{ (payback period)} = - I_0 + CF_1 + CF_2 + CF_3 + \dots + CF_t = - I_0 + \sum_{t=1}^n CF_t$$

мұндағы,

PP - өтелу мерзімі

I_0 – бастапқы инвестициялар

$CF_t^{(\Sigma)}$ – инвестициялық жобаны іске асырудан түсетін ақшалай түсімдердің жылдық сомасы

Ішкі пайда нормасын есептеу әдісі. Ішкі пайда нормасы немесе инвестицияны өтеудің ішкі коэффициенті (IRR – internal rate of return). IRR – мәні жағынан инвестициялауға бағытталған қаражаттың өтелу деңгейін және табиғаты жағынан қаржылық менеджменттің басқадай аспектілерінде пайдаланатын пайыз мөлшерінің әр түріне жақын келеді. Экономикалық табиғаты жағынан, ішкі пайда нормасына ең жақыны:

Банктердің өз жинақ шоттарына қоятын табыстылықтың нақты жылдық мөлшері, (яғни күрделі пайыздық есептеу сызбасы бойынша есептелетін, бір жылғы табыстылықтың номиналдық мөлшері).

Күрделі пайыздық есептеу сызбасы бойынша бір жылға ссуда бойынша нақты пайыз мөлшері.

IRR – келтірілген пайданы келтірілген шығынмен теңестіретін дисконттық мөлшерлеме коэффициентін білдіреді. Бұл коэффициент таза келтірілген құныды нөлге теңестіреді. Бұл көрсеткіштің мәні инвестициялық жобаға жұмсалымның табыс деңгейінің шегін белгілейді.

Егер IRR-дің мәні r арқылы белгілесек, онда r -ді мынадай формуламен табамыз:

$$\sum_{t=0}^n \frac{CF_t}{(1+r)^t} - I_0 = 0 \text{ немесе } NPV = 0$$

Бұл көрсеткіштерді есептеуде арнайы калькуляторлар және кесте немесе график тұрғызу әдістері қолданылады.

IRR бойынша жобаны таңдау келесідей түрде жүзеге асырылады:

- а) егер $IRR > r$ – жоба тиімді
- ә) егер $IRR < r$ – жоба тиімсіз
- б) егер $IRR = r$ – жобаны қаржыландырудан таза пайда өзгермейді кез келген шешімді қабылдауға болады.

Жобалық несиелеуге және оның тиімділігін бағалауға байланысты отандық екінші деңгейдегі банктердің бірінің “Сарыарқа” фирмасын несиелеу тәжірибиесін мысалға келтірейік.

“Сарыарқа” фирмасының қызметіне сипаттама.

Бұл жоба бойынша Германия “Michael Weinig AG” компаниясының толық өндірістік циклінің технологиялық желісі негізінде терезе және есік көсіктерін дайындайтын цех құру жоспарланған.

Берілген жоба өзінің сапасы жағынан еуропалық стандартқа жауап беретін, ағаш терезелер мен ағаш көсіктерді өндіруді қарастырады.

Жобаның іске асырылуы үшін 1575601 АҚШ доллары қажет, соның ішінде:

- құрал-жабдық сатып алуға жасалған контрактіні төлеуге -796000 \$;
- қосымша құрылыс және монтаж жұмыстарына -150000 \$;

- тасымалдау, кеден алымдарын, бажын, ҚҚС төлеу шығыстары - 210942 \$;
- іске қосу мерзімінің шығындары - 100000 \$;
- көрінбейтін шығыстар - 30000 \$;
- айналым қоры - 260000 \$;
- банкке төлейтін комиссияндық ақы - 27659 \$.

“Сарыарқа” фирмасы 2005 жылдың екінші жартысынан бастап, аталған өндірісті құрумен айналысып келеді. 2005 жылы қараша айының 30-шы жұлдызында германияның “Michael Weinig AG” компаниясымен құрал-жабдықпен жабдықтау туралы контракті жасасады.

Негізгі қызмет түрі: құрылыс-монтаждық жұмыстарды орындау (азаматтық-өнеркәсіптік құрылыс, жер жұмыстар, жол құрылысын салу), құрылыс бұйымдары мен конструкцияларды өндіру, автокөлік қызметін көрсету, қойма қызметін көрсету, туризм, күзет, коммерциялық, делдалдық қызмет, ақпараттық, заңи, кеңес беру және маркетингтік қызмет көрсету.

Соңғы 2-3 жылдағы жылдық ақша айналым орта есеппен 4 млн АҚШ долларын құрайды.

“Сарыарқа” фирмасының қаржылық жағдайы тұрақты, салық органдары, банктер және жабдықтаушы компаниялар алдында қарызы жоқ.

Жеке немесе топтық тапсырыстар бойынша бағдарламасы бар, терезенің көсіктерін дайындауға мүкіндік беретін ЭЕМ-мен жабдықталған - “Униконконтроль-10/5” әмбебап станогының негізгі технологиялық желі болып табылады.

Жобаның басты мақсаты әлемдік стандартқа жауап беретін жоғарғы сапалы терезе және есік көсіктерімен нарықты толтыру болып табылады. Республикадағы құрылыс материалдарының нарығын оқып-білу, республикалық кәсіпорындардан шығарылатын мұндай типтегі өнімдердің жоқтығын куәландырған.

Бұл жоба республика тұрғындарының тұрғын үйге деген қажеттіліктерін қанағаттандыруға және тұрғын үй құрылысын дамытуға бағытталған 2005-2007жж. ҚР-да қабылданған “Тұрғын үй құрылысын дамыту бағдарламасының” міндеттеріне сәйкес келеді.

Бұл фирманың нарықта аталған өнімді шығаруға байланысты бәсекелестері бар. Өндірілетін өнімнің 40 пайызға жуығын Қырғызстан мен Ресей елдерінде сатуға болады деп күтілуде. Өнімді негізгі тұтынушылар республика тұрғындары болып табылады.

Төменде берілген 24- кестеде аталған фирманың жобалық құны берілген.

24-кесте .

Жобаның құны

(АҚШ долларында)

N		Ақшалай жұмсалымдар	Заттай жұмсалымдар	Барлығы
1	Цех ғимараты		261356	261356

6-кестенің жалғасы				
2	Жерді пайдалану құқы		65000	65000
3	Цех ғимараты бойынша құрылыс-монтаждық жұмыстарға кететін қосымша шығындар	150000		150000
4	Контрактіні төлеу – барлығы (1161600 еуро)	796000		796000
	оның ішінде:			
	- құрал-жабдық құны (1094600 еуро)	750110		750110
	- қосу-құру жұмыстары (58000 еуро)	39726		39726
	- персоналдарды оқыту (9000 еуро)	6114		6114
5	Брестен Алматыға тасымалдау құны	42500		42500
6	Тасымалдауды сақтандыру 1%	7500		7500
7	Қазақстандағы кеден алымдары мен бажы $800110 \times 0,002 = 1600$	1600		1600
8	Импортқа ҚҚС - 15% $801710 \times 0,15 = 120257$	120257		120257
9	Қосу кезеңінің шығындары (контрактіде көрсетілмегенінен басқа)	100000		100000
10	Көрінбейтін шығындар	30000		30000
	<i>Нәтижесі</i>	<i>1287942</i>	<i>326356</i>	<i>1614298</i>
11	Айналым қоры	260000		260000
12	Банкке комиссиялық ақы (2%)	27659		27659
13	Құрылыс кезінде есептелетін пайыздар	69147		69147
14	Өтелу мерзімі уақытында есептелетін пайыздар	172866		172866
	Барлығы	1817614	326356	2143970

Жобаның құны біршама жақын жасалған. Мұндағы құрал-жабдықтар құны, қосу-құру жұмыстары және қызмет көрсететін персоналдарды оқыту шығыстары, 12.07.2005 ж. Германияның аталған фирмасымен жасалған келісім шартта анықталып, бағасы келісілген.

Аталған жобаны қаржыландыру көздеріне қарай олардың өзара үлесін, оның ішінде банктің несиесінің үлесін анықтаудың маңызы бар. Ол туралы 25-шы кестеден көруге болады.

25-кесте.

Жобаны қаржыландыру көздеріне байланысты бөлу*

(АҚШ долларында)

N	Көздер	Барлығы	соның ішінде,		
			ақшалай бейнеленуі	заттай бейнеленуі	үлесі %
1	Ақшалай бейнеленген фирманың акционерлік капиталы	192659	192659		10,1
2	Заттай бейнеленген фирманың акционерлік капиталы	326356		326356	17,2
3	<i>Несие</i>	<i>1382942</i>	<i>1382942</i>		<i>72,7</i>
	Барлығы	1901957	13288240	326356	100,0

7-ші кестеден көріп отырғанымыздай барлық жұмсалатын сома 1901957 АҚШ долларын құрайды. Оның ішінде: жобаны іске асырудағы “Сарыарқа” фирмасының жұмсалымы - 519015 АҚШ доллары немесе **27,3%**-ті ал, несие жұмсалымы - 1382942 АҚШ долларын немесе **72,7%**-ті құрайды. Соңғы көрсеткіштен несиенің аталған фирманың айналым капитал шеңберіне қатынасу үлесінің өте жоғарылығын көруге болады.

Яғни, несие күрделі шығынға және айналым қорын толықтыру үшін 1382942 АҚШ доллары сомасында қажет. Ал, “Сарыарқа” фирмасының жобаланған цехының ғимараты бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары меншікті қаражат есебінен жүргізіледі.

Жобаны қаржылық талдау несиенің басты қайтару көзі болып табылатын “Сарыарқа” фирмасының ақшалай қаражат ағымын талдаудан басталады. Фирманың балансы мен пайда және зиян туралы есебі берілген.

Ақшалай қаражаттарды талдауға фирманың ақшалай қаражаттары қозғалысы туралы 5 жылға жасалған кестесі 26- кестемен берілген

26-кесте.

“Сарыарқа” фирмасының
ақшалай қаражаттарының ағымы

(мың АҚШ доллары)

Несие бергеннен кейінгі жылдар	1 жыл	2 жыл	3 жыл	4 жыл	5 жыл
Операциялық қызметі					
<u>Ақшалай қаражаттардың түсуі</u>					
Сату	1 063 398	2 515 754	2 515 754	2 515 754	2 515 754

8-кестенің жалғасы					
Барлық келіп құйылған ақшалай қаражат	1 063 398	2 515 754	2 515 754	2 515 754	2 515 754
<u>Ақшалай қаражаттардың жұмсалуды</u>					
Өнімнің өзіндік құны	772 162	1 639 217	1 639 217	1 639 217	1 639 217
Тауарлы – материалдық запастар	-534 231	73 795	0	0	0
Қысқа мерзімді алашақ қарыз	158 132	221 385	0	0	0
Алдағы уақыт шығындары	171 536	240 150	0	0	0
Қысқа мерзімді берешек қарыз	158 132	221 385	0	0	0
Еңбек ақы бойынша қарыз	67 000	93 800	0	0	0
Негізгі құралдардың тозуы	142 245	142 245	142 245	142 245	142 245
Бюджет алдындағы қарыз	6 940	9 005	0	0	0
Әкімшілік шығындары	69 833	167 600	167 600	167 600	167 600
Көрінбейтін шығындар	52 711	126 506	126 506	126 506	126 506
Кеден бажы мен алымдарын төлеу	58 511	140 427	140 427	140 427	140 427
Салықтық төлемдерді төлеу	24 195	150 822	156 008	161 194	166 380
Бір реттік комиссияларды төлеу	34 574	0	0	0	0
Барлық жұмсалған ақшалай қаражаттар	433 111	2 293 467	2 087 513	2 092 699	2 097 885
Операциялық қызмет нәтижесі	630 287	222 287	428 242	423 056	417 869
<u>Ақшалай қаражаттың жұмсалуды</u>					
Қаржылық қызмет					
Ұзақ мерзімді қарыздың ағымдағы төлемі	0	345 736	0	0	0
Банктің ұзақ мерзімді несиесі	0	-345 736	-345 736	-345 736	-345 736
Пайыздарды төлеу	69 147	69 147	51 860	34 574	17 287
Қаржы қызметінің нәтижесі	69 147	69 147	367 596	380 309	363 022
Мерзім басындағы қалдық	192 691	753 799	906 938	937 584	980 331
Мерзім соңындағы қалдық	753 799	906 938	937 584	980 331	1035 178

7-ші кестедегі мәліметтерден аталған фирманың ақшалай қаржаттар тасқынын есептеу үшін бес жылдағы ақшалай түсімдердің барлық сомасынан ақшалай жұмсалымдар сомасын шегеріп тастап, нәтижесінде мынадай көрсеткіштерге қол жеткіземіз, яғни ақшалай қаражаттар тасқыны: 1 жылы - 630 287 АҚШ долларын, 2 жылы - 222 287 АҚШ долларын, 3 жылы - 428 242

АҚШ долларын, 4 жылы - 423 056 АҚШ долларын және 5 жылы - 417 869 АҚШ долларын құрайды.

Бұл кестені талдаудан Фирманың банктен алатын несиені қайтарудағы негізгі көзінің, яғни ақшалай қаражаттарының жеткіліктілігін байқауға болады. Дегенмен де, бұл ақшалай қаражаттар тасқынының алдағы уақытқа байланысты жасалған болжау екендігін ескере отырып, оның алған несиені қамтамасыз етуін талап етеді. Несиенің кепілмен қамтамасыз етуі бұл екінші реттегі несиені қайтару көзін құрайды.

“Сарыарқа” фирмасының жоспарланған несиелері мынадай кепілмен қамтамасыз етіледі :

- баланстық құны 33977571 теңге немесе 536347 АҚШ доллары болатын “Сарыарқа” фирмасының 2005 жылғы 1-ші тамызға берілген баланс бойынша негізгі құралдардың құрамындағы 3 қабатты өндірістік-тұрмыстық ғимараты (2 қабаты - кеңсе және 1 қабаты- супермаркет);

- баланстық құны 33113831 теңге немесе 522712 АҚШ доллар үлгілік типтегі өндіріс ғимараты;

- құны 31081123 теңге немесе 490625 АҚШ доллары тұратын пластикалық терезелер мен есік өндіретін цехтың технологиялық құрал-жабдықтары;

Осы негізгі құралдардың жалпы құны 98172525 теңгені немесе 1549684 АҚШ долларын құрайды. Бұл негізгі құралдар басқа кепілге берілмеген және оған ешқандай да іздестіру жоқ.

Сонымен қатар, осы жоба бойынша сатып алғалы отырған, құны 750110 АҚШ доллары тұратын, кепіл баламасы 450066 АҚШ долларына тең құрал-жабдық кепілге берілуі мүмкін.

Кепіл болатын мүліктің жалпы құны 1999750 АҚШ долларын құрайды.

Бұл жобаның тиімділігін бағалауда да алдыңғы жобадағы пайдаланылған әдістер қолданылады.

*1 .Банк несиесінің өтелу мерзімі (PP)**

Жылдар	Ақшалай қаражаттардың қозғалысы (АҚШ доллары)	Сомасы, (АҚШ доллары)
0	-1382942,00	-1382942,00
1	630 287	-752655,36
2	222 287	-530368,33
3	428 242	-102126,78
4	423 056	320928,73
5	417 869	738798,21

Банк несиесінің өтелу мерзімі = 1 жыл + 752655/222287 = 3 жыл 4 ай

Мұндағы 1-ші жыл жеңілдікпен берілгендіктен жобаның мерзімін бағалау екінші жылдың табысы пайдаланылып және оның бастапқы инвестициялау сомасына қатынасы арқылы есептеледі.

1. Таза ағымдағы құн (NPV) *

Жылдар	Ақшалай қаражаттар қозғалысы (АҚШ доллары)	Пайыз мөлшері (5%)	Ағымдағы құн, (АҚШ доллары)
0	-1382942	1	-1382942
1	630 287	0,95238	600272,39
2	222 287	0,90703	201621,01
3	428 242	0,86384	369932,18
4	423 056	0,8227	348047,77
5	417 869	0,78353	327413,28

Таза ағымдағы құн шамасы - 464344,63 АҚШ долларына тең.
Бұл көрсеткіштің оң мәнге ие болуы жобаның тиімділігін көрсетеді.

3. Инвестиция рентабельдігі (PI) *

Бастапқы инвестициялар, \$	Таза ағымдағы құн, \$	Инвестицияның рентабельдігі
1382942,00	464343,52	0,34

Инвестицияның рентабельдігінің мәні - 0,34 -ке тең

4. Ішкі пайда нормасы (IRR) *

Жылдар	Ақшалай қаражаттар қозғалысы, \$
0	-1382942,00
1	630287
2	222287,03
3	428242
4	423055,52
5	417869,48

Ішкі пайда нормасы 17%-ке тең

Жобаны несиелеу шарты келесідей:

1. Пайыз мөлшері – 5 % жылдық.
2. Несиенің берілу мерзімі -5 жыл.
3. Жеңілдік жылы – 1 жыл.

Сондай-ақ банк несиенің және оған есептелетін қайтару пайыз сомасының қайтарылу графигін белгілейді. Оны 27-кестеден көруге болады.

**“Сарыарқа” фирмасының несиені
және пайызды қайтару графигі**

Жыл	Есептік жылдың басындағы негізгі қарыздың сомасы	Пайызды төлеу сомасы	Негізгі қарызды төлеу сомасы	Қайтаруға тиісті негізгі қарыз сомасы
1	1382942	69147	0	1382942
2	1382942	69147	345736	1037207
3	1037207	51860	345736	691471
4	691471	34574	345736	345736
5	345736	17287	345736	0

9.5 Несиелік қабілетті және тәуекелді бағалаудағы шетел тәжірибесі

Дүние жүзілік банктің мәліметтеріне сәйкес, несиелер бойынша банктердің зиян шегуінің басты себебіне, 67% - ішкі факторлар, ал 33%-ы сыртқы факторлар үлесі келеді (28-кесте).

28-кесте.

Несиелеу барысындағы банктің зиян шегуіне әкелетін факторлар

<i>Ішкі факторлар</i>	67%	<i>Сыртқы факторлар</i>	33%
Қамтамасыз етудің жетіспеушілігі	22%	Компанияның банкроттығы	12%
Несиеге деген өтінішті оқып үйрену барысында ақпаратты дұрыс бағалауы	21%	Кредиторлық қарызды қайтаруын талап етуі	11%
Алдын ала ескерту белгісіне кеш көңіл бөлуі және операциялық бақылаудың әлсіздігі	18%	Жұмыссыздық/ Жанұя мәселелері	6%
Қамтамасыз етілудің сапасының нашарлығы	5%	Ұрлық/Алдау	4%

Несие бойынша банктердің зиян шегуіне себеп болатын сыртқы факторлар қатарында бірінші орында компаниялардың банкроттығының тұруы тегін емес. Банктің кез келген қарыз алушысы мұндай факторларды басынан кешуі мүмкін. Банкроттықтың басты себептеріне басқарудағы кемшіліктері, тиімді басқаратын ақпараттар жүйесінің болмауы, нарық жағдайларындағы өзгерістер мен бәсекеге төзе алмауы, өз мүмкіндіктерінің шамадан тыс көбейіп кетуі, яғни

ресурстардың жоқтығына қарамастан компанияның жылдам кеңеюі, акционерлік капиталдың жетіспеушілігі және заемдық қаражаттардың үлесінің жоғарылығы жатады.

Шетелдік банктердің тәжірибесінде қарыз алушының несиелік қабілетін жете бағалау несиелік тәуекелді төмендетудегі басты шара болып табылады.

Қарыз алушыға кандидатты бағалау жүйесінде ағылшынның клирингтік банктерінде кеңінен пайдаланып келетін әдістердің біріне *PARSER* немесе *CAMPARI* әдістерін жатқызуға болады.

PARSER:

P- Person- потенциалды қарыз алушы туралы ақпарат, оның беделі;

A- Amount- сұрайтын несие сомасының негіздемесі;

R- Repayment- несиені қайтару мүмкіндігі;

S- Security- қамтамасыз ету құралы;

E- Expediency- несиенің мақсаттылығы;

R- Remuneration – несиені беру тәуекелі үшін банктің пайыз мөлшерлемесі.

CAMPARI:

Character - қарыз алушының беделі;

A- Ability - қарыз алушының бизнесін бағалау;

M- Means – ссудаға деген қажеттілігін талдау;

P- Purpous – несиенің мақсаты;

A-Amount – несие сомасының негізделуі;

R- Repayment – несиені қайтару мүмкіндігі;

I- Insurance – несиелік тәуекелден сақтандыру әдісі.

Американдық банктер тәжірибесінде потенциалды қарыз алушыларды дұрыс таңдай білуде “*алты си ережесі*” қолданылады:

- **character** (қарыз алушының сипаты);
- **capacity** (қаржылық мүмкіндігі);
- **cash** (ақшалай қаражаты);
- **collateral** (қамтамасыз етуі);
- **conditions** (жалпы экономикалық жағдай);
- **control** (бақылау).

Қарыз алушының сипаты бұл оның беделін, жауапкершілік дәрежесін, қарызды өтеуге дайындығын және қалуын білдіреді.

Қарыз алушының қаржылық жағдайы оның несиені қайтару қабілетін сипаттайды. Ол оның кірістері мен шығыстары және олардың алдағы уақыттардағы өзгеру перспективаларын нақты талдау көмегімен анықталады.

Ақшалай қаражаты. Жалпы қарыз алушының алған несиені қайтаруының үш көзі болады:

1. *Нақты ақшалар тасқыны;*
2. *Активтерді сату;*
3. *Қаржыларды тарту.*

Көрсетілген көздердің кез келгені несиені қайтаруға арналған қаражаттың қалдық сомасын қамтамасыз ете алады. Бірақ та банктер несиені қайтарудың

негізгі көзі ретінде нақты ақшалар тасқынын маңызды санайды, себебі активтерді сату қарыз алушының балансын нашарлатып жіберуі мүмкін деп санаса, ал қосымша қаражат тарту банктің кредитор ретіндегі позициясын бәсеңдетеді.

Нақты ақшалардың жетіспеуі қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлығын сипаттайтын басты көрсеткіш болып табылады.

Нақты ақшалар тасқыны мынадай түрде анықталады:

$$\begin{aligned} \text{Нақты ақшалар тасқыны} &= \text{Таза пайда} + \text{Амортизация} \\ &+ \text{Кредиторлық қарыз} \\ &- \text{Тауарлы-материалды} \\ &\quad \text{құндылықтар қоры және} \\ &\quad \text{дебиторлық қарыз} \end{aligned}$$

Бұл формуланың артықшылығы - оның көмегімен несиелік қызметкер қарыз алушының менеджерлерінің біліктілігін және тәжірибесін, сол сияқты қарыз алушының жұмыс жасайтын нарығының жағдайын анықтай алады.

Қамтамасыз етуі. Сондай-ақ банк қарыздың қамтамасыз етілуі яғни, оның жеткіліктілігіне, сапасына және қарыздың қайтарылмау жағдайында оның өтімділік дәрежесіне мән береді.

Экономикалық жағдай. Несиеге деген өтінішті қарау барысында банк жалпы шарт ретінде елдегі іскерлік жағдай және оның банк жұмысына, сол сияқты қарыз алушының жағдайына тигізер ықпалын сипаттайтын экономикалық конъюктуралық жағдай, бәсекелестерінің болуы, салық, баға және т. б. қарастырады.

Бақылау. Қарыз алушының несиелік қабілетін бағалаудағы соңғы факторға бақылау жатады. Мұнда өзгерген заңдылықтар, құқықтар, экономикалық және саяси жағдайлардың қарыз алушы қызметіне қаншалықты әсері болады деген сияқты сұрақтарға жауап іздейді.

Жоғарыда атлаған коэффициенттерді талдап болғаннан кейін, компанияның борыштық тұрақсыздыққа ұшырау қауіпін талдауда батыс экономисі Э. Альтманның формуласын немесе Z – талдау формуласын пайдалануға болады. Альтманның формуласы екі және бес факторлы моделге негізделген.

Альтман индексінің мәні

Альтман индексінің мәні	Банкротқа ұшырау қауіпі
> 1,8	Өте жоғары
1,81 – 2,7	Жоғары
2,71-2,99	Орташа
3,0 <	Төмен

Біздің тәжірибемізде қаржылық коэффициенттерді толық талдау арқылы, қарыз алушының борыштық тұрақсыздыққа ұшырауын алдын-ала болжауға мүмкіндік беретін бес факторлы моделін пайдалану біршама тиімді.

$$Z = 3,3K1 + 1,0K2 + 0,6K3 + 1,4K4 + 1,2K5$$

мұндағы:

Z – борыштық тұрақсыздықтан алшақтық дәрежесі;

K1 – активтердің рентабельділік коэффициенті, яғни салықтар мен пайыздарды төлегенге дейінге пайданың активтердің жалпы сомасына қатынасы;

K2 – барлық активтерді қайтарымдылығы, яғни сатудан түскен түсімнің активтердің жалпы сомасына қатынасы;

K3 - меншікті капиталдың нарықтық құны бойынша өтеу коэффициенті, акционерлік капиталдың нарықтық құндарының (барлық айналыстағы акциялар құндарының) қысқа мерзімді міндеттемелерге (қарыздың баланстық құнынына) қатынасы. Қазіргі уақытты Қазақстанда көптеген компаниялардың акцияларының нарықтық құндарына қатысты нақты және шынайы ақпараттар жоқ десе болады, сондықтан да оның орнына активтердің жалпы сомасының жалпы заемдық қаражаттар құнына қатынасын есептеу керек.

K4 - активтердің рентабельділік коэффициенті, яғни бөлінбеген пайданың активтердің жалпы сомасына қатынасы;

K5 - активтердегі айналым қаражаттарының үлесі, яғни ағымдағы активтердің ұзақ мерзімді және айналым активтеріне қатынасы.

Z талдауы нәтижесінде компанияның борыштық тұрақсыздыққа ұшырау ықтималдығы мынадай мәндермен анықталады:

Егер Z-тің мәні 1,81-ден төмен болса, онда компанияның борыштық тұрақсыздыққа ұшырау ықтималдығы 1 жылдан соң 95%, 2 жылдан соң 72%, 3 жылдан соң 48%-ды құрайды;

егер Z-тің мәні 1,81 – 2,99-ға тең болса, онда компания жоғары тұрақтылыққа ие;

егер Z-тің мәні 2,99-дан жоғары болса, онда компания өте жоғары тұрақтылыққа ие.

Мұндай талдаудың нәтижелеріне сену үшін қарыз алушының өндірістік және қойма орындарына барып көз жеткізу қажет.

Әлемдік банктік тәжірибеде несиелік тәуекелді бағалауда мынадай көрсеткіштер қолданылады:

1. Активтер сапасындағы коэффициенттер:

а) $K1$ = Несие бойынша зияндар/Несие бойынша қарыздың орташа сомасы

б) $K2$ = Несие бойынша зияндар/Несиелердің жалпы сомасы

Екі коэффициентте ($K1$ және $K2$) банктердегі активтердің сапасын бағалау үшін пайдаланылады. $K1$ - дің критериялды деңгейі Солтүстік Американың банктері үшін 0,5 – 1,0%, ал $K2$ -кі 0,7 – 1,5%. Оңтүстік Американың банктерінде (үмітсіз қарыздар бар болса) $K1$ коэффициентінің деңгейі 1,5 – 2,0%. Солтүстік Америкада 1980 жылдардың басы мен ортасында жылжымайтын мүлікті несиелеу саласындағы дағдарысқа байланысты

ипотекалық несиелер бойынша көптеп шығындануы кезеңінде К1-дің мәні 1%-ке жуық болған. Ал қазіргі кезде американдық банктерде К1 шамамен 0,45 – 0,6%-ті құрайды.

1. Тәуекелге, шағылған маржа (RAM) =

$$\text{Таза пайыздық табыс} - \text{Несие бойынша зиян} \\ = \frac{\quad}{\text{Активтер}}$$

Тәуекелге шағылған маржа (RAM – risk adjusted margin), - бұл несиелік тәуекелге шағылған жалпы пайыздық маржа (GIM- gross interest margin). Халықаралық деңгейде танылған нормалар қатарында RAM көрсеткіші болмағанмен де шетелдік банктер оны несиелік тәуекел деңгейін бағалауда кеңірек қолданады. Бұл жерде статистикалық мәліметтер, оның оңтайлы мәнінің 3–3,5%-ды құрайтынын куәландырады.

$$\text{Таза пайыздық маржа (NIM)} = \frac{\text{Таза пайыздық табыс (NII)}}{\text{Активтер}}$$

$$\text{Жалпы пайыздық маржа (GIM)} = \frac{\text{Таза пайыздық табыс} + \text{Басқа да табыстар}}{\text{Активтер}}$$

2. Проблемалық несиелер/ Несиелердің жалпы сомасы

3. Бір қарыз алушыға келетін несие/ Банктің меншікті капиталы

Халықаралық банктік тәжірибеде банктердің бір қарыз алушыға келетін несиенің сомасы банктің меншікті капиталының 25%-нан аспауы тиіс. Бұл әрине несиенің үлкен мөлшерін білдіреді.

4. Банкпен тығыз байланысты қарыз алушыларға берілетін несиелер/Банктің меншікті капиталы.

Банкпен тығыз байланысты қарыз алушыларға банктің құрылтайшыларын, директорларын, акционерлерін және банкпен тікелей байланыста болып, несие алу барысындағы жеңілдіктерді пайдаланатын басқадай қарыз алушылар жатады.

Бақылау сұрақтары:

1. Корпоративтік клиенттерді несиелеу дегеніміз не?
2. Қарыз алушы несиелік қабілетін бағалау көрсеткіштері не жатады?
3. Шетел тәжірибесінде қандай әдістер көмегімен несиелік қабілетке баға беріледі?
4. Жобалық несиелеу дегеніміз не?
5. Инвестициялық жобының тиімділігін бағалау әдістеріне не жатады?

10 -тарау. Жеке тұлғаларды несиелеуді ұйымдастыру

10.1 Тұтыну несиесін беру

Қазіргі кезде екінші деңгейдегі банктердің жеке тұлғаларға беретін несиеліріне тұтыну және ипотекалық несиелер жатады.

Тұтыну несиесінің мынадай түрлері қолданылуда:

- *автомобильдік несие;*
- *ұзақ мерзімде пайдаланылатын тауарлар сатып алуға берілетін несие;*
- *тұрғын үйді жөндеу жұмыстарына берілетін несие;*
- *аса қажеттіліктерге (оқу, емделу, демалу және т.с.с) берілетін несие*

Мұнда автомобильдік несие бойынша жаңа және жүрілген автомобильдерді банк несиесі көмегімен алуға болады.

Ұзақ мерзімде пайдаланылатын тауарларға мыналар жатады:

- жиһаз;
- сантехника;
- аудио-видео-және тұрмыстық техникалар;
- компьютер және оргтехника;
- басқа да тұтыну тауарлары.

Тұрғын үйді жөндеу жұмыстарына: үйдің ішінде және сыртында құрылыс және басқа да жөндеу жұмыстарын жүргізу жатады.

Мысалға 2006 жылғы Альянс банкінен автомобиль несиесін беру тәжірибесін қарастырайық.

Автомобиль несиесін беру шарттары мынадай:

Несиe валютасы – теңге, АҚШ долларында, еуро.

Несиe берілетін мерзім – валюта түріне қарамастан, 60 ай немесе 5 жыл.

Несиенің төменгі сомасы – 150000 теңге немесе басқа валютадағы баламасы.

Несиенің жоғарғы сомасы кепілдік нысанының құнына байлансты болады.

Алғашқы жарна:

- үшінші тұлғалардан сатып алынатын автомобиль үшін - 30 %.
- автосалонда сатып алынатын жаңа автомобиль үшін - 15%.

Кепілдікпен қамтамасыз ету:

- алғашқы жарна болған жағдайда – сатып алынатын автокөлік;
- алғашқы жарна болмаған жағдайда – жылжымайтын мүлік, мемлекеттік бағалы қағаздар, жинақ шотындағы қаражат, заңды тұлғаның кепілдігі және сатып алынатын көлік.

Кепілдікке қабылданатын автомобилді пайдалану мерзімі:

- ТМД, Оңтүстік Кореяның – көп дегенде 7 жыл;
- алыс шетелдің - көп дегенде 15жыл.

Банк комиссиялары:

- несиe өтінішін қарастыру үшін – банк тарифіне сәйкес;
- несиe беру үшін – теңгемен 0,3%, валютамен 0,9%

Сонымен қатар клиенттерге есептеу әдістемесі ыңғайлы болуы үшін төмендегідей кестеде автомобиль алуға арналған ай сайынғы төлемдерді төлеу мысалдарын көрсетуге болады.

Автомобиль құны, USD	Алғашқы жарна	Несие сомасы	Ай сайынғы төлем, USD			
			6 ай	1 жыл	3 жыл	5 жыл
5000	15 %,	4250	737,54	381,6	145,25	98,89
	30%,	3500	610,86	317,56	123,05	85,11
10000	15 %,	8500	1475,07	763,19	290,51	197,78
	30%,	7000	1 221,71	635,12	246,10	170,23
	15 %,	17000	2950,15	1526,38	581,02	395,96
	30%,	14000	2443,42	1270,23	492,20	340,45

Жеке тұлғаны тұтынушылық несиелеу үрдісі мынадай кезеңдерді қамтиды:

1-кезең. Қарыз алушымен сұхбаттасу және оның өтінішін қабылдау. Жеке тұлғамен сұхбаттасу және оған кеңес беруді банктің фронт-кеңсесінің қызметкері - несиені менеджері жүзеге асырады. Алдын ала сұхбаттасу барысында несиені менеджері клиенттің қандай мақсатқа несиені алуды қалайтынын, қандай сома сұрайтынын, қанша мерзімге алатынын және кепілге қандай мүлікті ұсынатындығы туралы ақпараттарды біледі. Банк тарапынан клиентке берілетін несиенің шарттарымен таныстырады.

Егер осындай сияқты шарттармен клиент келіскен жағдайда несиені менеджері клиент мынадай құжаттарды талап етеді:

- қарыз алуға сауалнама-өтініші;
- жеке куәлігінің көшірмесі.
- СТТН көшірмесі.
- Соңғы 6 немесе 12 айға бөлініп көрсетілген жалақы және басқа табыстары туралы жұмыстан берілетін анықтама.
- Жұмыс стажы туралы жұмыс орнынан анықтама.
- Үй кітабының көшірмесі;
- Кепілдік нысанына құқық беретін құжаттар;
- Кепілдік берушінің отбасылық жағдайын растайтын құжаттар (заңды некеде тұрса, неке тура куәліктің нотариальды түрде куәландырылған көшірмесі, некеде тұрмаса, онда кепілге қойылатын мүлікті сатып алу кезінде некеде тұрмағандығы туралы нотариалды түрде куәландырылған мәлімдемесі (түпнұсқасы), кепілдік берушінің жұбайының және басқа қосымша иегерлерінің нотариалды түрде куәландырылған келісімі (түпнұсқасы).

**Банктік займды алуға арналған сауалнама нысаны
(жеке тұлғаларға арналған)**

1. Жеке басы туралы мәліметтер

	Қарыз алушы	Теңқарыз алушы
Тегі	Тасмағанбет тегі	Мақыштегі
Аты	Бақытжан	Үкіжан
Әкесінің аты	Жапарбайұлы	Биханқызы

Туған жылы	15 қараша 1968ж	9 тамыз 1968ж
Туған жері	Байқоңыр кеңшары.	Байқоңыр кеңшары
СТТН	600610178371	600610123561
Жеке куәлігінің №	004742233	004742236
Кіммен берілген	ҚР ИМ	ҚР ИМ
Берілген күні	27.01.1998ж	26.01.1998ж
Жарамды уақыты	15.11.2013ж	09.08.2013ж

2. Сұрайтын несиенің шартты

Сомасы	1 200000 теңге
Мерзімі	3 жыл
Бастапқы салымы	400000
Несиенің мақсаты	Автомобиль сатып алу
Несиенің қамтамасыз етілуі	3 бөлмелі пәтер

3. Мекен-жайы

	Тіркеуде тұрған жері	Нақты тұратын жері
Индекс	480055	480055
Қала	Алматы қ.	Алматы қ.
Көшесі	М. Жалел	М.Жалел
Үй	3	3
Пәтері	10	10
Телефоны	71-01-80	71-01-80

4. Жанұя құрамы

Туысқандық дәрежесі	Аты-жөні	Жасы, әлеуметтік мәртебесі
қызым	Жапарбайтегі Әзиза	15 жаста, оқушы
ұлым	Жапарбайтегі Абай	13 жасты, оқушы

5. Білім туралы мәліметтер

Білімі	Оқу орны	Мамандығы
Жоғары	Орталық-Азия университеті	заңгер

6. Жұмысы туралы мәліметтер

Жұмысбастылығы	Қарыз алушы	Теңқарыз алушы
Негізгі жұмысы		
Ұйымның атауы	ПД	Қазақмыс корпорациясы
Мекен-жайы	Сатпаев көшесі, 23/45	
Ұйымда жұмыс жасау уақыты	20 жыл	15 жыл
Қызметі	Бөлім бастығы	Лаборатория меңгерушісі
Жұмыс телефоны	76-55-00	76-23-03
Қосымша жұмысы		
Ұйымның атауы		
Мекен-жайы		
Ұйымда жұмыс жасау уақыты		
Қызметі		
Жұмыс телефоны		

7. Жанұяның мүлігі туралы мәліметтер

Атауы	Тұрған жері	Нарықтық құны	Иесі
3 бөлмелі пәтер	Алматы қ. М.Жалел көшесі, 3/10	1 280 млн теңге	Тасмағанбет тегі Б.Ж

8. Несие алудағы тәжірибесі

Атауы	Несие сомасы	Алған күні	Қайтарған	Қалған қарызы
-------	--------------	------------	-----------	---------------

			күні	
БанкТұранӘлем	600000 теңге	12.10.2004ж	12.10.2008ж	300000 теңге

9. Кепілде тұрған жанұяның мүлкі туралы мәліметтер

Атауы	Кепіл мүлкін ұстаушы	Кепілдік құны	Кепілден алу уақыты
3 бөлмелі пәтер	БанкТұранӘлем	896 000	12.10.2008ж

10. Жанұяның табыстары туралы мәліметтер

Айлық табысы	Қарыз алушы	Теңқарыз алушы
Негізгі жұмыс орнындағы жалақысы	360 000 теңге	200000 теңге
Қосымша жұмысы бойынша жалақысы		
Кәсіпкерлік табысы		
Жалға беруден алатын табысы		
Зейнетақысы, шәкіртақысы		
Салымы және бағалы қағаздары бойынша алатын пайыздары		
Өзгелері		

10. Жанұяның шығыстары туралы мәліметтер

Айлық шығыстары	Қарыз алушы	Теңқарыз алушы
Бірінші қажеттіліктегі тауарлар (тамақ, киім, және т.б.)	50000	50000
Коммуналдық және телефон қызметі үшін төлемдер	15000	
Ұялы байланыс, Интернет, кабельдік теледидар шығыстары	15000	10000
Көлікке кететін шығыстар	10000	10000
Жылжымайтын мүлікті жалдауға кететін шығыстар		
Білім алуға жұмсалатын шығыстар	10000	
Мәдени демалыс шаралары, спортпен айналысы шығыстары	50000	20000
Өзге несиелер үшін төлемдер	20000	
Туысқандарға көмек	10000	
Өзгелері	20000	10000
Барлығы	200000	100000

11. Сатып алатын тауарлары туралы мәліметтер

Сатушының атауы немесе аты-жөні	Электроника дүкені
Тауардың атауы	Теледидар
Тауардың сипаты	LG, диагоналы, сұйық кристалды экраны бар

Құны	5000 АҚШ доллары		
Бастапқы жарна сомасы	1500	несиенің сомасынан 30 %	

12. Сатып алатын автомобилі туралы мәліметтер

Сатушының атауы немесе аты-жөні	Тойота орталығы		
Маркасы	Тойота камри		
Шыққан жылы	2006ж		
Двигатель көлемі	2,2		
Құны	20000 АҚШ доллары		
Бастапқы жарна сомасы	3000 АҚШ доллары, несиенің сомасынан 15 %		

13. Сатып алатын пәтері немесе үйі туралы мәліметтер

Үйдің атауы (пәтер/үй, бөлмелерінің саны)	3 бөлмелі пәтер		
Мекен-жайы	Жетісу -1, 12 үй 25 пәтер		
Телефоны	22-21-12		
Сатушының аты-жөні	Құсайынов Эдуард		
Жалпы көлемі, шаршы метр	84	Тұрғын алаңы, шаршы метр 66	
Ғимараттағы қабат саны	9	Қабаты 8	
Жер телімшесінің көлемі			
Үйдің келісілген құны	100000 АҚШ доллары		
Бастапқы жарна сомасы	30000	несиенің сомасынан 30%	

Ескерту: Сауалнама қарыз алушының несиелік менеджерімен сұхбаттасуынан кейін толтырылып, оған оның қолы қойылады.

2-кезең. Клиенттің несиелік құжаттарына несиелік және заңи сараптамалар жүргізуді қамтиды.

Несиелік сараптаманы несиелік сараптаушы жүргізуге тиіс. Несиелік сараптама нәтижесінде қарыз алушының төлем қабілеті мен несиелік қабілеті анықталады. Несиелік қабілеті бағалауда отандық банктер тәжірибесінде мынадай көрсеткіштер қолданылады:

1) Негізгі қарыз төлемінің айлық мөлшері (НҚАТ) = Несиенің мөлшері / несиенің мерзімі

2) Сыйақы мөлшерлемесі бойынша төлемінің айлық мөлшері (СМАТ) = Несиенің мөлшері * сыйақы мөлшерлемесі / 12 ай;

3) Негізгі қарыз және сыйақы мөлшерлемесі бойынша төлемінің айлық мөлшері (НҚСАТ) = НҚАТ + СМАТ

4) Таза табыс (ТТ) = Жалпы табыс – салықтық және басқа да төлемдер

5) Нақты несиелік қабілеті (ННҚ) = НҚСАТ / ТТ

Нақты несиелік қабілетінің мәні жобамен 35-45%-дан төмен болмауы тиіс.

Демек, осы көрсеткіштерді пайдаланып және несие алу үшін тапсырған құжаттарды пайдаланып, қарыз алушының төлем қабілеттігін анықтау тәжірибесіне мысал келтірейік.

Ол үшін Б.Ж. Тасмағанбеттегі деген азаматтың айталық автомобиль несиесін алуға берген сауалнамасын пайдалану қажет. Ондағы сұралатын несие сомасы 2176000 теңге немесе 17000 АҚШ доллары (1 АҚШ доллары = 128 теңге), мұндағы жана автомобильдің нарықтық құны – 2 560000 теңгені (немесе 20000 АҚШ долларын) құрайды. Қарыз алушының қосатын бастапқы жарнасы 15 %, яғни 384 000 теңге немесе 3000 АҚШ доллар. Автомобиль несиесін 60 айға, 18 % жылдық сыйақы мөлшерлемесінде сұрап отыр делік. Ол кісінің жанұялық айлық табысы – 560 000 теңге және кепілге жылжымайтын мүлік қояды.

Жоғарыдағы көрсеткіштер көмегімен қарыз алушы Б.Ж. Тасмағанбеттегінің төлем қабілетін бағалау нәтижесі мынадай:

Негізгі қарыз төлемінің айлық мөлшері (НҚАТ) = 2 176000 теңге : 60 ай = 36267 теңге

*Сыйақы мөлшерлемесі бойынша төлемінің айлық мөлшері (СМАТ) = 2 176000 теңге * 0,18 : 12 ай = 32640 доллары*

Негізгі қарыз және сыйақы мөлшерлемесі бойынша төлемінің айлық мөлшері = 36267+ 32640 = 68907 теңге

Таза табыс (ТТ) = 560 мың теңге - 300 мың теңге = 200 мың теңге

Нақты несиелік қабілеті (ННҚ) = 68907 теңге : 200000 теңге = 0,34 немесе 34%

Сонымен, қарыз алушымыз төлем қабілеттігі жеткіліксіз, бірақ оған кепілге қоятын мүлкін ескере отырып, несие беруге болады.

Несиелік сарапшы жоғарыдағы есептеулердің нәтижелері негізінде Несиелік комитеттің қарауына арналған несиелік сараптама қорытындысын жасайды.

Несиелік құжаттарға заңи сараптаулар кезінде қарыз алушының азаматтығы, оның құжаттарының заңдылығы және кепіл затына құқық беретін құжаттардың шынайылығы мен қарыз алушының меншікі құқығын тексереді.

Осы кезеңдегі келесі бір маңызды қадам кепілге қоятын затын бағалау. Кепіл затын бағалауды тәуелсіз бағалау немесе банктің өзінің бағалаушылары жүзеге асыруы мүмкін. Айталық, кепіл заты ретінде 2 бөлмелі пәтер ұсыналады. Бағалаушы бағалау нәтижесі бойынша төмендегідей нысанда Несиелік комитетке есеп беру құжатын даярлауды.

ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК ОБЪЕКТІСІН БАҒАЛАУ ТУРАЛЫ ЕСЕП БЕРУ

«СарыАрқа»ЖШС директоры
Өмірбай А.С.

« ___ » _____ 2006ж.

Алматы қ.

15.11.2006ж.

Объекті қаралғаннан кейін, Астана қаласындағы Қазақстан Республикасының әділет Министрлігінің тіркеу қызметі Комитетімен 14.02.2002ж. берілген № 3Т – 0001 (23270 – 1910 - ЖШС) мемлекеттік лицензия негізінде, тәуелсіз бағалаушы «СарыАрқа» ЖШС нің директоры А.С.Өмірбайдың жауапкершілігімен мекен-жайы Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі, 23 үй, 25 пәтер болып табылатын үш бөлмелі пәтердің сараптамасы жүргізілді.

Қарыз алушы: Тасмаганбетегі Б.Ж.

Көрсетілген құжаттар:

Сату-сатып алу келісім-шарт № р.8 – 7041, 21.04.2001ж.

Алматы қаласындағы пәтердің жоспары 03.10.2006ж.

Объектінің сипаттамасы

Объектінің орналасу жері:

Үш бөлмелі пәтер Алматы қаласында, Бостандық ауданында, мекенжайы: Сәтбаев көшесі, 23 үй, 25 пәтерде орналасқан.

Бағалау мақсаты:

Пәтердің нарықтық және кепілдік құнын анықтау. Жалпы көлемі 68,2 шаршы метр, оның ішінде: 45,10 ш.м. – тұрмысты, 17,70 ш.м. – көмекші.

Бағалау объектісінің қысқаша сипаттамасы

Үш бөлмелі пәтер бес қабатты үйдің төртінші қабатында орналасқан.

Пәтердің меншік иесі:

Тасмагамбеттегі Б.Ж.

Меншік құқығы расталған:

Сату-сатып алу туралы келісім шартымен № р.8 – 7041, 21.04.2001ж

Пәтер 2006 жылдың 10 қазан айына жақсы жағдайда тұр. Пәтерде: зал, екі ұйықтайтын бөлме, ас бөлмесі, коридор, дәретхана және жуынатын бөлме бар.

Пәтерде санитарлық техникасы қойылған (жуынатын бөлмеде және ас бөлмесінде раковиналар бар).

Терезелері ағаштан жасалған және әйнектері қойылған.

Пәтерді зерттеу кезінде пәтердің жоспарының Алматы қаласының жылжымайтын мүлік орталығының жоспарымен қарама-қайшылықтар болған жоқ..

Қысқаша сипаттама (кесте түрінде)

Аты	Ішкі құрылысының сипаттамасы
Қабат	4 (5)
Ауданы	68,2 ш.м. (45,10 ш.м. – тұрмысты, 17,7 ш.м. – көмекші)
Ғимараттың қабырғалары	Панель
Фундамент	Темір бетон
Төбесінің жабылуы	Темір бетонды плиталар
Едені:	
Ас үй	Линолеум
Коридор	Линолеум
Кіре беріс бөлме	Линолеум
Зал	Ковралан
Ұйықтайтын бөлме	Линолеум

Жуынатын бөлме	Кафель
Дәретхана	Кафель
Терезелердің рамасы	Ағаш
Есіктері (ішкі)	Ақ түске боялған фанерден
Кіре беріс есік	Металл есік
Қабырғаларының өңделуі:	
Ас үй	Кафель, левкас
Зал	Левкас
Ұйықтайтын бөлме	Левкас
Коридор	Левкас
Дәретхана	Кафель
Жуынатын бөлме	Кафель
Төбесі:	
(барлық бөлмелерде)	Левкас

Пәтердің кепілдік құнын анықтау үшін салыстырмалы сату әдісін қолданамыз.

Банк тарапынан бағалаушы-мамандар көмегімен осы пәтердің кепіл құны анықталады. Отандық банк тәжірибесінде кепіл құны пәтердің бағалау құнының 70%-нан аспауға тиіс. Ол үшін мынадай есептеулер жасалады:

САЛЫСТЫРМАЛЫ САТУ ӘДІСІ

Бұл әдіске бағаланып отырған ғимаратқа ұқсас жылжымайтын мүлік ғимараттары бойынша нарықтағы сату және ұсыну туралы мәліметтердің жиынтығы кіреді. Пәтердің нарықтық құнын анықтауда «Крыша» газеті пайданылды. Салыстыру үшін бағаланып отырған ғимараттың орналасу жеріне және техникалық сипаттамаларына жақын сатылуға арналған үш бөлмелі пәтерді мысалға келтірейік.

Сонымен, түзетулерді есепке алумен орташа құны:

1 шаршы метрі - 135350 теңгені құрайды .

ПӘТЕРДІҢ НАРЫҚТЫҚ ҚҰНЫ:

62,8 шаршы метр. * 135350 теңге ≈ 8 500000 теңге

Сонымен бірге бағалау кезінде есепке алыну қажет:

Алдағы пайдалану кезеңі үшін тозу коэффициенті – 3%

Пәтердің тозу коэффициенті = Пәтердің нарықтық құны * 3% (тозу коэффициенті)
= 8500000 * 0,03 = 255000 теңге.

Тәуекелді төмендету коэффициенті (берілген аудандағы ұқсас пәтерлерге сұраныстың төмендеуі -15%.

Алдағы уақытта пәтердің бағасының төмендеу тәуекелі = Пәтердің нарықтық құны * 15 % (төмендеу коэффициенті) = 8500000 * 0,15 = 1275000 теңге.

БАҒАЛАУ КҮНІНЕ ПӘТЕРДІҢ НАРЫҚТЫҚ ҚҰНЫ:

3. Пәтердің бағалау құны = Пәтердің нарықтық құны - Пәтердің тозу коэффициенті - Пәтердің бағасының төмендеу тәуекелі = 8500000 – 255000- 1275000 = 6970000 теңге.

ТАРАПТАРДЫҢ КЕЛІСІМІ БОЙЫНША КЕПІЛДІК ҚҰНЫ:

Пәтердің кепіл құны = Пәтердің бағалау құны * 60 % = 6970000 * 0,6 = 4182000 теңге. Бұл көрсеткіш сұралатын несиенің кепілмен қаттамасыз етілу дәрежесін сипаттайды.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Тараптардың келісімі бойынша Алматы қаласының Бостандық ауданында орналасқан, мекен-жайы: Сәтбаев көшесі, 4 үй, 52 үш бөлмелі пәтердің кепілдік құны құрайды: 4182000 (төрт миллион жүз он сегіз мың) теңге.

Бағалаушы:

Кепіл беруші:

(бағалаумен келісемін)

Бағалаушының аты-жөні

Кепіл берушінің аты-жөні

3-кезеңде несиелік комитеттің оң шешімінің шығаруына байланысты қарыз алушы мен банк арасында несиелік және кепіл туралы келісім-шарттар жасалады. Несиелік және кепіл туралы келісімшарттарды банктің заңгерлері даярлайды. Онда қарыз беруші мен қарыз алушылардың құқықтары мен міндеттері, жауапкершіліктері және өзге мәселелер қамтылады. Қарыз алушы несиелік және кепіл туралы келісімшарттың шартымен келіскен жағдайда оған қолын қояды. Мұндағы несиелік келісім шарт 2 данада, егер жылжымайтын мүлік кепілге алынған жағдайда кепіл туралы келісімшарт үш данада жасалады. Несиелік келісімшарттың бір данасы қарыз алушыға беріліп, бір данасы банктегі клиенттің іс-құжатында тіркеледі. Кепіл туралы келісімшарттың бір данасы Жылжымайтын мүлікті тіркеу мекемесіне кепіл затына арест қою үшін тапсырылады.

4-кезеңде қарыз алушының атына ағымдық шот ашылып, ең басты оған бастапқы жарна мөлшері салынғаннан кейін барып, банктің беретін несие сомасы аударылады. Қарыз алушыға несиелік қызмет көрсеткені үшін банк белгілі мөлшерде комиссия алады. Қарыз алушы шоттағы соманы қолма-қол ақшаға айналдырған үшін банкке тиісті мөлшерде комиссия төлейді. Сонымен қатар, банк кепілге алынған мүлікті сақтандыруды талап етеді, және егер сақтандыру қызметі банк тарапынан көрсетілсе қарыз алушы тарапынан оған қосымша сақтандыру жарнасы төленеді.

5-кезеңде несиенің қайтарылуына мониторинг жасалады. Несиелік мониторинг несиені қайтару кестесі негізінде жүргізіледі. Несиені қайтару кестесі қарыз алушыға берілетін несиелік келісімшартқа қосымша бет ретінде тіркеліп беріледі. Несиелік мониторингті несиелік сарапшы жүргізеді. Несиелік мониторинг ағымдық және тереңдетілген болып келеді (ол туралы несиелік мониторингке арналған алдыңғы тақырыптан танысуға болады).

Тұтыну несиесін бір түріне жалақы несиесін жатқызуға болады.

Жалақы несиесі – карточкамен банктен жалақы алатын клиенттерге арналған ай сайын жаңартылып отыратын қысқа мерзімді несие.

Жалақы несиесін банкке бармай-ақ банкомат арқылы алуға болады. Жалақы несиесі сіздің карточкамен алатын жалақыңыздың 70%-ға дейін мөлшерде (әр банкте әр қалай) бекітілген лимит сомасында беріледі. Жалақы несиесін пайдаланбаңыз онда ешқандай пайыз төлемейсіз. Ал егер жалақы алғанға дейінгі мерзім ішінде пайдалансаңыз сол пайдаланған сомаға және күнге банкке пайыз төлеуге тиістісіз.

Мысал. Сіздің жалақыңыз 30000 теңгені құрасын. Сізге карточкаңызға 70% несиелік лимит қойылған және ол 21000 теңгені құрайды. Егер сіз оның 15000 бір апта пайдалансаңыз, ал жылдық мөлшерлеме 25%-ды құраса, пайдаланған мерзім ішінде банкке төлейтін сомасын төмендегідей түрде анықтаймыз:

$$15000 * 25 * 7 / 360 * 100 = 72 \text{ теңге } 91 \text{ тиын}$$

Банкоматтан сіздің карточкалық шоттағы қалдығы туралы мындай мәлімет беріледі:

Меншікті қаражат - 30000 теңге

Несиелік лимит – 21000 теңге

Қолжетімді қаражат – 51000 теңге.

10.2 Халықты ипотекалық несиелеу

“Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы” ҚР заңына сәйкес “ипотека – кепіл берушінің немесе үшінші бір тұлғаның иелігінде және пайдалануында болатын кепілге салынған жылжымайтын мүлік” деп берілген.

Ипотекалық несиелеу - жылжымайтын мүлікті кепілге алып берілетін несиені білдіреді. Жылжымайтын мүлікке жер, тұрғын үй, өндіріс ғимараты және т.с.с жатады. Ипотекалық несиелеу тұтыну несиесінің түрлеріне қарағанда біршама күрделі процессті білдіреді.

Халыққа берілетін ипотекалық несиені үш түрге бөлуге болады:

- 1) тұрғын үй құрылысына арналған жерді сатып алуға берілетін ипотекалық несиелер;
- 2) тұрғын үй құрылысына және қайта құруға берілетін ипотекалық несиелер;
- 3) тұрғын үйді сатып алуға берілетін ипотекалық несиелер.

Ипотекалық несиелеу үрдісі бірнеше кезеңдерден тұрады. Мысалға, Қазақстан ипотекалық компаниясының (ҚИК) бағдарламасы бойынша тұрғын үй несиесін алу мынадай сатыларды қамтиды:

1-кезең. Алдын ала біліктілігін (квалификация) анықтау, яғни бұл кезеңде клиенттің несиелеу шарттары туралы қажетті ақпараттарды алу және ипотекалық несиелеу алуға байланысты мүмкіндігін анықтау жүзеге асады. Алдын ала біліктілікті анықтау үшін клиент ҚИК-на (Алматыдағы) барып өтуге немесе Компанияның кез келген серіктес-банктерінің есеп айырысу-кассалық бөлімдерінен өтуге болады.

2-кезең. Несиенің сомасын анықтағаннан кейін және банкке берген ақпаратты тексергеннен кейін қарыз алушының қаржылық мүмкіндігіне қарай және несиелеу берушінің талаптарына сәйкес пәтер таңдалады. Сонымен, тұрғын үйді сатушы мен сатып алушының арасында тұрғын үйді сатып алу, сату туралы алдын ала келісімшарт жасалады. Несиелеу беруші несиенің қайтарылуын қамтамасыз ететіндей етіп, тұрғын үйді бағалайды, сондай-ақ қарыз алушының бастапқы салымы мен берілетін несиенің сомасын есептейді. Егер тұрғын үй банктің барлық талаптарынан шықса, онда оны кепіл заты ретінде қабылдайды. Бағалауды мемлекеттік лицензиясы бар тәуелсіз бағалаушы жүзеге асырады.

Тұрғын үйді бағалау, яғни ипотека затының нарықтық құнын анықтау мақсатында жүзеге асады. Несиелеу алатын тұрғын үй таңдалған соң, бағалаушы өзінің қызметі үшін ақы төленген жағдайда тұрғын үйге тәуелсіз бағалауды жүргізеді, ал банк бағалау құнын беретін несиелеу сомасымен салыстырады. Банк бұл жерде бағалау құнын есепке ала отырып, оның болашақта әр түрлі факторлардың ықпалына байланысты өзгеруін болжай білу керек.

Жер телімшесі бар үйді бағалауды ғана Жылжымайтын мүлік орталығы РМК жасайды.

Жылжымайтын мүліктің құнын бағалауда үш негізгі әдіс қолданылады:

1. Шығындық әдіс. Бұл әдіс 5 сатыдан тұрады:
 - жердің құнын бағалау;

- ғимараттың, қосымша құрылыс объектілерінің ағымдағы құнын бағалау;
- моральдық және заттай тозу шамасын бағалау;
- тозу құнын белгіленген құнынан шегеріп тастау;
- жер құнын ғимараттың құнына қосып, мүліктің жалпы құнын бағалау.

2. Табыстық әдіс. Бұл әдіс күту принципіне негізделеді, яғни жылжымайтын мүлікті сатып алушының алдағы уақытта табыс алатынын есепке алып, мүлікті бағалайды. Мұндай бағалау төмендегідей кезектілікпен жүргізіледі:

- жыл сайынғы жалгерлік табысты бағалау;
- бос қалған орындарды ұстауға кететін және жалгерлік ақы жинауға жұмсалатын шығындар шегеріліп тасталады;
- мүлікті пайдалануға жыл сайын жұмсалатын шығыстарды шегеріп тастап, таза пайдалану табысын анықтайды;
- мүліктен алатын табысының бағасын анықтайды; Бұл капиталдану нормасы таза пайдалану табысының мүлікті нарықта сату бағасына қатынасы арқылы анықталады.
- Капиталдану нормасы және таза пайдалану табысы негізінде мүліктің құны мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\text{Мүлік құны} = \frac{\text{Таза пайдалану табысы}}{\text{Капиталдану нормасы}}$$

3. Сатуды тікелей салыстырмалы талдау әдісі. Бұл әдіс нарықтағы субъектілерінің жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату мәмілесіне негізделеді. Бағалау процедурасының негізгі кезеңдері төмендегідей:

- жылжымайтын мүлікті бағалауға, сатуға байланысты жасалған мәмілелер, ұсыныстар туралы ақпараттар жинау мақсатында нарықты зерттеу;
- ақпараттың шынайылығын растау мақсатында ақпаратты таңдау;
- жылжымайтын мүлікті бағалауға сәйкес келетін өлшем бірлікті таңдау және әр таңдалған өлшем бірлігі бойынша салыстырмалы талдау жүргізу;
- нарықта сатылатын сол типтес мүліктің жекелеген элементтерімен бағаланатын объектіні салыстыру.

Жылжымайтын мүлікті бағалауда пайдаланылатын әрбір әдістердің артықшылықтары мен кемшіліктерін мынадай критерилерге байланысты анықталады:

- 1) Талдау жасалатын ақпараттар түрі, сапасы және ауқымдылығы;
- 2) Мүліктің құнына ықпал ететін ерекше факторлардың ескерілуі;
- 3) Жылжымайтын мүлік нарығындағы жалпы экономикалық жағдайды есепке алу;
- 4) Қарастырылатын аудандағы экономикалық, саяси және физикалық күштердің ықпалын есепке алу.

3-кезең. Андеррайтинг жүргізу кезеңі. Андеррайтинг - қарыз алушылардың төлем қабілеттігі мен несиелік қабілеттігін анықтай отырып, оларды таңдауға мүмкіндік беретін шаралардың кешені. Бұл кезеңде клиент

таңдаған банк, оның алатын қарызды қайтару қабілетін және оның берген мәліметтерінің шынайылығын тексереді.

Қарыз алушы туралы барлық ақпараттарды жинақтағаннан кейін банктер андеррайтинг процедурасын жүргізеді. Біріншіден, қарыз алушының тапсырған құжаттарының заңи жағынан шынайылығы тексеріледі. Құжаттарды тексеру және талдау нәтижелері байынша заң қызметкерлері мен қауіпсіздік қызметкерлері несиелеу бөлімшелеріне қорытынды жазып береді. Қаншалықты несиелеу ұзақ мерзімге берілетіндіктен қарыз алушы алған несиесін қайтара ала ма не жоқ па деген сияқты сауалдарға жауап іздестіру мақсатында несиелеу бөлімінің мамандары қарыз алушының құжаттарына қаржылық талдау жүргізеді. Ең бастысы қарыз алушының жұмыспен қамтамасыз етілуі жағдайына мән береді. Ол үшін мынадай өлшемдерге көңіл аударады:

1) Қарыз алушының кемінде екі жыл ішінде бір мамандықты атқаруы немесе егер, үзіліс болған жағдайларда, оның себептерін түсіндіру талап етіледі. Қарыз алушының потенциалдық мүмкіндіктері, оның кәсіби өсуімен, білім алу деңгейімен, біліктілігімен, жасын мөлшерімен сипатталады.

2) Соңғы екі жылдағы жұмыспен қамтамасыз етілу тұрақсыздығы анықталған жағдайларды, мынадай факторлар ескеріледі:

- жұмысты ауыстырудың бір немесе бірнеше қызмет аясында болуы;
- жұмыстың ауыстырылуының кәсіби өсуге байланыстығы.

Кейіннен банк клиенттің несиелік қабілетін анықтайды. Айталық, қарыз алушының жеке басының сапасы және заңды құқықтарына баға беріледі. Жеке басының сапасын бағалауда, қарыз алушының өмір сүру жағдайына мән береді. Қарыз алушы банкке өзінің беделі, денсаулығы, білімі, ұйымдастыру қабілеті туралы ақпараттар беруге тиіс. Егер қарыз алушы банктің клиенті болса, онда басқа банктермен аталған клиент арасындағы несиелік қарым-қатынастарға мән береді.

Несиелік қабілетті бағалау екі негізгі әдіспен жүзеге асады:

1. Сараптамалық бағалау әдісі. Бұл әдіс қарыз алушының несиелік қабілетін бағалаудағы жалпы экономикалық тәсілдерді қамтиды. Ақпаратты талдай отырып, сараптаушылар ипотекалық несиені беру туралы мәселені шешеді.

2. Баллдық жүйе әдісі (несиелік скоринг әдісі). Бұл әдіс саратаушылық әдіспен бағалауға қарағанда біршама объективті және үнемді шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Мұндағы басты қиындық, қарыз алушының несиелік қабілетін баллдық жүйе әдісімен бағалаудың статистикалығы, бұл өз кезегінде несиелік шарттың орындалу үрдісіндегі өзгерістерді ескеріп, ақпаратты үнемі жаңартып отыруды көздейді.

Несиелік скоринг негізінде қарыз алушының несиелік қабілетін шынайы бағалауда американ экономисі - Д.Дюран үлгісін пайдалануға болады. Онда потенциалды қарыз алушы балын есептеуде мынадай коэффициенттер қолданылады:

- Жасы 20 жастан асса әр жылға 0,01 балл (ең жоғары 0, балл) есептелді.

- Жынысы әйел – 0, еркек –0 балл.

- Аталған жерде тұру мерзімі: әрбір тұрған жылына 0,042 балл (ең жоғары –0,42 балл).

- Мамандығы: төменгі тәуекелі бар мамандығы үшін 0,55 балл, жоғары тәуекелі бар мамандығы үшін 0 балл және өзге мамандықтар үшін 0,16 балл.

- Жұмыс істейтін саласы: мемлекеттік мекемеде, банкте, брокерлік пирамида, қоғамдық көлік мекемесінде және т.с.с жұмыс жасайтын болса 0,21 балл.

- Жұмыспен қамтылуы: аталған кәсіпорында жұмыс жасаған әр жылы үшін 0,059 балл (ең жоғары 0,59 балл).

- Қаржылық көрсеткіштер: банктік шоты болса 0,45 балл, жылжымайтын мүлкі болса 0,35 балл, өмірін сақтандыру полисі болса 0,19 балл.

Осы коэффициенттер негізінде Д.Дюран “жақсы” және “жаман” клиенттердің арасындағы бөлетін шекараны –1,25 балмен анықтайды. Яғни 1,25 балдан жоғары алса, онда қарыз алушы несиелік қабілетті болып саналады.

Қазақстан банктік тәжірибиесінде ипотекалық несиелеуге байланысты клиенттің төлем қабілетін анықтау өзінше ерекшеленеді. Қарыз алушының табыстары мен шығыстарының құрылымын анықтағаннан кейін оның нормативті және нақты төлем қабілеті бағаланады.

Несие бойынша ай сайынғы төлем сомасының ең жоғары шамасы қарыз алушының табысының 40%-нан аспауы көзделеді.

Ең жоғары төлем сомасы = Қарыз алушының табыстары / 2

Мұнда табыс ретінде қарыз алушының және тең қарыз алушының негізгі жұмысы бойынша жалақысы қарастырылады.

Несие бойынша төлеуге тиісті ең жоғары соманың есеп айрысу төлемдеріне қатынасы қарыз алушының нормативтік төлем қабілетін сипаттайды. Мұндай қатынас 1,0 (немесе 100%-дан) артық болуға тиіс.

Нормативтік төлем қабілеті = Төлеуге тиісті ең жоғары сома/ Есеп айырысу төлемдері

Қарыз алушының ай сайынғы табыстары мен ай сайынғы шығыстарының айырмасы, оның бос ақша қаражатын көрсетеді, яғни несиені қайтаруға оның қанша мөлшерде қаражатының барлығын сипаттайды.

Бос ақша қаражаттары = Қарыз алушының отбасының ай сайынғы табыстары / Қарыз алушы отбасының ай сайынғы шығыстары

Бос ақша қаражаттарының есеп айрысу төлемдеріне қатынасы қарыз алушының нақты төлем қабілетін көрсетеді.

Отбасының орташа айлық табысын есептеуде соңғы 12 айлық табыстары алынады және оны құжатпен растау қарастырылады. Отбасының табыстарына ерлі-зайыптылардың және жақын туыстарының табыстары жатады.

Табыс алу көздеріне мыналар кіреді:

- негізгі жұмыс орны бойынша алатын жалақы;
- қосымша істейтін жұмысынан алатын жалақы;
- дивидент түріндегі табысы;
- салымдары бойынша сыйақы түріндегі табыстары және сақтандыру төлемдері;
- зейнетақы және стипендия;
- жалгерлік ақы формасындағы таза табысы;
- алимент және балаларға арналаған жәрдем ақы;
- Сонымен қатар, ай сайынғы шығыстарға да мән беріледі. Несиелік қаражаттарға сатып алатын тұрғын үйге байланысты ай сайынғы шығыстарға мыналар жатады: несиелік бойынша ай сайынғы төлемдер (негізгі қарызды және сыйақыны қайтару);
- сақтандыруға байланысты ай сайынғы төлемдер (қарыз алушының өмірін сақтандыру, тұрғын үйді сақтандыру)
- ай сайынғы мүлікке салынатын салық (сатып алынған тұрғын үйге байланысты);
- аясайынғы коммуналдық төлемдер.

Тұрғын үйді сатып алуға байланыссыз ай сайынғы шығыстар:

- алимент бойынша ай сайынғы төлемдер;
- басқа несиелерді қайтару (осы ипотекалық несиеден басқа);
- міндетті салықтық төлемдер (өзге мүлікке салынатын салықтар, көлік құралдарына салық);
- өзге де міндетті ай сайынғы шығыстар (тұрғын үйді жалдау, автомобильді ұстау, өзге де жылжитын және жылжымайтын мүліктерді ұстау, қызмет көрсету, сақтандырумен байланысты шығыстар; қосымша медициналық сақтандыру);

Несиелік қаражаттарға сатып алынған тұрғын үйге байланысты шығыстардың отбасының табыстарына қатынасы 35%-дан аспауы тиіс.

Барлық тұрақты шығыстардың (тұрғын үймен байланысты және байланыссыз жоғарыда айтылған) отбасының табысына қатынасы 40%-дан аспауы тиіс.

Егер аталған көрсеткіштермен ипотекалық несиеге байланысты төлемдер қарыз алушының отбасының табысына қатысты 150 АҚШ доллардан кем болса, онда коэффициенттерді 45% және 50%-ға дейін түзетуге болады.

Нақты төлем қабілеті = Бос ақша қаржаттары / Есеп айырысу төлемдері

Қарыз алушының төлем қабілетін талдау жасау негізінде, оның төлем қабілеттік рейтингі анықталады:

- жоғары төлем қабілеттілік, яғни нақты төлем қабілеттілік шамасы 200%-дан артық болады;
- қанағаттанарлық төлем қабілеттілік, яғни нақты төлем қабілеттілік шамасы 120-160% аралығында болады;
- теріс төлем қабілеттілік, яғни нақты төлем қабілеттілік шамасы 110%-дан төмен көрсеткішпен сипаталады.

Егер төлем қабілеттілік бойынша қарыз алушының нормативтік төлем қабілеттігі 110%-дан төмен болса, онда ондай қарыз алушыға несиені беруден бас тартылады.

4-кезең. Несиелік сараптама қорытындысын қарау, яғни жеті банктік күн ішінде несиелеу жобасын қарап, Несиелік комитет шешім қабылдайды.

5-кезең. Келісімшарт жасау – несиені берушімен қарыз алушы арасында келісімшарт жасасу. Сатып алу – сату келісімшартын жасау, сатушымен есеп айырысу күні тұрғын үйді сатып алу-сату туралы келісімшарт жасалып, сол күні займ туралы келісімшарт жасалады.

6-кезең. Есеп айырысу күні – несиені беру туралы оң шешім қабылданған соң тұрғын үйді сатушымен есеп айырысу күнін белгілеу. Сол күні қарыз алушы өзінің өмірін және сатып алатын тұрғын үйін сақтандыруға, сондай-ақ бастапқы жарнасын төлеуге тиіс. Қалған соманы банк төлейді. Сонымен бір айдан кейін қарыз алушы ай сайынғы төлемін жасауды бастайды.

7-кезең. Сатып алатын үйді бір жылға сақтандыру. Ипотекалық несиелеумен айналысатын банктер арнайы сақтандыру бағдарламасын қолданады. Сақтандыру бағдарламасы екі түрлі сақтандырудан тұрады.

- Жеке басын сақтандыру, яғни өмірін, денсаулығын, еңбекке қабілеттігін сақтандыру;

- Мүліктік сақтандыру, яғни мүлікті иелену және пайдалануға байланысты мүліктік мүдделерді сақтандыру.

Сақтандыру бағдарламасының объектісі 29-кестеде келесі берілген.

29-кесте

Сақтандыру бағдарламасының объектісі

Сақтандыру түрі	Объектісі	Сақтандырылатын жағдайлар
Жеке басын сақтандыру	Қарыз алушының өмірі	Сақтандыру шарты мерзімі ішінде ҚР аумағында немесе одан тысқары жерлерде сақтандырылушының әр түрлі себептерге байланысты өлімін сақтандыру
	Еңбекке қабілетін жоғалтуын сақтандыру	Сақтандыру шарты мерзімі ішінде әр түрлі жағдайларға байланысты жартылай не толық еңбекке қабілеттігінен (кемтарлық) айырылуын сақтандыру
Мүліктік сақтандыру	Ұзақ мерзімді ипотекалық несиені кепіл ретіндегі тұрғын үй	Әрбір келісімшартқа байланысты анықталады
	Ипотека затына қатысты оның иесінің құқығы	Қарыз алушының ипотека затына қатысты меншік құқығынан айырылу қаупінен сақтандыру

Сақтандыру шартына сәйкес қарыз алушының барлық сақтандыру төлемдерін төлеуіне несиелік беруші тікелей бақылау жасайды. Ипотекалық несиелеу үрдісіндегі сақтандырушы жақтардың өзара қарым-қатынасын реттейтін құжаттар және олардың өлшемдері 30-кестеде берілген.

31-кесте.

Сақтандыру шартының параметрлері

Құжаттар түрлері	Сақтандыру тарифтері	Сақтандыру сомасы
Өмірінен және еңбекке қабілеттігінен айрылу	Бір жылғы сақтандыру сомасынан 0,5-1% (қарыз алушының жасына байланысты)	Несиенің сомасынан 10% жоғары (қаншалықты қарыздың сомасы азайған сайын сақтандыру сомасы да азайып отырады).
Мүлікті сақтандыру шарты	Несиенің барлық мерзімінде сақтандыру сомасының 0,3-1,5%	Үйдің құны

Сақтандыру шарты жасалғаннан кейін несиелік беруші несиелік қызмет көрсете бастайды.

8-кезең. Сатып алу – сату келісімшартын тіркеу, 5 жұмыс күні ішінде Жылжымайтын мүлік орталығында сатып алу-сату туралы келісімшартты тіркейді және содан соң ғана қарыз алушы тұрғын үйдің иесі болып саналады. Ипотекалық қызмет көрсету мерзімі ішінде қарыз алушының тұрғын үйі банкте кепілде тұрады. Негізгі қарыздың сомасы толық өтелгенде ғана тұрғын үйге қойылған уақытша шектеу алынып тасталып, содан соң қарыз алушы толық тұрғын үйдің иесі болып табылады.

9-кезең. Несиенің қайтарылуына мониторинг жасау кезеңі. Несиелік мониторинг несиелік қайтару кестесіне сәйкес жүзеге асады.

Ипотекалық несиелік алатын жылжымайтын мүлікке банктердің қоятын талабы мынадай:

- Тұрғын үйге азаматтық айналымнан алынбаған, кепілге қойылмаған, арест жасалмауы;
- Тұрғындардың денсаулығын және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты санитарлы-гигиеналық қызмет орындарының бекіткен талаптарына сай келуі;
- Тұрғын үйдің алаңы жылу, газ және электр жүйесімен қамтамасыз етілуі тиіс;
- Коммуналдық пәтерлер кепілге алынбайды;
- Тиісті органдардың рұқсатынсыз үйге не пәтерге құрылыс, қайта жоспарлау жұмыстары болмауға тиіс.

Ипотекалық несиелік беру механизмі қарапайым және қарыз алушы үшін қолайлы, өтініш берген күнен бастап банктер екі апта ішінде ипотекалық несиелік беруге тырысады. Ипотекалық несиелеу ұлттық және шетел валютасында жүзеге асады. Теңгемен несиелік алсаңыз теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамының төмендеуі немесе жоғарылауына байланысты қарыз алушының қарызында ешқандай өзгеріс болмайды. Ал егер шетел валютасында алсаңыз, онда айталық теңге бағамы АҚШ долларына қатысты төмендесе онда, сол төмендеген

мөлшерлеме қарыз алушының алған пайызына қосылып отырады. Айталық теңге бағамы АҚШ долларына қатысты 3,3 %-ға төмендеген жағдайда, егер қарыз алушы 18 %-бен алса, онда 21,3 % (18+3,3) жылдық пайыз төлеуге тура келеді.

Қазақстан ипотекалық компаниясы бойынша несие беретін банктер аннуитеттік төлемдер қолданады. Аннуитеттік есептеулер бойынша қарыз алушы ай сайын бірдей сомада төлемдер жасайды. Кейбір банктер ай сайын қысқарып отыратын есептеу әдістемесін қолданады. Ол екеуінің қандай айырмашылығы бар екендігін білу үшін мысал келтірейік.

Мысал. Қарыз алушы айталық 600 мың теңге сомасында 5 жылға, 13 пайыз жылдық мөлшерлемеде ипотекалық несие алсын.

Қарыз алушы ай сайын мынадай негізгі қарыз сомасын төлейді:

$$600000 / 60 = 10000 \text{ теңге.}$$

Бірінші айдағы төленетін сыйақы мөлшерлемесі:

$$600000 * 13,0 / 100 * 12 = 6500 \text{ теңге}$$

Демек, қарыз алушы бірінші айда төмендегідей мөлшерде банкке төлем жасайды:

$$10000 + 6500 = \mathbf{16500} \text{ теңге}$$

Екінші айдағы төленетін сыйақы сомасы негізгі қарыздың қалған сомасына, яғни 590000 теңгеге қатысты есептеледі:

$$590000 * 13,0 / 100 * 12 = 6391,67 \text{ теңге}$$

Демек, қарыз алушы екінші айда төмендегідей мөлшерде банкке төлем жасайды:

$$10000 + 6391,67 = \mathbf{16391,67} \text{ теңге}$$

Нәтижесінде, яғни ең соңғы айда қалатын негізгі қарыз сомасы 10000 теңге десек, онда қарыз алушының төлейтін сыйақы мөлшерлемесінің сомасын есептейік:

$$10000 * 13,0 / 100 * 12 = 108,33 \text{ теңге}$$

Демек, қарыз алушы соңғы айда төмендегідей мөлшерде банкке төлем жасайды:

$$10000 + 108,33 = \mathbf{10\ 108,33} \text{ теңге}$$

Ал енді аннотеттік жүйе бойынша ай сайынғы төлемге келсек, оның мөлшері **13 651,84** теңгені құрайды және ол сома барлық айда бірдей болады.

Бұл жерде бірінші қайтару жүйесіне қарағанда қарыз алушы үшін екіншісі қолайлы келеді.

Ай сайынғы төлемдер несие бойынша негізгі қарыз және сыйақы мөлшерлемесін қамтиды. Ипотекалық несиені мерзімінен бұрын қайтарғанға айыппұл салу көзделеді. ҚИК бағдарламасымен банктерден қарыз алушылардың несиен мерзімнен бұрын қайтарғандары үшін 100 айлық есеп көрсеткіші мөлшерінде айыппұл салынуы көзделеді.

ҚИК компаниясынмен берілетін несие мөлшерлемесі бағдарламадан тыс берілетін ипотекалық несиелерге қарағанда біршама арзан болып келеді. Себебі ҚИК онымен жұмыс жасайтын серіктес банктерге берген ресурстарына қойылатын маржа мөлшері 4 %-ға дейін белгілейді. Мысалғы, 2006 жылы қараша айында ҚИК-тің мөлшерлемесі 8,2% десек, онда серіктес банктер 12,2 %-ға дейінгі мөлшерлемеде ипотекалық несие бере алады.


Ипотекалық несие беретін банктер қарыз алушыларға сатып алатын үйдің құнынан 15-30% аралығында бастапқы жарна салуды талап етеді. Ипотекалық несие сатып алатын үймен бастапқы жарнаның арасындағы айырма ретінде анықталады. Неғұрлым бастапқы жарна мөлшері көп болса, соғұрлым банктің несие бойынша тәуекелі азаяды.

10.3 ҚР-ғы ипотекалық несиелеу жүйесі

Қазақстанда 2001 жылдан бастап халықаралық стандарттарды ескере отырып жасалған ипотекалық несиелеу жүйесі енгізілген.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында АҚШ, Германия және Малайзия мемлекеттерінің тәжірибесін ескере отырып, жасалынған тұрғын үй ипотекалық несиелеу жүйесі қызмет етуде. Аталған жүйе бойынша тұрғын ипотекалық несиелерін берушілер екі деңгейден тұрады (20-сурет):

- бірінші деңгейде – алғашқы тұрғын үй ипотекалық несиесін берушілер, соның ішінде: банктер мен банктік емес ұйымдар;
- екінші деңгейде - алғашқы тұрғын үй ипотекалық несиесін берушілерден берген несиелері бойынша талаптарын және кепіл құқықтарын сатып алуды жүзеге асыратын, қайта қаржыландырушы ұйымдар.



20-сурет. Қазақстандағы тұрғын үйді ипотекалық несиелеу жүйесінің құрылымы

Мұндай тұрғын үйді ипотекалық несиелеу жүйесінің Қазақстандағы қызмет етуі, өзге ТМД елдерінен ерекшеліндіріп тұрады.

Тұрғын үй ипотекалық несиесін беруші екінші деңгейіне банктер және жаңадан құрылған мамандандырылған “Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі” АҚ және банктік емес ұйымдарға банктердің құрылтайшылығымен ашылған ипотекалық компаниялар жатады.

Қайта қаржыландырушыға “Қазақстан ипотекалық компаниясы” АҚ жатады. Аталған компания тұрғын үй нарығын бюджеттен тыс қаражат көздері есебінен қаржыландыруды жүзеге асыруда және ипотекалық несиелеуді енгізуге маңызды рөл атқаруда.

Қазақстандағы тұрғын үйді ипотекалық несиелеу жүйесіндегі басты ерекшелік мұндағы Қазақстан Ипотекалық компаниясының қызмет етуімен байланысты.

Қазақстан Ипотекалық компаниясы (ҚИК) 2001 жылы ақпанда ҚР Ұлттық банкінің ықпалымен құрылды. Оның қызметінің басты мақсаты еліміздегі ипотекалық несиелеу жүйесін дамыту және тұрғын үй құрылысын ұзақ мерзімді қаржыландыру тұжырымдамасын іс жүзіне асыру болып табылады.

Компанияның қызметі, сондай-ақ тұрғын үйді ұзақ мерзімді қаржыландырушы банктер мен банктік емес ұйымдардың активтері мен пассивтерінің құрылымы сәйкес келмеген жағдайлардан туындайтын тәуекелдердің алдын алып, өтімділігін арттыру, халықтың тұрғын үйге деген төлем қабілеттілік сұранысының көлемін ұлғайтуға мүмкіндік жасауға бағытталады. ҚИК-ның рөлі ипотекалық несиелер бойынша талап ету құқықтарын серіктес банктерден сатып алу арқылы қайталама ипотека нарығын реттеу және сатып алынған талап ету құқықтармен қамтамасыз етілген ипотекалық бағалы қағаздарды шығарудан тұрады. Сатып алған ипотекалық несиелерге әр түрлі қызмет көрсетуді серіктес банктер жүзеге асырады. Қажетті несиелер портфелін қалыптастырғанан кейін Компания ипотекалық несиелерді кепілге алып облигацияларды шығарады және оларды қор нарығында орналастыру арқылы тартылған қаражаттарды серіктес банктерді қайта қаржыландыруға бағыттайды. Сөйтіп, тұрғын үй секторын қаржыландыру үрдісі үздіксіз жалғасады.

ҚИК-нің қайта қаржыландыруға арналған ипотекалық несиелерге қоятын өзіндік талаптары бар. Олар:

- өзгермелі сыйақы мөлшерлемесімен берілетін (жекелеген жағдайларда тұрақты сыйақы мөлшерлемесінде) теңгемен берілген ипотекалық тұрғын үй несиелерін сатып алу;

- шекті сыйақы мөлшерлемесі белгіленген тұрғын үй ипотекалық несиесін сатып алу;

- ипотекалық тұрғын үй несиелері ұзақ мерзімді болуға тиіс (яғни, үш жылдан жоғары мерзімде);

- ипотекалық тұрғын үй несиесінің мөлшері кепілге алынған тұрғын үйдің нарықтық құнының 70% аспауы тиіс;

- кепілге берілген жылжымайтын мүлік міндетті түрде сақтандырылуы тиіс;

- қарыз алушы өзінің өмірін және еңбекке қабілеттігін сақтандыруға тиіс.

Қазақстандық Ипотекалық компанияның қызметінің келесі бір ерекшелігі сол, жылжымайтын мүлік нарығындағы оператор ретінде ипотекалық несиелерді қайта қаржыландыруды валюталық эквивалентке индексациялаусыз теңгемен береді.

Мұндағы қайта қаржыландыру механизмі былай болып келеді:

1. Несие беруші ипотекалық несиені береді. Салынған мүлік туралы актісі (закладная) рәсімделеді және ол жылжымайтын мүлікке және онымен мәміле жасауға қатысты құқықтарды мемлекеттік тіркеумен бірге, сондай-ақ ипотека объектісімен қоса несие берушінің қолына беріледі.

2. Арнайы қордың құрылтайшылары ақшалай қаражаттарын құяды. Инвестициялық декларация бойынша аталған қордың сенімді жетекшісі (немесе басқарушы компания) салынған мүлік туралы актіні сатып алуға жұмсалатыны туралы көрсетеді.

3. Арнайы қордың сенімді басқарушы (немесе басқарушы компания) қорға құрылтайшылардың қосқан қаражаттары есебінен несие берушілерден салынған мүлік актісін сатып алады. Салынған мүлік бойынша құқықтардың сенімді басқарушыға өтуі үшін, оның атына аударып жазылады және оған беріледі. Салынған мүлік актісіне байлансты құқықтарды беру, өз кезегінде несиеге кепіл ретінде қойылған жылжымайтын мүлікке қатысты құқықтардың өтуін сипаттайды. Сенімді басқарушы (немесе басқарушы компания) ипотеканы мемлекеттік тіркеуге алушы органға өзін кепіл ұстаушы ретінде тіркеуді талап етеді.

Мұнда арнайы қор ретінде Қазақстан ипотекалық компаниясы қызмет етеді.

Бастапқы кезде Компания қайта қаржыландырылатын тұрғын үй ипотекалық несиелері бойынша несиелік үшін тәуекел және операциялық қызмет көрсетуден тұратын ақырғы сыйақы мөлшерлемесін белгілегенмен, кейіннен әр ай сайын өзінің бағалау мөлшерлемесін ғана белгілеп, ал банктер өздерінің маржаларын өз беттерінше белгілі бір шектеу шегінде белгілеу тәртібіне көшті. Сөйтіп, әр банктің жеке тұлғаларға тұрғын үй несиесінің бағасы әр түрлі болып қалыптасты.

ҚИК-ның ипотекалық несиелеу бағдарламасы республиканың барлық аймақтарында қызмет етуде. Бастапқы қалыптасу уақытымен салыстырғанда Қазақстандағы халыққа берілген несиелер бойынша ипотекалық несиелер нарығы жоғарғы өсу қарқынына ие болуда.

Өсу қарқынының 2000 жылға дейінгі мардымсыздығы, біріншіден орташа жалақы мөлшерінің төмендігімен, екіншіден несие бағасының жоғарылығымен және несиелеу мерзімінің қысқалығымен сипатталуда. Ал соңғы төрт жылдағы күрт өсуіне халықтың табысының өсуі, банктердің несиелік ресурстарының ұлғаюы, жылжымайтын мүліктің өтімді кепіл затына айналуы сияқты факторлар ықпал еткендігін көреміз.

Сонымен қатар ҚИК соңғы жылдары ипотекалық несиенің халықтың қалың жігіне қолжетімді болу үшін несиеге қойылатын сыйақы мөлшерлемесін төмендету және берілу мерзімін ұзарту мақсатында жұмыс жасап отыр.


Ипотекалық нарықтың дамуына күш беретін жаңа қаржы институттары болуы қажет. Оларға, біріншіден Ипотекалық несиелерді кепілдендіру қорын, несиелік бюро және ұлттық аумақта ипотекалық сақтандырумен айналысатын сақтандыру компаниялары жатады. Қазақстанда ипотекалық несиелерді сақтандыруды Ипотекалық несиені сақтандыру қоры және коммерциялық банктердің тапсырмасы бойынша сақтандырушы компаниялар жүзеге асырады. Сонымен Қазақстандағы ипотекалық несие нарығының операторларына (қатысушыларына) мыналарды жатқызуға болады:

- 1) өзінің ипотекалық бағдарламалары бар несиелік мекемелер;

2) ҚИК-тің бағдарламасы бойынша және онымен бірге серіктес банктер ретінде жұмыс жасайтындар;

3) өзінің ипотекалық бағдарламалары бар және ҚИК-тің бағдарламасы бойынша жұмыс жасайтын несиелік мекемелер.

Қазақстан Республикасындағы “Қазақстан ипотекалық компаниясы” АҚ мен банктердің бірігіп тұрғын үйді ипотекалық несиелеу жүйесінің сызбасы 21-суретте берілген.



21-сурет. Қазақстандық ипотекалық несиелеу сызбасы

Ипотекалық несиелерді сатып алуға және оларға қызмет көрсетуге байланысты компания мен серіктес банктер арасындағы қатынас өзара жасалған Бас келісімшартқа және ипотекалық куәліктерді сатып алу және қайта сату келісім-шарты, компанияның мүлкін сенімді басқару туралы келісімшарты немесе қызмет көрсету туралы келісімшарты негізінде жүзеге асады.

ҚИК тұрғын үй ипотекалық несиесін беретін және оған қызмет көрсететін серіктес банктерге мынадай талаптар қояды:

- 1) Компанияның талаптарына серіктес банктердің сай келуі;
- 2) Серіктес банктердің қаржылық тұрақтылық сипаты;
- 3) Компанияның сатып алатын ипотекалық несиелеріне қызмет көрсетуге жұмылдырылатын серіктес банктер қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптары;

- 4) Компанияның сатып алатын ипотекалық несиелерін беру және қызмет көрсетуге байланысты серіктес банктердің ішкі құжаттарына қойылатын талаптар.

Компания серіктес банктерге қайта қаржыландыруды мынадай шарттар орындалғанда ғана жүзеге асырады:

1. Екінші деңгейдегі банктерге қойылатын талаптар:

- a) банктердің ипотекалық несиелер беруге және оларға қызмет көрсетуге және өзге де банктік операцияларды жүргізуге арналған лицензиясы болуы керек;

- ә) банк екінші деңгейдегі банктердегі жеке тұлғалардың салымдарын (депозиттерін) міндетті түрде ұжымдық кепілдендіру (сақтандыру) жүйесіне мүше болуға тиіс;

- б) банк өтініш бергенге дейін 3 ай ішінде Ұлттық банктің пруденциалдық нормативтерін және орындалуға міндетті өзге нормаларды орындауға тиіс;

- в) “Тәуелсіз халықаралық аудиторлық ұйымдар тізіміне” енген тәуелсіз аудиторлық ұйымдардың біреуімен өткен қаржылық жылдағы 1 жылдық қаржылық есебін тапсыруға тиіс.

1. Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асырушы ұйымдарға қойылатын талаптар:

- a) ипотекалық несиелер беруге және оларға қызмет көрсетуге және өзге де банктік операцияларды жүргізуге арналған лицензиясы болуы керек;

- ә) Ұлттық банктің ең төменгі жарғылық капиталға қоятын талаптарын орындауы тиіс.

3. Серіктес банктер қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптары:

- a) Серіктес банктердің құрылымдық бөлімшелерінде компания ұсынған ипотекалық несиелеу бағдарламасы бойынша оқу курсынан өткен кемінде екі маман болуға тиіс;

- ә) ипотекалық несиелер беру және оларға қызмет көрсетуді жүргізуші серіктес банктер қызметкерлерінің банк жүйесінде кемінде 2 жылдық тәжірибесі немесе ипотекалық несиелер беру және оларға қызмет көрсетуге байланысты 1 жылдық тәжірибесі болуы қажет.

4. Серіктес банктердің ішкі құжаттарына қойылатын талаптар:

а) ипотекалық несиелерді рәсімдеу, беру және қызмет көрсету тәртібін реттейтін іштей құжаттары болуға тиіс;

ә) ипотекалық несиелердің қайтарылмау тәуекелін бағалау әдістемесі болуы тиіс;

б) ипотекалық несиелерді беру және қызмет көрсету үрдісінде тәуекелдерді басқару әдістемесі болуы керек.

Бүгінгі күні ипотекалық несиелеудің үлесі (тұтыну несиесімен қоса алғанда) банк несиелері құрылымында біршама жоғары болып отыр. Экономикадағы өсу тұсында банктеріміз өзінің активтерін осындай несиелер түріне бағыттауды дұрыс санайды.

10.4 Ипотекалық несиелеу нарығы

2005 жылдың 1 қаңтарындағы статистикалық мәліметтерге сүйенсек, халыққа тұрғын үй салуға және сатып алуға берілген ипотекалық несиенің жалпы сомасы 99 364 млн теңге, ал, 2004 жылдың 1 қаңтарында 31 455 млн теңгені құрайды, соңғы жылдағы көрсеткіш 2003 жылғы 1 қаңтардағыдан 3 есе жоғары немесе ол уақыттағы ипотекалық несиелердің сомасы –7 632 млн теңге.

ҚР-ның аймақтары бойынша банктердің берген ипотекалық несиелерінің динамикасы 31-кестемен берілген.

31-кесте.

Аймақтар бойынша банктердің халыққа берген ипотекалық несиелері*

Аймақтар	01.2003ж. млн. теңге	01.2004ж. млн. теңге	01.2005ж. млн. теңге	Өсуі, (2005/ 2004)
Астана қаласы	774	4331	14 820	3,4
Алматы қаласы	4 030	15810	49 403	2,6
Ақмола	59	156	492	3,1
Ақтөбе	446	2449	7510	3,1
Алматы облысы	31	55	251	4,5
Атырау	372	1067	2782	2,6
Шығыс Қазақстан	410	1428	5733	4,0
Жамбыл	100	318	646	2,0
Батыс Қазақстан	211	819	2229	2,7
Қарағанды	232	1040	4780	4,5
Қостанай	212	655	1358	2,1
Қызылорда	31	83	175	2,1
Маңғыстау	324	922	2476	2,7
Павлодар	141	940	2140	2,3
Солтүстік Қазақстан	111	296	1090	3,7
Оңтүстік Қазақстан	150	1085	5480	5,0
Барлығы	7 632	31 455	99 364	3,1

* Көзі: ҚР Ұлттық банкінің статистикалық бюллетенінің мәліметтері негізінде құрастырылған

Жоғарыдағы кестеден соңғы екі жыл ішінде республика аймақтары бойынша банктердің берген ипотекалық несиелерінің көлемі өсіп отырғандығын көруге болады. Әсіресе, Алматы және Астана қалаларының үлес салмағы өте жоғары, айталық 01.2003 жылы Алматы қаласы бойынша 4 030 млн теңге, Астана бойынша 774 млн теңге ипотекалық несиесі берілсе, ал 01.2004 жылғы мәліметтер бойынша бұл несиелер көлемі артып, 15810 және 4 331 млн теңгені құрады. Ал аталған қалалар бойынша 01.2005ж 14 820 және 49 403 млн. теңге сомасында ипотекалық несиелер берілді.

ҚР статистика агенттігінің мәліметтері бойынша Астанадағы тұрғын үй құрылысын қаржыландыруға мемлекеттік кәсіпорындар қаражаттары мен шетел инвестициялары пайдалануда. Ал Алматы қаласы бойынша құрылысты қаржыландыруға негізінен халықтың қаражаттары мен банктің несиелері себеп болуда. Сонымен қатар Алматы қаласы бойынша құрылысты қаржыландырудың белсенділік танытуы, ондағы халықтың 2 еседен жоғары өсуі ықпал етті.

Ең төменгі көрсеткіш Ақмола, Қызылорда және Алматы қалалары бойынша байқалады.

Әр аймақтың ипотекалық несиелеу көлеміндегі үлесінің әр түрлі болып келуі, біріншіден, ол аймақтағы халықтың санымен, екіншіден, ондағы коммерциялық банктердің немесе олардың филиалдарының қызмет етуімен сипатталады.

Осы берілген несиелерді валюта түрлеріне және мерзімдері бойынша арнайы 32-кестеден көруге болады.

32-кесте.

Банктердің халыққа ипотекалық несие беруі*

	01.2002ж		01.2003ж.		01.2004ж.		01.2005ж	
	Млн. тенге	үлесі, %	Млн. тенге	үлесі, %	Млн. тенге	үлесі, %	Млн. тенге	үлесі, %
Барлығы, соның ішінде:	2 624	100,0	7 985	100,0	31 455	100,0	99364	100,0
ұлттық валютада	1094	41,7	1 506	19,8	7 410	22,8	11 437	11,5
шетел валютасында	1530	58,31	6 479	80,2	24 045	77,2	87 927	88,5
қысқа мерзімді	156	5,9	181	2,3	445	1,5	595	0,5
ұзақ мерзімді	2 468	94,1	7 804	97,7	31011	98,5	98 769	99,5


* Көзі: ҚР Ұлттық банкінің статистикалық бюллетенінің мәліметтері негізінде құрастырылған

Халыққа берілген ипотекалық несиелердің барлығын валюта түрлері және мерзімдері бойынша талдау жасайтын болсақ, 2002 жылдың 1-қаңтарына берілген барлық ипотекалық несиелердің жартысына жуығы 1 094 млн. теңгесі ұлттық валютада және 1530 млн теңгесі шетел валютасында, ал қысқа мерзімдісі 156 млн. теңге немесе 5,9% және ұзақ мерзімдісі 2 468 млн теңге немесе 94,1%, 2003 жылдың 1-қаңтарына берілген барлық ипотекалық

несиелердің 1 504 млн теңгесі ұлттық валютада және 6 479 млн теңгесі шетел валютасында берілген, соның ішінде қысқа мерзімдісі 181 млн. теңге не 2,3 % және ұзақ мерзімдісі 7 804 млн теңге немесе 97,7%, 2004 жылдың 1-қаңтарына берілген барлық ипотекалық несиелердің 6 727 млн теңгесі немесе 22,8% ұлттық валютада және 22 782 млн теңгесі немесе 77,2 % шетел валютасында берілген, ал қысқа мерзімдісі 181 млн. теңге немесе 2,3 % және ұзақ мерзімдісі 7 804 млн теңге не 97,7%, 2005 жылдың 1-қаңтарына берілген барлық ипотекалық несиелердің 11 437 млн теңгесі ұлттық валютада және 87 927 млн теңгесі шетел валютасында, ал қысқа мерзімдісі 595 млн. теңге немесе 0,5 % және ұзақ мерзімдісі 98 769 млн теңге немесе 99,5% құрайды.

Соңғы жылдары ипотекалық несиелердің ұлттық валютаға қарағанда шетел валютасында өсу қарқынын көруге болады (21-сурет).

млн. тенге



22-сурет. Қазақстандағы банктердің ұлттық және шетел валютасымен халықты ипотекалық несиелеу

Бұл ипотекалық несиелердің мерзімдерінің ұзаруымен тікелей байланысты болып отыр. Бұл жерде ипотекалық несиелердің шетел валютасындағы үлес салмағының жоғарылығын көруге болады, ол дегеніміз - біздің ұлттық валютамен ұзақ мерзімде несие беру тәуекелінің барлығын түсіндіреді.

2004 жылы Екінші деңгейдегі банктер мен ипотекалық компаниялардың халықты ипотекалық несиелеу жағдайы 33-кестеде берілген.

33-кесте.

Екінші деңгейдегі банктер мен ипотекалық компаниялардың халықты ипотекалық несиелеу жағдайы*

	03.2004ж		06.2004ж		09.2004 ж		12.2004 ж	
	Млн. теңге	үлесі, %	Млн. теңге	үлесі, %	Млн. теңге	үлесі, %	Млн. теңге	үлесі, %

28-кестенің жалғасы								
Барлығы, соның ішінде:	19281	100,0	29322	100,0	57287	100,0	134670	100,0
ЕДБ-дің несиелері	2624	13,6	7 985	27,3	29 509	51,5	99364	73,8
Ипотекалық компаниялар несиелері	16 657	86,4	21 337	72,7	27 778	48,5	35 306	26,2

* Көзі: ҚР Ұлттық банкінің статистикалық бюллетенінің мәліметтері негізінде құрастырылған

Жоғарыдағы кестеден халықты ипотекалық несиелеудегі 2004 жылдың басында Ипотекалық компаниялар үлесінің жоғары болып немесе 86,4%, кейіннен ЕДБ-дің берген несиелерінің 13,6%-дан 73,8% артып отырғандығын көреміз.

Сонымен қатар, 2004 жылғы Ипотекалық компаниялардың несиелік қоржынын жіктейік (34-кесте).

34-кесте.

Ипотекалық компаниялардың несиелік қоржын жіктелуі

	03.2004ж		06.2004ж		09.2004 ж		кезең соңына 12.2004 ж	
	Млн. тенге	үлесі, %	Млн. тенге	үлесі, %	Млн. тенге	үлесі, %	Млн. тенге	үлесі, %
Барлық несиелер	16 657	100,0	21 337	100,0	27 778	100,0	35 306	100,0
1. Стандартты	16 540	99,3	21 337	99,0	27 541	99,1	35 006	99,1
2. Күмәнді	107		202		215		241	
1-санатты күмәнді	0	0,0	0	0,0	0	0,0	0	0,0
2-санатты күмәнді	81	75,1	107	52,8	109	50,7	117	48,4
3-санатты күмәнді	0	0,0	0	0,0	0	0,0	0	0,0
4-санатты күмәнді	21	19,4	13	6,5	83	38,5	111	45,8
5-санатты күмәнді	6	5,5	82	40,7	23	10,8	14	5,8
Үмітсіз	10	0,1	9	0,1	21	0,1	59	0,2

*Көзі: ҚР қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі Агенттігінің мәліметтері негізінде есептелді

2004 жылы ипотекалық несиелерден туындайтын зияндарды жабуға арналған провизиялар толық көлемде құрылған (35-кесте).

Ипотекалық компаниялардың несиелік қоржындары бойынша нақты құрылған провизиялар

кезең соңына

	03.2004ж		06.2004ж		09.2004 ж		12.2004 ж	
	Млн. тенге	үлесі, %	Млн. тенге	үлесі, %	Млн. тенге	үлесі, %	Млн. тенге	үлесі, %
Барлық несиелер	26	100,0	74	100,0	201	100,0	303	100,0
1. Стандартты	0	0,0	10	0,0	136	67,9	198	65,4
2. Күмәнді	16	62,7	55	13,6	43	21,6	46	15,2
1-санатты күмәнді	0	0,0	0	0,0	0	0,0	0	0,0
2-санатты күмәнді	8	49,7	10	74,7	10	25,3	12	25,2
3-санатты күмәнді	0	0,0	0	0,0	0	0,0	0	0,0
4-санатты күмәнді	5	32,1	4	6,0	20	47,9	28	59,8
5-санатты күмәнді	3	18,2	41	74,7	11	26,8	7	15,0
Үмітсіз	10	37,3	9	11,1	21	10,5	59	19,4

*Көзі: ҚР қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі Агенттігінің мәліметтері негізінде есептелді

Кестеден байқағанымыздай, ипотекалық компаниялардың берген барлық несиелері бойынша құрылған нақты провизиялар сомасы мынадай: 03.2004 жылы 26 млн. теңге, соның ішінде: күмәнді несиелер бойынша 16 млн теңге және үмітсіз несиелер бойынша 10 млн теңгеде; 06.2004 жылы 73 млн. теңге, соның ішінде: стандартты несиелер бойынша 10 млн. теңге, күмәнді несиелер бойынша 55 млн теңге және үмітсіз несиелер бойынша 9 млн теңгеде; 09.2004 жылы 201 млн. теңге, соның ішінде: стандартты несиелер бойынша 136 млн. теңге, күмәнді несиелер бойынша 43 млн теңге және үмітсіз несиелер бойынша 21 млн теңгеде; 12.2004 жылы 303 млн. теңге, соның ішінде: стандартты несиелер бойынша 198 млн. теңге, күмәнді несиелер бойынша 46 млн теңге және үмітсіз несиелер бойынша 59 млн теңге мөлшерінде құрылған. Бұл жерде ипотекалық несиелер бойынша нақты құрылғын провизиялардың артуын тағы да сол күмәнді және үмітсіз несиелер үлесінің артуымен түсіндіруге болады. Нақты провизиялар сомасының артуы Ипотекалық компаниялардың несиелік қызметіндегі тәуекел мөлшерінің артуына, сондай-ақ олардың табыстарының азаюына әкелетінін айта кету қажет.

Бақылау сұрақтары:

1. Жеке тұлғаларды несиелеу түрлеріне не жатады?
2. Тұтыну несиесінің қандай түрлері болады?
3. Ипотекалық несиелер не үшін беріледі?
4. Ипотекалық несиелеу жүйесінің құрылымы неден тұрады?
5. Қазақстан Ипотекалық компаниясы не қызмет атқарады?
6. Тұрғын үй құрылыс банкінің қызметі немен сипатталады?

11-тақырып. Банктің қаржылық қызметтері

11.1. Лизинг

Лизинг сөзі “to lease” ағылшын етістігінен аударғанда “жалға беру” дегенді білдіреді. Лизингтің жалға беруден (аренда) айырмашылығы - жалға беруде екі тарап қатысса: жалға беруші және алушы болса, ал, лизингте үш қатысушысы: лизинг беруші, лизинг алушы және жабдықтаушы болады.

Лизинг – бұл лизинг берушінің (жалға берушінің) өзіне тиесілі құрал-жабдықтарды, машиналарды, ЭЕМ, ұйымдастыру техникаларды, өндіріске, сауда-саттыққа және қоймаға арналған құрылғыларды лизинг алушыға (жалгерге) лизингтік төлем төлеу шартымен, белгіленген мерзімге пайдалануға беруін қарастыратын жалға беру шарты.

Банктердің лизингтік операциялары несиелік операциялармен ұқсас болып келеді. Алайда, лизингтің несиеден бір айырмашылығын келісім-шартта көрсетілген төлемдер төленіп, мерзімі аяқталғаннан кейін де лизинг объектісінің лизинг берушінің меншігінде қала беруінен көруге болады. Ал, несиеле банктің меншік объектісі ретінде қарыз алушының берген кепілдігі қалады.

Лизингтік мәмілелердің бірнеше түрлері бар. Барлық лизингтік операциялар екі түрге бөлінеді: шұғыл және қаржылық лизингтер.

1. Шұғыл лизинг - бұл мүліктің қызмет ету мерзіміне қарағанда, оның пайдалану мерзімінің қысқалығын және мүліктің құнын толық өтемеуін сипаттайды.

2. Қаржы лизингі – бұл уақытша пайдалануға берген лизинг затының мерзімі ішінде өзінің толық амортизациялық құнын төлеп шығуымен немесе өзін-өзі өтеуімен байланысты сипатталады.

Осы лизингтердің отандық және халықаралық тәжірибеде қолданылатын мынадай түрлері бар:

Ішкі лизинг – бұл, оның қатысушыларының бір елден болып келуімен байланысты сипатталады.

Халықаралық лизинг – бір тарап немесе барлық тараптардың әр елден болып келуін сипаттайды.


Сыртқы лизинг экспорттық және импорттық болып бөлінеді. Экспорттық лизингте шетел лизинг алушы болса, импорттық лизингте шетел лизинг беруші болып табылады.

Лизинг операцияларының техникасы 22-23 суреттерде әр түрлі сызба түрінде берілген.

Кейде лизингтік компанияның лизинг операцияларын жүзеге асыру үшін қаражаты жетпей қалатын жағдай да болуы мүмкін, онда ол ссуда алады. Мұндай операцияны қосымша қаражат тартатын лизингтік операция деп атайды.


Тәжірибе көрсеткендей, лизинг бойынша жасалатын мәмілелердің 85%-ға жуығы қаражат тарту лизингі операцияларының үлесіне тиеді. Лизингке беруші

лизингке беретін активтер құнының 80%-дай мөлшерінде бір немесе бірнеше несие берушілерден ұзақ мерзімді несие алады. Мұнда лизингтік төлемдер мен құрал-жабдықтың өзі ссуданы қамтамасыз ету құралы болып табылады.



- 1) құрал-жабдыққа тапсырыс беру;
- 2) құрал-жабдық үшін төлем;
- 3) құрал-жабдықты жеткізу;
- 4) лизингтік төлемдер.

221-сурет. Лизинг сызбасы



23-сурет

1. Банк мен лизинг компаниясы арасында несиелік келісім шарт жасалып, несие беріледі;

2. Лизинг компаниясы алған несиені құрал-жабдық үшін жабдықтаушыға төлейді;
 3. Жабдықтаушы лизинг компаниясына құрал-жабдығын сатады.
 4. Лизинг компаниясы мен лизинг алушы кәсіпорын арасында лизингтік келісім шарт жасалады;
 5. Жабдықтаушы құрал-жабдықпен жабдықтайды;
 6. Лизингті алушы кәсіпорын пайдаланғаны үшін лизингтік төлемдер жүргізеді;
 7. Лизинг компаниясы несие беруші банкке несие үшін төлемдерін төлейді;
- Мұндағы лизингтік төлемдердің жалпы сомасының есебі төмендегідей формуламен есептеледі:

$$ЛТ = АА + НТ + КТ + ҚТ + ҚҚС$$

- мұндағы,
- ЛТ – лизингтік төлемдердің жалпы сомасы;
 - АА – ағымдағы жылдағы амортизациялық аударымдар сомасы;
 - НТ – лизинг берушінің несиелік ресурсты пайдаланғаны үшін төлемі;
 - КТ - лизингтік келісім шарт бойынша мүлікті бергені үшін лизинг берушіге комиссиялық төлем;
 - ҚТ - көрсеткен қызметі үшін қосымша төлем;
 - ҚҚС – лизинг берушінің көрсеткен қызметі үшін лизингті алушының төлейтін қосылған құнға салынатын салық.

Амортизациялық аударымдар (АА) сомасының формуласы:

$$АА = \frac{БҚ \times Н_a}{100},$$

- мұндағы,
- БҚ - мүліктің баланстық құны;
 - Н_а - амортизациялау нормасы, (%).

Несиелік ресурс үшін төлем (НТ) формуласы:

$$НТ = \frac{НР \times НС}{100},$$

- мұндағы,
- НР – лизинг берушінің пайдаланған несиелік ресурсының шамасы;
 - НС – несие үшін сыйақы мөлшері.

Несиелік ресурс (НР) шамасының анықталуы формуласы:

$$НР = \frac{K_6 - K_a}{2},$$

мұндағы,

K_6 – мүліктің жыл басындағы құны;

K_a – мүліктің жыл аяғындағы құны.

Комиссиондық төлемнің (КТ) мөлшерінің формуласы:

$$КТ = \frac{НР \times K_c}{100},$$

мұндағы,

K_c – комиссиондық сыйақы мөлшері.

Банктің қосымша көрсеткен қызметтері үшін төлемдер (ҚТ) есебі:

$$ҚТ = Ш_1 + Ш_к + Ш_ж + Ш_6,$$

мұндағы,

$Ш_1$ - банк жұмыскерлерінің іссапар шығыстары;

$Ш_к$ - көрсетілген қызмет үшін шығыстар;

$Ш_ж$ - банктің жарнамасына кеткен шығыстар;

$Ш_6$ - басқа да шығыстар.

Лизингтің артықшылықтары мен кемшіліктері. Лизингтің кеңінен таралуының басты себебі - оның қарапайым ссудалардан келесідей артықшылықтарының болуына байланысты:

- Лизинг көмегімен кепілге беретін мүлкі жоқ, ұсақ кәсіпорындарды несиелеуге болады. Бұл былай: лизингтік мәміле жасалған мерзім бойына лизинг объектісі лизингке берушінің меншігінде қалады да, лизинг алушы банкротқа ұшыраған жағдайда несиелік тәуекел деген болмайды (нақтырақ айтқанда, несиелік тәуекел бұл сол құрал-жабдықты жалға алуды жалғастыратын басқа кәсіпорын іздестіруге кетеді);

- Лизинг 100 %-ға дейін несиелеуді ұсынады, яғни кәсіпорынға қысқа мерзім ішінде өзінің меншікті капиталын жұмсамай-ақ, жаңа құрал-жабдықты пайдалана отырып, өнеркәсіптік өнім шығаруға және пайда табуға мүмкіндік береді;

- Кәсіпорынға мүлікті ссудаға сатып алғаннан, лизинг бойынша алған қолайлы, себебі, бұл жерде ол мүлік кепіл ретінде болады.

- Құрал-жабдықтың лизинг берушінің меншігінде болатындығына байланысты, өнімнің құнына лизингтік төлемдер ғана қосылып, мүлікке

салынатын салықты жалға берушінің өзі төлейді. Сөйтіп, лизинг алушы салықтық жеңілдіктер алады;

- Несие берушінің көзқарасымен қарағанда, несиенің мақсатты пайдалануына ешқандай да қадағалау болмайды.

Лизинг операцияларына тән *кемшіліктер* мыналар:

- жалға алушы құрал-жабдықтың қалдық құнының жоғарылауынан (әсіресе инфляциядан) ештеңе ұтпайды;

- ұйымдастырудың күрделілігі;

- лизинг құны ссудаға қарағанда жоғары, бірақ та ескірген құрал-жабдықтан туындайтын тәуекелдің лизинг берушінің басында болатынын ұмытпау қажет, сондықтан да ол осындай шығынның орнын толтыру үшін комиссияны көбірек алуға тырысады.

Лизингтік контракт. Лизинг – бұл ұйымдастырылуы біршама күрделі операция. Көптеген мәмілелерде кемінде үш контракті жасалады: 1) лизинг беруші мен лизинг алушы арасында; 2) лизинг беруші мен жабдықтаушы арасында; 3) лизинг алушы мен банк арасында.

Әдетте, мәмілеге келу алдында клиентті толық қаржылық талдаудан өткізеді. Лизингте, ең маңыздысы, бұл контрактінің соңында құрал-жабдықтың белгілі бір қалдық құнының қалуы. Ол үшін құрал-жабдықтың қалдық құнының сақтандыру жүйесі болуға тиіс. Лизингті алушы өзінің қаражаты есебінен лизинг затын әр түрлі тәуекел жағдайлардан (өрттен, ұрлықтан және т.б.) сақтандырады және лизинг берушіге сақтандыру полисінің куәландырылған көшірмесін береді.

Іс жүзінде кез келген лизингтік контракт мынадай элементтерді қамтуға тиіс:

1. Объектісі.
2. Жабдықтау мерзімі.
3. Лизингке алу мерзімі.
4. Лизингке берушінің меншіктік құқы.
5. Тәуекелдер, жауапкершілік, техникалық кепілхат.
6. Құрал-жабдықты пайдалану.
7. Күту, жөндеу және жаңарту.
8. Зиян, қолайсыз жағдайлар.
9. Сақтандыру.
10. Лизингтік төлемдер, комиссиялар
11. Төлемді кешіктіргені үшін пеня.
12. Сатып алу мүмкіндігі.
13. Келісім-шартты бұзу шарты.
14. Құрал-жабдықты қайтару.
15. Салықтар, баждар.
16. Жаңа міндеттемелердің пайда болуы.
17. Тараптардың қосымша құқықтары.
18. Даулар мен арбитраждарды қалыпқа келтіру.
19. Кешіктіру шарты (контракт кепілдеме алуына байланысты күшіне мінеді және т.б.)

20. Қажетті ақпаратты беру міндеттемесі (мысалы, баланс).
21. Тараптардың қолдары.
22. Тараптардың орналасқан жері.
23. Қосымша (материалдардың және т.б. сипаты).
24. Қалдық құнын кепілдеу.
25. Банктердің кепілдемесі.

Қазақстандағы лизинг өзінің алғашқы қадамдарын 1989 жылдан бастады. Еліміздегі лизинг мынадай жолдармен қалыптасқан:

1) аймақтық көтерме-делдалдық фирмалардың және “Қазконтракт” корпорациялардың жүргізілуіндегі жалға беруге байланысты кәсіпорындар және жұмыс істеп тұрған орындар және агроөнеркәсіп кешеніндегі облыстық және аудандық жабдықтау кәсіпорындары;

2) екінші деңгейдегі банктердің лизингтік операциялары;

3) жаңадан құрылған арнайы лизингтік фирмалар;

4) лизингтің халықаралық формалары - экспорттық, импорттық және басқа да шетелдік фирмалармен бірлескен кәсіпорындар және республика аумағындағы шетелдік лизингтік компаниялардың дамуы.

Келесі қадамы ретінде лизинг қызметіне байланысты қабылданған заңдар, айталық: “Қаржы лизингі туралы” ҚР заңының (5.07.2000) ұзақ мерзімді лизингтің дамуына ықпал еткендігін айтуға болады.

Лизинг берушілерге лизингтік төлемдердің қайтатындығына кепілдеме беру, лизинг жобаларына қатысушылар арасында тәуекелді бөлу арқылы әр түрлі кепіл заттарын, айталық, өтімділігі жоғары бағалы қағаздарын беру және сақтандыру жолымен, кей жағдайларда мемлекеттің кепілдемесімен жүзеге асырылуға тиіс.

Қаржы лизингі үлкен күрделі қаржы жұмсалымын талап ететіндіктен де, оларды банктермен ынтымақтаса отырып жүзеге асырады.

11.2. Факторинг

Коммерциялық банктердің ең көп таралған делдалдық қызметінің бір түрі – факторинг. Факторинг алғашқы кезде ХІХ ғасырдың аяқ кезіне таман АҚШ-та пайда болып, кейіннен өнеркәсібі жағынан дамыған Батыс Еуропада қолданылды. Әсіресе коммерциялық банктер факторингті соңғы 25-30 жыл ішінде кеңірек қолдана бастаған.

Факторинг 80-жылдардың ортасында Батыс Еуропа елдеріндегі тұрақты экономикалық өрлеу кезеңінде кеңірек таралды. 90-шы жылдардың басында факторингтік компаниялар 3,6 есе өсті. Факторинг операциялардың бүгінгі көлемі (ішкі және халықаралық факторингті қосқанда) мынадай: Еуропа - 56%, Америка - 30%, Азия және Тынық мұхит жағалауындағы елдер - 13%, Африка - 1%.

Шетелде факторинг – бұл ұсақ және орта компаниялар үшін қаржыландыру көзіне сілтейтін қысқа жолды білдіреді.

Факторинг сатушылардың сатып алушыларға сатылған тауары үшін уақытын кешіктіріп төлеуге беретін тауар формасындағы және ашық шот түрінде рәсімделетін коммерциялық несиенің болуын сипаттайды.

Факторинг клиенттің айналым капиталын несиелеумен ұштасатын, сауда-комиссиондық операциясының бір түрі. Бұл жерде факторингтік компания клиенттердің шотын 90%-ға дейін төлеу шартымен сатып алады.

Факторинг – бұл тауарларды немесе қызметтерді жабдықтаушыдан төлем құжаттарын сатып алуды білдіреді. Факторингтің мақсаты – кез келген несиелік операциялардың ажырамас бөлігі болып табылатын тәуекелді қалпына келтіру. Нарық экономикасы дамыған елдерде төлемдердің сақталу мерзімдеріне басты көңіл аударылады. Ендеше факторинг компаниялар мен банктердің фактор бөлімдерінің қызметі жабдықтаушылар мен сатып алушылар арасындағы қатынастардағы тәуекелдер мен төлемдер мерзімдеріне байланысты мәселелерді шешуге бағытталады.

Фактор сөзі ағылшын тілінен “factor”, аударғанда “маклер, делдал” деген мағынаны білдіреді. Экономикалық жағынан алғанда – бұл делдалдық операция.

Факторинг – жабдықтаушы-клиенттің жабдықтаған тауары мен көрсеткен қызметтері үшін төленбеген төлем талабын (шот-фактурасын) банкке сатумен байланысты комиссиялық-делдалдық операция.

Банк төленбеген төлем талабының иесі ретінде, борышқордың несиелік қабілетін тексергенімен де олардың төленбей қалуына байланысты тәуекелге барады.

Келісімшартқа сәйкес банк жабдықтаушының контрагенттері өздерінің қарызын өтегеніне қарамастан төлем талабындағы соманы төлеуге міндеттеме алады. Дәл осы жерде факторинг пен банктік кепілдеменің арасындағы айырмашылық байқалады. Яғни, банктік кепілдеме бойынша банк өзінің есебінен, оған тиісті соманы клиент төлемеген жағдайда төлеуге міндетті болып табылады. Факторингтік қызметтің мақсаты төлеушінің төлем қабілетіне байланыссыз факторингтік келісім-шартта көрсетілген мерзімде тез арада қаражатты алу болып табылады.

Нарық экономикасы дамыған елдердегі факторингтік компаниялардың көбіне еншілес фирмалары ірі банктермен бірігіп жұмыс жасайды.

Факторинг операциясына үш тарап қатысады:

1. *Факторингтік компания* (банктің факторинг бөлімі) – өздерінің клиенттерінен шот-фактураны сатып алатын арнайы мекеме.

2. *Клиент* (тауарды жабдықтаушы, несие беруші) – факторинг компаниясымен келісім-шарт жасасушы өнеркәсіптік немесе сауда фирмасы.


3. *Кәсіпорын* (қарыз алушы) - тауарды сатып алушы-фирма.

Факторинг мәмілесін ұйымдастыру 24-сурет көрсетілген.

Факторинг мәмілесін жүзеге асырудан бұрын толық талдау жұмысы жүргізіледі. Кәсіпорыннан тапсырыс алғаннан соң факторинг компания немесе банктің фактор бөлімі 1-2 апта ішінде клиенттің экономикалық және қаржылық жағдайын зерттейді. Егерде кәсіпорын факторинг компаниясы немесе банктің фактор бөлімінің клиенті бола қалған жағдайда, ол факторинг компаниясына

сатып алушыға жіберілетін барлық шот-фактураны тапсырады. Әрбір құжат бойынша клиент төлеуге келісім алуға тиіс. Факторинг компаниясы барлық шот-фактурамен таныса отырып, сатып алушының төлем қабілетін анықтайды. Бұған 2-3 күн мерзім уақыт қажет етіледі. Факторинг компаниясы төлемнің уақыты жеткен кезде немесе мерзімінен бұрын төлей алады.

24-сурет. Факторингті ұйымдастыру сызбасы



Әлемдік тәжірибеде факторинг қызметінің құны мынадай екі элементтен тұрады: оған берілген құжаттарды мерзімінен бұрын төлеу барысында алынатын комиссия және пайыз. Комиссия шот-фактура сомасынан белгілі мөлшерде (әдетте, 1,5-2,5 %) деңгейінде белгіленеді. Мәміленің көлеміне қарай комиссия сомасы да өсіп отырады. Факторинг ережесі бойынша несие үшін төленетін пайыз мөлшерлемесі ақша нарығындағы (қысқа мерзімді несиелер нарығындағы) мөлшерлемеден 1-2%-дай жоғары болып келеді.

Факторинг операцияларының жүзеге асырылу негізіне факторинг туралы келісім-шарт жатады. Онда факторинг операциясының төмендегідей жасалу шарттары көзделеді: төлем талабының мәліметтері, факторинг операциясы бойынша сомадан төлейтін сома, өтеу сый ақысының мөлшері, факторинг келісім-шартын бұзу жағдайлары және тараптардың ойлары бойынша басқа да шарттар.

Сонымен қатар, онда тараптардың өздеріне алған міндеттемелерін орындай алмаған жағдайлардағы жауапкершіліктері де қарастырылады. Ондай жағдайда тараптар бірінің алдында бірі жауап беруге тиіс. Факторинг бөлімі өзіне алған міндеттемесін орындай алмаған жағдайда, оны құрушы банк материалдық жауапты болып табылады.

Факторингтің екі түрі болады: *ауқымды* (конвенционды) және *шектеулі* (конфеденциалды). Тарихта оның ауқымды түрі бірінші пайда болған. Қазіргі жағдайда бұл – бухгалтерлік есеп, жабдықтаушылар және сатып алушылармен

есеп айырысу, несиені сақтандыру және т.б. қамтитын клиенттерге қаржылық қызмет көрсетудің әмбебап жүйесін сипаттайды. Клиенттің мұндағы қызметі тек қана өндіру болып табылады. Бұл жүйе клиент-кәсіпорынға өндіріс пен өнімдерді сату шығындарын қысқартады. Өзінің мәні жағынан факторингтің бұл түрі жөнелтілген тауарларға берілетін несиені білдіреді.

Соңғы жылдары шектеулі факторинг те біршама дамып келеді. Шектеулі факторинг бірнеше операциялардың орындалуымен байланысты: ақша алуға құқығын беру, қарызды төлеу және т.б. Шектеулі факторинг клиент-жабдықтаушы үшін жөнелткен тауары үшін берілетін несиені сипаттаса, ал клиент-сатып алушы үшін төлем несиесін сипаттайды. Факторинг операцияларын жасағаны үшін клиенттер банкке келісім-шартта көрсетілген төлемді төлейді, ол өзінің экономикалық мазмұны жағынан несие үшін төлейтін пайызды білдіреді.

Факторинг операциясы, бүгінгі таңда, отандық ақша нарығында дами алмай отыр. Факторингті енгізу сынағы, негізінен, 1988 жылы КСРО Өнеркәсіп құрылыс банкімен жүзеге асырылып, кейіннен өзге де коммерциялық банктер факторинг операцияларын орындай бастады. Сөйтіп, 90-шы жылдардың басындағы төлем дағдарысы факторинг қызметінің банктер үшін тиімсіздігін айқындап, нәтижесінде отындық банктеріміз күні бүгінге дейін бұл операцияға салғырттық танытуда.

Факторингтің бірегей құқықтық негізін құру үшін 1988 ж. Халықаралық факторинг туралы конвенция бекітілген. Халықаралық факторинг туралы кез келген келісім-шарт төменде берілгендердің кемінде екеуін қамтуға тиіс:

- Аванс және несие беру жолымен жабдықтаушыны қаржыландыру;
- Төлем талаптарына жататын жабдықтаушының шоттарын бухгалтерлік жағынан өңдеу;
- Борышқорлардан ақшалай қаражат алу;
- Жабдықтаушыларды олардың борышқорларының төлем қабілетсіздігі жағдайынан қорғау.

Факторинг операциялары. Факторингтік операциялар банктер және арнайы ұйымдар арқылы жүзеге асырылады. Ол үшін банктерде арнайы бөлімдер ашылуға тиіс. Факторингтік операциялар түрлері 25-суретте келесі бетте берілген.

Факторингтік операциялардың төмендегілер бойынша жасалмайтынын ескеру қажет:

- Жеке тұлғалардың қарыздық міндеттемелері бойынша;
- Бюджеттік мекемелердің қоятын талаптары бойынша;
- Банктің несиелеуден алынып тасталған немесе төлем қабілетінсіз деп танылған кәсіпорындар мен ұйымдардың міндеттемелері бойынша;
- Кәсіпорындардың филиалдары немесе бөлімшелерінің міндеттемелері бойынша.

Факторинг негізінен жабдықтаушы мен сатып алушының арасындағы қатынасты сипаттайды, себебі ол жабдықтаушының қаржылық жағдайына,

сондай-ақ оның сатып алушыларының төлем қабілетіне үздіксіз бақылауды білдіреді.



25-сурет. Факторингтік операциялар

Факторингтің ашық және жабық түрлері болады. Ашық факторингте берешекке, мәмілеге факторинг бөлімінің қатысатындығы туралы алдына ала хабардар етіледі. Жабық факторингте берешекке факторингтік келісім-шарттың болуы туралы айтып жеткізеді.

11.3. Форфейтинг

Форфейтинг пен факторинг операциялары өзара ұқсас болып келеді. Бірақ форфейтингтің факторингтен айырмашылығы - форфейтинг сатқан тауарлар мен қызметтерге деген құқықтарды қайта сату арқылы ақшалай қаражаттарды

қарызға алумен байланысты бір рет жасалатын операцияны білдіреді. Сондай-ақ экспортердың форфейтингтік қызметі орта мерзімді немесе ұзақ мерзімді несиелеумен байланысты болса, ал факторингте несие беру мерзімі небары 6 айды құрайды.

Форфейтинг сөзі француз тілінде “a forfait”, аударғанда “құқықтан бас тарту” дегенді білдіреді. Форфейтинг – тауарларды жабдықтау немесе қызметтерді көрсету барысында пайда болатын және алдағы уақыттарда өтелуге тиісті міндеттемелерді сатып алуды білдіру үшін пайдаланылатын термин.

Форфейтинг қызметі халықаралық сауданы орта мерзімде қаржыландырудың балама тәсілдеріне жатады.


Форфейтинг – бұл форфейтордың, яғни коммерциялық банктің немесе арнайы компанияның экспортерға импортердің төлеуге тиісті төлем талабын сатып алуы.

Форфейтинг мәмілесі бойынша, алдымен экспортер өзінің тауарын несиеге алушыны - импортерды іздейді. Ал импортер болса, оған жай немесе аударма векселін, яғни қарыздық міндеттемесін жазып беруге тиіс. Егер вексель берушінің беделі немесе қаржылық жағдайы жақсы болса, онда вексельге кепіл беру талап етілмеуі мүмкін, дегенмен де импортер аудармалы векселі бойынша авальшыны (төлеуге кепіл беруші тұлғаны) табады. Осы жерде басты мән берілетіні мыналар: банк несиесінің сомасы мен мерзімі, сатып алушының төлем қабілеттілігі, аваль берушінің қаржылық жағдайы.

Форфейтинг мәмілесінде үш қатысушы болады:

1. *Экспортер*, яғни тауарды орта мерзімді несиеге беруші;
2. *Импортер*, яғни тауарды несиеге алушы;
3. **Форфейтор**, яғни мәмілені қаржыландырушы банк немесе арнайы ұйым.

Форфейтинг мәмілесі 26-суретте беріледі.



25-сурет. Форфейтинг мәмілесінің техникасы

- 1) мәмілеге қатысушылар арасында келісім-шарт жасалады;
- 2) тауарын несиеге береді;
- 3) аудармалы вексельді (5-7 жылға) жазып береді;
- 4) аудармалы вексельді қайта сатады;
- 5) аудармалы вексельді есепке алып, оның 70%-дай мөлшерінде банк ссуда береді;
- 6) мерзімі жеткенде төлеуге ұсынылады;
- 7) вексель бойынша міндеттемесін өтейді.

Форфейтинг мәмілесі бірнеше кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде мәміле дайындалады. Бұл кезеңде экспортер, экспортер банкі немесе импортер мәмілені бастаушылар болады. Экспортер үшін кепілдемеге қатысты форфейтордың талабын білу маңызды. Сонымен бірге, осы кезеңде форфейтор экспортердің өтінішін қарайды. Екінші кезеңде, болатын мәміле туралы ақпараттар жинастырады. Содан кейін барып, форфейтор-банк несиелік талдау жүргізеді. Келесі кезеңде экспортер вексельді алады және оған авальдың берілуін, яғни үшінші бір тұлғаның кепіл беруін талап етеді.

Форфейтинг механизмін мынадай екі мәміле түрінде пайдаланады:

1. Қаржы мәмілесінде - орта мерзімді қаржы міндеттемесін тез арада іске асыру мақсатында.

2. Экспорттық мәміле бойынша – шетелдік сатып алушыға несиеге тауар бергені үшін экспортерға қолма-қол ақшада түсім түсуге ықпал ету мақсатында.

Форфейтинг мәмілесінің мерзімі 180 күннен 5 жылға дейінгі аралықты құрайды, кей жағдайларда – 7 жыл.

Экспортер үшін форфейтингтің мынадай *артықшылықтары* бар:

- векселін форфейтор-банк сатып алғаннан кейін, экспортер валюта бойынша тәуекелге бармайды, яғни бұл тәуекелді банктің өзі кешеді;

- уақытын кешіктіріп төлеуге берген операцияның қолма-қол ақшамен жасалатын операцияға айналуына орай, экспортердің өтімділігі тез арада жақсарады, яғни экспортер тауарын жөнелткеннен кейін бірден банктен қаражат алады;

- пайыз мөлшерлемесіне байланысты да тәуекел болмайды, себебі форфейтингтік қаржыландыру тұрақты пайыз мөлшерлемесі негізінде жүзеге асырылады;

- құжаттаудың қарапайымдылығы және оны рәсімдеудің жылдамдығы;

- форфейтор-банк несиелеу операциясына қарағанда өте жоғары табыс табады.

Форфейтинг екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Еуропа елдеріне алғаш пайда болған. Қазіргі кезде форфейтинг операциясы бойынша бірінші орынды Швейцария алады және ол осы операцияны бастаушылардың бірегейі болып табылады. Ал, біздің елімізде бұл операция түрі маңызды болғанымен, дамымай отыр, оның себебі вексель айналысының дұрыс жолға қойылмауымен байланысты және т.с.с.

Форфейтингтеуге әдетте, сауда тратталары (аударма вексель) немесе жай вексельдер қабылданады.

Форфейтингтегі дисконт мөлшерлемесінің құрамдас элементтеріне мыналар жатады:

- еуровалюталар нарығындағы несиенің құны (ЛИБОР –Лондондық банкаралық пайыз мөлшерлемесі);
- импортер елінің тәуекел құны және валютаны аударуға байланысты тәуекел құны 0,5 –тен 6 % -ға дейін жылдық мөлшерде ауытқиды;
- несиені басқаруға қатысты форфейтордың шығындары (0,5 % -ға дейін жылдық);
- міндеттеме үшін алынатын комиссия (1-1,5 % жылдық).

Бақылау сұрақтары:

- 1) Банктің қаржылық операцияларына нелер жатады?
- 2) Лизинг операциясы немен сипатталады?
- 3) Лизингтің қандай түрлері бар?
- 4) Қаржы лизингі дегеніміз не?
- 5) Факторинг операциясы немен түсіндіріледі?
- 6) Факторинг операциясына неше қатысушысы болады?
- 7) Факторинг операциясы бойынша банктің табысы қалай анықталады?
- 8) Форфейтинг дегеніміз не?
- 9) Банктің форфейтинг операциясы қалай сипатталады?
- 10) Форфейтинг операциясында неше қатысушы болады?
- 11) Форфейтинг операциялары қандай мәмілелерге жасалмайды?

12-тарау. Банктік комиссиянды-делдалдық операциясы

12.1. Траст операциялары

“Траст” ағылшын тілінен аударғанда “сенім” деген сөзді білдіреді. Траст бұл сеніммен басқаруға берілген мүлікке деген құқықты анықтайтын және меншікті иеленудің ерекше нысаны.

Траст операциясы - клиенттің сенімді тұлғасы ретінде оның мүлкін басқаруға және тапсырмасы бойынша басқа да қызмет көрсетуге байланысты банктің операциялары.

Траст операциясына қатысушыларға мыналар жатады:

1. *Траст құрылтайшысы* (немесе оның негізін қалаушы) – сенімді меншік иесіне сенім хат арқылы басқаруға беретін, мүліктің немесе мүліктік құқықтардың меншік иесі. Траст құрылтайшысы ретінде кез келген қолында мүлкі бар заңды немесе жеке тұлға бола алады.

2. *Трастыны иемденуші* (сеніп тапсырған тұлға) - траст келісім-шартындағы көрсетілген жағдайға сәйкес, мүлікті басқару құқығын өзіне қабылдайтын тұлға. Мұндағы мүлікке жылжитын және жылжымайтын мүліктер де жатады.

3. *Бенефициар* - траст келісім-шартын өзінің пайдасына жарататын кез келген заңды және жеке тұлға. Яғни ол, трастыны иемденушіге берілген мүліктен түсетін табысты алып отыруға құқылы тұлға.

Сонымен, *банктің траст операциясы* – бұл банктің өз клиенттеріне (заңды және жеке тұлғаларына) көрсететін әр түрлі қызметі түріндегі сенім операцияларын білдіреді.

Траст қызметіне: біріншіден, жылжымайтын және жылжитын мүліктерді басқару; екіншіден, инвестициялық портфельді қалыптастыру және оны басқару; үшіншіден, құндылықтарды сақтауға қабылдау; қабілетсіз меншік иесінің мұраға қалдырған мүлкін басқару; төртіншіден, тұрақсыздыққа ұшыраған фирмаларға қатысты несие берушілердің қоятын талаптарын реттеу; бесіншіден, мұраға қалдыруға байланысты мүлікті басқару қызметтері жатады.

Коммерциялық банктің траст-бөлімінің атқаратын қызметі үлкен үш топқа бөлінеді:

- I. *клиенттердің мұраға қалған мүлкін иемдену;*
- II. *сенім-хат бойынша операцияларды жүзеге асыру;*
- III. *агенттік қызметтер.*

Траст қызметі жеке тұлғаларға, сондай-ақ фирмаларға да көрсетіледі.

Жеке тұлғаларға көрсетілетін траст қызметі

Мұраға қалдырған мүлікті иемдену. Мұраға қалдырған мүлікті пайдаланудың басты міндеті - бұл сот шешімін алу үшін мұраға қалдырған мүлікті жинау және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету, әкімшілік шығыстарды төлеу және қарыздары бойынша есептесу, салықты төлеу, қалған мүлікті жанұя мүшелері арасында бөле отырып, оларға жекелей қызмет көрсету болып табылады.

Келісім-шарт негізінде клиенттің мүлкін басқару. Бұл операция сенім білдірген тұлға мен сенім иесінің арасындағы мүлікті жауапкершілігі бар тұлғаға берумен байланысты жасалатын келісімнен туындайды.

Агенттік (делдалдық) қызметтер.

1. Активтерді сақтау:

- бағалы қағаздарды сақтауға қабылдау;
- бағалы қағаздар бойынша табыс алу;
- бағалы қағаздар бойынша шотына түскен қаражаты туралы сенім білдірушіге уақтылы хабарлап отыру;
- бағалы қағаздарға айырбастау;
- мерзімі өткен облигациялар бойынша қарызды қайтару;
- активтердің жалпы құнын (табыстың жалпы сомасын) сақтап қалу мақсатында бағалы қағаздарды сатып алу және сату;
- мүлік куәлігі бойынша сомаларды алу;
- клиенттерге бағалы қағаздар жеткізіп беру;
- сейфтерді жалға беру.

2. Агенті немесе өкілі ретінде клиенттің активтерін басқару:

- бағалы қағаздарды сатып алу-сату;
- бағалы қағаздар қоржынындағы сақталған бағалы қағаздардың бағамдарын бақылап отыру және бағалы қағаздар қоржынын қалыптастыру;
- клиенттің тапсырмасы бойынша барлық табыстарды алу;
- сенім білдірушінің шоттарын төлеу;
- сақтандыру полисін рәсімдеу.

Клиент келісім-шартқа сәйкес немесе сенімхат негізінде коммерциялық банкке, өзінің атынан агенттік қызметті жүзеге асыруды тапсырады. Ол үшін банктің мынадай құқықтары болуға тиіс:

- клиент атынан келісім-шарт жасау;
- акциялар мен облигацияларды беру;
- ссуда алу;
- чек жазу;
- вексельді аударып жазу және т.б.

Траст-операциясын жасау үшін, ең бастысы, сенім білдірген банк пен ұйымның арасында жасалатын келісім-шарт болуы қажет. Осы келісім-шарт негізінде мынадай қызметтерді атқарады:

- бағалы қағаздарға деген меншік құқығын беру;
- бағалы қағаздарды ұстаушылар, эмитенттер және өзге де ұйымдар үшін шоттарды жүргізу;
- пайыздарды төлеу, қарыздарды өтеу және т.б.
- облигациялық займдар бойынша қарызды өтеу қорларын иемдену;
- мүлікті кепілдіктен босату;
- корпорациялардың (зейнетақы қорларының) және т.б. қорларын басқару;
- сенім-хатқа сәйкес бір бағалы қағазды алып, басқасын беру, яғни бағалы қағаздарды айырбастауға байланысты агенттік қызметті жүзеге асыру;

- акционерлік қоғамдардың акциялар бойынша дивиденттер төлеу. Банктің траст қызметін көрсетудің басты шеңберін жеке тұлғалар, үкімет органдары, іскер кәсіпорындар үшін агенттік қызметті атқару құрайды. Банк көрсеткен траст қызметі үшін комиссияндық сыйақы алады.

12.2 Валюталық операциялар ұғымы

Валюталық операциялардың анықтамасын беруден бұрын “валюта” терминінің мәніне тоқталайық.

Қазақстан Республикасының “Валюталық реттеу туралы” заңына (24.12.1996 ж.) сәйкес, **“валюта – мемлекеттердің заңды төлем құралы ретінде қабылданған ақша бірліктері немесе банкноттар, қазыналық билеттер мен тиындар, соның ішінде қымбат металдардан жасалған тиындар (айналымнан алынған немесе алынатын, бірақ айналымда жүрген ақша белгісімен айырбастауға жататынын қоса алғанда) түріндегі қолма-қол және аударым нысандарындағы құнның ресми стандарттары, сондай-ақ шоттардағы, соның ішінде халықаралық ақша немесе есеп айырысу бірліктеріндегі қаражаттары”**.

Осы заңда **“валюталық операцияларға”** төмендегідей түсінік берілген:

1) меншік құқығының және өзге де құқықтардың валюталық құндылықтарға ауысуына байланысты операциялар, соның ішінде төлем құралы ретінде шетел валютасын және шетел валютасындағы өзге де төлем құралдарын пайдаланумен байланысты мәмілелер;

2) валюталық құндылықтарды кез келген тәсілмен Қазақстан Республикасына әкелу және жөнелту, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан әкету және жөнелту;

Мұндағы **валюталық құндылықтарға** мыналар жатады:

1) **шетел валютасы;**

2) номиналы шетел валютасында көрсетілген **бағалы қағаздар және төлем құралдары;**

3) **тазартылған құйма алтын;**

4) **ұлттық валюта**, резиденттер мен бейрезиденттер арасында олармен операциялар жасалған жағдайда құны ұлттық валютамен көрсетілген бағалы қағаздар және төлем құжаттары.

Мұндағы резиденттерге жататындар:

- ҚР-ның тұрақты тұрғыны, соның ішінде уақытша шетелде немесе республикадан тысқары жерлерде мемлекеттік қызметте жүрген жеке тұлға;

- ҚР-ның заңдылықтарына сәйкес құрылған барлық заңды тұлғалар, олардың республика ішіндегі немесе одан тысқары жерлерде орналасқан филиалдары мен өкілеттігі;

- ҚР-нан тысқары жердегі орналасқан дипломатиялық, сауда және өзге де өкілеттіктер жатады.

Ал, бейрезиденттерге резидент құрылымында көрсетілмеген ҚР-ң барлық заңды және жеке тұлғалары немесе одан тысқары жерлердегі олардың филиалдары мен өкілеттіктері жатады.

Кейбір экономикалық әдебиеттерде валюталық құндылықтар қатарына *бағалы металдар* (алтынан басқа да) мен *табиғи асыл тастарды* (алмаз, рубин, изумруд, сапфир, александрит және жемчуг) жатқызады.

Валюталық операциялар *ағымдық операциялар* және *капитал қозғалысымен байланысты операцияларға* бөлінеді.

1. *Ағымдық операцияларға* жататындар:

- тауарлар, жұмыстар және қызметтер үшін төлемнің не аванс төлемінің мерзімін 180 күннен аспайтын мерзімге ұзартуды көздейтін экспорт-импорт мәмілелері бойынша есеп айрысуларды жүзеге асыруға арналған аударымдар;

- 180 күннен аспайтын мерзімге несиелер беру және алу;

- салымдар (депозиттер), инвестициялар, заем және өзге операциялар бойынша дивиденттерді, сыйақыларды және өзге де табыстарды алу және аудару;

- гранттарды қоса алғанда, сауда сипатына жатпайтын аударымдар, мұрагерлік соманы, жалақыны, зейнетақыны, алименттерді және басқа сомаларды аудару;

- осы заңмен капитал қозғалысына байланысты операцияларға жатпайтын барлық өзге де валюталық операциялар.

2. *Капитал қозғалысына байланысты операцияларға* жататындар:

- инвестицияларды жүзеге асыру;

- интеллектуалдық меншік объектілеріне ерекше құқықты толық беруді көздейтін мәмілелер бойынша есеп айырысуларды жүргізуге арналған аударымдар;

- мүліктік құқыққа және өзге де жылжымайтын мүлік құқығына төлеуге аударымдар;

- тауарлар, жұмыстар және қызметтер үшін төлемнің не аванс төлемінің мерзімін 180 күннен асатын мерзімге ұзартуды көздейтін экспорт-импорт мәмілелері бойынша есеп айрысуларды жүзеге асыруға арналған аударымдар;

- 180 күннен асатын мерзімге несиелер беру және алу;

- өздері тіркелген мемлекеттердің заңдары бойынша банк операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар шетел банкілерінде және өзге де қаржылық ұйымдарда салымдарды (депозиттерді) жүзеге асыру;

- зейнетақы активтерін жинақтауға байланысты мәмілелер бойынша халықаралық аударымдар;

- жинақтау сипатындағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша халықаралық аударымдар.

Валюталық операцияларды біздің елімізде шетел валютасымен банктік операциялар жүргізуге ҚР Ұлттық банкінен алған лицензиясы бар өкілетті банктер ғана орындай алады. Сонымен қатар, ҚР Ұлттық банк валюталық реттеуді және валюталық бақылауды жүргізеді.

Валюталық реттеу – нормативтік құқықтық актілерді жасау және бекіту, ақпараттар жинау, валюталық заңдылықтардың орындалуына бақылау жасау, заңмен көзделген санкцияларды қолдану шараларын білдіреді.

Валюталық заңға сәйкес, валюталық реттеу шараларына мыналар жатады:

- лицензиялау;
- тіркеу;
- хабарлау.

Тіркеу және лицензиялауға жататын валюталық операциялар тізімі төмендегі кестемен берілген.

	Валюталық операциялар түрлері	ҚР-на кіретін	ҚР-шығатын
1	180 күн мерзімнен асатын коммерциялық несиелер	Тіркеледі	Лицензияланады
2	Тікелей инвестициялар	Тіркеледі	Тіркеледі
3	Бағалы қағаздарды сатып алу	Тіркеледі	Лицензияланады
4	180 күн мерзімнен асатын қаржылық займадар	Тіркеледі	Тіркеледі
5	Капитал қозғалысымен жасалатын өзге операциялар	Тіркеледі	Тіркеледі

Тіркеуге жататын ең төменгі сома төмендегі кестеде берілген.

Қазақстан Республикасына келіп түскен мүлік (қаражат) 300 мың АҚШ долларына асқан жағдайда	Қазақстан Республикасынан қаржат аудару (мүлікті беру) сомасы 10 мың АҚШ долларынан асса.
Резиденттің бейрезидентке мүлікті (қаражатты) қайтарумен байланысты міндетемесі 300 мың АҚШ долларына асқан жағдайда	Резиденттің бейрезидентке мүлікті (қаражатты) қайтарумен байланысты талабы 10 мың АҚШ долларынан асса.

Сонымен қатар заңды тұлға резиденттердің шетелдегі филиалдары мен өкілдіктерін ұстау шығыстарын қаржыландырумен байланысты шетел банктерінде шот ашуы тіркеуге алынады.

Тіркеуге жатпайтын валюталық операцияларға мыналар жатады:

- мемлекеттің сыртқы займдар, мемлекеттің кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы займдар туралы келісімдер, сондай-ақ осындай келісімдердің төңірегінде жасалатын операциялар;

- валюталық келісімшарттың толық сомасына жаслаған мәмілелік құжаты бар тауарларды экспорттаумен (импорттаумен) байланысты коммерциялық несиелер;

- хабарлау режимінде жасалатын банктердің меншікті операциялары;

- ҚР-ғы шетелдік мекемелердің жүзеге асыратын валюталық операциялары;

- Бейрезиденттердің ҚР-да шығарылған мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алуы;
- Бейрезиденттердің қазақстандық депозитарлық қолхаттарды сатып алуы;
- Брокерлік қызмет көрсету негізінде бейрезиденттердің резиденттердің бағалы қағаздарын сатып алуы;
- өзге мемлекеттердің заңдарына сәйкес және олардың аумағында резиденттердің шығарған бағалы қағаздарын бейрезиденттерін сатып алуы.

Валюталық операцияларды тіркеуге талу үшін қажетті құжаттар тізімі:

- тіркеуі үшін өтініш;
- валюталық келісімшарт көшірмесі (тігілген және мөр басылған);
- төл құжатының көшірмесі (жеке тұлғалар үшін);
- заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу куәлігінің көшірмесі;
- ҚР статистика ұйымының тарапынан заңды тұлғаға жеке идентификациялық кодының берілгендігін растайтын құжаттың көшірмесі;
- СТТН көшірмесі;
- Валюталық келісімшартқа сәйкес міндеттемелердің орындалуы және аяқталуын растайтын құжаттардың көшірмесі.

Банктердің мынадай меншікті операциялары 300 мың АҚШ долларынан асса хабарлануға жатады:

- 180 күн мерзімнен асатын бейрезиденттерден алған коммерциялық несиелер мен займдар;
- бейрезиденттердің банктерге жасаған тікелей инвестициялары;
- бейрезиденттердің банктердің бағалы қағаздарын сатып алу, сондай-ақ банктердің халықаралық капитал нарығында бағалы қағаздарды алғашқы эмиссиялауы;
- жылжымайтын мүлікке деген меншік құқығын сатып алумен байланысты жасаған бейрезиденттердің аударымдары.

Валюталық операциялар бойынша тіркеу куәлігін беру, лицензиялау және хабарламаны қабылдауды ҚР Ұлттық банкінің Төлем балансы және валюталық бақылау департаменті жүзеге асырады.

12.2. Валюталық операциялардың жіктелуі

Экономикалық әдебиеттерде банктер жүргізетін валюталық операциялардың өзіндік белгілеріне байланысты жіктелуін көрсетеді (16-сурет).

1. Клиенттердің шоттарын ашу және жүргізу

Бұл операция мынадай түрлерден тұрады:

- заңды және жеке тұлғаларға (резиденттер мен бейрезиденттерге) валюталық шот ашу;
- шоттардағы қалдық бойынша пайыз төлеу;
- овердрафт (банктің жетекшілерінің шешімімен ерекше клиенттерге) несиелерін беру;
- операция жасалуына қарай шоттың көшірмелерін беру;

- кез келген уақыт аралығына шот архивін рәсімдеу;
- клиенттердің тапсырмалары бойынша операцияларды орындау (клиенттер есебінен шетел валютасын сатып алу және сату);
- экспорттық-импорттық операцияларға бақылау жасау.

2. *Сауда емес операциялар.* Сауда емес операцияларға клиенттерге тауарлар және қызметтер экспорты мен импорты және капитал қозғалысы бойынша қызмет көрсетулер үшін есеп айрысуларға байланыссыз операциялар жатады.



26-сурет. Валюталық операциялардың жіктелуі

Өкілетті банктер сауда емес сипатта мынадай операцияларды жасауы мүмкін:

- қолма-қол шетел валютасын және шетел валютасындағы төлем құжаттарын сатып алу және сату;
- шетел валютасын және шетел валютасындағы төлем құжаттарын инкассациялау;
- шетел банктерінің жол чектерін сатып алу (төлеу);
- ақшалай аккредитивтерді төлеу.

3. *Шетел банктерімен корреспонденттік қатынас орнату*

Халықаралық есеп айырыуларды жүзеге асыру үшін банктер шетел банктерінде өздерінің корреспонденттік шоттарын ашады. Ондай шоттар екі түрлі болып келеді:

1. **НОСТРО** шоты (біздің шотымыз сізде) – банк-корреспондентте коммерциялық банктің атына ашылған ағымдық шот;

2. **ЛОРО** шоты (сіздің шотыңыз бізде) – коммерциялық банкте банк-корреспонденттің атына ашылған ағымдық шот.

4. *Конверсиондық операциялар*

Конверсиондық операциялар – сол елдің қолма-қол және қолма-қолсыз ұлттық валюталарына қолма-қол және қолма-қолсыз шетел валюталарын сатып алу және сату мәмілелері.

Конверсиондық операцияларға мынадай валюталық мәмілелер жатады:

- *СПОТ мәмілесі* – бір валютаға қарсы екінші валютаны сатып алу және сатуға байланысты мәміле жасалған күннен кейінгі екінші банктік жұмыс күніндегі валюталау күні жүргізілген операциялар.

- *ФОРВАРД (мерзімді, аутрайт) мәмілесі* - бір валютаға қарсы екінші валютаны сатып алу және сатуға байланысты мәміле жасалған күннен кейінгі 2 банктік жұмыс күніндегі валюталау күні жүргізілген операциялар.

- *СВОП мәмілесі* - бір валютаға қарсы екінші валютаны сатып алу және сатуға байланысты осы валютаны болашақта қайта сатып алу және сатуға сәйкес, яғни екі қарама-қарсы операциядан тұратын банктік мәміле.

- *Аутрайтпен жасалатын мәміле* – белгілі бір күнге валютамен жабдықтау шартын білдіреді;

- *Опционмен жасалатын мәміле* – валютамен жабдықтаудың күні белгіленбеген шартын сипаттайды.

5. *Халықаралық есеп айырысу бойынша операциялар*

Сыртқы саудада есеп айырысудың мынадай формалары қолданылады: құжатталған аккредитив, құжатталған инкассо, банктік аударым.

Құжатталған аккредитив – аккредитивте көрсетілген құжаттарға қарсы экспортердың (бенефициарға) пайдасына өзінің бұйырушы-

клиентінің (импортердің) өтініші бойынша жасайтын аккредитив ашушы банктің (эмитент-банктің) міндеттемесін білдіреді.

Құжатталған инкассо - эмитент-банктің, сенім білдірушінің берген құжаттарын төлеушіге (импортерға) төлеу үшін ұсынуға немесе ақшасын алып беруге өзіне алған міндеттемесі.

Банктік аударым – банктік аударым жасаушының жасаған тапсырмасы негізінде барлық есеп айырысудағы валюталық түсімдердің өкілетті банктердің шотына есепке алынуын білдіреді.

6. Валюталық қаражаттарды тарту және орналастыру операциялары.

Мұндай операцияларға мыналар жатады:

- 1) депозиттерді тарту:
 - жеке тұлғалардан;
 - заңды тұлғалардан, соның ішінде банкаралық депозиттер;
- 2) несиелер беру:
 - жеке тұлғаларға;
 - заңды тұлғаларға;
- 3) банкаралық нарықта несиелерді орналастыру.

12.3 Инкассо

Халықаралық және отандық банктік тәжірибеде есеп айырысудың ең көп қолданылатын түрлеріне инкассо мен аккредитив жатады.

Инкассо – сатушы (экспортер) мен сатып алушыны (импортердің) арасында банктің делдал қызметін атқаруымен байланысты операция. Аталған операция инкассоның шарты көзделген құжаттарға қарсы төлемді жасау туралы сатушы тапсырмасы негізінде жүзеге асады. Егер қаржылық құжаттарға (аудармалы вексель, жай вексель, чек және т.б ақшаны алуда пайдаланылатын құжаттар) қоса коммерциялық құжаттар (шот, жөнелту құжаттары, меншік құқығы туралы құжаттар) берілген болса, онда мұндай инкассо құжатты инкассо деп аталады. Таза инкассода қаржылық құжаттар ғана беріледі, яғни коммерциялық құжаттар бірге жүрмейді.

Таза және құжатты инкассомен операция жүргізуде банктер 1995 жылы толықтырылған «Инкассомен жұмыс жасаудың ортақ ережесін» басшылыққа алады.

Инкассомен операция жасауда банктер ешқандай да төлем міндеттемесін алмайды. Олардың міндеті инкассоның нұсқаулығына сәйкес төлемдерге қарсы құжаттарды беру болып табылады.

Құжатты инкассода мынадай қатысушылар болады:

- сатушы (экспортер) – инкассо бойынша банкке тапсырма беруші;
- ремитент банк - инкассо бойынша сатушының тапсырма беретін банкі;

- инкассолоушы банк – инкассолоу операциясына қатысушы ремитент банктен басқа кез келген банк;
- хабарлаушы банк – төлеушіге хабарды жеткізуші банк;
- сатып алушы (төлеуші) – инкассолық тапсырмаға сәйкес хабар берілетін тұлға.

Құжатты инкассо формасында есеп айырысу пайдалану төмендегі жағдайларда ұсынылады:


- бірін бірі білетін серіктестер арасында;
- сатушы сатып алушының төлем қабілетіне көз жеткізген жағдайда;
- сатып алушы елдегі жағдай тұрақты немесе импорттық шектеулер жоқ болғанда.

Инкассомен есеп айырысудың сатып алушы үшін артықшылығы, ол тауарды жөнелткенге дейін оның құнын төлемей, төлем тек қана тауарды жөнелткендігін растайтын құжаттар ұсынылған жағдайда жасалады.

Сонымен қатар егер де ұсынылатын құжаттар келісімшартқа сай келмесе сатып алушының төлемнен бас тартуға немесе аз бөлігін төлеуге құқы бар. Өз кезегінде сатушы үшін оның артықшылығы мынада, яғни сатып алушы төлемді жасамайынша тауарға тиісті құжаттарды ала алмайды.

Дегенмен бұл да сатушыға тауарының төленетіндігіне ешқандай кепіл бермегенімен өзге есеп айырысу формасына, мысалы аккредитивке қарағанда өте арзан және жалдам болып келеді.

Құжатты инкассомен есеп айырысу сызбасы 27-суретте берілген.



27-сурет Құжатты инкассомен есеп айырысу сызбасы

1 – Келісімшарт жасасу; 2- тауарды жабдықтау және құжаттарды рәсімдеу; 3 инкассоны беру үшін құжаттарды тапсыру; 4 – инкассоға құжаттарды жөнелту; 5 – құжаттарды сатып алушыға беру; құжаттарға қарсы төлем жасау; сатып алушының шотына қаражат есептеу.

12.4 Аккредитив

Аккредитивпен есеп айырысу жиі қолданылмайды, бірақ та ол нарық жағдайында біршама тұрақты есеп айырысу формасы.

Аккредитив - бұл сатып алушының тапсырмасы бойынша сатып алушының (аккредитив алушының) банкісінің жабдықтаушының банкісіне аккредитивте көрсетілген құжаттарды жабдықтаушы (бенефициар) бергеннен соң және аккредитивтің басқа да шарттарын орындаған жағдайда төлемді төлеуге берген шартты ақшалай міндеттемесі.

Егер де аккредитивті ашатын банк, клиенттің тапсырмасы бойынша қаражатты жабдықтаушының банкіне аударып қойса, онда аккредитивте көрсетілген барлық шарттардың орындалуы барысында төлемді жүзеге асыру үшін жабдықтаушының банкінде “Аккредитив” жеке баланстық шоты ашылады.

Аккредитив аша отырып, банк төлемді төлеуге кепілгер болып табылады. Бұл халықарылық банктің тәжірибедегі есеп айырысу формасының банктің кепілдігімен жасалатын жалғыз түрі. Қалған есеп айырысу формаларында банк клиенттің тапсырмасы бойынша және оның есебінен есеп айырысуға қатысады.

Жалпы аккредитивпен есеп айырысудың мынадай қатысушылары болады:

- *Өтініш иесі* (аппликант, бұйрық беруші, импортер, трассат, сатушы). Бұл қатысушы банкке аккредитив ашуды тапсырады.

- *Бенефициар* (экспортер, сатушы, трассант). Бұл қатысушының атына аккредитив ашылады.

- *Эмитент банк*, яғни клиенттің (өтініш берушінің) атынан аккредитив ашатын банк.

- *Хабарлаушы банк*, яғни хатпен немесе телекспен аккредитивтің ашылғандығын бенефициарға хабарлаушы банк. Оның басты міндеті хабарды жеткізбестен бұрын аккредитивтің шынайлығына көз жеткізуге тиіс.

- *Растаушы банк*, яғни эмитент банктің сұрауы бойынша аккредитивке өзінің кепіл-хатын қосатын банк. Растаушы банк егер де эмитент банк міндеттемесін орындай алмаған жағдайда аккредитив бойынша төлемді төлеуге келісім береді.


Аккредитивтің мынадай түрлері болады:

- *құжатты аккредитив;*
- *өтелген және өтелмеген;*
- *қайтарылатын және қайтарылмайтын.*

Құжатты аккредитив – бенефициардың төлемді алғанға дейін құжаттарды беруін сипаттайды. Бұл құжаттар аккредитивте көрсетілген

тауарларды жөнелткендігін растайды. Төлемді алу үшін барлық құжаттар аккредитивте көрсетілген тізбекке сәйкес келуі қажет.

Өтелген (қаражат аударылған) - бұл эмитент-банктің міндеттемесінің іс-әрекетінің барлық мерзімі ішінде төлеушінің меншікті қаражаты немесе несиеге клиентіне берген қаражаты есебінен аударылған жабдықтаушының банкісінде ашқан аккредитиві. (28-суретте берілген).




28- сурет. Алдын-ала қаражатты аудару арқылы аккредитив формасымен есеп айырысудағы құжат айналымының сызбасы

1 - алдын-ала қаражатты аудару арқылы аккредитив формасын пайдалану барысында есеп айырысу туралы өзара контракт жасасу; 2 - банкке аккредитив ашуға өтінішін және оған қоса қаражатты аудару туралы төлем тапсырмасын беру, одан соң, ол соманы сатып алушының шотынан шегеру; 3 - қаражатты экспортердің банкіне аудару және оны “Аккредитив” шотына есептеу; 4 – экспортерге аккредитивтің ашылғаны туралы хабарлау; 5 - тауарды жабдықтау немесе қызмет көрсету; 6 – келісімшартқа сәйкес тауарды жөнелткені (қызметті көрсеткені) туралы есеп айырысу құжаттарын экспортердің банкіне жіберу және “Аккредитив” шотынан қаражатты шегеріп, оны жабдықтаушының шотына есептеу; 7 – есеп айырысу құжаттары сатып алушының банкіне жіберіліп, аккредитивті пайдаланғаны туралы хабардар етеді; 8 - құжаттарды сатып алушыға бере отырып, оған аккредитивті пайдаланғаны туралы хабарды жеткізеді.

Өтелмеген (кепілденген) - бұл банктердің өзара корреспонденттік қатынастар орнатуы негізінде жабдықтаушының банкіне сатып алушының банкісінің шотынан қаражатты шегеруге құқық беру арқылы ашқан аккредитивін сипаттайды. (келесі бетте 29- сурет).

Кепілденген аккредитивті эмитент-банк сатып алушымен келісім-шарт негізінде, сондай-ақ басқа банкпен арадағы корреспонденттік қарым қатынас жағдайына байланысты ашады. Ал енді, өтелмеген аккредитив бойынша есеп айырысу ерекшеліктерін қарастырып өтейік.

Әрбір аккредитив қайтарылатын немесе қайтарылмайтын болуға тиіс. Ондай анықтауыш белгі болмаған жағдайда, ол аккредитив қайтарылатын болып табылады.



29-сурет. Банктік кепілдемені пайдалану арқылы аккредитив формасымен есеп айырысудағы құжат айналымының сызбасы

1 – банк кепілдемесін беру арқылы аккредитив формасын пайдалану барысында есеп айырысу туралы өзара контракт жасасу; 2 – банк кепілдемесінің негізінде банкке аккредитив ашуға өтінішін жасау және аккредитивтің ашылуын “Банктің кепілдемесі және тапсырмалары” деген баланстан тыс шоты бойынша көрсету; 3 – аккредитив ашылғаны және аккредитивтің ашылуының баланстан тыс шотта көрсетілгені туралы хабарлау; 4 – жабдықтаушыға аккредитивтің ашылғаны туралы хабарлау; 5 тауарды жабдықтау немесе қызмет көрсету; 6 – келісім шартқа сәйкес тауарды жөнелткені (қызметті көрсеткені) туралы есеп айырысу құжаттарын жабдықтаушының банкіне жіберу және жабдықтаушының шотына қаражатты есептеу; 7 – есеп айырысу құжаттары сатып алушының банкіне жіберіліп, онда сатып алушының шотынан қаражат шегеріледі, шотында қаражаты болмаған жағдайда банк төлеушіге несие береді; 8 - құжаттарды сатып алушыға бере отырып, оның шотынан қаражатты шегергендігі туралы хабарды жеткізеді.

Қайтарылатын аккредитив жабдықтаушының келісімінсіз эмитент-банктің әмірімен өзгертілуі немесе күшін жоюы мүмкін. Бұл аккредитив сатып алушының мүддесін көздейді.

Қайтарылмайтын аккредитив жабдықтаушының келісімінсіз өзгере немесе күшін жоя алмайды. Себебі, мұндай аккредитив жабдықтаушының пайдасына ашылған болып табылады. Қайтарылмайтын аккредитив расталмаған және расталған болу мүмкін.

Қайтарылмайтын расталмаған аккредитив – эмитент банктің хабарлаушы банк арқылы хабарлайтын аккредитиві. Бұл жерде хабарлаушы банк эмитент банктің агенті ретінде қызмет етеді, бірақ ол аккредитив бойынша Бенефициар алдында ешқандайда жауапкершілік алмайды.

Аккредитивтік өтініштің үлгісі келесі бетте берілген.

Аккредитив ашуға өтініш № “ ” 200 ж.

(Эмитент банктің атауы)

Клиент (кәсіпорынның атауы)

Бенефициар (атауы, мекен-жайы, шоты)

Аккредитив ашуды сұраймыз

5. Қайтарылмайтын

6. Қайтарылатын

7. Расталмаған

Құжатты аккредитив

(аккредитивтің мерзімінің аяқталатын күні мен орыны)

Хабарлаушы банк (Бенефициар банкі)

(аккредитив сомасы)

(растаушы банк)

(атқарушы банк)

Аккредитив орындалады:

ТӨЛЕММЕН

БӨЛІП ТӨЛЕУ АРҚЫЛЫ

Мерзімі кешіктірілген аккредитивтің себептері _____

Жартылай тиеу

Қайта тиеу

Рұқсат етілген

Рұқсат етілген

Рұқсат етілмеген

Рұқсат етілмеген

Жөнелтілген күн _____

(Жөнелтілген тауарлардың сипаты)

(Тасымалдауға қабылданған жүктер)

Тасымалдау үшін қажетті құжаттар:

1) Шот- фактура _____

2) Әуе жүкқұжаты _____

3) Авто жүкқұжаты _____

4) Теміржол жүкқұжаты _____

5) Теңіз жүкқұжаты _____

6) Аралас жүкқұжаты _____

Арнайы нұсқаулық: _____

7) Қаптау парағы _____

8) Сақтандыру полисі _____

9) Сапа сертификаты _____

10) Шығу сертификаты _____

11) Өзге құжаттар _____

(Эмитент банк)

Құжаттарды тиеу құжаттарын жібергеннен бастап _____ күн ішінде тапсырылуы тиіс.

Корреспондент банктің және өзге комиссияларды біздің шотымыздан шегеруіңізді сұраймыз № _____

Рұқсат белгілері

Банк төрағасы _____

(Эмитент банк атауы)

Бас бухгалтері _____

Қолы

Күні

Контракт № “ ” _____ 200 ж

Мәміле төлқұжаты “ ” _____ 200 ж

Қайтарылмайтын расталған аккредитив – эмитент банктің міндеттемесіне қоса Растаушы банктің беретін міндеттемесін білдіреді. Мұндай аккредитивтің басты артықшылығы мұндай қосарлы кепілдендіру бар. Егер де эмитент банк бірінші классты банкке жатса, онда қосымша кепілдендіру қажет етілмейді. Ол өз кезегінде аккредитив бойынша шығынды азайтады. Кей жағдайларда мұндай аккредитивтің қосымша кепілдендірілуі бенефициардың қалауы бойынша іске асады.

Халықаралық банктік тәжірибиеде аккредитивтің автоматты түрде жаңартылатын, резервтік (стэнд-бай), аудармалы сияқты түрлері қолданылады.

Аккредитивпен есеп айырысу формасы мына жағдайларда пайдаланылады:

- бірін бірі аз білетін немесе танымайтын серіктестер арасында келісімшарт жасалса;
- келісімшарт жасаушы тарап серіктесіне толық сенімсіз болса немесе серіктесінің елінде саяси не экономикалық тұрақсыздықтар орын алса.

Аккредитивтің қызмет ету мерзімі және есеп айырысу тәртібі төлеуші мен жабдықтаушының арасында жасалатын келісімшартта көрсетіледі, сондай-ақ онда мыналар көрсетіледі: эмитент-банктің атауы; аккредитив түрі және орындалу тәсілі; аккредитив ашылуы туралы жабдықтаушыға хабарлау тәсілі; аккредитив бойынша қаражатты алу үшін жабдықтаушының беретін құжаттарының толық тізімі мен нақты сипаттамасы; тауарларды жөнелткеннен кейінгі құжаттарды жіберу мерзімі, олардың рәсімделуіне қойылатын талаптар; басқа да құжаттар мен шарттар.

Аккредитив ашу туралы өтініште төлеуші мыналарды көрсетеді: аккредитив ашылатын келісімшарттың номері; аккредитив қызмет ету мерзімі (аккредитив жабылу күні мен айы); жабдықтаушының (эспортердың) атауы; орындаушы банктің атауы; аккредитив орындалу орны; аккредитив бойынша төлем төленетін құжаттардың толық және нақты атауы, олардың тапсырылу мерзімі мен рәсімделу тәртібі; аккредитив төленетін тауарлардың (қызметтердің) аты, тауарларды (қызметтерді) жөнелту мерзімі; аккредитив сомасы; аккредитивті іске асыру тәсілі.

Аккредитивтің артықшылықтары мынадай:

Сатушы (экспортер) үшін:

- аккредитивте көрсетілген барлық шарттар, яғни тауар көлеміне, сапасына, қаптау түріне, жеткізу мерзімі мен тәсіліне, тиеу орыны мен мерзіміне және т.б. қатысты шарттар толық орындалған жағдайда төлемнің жүзеге асырылатыны;

- тауар жартылай жөнелтілсе, онда нақты жөнелткен тауары үшін төлем алатындығына сенімділігі;

- мәміле жасалмаған жағдайда немесе аккредитивтің мерзімі аяқталған уақытта сатып алушының резервтеген сомасын қайтарып алытындығына сенімділігі.

Сатып алушы (импортер) үшін:

- төлемнің банкпен төленетіндігі;

- егер ұсынылған құжаттар аккредитивте көрсетілген шарттарға сәйкес келгенде ғана төлемнің жүзеге асатындығы;

- егер сатушы өндіруші емес делдал болса, онда өндірушінің атына аккредитивті аударып жіберу мүмкіндігі болуы.

Аккредитив бойынша келісімшарт жасасу барысында төлемді жасауға байланысты аккредитивтің түріне мән беру қажет. Егер сіз құжаттарды банкке тапсырғаннан кейін төлемдерді алғыңыз келсе оны “ұсынуға байланысты төлем” (“by payment”) деген аккредитивті таңдағаныңыз дұрыс. Себебі, мұндай форма өте кең таралған және жылдам болып табылады. Бірақ та банктің 7 күн ішінде құжаттарды тексеруге содан соң барып төлемді жасауға құқылы екендігін естен шығармау керек.

Егер серіктесіңізге несиеге тауарыңызды бергіңіз келсе, онда Сізге төлемді кешіктіріп төлеумен байланысты (“by deferred payment”) аккредитив қажет болады. Төлемді кешіктіру уақыты тауарды жөнелткен күннен басталуы, құжаттарды банкке берген күннен басталуы немесе аккредитив ашқан күннен басталуы мүмкін. Бірақ мұндай жағдайда кешіктіріп төлеген күндер үшін комиссияндық ақыны Бенефициардың атына төленетіндігін есте сақтау қажет.

Сонымен қатар өзара келісімшарт жасаған кезде қай тараптың банктің шығыстарын өз мойнына алатындығын міндетті түрде көрсетуге тиіс.

Аккредитивтік есеп айырысуда пайдаланылатын құжаттарға мыналар жатады:

Шот-фактура, яғни экспортердың жөнелткен тауары не көрсеткен қызметі үшін импортердың төлемді талап етуге негіз болатын қаржылық құжат. Онда мынадай көрсеткіштер болады: жазылған күні, сатып алушы немесе импортердың аты-жөні және мекен-жайы, шот сомасы, тауардың сипаты, бір тауар бағасы, қосымша шығыстар, жөнелту шарты, төлеу шарты (аккредитив номері). Шот-фактураны міндетті түрде бенефициар толтырады және оны аккредитивті ашушыға (сатып алушыға) жібереді.

Сақтандыру полисі – сақтандырушы мен сақтанушының арасында сақтандыру шартының жасалғандығын куәландыратын құжат. Онда мынадай ақпараттар қамтылады: сақтандырушының атауы, мекен-жайы және қолы, сақтанушының атауы, мекен-жайы және қолы (әдетте сақтанушы ретінде сатушы болады), сақтандыру сомасы (сақтандыру сомасы CIF және CIP жеткізу шартына сәйкес тауар құнының 110 % құрайды), жөнелтілетін тауарлардың сипаты, тасымалдау түрі (көлік түрі, жөнелту уақыты, жөнелту орыны), сақтандырылатын тәуекел сипаты,

сақтандыру сыйақысын төлеу орыны (қала немесе елдің, сақтандыру агентінің атауы).

Көлік жүкқұжаты – тауарды тасымалдаушыға берілетін құжат. Көлік құжатының көлік түріне қарай теңіз коносаменті, әуе жүкқұжаты, авто жүкқұжаты, теміржол жүкқұжаты, пошта қолхаты сияқты түрлері болады. Көлік түріне байланыссыз жүкқұжатында мынадай мәліметтер көрсетіледі: тасымалдаушының аты-жөні мәртебесі және қолы, жөнелтушінің аты-жөні және мекен-жайы, тауардың сипаты, салмағы, қаптау номері мен түрі, фрахтаны төлеу туралы белгісі, жөнелту орыны, жеткізу орыны, тиеу орыны, құжаттың толтырылған күні мен орыны.

Аккредитивтің басты артықшылығы, оны төлеуге бантің кепілінің болуы.

Сонымен қатар, бұл есеп айырысу формасында бірқатар кемшіліктерде бар:

- аккредитивпен есеп айырысудың өзге формаларға қарағанда өте қымбат, сатып алушының қаражаты аккредитивтің қызмет ету мерзімінің ішінде оның шаруашылық айналымынан шығарылып қалады;

- тауар айналымы бәсеңдейді, яғни жабдықтаушы аккредитивтің ашылғаны туралы хабар алғанша, өзінің дайын өнімін жөнелте алмайды және оның сақталуы да қосымша шығындарды қажет етеді.

12.5 Банктік кепіл-хат

Халықаралық саудада мәмілеге қатысушы серіктестер үшін мынадай мәселе туындайтыны сөзсіз, олар:

- сатушының сатып алушының төлем қабілетін бағалау қиындығы;
- сатып алушының жабдықтаушының міндетемені орындауға дайындығын бағалау қиындығы.


Мұндай мәселені шешудің жолына мәмілеге қатысушы тараптардың бірінің банктің кепіл-хатын пайдалануы жатады.

Кепіл-хат – сатып алушының (принципалдың) тапсырмасы бойынша және оның атынан бенефициарға (жабдықтаушыға) жөнелткен тауары немесе көрсеткен қызметі үшін төлемді уақытында төлеу туралы кепілгер банктің міндеттемесін білдіреді.

Мәмілеге қатысушыларына қарай кепіл-хаттың екі түрі қолданылады:


- тікелей (үш жақты);
- жанама (төрт жақты).

Тікелей кепіл-хаттың қатысушыларына принципал (кепіл-хат алушы) кепілгер банк және бенефициар жатады. Мұндай кепіл-хатты пайдалану сызбасы 30-суретте берілген.



30-сурет. Тікелей кепіл-хатты пайдалану сызбасы

Жанама кепіл-хаттың қатысушыларына жоғарыда айтылған тараптардан басқа төртінші қатысушы немесе бенефициардың еліндегі банк болуы мүмкін. Мұндай мәміледе принципал банкі бенефициардың еліндегі банкке контркепіл-хатын береді, ал ол оны растайды (31-сурет).



31-сурет. Жанама кепіл-хатты пайдалану сызбасы

Принципал банктің контркепіл-хатының мерзімі бенефициар банктің кепіл-хатына қарағанда 7-15 күнге артық болып келеді. Бұл әрине принципал банктің беретін қарсы кепіл-хаттың пошта арқылы бенефициар банкке жету күндерін қосып ескереді.

Инкассо және аккредитив сияқты кепіл-хаттың да өзіндік ережелері бар. 1978 жылы тамыз айында Халықаралық сауда палатасы (ХСП) кепіл-хаттың негізгі ережесін, яғни «Келісілген кепіл-хат бойынша ортақ ережесін» жасап шығарды (ХСП №325 басылымы). 1994 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Талап етілетін кепіл-хатқа арналған ортақ ереже» күшіне енді (ХСП №458 басылымы).

Кепіл-хаттың қозғалысына байланысты мынадай кодты сөздер қолданылады:

MT 760 Кепіл-хатты шығару.

MT 767 Кепіл-хатқа өзгеріс енгізу.

МТ 768 Кепіл-хатқа жасалған өзгерісті растау.

МТ 769 Міндеттеменің орындалғанын хабарлау

Отандық банктік тәжірибеде мынадай банктің кепіл-хаттар түрлері қолданылады:

- «конкурстық кепіл-хат», яғни Бенефициар ұйымдастыратын тауарлар мен қызметтерді сатып алу және жабдықтауға байланысты конкурсқа қатысуға қажетті өтініш берушіге банктен берілетін кепіл-хаттың түрі;

- «міндеттеменің орындалуына берілетін кепіл-хат», яғни келісім-шартқа сәйкес аванстық төлемдер жасалған жағдайда Бенефициардың алдындағы Өтініш иесінің міндеттемесін қамтамасыз ететін банктік кепіл-хат;

- «аванстық төлемнің қайтарылуына берілетін кепіл-хат», яғни Бенефициармен арада жасалған келісімшартқа сәйкес Өтініш иесінің белгілі міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ететін кепіл-хат түрі.

Банктік кепіл-хат әдетте 5 жылға дейін беріледі. Банктік кепіл-хатты қамтамасыз ету құралдарына мыналар жатады:

- банктік шоттағы ақшалай қаражаттар;
- материалдық немесе материалдық емес активтер.
- Банктік кепіл-хатты алу үшін өтінішке қосымша мынадай құжаттар тапсырылады:

- өтініш беруші ұйымның кепіл-хатты алу және оған қамтамасыз ету мүлкін қою туралы хаттамасы;

- бюджет алдындағы қарызының жоқтығы туралы анықтама;

- конкурсты өткізуге байланысты Нұсқаулықтың көшірмесі (тендерлік кепіл-хат жағдайында);

- контрактінің көшірмесі.

Кепіл берші үшінші бір тұлға болса, мысалы заңды тұлға, онда

Жоғарыдағы көрсетілген бастапқы екі пункттегі құжаттарға қоса, құрылтайшылық құжаттар мен нотариалды түрде куәландырылған қол және мөр қою үлгілері бар құжат тапсырылуға тиіс.

Егер кепіл беруші жеке тұлға болса, онда оның жеке куәлігі мен СТТН-нің көшірмесі талап етіледі.

Өтініш берушіден барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін банк қызметкері немесе несие офицері Операциялық бөлімге шартты салым шотын ашу туралы үкім және Шартты банктік салым туралы келісімшартты дайындайды. Оған қосымша төмендегідей құжаттар даярланады:

- Ақшаны кепілге алу туралы шарт;
- Кепіл-хат туралы шарт;
- Кепіл-хат міндеттемесі.

Келісімшарттарға әуелі Өтініш иесі (қажет болса Кепіл беруші), содан соң банктің жетекшісі қолдарын қояды.

Банктік кепіл хат алу үшін берілетін өтініштің үлгісі төменде берілген.

Ұйымның фирмалық қағазынада толтырылады.

_____ **директоры**
(кепіл-хат беретін банк атауы)

_____ **мырзаға**
(жетекшінің аты-жөні)

“ ___ ” _____ 200__ ж.

Алматы қ.

Банктік кепіл-хатты алу туралы ӨТІНІШ

Осы _____
(ұйымның толық аты, мекені және банктік шот номері)
кепіл-хатты

_____ (кепіл-хат беретін бенефициар ұйымның толық аты, заңды және банктік көрсеткіші)

_____ (кепіл-хаттың сомасы мен валютасын көрсету)

_____ (кепіл-хаттың қызмет ету мерзімін көрсету)

мерзімге дейін біздің міндеттемемізді _____
(тендердің / контрактінің № және күнін /

_____ өзге негіздемелерді көрсету)

қамтамасыз ету үшін беруіңізді сұраймыз.

Банктік кепіл-хатты беру туралы келісімшартқа сай біздің міндеттемемізді қамтамасыз ету құралы ретінде _____

_____ ұсынамыз.

(қамтамасыз ету түрін көрсету)

Берілген банктік кепіл-хат үшін төленетін комиссиялық сыйақының кепілдендіреміз.

Барлық қажетті құжаттарды бірге тапсырамыз.

_____ (_____)
(қолы) (жетекшінің аты-жөні және қызметі)

_____ (_____)
(қолы) (бас бухгалтердің аты-жөні)

М.О.

Операциялық бөлім Өтініш берушінің атына тиісті банктік шот ашады және шарты салым келісімшартын жасайды. Аталған банктік шотқа ақша аударылғаннан кейін Операциялық бөлім несиелік сарапшыға келісімшарттың қол қойылған көшірмесін береді.

Өтініш беруші мен Кепіл берушінің қаржылық жағдайына сараптама жасау үшін мынадай құжаттарды талап етеді:

- соңғы күнге жасалаған бухгалтерлік балансы мен оған қосымшаларды;
- басқа қызмет көрсететін банктерден шотының айналымы туралы анықтама;
- басқа банктер алдында қарызының жағдайы туралы анықтама;
- берешек және алашақ қарыздары туралы құжаттар.

Өтініш берушінің қаржылық жағдайына сараптамаға қоса Өтініш беруші / Кепіл берушінің құқығын растайтын құжаттарына құқықтық сараптама жүргізіледі.

Бақылау сұрақтары:

- 1) Траст операциясы деп нені түсінесіз?
- 2) Траст операциясының неше қатысушылары бар?
- 3) Банктің траст-бөлімі қандай қызмет атқарады?
- 4) Агенттік қызмет көрсету немен сипатталады?
- 5) Валюталық операциялар дегеніміз не?
- 6) Ағымдағы валюталық операцияларға нелер жатады?
- 7) Капитал қозғалысымен байланысты операциялар қандай түрге бөлінеді?
- 8) Банктің валюталық құндылықтармен жасалатын операцияларына не жатады?
- 9) Конверсиондық операциялар дегеніміз не?

4-бөлім Банк қызметін басқару

13-тарау. Банктік менеджменттің мазмұны

13.1 Банкті қызметін басқару теориялары мен бағыттары

Менеджмент термині ағылшын тілінде «menegement» қазақша «басқару» дегенді білдіреді. Банк саласында менеджмент ұғымы банктің қызметін басқаруды сипаттайды.

Банк қызметіндегі менеджментті екі бөліктен тұрады:

- банктегі қаржылық менеджмент;
- банктегі қызметкерлерді басқару.

Банктегі қаржы менеджменті – бұл банктегі ақшалай ресурстарды басқарумен байланысты сипатталады. Қаржылық менеджментінің ғылым ретінде ХХ ғасырдың ортасында қалыптасты. Бұл ғылымның негізгі өзегіне «Қоржын теориясы» мен «Капитал құрылымы теориясын» жатқызуға болады. Қоржын теориясының негізін қалаушы экономика бойынша Нобель сыйлығының лауреаты Гарри Марковиц болды және ол өзінің 1952 жылы жазған «Қоржынды таңдау» деген еңбегінде осы тұжырымдаманың негізгі қағидаттарын жасады. Қаржылық менеджменттің осы бір маңызды теориялық тұжырымдамасының негізіне инвестициялық қоржынды құру барысындағы статистикалық талдаудың әдістемелігі мен тәуекел және табыстылық деңгейінің шекті қатынасын ықшамдау қағидаттары жатады. Оның теориясын сәйкес, активтердің жиынтық тәуекелін тәуекелді активтерді бір қоржынға біріктіру арқылы төмендетуге болатындығы айтылады, яғни несиелерді – несиелік қоржынға, бағалы қағаздарды бұл инвестициялық қоржынға, мерзімді валюталық нарықтың құралдарын - валюталық қоржынға біріктіруді көздейді. Банк менеджерлері үшін бұл жерде екі нәрсе маңызды: біріншіден, инвесторларға қатысты тәуекелді төмендету үшін барлық тәуекелді активтерді қоржынға біріктіру; екіншіден әрбір жеклеген активтер бойынша тәуекелдің деңгейін жалпы қоржынға шаға отырып өлшеуге болатындығы. Осы теориялық тұжырымдама негізінде, қоржын тиімділігі деген ұғымның критерийлеріне тоқталсақ, ол күтілетін кез келген нарықтық тәуекел жағдайында табыстың қамтамасыз етілуі және күтілетін кез келген табыс деңгейінде тәуекелді барынша төмендетуді көрсетеді. Ис-жүзінде аталған теория тәуекелді активтердің ықшамды қоржынын қалыптастыру тәсілдерін анықтап бере алды.

Екінші теориялық тұжырымдама Капитал құрылымының теориясы. 1958 жылы бұл теорияның негізін қалаушылар Франко Модильян мен Мертон Миллер болды. Олар өздерінің бірқатар еңбектерін, соның ішінде «Капиталдың құны, корпоративтік қаржылар және инвестиция теориясы» атты жұмыстарын капитал құрылымын ықшамдауға арнады. Осы теорияға

байланысты кез келген фирма немесе банк өзінің ықшамды капитал құрылымына ие болуға тиіс, яғни ол фирманың не банктің меншікті және тартылған қаражаттарының шекті қатынасы оның нарықтық құнына ықпал етуге тиіс. Капиталдық құрылымын ықшамдаудың критерийіне акциялардың бағамдық бағасымен бейнеленетін банктің нарықтық құнын арттыру жатады. Бұл теория банктің капиталының ықшамды құрылымын бағалауға мүмкіндік береді. Мұндағы банктің капиталы деп оның меншікті және тартылған қаражаттары түсіндіріледі.

Келесі теориялық тұжырымдамаға Агенттік қатынастар теориясын жатқызуға болады. Бұл тұжырымдаманың авторларына американдық зерттеушілер Майкл Дженсен мен Ульям Меклинг жатады. Олар 1976 жылы «Фирманың теориясы: басқарушылық мінез-құлқы, агенттік шығындар және меншік иелерінің құрамы» деген еңбектерінде акционерлер мен менеджерлердің, сондай-ақ акционерлер мен кредиторлардың арасындағы өзара қарым-қатынас заңдылықтарын ашады. Акционерлер мен менеджерлер арасында олардың мүдделеріне байланысты теке-тірестердің болу мүмкіндігін айтады. Себебі, акционерлер үшін басты мақсат бұл акцияның құнын көтеру арқылы фирманың немесе банктің нарықтық құнын арттыру, сол арқылы дивидендтердің мөлшерін ұлғайту болса, ал менеджерлер үшін ең бастысы фирманың немесе банктің мөлшерін өсіру, билікті арттыру, мәртебені және айлықты өсіру болып табылады.

Осындай теке-тірестерді болдырмау үшін менеджерлерді ынталандыратын, шектейтін және жауапқа тартатын жүйені жасау қажет, және ол өз кезегінде агенттік шығындардың болуын қажет етеді. Сол арқылы менеджерлер қызметін материалдық ынталандыра отырып, оның тиімділігіне қол жеткізуге болатындығын айтады.

Өзге агенттік теке-тірес бұл акционерлер мен кредиторлар арасында болуы мүмкін. Ол егер акционерлер менеджер арқылы фирманың немесе банктің құнының өсуін талап етсе, онда мұндай жағдайда кредиторлардың мүддесі аяққа тапталады. Мысалы акционерлер менеджерлерге біршама тәуекелді жобаларды жүзге асыруға итермелеп, бірақ кредиторларға беретін пайыз мөлшерлемелерін көтеруге қарсы болуы мүмкін. Мұндай жағдайда бір жағынан менеджерлер акционерлердің, екінші жағынан кредиторлардың агенті болу арқылы ғана қаржы ресурстарының иелері арасында балансты ұстай алады.

Банктегі қаржы менеджментінің теорияларының біріне өтімділікті басқару теориясы жатады. Өтімділікті басқару теориясы іс-жүзінде коммерциялық банктерді пайда болуымен және дамуымен бірге пайда болған. Бастапқыда банк өтімділігіне қатысты екі көзқарас қалыптасады. Бірінші көзқарас бойынша активтердің құрылымы өздерінің мерзімдеріне қарай пассивтердің құрылымына сәйкес келу қажет болды. Сонымен қатар бұл өз кезегінде банктердің өтімділік үшін белсенді саясат жүргізуге

тиістігін талап етті. Осы бір теориялық тұжырым негізінде банктің қаржылық талаптарының мерзімдері мен шамасы бойынша, оның міндеттемелерінің мерзімдері мен өлшемдеріне сәйкес болуы қажет деген «банктің алтын ережесі» қалыптасты.

Екінші көзқарас бұл банктің балансының активтері мен пассивтерінің шынымен сәйкес келмейтіндігін тұжырымдады. Бұл көзқарас бойынша кез келген ірі коммерциялық банк қаржы-несие құбылыстарының салдарынан сақтандырылмаған, нақтырақ айтқанда экономикалық дағдарыстардан, банкроттықтан, ссудалар бойынша төлемсіздіктен, несие нарығындағы сұраныс пен ұсыныс конъюнктураларынан және өзге де теңгерімсіз нарықтық қатынастардан.

Қазіргі кезде банк активтерін басқару үш әдістемелік бағытқа негізделген.

Біріншісі – коммерциялық банк өтімділігін сақтай алады, егер оның активтері қысқа мерзімге орналастырылып, сондай-ақ олар уақтылы қайтарылатын болса.

Екіншісі – коммерциялық банк өтімді болуы мүмкін, егер ол өзінің активтерін қолма-қол ақшаларға өзге кредиторлар мен инвесторларға сата алса.

Үшіншісі – коммерциялық банктің өтімділігін жоспарлауға болады, егер де несиені қайтару кестесін қарыз алушының болашақтағы табысы негізінде құраса.

Осы үш әдістемелік бағытқа активтерді басқарудың үш теориясы сәйкес келеді: коммерциялық ссудалар, ауысымдылық және күтілетін табыс теориялары.

Бастапқы үш теория банктің активін басқарумен тікелей байланысты. Коммерциялық ссудалар теориясының түбірі XVIII ғасырдағы ағылшынның банктік тәжірибесімен байланысты болды. Коммерциялық ссудалар теориясы негізінде банктердің өтімділігін басқару туралы көзқарасты А.Смиттің еңбегінде былай деп береді: «Банк вексель үшін төлемді қарыз алушының қарыз берушіге берген векселін есепке алу кезінде төлейді, кейіннен вексельдегі мерзімнің өтуіне қарай қарыз алушы банкке пайдаланған сомасы мен оған есептелетін пайызын қайтаруға тиіс».

Бұл теорияны жақтаушылардың пікірінше коммерциялық банк өзінің өтімділігін сақтауы үшін ол өзінің активтерін өз уақытында қайтарылатын қысқа мерзімді ссудаларға орналастыруға тиісті. Басқаша айтқанда, банктер тауарлардың өндірушіден тұтынушыға дейінгі қозғалысын қаржыландыруға тиіс деп түсінген. Бұл көзқарас бүгінгі күнгі банктердің тауарлар қорларын немесе айналым қаражаттарын толықтыруға беретін қысқа мерзімдік несиелерін сипаттайды. Аталған теорияның жақтаушылары банктердің сол уақыттардағы даму тарихында, олардың бағалы қағаздарға қаражат салуына, жылжымайтын мүлікті немесе тұтыну

тауарларын несиелеуге, ауыл шаруашылығына ұзақ мерзімді несие беруге болмайтындығын айтады.

Коммерциялық ссудалар теориясы АҚШ-та 30 жылдардың аяғына дейін жетекші орын алды. Аталған теорияның негізгі қағидаттары АҚШ-тың ертедегі банктік заңдылықтарында жазылып, олар ФРЖ-нің мүше банктердің вексельдерді қайта есепке алуға қатысты көрініс тапты. Бұл жерде есепке алынатын коммерциялық және ауыл шаруашылық вексельдер, біріншіден, стандартты ауыл шаруашылық немесе өзге де тауарлармен, материалдық құндылықтармен қамтамасыз етілуге тиіс, екіншіден, олардың мерзімдері 90 күннен аспауы тиіс.

Бірақ та коммерциялық ссудалар теориясы, өзінің кемшіліктеріне қарамай бүгінгі күні де өз мағынасын жоғалтқан жоқ. Оның себебі, негізгі құралы коммерциялық вексель болып келетін өтімділікті басқару теориясы бүгінгі күні ауысымдылық теориясымен байланыс табуда.

Ауысымдылық теориясының жақтастарының пікірлері бойынша банк өтімді бола алады, егер оның активін басқа кредиторларға немесе инвесторларға сатса. Егер несиелер мерзімінде қайтарылмаса, онда ссудаларды қамтамасыз етуге берілген тауарлы-материалды құндылықтар нарықта қолма-қол ақшаларға сатылуы мүмкін, сондай-ақ қаражат қажет болған жағдайда Орталық банк қайта есепке алу арқылы банктерді қайта қаржыландыруы мүмкін. Демек жекелеген коммерциялық банк өзінің өтімді қаржаттарға деген қажеттілігін қамтамасыз етуі үшін үнемі сатып жіберетін активтерін ұстауы тиіс. Сонымен бірге банк жүйесі өтімді болуы үшін, орталық банк банктердің қайта есепке алуға ұсынатын активтерін сатып алуы тиіс.

Ауысымдылық теорияның мәні банк өзінің қысқа мерзімді ресурстары мен талап етілетін міндеттемелері есебінен ұзақ мерзімді активтік операцияларды жүзеге асыруы мүмкін. Мұндай активтік операциялар банкке коммерциялық вексельдерді немесе қазынашылық вексельдерді, облигацияларды және өзге де бағалы қағаздарды сатып алуға мүмкіндік жасайды. Қысқаша айтқанда аталған теория банктің активтік операцияларында жоғары сапалы бағалы қағаздардың болуын және сол бағалы қағаздар нарығының дұрыс қызмет етуін талап етеді.

Күтілетін табыстар теориясына сәйкес банктің өтімділігін қарыз алушылардың болашақтағы табыстарынан түсетін несиені қайтару кестесіне негіздей отырып жоспарлауға болады. Бұл жерде банк өтімділігін басқаруда несиені қамтамасыз ету құралына сенгеннен гөрі, қарыз алушылардың несиені қайтаруынан түсетін табыстың пайдасы жоғары. Сонымен қатар банктер әр түрлі өтелім мерзімі бар бағалы қағаздарды таңдап ала отырып, олардан түсетін табысты да болжай алады. Аталған теория банктің өтімділігіне несиелер мен инвестициялардың өтелу мерзімдері бойынша құрылымын өзгерту арқылы ықпал етуге болатындығын куәландырады. Бұл негізінен қысқа мерзімді ссудалардың

ұзақ мерзімді ссудаларға қарағанда, немесе тұтыну несиелердің ипотекалық несиелерге қарағанда біршама өтімді екендігін көрсетеді.

Бұл теория қазіргі кездегі несиенің жекелеген түрлерінің, соның ішінде фирмаларға берілетін қысқа мерзімді несиелердің, тұтыну несиелерінің, жылжымайтын мүлікті кепілге алып берілетін несиелердің дамып отырғандығы мойындайды. Мұндай несиелердің ортақ қасиеті, олар банктің өтімділігін арттырады. Себебі, әр ай сайын негізгі қарыз бен оған есептелетін пайыз ретінде қайтарылатын төлемдерге ие банктің несиелік қоржыны біршама өтімді және олардан түсетін қолма-қол ақшалардың түсімін оңай жоспарлауға болады. Түскен ақшалай қаражаттарды пайдалануға немесе банк өтімділігін қолдау мақсатында әрі қарай инвестициялауға болады.

Бұл теорияның да өзіндік кемшілігі бар, яғни банк өзінің активтерін мерзіміне өзгертетін болса, кейде оның пайыздық табыстары бойынша болжамы тура болмай шығып, ондай жағдайда банк зиян шегуі мүмкін.

Пассивтерді басқару теориясы 60 жылдары АҚШ-та пайда болды. Оның жақтаушыларының көзқарастарынша банктер өтімділік мәселелерін нарықтан қосымша қаражаттар тарту арқылы шешуге болатындағын айтады. Осы теорияны әуелде ірі қаржы орталықтарының жетекші банктері қолдаса қазіргі кезде, оны пайдалануы банктер саны артып отыр. Олардың қатарында біздің отандық банктерімізде баршылық /23, /.

Пассивті басқару теориясы негізінен банктердің салымшылардың және өзге кредиторлардан қосымша қаражаттарды тарту арқылы өздерінің өтімділіктерін сақтау операцияларын сипаттайды. Нақтырақ айтсақ, пассивтерді басқару бұл тартылған қаражаттар құрылымын өзгерту жолымен өтімді қаражаттарға деген қажеттілігін қанағаттандыру шараларын білдіреді.

Жеке және заңды тұлғалар банктерге өздерінің қаражаттарын сақтауға тырысады, себебі банктер олардың сақталуын, табыстылығын және кез келген уақытта қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

Сырттан қаражаттарды тартуда банктер белгілі бір тәуекелге барады. Сол тәуекелді банктің пассивін басқаруда ескеруі қажет. Сонымен қатар пассивтерді басқаруда тартылған ресурстарға жұмсалатын шығыстар мен оларды орналастырудан түсетін табыстардың ара қатынасын ескеруге тиіс.

Банктер пассивтерін басқару арқылы өтімділігін сақтауда займдарға көбірек көңіл бөлуде. Соның ішінде отандық банктер бүгінгі күні шетелден қарыз тартумен әуестенуде. Көбіне олар шетелдік нарықтарға өздерінің бағалы қағаздарын орналастыруды және несие алуды кәсіпке айналдырған.

Сонымен қатар банктер Орталық банктерден немесе банк-корреспонденттерден несие алу арқылы өздерін өтімділігін қолдай алады. Әрине соңғылары банктер үшін қымбат қаражат көздерін сипаттайды.

Сондай-ақ ондай қаражаттарды алуға барлық банктердің шамалары келмейді. Ұсақ банктер көбіне ірі банктерден қаражаттарды қарызға алады.

Банктердің пассивтерін басқаруда депозиттік қоржынды басқарудың маңызы жоғары. Депозиттік қоржынның тұрақты салымдардан қалыптасуы банктің өтімділігін арттыра түседі. Мұндағы тұрақты салымдарға мерзімді салымдар жатады. Олар мерзімдеріне қарай қысқа, орта және ұзақ болып бөлінеді.

Коммерциялық банктердің пассивтерін басқару теориясы мынадай екі қағидатқа негізделеді:

- банк өтімділік мәселесін қосымша қаражат тарту арқылы, яғни оларды капиталдар нарығынан сатып алу арқылы шешеді.

Мұндай шаралар батыс елдерінде қолданылып келсе, бүгінгі күні біздің ірі банктеріміз де өздерінің акцияларын және өзге де бағалы қағаздарын шетелдің қор нарығына шығару арқылы қаражат тартып, өтімділігіне байланысты мәселелерді шешуге тырысуда.

- коммерциялық банктер Орталық банктерден және өзінің банк-корреспонденттерінен займдар алу арқылы да өтімділігін қамтамасыз ете алады.

Жоғарыда аталған теориялардың арқасында активтерді басқару әдістері, пассивтерді басқару әдістері пайда болып, оларды қазіргі отандық және шетелдік банктер тәжірибесінде қолдана бастады.

Банк активтері мен пассивтерін басқару бұл банктің қаржылық менеджментінің жүйесіндегі маңызды бағыттардың біріне жатады. Банктік қаржылық менеджменті бұл банктегі ақшалай ресурстарды қалыптастыру және орналастыру және ондағы кез болатын тәуекелдерді басқарумен байланысты шараларды білдіреді.

Қаржы менеджментінің принциптерін ғылыми негіздеуде *банктің тұрақтылық теориясының* маңызы ерекше. Ол теорияның көмегімен банктің тұрақтылығын бағалау және басқару әдістері негізделеді.

Жалпы банктегі қаржы менеджменті мынадай бағыттарды қамтиды:

- Стратегиялық және ағымдағы жоспарлау;
- Банктің саясатын қалыптастыру;
- Банк активін басқару;
- Пассивтерді басқару;
- Өтімділікті басқару;
- Табыстылықты басқару;
- Активтер мен пассивтерді басқару;
- Меншікті капиталды басқару;
- Несиелік портфельді басқару;
- Инвестициялық портфельді басқару;
- Тәуекелдерді басқару.

Банктік менеджменттің маңызды бағыттарының біріне банк қызметкерлерін басқару жатады.

Банк қызметкерлерін басқару мыналарды қамтиды:

- Еңбекті мотивациялау;
- Банктің ұйымдастырылу құрылымы;
- Кадрлардарды таңдау;
- Кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесі;
- Еңбек ақы төлеу механизмі және ынталандыру;
- Ішкі бақылау және аудитті ұйымдастыру;
- Қызметті өсіру жүйесі;
- Ұжымдағы қарым-қатынас принциптері.

Банктің менеджментінің мақсаты екі түрлі болады: экономикалық және әлеуметтік. Банктің экономикалық мақсаты – банктің қызметінде жоғары пайда алуды қамтамасыз етуді көздейді. Әрине банктік жоғары деңгейде табыс алуы тек қана банк қызметкерлері үшін емес сондай-ақ клиенттер үшін де пайдалы, яғни ол банктің тұрақтылығын және сенімділігін көрсетеді.

Банктік менеджменттің әлеуметтік мақсаты – банк банктің көрсететін қызметтері мен өнімдерінің клиенттердің қажеттілігін толық қанағаттандыруын қамтамасыз ету. Ол үшін банкті басқару жүйесіне маркетинг қызметі жақсы дамуға тиісті. Маркетингтік зерттеулерді ұйымдастыру арқылы банк клиенттердің сұранысына ие банк өнімдерін жасап, олардың бағасын анықтай алады.

Банктік менеджменттік экономикалық және әлеуметтік мақсаттарына жетуде банктік менеджменттік алдында мынадай міндеттер белгінеді:

- активтерінің шекті тәуекел деңгейінде банктің пайдалығын басқару;
- пайданың көлемін оңтайландыру арқылы банктің өтімділігін басқару;
- банктің тәуекелін басқару әдістемесін жасау арқылы тәуекелдерді басқару;
- банк қызметкерлерінің барлық потенциалдық мүмкіндіктерін пайдалану үшін қызметкерлерді басқару.

Банктегі қаржылық менеджмент тұрғысынан басқару мынадай құралдарды қамтиды:

- банк қызметін жоспарлау;
- банк қызметін талдау;
- банк қызметін реттеу
- банк қызметін бақылау;

Банк қызметін жоспарлау банктің болашағын көруге, оның қызметінің ауқымын, саласын және мүмкін болатын нәтижелерін болжауға мүмкіндік береді. Банк қызметіндегі жосарлау процесі екі түрге: стратегиялық және ағымдағы жоспарлауға бөлінеді.

Жоспарлау мынадай сұрақтарды қамтиды:

- банктің стратегиялық мақсаттары мен міндеттерінң мазмұны;
- банктік және жалпы экономикалық жағдайларға талдау жасау;
- банк стратегиясын жасау;
- банк ресурстарын бөлу механизмі;
- жоспарлы көрсеткіштердің орындалуына бақылау жасау нысандары.

Банк менеджментін талдау - банк қызметін қол жеткізген нақты нәтижелерін болжанғандарымен, сондай-ақ өткен мерзімдердегі көрсеткіштермен салыстыру негізінде бағалауды білдіреді. Талдау қорытындылары банктің дамуының оң және теріс жақтарын, шығындарын, пайдаланбаған резервтерін, жоспарлаудағы кемшіліктер мен шешім қабылдаудағы сәтсіздіктерді анықтауға мүмкіндік береді.

Банк қызметін талдау банктің балансын талдауға негізделеді. Талдаудың басты бағыттарына мыналар жатады:

- банк қызметінің көлемдік даму көрсеткіштерін бағалау, соның ішінде: банк активтерін, депозиттерін, меншікті капиталын, несиелерін және пайдасын бағалау. Бағалауды басқа банктердің осындай көрсеткіштерімен салыстыру арқылы банктің банк жүйесіндегі орнын немесе рейтингін анықтауға болады. Бұл талдаудың нәтижелері банктің даму стратегиясын жасауға мүмкіндік береді.

- ресурстық базаны бағалау: банктің ресурстарының көлемін, құрылымын және негізгі даму ағымдарын, депозиттердің тұрақты және тұрақсыз бөліктерін анықтайды;

- банк активтерінің сапасын бағалау: банк активтерінің көлемін, құрылымын, және даму ағымын бағалау арқылы табыс әкелетін және әкелмейтін, тәуекелді және тәуекелсіз, өтімді және өтімсіз активтер құрамын анықтау. Мұндай талдау нәтижесінде банктің несиелік, инвестициялық, активтерді және пассивтерді басқару саясаты жасалады.

- қаржылық коэффициенттерді, олардың нормативтік мәндерімен салыстыру арқылы, көрсеткіштердің өзгерісіне ықпал етуші факторларды айқындау, активтер мен пассивтердің мерзімдері мен сомалары бойынша сәйкестік дәрежесін анықтау негізінде банктің өтімділігін бағалау. Бұл талдаудың нәтижелері банктің өтімділігін басқару саласында стратегиясы мен тактикасын анықтауға мүмкіндік жасайды.

- банктің табыстылығы мен пайдалылығын, активтердің тиімділігін, банк табыстары мен шығыстарының құрылымын сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштерді есептеу көмегімен банктің балансының мәліметтері және пайдасы мен зияны туралы есебінің негізінде банктің табыстылығын бағалау. Бұл талдаудың нәтижелері банк табыстылығын басқару саласында саясатын жасауға негіз болып табылады.

- серіктес-банктердің қызметін талдау және бағалау. Бұл талдаудың нәтижелері банк үшін несиелеу лимиттерін белгілеуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар банктер өз қызметінің өзге де бағыттары бойынша талдау жұмыстарын жүргізеді, соның ішінде несиелік портфельді, инвестициялық портфельді, клиенттердің несиелік қабілетін, меншікті капитал жеткіліктігін, пайыздық маржаны, жекелеген операциялар мен бөлімшелердің пайдалылығын, өтімділік көрсеткіштерін талдайды.

Банк қызметін реттеу және бақылау ҚР Ұлттық банкінің және ҚР Қаржылық қадағалау агенттігінің қоятын талаптары мен нормативтерін орындауға бағытталады.

Банк қызметін реттеу және бақылау екі түрге бөлінеді: сыртқы және ішкі. Сыртқы реттеу және бақылауды ҚР Ұлттық банкінің және ҚР Қаржылық қадағалау агенттігі жүргізсе, ішкі бақылауды банктегі ішкі аудит қызметін жүзеге асырушылар: Банк кеңесі, тиісті лауазымы бар менеджерлер, банктің ішкі бақылау қызметі іске асырады.

Ішкі бақылау және реттеудің басты мақсаты – банктік заңдарды, ҚР Ұлттық банкінің және ҚР Қаржылық қадағалау агенттігінің қоятын талаптары мен нормативтерін және ішкі банктің ережелері мен нұсқаулықтарын орындаудағы ауытқуларды, банк қызметіндегі теріс кемшіліктерді анықтап оларды қалпына келтіру шешімдерін қабылдау, инвесторлардың, банктің және оның клиенттерінің мүдделерін қорғау.

Демек, банктік менеджмент бұл банктің тұрақтылығына, ресурстардың табыстылығына және клиенттердің тұрақтылығына қол жеткізу мақсатында тиісті ұйымдастырушылық құрылымдардың банк ресурстарының үздіксіз және уақтылы қозғалысын қамтамасыз етуде қолданылатын басқару шешімдердің жүйесі.

Банктік менеджмент құрылымы банктің сипатына және ұйымдастырылу құрылымына қарай ерекшелінеді. Банктік менеджмент қызметін жүзеге асытын ұйымдастырушылық қызметтерге мыналар жатады:

- жалпы акционерлер жиналысы;
- директорлар кеңесі;
- банк төрағасы;
- төрағаның орынбасарлары;
- департамент директорлары;
- департамент директорының орынбасары;
- басқарма бастығы;
- басқарма бастығының орынбасары;
- бөлім бастығы;
- Несиелік комитет төрағасы;
- Активтерді және пассивтерді басқару комитетінің төрағасы;
- Кадр бөлімін басшысы;
- Өзге де қызметтер басшылары.

13.2 Банк менеджментінің сапасын бағалау

Сапалы да тиімді банктік менеджмент тек қана теріс ішкі және сыртқы факторларға қарсы тұрып қоймай, өз кезегінде оларды бейтараптандыру мақсатын жүзеге асыра алады. Сондықтан осындай менеджменттің банкте дұрыс ұйымдастырылуы оның тұрақтылығын нығайта түсіп, қызметінің тиімділігін арттырады. Осыған байланысты банктегі менеджмент қызметін бағалау мәселесі немесе қазіргі қолданылып жүрген банк қызметін бағалау көрсеткіштердің сәйкестігіне қатысты мәселесі туындайды. Ең бастысы банктік менеджменттің кейбір рейтингтік жүйелерде, соның ішінде CAMEL рейтингтік жүйесінде АҚШ-та банктердің жағдайын бағалауда пайдаланатыны белгілі.

Банк менеджменті бағаланатын көрсеткіштерді мынадай санаттарға бөлуге болады:

- сандық және сапалық (соның ішінде әлеуметтік);
- объективті және субъективті;
- формалдық және формалды емес.

Банктік менеджменттің сандық көрсеткіштері банктің мөлшерін, жүргізетін саясатын және мамандануын бағалауда ғана пайдаланады. Сандық көрсеткіштерге мыналар жатады:

- банк капиталының мөлшері;
- құрылтайшыларының саны;
- активтік және пассивтік операциялар көлемі;
- клиенттерді саны;
- экономика аясы мен жұмыс саласының саны;
- жұмыстың жағрафиясы;
- филиалдық торабының саны;
- корреспонденттік қатынастар жасайтын банктердің саны;
- банктік өнімдердің саны және т.б.

Банктік менеджменттің сапалық көрсеткіштерін мынадай топтарға бөлуге болады:

1. Несиелік мекемеге қатысты қойылатын кәсіби талаптар тұрғысынан банктік менеджменті бағалауға мүмкіндік беретін банктің жағдайы мен қызметін сипаттайтын көрсеткіштер:

- банк капиталының жеткіліктігі;
- банк активтерінің сапасы;
- банктің пайдалылығы;
- банк өтімділігі;
- банк операцияларын жүргізу және құжаттарды өңдеу жылдамдығы;
- ұсынатын банк өнімдерінің кешенділігі;
- ұсынатын банктік өнімдердің түрлері, сипаты, көлемі және сапасы жағынан клиенттердің сұранысын қанағаттандыру дәрежесі;
- тәуекелдерді басқару дәрежесі;

2. Кез келген кәсіпкерлік құрылымға нарық экономикасының тарапына қойылатын нормативтік талаптарға банк қызметкерлерінің сәйкес келуін бағалауға мүмкіндік беретін банктік менеджменттің көрсеткіштері:

- банк әкімшілігінің құрамы мен біліктілігі (тағайындалған лауазымды қызметі бойынша банк жүйесіндегі тәжірибесінің болуы, бірінің орын бірі алмастыруы, кадрлар резервінің болуы, басқару құрылымының жоғарыдан төменге дейін қадағалау немесе бақылаудың болуы және оның сапалығы және т.б.);

- банктің ішкі саясаты, соның ішінде кадр саясатына, ішкі бақылау және аудит ережелеріне сәйкес еңбек тәртібінің сақталуы;

- банк қызметіне байланысты реттеушілік нормалардың орыналуы, заңдардың, нұсқаулықтардың және заңдық күші бар кез келген актілердің сақталуы (банк жүйесінің әр түрлі деңгейіне арналған нормативтердің, шектеулердің және ұсыныстардың сақталуы, өткен уақыттарда банк тарапынан заң бұзушылық пен қаржылық қылмыстардың болмауы, ақпараттың ашықтылығы және т.б.)

- банк әкімшілігі мен қызметкерлерінің нарық конъюнктурасындағы алдағы уақыттарда мүмкін болар өзгерістерін көре білу және оған уақтылы дұрыс шаралармен жауап беру қабілеті (банктің қызметіне ықпал ететін инфляция, құлдырау, депрессия және т.с.с факторларға қарсы шара қолдануы)

3. Әлеуметтік көрсеткіштер, соның ішінде:

- қызметкерлердің еңбекке қатынасы;

- қызметкерлердің біліктілігі, жауапкершілігі мен еңбегіне сыйлық ақы төлеудің шекті қатынасы;

- директораттың әлеуметтік адекваттылығы (кәсіби дайындығы, шыншылдығы, міндеттемелерге менімділігі, контрактілерге дайындығы);

- әлеуметтік мәселелерді шешу дәрежесі.

Қай уақытта банктік менеджмент сапасыз болып табылса, оның арты банктік дағдарысқа ұласып, банктің зиян шегуіне, клиенттердің кетуіне әкеліп соғады. Мұндай менеджментті «мисменеджмент» немесе «нашар менеджмент» деп атайды. Мисменеджмент бұл кемшіліктері көп және заң бұзатын қызметкерлері бар және оларға бақылаудың болмауымен сипатталатын менеджменттің түрі. Мисменеджмент көп жағдайларда банктік менеджменттің бірқатар мектептерінің өкілдерінің басты көңіл аударатын объектісі ретінде қызмет етеді. Экономикадағы қаржы дағдарысы жағдайында мисменеджмент банктің дағдарысын одан әрі өршітіп, банктің құлдырауына тікелей сепебкер болады.

Мисменеджменттің мынадай түрлері болады:

- техникалық мисменеджмент;

- косметикалық менеджмент;

- дағдарыстық (авантюралық) менеджмент;

Техникалық мисменеджмент мынадай жағдайлардан байқалады;

- банк жаңадан құрылған, яғни енді ғана ұйымдастырылған және агрессивтік саясат жүргізуі мүмкін, сонымен қатар оның жетекшісінің тәжірибесі жеткіліксіз;
- банк иелері және жетекшілері ауысады және ол оның саясатының өзгерісіне әкеледі;
- бұрынан банк жақсы басқарылып келгенмен, кейбір себептерге байланысты банктің жетекшілері нарықтағы мүмкін болатын конъюнктуралық өзгерістерді алдын ала көре білмейді.

Техникалық мисменеджмент бұл банктің дұрыс саясат жүргізбеуімен, ішкі бақылау және аудиттің жеткіліксіздігімен, жоспарлаудың әлсіздігімен және қызметкерлердің біліксіздігімен сипатталады. Техникалық мисменеджменттің теріс салдары болғанымен ол заңға сәйкес жүзеге асырыла береді, бірақ ондай менеджмент банк үшін қауіпті немесе тәуекелді болуы мүмкін.

Косметикалық менеджментте клиенттер тарапынан сенімді жоғалтпау және қолайсыз жағдайдан шығару жолын іздестіру және уақыт ұту мақсатында банк өзінің қызметіне байланысты орын алған өткен және ағымдағы зияндарын жасырады. Косметикалық мисменеджменттің мақсаты – есептік құжаттарды банк қызметінің бірқатар көрсеткіштерін өзгеріссіз беру арқылы банкте қалыпты жағдайдың барлығын көрсету. Мұндай жасыруларды күмәнді және үмітсіз активтерге қарсы резервтерді азайту, активтерді қайта бағалау мақсатында банк активтерінің жіктелімі бойынша есеп берулерде пайдаланады. Косметикалық мисменеджмент бұл өзінше тәуекелді күшейтпейді, бірақ онымен күресу шарларын азайтады. Ол сонымен қатар банк клиенттері мен серіктестері үшін өте қауіпті жағдай туғызады.

Дағдарыстық менеджмент – бұл косметикалық мисменеджменттің банктің негізгі көрсеткіштерін жасыра алмай қалу жағдайына байланысты туындайтын менеджмент түрі. Мұндай менеджменттің мақсаты банктің қысқа мерзім ішінде өзінің жағдайын түзетуді көздейді. Мисменеджмент клиенттермен келісім бойынша нарықтық мөлшерлермен жоғары пайызбен депозит тартып, келісімшарт бұзған қарыз алушылардан жоғары пайыз алу, салым иелеріне қаражаттарын қайтаруды кейінге қалдыру, валюта, бағалы қағаз, жер немесе жылжымайтын мүліктермен байланысты алып сатарлық операцияларды бірден өсіру сияқты шараларды қамтиды.

Шын мәнісінде техникалық, косметикалық және дағдарыстық мисменеджмент қоғам үшін қауіпті, серіктестер мен клиенттерге, салымшыларға зиян әкелуі мүмкін болғанымен олардың көздеген мақсаттары бір болып келеді.

13.3. Банк қызметін стратегиялық және ағымдағы жоспарлау

Банк қызметіне қатысты, стратегия сөзі бұл бәсекелестік артықшылықтарға қол жеткізуге бағытталған банктің ресурстарының орналасу аясы мен қызметінің нысанын анықтайтын ұзақ мерзімді даму тұжырымдамасы. Ұзақ мерзімді даму тұжырымдамасының негізіне банктің мақсаты жатады. Кез келген коммерциялық ұйымның басты мақсаты пайда табу болса, коммерциялық банктерде сондай мақсатты көздейді.

Басқару теориясы менеджменттің мынадай қызметтерін атқарады:

- мақсатын белгілеу;
- болжау және жоспарлау;
- ұйымдастыру;
- иелену;
- координациялау;
- мониторинг және бақылау.

Мұндағы жоспарлау қызметінің ерекшелігі банк менеджментінің қалған барлық процесстерінің әдістемесін және технологиясын жасайтындығымен сипатталады.

Keң мағынасында жоспарлау өткен жылдарға жасалған жоспардың орындалуының нәтижелерін талдау және мониторинг жасау негізінде банк қызметінің алдағы жағдайлармен байланысты басқару шешімдерін қабылдау және олардың орындалуын ұйымдастыруды процессін, үнемі өзгеріп отыратын нарық жағдайларына баға беруді, банктің нақты және әлуетті клиенттерінің қажеттіліктерін зерттеуді, сондай-ақ құрылтайшылардың банк ұйымының алдына қоятын стратегиялық міндеттерін білдіреді.

Тар мағынасында жоспарлау банк ұйымының болашағымен байланысты шешімдерді жүйелі түрде дайындауды сипаттайды. Бұл жоспарлау шешім қабылдау саласы мен оның орындалуын ұйымдастыруды қарастырмайды.

Банк қызметін жоспарлау мынадай қағидаттарды ұстанады:

- *жоспарлаудың икемділігі және индикативтігі*, яғни нарықтық жағдайлардың дамуының жаңа ағымдары пайда болған жағдайларда жоспарды қайта қарау мүмкіндігінің болуы;
- *жоспарлаудың баламалылығы*, яғни сыртқы жағдайлардағы түбегейлі өзгерістерге (әсіресе дағдарысты) жедел түрде ескеретін жоспарлардың бірнеше нұсқада жасалуы;
- *жоспардағы көрсеткіштердің орындалуына міндетті түрде бақылаудың болуы*, яғни жоспарланған көрсеткіштердің нақты орындалмау жағдайларын тіркеу және оның орынадалмау себептерін анықтау, пайдаланылмаған әлуетті мүмкіндіктерді анықтау, кемшіліктерді қалпына келтіруге бағытталған жаңа жоспарлы міндеттерді бекіту;

- *жоспарлаудың жарияланымдығы*, яғни жоспардың жасалуы мен орындалуына міндетті түрде басқарудың барлық деңгейінің менеджерлерінің қатысуы, банк тің алдына қойған мақсаты мен міндеттері жайлы, оларды шешу жолындағы әрбір банк қызметкерінің белгілі бір орындары туралы барлық банк қызметкерлерін хабардар ету;

- *жоспарлаудың оңтайлылығы*, яғни банктің пайдасын арттыруды қамтамасыз ететін банктің даму стратегиясы мен барлық тактикалық жоспарларын таңдау.

Енді банктік менеджменттің теориясында қарастырылатын мынадай жоспарлау түрлеріне тоқталайық:

- *стратегиялық жоспарлау*, яғни банктің болашақтағы даму басымдықтарын және банктің мақсаты мен міндеттерін анықтайтын жоспарлау түрі;

- *маркетингтік жоспарлау*, яғни нарықта сұранысқа ие болатын банктік өнімдерді жасауды көздейтін жоспар түрі;

- *бизнес-жоспарлау*, яғни стратегиялық міндеттерді шешудің нақты жолдарын және болашағы бар банктік қызмет түрлерін енгізу жолдарын қамтамасыз ететін жоспарлау түрі;

- *жедел (оперативті) жоспарлау*, бизнес-жоспардың орындалуын қамтамасыз ететін нақты жобалардың тізімін және іске асырылу мерзімін анықтау, сондай-ақ оған қажетті ресурстар көлемі мен құрылымын, шығындардың қайтарылу мерзімін қамтитын жоспар түрі;

- *қаржылық жоспарлау*, бизнес-жоспардың немесе ағымдағы жоспардың кез келген нұсқаларының орындалуынан күтілетін қаржылық нәтижелерді бағалауды және банктің болжамдық балансын құруды көздейтін жоспар түрі;

- *бюджеттік жоспарлау*, банктің жекелеген құрылымдық бөлімшелерінің негізгі және жоспарлы көрсеткіштерін анықтайтын жоспар;

- *ағымдағы жоспарлау*, ағымдағы банктің өтімділігін, төлем қабілеттігін қолдау және банктің лимиттер жүйесін сақтау мақсатында банктің нақты жүргізілітін операцияларын дайындау және оны ағымдағы қызметпен келістіру міндеттерін қамтитын жоспар.

Жоспарлаудың барлық түрлерін бір бірімен тығыз байланысты, олардың кейбіреуі банктің даму стратегиясының жекелеген кезеңдерімен бірқатар жүзеге асуы мүмкін.

Банктің стратегиясы - банкті өзге бәсекелес банктерден ерекшелендіретін және банк қызметінің басымдық мақсаты мен міндеттерін анықтайтын тұжырымдамасы.

Банк стратегиясы банк менеджментінің барлық жүйесінің негізі болып табылады. Банк стратегиясын жасау негізіне нарықтағы бәсекелестерге талдау жасау нәтижесінде бәсекелестермен салыстырғандаға банктің

нарықтағы ұстанымын, күшті және әлсіз жақтарын айқындау, сондай-ақ әлуиетті мүмкіндіктерін анықтау жатады.

Стратегиялық жоспарлау - нарықтың талаптары мен банктің ішкі мүмкіндіктерімен келісілген банктің алдына қойған мақсаттарына жетуді қамтамасыз ететін банкті басқаруды (маркетинг, ресурстар мен тәуекелді басқару және банк қызметкерлерін ұйымдастыру саласында) ұйымдастырудың баламалы стратегиясын жасау процессін білдіреді.

Стратегиялық басқарудың мақсаты – нарықтағы банктің үлесін және табысын арттыруды қамтамасыз ететін, банк қызметін жаңа бағыттарын және жаңа банктік өнімдерді жасау, енгізу және дамыту болып табылады.

Стратегиялық жоспарлау мынадай кезеңдерді қамтиды:

1-кезең. Ситуациялық талдау кезеңі. Бұл кезеңде біріншіден, банк қызмет ететін оның қоршаған ортасын талдау (сыртқы талдау) және банктің ішкі әлуиетіне сипаттама беру үшін ішкі талдау жұмыстары жүзеге асырылады. Сыртқы талдау процессі мыналарды қамтиды:

- қоғамның әлеуметтік, экономикалық, демографиялық, саяси, заңи, технологиялық даму сипатына талдау жасап, экономикадағы жағдайлардың өзгеру ықтималдығы анықтау;

- банктік қызмет көрсету нарығы сегменттеледі және олардағы қызмет түрлеріне деген сұраныс пен ұсыныстың негізгі ағымын талдау;

- банктік қызмет көрсету нарығындағы банктің ағымдағы бәсекелестік ұстанымын анықтау.

Содан кейін барып, банк қызметіне ықпал ететін негізгі факторлар таңдап алынады. Бұл факторлар банктің күшті және әлсіз жақтарына талдау жасау барысында пайдаланылады.

Негізгі факторларға макроэкономикалық көрсеткіштер, заң және нормативтік актілер, саяси ағымдар және аймақтық экономикалық жағдайлар жатады.

Ішкі талдау жүргізу процессі мыналарды ескереді:

- банктің қаржылық жағдайы;
- бәсекелестерінің көрсететін қызметтері мен өнімдерімен салыстарғанда банктің көрсететін қызметтері мен өнімдерінің сапалық және сандық сипаты;
- банктің клиенттік базасы мен оның өзгеру үрдісі;
- банк алдындағы міндеттерді шешудегі ұйымдастырушылық құрылымдардың адекваттылығы;
- банк қызметкерлерінің біліктілік деңгейлерінің жеткіліктігі.

Ішкі талдау нәтижесінде жасалаған қорытындыларды әрі қарай жүйелік талдаудың қорытынды кезеңі болып табылатын SWOT талдауына пайдалану мақсатында банктің күшті және әлсіз жақтары тізіміне қосу керек.

SWOT талдауының басты мақсаты – жоспарлы кезең ішіндегі банктің күшті және әлсіз жақтарын банк қызметін қатты ықпал ететін қауіпті жақтары мен мүмкіндіктерін анықтау.

SWOT талдауын жүргізу үшін мынадай матрица пайдаланылады (36-кесте).

36-кесте – Банктің күшті және әлсіз жақтары мен қауіпті жақтары және мүмкіндіктерінің ықпал ету матрицасы

	Мүмкіндіктері			Нәтижесі	Қауіпті жақтары			Барлығы
	1	2	3		1	2	Нәтижесі	
Күшті жақтары								
1. Қызметтердің сапасы	+3	+3	+3	+9	+3	+3	+6	+15
2. Нарықтағы банктің үлесі	+3	+3	+2	+8	+2	+3	+5	+13
3. Дамыған филиалдық тораптары	+3	+2	+2	+7	0	+2	+2	+9
Әлсіз жақтары								
1. Инновациялары	-2	-2	-1	-5	0	-3	-3	-8
2. Осы заманғы технологиялары	-3	0	-1	-4	0	-2	-2	-6
Нәтижесі	+4	+6	+5	+15	+5	+3	+8	+23

Мүмкіндіктер:

1. Банк автоматтарын пайдалану мүмкіндіктері
2. Жағдайы бар клиенттерге қызмет көрсетуді кеңейту
3. Корпорацияны несиелеу саласын кеңейту.

Қауіпті жақтары:

1. Қаржы нарығының өтімді құралдарының жоқтығы;
2. Активтік және пассивтік құралдарға байланысты спредтің төмендеуі.

Ситуациялық талдау процесінде жасалаған қорытындылар негізінде банктің болашақ даму стратегиясы жасалады.

Стратегиялық жоспарлаудың екінші кезеңі банктің бас міндеттерін немесе миссиясын анықтау кезеңі. Банк міндеттерінің немесе миссиясы

анықталуы Банктің директорлар Кеңесі деңгейінде іске асырады. Банк миссиясын анықтау банк қызметіне ықпал ететін ішкі және сыртқы факторлар ескеріледі. Банк миссиясының құрамына мынадай ішкі факторлар ықпал етеді:

- жетекшілердің құнды бағдарлары;
- банктің тарихы мен жинақталған экономикалық әлуеті;
- ішкі корпоративтік мәдениеті;
- банктің ұйымның құрылымы;

Ал сыртқы факторлар ретінде мыналар ескеріледі:

- ұлттық экономиканың жағдайы,
- мемлекеттің жүргізетін экономикалық саясаты;
- қызмет ететін заңдар мен нормативтік актілер.

Банк миссиясының негізінде банктің несиелік, инвестициялық саясаты туралы меморандум, банк өнімдері мен қызметтеріне баға белгілеу мәселелері жөніндегі меморандум, банк қызметкерлерін басқару ережесі және т.с.с. банк құжаттары жасалады.

Банк стратегиясын жасаудың үшінші кезеңінде банктің міндеттерінен туындайтын банктің стратегиялық мақсаттары жасалады. Стратегияның мақсаттары банктің миссияларын нақтылай отырып, олардың мынадай шарттарды қанағаттандырылуын айқындайды: нақтылығы, өлшемділігі, уақытқа бағдарлануы, қолжетімділігі, қайшылықсыздығы, бірін бір толықтыратындығы.

Банктің даму стратегиясы мынадай стратегияларды қамтиды:

- маркетингтік стратегиясы;
- тәуекелді басқару стратегиясы;
- қызметкерлерді басқару стратегиясы.

Маркетингтік стратегия жасауда банктің өзінің өнімдерін мен қызметтерін нарыққа шығару, тұрақты клиенттерді тартуға мүмкіндік беретін жолдары таңдалады.

Маркетингтік стратегияны жасау барысында банк жетекшілер мыналарды ескереді:

- бұрынғы клиенттерге банкте бар қызметтерді көрсету;
- белгілі бір нарық сегментінде қызмет көрсетуді қысқарту немесе тоқтату;
- жаңадан жаулап алған нарықтың сегменттерінде жаңа клиенттерге ескі банктік өнімдерді ұсыну;
- енді игерген қызмет түрлерін жаңа нарықта ұсыну;
- жаңа қызмет пен өнім түрлерін бұрынғы нарықтарды ұсыну;
- жаңа нарыққа жаңа қызмет түрлерін енгізу;

Тәуекелді басқару стратегиясы – банк өнімдерін сатуға байланысты туындайтын зияндарды азайтуға бағытталған банк қызметін басқару бағдарламасы.

Банк тәуекелдерін басқару стратегиясын жасау ситуациялық талдау нәтижелеріндегі банк қызметінің қауіпті жақтарын ескеруге негізделеді. Банк тәуекелдерін басқау стратегиясын жасау барысында мыналарды ескеру қажет:

- әрбір тәуекелдің жоғары шекті дейгейін анықтау;
- өткен жоспарлау мерзімінде болған тәуекелдердің шамасын бағалай отырып, жоспарлау мерзімінде болатын тәуекелдерді ықималдығын болжау;
- банктің тәуекелдердің ағымдағы деңгейіне бақылау жасауды қамтамасыз ететін банкті басқару механизмін жасау;
- форс-мжорлық жағдайларды туындайтын әр түрлі тәуекелдерді бейтараптандыруға арналған шаралардың жоспарын жасау.

Банк қызметкерлерін басқару стратегиясын жасауды ситуациялық талдау нәтижесінде анықталған банктің ұйымдастырушылық құрылымының міндеттерді шешуге сәйкес келуі сияқты көрсеткіштер ескеріледі.

13.4. Банк қызметіндегі ішкі бақылау

Ішкі бақылау жүйесі банктің стратегиялық даму жоспарының орыналуына және банктің ағымдағы жағдайына бақылау жасайтын банк менеджментінің құралы болып табылады. Ішкі бақылау банк қызметкерлерінің жіберген қателіктері мен кемшіліктері нәтижесінде туындайтын зияндарды азайту мақсатында жүзеге асады.

Банктік ішкі бақылау – банктің өзінің активтерін қорғау, басқарушылығы саясатын сақтау, бухгалтерлік және қаржылық есептердің шынайылығын тексеру, банк жұмысының тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында қабылданатын шараларды ұйымдастыру және үйлестіру әдістерінің жүйесін білдіреді.

Ішкі бақылау жүйесі мынадай элементтерді қамтиды:

- *әкімшілік бақылау*, яғни банк қызметкерлерінің банктік активтермен мәміле жасауға және өзге операцияларды жүргізуге құзіретін берумен байланысты жұмыстарды ұйымдастыру, құжаттарды жүргізуге негізделеді;

- *ақша ағымын бақылау*, яғни банктің өтімділік жағдайы мен банктік тәуекелдердің жағдайына жасалатын бақылау;

- *қаржылық бақылау*, яғни активтерді қорғау және қаржылық есептердің шынайылығын тексеруге жасалатын бақылау;

- *қызмет нәтижелерін бақылау*, яғни банк өнімдерінің өзіндік құндарының және олардың рентабельділігінің жоспарлы және нақты көрсеткіштеріне жасалатын бақылаумен байланысты құжаттарды жүргізуге негізделеді.

Базель комитетінің банк реттеуге байланысты ұсыныстарына сәйкес банктік ішкі бақылау қызметіне мыналар жатады:

- банк қызметкерлерінің құзіреттері мен міндеттерінің орындалуын бақылау;

- бақылау қызметін өзге банкті басқару құрылымдарынан бөліп қарау;

- банктік тәуекелдерге мониторинг жасау және оларды басқару

Ішкі бақылаудың негізгі міндеті – банк қызметіндегі тәуекелдерді азайтып, банктің тұрақтылығы мен сенімділігінің жоспарланған дейгейіне қол жеткізу болып табылады.

Ішкі бақылауды кез келген банкті ұйымдастырылатын ішкі бақылау немесе аудит қызметі жүзеге асырады.

Ішкі бақылау қызметін ұйымдастыру мынадай қағидаттарға негізделеді:

- банктің барлық ұйымдастырушылық құрылымдары мен бөлімшелерінің бақылау процедуралары үшін ашықтығы;

- банк қызметіндегі тәуекелдерге үнемі бақылау жасаудың жүзеге асуы;

- орындалған барлық операциялар үшін бір ғана қызметкер жауап бермейтіндей етіп қызметкерлер арасында міндеттемелерді бөлу;

- кез келген лауазымды тұлғаны өзге тұлғалардың тексеруі;

- банк активтеріне және құжаттарына қолжетімділікке тұрақты бақылау жасау.

Ішкі бақылау немесе аудит қызметі өз қызметінде банктің басқару ұйымдарына есеп береді. Ішкі бақылау немесе аудит қызметінің жектекшісі банкті басқару ұйымымен тағайындалады және қызметтен босатылады.

Ішкі бақылау қызметінің қызметкерлеріне бақылауды жүзеге асыруға байланысты құқықтар беріледі. Атап айтсақ, олар жетекшілер мен өкілетті қызметкерлерден тексеруге қажетті құжаттарды алуға құқылы. Ондай құжаттарға мыналар жатады:

- бухгалтерлік құжаттар;

- есептік құжаттар;

- ақшалай құжаттар;

- есеп айырысу құжаттары;

- компьютерлік қамсызданумен байланысты құжаттар;

- бұйрықтар,

- өкімдер және басқа.

Тексеру барасында анықталған әрбір фактілерді тексерушілер тексеру нәтижелері бойынша қорытынды ретінде міндетті түрде құжаттап, оны банк жектекшілеріне тапсырады.

Банк қызметіндегі тәуекелдерді ішкі бақылау әкімшілік және қаржылық бақылау тарапынан жүзеге асады. Әкімшілік және қаржылық бақылау түрлеріне: алдын ала, ағымдық және кейінгі жасалатын бақылаулар жатады.

Банк қызметіндегі тәуекелдерді бақылауда мынадай тәуекелдердің пайда болуына мән беріледі:

- несиелік тәуекел;
- пайыздық тәуекел;
- өтімділік тәуекелі;
- инвестициялық тәуекел;
- валюталық тәуекел;
- операцияндық тәуекел;
- инновациялық тәуекел.

Жалпы банк қызметін ішкі бақылауда осындай үш түрге бөлінеді:

- алдын ала бақылау;
- ағымдық бағылау;
- кейіннен бақылау.

Алдын-ала бақылау барысында нарықтағы жағдайларға талдау, бағалау және болжау жасау үшін маңызды банктердің мәліметтер базасының құрамы, толықтығы мен уақытылы жаңартылуы бақыланады.

Ағымдағы бақылау барысында талдаудың және болжаудың нәтижелерінің сапалығы және олардың банк басшыларына уақтылы және толық жеткізілуі тексеріледі.

Кейінгі бақылау кезеңінде талдау жұмыстарының сапасына баға беріліп, ситуациялық дамудың нақтылығы мен болжамы бойынша жасалған қорытындылар мен ұсыныстар салыстырылады.

13.5 Банк қызметкерлерін басқару

Банк қызметкерлерін басқару ерекшелігі банк ісінің өзіндік ерекшелігімен және ең бастысы банктік қызметкерлердің банктің әр түрлі қызметтерін жүзеге асыруға қажетті кәсіби білімдері мен тәжірибиелерінің болуымен сипатталады. Банктің ұйымдастырылу құрылымына қарай банк қызметкерлерінің қызметі анықталады. Мысалы, бухгалтер-кассир, бухгалтер, шот-менеджері, несиелік эксперт, тәуелсіз бағалаушы, тәуекел-менеджері, заңгер-кеңесші және т.б.

Орындайтын міндеттеріне қарай банк қызметкерлерін жетекшілер және орындаушылар немесе қызмет көрсетушілер деп екіге бөледі.

Жетекшілердің құрамына қойылатын талаптарға мыналар жатады:

- ұйымдастырушылық қабілетінің болуы;
- адамдарды басқару тәжірибесінің болуы;
- банктің даму болашағын көре білуі;
- шешім қабылдай білу қабілеті.

Банк клиенттерге қызмет көрсететін мекеме болғандықтан банк қызметкерлерін технологиялық процеске қатысуына қарай екі топқа бөледі:

- банк клиенттеріне тікелей қызмет көрсетуді жүзеге асыратын мамандар (Фронт-кеңсе қызметкерлері);
- банктің барлық құрылымдарында және жалпы өзінде қалыпты жұмыстың жүруін қамтамасыз ететін мамандар (Бэк-кеңсесінің қызметкерлері).

Банктің клиенттерімен жұмыс жасайтын қызметкерлер тек қана кәсіби біліммен ғана емес, қызмет көрсету мәдениетін, банк клиенттерінің психологиясын білуі қажет.

Банкте қызметкерлерді басқару үшін кадр қызметі құрылады. Оның міндеттері мынадай:

- қызметкерлерді басқарумен байланысты мәселелерді шешу, соының ішінде кадрларды алу, оқуды ұйымдастыру, еңбекке қатысты даулар мен қақтығыстарды шешу, ұжымда қолайлы жағдайды жасау және т.б.;
- банктің стратегиялық даму жоспарына сәйкес банк қызметкерлерінің даму бағдарламасын және кадр саясатын жасау.

Банк қызметкерлерін басқаруға байланысты кадр қызметінің негізгі бағыттарына мыналар жатады:

- болашақтағы және ағымдағы қызметкерлерге деген қажеттілікті жоспарлау;
- кадрларды таңдау және алу;
- кадрлар резервтерін қалыптастыру;
- қызметкерлерді бағалау;
- қызметкерлерді ынталандыру жүйесін жасау;
- қызметкерлердің дамуын басқару.

Болашақтағы және ағымдағы қызметкерлерге деген қажеттілікті жоспарлау жалпы қызметкерлер санын жоспарлау және белгілі бір білім деңгейі бар білікті мамандарға деген қажеттілікті жоспарлаудан тұрады.

Қызметкерлердің жалпы санын жоспарлау банктің жұмыс орындарының санына және қаржылық мүмкіндігіне байланысты. Белгілі бір білім деңгейі бар білікті мамандарға деген қажеттілікті жоспарлау банктің өзінде бар кадрлардың білімін бағалау негізінде банктің міндеттері мен қызметтеріне сай туындайтын қажетті мамандарды жоспарлауды сипаттайды.

Банк қызметкерлеріне қойылатын талаптарға мыналар жатады:

- банк қызметкерінің біліктілік деңгейі (білімі, мамандығы, біліктілігін арттыру нысаны);
- білім деңгейі – кәсіби және аралас білімдерді игеруі, яғни банк ісі, шет тілі, бағдарламалау және т.б. мамандықтарының иесі болуы;
- іскерлік қатынасы, адамдарды басқаруы, талдау және ғылыми-зерттеу жұмыстарында, клиенттермен жұмыс жасауға байланысты тәжірибесінің болуы,

- аталған мамандығы, аралас мамандықтар бойынша, банк жүйесінде жұмыс тәжірибесінің болуы;
- тұлғалық-психологиялық сапасы (зияткерлік дейгейі, жұмысқа қабілеттігі, жан-жақтылығы және т.с.с.)

Қызметкерлерді жоспарлау банктің құрылымдық бөлімшелерінің жетекшілерінен түсетін өтініштер негізінде жүзеге асады.

Қызметкердерді таңдау және жұмысқа қабылдау құрылымдық бөлімшелердің жетекшілерімен бірлесіп жүргізіледі. Кадрларды таңдау екі кезеңнен тұрады: бірінше кезеңде бос орындарға тиісті кандидаттарды іздестіру; екінші кезеңде сәйкес келетін кандидатураны таңдау.

Кадрларды жұмысқа қабылдау мыналардың есебінен жүзеге асады:

- жоғарғы және орта оқу орындарды сәйкесінше мамандықтар бойынша бітірушілер;
- өзге банктерде немесе банктік емес ұйымдарда қызмет ететін мамандарды шақыру;
- өз қызметкерлердің ішінен өзін көрсет білген өсуге және басқа қызметке лайықты мамандар;
- еңбек нарығындағы ұйымдардың немесе еңбек биржасының ұсынатын мамандары.

Кандидаттарды бос қызмет орындарына таңдау мынадай кезеңдерді қамтиды:

- кандидаттармен нотариалды түрде куәландырылған құжаттары (білімі туралы дипломы, еңбек кітапшасы және т.б.) бойынша, өмірбаяны бойынша сырттай танысу. Бұл жерде кандидаттық жұмысты өзгертуіне, алғашқы 5-7 жылдық еңбек стажына және өзгелерге аса мән беріледі;

- жұмысқа қабылдау туралы шешім қабылдауға мүмкіндік беретін толық ақпаратты беруші кандидатпен алдын-ала сұқбаттасу. Сұқбаттасу уақытында кандидаттың сұраққа тікелей жауап бермеу жағына, кәсіби біліктілігінің жеткіліксіздігін куәландыратын жіберілген кемшіліктеріне көңіл аударылады;

- кандидаттың жалпы интеллектуалдық, кәсіби, басқарушылық және тұлғалық-психологиялық деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін кез келген формада тестілеу;

- ақырғы сұқбаттасу, яғни соның нәтижесінде қосымша туындайтын сұрақтар нақтыланады. Мұндай шара негізінде банк жетекшілерінің қатысумен өткізіледі.

- жұмысқа алу және жеке еңбек келісімшартын рәсімдеу. Бұл кезең жұмысқа қабылдаудың ақырғы кезеңі және бұл кезеңде жұмысқа қабылданушының жеке ісі рәсімделеді.

Банк қызметкерлерін бағалау кадрлық менеджменттің маңызды бағыттарының біріне жатады. Бағалау технологиясы мынадай бағалау түрлерін қамтиды:

- қызметкердің кәсіби біліктілігін бағалау, яғни конкурстық негізде жұмысқа қабылдау барысында жүргізіледі;

- еңбек тәртібін орындауы, яғни ай сайын, тоқсан сайын және жыл сайын банк қызметкерлерінің лауазымдылық нұсқаулықтарын орындауына бақылау үшін пайдаланылады;

- тұлғалық-психологиялық сапасын бағалау, бұл да жұмысқа қабылдау барысында өткізіледі.

- оқытудың тиімділігін бағалау, яғни банктің арнайы курстарға жіберген қызметкерлерінің оқуын аяқтауына қарай жүзеге асады;

- қызметкерді кешенді аттестациялау негізінде бағалау, бұл негізінен банк жетекшілерінің шешімдері бойынша банк қызметкерлерінің жұмыс орнына сәйкестік дәрежесін анықтау және банк құрылымының сапасын әрі қарай жетілдіру мақсатында жүргізіледі. Қызметкерді кешенді аттестациялау төменгі буынның қызметкерлер үшін жылына 1 рет, ал жетекшілер мен мамандар үшін 3-5 жылда 1 рет өткізіледі.

Еңбекті ынталандыру банктің қызметінің нәтижесіне ықпал ететін банк қызметкерлерінің еңбектерінің тиімділігі мен сапасын арттыруда маңызды рөл атқарады. Еңбек үшін сыйақының негізгі формасы – жалақы болып табылады. Жалақының екі формасы негізгі және қосымша жалақы болып бөлінеді. Негізгі жалақы банктерді кепілденген және кепілденбеген болып бөлінеді. Кепілденетін айлық бұл банк қызметінің нәтижесіне тәуелсіз болып келеді. Кепілденбейтін айлық білгілі бір себептерге байланысты азаяды немесе көбеюі мүмкін. Бұл айлық банктің жетекшілеріне қолданылмайды.

Қосымша жалақы бір мезеттік және тұрақты болуы мүмкін. Банк қызметкерлеріне төлейтін қосымша жалақының негізгі формаларына мыналар жатады:

- тоқсан сайынғы сыйақылар, банк жетекшілеріне басқаларына төленеді;

- жетекшілерге арналған арнайы бонус;

- банктің барлық қызметкерлеріне берілетін жыл қорытындысы бойынша сыйақы;

- банкке қосымша табыс алуына себеп болған жеклеген банк қызметкерлеріне арналған бір мезеттік сыйақы.

Қосымша жалақының барлық түрлері тек қана материалдық емес, моралдық марапаттау түрінде де болады. Моралдық марапаттау ауызша немес жазбаша формада, қызметін өсіру, біліктілігін арттыру сияқты жолдармен жүзеге асырылуы мүмкін. Қызметкерлердің еңбегін ынталандыру мақсатында оларға қосымша демелыс беру қарастырылады. Қосымша демалыс қызметкердің оқуына, іссапарға баруына және т.с.с. беріледі. Сонымен қатар қызметкердің еңбегінің тиімділігін марапаттауға арналған әлеуметтік бағдарламалары болады. Оларға дәргерлік қызметіне, емделуіне, жолдамаға, тамақтануға жұмсалатын шығындарға, көлік

шығыстарына, бала-бақшада балаларын ұстау, оларды оқыту және демалу шығыстарына төлеу, банк есебінен сақтандыру және т.с.с. жатады.

Бақылау сұрақтары

- 1) Банктік менеджмент дегеніміз не және оның қандай бағыттары бар?
- 2) Стратегиялық жоспарлаудың маңыздылығы неде?
- 3) Ішкі бақылау қандай қызмет атқарады?
- 4) Банк қызметкерлерін басқару дегеніміз не?
- 5) Банк қызметкерлерін бағалау технологиясына не жатады?

14-тарау. Банк өтімділігін басқару және бағалау

14.1. Банк өтімділігі және оған ықпал етуші факторлар

Өтімділік – банктің сенімділігін қамтамасыз ететін, оның қызметінің жалпы сипаттамалардың бірі.

Банк өтімділігі – бұл салымшылар мен қарыз берушілер алдында банктің өз міндеттемелерін уақытында және шығынсыз орындау қабілеттігі.

Банктің міндеттемелерін нақты және потенциалды деп екіге бөлінеді. Банктің нақты міндеттемелері: талап ету депозиттері, мерзімді депозиттер, тартылған банкаралық ресурстар, несиелер берушілердің қаражаттары түрінде банктің балансында көрсетіледі. Ал, потенциалды немесе баланстан тыс міндеттемелерге: банктен берген кепіл-хаттар, клиенттерге несиелер желілерін ашу, т.б. арқылы көрсетіледі.

Егер коммерциялық банктің борыштық және қаржылық міндеттемелерді уақытында орындау үшін қолма-қол ақшалай қаражаттар мен басқа да өтімді активтері болып, сонымен қатар басқа көздерден қаражаттарды тез арада жұмылдыру мүмкіндігі жеткілікті болса, онда бұл өтімді банк болып табылады.

Банк өтімділігі аталған барлық міндеттемелерді, сонымен бірге болашақта пайда болуы мүмкін міндеттемелерді уақытында орындауын сипаттайды. Міндеттемелерді орындау үшін кассадағы және корреспонденттік шоттардағы (Орталық банкте және басқа коммерциялық банктерде) қалдықтарымен сипатталатын банктік ақшалардың барлығы; қолма-қол ақшаға тез айналатын активтер; банкаралық нарықтан немесе Орталық банктен алынатын банкаралық несиелер сияқты қаражат көздері пайдаланады.

Осы аталған қаражат көздерін пайдалану банк үшін шығыстармен байланысты болмау керек. Мысалы, өтімді қаражаттардың көзі ретінде бағалы қағаздарды немесе басқа активтерді сату қалыпты тәртіпте алдын ала келісіп қойған шарттардың негізінде жүзеге асырылуы керек.

Банк өтімділігі мынадай қызметтерді атқарады:

- депозиттерді алу мен несиелерге байланысты сұранысты қанағаттандыру;
- тиімділік тәуекелін азайту және банктің сенімділігін қамтамасыз ету;
- активтерді зиянсыз сату;
- тартылған қаражаттары бойынша төлей алмау тәуекелі үшін сыйақы мөлшерін шектеу.

Банк өтімділігінің екі формасы, яғни міндеттемелерді өз уақытында және шығынсыз орындауы көптеген ішкі және сыртқы факторлардың ықпалымен анықталады.

Ішкі факторлар қатарына мыналар жатады:

- *банк капиталының базасы;*
- *банк активтерінің сапасы;*
- *депозиттердің сапасы;*
- *сыртқы қаражат көздеріне орташа тәуелдігі;*
- *мерзімі бойынша активтер мен пассивтердің өзара сәйкестігі;*
- *сауатты менеджмент;*
- *банктің жоғары дәрежелі беделі.*

Банк капиталының базасы – бұл салымшылар қаражаттары мен депозиттеріне кепіл беретін және олардың мүдделерін қорғайтын меншікті капиталдың жеткілікті мөлшерін сипаттайды. Меншікті капиталдың көзіне: жарғылық капитал және әр түрлі мақсаттар үшін бағытталған банктің басқа да қорлары жатады. Банктің меншікті капиталы неғұрлым жоғары болса, оның өтімділігі соғұрлым жоғары болады.

Банк активтерінің сапалылығы мынадай төрт критерийлермен анықталады: өтімділік, тәуекелдік, табыстылық пен диверсификация.

Активтердің өтімділігі – бұл қарыз алушының міндеттемелерді өтеу немесе осы активтерді сату арқылы олардың қолма-қол ақшаларға айналу қабілеті.

Активтердің өтімділік дәрежесі олардың айналымына байланысты. Ақшалай формадағы банктің активтері төлем қызметін орындауға бағытталған.

Активтер тәуекелі критерийі, олардың ақшалай формаға айналдыру кезінде шығындарға ұшырау мүмкіндігін сипаттайды. Активтердің тәуекел дәрежесі, олардың әр түрі үшін ерекше көптеген факторлармен анықталады. Мысалы, несиелік тәуекел қарыз алушының қаржылық жағдайына, қарыз көлеміне, беру мен өтеу тәртібіне, т.б. факторларға байланысты.

Банк активтердің тәуекелі неғұрлым жоғары болған сайын, банктің өтімділігі соғұрлым төмен болады.

Активтердің табыстылығының критерийі ретінде: активтердің жұмыс жасау қабілеті, тиімділігі, яғни табысты әкелу қабілеті, сонымен қатар банктің дамуы үшін қаражат көзін табу және банктің капитал базасын нығайту қабілеті. Табыстылық дәрежесі бойынша активтер: табыс әкелетін және табыс әкелмейтін болып екіге бөлінеді.

Активтердің диверсификациясы критерийі банктің ресурстарын әр түрлі орналастыру аялары бойынша бөлу дәрежесін сипаттайды. Активтерді диверсификациялау көрсеткіштері мынадай: ресурстарды орналастыру бағыттары бойынша банк активтерінің құрылымы, объектілер мен субъектілері бойынша несиелік жұмсалымдардың құрылымы; бағалы қағаздар портфелінің құрылымы, валюталар құрылымы; банкпен корреспонденттік және несиелік қатынастарда болатын басқа банктердің

құрылымдық құрамы. Активтер неғұрлым көп диверсификацияланса, соғұрлым банктің өтімділігі жоғары болады.

Банк өтімділігін анықтайтын фактор – банктің *депозиттік базасының сапалылығы*. Депозиттік базаны мерзімді депозиттік және жинақ салымдары, есеп айырысу және ағымдағы шоттардағы қаражаттары ретінде банкте жинақталған заңды және жеке тұлғалардың қаражаттары құрайды. Депозиттердің сапалылығының басты критерийі олардың тұрақтылығын сипаттайды. Депозиттердің тұрақты бөлігі неғұрлым көп болса, банктің өтімділігі соғұрлым жоғары болады. Депозиттердің тұрақты бөлігінің көбеюі банктің өтімді активтерге мұқтаждығын азайтады. Талап етілгенге дейінгі депозиттер жоғары тұрақтылыққа ие, өйткені бұл депозиттердің түрі сыйақы мөлшерлемесіне байланыссыз. Банкте осы депозит түрінің көп болуы банктің қызмет етудің сапалылығы мен жылдамдығы, банктің клиентке жақын орналасуы сияқты факторларға байланысты. Ал, мерзімді және жинақ депозиттеріндегі қалдықтары тұрақтылықтың төмен дәрежесіне ие, себебі оған банктің сыйақы мөлшерлемесі ықпал етеді.

Банк өтімділігі оның сыртқы қаражат көздеріне, яғни банкаралық несиелерге деген тәуелділігімен де сипатталады. Банкаралық несие өтімді қаражаттарға деген қысқа мерзімді жетіспеушілікті жоя алады, бірақ осы несиенің жалпы тартылған ресурстардың құрамындағы үлесі жоғары болса, онда банк банкроттыққа ұшырауы мүмкін. Егер банктің сыртқы көздерге тәуелділігі жоғары болса, онда оның бизнес үшін өз базасының дамуы перспективаларының жоқтығын көрсетеді.

Банк *активтері мен пассивтерінің арасында мерзім мен сома бойынша сәйкестілігі* де банк өтімділігін анықтайды. Банктің клиенттер алдында міндеттемелерді орындауы инвестицияланатын ақша қаражаттары мерзімдері мен салымшылары берген ақша қаражаттарының мерзімдері сәйкес болуын білдіреді.

Менеджмент, яғни жалпы банктің қызметін және өтімділігін басқару жүйесі де банк өтімділігін анықтайтын ішкі факторлардың біріне жатады. Банкті басқару сапасы мыналармен анықталады:

- банк саясатының болуы және оның мазмұны;
- стратегиялық және ағымдағы міндеттерді жоғары деңгейде шешуге мүмкіндік беретін банктің аймақтық ұйымдастыру құрылымы;
- банктің активтері мен пассивтерін басқару механизмі;
- әр түрлі процедуралардың нақты мазмұнын анықтау;
- білікті мамандардың болуы;
- қажетті ақпарат базасының болуы;
- банк қызметін басқару жүйесінің ғылымилығы.

Банктің беделі де банк өтімділігін анықтайды. Жақсы беделі бар банк депозиттік базасының тұрақтылығын оңай қамтамасыз ете алады.

Банк өтімділігінің жағдайы бірқатар *сыртқы факторларға*, яғни банк қызметінен тыс факторларға байланысты. Оларға мыналар жатады:

- *елдегі жалпы саяси және экономикалық жағдай;*
- *бағалы қағаздар нарығының дамуы;*
- *банкаралық несиелі нарығының дамуы;*
- *қайта қаржылындару жүйесін ұйымдастыру;*
- *Орталық банкінің қадағалау қызметінің тиімділігі.*

Елдегі жалпы саяси және экономикалық жағдай банк операцияларының дамуының және банк жүйесінің сәтті жұмыс істеуінің алғышарттарын қалыптастырады, банктер қызметінің экономикалық негізінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді, банктерге деген отандық және шетелдік инвесторлардың сенімділігін арттырады. Осы аталған жағдайларсыз банктердің тұрақты депозиттік базаны құруы, операциялардың рентабельділігіне қол жеткізуі, өз құралдарын дамытуы, активтерінің сапалығын жоғарылатуы және басқару жүйесін жетілдіруі мүмкін емес.

Бағалы қағаздар нарығының дамуы өтімді қаражаттар құрудың оңтайлы вариантын қамтамасыз ете алады, себебі көптеген шетел мемлекеттерінде банктің активтерін ақшалай қаражаттарға тез арада айналдыру жолы қор нарығының жұмысымен байланысты.

Банкаралық нарықтың дамуы уақытша бос ақшалай ресурстарды банктер арасында жылдам қайта бөлуге көмектеседі. Банк өз өтімділігін ұстап тұру үшін банкаралық нарықтан әр түрлі мерзімге, сонымен қатар бір күнге болсын, қаражаттарды тарта алады. Банкаралық нарықтан қаражаттарды тарту жылдамдығы жалпы қаржылық конъюктураға, банкаралық нарықтың ұйымдастырылуына және банктің беделіне байланысты.

Орталық банкі коммерциялық банктерді қайта қаржыландыру жүйесі банктердің өтімді активтерін Орталық банктен алынған несиелер арқылы жабуға мүмкіндік береді.

Орталық банкінің қадағалау қызметінің тиімділігі өтімділікті басқарудағы коммерциялық банктер мен мемлекеттік қадағалау органы арасындағы қарым-қатынастың дәрежесін көрсетеді. Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің екінші деңгейдегі банктер үшін өтімділіктің белгілі бір нормативтерін белгілеуге мүмкіндігі бар. Көрсеткіштер банктің өтімділік жағдайын неғұрлым нақты көрсететін болса, соғұрлым банктің өзі және қадағалау органы өтімділікпен байланысты проблеманы уақытында шешуге мүмкіндігі бар.

Банктің өтімділігі тұрақты өзгерісте болатын көптеген факторларымен анықталынатын банк қызметінің сапасын сипаттайды. Сондықтан банктің өтімділігі бірте-бірте қалыптасатын және тұрақты факторлармен және әр түрлі тенденцияларымен сипатталатын динамикалық жағдайды білдіреді.

14.2. Банк өтімділігін басқару әдістері

Банк өтімділігін басқару банктік менеджменттің маңызды элементі болып табылады. Өтімділікті басқарудың негізгі мақсаты міндеттемелердің дер кезінде өтеу үшін қолма-қол қаражаттарға деген қажеттілікті әрқашан қанағаттандырып отыру. Жалпы банктің өтімділігін басқаруда өтімділік мынадай екі қызмет атқарады:

- несиеге деген сұранысты қанағаттандыру;
- салымшылардың депозиттерді алу сұранысын қанағаттандыру.

Қазақстандық банктер тәжірибесінде өтімді қаражаттардың ұсынысының негізгі көздеріне мыналар жатады:

- клиенттердің банктік және жинақ шоттарына түсетін қаражаттары;
- клиенттердің ссудалық қарыздарын қайтаруы;
- банкаралық несиелер;
- бағалы қағаздарды өтеу;
- сыйақы (мүдделендіруді) төлеу;
- банкаралық нарықтан ақшалар тарту;
- депозиттік емес банктік қызмет көрсетуден түсетін табыстар;
- банктің активтерін сату;
- өзге дебиторлық қарыздарды өтелуі.

Өтімді қаражаттардың негізгі пайдалану бағыттарына мыналар жатады:

- банктерге және өзге қаржы ұйымдарына несиелер беру;
- клиенттерге несиелер беру;
- бағалы қағаздарды сатып алу;
- өзге активтерді сатып алу.

Банктің төлемдік міндеттемелерінің негізгі бағыттарына мыналар жатады:

- заңды және жеке тұлғалар алдындағы депозиттік міндеттемелері;
- банкаралық несиелер;
- есептелген сыйақылар (мүдделендірулер);
- есеп айырысу қызметі бойынша міндеттемелер;
- бюджетке төленетін салықтар мен өзге де төлемдер;
- кредиторлық қарыздар.

Өтімді қаражаттар мен төлемдік міндеттемелер арасындағы айырма банктің ағымдағы өтімділік ұстанымын көрсетеді. Оның мәні теріс болса, онда ол банктегі өтімді қаражаттарының жеткіліксіздігін, ал оң болса, онда артық өтімділікті көрсетеді. Банктің күнделікті ағымдық өтімділігінің ұстанымын есептеу, оның өтімділігінің жағдайын анықтау және өтімділік тапшылығының болуын ескерту мақсатында жүзеге асады.

Банктік өтімділікті қамтамасыз етуді ішкі және сыртқы көздерге бөліп қарайды: ішкі көздер, яғни банк активтерін қолма-қол ақшаларға айналдыру және резерв (корршот және кассада қаражат ұстау арқылы) құру;

1) сыртқы көздер, яғни өтімді активтерді (бағалы қағаздар, депозиттік сертификаттар және т.б.) сатып алу.

Коммерциялық банктердің өтімділігін түсіну үшін статикалық және динамикалық аспектілерді қарастыру қажет.

Статикалық аспект белгілі бір күнге банк өтімділігін сипаттайды және ол берілген нақты уақыт мерзімінде талап еткенге дейінгі міндеттемелерді өтеу үшін өтімділігі жоғары қаражаттар көлемінің жеткіліктілігімен байланысты. Бұл аспектіде банк өтімділігі оның қолма-қол және қолма-қолсыз ақша қаражаттарының жеткілікті мөлшері бола отырып, берілген нақты уақыт мерзімінде өз міндеттемелерін орындау қабілеті ретінде түсіндіріледі.

Динамикалық аспект күрделірек болып келеді. Ол банктің болашақтағы өтімділігін сақтау қабілетін қарастырады. Бұл аспектіде банк өтімділігі банктің өз меншік құнын экономикалық қатынастар объектісі ретінде сақтау қабілеті түсіндіріледі, ол арқылы банк өз міндеттемелерін уақытында және болашақта да өтеу қабілетін сақтайды.

Көптеген банкирлер қоғамның сенімі бұл банк үшін қымбат актив деп есептейді. Тұрақты табыстар бұл банктің өмір сүру қабілеттігінің кепілі болып табылады. Әрине, сенімді табыстар банкке өз қызметін жалғастыруға мүмкіндік береді. Банк жүйесіне қоғамның сенім білдіруінің негізгі талаптарының бірі мынада: салымшылар өз ақша қаражаттарын қалаған және кез келген уақытта қайтарып ала алатындығына және де осы банкке өз ақша қаражаттарын сала отырып ешқандай тәуекелге ұшырамайтындығына сенімді болу қажет. Сол себептен, салымшылар қадағалау органдары, банк басқарушылары мен клиенттері сияқты банк активтерінің өтімділігіне қызығушылық тудырады.

Әлемдік банктік тәжірибеде банктің активін басқару бірқатар әдістер арқылы жүзеге асырылады. Дағдарыс жағдайында депозиттерді мерзімінен бұрын алу қаупі пайда болатындықтан, бұл жағдайда барлық депозиттер талап еткенге дейін депозиттер болуы мүмкін. Сондықтан, банктің бұл міндеттемелерді өтеуге дайын болуы және ол үшін бұл көлемге жеткілікті өтімділігі жоғары қаражаттардың болуы қажет. Ең бастысы ортақ қор құру қажет. Бұл қордан қаражаттар мынадай бағыттарда үлестіріледі: ең алдымен алғашқы резервтер (қолма-қол ақшалар, Ұлттық банктегі депозиттегі қаражаттар, резервтер), кейінен қысқа мерзімді өтімділігі жоғары бағалы қағаздар есебінен қосымша резервтер құралады. Ары қарай, қор қаражаттары қарыз алуға негізделген барлық өнімдерді қаржыландыруға жіберіледі, бұл жерде несие қоржыны өтімділікті қамтамасыз етудің әдісі болып табылмайды. Несиеге деген сұраныстарды қанағаттандырғаннан кейін қалған қаражаттар мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алуға жұмсалады. Олар, бір жағынан, табыс көзі болып табылса, екінші жағынан, өтеу мерзімінің қысқа болуына қарай қосымша резервтер қатарын толықтырады.

Ұзақ мерзімді болашақта бірегей резервтік қор әдісін қолданудың елдегі экономикалық жағдайды тұрақтандыру кезінде біршама кемшіліктері бар.

- біріншіден, банктің қаржылық тұрақтылығына ұзақ мерзімді перспективада жағымсыз әсер ететін табыстылықтың жеткілікті деңгейін қамтамасыз етпейтін өтімділігі жоғары қаражаттарды максимизациялауға бағыт жасайды;


- екіншіден, әртүрлі депозиттердің түрлерінің мерзімділігі ескерілмейді: талап еткенге дейінгі депозиттер есеп айырысу үшін арналған, ал жинақ және мерзімді депозиттер табыс алу үшін орналастырылады және біршама маңызды сақтау мерзімі бар;

- үшіншіден, бұл әдіс берілген қарыздардың қоржынының өтімділігін есепке алмайды.

Бірегей резервтік қор әдісінің көмегімен өтімділікті басқару тәжірибесін талдау нәтижесінде келешек табыс теориясы жасалып шығарылады. Коммерциялық банк басқарушысы қаражаттардың орналасуына жауап береді. Қарастырылып жатқан әдіс негізінде барлық ресурстарды біріктіру идеясы жатыр. Сосын жинақ қаражаттар сай келетін активтердің (ссудалар, үкіметтің бағалы қағаздары, қассалық қолма-қолдылық және т.б.) кейбір түрлерінің арасында бөлінеді. Ортақ қаражат қоры әдісінің үлгісінде нақты активті операцияны жүзеге асыру үшін қаражаттардың, егер оларды орналастыру банктің алдына қойған мақсаттарында жетуге жағдай жасайтын болса, онда олардың қандай көздерден келіп түскені маңызды емес. Сызба түрінде бұл әдісті көруге болады (29-сурет).

Қаражаттардың көздері
орналастыру

Қаражаттарды



29-сурет. Қаражаттардың орналастырудың жалпы қор үлгісі арқылы активтерді басқару.

Берілген бұл әдіс банк басқармасынан өтімділік және табыстылық қағидаттарын бірдей сақтауды талап етеді. Сондықтан да қаражаттар осы қағидаттарға толық сәйкес келетін активтік операциялардың түрлеріне орналастырылады. Қаражаттарды орналастыру белгіленген бір артықшылықтарға сәйкес жүзеге асады. Олардың белгіленуі бұл оперативті бөлім басқармасына өтімділік және табыстылық сәйкестілік мәселесін шешуге көмек береді. Осы артықшылықтар банк қаражаттарында бар. Әрбір теңгенің қандай да бір үлесі бірінші немесе екінші ретті резервтерге орналасуды қажет етеді, табыс әкелетін ссуда немесе бағалы қағаздар үшін қолданылуы қажет екендігін анықтайды. Жер телімшелерін, ғимараттарға және басқа да жылжымайтын мүліктерге қаражаттарды инвестициялау мәселесі жеке қарастырылады. Қаражаттарды бірінші резервтер орналасу жүйесін анықтау кезінде ең бірінші мәселе бұл бірінші ретті резервтер түрінде бөлінетін олардың үлесін анықтау болып табылады. Активтердің бұл санаты функционалдық сипаттамаға ие және де ол коммерциялық банктердің баланстық есебінде көрсетілмейді. Сонда да банкирлер оларға көптеген мән береді және де бірінші ретті резервтерге алынатын салымдар мен несиеге деген сұраныстарды қанағаттандыруға төлемдер үшін қолданылатын активтерді қосады. Бұл банк өтімділігінің басты көзі болып табылады.

Қаражаттарды орналастыру кезінде екінші бір мәселе бұл белгілі бір табыс әкелетін "кассалық емес" өтімді активтерді жасау болып табылады.

Екінші ретті резервтердің негізгі қолданымы бұл бірінші ретті резервтерді толықтыру көзінің болуында. Соңғысы сияқты бұл бухгалтерлік емес, экономикалық категория және ол да банк балансында көрсетілмейді. Екінші ретті резервтерге бағалы қағаздар қоржынын құрайтын активтер және де кейбір жағдайларда ссудалық шоттағы қаражаттар жатады.

Қаражаттардың ортақ қоры әдісі бойынша қаражаттарды орналастырудың үшінші сатысы несие қоржынын құру. Банк бірінші және екінші реттегі резервтердің мөлшерін анықтағаннан соң, ол өз клиенттеріне ссуданы ұсына алады. Бұл табыс әкелетін банк қызметтерінің маңызды түрі. Займдар бұл банк активтерінің ең маңызды бөлігі, ал займдар бойынша табыстар банк табысының ең ірі құраушысы болып табылады. Займдық операциялар банк қызметінің ең тәуекелді түрі болып табылады.

Ең соңында құжаттарды алмастыру кезінде бағалы қағаздар қоржынының құрамы анықталады.


Активтерді басқару бойынша қаражаттардың ортақ қор әдісін қолдану банкке активті операциялар санаттарын таңдауда үлкен мүмкіндіктер береді. Бұл әдіс ортақ қалыптасатын артықшылықтарды белгілейді. Бұл әдісте активтердің санттары бойынша қаражаттарды бөлу үшін нақты критерийлер жоқ және де бұл әдіс "өтімділік – табыстылық" дилеммасын

шеше алмайды. Соңғысы банк басқармасының кәсіби белсенділігі мен интуициясына тәуелді болып келеді.

Банк қаражаттарын теңгерімді басқару әдісі бұл бос ақша қаражаттарын тарту көздерінің көп түрлілігіне негізделеді. Әрбір көздің өзіне тән өзгерімділігі, құны бар және оған белгілі бір талаптар қойылады. Сондықтан әрбір қаражат көзі жеке қарастырылады және оларды мерзіміне қарай активтермен сәйкестендіру қажет. Мысалы, талап ететін саламдар депозиттердің үлкен бөлігі бірінші және қосымша резервтерді толықтыруға, ал облигацияларды орналастырудан түсетін түсімдер ұзақ мерзімді несиелерді қаржыландыруға жұмсалады және т.с.с. (30-сурет).

Қаражаттардың көздері
орналастыру

Қаражаттарды



30-сурет. Қорды басқарудың теңгерімділік әдісінің үлгісі

Коверсиондық әдісті тәжірибеде қор қаражаттарын теңгерімді басқару дәсі деп атауға болады. Осы әдіске сәйкес әр түрлі көздерден тартылған қаражаттарды орналастыру үшін пайдаланатын “табыстылық-өтімділік” орталары анықталады. Талап ететін салымдары өтімді активтермен жоғары деңгейде қамтамасыз етілуді талап етеді, сондықтан талап ететін салымдарының үлкен бөлігін алғашқы резервтерде орналастыруға тиіс. Ал, талап ететін салымдарының қалған бөлігі қосымша резервтерге бағытталады және аз бөлігі ғана қысқа мерзімді несиелерге беріледі. Мерзімді салымдардың басым бөлігін қосымша резервтерді қалыптастыруға, орта және ұзақ мерзімді ссудаларға, сондай-ақ ұзақ мерзімді бағалы қағаздарға бағыттайды. Жинақ салымдарының басым бөлігін алғашқы және қосымша резервтерге, қалған бөлігін сондай-ақ несиелерге орналастыру қажет. Өзге қарыздарға бұл жерде банктердің Орталық банктен және өзге банктер мен қор нарығынан тартқан

қаражаттары жатады. Оларды қосымша резервтерге, несиелерге, бағалы қағаздарға бағыттаған дұрыс.

«Қорды басқарудың теңгерімділік» әдісінің «қаражаттардың ортақ қоры» әдісінен артықшылығы есептеудің арқасында жоғары өтімді активтердің үлесін дәлірек анықтауға және олардың азаю есебінен қосымша ресурстарды жоғары өтімді активтерге салуға мүмкіндік береді.

Бұл әдістің басты артықшылығы банк табыстылығына жету болып табылады. Активті және пассивті операциялар арасындағы теңгерімділікті ұстау теориясында банктің өтімділігі жүз пайызды қамтамасыз етілер еді деген көзқарас бар. Бірақ, тәжірибе жүзінде оған олардың серпінін болжау қиын болып табылатын факторлар үлкен әсер етеді. Мысалы, клиенттерге несиелерді өз уақытында қайтару банктің қаражаттарына қайтару мүмкіндігіне байланысты емес, ол бірқатар тәуекелдерге байланысты. Соңғы он жылда өтімділікті басқаруда тәжірибе жүзінде барлық теориялар қолданылды деп айтуға болады.

Экономикалық тұрақтану, нарықтық қатынастардың тереңдеуі, несиелік операциялардың дамуы және қаржы құралдарының кең көлемінің пайда болуы жағдайында қаражаттарды сенімді және табысты орналастырудың мүмкіндіктері пайда болады. Сөйтіп, көптеген шетелдік банктер орын алмастыру, күтілетін табыс теорияларын, сонымен қатар банк қаражаттарының аталған әдісін қолданады.

Шетелдік тәжірибеде басқарушы мамандар өндірістік мәселесін шешу үшін сызықтық бағдарламалау деп аталатын ғылыми әдістерінің бірін қолданады. Бұл әдіс операциялардың табыстылық пен өтімділік жағынан шектеулерді ескеріп, пассивтерді басқарудағы проблемалы активтерді басқару мәселесімен байланыстырады. Сызықтық бағдарламалау бір ғана ықшамды шешімге әкелетін детерминдеу үлгісін ұйғарады, шектеулердің сипаты дәл анықталуы тиіс. Мақсатты қызметі үздіксіз және нақты анықталуы қажет, яғни шешімді анықтайтын әр айнымалы мақсатты қызметке және шектеулерді көрсететін теңдеуге өз үлесін қосуы керек. Сонда бағдарламаны бірнеше рет қосқанда да, ол бір ғана шешімді беруі тиіс, яғни іс жүзінде басшылар кейбір шектеулердің немесе бағаланатын әрекеттестіктердің өзгеруінің тиімділігін тексеру үшін бағдарламаны бірнеше рет жіберуі мүмкін.

Жоғарыдағы аталған өтімділікті басқару үлгілеріне қарағанда соңғы үлгі біздің тәжірибемізде қолданылмай отыр, себебі оған сәйкес дайындығы бар кеңесшілер немесе қызметшілер және ірі үлгілерді есептеуге қуаттылығы жететін есептеуіш жабдықтар болуы керек, ал мұның барлығы үлкен шығындармен байланысты.

Кейбір күтпеген жағдайларда өз өтімділігін қамтамасыз ете алмаған банктер төлем қабілетсіз болып табылуы мүмкін, және де нәтижесінде банкроттыққа ұшырауы мүмкін. Сол себептен, коммерциялық банктердің

өтімділігін басқару мәселесінің қағидалық мәні бар және де ол әлемдік банк ісі тәжірибесінде бірінші орында.

Соңғы кездері банктердің активтері мен пассивтерін басқаруда өтімділікті басқаруға басты орын беріледі. Банктің сенімділігі мен тұрақтылығының негізгі белісіне оның клиенттердің алдындағы міндеттемесін бастапқы талабы бойынша қанағаттандыруы жатады.

Экономикалық айналымның кезеңдеріне байланыссыз өтімді қаражаттарға деген сұраныс пен ұсыныс сәйкес келмейді, яғни соның нәтижесінде банктерде өтімді қаражаттардың артықшылығы немесе тапшылығы байқалады. Өтімділікті артықшылығы немесе тапшылығы тұсында уақтылы арттық қаражаттарды орналастырмаса не кем қаражаттарды тартпаса банктің табысын жоғалтып тұрақсыздыққа ұшырауына жол береді. Сыртқы көздерден қаражаттар тартудың өзіндік шектеулер болуы мүмкін, атап айтсақ, банктің несиелік қабілеттігі, рейтингі, беделі, қаражаттарға деген қажеттілік көлемі, пайыздық мөлшерлемелердің деңгейі, және т.б.. Ал қаражаттарды орналастыруда да өтімділік пен табыстылық дилеммасы орын алады. Сөйтіп, банктер өтімділікті қолдау мақсатында қаражаттарының бір бөлігін өтімді активтерге орналастырса, екінші бөлігін пайда табу мақсатында табысты активтерге орналастыруға тырысады. Бұл жерде табысты активтерді қайтарудың тәуекелмен байланыстылығын ескерсек, онда оңтайлы шамадан артық өтімді активтерді ұстау өз кезегінде банктің табыстылығын азайтып, банктің құнына теріс әсер етеді. Бұл жерде банк балансына талдау жасау үрдісінде банк өтімділігі мен банктің капиталы өзара тығыз байланысты болатындығын байқау қиын емес. Баланста немесе пайда мен зиян есебінде көрсетілген зиян, бұл банктің активтері бойынша төлемеу тәуекелінің, пайыздық не нарықтық тәуекелдердің салдарын көрсетеді. Банктің өтімділігін тек қана тартылған қаражаттар есебінен қолдау теріс салдарларға әкеліп соғуы мүмкін. Біздің ойымызша, тек активтер немесе пассивтер есебінен өтімділікті қолдап отыру, банктің алдына қойған мақсатыны қол жеткізуге мүмкіндік бермейді. Сондықтан да активтер мен пассивтерді теңгерімді басқару негізінде өтімділікті басқарудың біршама тиімді әдістердің бірі саналады. Мұндай әдіспен басқаруды ұйымдастыру қаражатты тартып және оны орналастыруға күзиретті банктің барлық бөлімшелерінің қызметін бақылауды жүзеге асыру, ақша қаражаттарының ағымдары туралы ақпараттар негізінде өтімділікті болжау, өтімді қаражаттарды басқарудың басымдықтарын анықтауға, табыстылық пен өтімділік тұрғысынан банктердің активтері мен пассивтерінің мерзімдері бойынша сәйкестігіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Осы жерде банктердің баланстың өтімділігін басқарудың қарапайым үлгісін жасау қажеттігі туындайтыны сөзсіз. Баланстың өтімділігін талдауда барлық активтерді екі топқа бөлеміз: өтімді және өтімсіз. Соған сәйкес банктің пассивтерінде екі топқа бөлу қажет: тұрақты және тұрақсыз. Бұл

жерде банктің өтімді активтері мен тұрақсыз пассивтерін өзара салыстыру арқылы таза өтімді Гэп-ті анықтауға болады. Бұл әдістің мәні, яғни банктің балансының өтімді активтері мен тұрақсыз пассивтері арасындағы алшақтықты айқындау болып табылады.

Сонымен біздің ойымызша, ұсынылатын баланстың өтімділігінің қарапайым үлгісі төмендегі 31-суреттегідей беріледі.

Бұл жерде алшақтықтың оң болуы өтімді активтердің тұрақсыз пассивтерден жоғары болып көрсетеді. Немесе керісінше, тұрақсыз пассивтердің өтімді активтерден артық болуы да оң алшақтықты немесе артық ақшалай қаржаттардың болуын сипаттайды. Мұндай жағдайда банктер мынадай мәселелерді басынан кешеді: өтімді қаржаттар артық болса, онды пайдасы азайып, банктің құны төмендейді немесе өтімді қаржаттар жеткіліксіз болса, баланстың теңгерімсіздігін қалыпқа келтіру мақсатында сырттан қаржат тартуға байланысты қосымша шығындар шегеді.

		Тұрақсыз пассивтер
Өтімді активтер	Таза өтімді активтер	
Өтімсіз активтер		Тұрақты пассивтер

31-сурет. Банк балансының өтімділігінің үлгісі
Ескертпе –автормен әзірленген.

Бұл жерде қарастырылатын өтімді активтер қадағалаушы ұйымдардың беретін жоғары активтерінен пайдалануға болады. Атап айтсақ, кассадағы қолма-қол ақша, ҚҰБ-ге шоттағы және резвертегі қаржаттар, «А» рейтингінен төмен емес банктердегі НОСТРО шотындағы қаржаттар және мемлекеттің бағалы қағаздары мен ҚИК-ның бағалы қағаздарына салынған қаржаттар және т.б. Ал, тұрақсыз пассивтерге талап етілетін шоттардағы, карт-шттағы қаржаттар, ЛОРО шотындағы қаржаттар, өзге де депозиттік шотта жататын мерзімі қысқа қаржаттар және т.б. жатады. Осындай әдіспен өтімді активтер мен тұрақсыз пассивтерді салыстыру арқылы баланс тегерімсіздігін айқындауға болады. Сонымен, біздің ойымызша бұл ұсынылып отырған «таза өтімді активтердің» үлгісі банк балансының

активтері мен пассивтері арасындағы теңгерімсіздікті бағалауға мүмкіндік жасайды.

Отандық банктер тәжірибесінде бүгінгі күні өтімділікті басқару жоғарыда аталған бастапқы екі әдістің көмегімен іске асырылуда:

- жиынтық қор әдісі, яғни бұл әдіс басымдықтармен қолданылуда;
- конверсиондық әдіс, яғни бұл әдіс жекелеген жағдайларда ғана қолданылуда.

Жиынтық қор әдісі бұл банктің өтімді қаражаттарға деген жалпы қажеттілігін, банктің өзінде бар барлық өтеу көздерімен салыстыруды сипаттайды. Ол үшін банктің балансының өтімділігін бағалау көрсеткіштері қолданылады. Әр түрлі көздерден алынған банктің барлық қаражаты туралы ақпарат жинақталып, банктің өзінде бар жиынтық қор ретінде қарастырылады. Сөйтіп, өтімділікті қамтамасыз ету мақсатында алғашқы және қосымша резервтер құрылады.

Алғашқы резервтер құрамына жоғары өтімді қаражаттар: касса және ҚҰБ-гі шоттағы қаражаттар кірсе, ал қосымша резервтер құрамына да тез сатуға болатын банктің өтімді активтері, соның ішінде мемлекеттің қысқа және ұзақ мерзімді қаражаттары жатады. Егер де ұзақ валюталық ұстанымнан банк ұзақ мерзім ішінде табыс алатын болса, онда қосымша резервке шетел валюталары да жатуы мүмкін. Банктің күнделікті операциясына қажетті немесе өтімділік мәселесі туындай қалған кезде шешуге қажетті ақшалай резервінің болуы қажет.

Екінші әдіс, яғни конверсиялау әдіс банктің қаражаттарын көздеріне және бағыттарына қарай байланыстыруда қажет етеді. Бұл әдісті қолдану барысында, біріншіден, банктер қаражаттарды қалыптасу көздеріне қарай және оларды қайтарылу мерзімдеріне қарай орналастыруға тиіс, екіншіден, әрбір қаражат көзін тиісті қаржыландыру бағытына бөлуі қажет. Аталған әдістің жекелеген элементтері белгілі бір бағдарламалармен (ЕҚДБ-нің несиелік желісі, АДБ-нің ауылшаруашылық бағдарламалары) тартылған қаражаттарды орналастыру барысында қолданылады.

Отандық банктерді банк өтімділігін банктегі талдаушылық қызметі тікелей жауапты, олар өз кезегінде банктің қаражаттарды тарту және орналастыруына жауапты құрылымдық бөлімшелерінің қызметтерін бақылай отырып, олардың қызметтерін үйлестіреді. Демек талдаушылық қызмет қана банктің ағымдағы өтімділік жағдайын және пруденциалдық нормативтердің сақталуын бақылауға қажетті барлық ақпараттарды ала алады.

Банктің өтімділік жағдайын талдауға қажетті ақпараттары ішкі және сыртқы көздер жүйесінен тұрады. Сыртқы көздерден ақпарат алу, негізінен банктің бәсекелестері мен клиенттер нарығындағы және т.б. нарықтардағы жағдайлар туралы әр түрлі мәліметтерді жинақтауды білдіреді. Ішкі көздер жүйесі банктің қызметін байланысты жағдайлар туралы мәліметтерді қамтиды және ол кез келген уақытта банктің ағымдағы жағдай туралы

ақпаратпен қамтамасыз етуге тиіс. Банктің ағымдағы өтімділігін талдауға қажетті ішкі ақпараттарды анықтайтын құжаттарды берілу мерзімдеріне қарай, ақпараттарға қолжетімді жекелеген лауазымды және жауапты тұлғалар бере алады.

Банктің өтімділігін бағалау Қаржылық қадағалау агенттігінің өтімділікке және резервтерге қатысты қоятын талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Банк өтімділігін жеткілікті деңгейін сақтай отырып, оның активтерінің пайдалылығын арттыру үшін қайтару мерзімдеріне байланысты тартылған қаражаттар мен активті операциялардан алынатын табыстар салыстырылады. Өтімділікті бақылау шегінде мұндай салыстырулар банктің ағымдағы өтімділік ұстанымын анықтау жолымен жасалады.

Банктің жалпы өтімділік ұстанымы тартылған және орналастырылған қаражаттарды мерзімдеріне қарай салыстыру арқылы анықталады. Бұл жерде тартылған және орналастырылған қаражаттар түрлеріне қарай топтастырылады. Банктің қысқа мерзімді өтімділігі үш айға дейінгі мерзіммен, ал ұзақ мерзімді өтімділігі үш айдан жоғары мерзіммен анықталады. Болашақтағы төлемдік міндеттемелер мен әр күндегі талаптарды салыстыру нәтижесінде банк түсетін және шығатын, яғни сол күні төлеуге жататын ақша қаражаттарының шекті қатынасын айқындайды. Егер банктен шығатын ақша қаражаты кіретін сомадан артық болса, онда банкте өтімділік жеткіліксіз болып табылады. Егер керісінше болса, онда өтімділік артық болады. Аталған жағдайларды талдаушылық бөлім қаражат тарту немесе орналастыру туралы шешім қабылдау үшін банктің тиісті бөлімшелерімен байланысады.

Банктің талдаушылық бөліміне өтімділікті басқару барысында мынадай қызметтер мен міндеттер жүктеледі:

- өтімділік жағдайына күнделікті мониторинг жасау және Қазынашылық бөліміне жедел ақпарат беру;
- өтімділік коэффициенттердің орындалуына мониторинг жасау;
- банктің өтімділігін терең талдауға арналған коэффициенттер жүйесін есебінің жетілдірілген әдістерін жасау;
- өтімділіктің нашарлауын куәландыратын нақты немесе әлуиетті теріс үрдістерді айқындау;
- теріс үрдіс туғызатын факторларды талдау;
- өтімділікті басқару стратегиясын анықтауға арналған ұсыныстарды жасау;
- мөлшері мен мерзімдері бойынша теңгерімді активтер мен міндеттемелердің оңтайлы құрылымын анықтау;
- валюталық тәуекелді және пайыздық мөлшерлемелердің өзгерісінен туындайтын тәуекелді талдау және бағалау.

Банктің ағымдағы өтімділігін басқаруға байланысты Қазынашылықтың қызметтері мыналар:

- белгі болған және болжанған талаптарды есепке ала отырып, күн сайынғы міндеттемелерді өтеуге қажетті қолма-қол ақшалай қаражатпен қамтамасыз ету;

- артық ақша қаражат қорларын тәуекелдер бойынша стратегияда бекітілген өлшемдер шегінде орналастыру.

Банк өтімділігін басқаруды отандық банк тәжірибеіесінде активтер мен пассивтерді басқару комитеті жүзеге асырады.

Активтер мен пассивтерді басқару - дегеніміз банктің стратегиясы мен қаржылық менеджментінің стратегиясына жетуді қамтамасыз ететін баланс банктінің активтері мен пассивтерінің құрылымдарын қалыптастыру және реттеу процессін білдіреді. Банк активтер мен пассивтерін басқару базалық және күрделі болып келу мүмкін.

Банк активтер мен пассивтерін базалық басқару – капитал жеткіліктігіне, өтімділікке және активтер мен пассивтердің пайыз мөлшерлемелерінің және валюталардың бағамдарының өзгерісіне сезімталдығына қолжеткізуге арналған реттеуші ұйымдардың талаптарын білдіреді.

Банк активтер мен пассивтерін күрделі басқару – банк қызметінің барлық бағыттарында табыстылықты көздейтін, тәуекелді төмендетуге бағыталған банктің стратегиясын жасауды білдіреді.

Банктер тәжірибесінде активтер мен пассивтерді басқаруды активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі Комитет жүзеге асырады (34-сурет).



34-сурет. Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі комитет Комитет мынадай қызметтерді атқарады:

- Банк активтер мен пассивтерін басқару қызметін атқаратын әдістемелерді және регламенттерді даярлайды;

- Қаражаттарды тарту және орналастыру параметрлері туралы шешімдер қабылдау;

- Бекітілген стратегиялық жоспарларға банк балансы құрылымының сай келуін бақылау;
- Банктік тәуекелдерді басқаруға байланысты әдістемелерді жасау
- Банк балансының өтімділігіне және өтімділік позициясын болжауға бақылау жасау, өтімді қаржаттарға деген қажеттілікті анықтау және балама қаржат көздерін таңдау;
- Қаражаттардың көздері және бағыттары бойынша қысқа мерзімді болжамдар жасау;
- Банктің баға саясатын жасау;
- Нарықтық пайыз мөлшерлемелерінің өзгерісінен туындайтын тәуекелге қатысты банк балансын бағалау;
- Банк жұмысының рентабельдігін талдау және мониторинг жүргізу;
- Қаражаттарды тартатын және орналастырумен айналысатын құрылымдық бөлімшелер арасындағы жұмысты үйлестіру;
- Банк капиталын басқару;
- Тәуекелдерге қатысты реттеуші ұйымдардың заңи және нормативтік актілерінің орындалуын бақылау.

14.3. Өтімділікті бағалау көрсеткіштері

Шетел тәжірибесінде коммерциялық банктің өтімділігі мынадай екі әдіспен есептеледі :

- баланстың өтімділігін көрсететін және баланстар бойынша есептелінетін *қаржылық коэффициенттер негізінде;*
- сәйкес кезеңдердегі *банк балансының активтері мен пассивтері бойынша* айналымдардың талдауын ескеріп, өтімді қаражаттарға потенциалды қажеттілігін анықтау негізінде.

Коэффициенттік әдіс баланс баптары арасында белгілі бір сандық қатынастарды бекітуді білдіреді. Бұл әдіс әр түрлі көрсеткіштерді пайдаланады.

Алғашқы тобының екі көрсеткіші өтімді активтер мен депозиттер арасындағы қатынасты көрсетеді:

1. Алғашқы резервтер (касса + Орталық банктегі корреспонденттік шот) / Депозиттер;
2. (Алғашқы резервтер + Екінші реттегі (мемлекеттік бағалы қағаздар) резервтер) / Депозиттер

Бірінші көрсеткіш деңгейі банктің өтімділігін қамтамасыз ету үшін 5–10 %-дан төмен болмау керек, ал екіншінің деңгейі 15–25 %-дан, Жапонияда 30 %-дан төмен емес болуы міндетті.

АҚШ-та өтімділікті бағалау үшін бірнеше көрсеткіштер қолданылады. Оның бірі - берілген *несиелер мен депозиттер сомаларының қатынасы.*

Олардың арасында мынадай тәуелділік бар: бұл қатынастың мәні неғұрлым 1-ден көп болса, банк өтімділігі соғұрлым төмен болады. Сонымен қатар, *несиелердің жалпы активтер сомасындағы үлесі* есептелінеді, ол активтердің диверсификациясын көрсетеді. Бұл көрсеткіш 65–70% аралығында болуы керек. Және активтің қолма-қол қаражаттарға тез алмастыру қабілетін бейнелейтін көрсеткіш: *өтімді активтердің жалпы активтер сомасына қатынасы* арқылы табылады.

Банктің ресурс базасының сапасын сипаттайтын көрсеткіштер тобы да қарастырылады.

Депозиттер тұрақтылық дәрежесін сипаттайтын көрсеткіш *негізгі депозиттер (талап ету депозиттері + жинақ шоттар) сомасының жалпы депозиттер мөлшеріне қатынасы* немесе тұрақсыз депозиттердің (мерзімді және жинақ салымдары) тартылған ресурстар сомасындағы үлесі түрінде есептелінеді. Егер негізгі депозиттердің үлесі 75 пайыздан жоғары болса, онда банк өтімді болып есептелінеді.

Банктің ресурс базасының сапалығы коммерциялық банктің сыртқы көздеріне банкаралық несиелерге шығу мүмкінділік көрсеткішпен сипатталады, оның формуласы:

Орталық банк және басқа да банктерден алынған қарыздар

Тартылған қаражаттар сомасы

Көптеген елдерде, мысалы Францияда, Ұлыбританияда, Германияда, коммерциялық банктің өтімділік көрсеткіштері мерзім бойынша топтастырылған баланстың активті және пассивті баптардың қатынасы негізінде есептелінеді. Мысалы, 3 ай мерзімге салынған активтер осы мерзімге тартылған талап ету депозиттерге, мерзімді депозиттерге және басқа да ресурстарға қатынасы арқылы өтімділік коэффициенті шығарылады.

Банк өтімділігі динамизм жағдайында болатындығын ескеріп, шетел сарапшыларының пікірлері бойынша, өтімділік деңгейі баланстық қатынастар негізінде есептелген қаржылық коэффициенттерімен толық бағаланбайды. Сондықтан банктің бар активтері мен пассивтері бойынша қолма-қол қаражаттарының ағыны негізінде өтімділікті бағалау тәжірибесі біртіндеп енгізілді.

Осы әдістің қиыншылығы – кейбір қаржылық құралдары бойынша төлем мерзімдері талап етілгенге дейінгі депозиттер қарастырылмаған, ал екінші қиыншылығы – бөлек қарыздарды өтеу перспективасын дұрыс бағалауда жатыр. Сол себептен осы әдістің қолданылуы мынаны білдіреді :

- Активтер мен пассивтер бойынша төлем мерзімдері туралы ақпараттың жоғары сапалылығы мен уақтысында алынуы.

- Банктің қарыздар мен депозиттер жағдайының өткен және болашақтағы тенденцияларын талдаудың жоғары сапалылығы.

Осы әдіс Жапония, АҚШ және басқа да еуропа елдерінде кеңінен пайдаланылады.

Біздің тәжірибемізде пруденциалық нормативтер қатарындағы өтімділік коэффициенті көмегімен активтер мен міндеттемелерді өзара салыстыру арқылы банк өтімділігіне баға беріледі.

Бақылау сұрақтары

1. Банк өтімділігі дегеніміз не?
2. Банк өтімділігін қандай факторлар ықпал етеді?
3. Банк өтімділігін басқару әдістеріне не жатады?
4. Қаражаттардың ортақ қоры арқылы басқаруды қалай түсінесіз?
5. Банктердің банкісін құру арқылы өтімділікті басқарудың қандай тиімділігі бар?
6. Банк өтімділігін бағалау көрсеткіштері қандай?

15-тарау. Банктің табыстары мен шығыстары

15.1. Банктің табыстары, олардың қалыптасу көздері

Банк пайдасын басқару - тәуекел тұсында және банк балансының өтімділігін қамтамасыз ете отырып, банк пайдасын арттыруды білдіреді. Банк пайдасын басқару жүйесі бір бірімен байланысты мынадай элементтерден тұрады:

- пайданы басқаруға қатысушы банк бөлімшесін анықтау,
- банктің пайдасын, табыстары мен шығыстарын жоспарлау;
- банк қызметінің пайдалылық деңгейін бағалау тәселдерін қолдану;
- банк пайдасын ағымдағы реттеу әдістерін анықтау.

Банк пайдасын басқаруға біріншіден әртіүрле бөлімшелер: жетекші ұйымдар, департаменттер, басқармалар, бөлімдер қатынасады; екіншіден қазынашылық қатысады, үшіншіден банк бухгалтериясы, төртіншіден банктің ішкі бақылау бөлімдері қатысады.

Банк пайдасын басқарудың маңызды элементтерінің біріне банктің пайдасын бағалау жатады.

Оның тәсілдеріне мыналар жатады:

- банктің табыстарын, шығыстарын, пайдасының көздерін құрылымдық талдау;
- банктің шығыстары мен табыстарының өсу қарқынының өзара қатынасын және динамикасын талдау;
- қаржы коэффициенттері негізінде банктің қызметінің нәтижелерін бағалау;
- банктің табыстылығы мен пайдалылығын факторлық талдау жатады.

Коммерциялық банктердің табыс көздеріне мынадай банктік бизнес түрлерін жатқызуға болады:

- *несие бизнесі;*
- *дисконттық бизнес;*
- *сақтау бизнесі;*
- *банктік кепіл-хат беру қызметі;*
- *бағалы қағаздармен жасалатын бизнес;*
- *салымдар қабылдау және клиенттердің тапсырмасы бойынша операцияларды жүзеге асыру бизнесі;*
- *басқа банктермен корреспонденттік қатынасқа негізделген бизнес;*
- *дәстүрлі емес қызметтерді көрсету бизнесі.*

Несие бизнесі екі элементтен тұрады: клиенттерге (жеке және заңды тұлғаларға) ссудалар беру және бос ресурстарды басқа коммерциялық банктерге уақытша пайдалануға пайыздық сыйақыда беру. Несиелік бизнестің екінші бөлігі кейде банкаралық несие, кейде басқа банктегі

депозит формасында болуы мүмкін. Несиелік бизнестен пайыз формасында табыс түседі.

Дисконттық бизнес, төленбеген вексельдерді, чектерді және талаптарды банктің белгілі бір төменгі бағамен – дисконт негізінде сатып алуын сипаттайды. Дисконт бизнестің түріне факторинг операциясы жатады. Факторинг операциясы айналымды және айналымсыз болуы мүмкін. Бірінші жағдайда, банк төлеушінің төлемеген міндеттемесін қаражатты алушыдан (жабдықтаушыдан) талап етуге құқылы. Ал екінші жағдайда, банктің ондай құқығы жоқ, бірақ ол ондай операциядан түсетін жоғары сыйақы үшін тәуекелге барады. Факторингтік операциядан түсетін сыйақының жоғары болуы, өнімді сатудан түсетін жабдықтаушының табысын азайтады. Мұндағы табыс екі элементтен тұрады: 1) сатып алғаннан төлемнің түсуі арасындағы аралықта банктің несиелік ресурсын пайдаланғаны үшін төленетін пайыз және 2) факторинг операциясының түріне байланысты тәуекелге сәйкес шамасы ауытқып отыратын комиссияндық сыйақы. Факторинг операциясындағы комиссия пайызбен белгіленетіндіктен, факторингтік операциядан түсетін табысты банктің пайыздық табысына жатқызады.

Сақтау бизнесі банктің трасталық (сенім) және агенттік қызметтеріне негізделеді. Бұл бизнес клиенттің мүлкін (жылжымайтын мүлік, бағалы қағаз, шоттағы қаражатын) басқарғаны үшін немесе осы мүлікке байланысты клиенттің тапсырмаларын орындағаны үшін алатын комиссия формасындағы табыс түрінде банкке табыс әкеледі. Мысалға, траст келісім-шарты негізінде банк клиентке шоттағы қаражатын табыс әкелетін активтерге орналастыратындығына міндеттеме алады. Агенттік қызметте клиентпен нақты қай операцияға қаражат жұмсау қажеттігін келісіп алады. Трасталық операцияларда тәуекел жоғары, себебі мұнда банктің табысы клиенттің табысынан жоғары болуын қалайды. Соған сәйкес, трасталық операциялардан түсетін комиссия мөлшері де агенттік қызмет көрсетуден түсетін табысқа қарағанда біршама жоғары болып келеді. Мұндай ерекшелік, өз кезегінде трасталық қызметтен алынатын комиссиялық сыйақының құрылымын анықтайды. Ол мүлікті басқарғаны үшін төленетін комиссияндық сыйақы мен жұмыстың нәтижесі бойынша төленетін сыйақыдан тұрады.

Бағалы қағаздармен бизнес мынадай элементтерді қамтиды:

- 1) банктің өзінің бағалы қағаздарын шығару;
- 2) оларды нарықта сату;
- 3) кәсіпорындарды жекешелендіруге байланысты қызмет көрсетуде басқа эмитенттердің бағалы қағаздарымен қайталама нарықтағы операциялары.

Мұндай бизнестен түсетін табыстар төмендегідей көзден құралады:

- 1) өзінің және басқа эмитенттердің бағалы қағаздарын сату барысында бағамдық айырмадан;

2) жекешелендіруге байланысты көрсеткен қызметі (жекшелендірілетін кәсіпорынның есебін талап етілетін стандартқа жеткізіу, оның құнын бағалау, акцияларын шығару және орналастыру, реестр жүргізу) үшін комиссия.

Банктің кепіл беру қызметі клиенттерге есеп айрысу үшін және несиелік алу үшін банктің әр түрлі формалардағы берген кепіл-хаты мен кепілдемесінен түсетін ақшалай сыйақы түріндегі табыс әкелетін банктің қызметін сипаттайды. Егер клиент банкі үшін оның атын шығаратын клиенттердің қатарында болса, банк оған ақысыз кепіл-хатын беруі мүмкін.

Салымдар қабылдау және клиенттердің тапсырмасы бойынша операцияларды жүзеге асыру бизнесі банкке мынадай формаларда табыс алуға мүмкіндік береді:

- комиссияндық сыйақылар:
 - а) шот ашқаны үшін;
 - б) шотты жүргізгені үшін;
- белгілі бір мерзім ішінде белгіленген комиссия (ақша белгісінде);
- айналымнан алынатын комиссия (айналымнан % түрінде алу):
 - в) шот бойынша операциялар туралы көшірме бергені үшін;
 - г) шотты жабу үшін;
 - д) қолма-қол ақша беруге немесе есеп айырысуға байланысты операцияларды жүргізгені үшін.
- Банктің корреспонденттік қатынас бойынша басқа банктердегі корреспонденттік шоттарындағы кредиттік қалдық үшін алатын пайызы;
- Дәстүрлі емес табыс түрлері банктің лизингтік, ақпараттық, кеңес беру, валюта айырбастауға байланысты, клиенттерге оқытып-үйреткені үшін және т.б алынатын табыстар. Мұндағы лизингтік операциялардан түсетін табысқа: лизингтік төлемдер, пайыздық төлем және комиссия жатады.

Банктің барлық табысын үш топқа бөлуге болады:

1. *пайыздық табыстар;*
2. *банктік қызмет көрсетуден алатын комиссиялар;*
3. *басқа да табыстар (бағамдық айырма, яғни баланстық құны мен нарықтық құны арасындағы айырма, алынған айып пұлдар, пенялар және т.с.с.)*

Пайыздық табыс пен комиссиялармен ұштасуы мүмкін. Мысалға, несиелік және факторингтік операциялардан банк пайыздық төлем мен комиссияға иеленеді.

Несиелік пайыз – пайыздық табыстың басты көзі ретінде банктің берген ссудалары үшін қарыз алушылардың төлейтін төлемі болып табылады.

Несиелік пайызды мынадай белгілерге байланысты жіктеуге болады:

- *несие формасына* қарай: коммерциялық, банктік, тұтыну несиелерінің пайызы және т.с.с.;
- *несиелік мекеменің түріне* байланысты: Орталық банктің есепке алу пайызы, банктік, ломбардтық;
- *несие мерзіміне* қарай: қысқа мерзімді ссудалар бойынша пайыз, ұзақ мерзімді ссудалар бойынша пайыз;
- *несие түріне* байланысты: овердрафт бойынша айналым құралдарына берілген ссудалар, вексельдерді есепке алу, мақсатты ссудалар бойынша пайызы;
- *операциялар түрлеріне* қарай: ссудалар бойынша пайыз, банкаралық несиелер бойынша пайыз, депозиттік пайыз;
- *есептеу тәсіліне* қарай: жай және күрделі, қарапайым және тура және т.б.

Комиссия – банктік операция үшін сыйақы, латын тілінен аударғанда “comissio” сөзі тапсырма дегенді білдіреді. Оның мөлшеріне көрсетілетін қызметтердің өзіндік құны мен қажетті пайда жатады.

Табыс көздері екіге бөлінеді:

- *тұрақты*, оған банктік қызметтен алынатын пайыздық және пайызсыз табыстар жатады;
- *тұрақсыз*, оған қайталама нарықтағы бағалы қағаздармен жасалатын операциялардан және көзге көрінбейтін операциялардан алатын табыстарды жатқызуға болады.

15.2. Банк шығыстарының жіктелуі

Коммерциялық банктердің шығыстарын формасына және есепке алу тәсіліне қарай жіктеуге болады.

Формасына қарай, олар мынадай түрлерге бөлінеді:

- пайыздық шығыстар;
- пайызсыз шығыстар;
- басқа да шығыстар.

Пайыздық шығыстар клиенттердің талап ету және мерзімді депозиттері, басқа банктердің депозиттері бойынша, басқа да банктерден сатып алынған несиелік ресурстар үшін, сондай-ақ шығарған бағалы қағаздары бойынша төленген пайыздардан құралады.

Пайызсыз шығыстарға жалпы банктің операциондық шығыстары мен басқару аппаратын ұстау шығындары жатады.

Басқа да шығыстар, банктік операциялардың өзіндік құнына жататын резервтерді құру, салық төлеу шығыстарын, бағалы қағаздар нарығында, валюталық нарықта алып-сатарлық операцияларды жүзеге асыруға, банктің мүлкін сатуға және т.б. байланысты болатын зияндарды сипаттайды.

Есепке алу тәсіліне қарай банктік шығыстарды мынадай түрлерге бөледі:

банктің операциондық және түрлі шығыстары: банктің төлейтін салықтарының бір бөлігі, (мүлік, жол, көлік құралдары, жер, ҚҚС, яғни бұл салықтар банктің операцияларының өзіндік құнына жатады) тартқан қаражаттар бойынша төленген пайыздар, негізгі құралдардың амортизациясы, арзан бағалы тез тозатын заттардың және материалдық емес активтердің тозуы, жалгерлік шығыстары, жарнама, есептесу орталықтарының, пошта және телеграф қызметтері үшін төлемдер, оқытуға төлемдер, бланктер, ақпарат тасымалдаушылар, орайтын материалдар үшін шығыстар және капиталдық емес сипаттағы басқа да шығындар;

басқару аппаратын ұстау шығыстары: жалақы, сыйлықақы, ынталандыру ақысы, ғимаратты, құрал-жабдықтарды және жеңіл машиналарды ұстау, күзет үшін шығыстар, іс-сапар және кеңсе заттары үшін шығыстар, яғни олар пайызсыз шығыстарды білдіреді;

банктің төлейтін айып пұлдар, пенялары және т.б. шығыстары.

Көптеген Қазақстандық банктердің қаржылық нәтижелері соңғы жылдары тұрақтылыққа қол жеткізді. Банктің рентабельдік көрсеткіштер бойынша біздің банктеріміз Орталық Еуропа елдерінің банктерінің осындай көрсеткіштерімен тең түсуде. 2004-2008 жылдардағы банк секторының табыстылығын сипаттайтын көрсеткіштерді 51-кестемен беруге болады.

51-кесте. Банк секторының табыстылығының серпіні, млрд. теңгемен, кезеңнің басына

Көрсеткіштер	2004ж	2005ж	2006ж	2007ж	2008ж
Сыйақы алумен байланысты табыстар	140,9	212,7	342,3	620,1	1242,8
Сыйақы төлеумен байланысты шығыстар	60,8	94,0	180,5	337,2	656,1
Сыйақы алумен байланысты таза табыс	80,1	118,7	161,8	282,9	586,7
Сыйақы алумен байланыссыз табыстар	89,5	107,6	159,6	287,3	552,7
Сыйақы алумен байланыссыз шығыстар	137,8	188,6	238,3	442,5	873,8
Сыйақы алумен байланыссыз таза табыс (зиян)	-48,3	-81,0	-78,7	-155,2	-321,1
Көзге көрінбейтін баптар (шығыстар)	1,3	1,1	-0,5	-0,2	0,4
Салық төлегенге дейінгі таза табыс	33,2	38,8	82,6	127,5	266
Салық төлеуге байланысты шығыстар	4,4	7,3	9,5	25,6	44,8
Табыс салығын төлегеннен кейінгі таза табыстар	28,8	31,5	73,1	101,9	221,2

Ескертпе – ҚҚА-нің есептік материалдары негізінде автормен құрастырылған

Соңғы 5 жыл ішінде банктің табыстары олардың қалыптасу көздері бойынша өскендігін көреміз. Пайыздық табыстар құрылымында клиенттерге берілген займдар бойынша сыйақы алумен байланысты табыстар үлесі жоғары, яғни бұл көрсеткіш шамасы 2004 жылдың 1 қаңтарына 140,9 млрд теңгені құраса, 2008 жылы 1 қаңтарында оның көлемі 1 242,8 млрд теңгеге дейін көтерілген. Банктің сырттан тартқан қаражаттары бойынша пайыздық төлеумен байланысты шығыстар құрылымында көп үлесті, клиенттер мен банктер алдындағы міндеттемелері (салымдары және банктерден немесе өзге кредиторлардан алған қарыздары) бойынша сыйақы төлеу шығыстары алады, яғни бұл көрсеткіш шамасы 2004 жылдың 1 қаңтарына 60,8 млрд теңгені құраса, 2008 жылы 1 қаңтарында оның көлемі 656,1 млрд теңгеге дейін көтерілген.

Осы көрсеткіштерді пайдалана отырып таза табысты анықтаймыз, ол сыйақы алу және төлеу шығыстары арасындағы айырма ретінде есептеледі.

Сонымен сыйақы алумен байланысты таза табыс мөлшері де 2004 жылдың 1 қаңтарына 80,1 млрд теңгені құраса, 2008 жылы 1 қаңтарында оның көлемі 586,7 млрд теңгені құрады.

Банктік сектордың табыстары құрылымында сыйақы алумен байланыссыз табыстардың аз да болса өзіндік үлесі бар. Айталық, сыйақы алумен байланыссыз табыстар 2004 жылдың 1 қаңтарына 89,5 млрд теңгені құраса, 2008 жылы 1 қаңтарында оның көлемі 552,7 млрд теңге дейін ұлғайған.

Бұл көрсеткішке керісінше банктік сектордың сыйақы төлеумен байланыссыз шығыстары өсіп отыр, яғни 2004 жылдың 1 қаңтарына 137,8 млрд теңгені құраса, 2008 жылы 1 қаңтарында оның көлемі 873,8 млрд теңге дейін өскен. Нәтижесінде, соңғы екеуінің айырмасы ретінде есептелетін, сыйақы алумен байланыссыз зияндардың көлемі де 2004 жылдың 1 қаңтарына 48,3 млрд теңгені құраса, 2008 жылы 1 қаңтарында оның көлемі 321,1 млрд теңгеге дейін теріс көрсеткішпен өскен.

Келесі топтамадағы банктік сектордың табыстылығын сипаттайтын маңызды көрсеткіштерге салық төлегенге дейінгі таза табысы жатады. Оның мәні 2004 жылдың 1 қаңтарына 33,2 млрд теңгені құраса, 2008 жылы 1 қаңтарында 266 млрд теңгеге дейін немесе 8 есеге артқан.

Ал салық төлеумен байланысты банктің шығыстарына мән берсек, онда оның шамасы 2004 жылдың 1 қаңтарына 4,4 млрд теңгені құраса, 2008 жылы 1 қаңтарында 44,8 млрд теңгеге дейін немесе 10 есеге артқан. Нәтижесінде банктің иелігінде қалатын табысының мөлшері 2004 жылдың 1 қаңтарына 28,8 млрд теңгені құраса, 2008 жылы 1 қаңтарында 221,2 млрд теңгені құраған.

Банктің табыстылығына баға беруде салық төлегенге дейінгі таза табыстың банктің жиынтық активтеріне қатынасы (ROA) және салық төлегенге дейінгі таза табыстың банктің меншікті капиталын қатынасын (ROE) есептеу маңызды. Сонымен қатар банктік сектордың соңғы жылдардағы табыстылығын сипаттайтын жиынтық көрсеткіштердің есебін 52-кестеде беруге болады.

52-кесте. Банк секторының табыстылығының жиынтық көрсеткіштерінің динамикасы, %

Көрсеткіштер	кезеңнің басына				
	2004ж	2005ж	2006ж	2007ж	2008ж
Салық төлегенге дейінгі таза табыстың жиынтық активтерге қатынасы (ROA)	1,9	1,4	1,8	1,4	1,3
Салық төлегенге дейінгі таза табыстың меншікті капиталға қатынасы (ROE)	14,2	11,2	14,1	14,7	18,6
Сыйақы алумен байланысты табыстардың жиынтық активтерге қатынасы	8,4	7,91	7,6	7,0	10,64
Сыйақы алумен байланысты табыстардың жиынтық несиелік қоржынға қатынасы	9,9	9,2	10,9	10,1	12,8
Дилингтік операциялар бойынша алатын таза табыстардың салық төлегенге дейінгі таза табыстарға қатынасы	27,7	26,8	23,5	29,6	29,6
Сыйақы төлеумен байланысты шығыстардың банктің жиынтық міндеттемелеріне қатынасы	4,1	3,9	4,4	4,2	6,4
Резервтер құруға кеткен шығыстарды	2,6	2,7	1,7	1,8	2,1

жиынтық активтерге қатынасы					
-----------------------------	--	--	--	--	--

Ескертпе – ҚҚА-нің 2004-2006 жж есептік материалдары негізінде автормен құрастырылған

Соңғы 4 жыл ішінде банктің табыстарын сипаттайтын көрсеткіштерін жасаған талдаудан салық төлегенге дейінгі таза табыстың жиынтық активтерге қатынасының (ROA) мәні 2004 жылдың 1 қаңтарына 1,98% құраса, 2008 жылы 1 қаңтарында 2,3 % дейін өскендігін көреміз. Ал салық төлегенге дейінгі таза табыстың меншікті капиталға қатынасының (ROE) мәні де 2004 жылдың 1 қаңтарына 14,2 % құраса, 2008 жылы 1 қаңтарында 18,6 % дейін төмендеген. Аталған көрсеткіштер мәнінің төмендеуі негізінен банктердің активтері және оған сай капитал көлемінің өсуіне байланысты болып отыр. Ал сыйақы алумен байланысты табыстардың жиынтық активтерге қатынасының мәні де 2004 жылдың 1 қаңтарына 8,4 % құраса, 2008 жылы 1 қаңтарында 10,6% дейін өскен. Сонымен қатар сыйақы алумен байланысты табыстардың жиынтық несиелік қоржынға қатынасының мәні де 2004 жылдың 1 қаңтарына 10,9% құраса, 2008 жылы 1 қаңтарында 12,8% дейін төмендеген. Дилингтік операциялар бойынша алатын таза табыстардың салық төлегенге дейінгі таза табыстарға қатынасының мәні ғана 2004 жылдың 1 қаңтарына 27,7% құраса, 2008 жылы 1 қаңтарында 29,6 % -дейін төмендеген.

Бақылау сұрақтары:

1. Банк табыстары қандай көздерден құралады?
2. Пайыздық табыстарға не жатады?
3. Пайызсыз табыстарға не жатады?
4. Банк шығыстарын не құрайды?
5. Пайыздық шығыстарға нелер жатады?

16-тақырып. Банктік тәуекелдерді басқару

16.1 Банктік тәуекелдер, олардың жіктелемі

Тәуекел гректің *ridskon*, *ridsa*, италиянның «*risiko*» және француздың тілінде «*risque*» қазақша «қауіп», «кәтер» деген мағына береді. Ал латынша «*rescum*» сөзінің аудармасы болжанбайтын, қауіпті немесе бүлдіретін нәрселердің бірін білдіреді.

Тәуекел – кез келген өндірушінің, соның ішінде банктің болжаусыз қолайсыз жағдайлардың салдарынан зиян шегуін сипаттайды.

Тәуекел банктің берген несиелері бойынша төлемсіздік туындаған жағдайларда, ресурстық базасы жеткіліксіз болғанда, жалпы міндеттемелері бойынша жауап беру мүмкіндігі азайған жағдайларда пайдасынан айырылып қалу ықтималдығын бейнелейді. Дей тұрғанымен, қаншалықты тәуекел деңгейі төмен болса, соғұрлым банктің жоғары мөлшерде пайда табуы да мүмкін емес болады. Сондықтан да кез келген кәсіпкер, соның ішінде банк менеджерлері басқару шешімдерін қабылдау барысында табыс пен тәуекел деңгейінің оңтайлы қатынасына мән беруге тиіс.

Банк ісінде тәуекел – белгілі бір банктік операцияларды жүзеге асыру нәтижесінде қосымша шығын жұмсау салдарынан пайда алмау немесе өзінің ресурстарының бір бөлігін жоғалту қауіпін білдіреді.

Банк үшін тәуекелдің сандық бейнеленуі банктің алға қойған шараларды жүзеге асырудың тәуекелділігінен шығынға ұшырауын және тәуекел саласындағы банктің стратегиясының сапасын көрсетеді.

Банк менеджерлері пайда табуды тәуекелмен байланысты әрекеттер жасаудың салдары ретінде қарамайды. Тәуекел мен шығын, бір жағынан алғанда банктік пайда алуы мүмкіндігіне қарама-қайшылық жасаса, екінші жағынан пайданың пайда болу табиғаты мен тәуекелдің пайда болуы табиғаты арасында айырмашылықтың барлығына көңіл аударуды қажет санайды.

Банктің өз қызметі процесінде тәуекел түрлерінің әр түрлі жиынтығымен кездеседі. Осы жиынтықтар бір-бірінен пайда болу уақыты мен орны, экзогендік факторлар жиынтығы (яғни, экономикалық орта, конъюктурамен байланысты «сыртқы») және эндогенді факторлар (банктің өзіндік қате қызметінен пайда болатын «ішкі») бойынша ажыратылады.

Сонымен, банктік тәуекелді жіктеу қағидалары мыналар:

1. Банктік тәуекелдің әсер ету және қызмет ету аясы.
2. Банк клиенттерінің құрамы.
3. Банктік операциялар сипаттамасы.
4. Коммерциялық банктердің түрі.

Әсер ету мен қызмет ету аясына байланысты банктік тәуекелдер сыртқы және ішкі деп бөлінеді.

Сыртқы тәуекелдерге банктік қызметіне байланыссыз туындайтын тәуекелдер жатқызылады. Олар экономикалық, құқықтық, қаржылық және басқадай факторлардан пайда болады.

Саяси – бұл мемлекет құрылу ерекшелігімен байланысты, мемлекеттік билік органдары қызметтерінің тұрақсыздығы (мысалы, үкіметтің тез ауысуы, басқару және саяси режимнің өзгеруі), үкіметтің экономикалық және бақа да саясаттарды дұрыс жүргізбеуі (ұлтшылдандыру, жекешелендіру, т.б.), этникалық және аймақтық мәселелер, әлуметтік топ мүшелерінің поляризациясы және т.б.;

Құқықтық – банк қызметіне қатысты заңдық және басқа да нормативтік шектеулер (мысалы, экспортты және импортты шектеу, шетел банктері қызметін лицензиялау, шетел инвестицияларын лимиттеу);

Экономикалық:

- жалпы экономикалық тәуекелдер – экономикалық құндылықтар экономикалық саясатпен байланысты, ЖҰӨ өсуі ұзақ мерзімді төмендеуі, импорттың экспорттан жоғары болуы, экспорттан түсетін табыстың азаюы;

- қаржылық тәуекелдер – ақша-несие жүйесінің дағдарысы, инфляция, сыртқы қарыздың күрт өсуі, сыртқы қарызды өтеу көлемінің төмендеуі, сыртқы қарызға жаппай мораторий, трансфертті тәуекел, елде несие мен займдар бойынша төлемдер жасау үшін қажетті мөлшерде шетел валютасының болмауы, сондай-ақ импортпен салыстырғанда шетел резервтерінің азаюы, жаңа экономикалық нормативтер, салықтар, алымдар, баждар, тарифтер мен квоталардың енгізілуі.

Банктің өзінің қызметіне байланысты тәуекелдер ішкі тәуекелдер деп аталады. Ішкі тәуекелдер келесідей бөлінеді:

- банк активтермен байланысты (несиелік, валюталық, нарықтық, лизингтік, кассалық, есеп айырысушылық, факторингтік, корреспонденттік шот бойынша, қаржылық және инвестициялы тәуекел және т.б.);

- банк пассивімен байланысты (салым және депозит бойынша, банкаралық несиелерді тату тәуекелдері және диверсификация тәуекелі);

- банк өзінің активтері мен пассивтерін басқару сапасымен байланысты (пайыздық тәуекел, өтімділік тәуекелі, төлем қабілетсіздігі, капитал құрылымы тәуекелі, банк капиталының жеткіліксіздік тәуекелі);

- қаржылық қызмет жүзеге асыру тәуекелімен байланысты (операциондық, технологиялық тәуекелдік, жаңа еңгізулер тәуекелдігі, стратегиялық, бухгалтерлік, әкімшілік тәуекелдігі, қауіпсіздік тәуекелі).

Банк операциялар есебінің сипаттамасы тәуекелдерді мынадай түрлерге жіктеуді ұсынады: баланстық және баланстан тыс операциялар бойынша, активтік және пассивтік операциялар бойынша тәуекелдер.

Бірақ айта кететін жайт, баланстық операциялар бойынша пайда болатын тәуекелдер көбінесе баланстан тыс операцияларға таралады.

Банктік баланс тәуекеліне келесілер жатады:

- несиелік тәуекел (негізгі ссуда бойынша қарыздың қайтарылмау тәуекелі);

- пайыздық тәуекел (берілген ссуда бойынша пайыздың алынбау тәуекелі);

- өтімділік тәуекелі (банктің өз міндеттемелерін уақытында орындамау тәуекелі, өтімділік нормативтетін бұзу тәуекелі);

- капитал құрылымының тәуекелі (капитал жеткіліктілік нормативінің банк орындамау тәуекелі, оның капитал құрылымының рационалды емес ұйымдастыру тәуекелі).

Соңғысы банктің қосымша капиталы (несиелік тәуекелдерді жабуға арналған резервтер, бағалы қағаздардың құнсыздануынан резервтер және т.б.) негізгі капиталынан асып түскенде пайда болады.

Баланстан тыс тәуекелдер банктің келесідей жағдайларда қызмет көрсете алмау мүмкіндігі:

- берілген кепілдер бойынша;

- шығарылған бағалы қағаздар, бағалы қағаздармен жасалған келісім-шарт бойынша;

- несиелік міндеттемелер бойынша;

- валюталық мәмілеге отыру бойынша.

Сонымен қатар, банктік тәуекелдер деңгейі лизингтік және факторингтік операцияларды, бартерлік және клирингтік мәмілелерді жүзеге асырған кезде пайда болуы мүмкін.

16.2 Несиелік тәуекел және оны басқару

Кез келген банктің қызметінің табыстылығы банктің берген несиелерінің сапасына, яғни оның қайтарымдылық дәрежесіне тікелей байланысты. Несиенің уақтылы қайтарылмауы банктің зиян шегуіне итермелейді. Сондықтан да банктер несиелік тәуекелді басқару шараларымен уақтылы айналысып отыруға тиіс.

Несиелік тәуекел – *қарыз алушының банктен алған несиесі бойынша қарызын немесе оған есептелінген сыйақысын өз уақытында қайтара алмауына байланысты банктің зиян шегуін сипаттайды.*

Коммерциялық банктегі несиелік тәуекелді басқару жүйесі екі субжүйеден тұрады:

- басқаратын субъекті

- басқарылатын объект

Басқару субъекті – бұл арнайы еңбек, ақпарат, материалдық және қаржылық ресурстарды пайдалана отырып, несиелік тәуекелді басқару процессін жүзеге асыратын банктің құрылымдық бөлімшесі.

Отандық банктер тәжірибесінде несиелік тәуекелді басқару субъектілеріне мыналарды жатқызуға болады:

- Директорлар Кеңесі;
- Басқарма;
- Несиелік комитет;
- Активтерді және пассивтерді басқару жөніндегі комитет;
- Тәуекел басқармасы;
- Шағын және орта бизнесті несиелеу департаменті;
- Ипотекалық несиелеу департаменті;
- Ірі жобалар бойынша несиелеу тәуекел басқармасы;
- Несиелік тәуекел басқармасы;
- Проблемалық несиелер басқармасы;
- Несиелік бөлімдер;
- Несиелік менеджер
- Несиелік-тәуекел менеджері.

Басқарылатын объектіге банктің берген несиелері және олармен байланысты несиелік тәуекел жатады.

Несиелік тәуекел бұл қарыз алушының банктен алған несиесі бойынша қарызын немесе оған есептелінген сыйақысын өз уақытында қайтара алмауына байланысты банктің зиян шегуін сипаттайды.

Несиелік тәуекелден туындайтын зияндар банктің несиелеу және өзге де соған теңдестірілген баланстық және баланстан тыс операцияларын жүргізу барысында пайда болуы мүмкін.

Мұндай операцияларға мыналар жатады:

берілген және алынған несиелер;

есепке алынған вексельдер;

факторинг;

форфейтинг;

лизинг;

төленген аккредитив бойынша төлеушіге қоятын банктің талаптары;

кепілхат бойынша банктің талаптары.

Несиелік тәуекелден туындайтын шығындарды екіге тікелей және жанама деп бөліп қарастырған дұрыс. Тікелей шығындар несиені қайтармауға және қаражаттың түспеуіне байланысты туындаса, ал жанама шығындар кепілге қоятын заттың құнының төмендеуі, проблемалық несиелерге байланысты банктің құратын резервтерінің көлемінің ұлғайту қажеттігінен туындайды.

Жалпы несиелік тәуекел дәрежесі мынадай факторларға тәуелді:

- елдегі және өңірдегі экономикалық және саяси жағдайлар;
- банктердің жекелеген экономика салаларына несиелік беруі;
- қарыз алушылардың несиелік қабілеті мен беделіне;
- қарыз алушының банкроттығына;
- қаржылық қиындықтарға ұшыраған клиенттерге берілген несиелер үлесінің жоғары болуына;
- жаңа, таныс емес компанияларға берілген несиелерге;
- жақын арада тартылған немесе жаңа клиенттерге берілген несиелер үлесінің жоғары болуы;
- қарыз алушының тарапынан болатын алдамшылық әрекеттерге;
- қиын іске асырылатын немесе тез құнсыздануға икемді кепіл затын қамтамасыз ету мүлкі ретінде қабылдауына;
- несиелік қоржынның диверсификациялану деңгейіне;
- инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесінің туралығына;
- несиені беру және қоржынды қалыптасуға байланысты несиелік саясатқа жиі енгізілген өзгерістерге;
- берілетін несиелердің түрлеріне, мөлшеріне және нысандарына, сондай-ақ қамтамасыз ету түріне.

Жоғарыда аталған факторларды екі топқа топтастыруға болады: сыртқы және ішкі факторларға.

Сыртқы факторлар тобына мыналар жатады:

- елдің экономикасының даму жағдайы мен болашағы;
- елдегі саяси жағдайлар;
- құқықтық өзгерістер;
- мемлекеттік ақша-несиелік саясаты;
- инфляция деңгейі;
- әлеуметтік факторлар.

Ішкі факторлар банктің несиелеу қызметіне және қарыз алушының қызметіне байланысты болуы мүмкін. Банктің несиелеу қызметіне байланысты факторлар негізінен оның менеджментінің деңгейіне, нарықтық стратегиясына, жаңа несиелік өнімдерін жасау, оларды клиенттерге өткізу қабілетіне, несиелік саясатты дұрыс таңдауына, несиелік қоржынның құрылымына, уақыт бойынша тәуекелдерге (ұзақ мерзімде пайыздың өзгеруі, валюта бағамындағы өзгерістер) жатады.

Сонымен сыртқы факторлар банк қызметіне байланыссыз болса, ал ішкі факторлар банк қызметіне тікелей байланысты болып келеді.

Жоғарыда аталған несиелік тәуекелдің факторлары несиелік тәуекелді жіктеуде басты критерии болып табылады. Демек келтірілген факторлар негізінде біздің ойымызша, несиелік тәуекелдің мынадай жіктелімін жасауға болады:

1) Факторлардың әрекет ету саласына қарай:

- Ішкі несиелік тәуекелдер;

- Сыртқы несиелік тәуекелдер;

2) Факторлардың банк қызметіне байланысына қарай:

- банк қызметіне байланысты несиелік тәуекелдер;

- банк қызметіне байланыссыз несиелік тәуекелдер;

3) Банк қызметіне әкелетін зияндылық дәрежесіне қарай:

- тікелей несиелік тәуекел;

- жанама несиелік тәуекел;

4) Несиелік операциялардың есеп алыну сипатына қарай:

- баланстық несиелік тәуекелдер;

- баланстан тыс несиелік тәуекелдер;

5) Пайда болу ауқымына қарай:

- іргетастық несиелік тәуекелдер, яғни активті және пассивті басқарумен айналысатын менеджерлердің қабылдайтын шешімдеріне байланысты;

- коммерциялық несиелік тәуекелдер, яғни банк клиенттерін несиелеу саясатына байланысты;

- жеке несиелік тәуекелдер, яғни несиелік өнім, қызмет, операцияларға, қарыз алушыларға немесе өзге де контрагенттерге байланысты.

б) Басқару сипатына қарай:

- тікелей несиелік тәуекел, яғни қарыз алушыға қатысты несиелік тәуекел;

- қоржындық несиелік тәуекел, яғни несиелік қоржынның сапасына байланысты.

Несиелік тәуекелді басқару банктің активін басқарудың құрамдас бөлігі ретінде несиелік тәуекелді төмендетуге байланысты шаралардың жиынтығын білдіреді.

Жоғарыда келтірілген несиелік тәуекелді жіктеліміне сүйене отырып, біздің ойымызша, жалпы несиелік тәуекелді басқаруға екі тұрғыдан келу қажет:

- нақты қарыз алушының несиелік тәуекелін басқару;

- несиелік қоржынның тәуекелін басқару.


Осы екі түрлі несиелік тәуекелдерді басқарудың өзіндік ерекшеліктері болады. Ең бастысы мақсаттарына байланысты:

- қарыз алушының несиелік тәуекелін басқарудың мақсаты несиені қайтармаған жағдайда банктің шығынын азайту және қарыз алушының банк алдындағы келісімшартта көзделген міндеттемелерін орындалмай қалу ықтималдығын азайту болып табылады;

- несиелік қоржынның тәуекелін басқарудың мақсаты банктің несиелік операцияларын ұйымдастыру тиімділігін сипаттайтын көрсеткіштерді белгілі бір деңгейде қолдап отыру.

Қарыз алушының несиелік тәуекелін басқару банктегі несиелдік үдерісті ұйымдастыру шегінде жүзеге асырылады. Несиелеудің әрбір кезеңінде несиелік тәуекелді басқарудың өзіндік ерекшеліктері болады.

Несиелік тәуекелді басқару үдерісін мынадай кезеңдерді қамтиды (25-сурет).



25-сурет. Несиелік тәуекелді басқару үдерісінің кезеңдері

Ескертпе - автормен әзірленген.

Несиелік тәуекелді басқарудың үдерісінде қарастырылған кезеңдері несиелік тәуекелді жекелеген қарыз алушылар деңгейінде, сондай-ақ жалпы несиелік қоржын деңгейінде басқаруда да қолданылады.

Ең бірінші қарыз алушының несиелік тәуекелін басқару үдерісінің кезеңдеріне тоқалайық.

Бірінші кезең - идентификациялау кезеңі. Несиелік тәуекелді идентификациялау бұл несиелік тәуекелдің пайда болу аумағын айқындауды білдіреді.

Несиелік тәуекелді идентификациялаудың мақсаты қарыз алушының келісімшартта көзделген міндеттемелерді орындамау себептерін анықтау. Оған ішкі және сыртқы факторлар себеп болуы мүмкін. Ішкі факторлар

яғни бұл банктің несиелеу үдерісін ұйымдастырумен байланысты, ал сыртқы факторлар бұл қарыз алушының төлем қабілетсіздігіне немесе оның банк алдындағы міндеттемесін орындауға ынтасыздық танытуынан, сондай-ақ несиені қамтамасыз ету мүлкіне байланысты туындауы мүмкін.

Несиелік тәуекелді идентификациялау үшін қарыз алушы туралы толық ақпараттарды жинақтау қажет. Қарыз алушылар жеке және заңды тұлғалар ретінде болады. Ендеше қарыз алушы жеке тұлғаға қарағанда заңды тұлғалары бойынша ақпараттар жинау күрделі болып келеді. Айталық қарыз алушы заңды тұлға үшін компанияның қызметінің бағыттары, несиелік тарихы, іскерлік беделі, меншік иелерінің құрылымы, менеджмент сапасы, бәсекелестік қабілеттігі, рентабельдігі және өндірісінің даму жағдайы, оған салалық, нарықтық және жағрафиялық тәуекелдердің ықпал етуі, сондай-ақ кепіл затының өтімділігі, жеткіліктігі және сақталымы немесе өзгеде қамтамасыз ету нысандарына қатысты тәуекелдердің болуы туралы ақпараттар жатады. Қарыз алушы жеке тұлға бойынша ақпараттарға: жеке тұлғаның қызметі, несиелік тарихы, табысы, бизнесінің дамуы мен бәсекелестігі, сондай-ақ кепіл затына қатысты жоғарыда аталған тәуекелдер туралы ақпараттар жатады.

Несиелік тәуекелді идентификациялау банктің несиелік қызметтерінің, заң қызметінің, қауіпсіздік қызметінің, тәуекел-менеджерлерінің көмегімен қарыз алушылар санаттарына және салалық сипатына қарай жасалатын сараптамалық қорытынды дайындау кезінде жүзеге асырылады.

Қарыз алушының несиелік тәуекелін анықтау үшін оның алдыңғы міндеттемелерді қалай орындауы, бұрынғы өзге банктерден алған займдары туралы, қазіргі банктің берген несиесіне қызмет ету жағдайы, қарыз алушының несиелік тәртібі туралы ақпараттар талданады.

Несиелік тәуекелді идентификациялауға қажетті ақпарат көздеріне мыналар жатуы мүмкін:

- қарыз алушының банкке несие алу үшін берген ақпараттары;
- несиелік бюроның беретін ақпараттары;
- өзге ақпараттар.

Бейрезиденттерге несие беру барысында қарыз алушының заңдарына құқықтық сараптама жасалуға тиіс.

Жалпы қазіргі банктік тәжірибедегі қарыз алушының несиелік тәуекелін басқару әдістері төмендегі 26-суретте берілген.

Несиелік шектеу бұл біріншіден несие берушінің қарыз алушыға беретін несиесі бойынша несиелік қатынастың шекті деңгейі; екіншіден қарыз алушының өз айналымында несиелік қаражаттарды пайдаланудың ең жоғарғы шегін білдіреді. Несиелік шектеу ішкі және сыртқы болып бөлінеді. Сыртқы лимит, ҚР Ұлттық банктің пруденциалдық нормативтер қатарында, бір қарыз алушыға келетін тәуекелдің ең жоғарғы мөлшері ретінде белгіленеді. Ол норматив бойынша тәуекелдің (несие мөлшерінің)

банк капиталына қатынасы арқылы есептеледі және оның мәні екі жағдайда белгіленеді: 1) 0,1 нан аспайтын мөлшерде, яғни ол банкпен тығыз қарым-қытынастылар үшін; 2) 0,25-тен аспайтын мөлшерде, яғни ол қалған қарыз алушылар үшін (соның ішінде бланктік несиелер үшін – 0,1).



26-сурет. Қарыз алушының несиелік тәуекелін басқару әдістері
Ескертпе – автормен әзірленген

Ішкі шек банктің несиелік қызметке жетекшілік ететін несиелік нұсқаулықтары мен әдістемелік құжаттарында белгіленеді. ЕДБ несиелік қызметінде мынадай бір қарыз алушыға несиелеу шегін белгілейді:

- филиалдың жалпы несиелеу шегі;
- жекелеп несиелеудің шегі;
- ЕҚДБ-нің несиелік желісі бойынша несиелеу шегі;
- тендерлік кепіл-хаттар бойынша несиелеу шегі;
- факторинг операциясы бойынша несиелеу шегі.

Несиенің мөлшерін банк мекемесі қарыз алушымен бірлесе отырып, материалдық қорлардың құралу қажеттілігін зерттеу негізінде шығындарды, өндіріс көлемі мен өнімнің өтімділігін, ауыл шаруашылық өнімдерін, оның қайта өңделуі және басқа да шығындарды ескере отырып анықтайды. Қарыз алушыға берілетін несиенің мөлшері әр түрлі жағдайларға байланысты болып келеді. Біріншіден, қарыз алушыға берілетін несие шамасы қарыз алушының жасаған өтінішіне байланысты. Бірақ та, бұл өтініштегі несие мөлшері несиені қайтарудағы нақты мүмкіндіктермен, сондай-ақ банктің нақты есебімен сәйкес келмеуі мүмкін. Екіншіден, несиенің шегі экономикалық жағдайларға байланысты, соның ішінде:

- қарыз алушының төлем айналымындағы алшақтық шамасына;

- несиені қамтамасыз ететін нақты тауарлы-материалды бағалылар қорына және олардың өтімділік дәрежесіне;
- маржа деңгейіне;
- несиелік тәуекел дәрежесіне және банктің клиентке деген сенім дәрежесіне;
- банкте бар ресурс көлеміне және т.б.

Қарыз алушының несиелік тәуекелін төмендетудің келесі әдістерінің біріне мәмілені құрылымдау және қаржыландыру шартын анықтау жатады.

Мәмілені құрылымдау займ туралы келісімшарт жасау кезеңінде жүзеге асырылады. Құрылымдау несиелік мәміленің жетістіктеріне ықпал етеді. Мәмілені құрылымдау барысында клиентке мәміленің сипатына жауап беретін несиенің түрі мен өтелу шарты ұсынылады.

Мәмілені құрылымдау үдерісінде банк қаржыландыруы шартының түрін, мерзімін, өтелу тәсілін, төлемдер кестесін, сыйақы мөлшерлемесін, қамтамасыз етілуі және өзге де шарттарды өзі анықтайды.

Ең бастысы қаржыландыру шартын жасау барысында қаржыландырудың ең қолайлы түрі: заем, несиелеу шегі (компаниялардың айналым қаржаттарын қаржыландыруда), лизинг, кепіл-хат, аккредитив және т.б. анықтауы қажет.

Несиелік тәуекелді төмендетудің негізгі тәсілдерінің біріне клиенттің банк алдындағы міндеттемесінің қамтамасыз етілуі жатады. Ал, бүгінгі несиенің қамтамасыз етілуі ретінде кепіл, кепіл-хат, кепілдеме міндеттемелері қолданылуда. Енді осы несиенің қамтамасыз етілу тәсілдеріне тоқталайық.

Кепілге берілетін несие – бұл қарыз алушының активтерімен қамтамасыз етілген несие. Кепілге берілетін активтер қарыз алушының иелігінде қалып, оның пайдалануында болады.

Кепіл затына: заттар, бағалы қағаздар, басқа да мүліктер және мүліктік құқықтар жатады.

Несиелік тәуекелді басқарудың келесі бір әдісіне несиелерді сақтандыру жатады.

Несие беруге байланысты тәуекелді сақтандырудың үш түрі қолданылады:

- қарыз алушының берілген несиеге кепілге қойған мүлкін сақтандыру;
- қарыз алушының еңбекке қабілеттілігін сақтандыру;
- қарыз алушының өмірін сақтандыру.

Сақтандырудың ерекшелігі қарыз алушының мүддесін қорғай отырып, бір мезетте банкіге берілген несиенің қайтарылуына кепілдік беріледі.

Берілген несиеге қарыз алушы кепілдікке қойған мүлікті сақтандыру объектісіне құрал-жабдықтар, станоктар, көлік құралдары, шикізат және материалдар, дайын өнімдер және тағы басқалары жатады. Сақтандыру тәуекелі ретінде әдетте әртүрлі апат салдарынан (өрт, топан су, найзағай)

мүліктің бүлінуі немесе жойылуы, басқа да жағдайлар, үшінші біреудің қылмыстық әрекеті алынды.

Банктің сақтандыру өтемін алу құқығы біріншіден несиені толық немесе ішінара қайтарылмағанда, екіншіден сақтандыру шарты күшінде тұрғанда кепілге қойылған мүлік жойылу нәтижесінде сақтандыру оқиғасы туындаған жағдайда күшіне енеді. Егер қарыз алушы сақтандыру оқиғасы бола тұра несиені өтеп шықса, онда сақтандыру өтемі банкіге емес, мүлік иесіне төленеді.

Қарыз алушының еңбекке жарамдылығын сақтандыру сақтанушының денсаулығын жоғалтып, несиені қайтару мен пайызды төлеу міндеттемесін орындауға мүмкіндігін жоғалтуы мүмкін жағдайға жүргізіледі. Сақтандыру шарты несиені толық қайтарып беру мерзімі аяқталғанша жасалады. Сақтандыру оқиғасы туындаса, сақтандыру компаниясы банк қарызын өтеуді қамтамасыз етеді.

Қарыз алушының өмірін сақтандыруда несиенің шарты бойынша міндеттемені орындау сақтандыру компаниясының жауапкершілігіне өтеді, егер қарыз алушы қайтыс болса сақтандыру компаниясы қарыз өтеуді өз мойнына алады. Мұндай сақтандыру өмірді сақтандыру деп атауға болады.

Қарызды синдинцирлеу қарыз алушының несиелік тәуекелін төмендетудің маңызды әдістерінің біріне жатады.

Синдинцирленген несиелерді беру бұл несиелік тәуекелдің бірнеше банктер арасында бөлінуін білідіреді.

Синдинцирлеуге негізгі және айналыс құралдарын сатып алуға арналған несиелер, жобалық қаржыландыру, лизингтік мәмілелер, несиелік желілер, аккредитив және т.б. жатады. Синдинцирлеу арқылы қарыз алушылар ірі сомада несиені алуға қол жеткізеді және мұндай сомада несиені беруге, яғни банк жалғыз өзі тәуекелге бармайды.

Синдинцирлеудің бірнеше тәсілдері қолданылады, атап айтсақ, біріншісі, бұл бірнеше банктердің бірігіп қарыз алушыға несиені беруі, екіншісі, үлкен сомада несиені берген банктің несиенің бір бөлігін қайталама нарықта сатып алушыларға сатуы, үшіншісі бірінші мен екінші тәсілдің бірігуінен туындайды.

Қарыз алушының несиелік тәуекелін төмендетудің келесі тәсілі бұл мүдделердің қақтығыстарын болдырмау. Мүдделердің қақтығыстарын болдырмау негізінен банктің несиелік қызметіне байланысты қойылатын талаптарды банк қызметкерлерінің орындауын көздейді.

Мүдделердің қақтығыстарын болдырмаудың мынадай жолдары бар:

- несиелік үдеріске қатысушы несиелік қызметкерлердің несиелеуге байланысты заңдар мен нормативтік актілерді қатаң сақтауы;
- несиелік мәміле туралы шешім қабылдаушылардың арасында күзiреттердің бөлінуі;

- жеке басының байланысы бар немесе қаржылық мүддесі бар банк қызметкер аталған ұйымды немесе тұлғаны несиелеу үдерісіне қатыстырмау, не болмаса ондай несиелік мәмілені өзге бір банк қызметкерінің қарауына беру және аталған қызметкердің ол іске араласуына тиым салу;

- несиелеу үдерісі барысында алынған клиенттер немесе олардың коммерциялық қызметі туралы ақпараттарды жеке мүддеге немесе өзге заңды және жеке тұлғалардың мүдделеріне пайдалануға жол бермеу;

- несиелік қызметке қатысушы қызметкерлерді әдептілікке үйрету және мүдделік қақтығыстарды болдырмауға шақыру;

- мүмкін болатын мүдделік қақтығыстарға қатаң тәуелсіз бақылау жасау.

Ал, енді қоржынның несиелік тәуекелін басқару үдерісін қарастырайық.

Қоржынның несиелік тәуекелін идентификациялаудың мақсаты банктің несиелік қоржыны тәуекелге ұшырауына ықпал етуші факторларды айқындау және олардың банктің несиелік қызметінің тиімділігіне ықпалын анықтау.

Қоржындық несиелік тәуекел бұл қарыз алушының банк алдындағы несиеге қатысты міндеттемесін орындау нәтижесінде туындайды.

Қоржындық тәуекелге ықпал етуші факторларды екіге бөледі: сыртқы және ішкі факторлар.

Сыртқы факторлар банк қызметіне байланыссыз, яғни экономикалық, саяси, құқықтық, табиғи және өзге де факторларға тәуелді орын алады. Ішкі факторлар бұл банктің несиелік үдерісін ұйымдастыруға тікелей байланысты.

Қоржындық несиелік тәуекелдің пайда болуына мынадай тәуекелдер себепші болады:

- Шоғырлану тәуекелі, яғни мұндай тәуекел банктің несиелік ресурстарының экономиканың бір саласына, бір валютада, бір аймақта көбірек шоғырлануынан пайда болады.

- Сезімталдық тәуекелі, яғни қоржынның ішкі және сыртқы факторларға сезімталдығынан туындайды.

- Активтердің құнын жоғалту тәуекелі, яғни қарыз алушылардың алған несиелері бойынша негізгі қарыздарын немесе пайыздарын толық немесе жартылай қайтармауынан несиелік қоржын құнының төмендеуін сипаттайды.

- Қамтамасыз ету тәуекелі, яғни кепіл затының нарықтық құндарының төмендеуіне, өтімділігінің деңгейінің өзгеруіне, сондай-ақ форс-мажорлық жағдайларға байланысты факторлардың несиені қамтамасыз етуге алған кепіл заттарының құндарының төмендеуіне ықпал етуі.

- Табыстылықтың төмендеу тәуекелі, яғни несиелік тәуекелдерден туындайтын зияндардың орнын жабуға құрылатын резервтердің несиелік қоржынның табыстылығының төмендеуіне тигізетін ықпалы.

Несиелік қоржынның тәуекелін анықтауға қажетті ақпарат көздеріне мыналар жатады:

- Несиелік Модулдың мәліметтер базасы;
- Ай сайынғы активтердің жіктелемі туралы есебі мен оларға қарсы құрылыған провизиялар есебі;
- Ай сайынғы несие бойынша қалдық есебі.
- өзге де қол жетімді ақпараттар.

Қоржындық несиелік тәуекелдің банктің несиелік қызметіне теріс ықпалын білуде оның факторлары мен қауіптерін анықтап білу жеткіліксіз.

Сондықтан да қарыз алушылар мен несиелік қоржынның тәуекелдерін идентификациялау нәтижелері бойынша келесі кезеңде қарыз алушының және қоржынның несиелік тәуекелін бағалау және өлшеу жұмыстары жүргізіледі.

Несиелік тәуекелді бағалау үдерісінде мынадай ұғымдар қолданылады:

- Дефолт бұл қарыз алушының белгілі бір уақыт аралығында орын алған төлем қабілетсіздігінен банк алдындағы міндеттемесін орындай алмау себептеріне байланысты негізгі қарызды немесе оған есептелетін сыйақы сомасын қайтармау қауіпінің туындауы.

- Несиелік рейтинг, яғни қарыз алушыларды несиелік сенімділігіне қарай жіктеу.

- Несиелік миграция, яғни қарыз алушының несиелік рейтингінің өзгеруі, яғни несиелік рейтингтің бір сыныптан екінші бір сыныпқа төмендеуі.

- Дефолт жағдайындағы шығындар бұл қарыз алушының кепілге қойған мүлкін сату немесе өзге міндеттемелерін орындалуы жолымен жоғалған активтерді қалпына келтіруге кеткендерді есепке алатын нақты шығынды көрсетеді.

- Несиелік тәуекелге ұшырайтын сома бұл дефолт жағдайында жоғалуы мүмкін несиелік тәуекелге тән қаражаттың бір бөлігі.

Несиелік тәуекелді бағалау сапалық және сандық талдаулар тұрғысынан іске асады.

Сапалық талдау бұл несиелік тәуекелдің пайда болуы аумағын немесе ықпал ететін факторларды және тәуекелді анықтауда пайдаланылатын ақпарат көздерін талдауды қамтиды. Сапалық талдау әсіресе банктің несиелік қоржынының сапасын талдау негізінде жасалады.

Сандық талдау бұл несиелік тәуекелдің дәрежесін формалау, яғни сандық тұрғыдан анықтау мақсатында жүзеге асады.

Банктің несиелік тәуекелін бағалау екі тәсілге негізделуге тиіс:

- несиелік тәуекел деңгейін бағалау;

- несиелерді тәуекел дәрежесіне қарай жіктеу.

Несиелік тәуекелді бағалауда мынадай басты көрсеткіштер пайдаланылады:

- коэффициенттер;
- болжанатын шығын мөлшері;
- несиелік қоржынның сапасының көрсеткіштері.

Қарыз алушының несиелік тәуекелін бағалауда да сапалық және сандық талдаулар қолданылады. Сапалық талдаудың мақсаты тәуекелдің пайда болуы ықтималдығын бағалау. Сандық бағалаудың мақсаты қарыз алушының міндеттемесін орындамау барысында банктің шығын шегу ауқымын анықтау. Сапалық және сандық талдаудың нәтижелері бойынша несиелік тәуекелді бағалауға мүмкіндік туындайды.

Қарыз алушы заңды тұлғаның несиелік тәуекелін бағалау мынадай тәсілдермен жүзеге асады:

- 1) қарыз алушының іскерлік тәуекелін бағалау;
- 2) қарыз алушының несиелік қабілетін бағалау, о.і.:
 - қаржылық коэффициенттер негізінде қаржылық жағдайын талдау;
 - ақшалай ағымын талдау;
 - менеджмент сапасын бағалау.
- 3) несиені қаматамасыз ету көздерін бағалау.

Отандық банктік тәжірибеде қарыз алушының несиелік қабілетін бағалаудағы басты факторға оның қаржылық жағдайы жатады. Ол қарыз алушының қызметін көрсететін көрсеткіш ретінде қызмет ете отырып, меншікті және заемдық қаражаттарды орналастыру және пайдалану құрылымдарымен, сондай-ақ пайданы алу, бөлу, және тиімді пайдаланумен сипатталады.

Екінші деңгейдегі банктердің тәжірибесінде ірі бизнес-жобалар бойынша несиелеуде қарыз алушылардың өтініштерін талдауда Project Expert бағдарламасы пайдаланылады. Бұл бағдарлама жобаның тиімділігін қайта есептеуге мүмкіндік жасаумен қатар, қарыз алушының несиелік тәуекелін анықтауға және оған ықпал етуші факторларды сандық тұрғыдан талдауға мүмкіндік береді.

Қарыз алушы жеке тұлғаның несиелік тәуекелін бағалау мынадай тәсілдермен жүзеге асады:

- 1) қарыз алушының несиелік қабілетін бағалау, о.і.:
 - сауалнама негізінде бағалау;
 - скоринг жүйесі көмегімен бағалау;
 - несиелік тарихын білу негізінде бағалау;
 - төлем қабілетін сипаттайтын көрсеткіштер негізінде бағалау.
- 3) несиені қаматамасыз ету көздерін бағалау.

Скоринг бұл банкке «бұрынғы» клиенттердің несиелік тарихы негізінде әлуиетті қарыз алушының несиені уақытында қайтармау

ықтималдығының қаншалықты жоғары екенін анықтауда көмек беретін математикалық немесе статистикалық үлгі.

Қарыз алушылардың төлем қабілетсіздігінен туындайтын қарыздың қайтарылмауынан шегетін зияндарды болдырмау мақсатында отандық банктерде несиелік тәуекелді бағалау тәжірибесі жүзеге асады.

Барлық несиелер және несиеге теңдестірілетін клиенттердің қарыздары бойынша несиелік тәуекел бағаланады және оны тиісті шоттар бойынша жіктеледі (Қосымша Ж).

Несиелерді жіктеу барысында барлық несиелік операциялар бойынша қарыз алушының жалпы қарызы ретінде қарыз алушыға келетін жиынтық тәуекел анықталады.

Жалпы активтерді, соның ішінде несиелерді жіктеу және несиелік тәуекелді бағалау мынадай критерилерді ескере отырып жүзеге асады:

- 9) Қарыз алушының қаржылық жағдайы;
- 10) Банк алдындағы жіктелінген активтер және шартты міндеттемелер бойынша мерзімі өткен қарыздарының болуы;
- 11) Қамтамасыз ету сапасы;
- 12) Несиенің мерзімінің ұзартылуы;
- 13) Өзге де мерзімі өткен міндеттемелердің болуы;
- 14) Несиелердің көзделген мақсатқа жұмсалынбаған бөлігі, %-бен;
- 15) Өзге несие берушілер алдында шегерілген қарыздарының болуы;
- 16) Қарыз алушыда Ұлттық банктің бекіткен тізіміне енген рейтингтік агенттіктердің рейтингінің болуы.

Несиелерді жіктеу үшін ең бастысы қарыз алушының қаржылық жағдайына баға берілуге тиіс.

Қарыз алушының қаржылық жағдайын бағалауда отандық банктер тәжірибесінде несиелік скоринг жүйесі қолданылады.

Қарыз алушы заңды тұлғалардың қаржылық жағдайын бағалау тоқсан немесе жарты жыл сайын бір рет клиенттің берген қаржылық есебі негізінде жүргізіледі. Мұндағы қаржылық есепке бухгалтерлік баланс пен пайда және зиян есебі жатады. Осындай құжаттар негізінде несие-менеджері қарыз алушының қаржылық жағдайына несиелік скоринг көмегімен жедел-бағалауды жүзеге асырады.

Несиелік скорингті жүргізу барысында қарыз алушының қаржылық қызметін сипаттайтын бес параметр пайдаланады. Аталған параметрлер екі топқа бөлінген:

- 1-топ: Қаржылық көрсеткіштердің өзгерісінің серпіні:
- өндіріске жұмсалатын шығындардың сатудан түсетін түсімдерге қатынасына қатысты өзгерісі;
 - негізгі құралдардың құндарының өзгерісі;
 - меншікті капиталдың өзгерісі;

- міндеттемелердің жалпы өзгерісі.

2-топ: Қаржылық көрсеткіштер негізінде қарыз алушының несиелік қабілетін бағалау.

Мұнда қарыз алушының несиелік қабілетін сипаттайтын мынадай қаржы көрсеткіштері есептеледі:

- ағымдағы және жылдам өтімділік коэффициенттері;
- автономия коэффициенті;
- сауданың рентабельділігі;
- меншікті капиталдың рентабельділігі;
- тауарлы-материалды запастардың айналымдылығы;
- дебиторлық қарыздар айналымдылығы;
- кредиторлық қарыздар айналымдылығы.

Әрбір бағалау параметрлеріне сараптамалық немесе есептеу жолымен бекітілетін балл беріледі және маңыздылық салмағы белгіленеді.

Скоринг берілген балдар мен тиісті салмағының сомасы ретінде есептеледі және оның мәні нөл мен бірдің арасында болады. Есептеу нәтижесінде анықталған мәнді қарыз алушының қаржылық жағдайының деңгейін анықтау үшін және сол санат бойынша тиісті балл беру үшін пайдаланады.

15.3 Пайыз тәуекелін басқару

Пайыз тәуекелін басқару банктің активтері мен пассивтерін басқарудың негізгі саласының біріне жатады. Банктің қаражаттарын тарту және орналастыру пайыз мөлшерлемесімен тікелей байланысты екенін ескеретін болсақ, банктің таза пайдасына пайыздық тәуекелдің қаншалықты ықпал ететіндігін бағалау қиынға соғады.

Пайыз тәуекелі - бұл нарықтағы пайыз мөлшерлемелерінің болжамсыз өзгерісінен банктің пайыздық маржасының төмендеуін білдіреді.

Пайыздық тәуекелді басқару жүйесінің элементтеріне мыналар жатады:

- пайыздық тәуекелді айқындау (идентификациялау), яғни пайыздық мөлшерлемені өзгертуге және сол арқылы банктің таза пайдасы мен экономикалық құнына теріс ықпал ететін факторларды анықтау;
- пайыздық тәуекелді бағалау, пайыз мөлшерлемесіндегі алшақтықты анықтауға арналған пайыздық тәуекелді бағалау әдістерін пайдалану;
- пайыздық тәуекелдің алдын алу, яғни активтер мен пассиверді басқаруға бағытталған заланың алдын алуға арналған ұйымдастырушылық-техникалық шаралардың жиынтығы;

- бақылау, яғни пайыздық тәуекелді басқару процессіне жиі бақылау жасау.

Пайыз тәуекелі мынадай себептерге байланысты пайда болады:

- пайыз мөлшерлемесінің түрлерін (тіркемелі, өзгермелі және т.б.) дұрыс таңдамау;

- Орталық банктің пайыз саясатындағы өзгерістер;

- банкте жасалған пайыз саясатының болмауы;

- депозиттер мен несиелерге баға белгілеудегі жіберілген қателіктер;

- өзге де себептер.

Пайыз тәуекелін бақарудың басты мақсаты пайыз маржасының деңгейіне бақылау жасау болып табылады. Себебі, пайыз маржасы банк пайдасының негізгі көзі болып табылады.

Пайыз тәуекелін басқарудың бір әдісіне пайыз маржасын басқару жатады. Пайыз маржасын басқаруда банк:

- нақты пайыз маржасын базалық пайызбен салыстыру қажет, себебі ол пайыздық табыстың төмендеу немесе өсу ағымын уақтылы айқындауға мүмкіндік береді;

- пайыз маржасын банктік стандартқа сәйкес келуін бақылауға тиіс;

- пайыз маржасының құрамының өзгерісін талдауы қажет, сол арқылы жалпы өзгерістерге деген банк табыстары мен шығыстарының жекелеген баптарының ықпал етуін анықтайды;

- пайыз маржасының өзгерісінің шектерін анықтауы қажет, сол арқылы басқару шешімдерін қабылдауға болады.

Банктік тәжірибеде пайыз тәуекелінің мынадай екі түрі болады:

- базалық пайыз тәуекелі;

- уақыт алшақтығының тәуекелі.

Базалық пайыз тәуекелі – банктің қаражатты бір пайыз мөлшерлемесімен тарта отырып, оны басқа пайыз мөлшерлемесімен орналастыру нәтижесінде туындайтын тәуекел.

Базалық пайыз тәуекелінің банктің таза пайдасына ықпал етуіне мысал келтірейік. Айталық банк 100 млн теңгені үш айға ҚР Ұлттық банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесіне 5% қосып қарызға берсін. Ол уақыттағы қайта қаржыландыру мөлшерлемесі 13%-ды құраған делік. Банк қарызға берген 100 млн теңгені үш ай мерзімге 15%-бен депозитке тартқан. Нарықта пайыз мөлшерлемесінде ешқандай өзгеріс болмаған жағдайдағы банктің пайыздық маржасын есептейік.

Пайыздық маржа = пайыздық табыстар – пайыздық шығыстар

Пайыздық маржа = $(100 \text{ млн теңге} \times 0,18 \times 90 : 365) - (100 \text{ млн теңге} \times 0,15 \times 90 : 365) = 4438,4 \text{ мың теңге} - 3698,6 \text{ мың теңге} = 739,8 \text{ мың теңге}$.

Бірақ екінші күні қайта қаржыландыру мөлшерлемесі 10%-ға дейін төмендесін делік. Мұндай жағдайда банктің жоспарлаған пайыздық маржасы нөлге дейін төмендейді. Қайта қаржыландыру мөлшерлемесі енді өзгермейді деп ойлап, пайыздық маржаны есептейік. Пайыздық маржа =

$(100 \text{ млн теңге} \times 0,15 \times 90 : 365) - (100 \text{ млн теңге} \times 0,15 \times 90 : 365) = 3698,6$
мың теңге - 3698,6 мың теңге = 0 мың теңге.

Банк қосымша табыс алар еді, егер орналастырған қаражаты бойынша пайыз мөлшерлеремесі бастапқы деңгейінен жоғары өссе. Басқа айтқанда банктің таза табысы нарықтағы пайыз мөлшерлемесінің ауытқуы салдарынан өзгеріске ұшырайды. Базалық тәуекел тұсында мұндай ауытқулар пайыз мөлшерлемесін анықтау шартына тәуелді болып келеді. Базалық тәуекелдің пайда болуы банктің тартытын қаражаттардың нақты құнын ескермеуінен, әсіресе Орталық банктегі міндетті резерв нормасының қорын құру шығындарына көңіл бөлмеуіне байланысты.

Жоғарыдағы мысалда бұл шығындар ескерілмеген. Айталық міндетті резерв нормасының қорына аударымдар мөлшерлемесі 10% болғандағы банктің тартқан ресурстарының нақты құнының есптейік.

Ресурстарының нақты құны = $0,15 : (100 - 10) - 100 = 16,6\%$.

Сонымен пайыз мөлшерлемесінің өзгерісінен кейінге банктің пайыздық маржасы = $(100 \text{ млн теңге} \times 0,15 \times 90 : 365) - (100 \text{ млн теңге} \times 0,166 \times 90 : 365) = 3698,6$ мың теңге - 4093,2 мың теңге = - 394,6 мың теңге.

Ресурстардың нақты құнын ескерсек, онда банк ресурстарды орналастырудан 394,6 мың теңге мөлшерінде зиян шегеді.

Базалық тәуекел, сондай-ақ валюта бағамының өзгісіне де байланысты туындайды. Айталық банк ұлттық валютада 120 млн теңгені 10%-бен депозитке тартқан делік. Сол уақытта VIP клиенттердің бірінен 1 млн доллармен қарыз сұраған өтініші түскен. Конвертациялау уақытында доллар мен теңгенің арасындағы бағам 1 доллар = 120 теңгені құраған. Клиент банктен 1 млн долларды 6 % -бен үш ай мерзімге қарызға алады. Ұлттық ақша бірлігі мен АҚШ долларының арасындағы бағамдағы мүмкін болар өзгерісті ескермей-ақ, жоспар бойынша банктің пайыздық маржасын есептейік.

Пайыздық маржа = $(1 \text{ млн доллар} \times 0,06 \times 90 : 365) \times 120 \text{ теңге} - (120 \text{ млн теңге} \times 0,1 \times 90 : 365) = 1775,3$ мың теңге - 2958,9 мың теңге = - 1183,6 мың теңге.

Бірақ та қарызды қайтару мерзімінің соңына қарай теңге мен АҚШ долларының арасындағы бағам өзгерді делік, айталық 1 доллар = 125 теңге. Онда пайыздық маржасы = $(1 \text{ млн доллар} \times 0,06 \times 90 : 365) \times 125 \text{ теңге} - (120 \text{ млн теңге} \times 0,1 \times 90 : 365) = 1849,3$ мың теңге - 2958,9 мың теңге = - 1109,6 мың теңге.

Банктің бұл жерде зиян шегіп отырғандығын көруге болады, бірақ зиянның мөлшері өте көп емес.

Пайыздық тәуекелдің екінші бір түрі – уақыт алшақтығының тәуекелі. Уақыт алшақтығының тәуекелі негізінен банк қаражатты бір базалық

мөлшерлемеді тартып және оны сол мөлшерлемеді, бірақ уақыт алшақтығымен орналастырған жағдайда туындайды.

Мысалы, банк 100 млн теңгені қайта қаржыландыру мөлшерлемесіне 5% қосып алты айға қарызға берсін. Банк ол қарызға берген 100 млн теңгені үш ай мерзімге қайта қаржыландыру мөлшерлемесінен 3 % артық мөлшерлемеді депозитке тартқан. Бұл жерде банк үш ай өткеннен кейін қосымша қаражатты басқа пайыздық мөлшерлемеді тартуға тура келеді, бірақ оның мөлшерлемесі бүгін күнге белгісіз. Егер үш ай өткен соң банкаралық нарықтағы пайыз мөлшерлемесі өсетін болса, ал орналастырған қаржат бойынша пайыз мөлшерлемесі өзгеріссіз қалса, онда банктің таза пайдасының төмендеуіне байланысты мәселе туындайды.

Банктік тәжірибеде банктің таза пайдасына пайыздық тәуекелдің қаншалықты ықпал ететіндігін бағалауда мынадай тәсілдер қолданылады:

- пайыздық маржа деңгейін және динамикасын бағалау;
- Spread коэффициентінің деңгейін және динамикасын бағалау;
- GAP талдауы;
- Дюрация;
- Имитациялық моделдеу.

Пайыздық маржаның деңгейін бағалау тәжірибесі туралы жоғарыда мысалдар келтірілген.

Spread – бұл банктің активтері мен пассивтері пайыздық мөлшерлемелер арасындағы айырма.

$$\text{Spread} = i_a - i_n$$

мұндағы, i_a – табыс әкелетін активтер бойынша пайыз мөлшерлемесінің орташа деңгейі;

i_n - банктің міндеттемелері бойынша төленетін пайыз мөлшерлемесінің орташа деңгейі.

Пайыз тәуекелін азайту үшін банк активтер мен пассивтер бойынша пайыз саясатын өзара байланысты қажет. Ондай келісілген саясат спрэд коэффициентін K_{Spread} (таза спрэд) анықтауға мүмкіндік береді:

$$K_{\text{Spread}} = \left(\frac{\text{Займдар үшін алынған пайыздар}}{\text{Берілген займдардың орташа мөлшері}} - \frac{\text{Депозиттер үшін төленген пайыздар}}{\text{Мерзімді және талап етілетін депозиттерінің орташа мөлшері}} \right) \times 100\%$$

Бұл көрсеткіш орналастырылған және тартылған ресурстар бойынша пайыздық мөлшерлемелер арасындағы айырманы бағалауға мүмкіндік береді. Теріс айырма банктің тиімсіз пайыздық саясат жүргізуін көрсетеді. Спрэд коэффициентінің нормативтік мәні 1,25% тең болуға тиіс. Бірақ бұл нормативтің мәні инфляцияның деңгейін ескермейді.

Сонымен қатар спрэд арқылы бас банктен қарыз алған филиалдар мен бөлімшелерінің қызметінің пайдалылығын бағалауға болады.

Пайыздық тәуекелді бағалаудың келесі тәсіліне GAP талдауы жатады.

GAP – үлгісінің формуласы төмендегідей:

$$GAP = RSA - RSL$$

мұндағы, GAP - Пайыз мөлшерлемесінің өзгерісіне сезімтал банк активтері мен пассивтерінің арасындағы айырма.

RSA - Пайыз мөлшерлемесінің өзгерісіне сезімтал банк активтері.

RSL - Пайыз мөлшерлемесінің өзгерісіне сезімтал банк пассивтері.

Пайыз мөлшерлемесінің өзгерісіне сезімтал банк активтеріне мыналар жатады:

- қысқа мерзімді бағалы қағаздар;
- банкаралық несиелер;
- өзгермелі пайыз мөлшерлермесімен берілген қарыздар;
- пайыз мөлшерлересін қайта қарастыру көделген келісімшартқа сай берілген қарыздар.

Пайыз мөлшерлемесінің өзгерісіне сезімтал банк пассивтерге мыналар жатады:

- өзгермелі пайыз мөлшерлермесімен тартылған депозиттер;
- өзгермелі пайыз мөлшерлермесі белгіленген бағалы қағаздар;
- банкаралық несиелер;
- пайыз мөлшерлемесін қайта қарастыру көзделген келісімшартқа сай тартылған депозиттер.

Пайыз мөлшерлемесінің өзгерісіне сезімтал банк активтер мен пассивтерді өзара салыстырғанда оң және теріс GAP пайда болады.

Демек оң GAP тұсында пайыздық тәуекел егерде нарықта пайыз мөлшерлемесі төмендесе ғана пайда болады. Мұндай жағдайда менеджерлер тұрақты пайыз мөлшерлемесімен берілетін ұзақ мерзімді активтердің көлемін ұлғайтуға және сонымен бірге қысқа мерзімді сезімтал пассивтерді көбейтуге тиіс. Бұл шаралар активтер мен пассивтер арасындағы дисбалансты қалыпқа келтіріп, таза пайданың төмендеуін туындайтын шығынды азайтады.

Теріс GAP тұсында пайыздық тәуекел, егер нарықта пайыз мөлшерлемесі жоғарлаған кезде пайда болады. Мұндай жағдайда банк менеджерлері пайданың пайыздық мөлшерлеме өзгерісіне сезімталдығын өлшеуге тиіс. Сонымен қатар мынадай шараларды қолдану қажет:

- тұрақты пайыз мөлшерлемесімен берілетін ұзақ мерзімді активтердің көлемін қысқарту және сонымен бірге өзгермелі пайыз мөлшерлемедегі қысқа мерзімді сезімтал пассивтерді азайту;
- активтер мен пассивтердің орташа қайтарылу мерзімдерін теңестіру;
- ешқандай да шара қолданбау.

GAP-тік басқару стратегиясын мынадай формуламен беруге болады:

$$\Delta N = GAP * \Delta i,$$

Мұндағы, ΔN - % түріндегі таза табыстың күтілетін өзгерісі;

GAP - Пайыз мөлшерлемесінің өзгерісіне сезімтал банк активтері мен пассивтерінің арасындағы айырма;

Δi - Пайыз мөлшерлемесінің күтілетін өзгерісі.

Банктің пайыздық тәуекелге тәуелділігін мынадай GAP -тік көрсеткіштерді пайдалану арқылы бағалауға болады:


1) RSA / RSL

Егер осы көрсеткіш мәні $RSA / RSL > 1$ болса, онда GAP оң болады;

Егер осы көрсеткіш мәні $RSA / RSL < 1$ болса, онда GAP теріс болады;

Егер осы көрсеткіш мәні $RSA / RSL = 1$ болса, онда GAP нөлге тең болады;

График түрінде оларды төмендегідей 36-суретте көрсетуге болады.



36-сурет. GAP -тік көрсеткіштер

2) $GAP/Активтер$

$GAP/Активтер < 10\%$ - қалыпты ұстаным;

GAP/Активтер > 10-12% - қысқа мерзімді ұстаным немес тактикалық ұстаным.

GAP/Активтер > 12-15% - ұзақ мерзімді ұстаным немес стратегиялық ұстаным.

GAP/Активтер > 15% - алыпсатарлық ұстаным.

Қаншалықты, GAP талдауы пайыздық маржаға ықпал ететін пайыз мөлшерлемесін сандық жағынан өлшеуге мүмкіндік беретіндіктен, банктің пайыздық табысына ықпал ететін мынадай факторларды бөліп қарауға болады:

- пайыз мөлшерлемесінің өзгеруі;
- тартылған және орналастырылған қаражаттардың арасындағы пайыздық мөлшерлемелерінің немесе спрэдтің өзгеруі;
- банк балансының активі мен пассиві бойынша операциялар көлемі;
- банк балансының активі мен пассивінің құрылымы.

GAP-тік талдаудың басты артықшылығы оның көмегімен банктегі пайыздық тәуекелді жылдам және оңай бағалауға болады.

Ал оның кемшілігіне мыналар жатады:

- тек қана нарықтағы пайыз мөлшерлемесінің өзгерісіне сезімтал банк активтер мен пассивтері тұрғысынан пайыз мөлшерлемесінің пайыздық маржаға және банк пайдасына ықпал етуін бағалауға мүмкіндік беруі;
- оның көмегімен банк капиталының шығынын бағалау мүмкін еместігі.

Банк капиталының пайыздық тәуекелге тәуелділігін тек қана дюрация тәсілмен бағалауға болады. Дюрация ақшалай қаражаттардың қозғалысын, соның ішінде негізгі қарыз және пайыздық төлемдердің қайтару мерзімдерін ескере отырып, банк активтері мен пассивтерінің нарықтық құндарының өзгерісіне болжам жасауға мүмкіндік береді.

Имитациялық моделдеу көмегімен пайыз мөлшерлемелерінің болашақтағы өзгерісіне болжам жасау арқылы, олардың ақша қаражаттар ағымына, сондай-ақ банктің табысы мен экономикалық құнына ықпал ету дәрежесін бағалауға болады.

Өкінішке орай, пайыздық тәуекелді бағалаудың екі тәсілі де отандық банктік тәжірибемізде қолданылмай отырғаны, бірақ алдағы уақыттарда қолданылуы маңызды тәсілдердің біріне жатады.

Пайыздық тәуекелді бағалауда активтер мен пассивтер мерзімдеріндегі алшақтыққа шек қою қолданылады. Шек қою активтер мен пассивтердің жекелеген топтары бойынша жүзеге асады. Мысалы пайыз мөлшерлемесі төмендеуі күтілген жағдайда, банк қысқа мерзімдік пассивтер есебінен активтік портфельін қалыптастырады, себебі пассивтердің бағасының төмендеуінен банк пайда көреді. Ал пайыз

мөлшерлемесінің өсуі күтілген жағдайда, банк ұзақ мерзімдік пассивтер есебінен активтік портфелін қалыптастырады.

Активтер мен пассивтердің арасындағы мерзіміне байланысты алшақтықты жеңілдету бағытында мынадай трансформациялау коэффициенті (K_T) қолданылады:

$$K_T = \frac{\text{Активтердің орташа өлшемдік (сомалары бойынша) мерзімдері}}{\text{Пассивтердің орташа өлшемдік (сомалары бойынша) мерзімдері}}$$

Пассивтердің орташа өлшемдік (сомалары бойынша) мерзімдері

Бұл көрсеткіштің ең жоғарғы мәні 1,75, ал ықшамды мәні – 1,25 болуға тиіс. Активтердің мерзімі пассивтердің мерзімінен барлық операциялар бойынша 1,5 аспауы тиіс. Егер бұл нормативтік мән орындалмаса, онда банк өз қызметінде тек қана пайыздық тәуекелге ұшырап қоймай, сондай-ақ өтімділік тәуекеліне ұшарауы мүмкін. Яғни өтімділіктің бұзылуы, өз кезегінде банкті қымбат ресурстарды тартуына мәжбүр етеді және ол ең ақырында банктің шығынға батуына себеп болады.

16.4 Валюталық тәуекелді басқару

Тар мағынасында валюталық тәуекел бұл валюта бағамның өзгеруі нәтижесінде зиян шегу қауіпін білдіреді. Кең мағынасында, валюталық тәуекел бұл банктің несиелік, валюталық және өзге банктік операцияларды жүргізу барысында ұлттық валютаның шетел валютасына қатысты бағамының өзгеруінен туындайтын валюталық шығын.

Валюталық тәуекел негізінен банктің шетел валютасымен қаражаттарды тартып, оларды орналастыру нәтижесінде туындайды.

Банктік тәжірибеде валюталық тәуекелдің бірнеше түрлері қолданылады атап айтсақ:

- айырбас бағамының өзгеру тәуекелі;
- конверсионды операциялар тәуекелі;
- трансляциялық тәуекелдер;
- форфейтинг тәуекелі.

Айырбас бағамының өзгеруі тәуекелі. Валюта бағамы - бір елдің ақша бірлігінің екінші бір елдің ақша бірлігіне қатысты бағасы. Валюталардың бағамдарын анықтау бағамдау (котировка) деп аталады. Бағамдау екі түрге: тікелей және жанама болып бөлінеді. Тікелей бағамдауда шетел валютасының құны ұлттық валютамен бейнеленеді.

$$\text{Тікелей бағам} = \frac{\text{Ұлттық валюта}}{\text{Шетел валютасы}}$$

Жанама бағамдауда ұлттық валютаның шетел құны валютамен бейнеленеді.

Жанама бағам = Шетел валютасы / Ұлттық валюта

Мысалы, тікелей бағамдауда: 1 АҚШ доллары = 117 теңге 17 тиын болса, ал жанама бағамдау бойынша: 1 теңге = 0,008 АҚШ доллары
Жанама бағамды кейде мынадай формуламен беруге болады:

Жанама бағам = 1 / Тікелей бағам

Кросс-бағам – бұл үшінші валютаға байланысты анықталатын екі валютаның шекті қатынасы.

Кросс-бағамының (Кб) есебін төмендегідей формуламен беруге болады. Мысалға, теңгенің кросс-бағамын есептеу.

Шетел валютасының долларға қатысты бағамы


Кб (теңге) = $\frac{\text{Шетел валютасының долларға қатысты бағамы}}{\text{Ұлттық валютаның долларға қатысты бағамы}}$

Валюталық мәмілелерді іске асыруға байланысты бағамдарды спот және форвард деп бөледі.

Спот бағам мәміле жасалғаннан кейінгі екінші жұмыс күнінде валютаны айырбастау шартына сәйкес мәміле жасау уақытында бекітілген валюта бағамы.

Форвардтық бағам – белгілі бір уақыттан кейін белгілі болатын валютаның болашақ құны. Форвардтық бағам кейде споттық бағамнан жоғары немесе төмен болуы мүмкін.

Форвардтық бағам валюталық форвардтық контрактімен валюталық мәміле жасауда қолданылады (37-сурет).



а) Мәміле жасау мерзімі

ә) Валюталау күні

37-сурет. Валюталық форвардтық контрактімен операция жасау сызбасы

Валюталық тәуекел уақыт бойынша валюталық бағамдарының өзгерісіне тікелей тәуелді. Сондықтан мерзімді мәмілелер жасауда валюталық тәуекелдің алдын алу үшін мерзімді контрактілер, соның ішінде фьючер және опцион контрактілері (олар туралы валюталық операцияларға арналған тақырыптан оқи аласыздар) қолданылады.

Конверсиондық тәуекел - бұл нақты бір валюталық операциялар бойынша туындайтын валюталық шығын. Конверсиондық тәуекелдерге ашық валюталық позиция лимиті тәуекелі және аударым тәуекелі жатады.

Ашық валюталық позиция лимиті тәуекелі шетел валютасында бейнеленген банктің талаптары мен міндеттемелерінің көлемдері бойынша сәйкес келмеуі барысында туындайды.

Аударым тәуекелі – валюта бағамының құлдырауына шетел және валютасында бейнеленген банк активтер мен капитал құнын қайта бағалау қажеттігіне байланысты туындайтын активтер мен пассивтер құнының өзгеру қауіпі.

Трансляциондық немесе бухгалтерлік тәуекел банк балансының активтері мен пассивтерін қайта бағалау барысында туындайтын тәуекел. Бұл тәуекел қайта санау валютасына және оның тұрақтылығына тікелей тәуекелді. Қайта санау екі әдіспен жүзеге асады: ағымдық және тарихи. Ағымдық әдісті қайта бағалау ағымдағы бағаммен немесе қайта бағалау күніндегі бағаммен жүргізіледі. Ал тарихи әдіс бойынша қайта бағалау нақты операциясының жасалған күніндегі бағам бойынша жүзеге асады. Кейбір банктер барлық ағымдық операцияларды ағамдағы бағамен қайта бағалайды.

Форфейтинг тәуекелі банктің форфейтинг операциясы бойынша экспортердің валюта бойынша тәуекелдерінің факторинг қызметін көрсетуші банкке ауысуынан туындайтын тәуекел.

Валюталық тәуекелді төмендетудің мынадай негізі әдістері болады:

- валюталық тәуекелдерді сақтандыру;
- хеджирлеу;
- диверсификациялау.

Валюталық тәуекелдерді сақтандыру валюталық тәуекелдерді басқарудың негізгі әдістерінің біріне жатады.

Халықаралық банктік тәжірибеде валюталық тәуекелдерді сақтандырудың төмендегідей үш тәсілі қолданылады:

- 1) контрагенттерінің бірінің біржақты ісәрекеті;
- 2) банктік және үкіметтік кепіл-хаттар;
- 3) мәмілеге қатысушылардың өзара келісімдері.

Валюталық тәуекел сақтандыруда *қорғаныс келісімдері*, яғни валюталық бағамдардағы өзгерістерге сәйкес валюталық мәміле

келісімшарты немесе контрактінің орындалуы барысын қайта қарау мүмкіндіктері өзара келісіледі. Нақтырақ айтсақ, валютаның бағамындағы өзгерістерден экспортерді немесе несие берушіні сақтандыру үшін бағамдағы өзгеріске байланысты төлем сомасын қайта қарау туралы келісімі несиелік немесе коммерциялық контрактінің шартында көзделеді.

Хеджирлеу валюталық тәуекелді сақтандырудың құрамдас бөлігі ретінде белгілі бір операцияларды жүргізу және мерзімді контрактілерді жасауды білдіреді.

Хеджирлеу тәсілдеріне құрылымдық (активтер мен пассивтерді, алашақ және берешек қарыздарды) теңестіру, төлем мерзімін өзгерту, қаржылық құралдар жатады.

Құрылымдық теңестіру валюталық бағамның өзгерісін туындайтын зияндардың алдын алу мақсатында активтер мен пассивтер құрылымын теңестіріп отыруды қолдауды білдіреді. Бұл негізінен ашық валюта позиция лимитін ұстап отырумен тікелей байланысты.

Ашық валюталық позиция лимиті тәуекелін басқару шетел валютасында бейнеленген банктің талаптары мен міндеттемелерінің арасындағы айырманы реттеуді білдереді.

Ашық валюталық позицияның ұзын және қысқа түрі болады және олардың есептелуін төмендегідей 37-кестеде шартты мысалмен беруге болады.

37-кесте.

Банктің ашық валюталық позициясы

Шетел валютасы	Банк активтері мен талаптары, шетел валютасымен	Банк пассивтері мен міндеттемелері, шетел валютасымен	Ашық валюталық позиция шамасы,	Ашық валюталық позиция түрі
АҚШ доллары	1450000	1200000	150000	Ұзын позиция
Евро	900000	1200000	-300000	Қысқа позиция
Фунт стерлинг	25000	50000	-25000	Қысқа позиция
Иен	1500	500	1000	Ұзын позиция

Ашық валюталық позиция лимиті бұл ұзын немесе қысқа позициялардың банктің капиталына қатысты белгіленеді. Егер қандай да бір шетел валютасы бойынша ҚР Ұлттық банкі бекіткен лимиттен (ол туралы 2-тарауда пруденциалдық реттеу тақырыбында берілген) асқан

жағдайда сол валютаны сатады немесе сатып алады. Осындай шаралар арқылы банк өзінің валюталық позиция бойынша лимитін реттеп отырады.

Валюталық тәуекелді диверсификациялау бұл валюталық несиелер бойынша несиелік портфельді диверсификациялауды сипаттайды. Валюталық несиелік портфельді диверсификациялау мынадай тәсілдер арқылы іске асады:

- валюталық несиелер сомаларына шек қою;
- қарыз алушыларды диверсификациялау;
- несиені қамтамасыз етуге қабылданатын кепіл заттарын диверсификациялау;
- валюталық несиелер мерзімдері бойынша диверсификациялау.

16.4 Операциондық тәуекелдерді басқару

Экономикалық әдебиеттерді операциондық тәуекел туралы бірыңғай көзқарас қалыптаспаған. Сондықтан да аталған тәуекелдің мәнін анықтау және оны басқару әдістері әлі де болса шешілмеген мәселеген айналуда.

Операциондық тәуекелдің анықтамаларында мынадай ұғымдар беріледі:

- ақпараттық жүйелердегі және ішкі бақылау жүйесіндегі ауытқулардың пайда болуының салдарынан қаржылық залалдардың орын алумен байланысты тәуекел;
- ішкі үдерістерге қатысты орын алған кемшіліктердің салдарынан туындайтын зияндар;
- банктің қызметтері мен өнімдерін сатумен байланысты туындайтын капиталдар мен табыстар тәуекелі.

Шетелдік экономикалық әдебиеттерде кездесетін көзқарастарға тоқталайық.

Біріншісі, операциондық тәуекелге банктің несиелік және нарықтық тәуекелдерінен өзгелерін жатқызады. Біздің ойымызша мұндай көзқарас бойынша операциондық тәуекелдің анықтамасын қарастыру өте ауқымды, яғни ол банктің қызметі байланысты бизнес-тәуекелді қамти алмайтындығын ескерсек, онда аталаған көзқарасқа сүйене отырып, банктің операциондық тәуекелін бағалау мүмкін еместігін білеміз. Нақтырай айтсақ, тәуекел-менеджерінің құзыретіне мұндай тәуекелді бағалау жатпайды.

Екіншісі, көзқарас операциондық тәуекелдің пайда болуын қаржылық операциялардың жүзеге асырылуымен байланыстырады. Оның пайда болу көзі ретінде мәліметтерді өңдеу барысында жіберілген қателіктер, ақпараттық жүйенің бұзылуын, құрал-жабдықтардың технологиялық олқылықтарын қарастырады.

Бұл анықтамада да басты назар операциялардың атқарылу кезеңдеріне, олардың өңделуін аударылғанымен де, ұйымның ішіндегі

тәртіпсіздіктер, қаржылық құралдарды бағалау үлгілерінің дұрыс пайдаланылмауы сияқты әрекеттер есепке алынбайды.

Үшінші көзқарас, операцияндық тәуекелдерге банк тарапынан бақылаудың болуын назар аударады. Операцияндық тәуекел ретінде бизнес-тәуекелден өзге яғни банктегі ішкі бақылау жүйесінің тиімсіз қызмет етуіне байланысты туындайтын тәуекелдер қарастырылады. Мұндай ұғымда, біздің ойымызша, сыртқы факторлар, табиғи құбылыстар, қауіпсіздік жүйесін бұзып кіру сияқты факторлар ескерілмеген.

Төртінші көзқарас бойынша операцияндық тәуекел деп банктегі бизнес-үдерістердің жалған құрылуы, ішкі бақылау жүйесінің қызметінің тиімсіздігі, технологиялық бузылулар, қызметкерлердің санкционирленбеген әрекеттері немесе сыртқы ықпалдардың болуы нәтижесінде тікелей немесе жанама зияндарды туғызатын тәуекелді түсінеді.

Берілген анықтаманың, біздің көқарасымызша жоғарыда келтірілген анықтамалардан айырмашылығы, біршама толық және банк қызметін ықпал ететін операцияндық тәуекелдің пайда болу көздері мен салдарын тура сипаттайды. Бірақ 2001 жылғы Базель комитетінің жаңа ережесінде аталған анықтамаға ұқсас берілген анықтама бар.


Капиталға байланысты Базель келісімінің (Базель-2) соңғы жаңа редакциясына сәйкес, «операцияндық тәуекел банктің ішкі үдерістерін жүзеге асуы барысында қызметкерлерінің тарапынан болған кемшіліктер, ақпараттық жүйенің және технологияның қызмет етуінен кеткен қателіктер, сондай-ақ сыртқы жағдайлардың салдарынан орын алған келеңсіздіктер нәтижесінде банктің зиян шегу тәуекелі ретінде анықталған.

Операцияндық тәуекелдің пайда болу себептерінің бәрі адамның қызметімен байланысты. Мысалға, тікелей және жанама зияндар банк қызметкерлерінің ішкі тәртіпті және процедураларды сақтамауынан, басқару шешімдеріндегі кеткен қателіктерден, ұрлықтан, лауазымын асыра пайдаланғандықтан, кадрлардың біліктілігінің төмендігінен болады. Сызбада көрсетілген бес көздің төрт көзінің банк қызметкерлерінің қызметімен байланысты екендігі кездейсоқтық емес. Айталық, басқару сапасы, жүйе тәуекелі, адам факторы, үдерістер, яғни бұлардың бәрін адамның қызметінің қатысуы бар. Тек қана форс-мажорлық жағдайға ғана адам араласа алмайды. Көптеген шетелдік банктерде пайдаланылатын операцияндық тәуекелдің пайда болу сипатына қарай жіктелімін сызбамен беруге болады (28-сурет).

Ішкі тәуекелдер:

- қызметкерлер тәуекел – банктің қызметкерлерінің есепсіз іс-әрекеттерінен, оның ішінде біліксіздігіне байланысты туындайтын барлық тәуекелдер;

- үдерістер тәуекелі – банк қызметіндегі бақылаудың әлсіздігінен, ішкі регламенттің жоқтығынан, құжаттарды рәсімдеуде кететін қателіктерден туындайтын тәуекел;



28-сурет. Операциондық тәуекелдердің пайда болу көздері

- технологиялық тәуекел – банктің қызметіне қажетті ақпараттық жүйелердің, бағдарламалардың немесе мәліметтер базасының бұзылуынан туындайтын тәуекел.

Сыртқы тәуекелдер – банк қызметін байланыссыз, яғни сыртқы ұйымдардың, жеке тұлғалардың зұлымдық әрекеттерінен, сондай-ақ заңдардағы салық саясатындағы өзгерістерден туындайтын тәуекелдер.

Банктердің операциондық тәуекелдерді басқаруға аса мән беруі қажет. Банк қызметінде операциондық тәуекелдерді басқарумен айналысатын операциондық тәуекелді басқару жөніндегі тәуелсіз бөлім қызмет етуге тиіс. Операциондық тәуекел бөлімі мыналарға жауап береді:

- банк ауқымындағы жеклеген операциялардың кодталуына және операциондық тәуекелді бақылауға;

- аталған банктің операциондық тәуекелін бағалау әдістемесін жасауға және оны іске асыруға;

- операциондық тәуекел бойынша есеп беру жүйесін жасауға және іске асыруға;

- операциондық тәуекелді айқындау, бағалау және бақылау стратегиясын жасауға.

Операциондық тәуекел мынадай объектілерде пайда болады:

- ішкі үдерістерде немесе банк қызметінің түрлерінде;

- банктің жекелеген активтерінде, мысалы мүлкінде.

Операциондық тәуекелдің пайда болуына қарай мынадай көздерге бөлуге болады:

- Ішкі ұрлықтар, яғни тонау, құжатты қолдан жасау, құжаттарды немесе ақпараттарды ұрлау, ақпараттық жүйелерге бұзып кіру және өзге де үшінші бір тұлғаның ықпалымен болатын зияндар.

- Ішкі тәтріпсіздіктер – банк қызметкерлерінің қасақан жасаған іс-әрекетіне туындайтын зияндар, оның ішінде лауазымды қызметін асыра пайдалану, жасалған мәмілелердің құпиялығын сақтамау, ақпараттардың сыртқа шығару, материалдық құндылықтарды шығындау, банктің мүлкін заңсыз иемдену, банк мүлкіне қасақана шығын келтіру.

- Еңбек қатынастары – банк қызметкерлерімен еңбек қатынастарына байланысты туындайтын даулар, еңбек заңының баптарының бұзылуы, оның ішінде техника қауіпсіздігі талаптарының және еңбекті қорғау ережелерінің бұзылуы, кадрлардың банктен кетуі.

- Клиенттер және іскерлік тәжірибе - өзге заңдылықтардың бұзылуы, оның ішінде банктің негізгі қызметіне байланысты клиенттер алдындағы келісімшарттардың орындалмауы, құпия ақпараттардың пайдаланылуы, қызметтерді мәжбүрлеп алғызу, бағаға келісім орнату.

- Ақпараттық және техникалық жүйелердегі бұзылулар бұл жүйелердің және құрал жабдықтардың істен шығуы салдарынан уақтылы транзакциялардың жүргізілмеуі, қадағалаушы ұйымдарға есептік құжаттардың уақтылы берілмеуі және т.б.

- Үдерістерді басқару тиімсіздігі – ішкі үдерістерді ұйымдастырудың тиімсіздігі, бекітілген лимиттердің бұзылуы, ақпарттардың қорғалу жүйелерінің және оларға қолжетімділік тәртібінің болмауы, банктің ішінде ақпарат ағымын дұрыс ұйымдастырмау, операциялар және мәмілелер бойынша мәліметтерді өңдеуде және енгізу барасында жіберілетін қателіктер.

- Материалдық активтердің шығыны бұл банктің қызметіне байланыссыз техногендік, табиғи апаттардың салдарынан негізгі қорлардың және өзге материалдық активтердің бүлінуі.

Операциондық тәуекел туындаған жағдайларда банк қызметінде мынадай салдарлар орын алуы мүмкін:

- жұмыс уақыты жоғалады;
- клиенттер банктен кетеді, клиенттер тарапынан сотқа шағымданулар болады;
- банктің кінәсінен болған банк қызметкерлерінің және клиенттердің зардаптарын ақшалай төлеу;
- ҚР заңдарына сәйкес, соттардың қаулылары негізінде ақшалай төлемдер (пения және айыппұл) төлеу;
- банк активтерінің құнын жоғалту;
- әр түрлі апаттардың салдарына туындаған шығындарды қалпына келтірулер.

Операциондық тәуекелдер есеп айырысуларға қатынасатын банктің құрылымдық бөлімшелері арасында есеп айырысу технологияларының бұзылу мүмкіндігінен туындауы мүмкін.

Банктің есеп айырысу қызметін көрсетуде мынадай құрылымдық бөлімшелері қатынасады: операциондық басқарма; ішкі банкаралық есеп айырысулар мен корреспонденттік қатынас жасау бөлімі; бухгалтерия; ақпараттарды электрондық өңдеу басқармасы.

Банкаралық есеп айырысу технологиялары клиенттерге қызмет көрсетуге арналған немесе өзінің банкаралық операциялары, соның ішінде банкаралық несиелер беру, валюталар, бағалы қағаздар және т.б. сатып алу және сатумен байланысты технологияларын сипаттайды.

Операциондық тәуекелдерді басқару жүйесі тәуекелді анықтау, бағалау, мониторинг, бақылау, сондай-ақ операциондық тәуекелдердің салдарын азайтуға байланысты шараларды жасау және қолдану тәсілдері жатады.

Операциондық тәуекелді анықтау мақсатында банк қызметіне талдау жасалып, операциондық тәуекелдің пайда болуына ықпал етуші факторлар айқындалады. Талдау бірнеше сатыда жүреді:

- банк қызметінің тиімділігіне ықпал етуі мүмкін банктегі жалпы өзгерістерді (жана технологияларды енгізу, операциялар көлемінің ұлғаюы, қызметкерлер санының өсуін) талдау;

- банк қызметінің бағыттарының операцияндық тәуекелге қатысын талдау;

- жекелеген банктің операциялары мен мәмілелеріне талдау жүргізу;

- банктің ішкі процедураларын, оның ішінде есеп беру жүйесі мен ақпарат алмасу жүйесін талдау.

Операцияндық тәуекелді анықтау үшін банкте операцияндық тәуекелдің көзі ретінде қызмет ететін талдаушылық базасы жасалуға тиіс.

Операцияндық тәуекел көзі ретінде мәліметтер базасын толтыруға арналған «Операцияндық тәуекелдермен байланысты оқиғаларды тіркеу журнал» болуға тиіс.

Операцияндық тәуекелдермен байланысты оқиғаларды тіркеу журналының нысаны төмендегідей кесте түрінде берілген

Банк бөлімшесі

Пайда болу күні	Бөлімше (филиал)	Бұзушылықтар орын алған оқиғалар	Түсіндірмелер*	Мүмкін болатын салдарлар**

* Түсіндірмелер бағанында оқиғалардың пайда болу себептері.

** Мүмкін болатын салдарлар бағанында банктің шегетін зиян сомасы немесе өзге салдарлар көрсетіледі.

Бұл журналды барлық бөлімшелер жүргізуге тиіс. Журналда сол бөлімшеде операцияндық тәуекелдің пайда болуына байланысты анықталған оқиғалар толтырылып, апта сайын банк бөлімшесі ондағы ақпараттарды Тәуекелдерді басқару басқармасына жіберуге тиіс.

Операцияндық тәуекелдердің көрсеткіштері ретінде мынадай көрсеткіштер пайдаланылады:

- жасалмаған және аяқталмаған банктік операциялар саны;

- клиенттердің наразылықтарының саны;

- жіберілген қателіктер мен бұзушылықтарының жиілігі;

- лимиттерді және шектеулерді бұзулардың жиілігі;

- ақпараттық бұзылушылықтар саны;

- ақпараттық-технологиялық жүйелердің жұмыс жасамай тұрып қалған уақтарының ұзақтығы;

- кадрлардың кетуі;

өзге көрсеткіштер.

Операцияндық тәуекелдің салдарын азайту бұл операцияндық зияндарға әкелетін оқиғалар немесе жағдайларды азайтуға бағытталған шаралар кешенін жүзеге асыруды білдіреді.

Операциондық тәуекелдің салдарын азайтудың негізгі әдістеріне мыналар жатады: ұйымдастырушылық құрылымын ұйымдастыру, операциондық тәуекел факторларының пайда болу мүмкіндіктерін жоққа шығаруға арналған банктік операциялар мен өзге мәмілелерді жүзеге асырудың ішкі ережелері мен процедураларын жасау.

Операциондық тәуекелдерді төменду шараларына мынадай мысалдар келтіруге болады:

- тәуекелді үйлестіретін үдерістер мен қызметкерлерді бөлу;
- құжат айналымын, ақпарат ағымын қамтитын бизнес үдерістерін ықшамдау, қызметтерін, құзіреті мен жауапкершіліктерін бөлу;
- қызметкерлердің өзара бірін бірі ауыстыру тәртібін енгізу;
- еңбекті моралды және материалдық ынталандырудың қарапайым нысандары;
- банк тарапынан жасалатын келісімшарттарда міндетті түрде заңгерлердің қол таңбаларының болуы;
- лицензияланған бағдарламалық қамсыздандыруды пайдалану;
- ақпараттық жүйелерді пайдалануың техникалық шарттарын сақтау;
- ақпараттық-бағдарламалық өнімдерге арналған техникалық тапсырмалардың әдістемелерін жасау;
- бағдарламалық қамсыздандыруларды жасаушы-фирмалармен өзара оларды пайдалану барысында кеткен қателіктер мен олқылықтарды тез арада қалпына келтіру туралы келісімшарт жасасу;
- банк активтеріне жиі тугендеу жұмыстарын жүргізу.

Операциондық тәуекелдің салдарын әлсірету сақтандыру көмегімен жүзеге асырады. Бұл жерде банктер мыналарды сақтандыруға тиіс:

- негізгі құралдарын (ғимараттарын, құрал жабдықтарын және өзге мүліктерін) әр түрлі табиғи апаттардан және басқа кездейсоқ оқиғалардан сақтандыру;
- банк қызметкерлерін бақытсыздық жағдайлардан және денсаулыққа тиетін зияндардан және т.б. сақтандыру.

Банктер Базель келісіміне сәйкес, капиталға қатысты қоятын ең төменгі есебінің мақсатында операциондық тәуекелдің салдарларын әлсіретуге сақтандыру әдістерін қолдануға тиіс. Тәуекелдің салдарларын әлсіретуін сақтандыру көлемі капиталдық операциондық тәуекеліне аударылатын мөлшерінің 20% құрауы қажет.

Банктің тәуекелді әлсіретудің мұндай артықшылықтарын пайдалану қабілеті мынадай критерийлерге байланысты:

- Сақтандырушының ең төменгі рейтингі «А» деңгейінде болуы тиіс;
- Сақтандыру полисінің бастапқы мерзімі бір жылдан артық болмауы қажет;
- Сақтандыру полисінде сақтандыру келісімшарттын аяқталуы және оның мерзімінің ұзартылмауы туралы көрсетілуге тиіс;

- Сақтандыру шығындары банктің операциондық тәуекелінің нақты мөлшеріне жатқызылуға тиіс;
- Сақтандыру бөгде ұйыммен жасалуға тиіс.
- Сақтандыру шаралары құжатталуға тиіс;
- Банк сақтандырудың арқасында операциондық тәуекелге аударылатын капитал көлемінің азайтылғаны туралы ашық көрсетуі қажет.

Бақылау сұрақтары:

1. Банктік тәуекелдер дегеніміз не?
2. Ішкі тәуекелдерге нелер жатады?
3. Сыртқы тәуекелдерге не жатады?
4. Несиелік тәуекелді басқару жүйесі қандай элементтерді қамтиды?
5. Өтімдік тәуекелін қалай басқаруға болады?
6. Пайыз тәуекелін қалай бағалайды?
7. Валюталық тәуекелді басқару әдістеріне не жатады?
8. Операцияндық тәуекелдері дегенім не?
9. Операцияндық тәуекелдердің пайда болу көздеріне нелер жатады?

1993 жылы 15 қарашада айналымға шығарылған банкоталар сипаты



50 теңге. Көлемі 144x69 мм. Банкноттың бет жағы мен сырт жағындағы басым түстер - ашық қоңыр. Банкноттың оң жағына Әбілқайыр ханның портреті орналастырылып, тігінен қоңыр бояумен оның аты және өмір сүрген жылдары жазылған. Сол жағындағы төменгі бұрышына және оң жағына жоғарыға банкноттың номиналы "50" саны көрсетілген. Банкноттың сол жағына Әбілқайыр ханның портреті су тамғы белгімен салынған. Банкноттың сырт жағы қоңыр. Орта тұсына Қазақстанның ежелгі өнерін бейнелейтін жартастағы суреттер бейнеленген.



20 теңге. Көлемі 144x69 мм. Банкноттың бет жағындағы басым түс - кара қоңыр. Банкноттың оң жағына Абайдың портреті орналастырылып, тігінен қоңыр бояумен оның аты және өмір сүрген жылдары жазылған.

Сол жағындағы төменгі бұрышына және оң жағына жоғарыға банкноттың номиналы "20" саны көрсетілген, ал оның астына оюмен өрнектелген.

Сырт жағындағы негізгі түсі - қоңыр. Орта тұсына Абай Құнанбаевтың шығармалары бойынша бүркіт ұстаған бүркітші бейнеленген.



10 теңге

Көлемі 144x69 мм. Бет жағындағы басым түс шымқай жасыл. Оң жағына қазақтың ағартушысы Шоқан Уәлихановтың портреті орналастырылып, тігінен оның аты және өмір сүрген жылдары жазылған. Портреттің сол жағында төменде қазақтың ою-өрнегі бар. Банкноттың сол жағына су тамғы белгімен Шоқан Уәлихановтың бейнесі салынған. Банкноттың сырт жағында жасыл түс басым. Банкноттың орта тұсына "Оқжетпес" тауының көрінісі бейнеленген.



5 теңге

Көлемі 144x69 мм. Банкноттың бет жағы қоңыр түсті. Оң жағына халық композиторы Құрманғазының портреті орналастырылған. Тігінен қоңыр бояумен композитордың аты және өмір сүрген жылдары жазылған. Портреттің сол жағында төменде қазақтың ұлттық өрнегі. Номиналдың астына сол жақ бұрышына ою-өрнекті сурет орналастырылған. Банкноттың сырт жағы сарғыш-қызыл түсті. Орта тұсына кесененің кешені бейнеленген.

3 теңге

Көлемі 144x69 мм. Банкноттың бет жағы жасыл-сұр түсті. Оң жағына халық ақыны Сүйінбайдың портреті орналастырылған. Тігінен шымқай жасыл бояумен ақынның аты және өмір сүрген жылдары жазылған. Портреттің сол жағында төменде қазақтың ұлттық өрнегі. Номиналдың астына сол жақ бұрышына ою-өрнекті сурет орналастырылған. Банкноттың сырт жағы жасыл түсті. Орта тұсында Алатаудың көрінісі.

1 теңге. Көлемі 124x62 мм.

Құны 1 тенгелік банкноттың бет жағы көк түсті. Банкноттың оң жағына Шығыстың ұлы ойшылы Әл-Фарабидің портреті орналастырылған, тігінен көк бояумен оның аты және өмір сүрген жылдары жазылған. Портреттің сол жағына жоғарыға қазақтың ұлттық өрнегі салынған. Номиналдың астында сол жақ бұрышында ою-өрнекті сурет бар. Банкноттың сырт жағы қызғылт түсті. Орта тұсына Әл-Фарабидің геометриялық сызбалары мен формулалары бейнеленген.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нұсқауларына сәйкес:

2000 ж. 1 тамыздан бастап Қазақстан Ұлттық Банкінің филиалдары мен екінші деңгейдегі банктер номиналы 1 теңге, 3 теңге және 5 теңге банкноттар беруді тоқтатылды;

2000 г. 1 қарашадан бастап, Қазақстан Ұлттық Банкінің филиалдары мен екінші деңгейдегі банктер номиналы 10 теңге, 20 теңге және 50 теңге банкноттар беру тоқтатылды.

1-қосымшаның жалғасы

1993 жылы алғашқы қағазбен басылып шыққан тиындар бейнесі.



Монета формасындағы тиындар сипаты төменгі кестеде және суреттерде берілген.
1993 жылғы үлгідегі монеталардың параметрлері.

Номиналы (теңге)	Диаметрі, (мм)	Қалыңдығы (мм)	Массасы (гр)	Қыры
1	17.27	1.3	2.26	тегіс
3	19.56	1.6	3.48	тегіс
5	21.87	1.7	4.71	тегіс
10	25.00	2.0	7.43	тегіс
20	31.00	2.0	11.37	бедерлі



1-қосымшаның жалғасы

Құны 1; 3; 5 теңгелік монетаның бет жағы (аверс) шеңбердің ішінде монета номиналын көмкерген он алты қырлы өрнекті рәміз бейнеленген. Номиналдың сол жақ бөлігінде монетаның соғылған жылы жазылған, ал оң жақ төменгі бөлігінде "ТЕҢГЕ" жазуы бар. Айналасы моншақ сияқты шеңбермен көмкеріліп, кант жүргізілген.

1-қосымшаның жалғасы



Монеталардың сырт жағында (реверс):

- 1 теңге - монетаның орта шенінде салт-дәстүріміздегі аң - арқардың мифтік бейнедегі басы кескінделген. Оң жағына "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ" деген сөз айналдыра жазылған.

- 3 теңге - монетаның шенінде қасқырдың (бөрінің) сәндік-мифтік бейнесі кескінделген. Төменгі бөлігінде, бөрінің жоғары жағында қолдың геральдикалық бейнесі. Сол жағына "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ" деген сөз айналдыра жазылған, оны шығарылған жылы бөліп тұр.

- 5 теңге - орта шенінде барыстың өрнекті-мифтік бейнесі кескінделген. Сол жағына "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ" деген сөз айналдыра жазылған, оны шығарылған жылы бөліп тұр.



Құны 10; 20 теңге монеталардың бет жағының жоғары жақ бөлігінде Қазақстан Республикасының елтаңбасы бейнеленген және оның астында екі жол етіп жазылған "ТЕҢГЕ" жазуы бар. Номиналдың сол жағы мен оң жағында ұлттық ою-өрнек элементтері салынған. Айналыра "ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ" деген жазу бар. Айналыра кант жүргізілген.



1-қосымшаның жалғасы

Монеталардың сырт жағында (реверс):

- 10 теңге - орта шенінде мифтік құстың бейнесі кескінделген. Жоғарғы бөлігінде геральдикалық арқау бейнесі. Айналыра "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ" деген сөз жазылған, оны шығарылған жылы бөліп тұр.

- 20 теңге - монетаның ортасында Әбу Насыр Әл-Фарабидің суреті бейнеленген. Айналыра "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ" деген сөз жазылған, оны шығарылған жылы бөліп тұр.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасының 2001 жылғы 6 тамыздағы № 300 қаулысына сәйкес 2001 жылдың 1 қазанынан бастап айналымда жүрген 1993 жылғы үлгідегі ескерткіш және мерейтойлық монетадан басқа 1993 жылғы үлгідегі монета (теңге) айналымнан алынды. Ақша айналымынан алудың мынадай тәртібі белгіленсін:

1) 2001 жылдың 1 қазанынан бастап монеталар тек қана Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) филиалдары, екінші деңгейдегі банктер және Қазақстан Республикасының аумағында банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (бұдан әрі - екінші деңгейдегі банктер) қабылдайды және айырбастайды;

2) екінші деңгейдегі банктер 2 (екі) жыл бойы заңды және жеке тұлғалардан 1993 жылғы үлгідегі монетаны (теңгені) қабылдайды және айналымда жүрген ақша белгілерінің басқа түрлеріне айырбастайды. Осы мерзім өткеннен кейін екінші деңгейдегі банктердің заңды және жеке тұлғалардан 1993 жылғы үлгідегі монетаны (теңгені) қабылдауға құқығы жоқ;

3) Ұлттық Банктің филиалдары 7 жыл бойы заңды және жеке тұлғалардан 1993 жылғы үлгідегі монетаны (теңгені) қабылдайды және олардың түпнұсқалығы анықталғаннан кейін айналымда жүрген ақша белгілерінің басқа түрлеріне айырбастайды.

7 жыл өткеннен кейін Ұлттық Банктің Басқармасы заңды және жеке тұлғалардан 1993 жылғы үлгідегі монетаны (теңгені) қабылдау және айырбастаудың белгіленген мерзімін ұзартуға құқылы.

1993 жылғы үлгідегі металл тиындар

1994 жылы айналысқа шығарылған

Монеталар сары түсті Л-80 қоспасынан жасалған.



Бет жағының (аверс) ортасында монета номиналын көмкерген сегіз қырлы өрнекті рәміз бейнеленген. Номиналдың астында "ТИЫН" деген жазу бар. Төменгі жақ бөлігінде монетаның соғылған жылы жазылған. Сегіз бүйірлі розетканың алты қыры ұлттық ою-өрнектің декоративті элементтерімен өрнектелген.

Монеталардың сыртқы бетінің (реверсінің) орта бөлігінде Қазақстан Республикасының елтаңбасы бейнеленген және айналдыра "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ" деген сөз жазылған. Айналдыра кант жүргізілген. Монеталардың беті мен сыртқы жағындағы бейнелер мен жазулар бедерлі.

1-қосымшаның жалғасы

Монеталардың параметрлері.

Номинал (тиын)	Диаметрі (мм)	Қалыңдығы (мм)	Массасы (гр)	Қыры
2	17.27	1.3	2.26	тегіс
5	17.27	1.3	2.26	тегіс
10	19.56	1.6	3.48	тегіс
20	21.87	1.7	4.71	тегіс
50	25.00	2.0	7.43	тегіс

Қолма-қол тиындарды ақша айналымынан алу олардың ақша айналымынан толық шығарылады дейін жүргізіледі. Барлық төлем құжаттарында тиындарды есепке алу, көрсету және тиындарды пайдалана отырып қолма-қол ақшасыз төлемдерді жүзеге асыру тәртібі өзгеріссіз қалады. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 3 наурыздағы №57 қаулысымен бекітілген, қолма-қол ақша белгілерін-тиындары ақша айналымынан алу ережесіне сәйкес ақша белгілері - тиындар айналымнан алынды.

2006 жылғы үлгідегі номиналы 10000 теңгелік банкнотаның сипаттамасы



Банкнота өлшемі 149x79 мм қағазда дайындалған.

Бет жағы: басым түсі күлгін-көк, басым бейне – тігінен. Орталық бөлігінде «Астана-Бәйтерек» монументі бейнеленген. Банкнотаның ортасында қою жасыл және кара көк жолақтарда ақ түспен Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны нотасының фрагменттері бейнеленген, онда номиналдың сандық белгілерінің контуры ақ сызықтармен жүргізілген. «Бәйтерек» монументінің сол жағында күлгін көк түспен Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген. Жоғарғы оң жақ бөлігінде – Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалауының бейнесі. Банкнотаның төменгі бөлігінде ашық алақан бейнеленген. Төменгі сол жақта номиналдың мемлекеттік тілдегі әріптік белгісі орналасқан. «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» жазуы төменгі оң жақта тігінен орналасқан, оның астында жалған ақша жасау жауапкершілігін ескертетін «Банкноттарды қолдан жасау заңмен қудаланады» деген мемлекеттік тілдегі жазу орналасқан.

Сырт жағы: басым түс күлгін-көк, басым бейне – көлбеу. Негізгі бейне: Қазақстан картасының контуры, алдыңғы жағында Қазақстан Республикасы Президентінің Ақорда резиденциясы, артқы жағында каньондар. Төменгі сол жақ бөлігінде және жоғарғы оң жақ бөлігінде банкнота номиналының сандық белгісі, ал төменде ортада орыс тіліндегі әріптік белгі орналасқан. Жоғарыда ортасында «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» жазуы және эмитент банктің логотипі басылған. Жалған ақша жасағаны үшін жауапкершілікті ескертетін «Подделка банкнот преследуется по закону» деген орыс тіліндегі жазу ашық жердің жоғарғы сол жақ бұрышында орналасқан.

2003 жылғы үлгідегі құны 10 000 теңгелік банкнот.



Көлемі 149x74 мм. Басым түстері - көгілдір және көк.

Бет жағында негізгі бейне - философ, ойшыл, ғалым Әл-Фарабидің (870-950 ж.ж.) портреті. Портреттің оң жағына мемлекеттік тілде 10 000 теңгелік номиналдың сандық белгілеуі орналасқан. Банкноттың сол жағындағы жоғарғы бұрышта «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» деген жазу бар. Банкноттың төменгі бөлігінде Әл-Фараби портретінен оңға қарай тік бұрыш жасай қарағанда көрінбейтін, бірақ банкноттың бетіне үшкір бұрыш жасай қарағанда байқалатын «10 000» номиналының сандық белгісі бейнеленген белгі ою-өрнекпен біріктіре бейнеленген. Портреттің оң жағында жарыққа тосып қараған кезде көрінетін қорғаныш жібі, сондай-ақ жалпақ құбылмалы жіп орналасқан. Портреттің сол жағында екі су тамғы белгі, біреуі классикалық, Әл-Фарабидің қырынан салынған бейнесі, екінші үлгіде - барыс, сондай-ақ банкнот номиналы бейнелеген. Төменгі сол жақ бұрышта нашар көретін адамдар үшін бедерлі екі шеңбер орналасқан.

Сырт жағында негізгі бейне - тау аясындағы барыс. Банкноттың оң жақ бөлігінде Қазақстан Республикасы аумағының пішіні мен жалауы бейнеленген. Түсі өзгеретін бояумен қазақ және орыс тілдерінде жазылған 10 000 теңгелік номиналының сандық белгілеуі. Банкноттың орталық бөлігінде тау бейнесінен төменірек 10 000 теңгелік номиналды сандық белгілеу және «он мың теңге» деген сөздер орыс тілінде жазылған.

2006 жылғы үлгідегі номиналы 5000 теңгелік банкнотаның сипаттамасы

Бет жағы: басым түсі күрең қоңыр-қызыл, басым бейне – тігінен. Орталық бөлігінде «Астана-Бәйтерек» монументі бейнеленген. Банкнотаның ортасында күрең-қызыл және кара сұр жолақтарда ақ түспен Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны нотасының фрагменттері бейнеленген, онда номиналдың сандық белгілерінің контуры ақ сызықтармен жүргізілген. «Бәйтерек» монументінің сол жағында қоңыр түспен Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген. Жоғарғы оң жақ бөлігінде – Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалауының бейнесі. Банкнотаның төменгі бөлігінде ашық алақан бейнеленген. Төменгі сол жақта номиналдың мемлекеттік тілдегі әріптік белгісі орналасқан. «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ

БАНКІ» жазуы төменгі сол жақта тігінен орналасқан, оның астында жалған ақша жасау жауапкершілігін ескертетін «Банкноттарды қолдан жасау заңмен қудаланады» деген мемлекеттік тілдегі жазу орналасқан.



Банкнота өлшемі 144x76 қағазда дайындалған.

Сырт жағы: басым түсі күрең қоңыр-қызыл, басым бейне – көлбеу. Негізгі бейне: Қазақстан картасының контуры, Алматы қаласында орналасқан Тәуелсіздік монументінің жоғарғы тұсы, «Қазақстан» қонақ үйі, артқы жағында таулар. Төменгі сол жақ бөлігінде және жоғарғы оң жақ бөлігінде банкнота номиналының сандық белгісі, ал төменде ортада орыс тіліндегі әріптік белгі орналасқан. Жоғарыда ортасында «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» жазуы және эмитент банктің логотипі басылған. Жалған ақша жасау жауапкершілігін ескертетін «Подделка банкнот преследуется по закону» деген орыс тіліндегі жазу ашық жердің жоғарғы сол жақ бұрышында орналасқан.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына шығарылған мерейтойлық жазуы бар 2001 жылғы үлгідегі номиналы 5000 теңгелік банкнот



Көлемі 149 x 74 мм. Басым түстері - қоңыр және күлгін.
Жалпы таралымы – 1 000 000 дана.

Бет жағындағы негізгі бейне - философ, ойшыл, ғалым Әл-Фарабидің (870 -950) портреті. Банкноттың сол жақ жоғарғы бұрышына көкшіл бояумен мемлекеттік және орыс тілдерінде «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 10 НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН» деп жазылған. Портреттің төменгі оң жақ бұрышындағы 1998 жылғы үлгідегі банкноттарда қолданылған жасырын бейне мен күміс металл бояу түсі құбылып тұратын «Аспанда қалықтаған бүркіт пен күн» бейнесіне өзгертілген. Портреттің сол жағына машина арқылы оқуға болатын жіп орналастырылған және жарыққа тосып қарағанда көрінуі мүмкін.

Банкноттың сырт жағындағы негізгі бейне - Қожа Ахмет Ясауидің кесенесі

2006 жылғы үлгідегі номиналы 2000 теңгелік банкнотаның сипаттамасы

Бет жағы: басым түсі қою және ақшыл жасыл, басым бейнесі – тігінен. Орталық бөлігінде «Астана-Бәйтерек» монументі бейнеленген. Банкнотаның ортасында қою жасыл және көк жолақтарда Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны ноталарының фрагменттері ақ түспен бейнеленген, осы жерге номиналдың сандық белгісінің контуры ақ сызықтармен жүргізілген. «Бәйтерек» монументінің сол жағында Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы жасыл түспен бейнеленген. Жоғарғы оң жақ бөлікте Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы бейнеленген. Банкнотаның төменгі жағында ашық алақан бейнеленген. Төменгі сол жағында номиналдың мемлекеттік тілдегі әріппен белгісі орналасқан. «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» жазуы төменде сол жағында тігінен орналасқан, оның астында жалған ақша жасау жауапкершілігін ескертетін «Банкноттарды қолдан жасау заңмен қудаланады» деген мемлекеттік тілдегі жазу орналасқан.



Банкнота өлшемі 139x73 қағазда дайындалған.

Сырт жағы: басым түсі қою және ақшыл жасыл, басым бейне – көлбеу. Негізгі бейне: Қазақстан картасының контуры, алдыңғы жағында Алматы қаласындағы Абай атындағы опера театры, артқы жағында тау өзені. Төменгі сол жақ бөлігінде және жоғарғы оң жақ бөлігінде банкнота номиналының сандық белгісі, ал төменде ортада орыс тіліндегі әріптік белгі орналасқан. Жоғарыда ортасында «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» жазуы және эмитент банктің логотипі басылған. Жалған ақша жасау жауапкершілігін ескертетін «Подделка банкнот преследуется по закону» деген орыс тіліндегі жазу ашық жердің жоғарғы сол жақ бұрышында орналасқан.

2000 жылғы үлгідегі номиналы 2000 теңгелік банкнот



Көлемі 144 x 69 мм. Басым түстері - жасыл және көкшіл.

Бет жағы: негізгі бейне - философ, ойшыл, ғалым Әл-Фарабидің (870 -950 ж.ж.) қырынан салынған портреті. Сол жағына «Қазақстан Ұлттық Банкі» деп жазылған. Портреттің сол жағына сутамғы белгімен Әл-Фарабидің қырынан қарағандағы бейнесі және сутамғы белгімен Барыс бейнеленген. Портреттің оң жағына реттік нөмірі тік сызықтың бойымен қызыл бояумен салынған. Портреттің сол жағына жоғарыда көлденеңінен реттік нөмірі қара бояумен салынған. Реттік нөмірдің астына «Банкноттарды қолдан жасау заңмен қудаланады» деп жазылған. Портреттің сол жағына номиналы ірі сандармен және әріптермен көрсетілген, олардың астына Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының қолы қойылып, шығарылған жылы жазылған. Сырт жағы: Негізгі бейне - Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің бір үзгісі. Кесене бейнесінің сол жағына жоғарыда ақшаның номиналы сандармен және әріптермен көрсетілген. Жоғарғы оң жағына «Подделка банкноты преследуется по закону» деп жазылған.

2006 жылғы үлгідегі номиналы 1000 теңгелік банкнотаның сипаттамасы



Банкнота өлшемі 134x70 қағазда дайындалған.

Бет жағы: басым түсі сарғыш-қоңыр, басым бейнесі – тігінен. Орталық бөлігінде «Астана-Бәйтерек» монументі бейнеленген. Банкнотаның ортасында ашық және қою қоңыр жолақтарда Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны ноталарының фрагменттері ақ түспен бейнеленген, осы жерге номиналдың сандық белгісінің контуры ақ сызықтармен жүргізілген. «Бәйтерек» монументінің сол жағында Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы қоңыр түспен бейнеленген. Жоғарғы оң жақ бөлігінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы бейнеленген.

Банкнотаның төменгі жағында ашық алақан бейнеленген. Төменгі сол жағында номиналдың мемлекеттік тілдегі әріппен белгісі орналасқан. «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» жазуы төменде сол жағында тігінен орналасқан, оның астында жалған ақша

жасау жауапкершілігін ескертетін «Банкноттарды қолдан жасау заңмен қудаланады» деген мемлекеттік тілдегі жазу орналасқан.

Сырт жағы: басым түсі сарғыш-қоңыр, басым бейне – көлбеу. Негізгі бейнесі: Қазақстан картасының контуры, алдыңғы жоспарда Президент мәдени орталығының үйі, артқы жоспарда таулар. Сол жақ төменде және оң жақ үстінде банкнота номиналының сандық белгісі, ал орта жақ төменде - орыс тіліндегі әріппен белгісі орналасқан. Ортасында жоғары жағында «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» жазуы және эмитент банктің логотипі басылған. Жалған ақша жасау жауапкершілігін ескертетін «Подделка банкнот преследуется по закону» деген орыс тіліндегі жазу ашық жердің жоғарғы сол жақ бұрышында орналасқан.

2000 жылғы үлгідегі номиналы 1000 теңгелік банкнот.



Көлемі 144 x 69 мм. Басым түстері - көкшіл және көк.

Бет жағы: Негізгі бейне - философ, ойшыл, ғалым Әл-Фарабидің (870 -950 ж.ж.) қырынан салынған портреті. Сол жағында «Қазақстан Ұлттық Банкідеген жазу бар. Портреттің сол жағында Әл-Фарабидің қырынан салынған портретінің сутамғы белгілері бар және ақшаның номиналы санмен белгіленген. Портреттің оң жағына «1000» саны екі рет бейнеленген. Портреттің оң жағына тік сызықтың бойымен қызыл бояумен салынған реттік нөмір қойылған. Портреттің сол жағына көлденеңінен кара бояумен салынған реттік нөмір қойылған. Реттік нөмірдің астына «Банкноттарды қолдан жасау заңмен қудаланады» деп жазылған. Портреттің сол жағына номиналы ірі сандармен және әріптермен көрсетілген, олардың астына Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының қолы қойылып, шығарылған жылы жазылған. Сырт жағы: Негізгі бейне - Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің бір үзігі. Кесене бейнесінің оң жағында ақшаның номиналы санмен және жазумен көрсетілген. Жоғарғы сол жағына «Подделка банкноты преследуется по закону» деп жазылған.

2006 жылғы үлгідегі номиналы 500 теңгелік банкнотаның сипаттамасы

Бет жағы: басым түсі көкшіл-сұр, басым бейнесі – тігінен. Орталық бөлігінде «Астана-Бәйтерек» монументі бейнеленген. Банкнотаның ортасында кара, көгілдір

және көк жолақтарда Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны ноталарының фрагментте рі ақ түспен бейнеленген, осы жерге номиналдың сандық белгісінің контуры ақ сызықтармен жүргізілген. «Бәйтерек» монументінің сол жағында Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы көк түспен бейнеленген. Жоғарғы оң жақ бөлігінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы бейнеленген. Банкнотаның төменгі жағында ашық алақан бейнеленген. Төменгі оң жақ бұрышында тігінен номиналдың мемлекеттік тілдегі әріппен белгісі орналасқан. Мемлекеттік әнұран ноталары астында эмитент банктің атауы мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» орналасқан, оның астында жалған ақша жасау жауапкершілігін ескертетін «Банкноттарды қолдан жасау заңмен қудаланады» деген мемлекеттік тілдегі жазу орналасқан.



Банкнота өлшемі 130x67 қағазда дайындалған.

Сырт жағы: басым түсі көкшіл-сұр, басым бейнесі – көлбеу. Негізгі бейнесі: Қазақстан картасының контуры, алдыңғы жоспарда ҚР Қаржы министрлігінің үйі, Астана қаласы әкімшілігінің үйі, артқы жоспарда теңіз үстіндегі шағала. Сол жақ төменде және оң жақ үстінде банкнота номиналының сандық белгісі, ал орта жақ төменде - орыс тіліндегі әріппен белгісі орналасқан. Ортасында жоғары жағында «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» жазуы және эмитент банктің логотипі басылған. Жалған ақша жасау жауапкершілігін ескертетін «Подделка банкнот преследуется по закону» деген орыс тіліндегі жазу ашық жердің жоғарғы сол жақ бұрышында орналасқан.

1999 жылғы үлгідегі құны 500 теңгелік банкноттың сипаттамасы.

Бет жағы: негізгі бейне - философ, ойшыл, ғалым Әл-Фарабидің (870-950 ж.ж.) қырынан салынған портреті. Портреттің оң жағына ою-өрнек әшекейі салынып, металл бояумен орындалған «500» саны интаглио бояуымен алмастырылған және банкнотты қай бұрышынан қарауға байланысты «500» санының бейнесі көрінетін болады. Банкноттың бет жағындағы оң жақ жоғарғы және төменгі бөлігіндегі металл бояумен салынған өрнек «500» саны жазылған микрошрифтке ауыстырылған.

Сырт жағы: негізгі бейне - Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің бір үзігі.

Бет жағы: басым түстер - көк, көкшіл. Оң жағына философ, ойшыл, ғалым Әл-Фарабидің (870 -950 ж.ж.) қырынан салынған портреті бейнеленген. Сол жағында

көкшіл-көк түспен «Қазақстан Ұлттық Банкі» деп жазылған. Портреттің сол жағында су тамғы белгілер: Эль-Фарабидің қырынан салынған суреті бар және ақшаның номиналы жазылған. Портреттің сол жағында металсыздандырылған жіпке «Қазақстан» деп жазылған және «500» саны көрінеді. Портреттің оң жағына алтын бояумен «500» саны екі рет салынған немесе банкнотты қай бұрыштан қарауға байланысты пайда болатын қазақтың ою-өрнегі. Портреттің оң жағына тігінен қызыл бояумен салынған көлемі әр түрлі реттік нөмір қойылған. Жоғарыда, портреттің оң жағына көлденеңінен қара бояумен реттік нөмір жазылған. Портреттің сол жағына номиналы ірі сандармен және әріптермен көрсетілген, олардың астына Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының қолы қойылып, шығарылған жылы жазылған.Сырт жағы: Басым түстер - көк, көкшіл.



500 теңгелік банкнот көлемі 144x69 мм ақ қағазға дайындалған.

Негізгі бейне - Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің бір үзігі. Кесене бейнесінің оң жағына ақшаның номиналы санмен және жазумен көрсетілген. Жоғарғы сол жағына «Подделка банкноты преследуется по закону» деп жазылған.1999 ж. және 1994 ж. үлгідегі номиналы 500 теңгелік банкноттардың айналыста қатар жүру кезеңі 2001 ж. 1 қыркүйекте аяқталады. Осы мерзім аяқталғаннан кейін 1994 ж. үлгідегі банкноттар заңды төлем құралы бола алмайды.2002 ж. 1 қыркүйектен бастап екінші деңгейдегі банктер заңды және жеке тұлғалардан 1994 ж. үлгідегі ақша белгілерін қабылдауға және айырбастауға міндетті емес.2002 жылғы 1 қыркүйектен бастап Ұлттық Банктің филиалдары 10 жыл бойы заңды және жеке тұлғалардан 1994 ж. үлгідегі банкноттарды қабылдайды және сараптама жүргізіліп, олардың түпнұсқа екендігі расталғаннан кейін қолданыстағы ақша белгілеріне айырбастайды.10 жыл өткеннен кейін Ұлттық Банктің Басқармасы белгіленген қабылдау және айырбастау мерзімін ұзартуға құқылы.

**Банктің активтері мен міндеттемелерін мерзімдеріне
қарай салыстыру кестесі**

№	Баптар	Актив	Міндеттемелер	А-В	Шартты міндеттемелер	A/(B+D)
		А	В	С		Д
1.	Талап етілгенге дейін					
2.	30 күнге дейін					
3.	3 айға дейін					
4.	6 айға дейін					
5.	1 жылға дейін					
6.	1 жылдан жоғары					
7	Барлығы					

Жетекші: _____
(аты-жөні) (қолы)

Бас бухгалтері: _____
(аты-жөні) (қолы)

Орындаушы: _____
(қызметі, аты-жөні) (қолы)

Есепке қол қойылған күн “ _____ “ _____ 200__ ж.

1-жолға жоғарыда көрсетілген өтімділігі жоғары активтер мен талап етілетін міндеттемелердің шамасының есебінде қабылданған банктің активтері мен міндеттемелері жатқызылуға тиіс.

Әрбір шетел валютасы бойынша валюталық позиция және валюталық
нетто-позициясы туралы есебі

“ _____ ” _____ 200__ ж.

(банктің қысқаша атауы)

Талаптар	Міндеттеме	Аптаның күндері бойынша операциялық күннің соңындағы қалдық					
		1			2		
		(күні)			(күні)		
Позиция		Талап-тар сома-сы	Мін-детте мелер сома-сы	Пози-ция	Талапт ар сома-сы	Мін-деттем елер сома-сы	Пози-ция
1.Қолма-қол шетел валютасындағы талаптар							
2.Депозиттер, орналастырылған/ алынған							
3. Займдар, берілген/ алынған							
4. Алынатын және төленетін сыйақылар							
5. Қарыздық және үлесті бағалы қағаздар							
6.Дебиторлық/кредитор-лық қарыз							
7.Туынды қаржы құралдары							
Барлық талаптар	Барлық міндеттеме						
Баланстан тыс шоттар бойынша талаптар-дың барлығы	Баланстан тыс шоттар бойынша Міндеттеме-лердің барлығы						

Барлық талаптар	Барлық міндеттеме							
Кестенің жалғасы								
Аптаның күндері бойынша операцияндық күннің соңындағы қалдық								
3			4			5		
(күні)			(күні)			(күні)		
Талап-тар сома-сы	Мін-детте мелер сома-сы	Пози-ция	Талап-тар сома-сы	Мін-детте мелер сома-сы	Пози-ция	Талап-тар сома-сы	Мін-детте мелер сома-сы	Пози-ция

Нормативтерді есептеген кездегі соңғы есептік күндегі меншікті капиталдың шамасы: _____

Жекелеген шет мемлекеттердің валюталары бойынша ашық валюталық позицияның бекітілген жоғарғы мөлшері (шет мемлекеттер топтары): _____

Валюталық нетто-позициясының бекітілген жоғарғы мөлшері: _____

Жетекші: _____
(аты-жөні) (қолы)

Бас бухгалтері: _____
(аты-жөні) (қолы)

Орындаушы: _____
(қызметі, аты-жөні) (қолы)

Есепке қол қойылған күн “ _____ ” _____ 200__ ж.

Кез келген шетел валютасы бойынша есептік апта ішінде ашық валюталық позиция лимиті артық болған жағдайда, банкке ашық валюталық позиция лимитін және валюталық нетто-позициясының лимитін үш апта ішінде 5 %-ға азайту түрінде санкция қолданылады.

Жекелеген шетел валютасы бойынша ашық валюталық позиция лимитінен 0,09 %-ға дейін асса, ол бекітілген лимитті бұзушылыққа жатпайды.

ҚР бейрезиденттерінің алдындағы міндеттемелеріне қатысты
банктердің капиталдану кестесі

№	Банктердің меншікті капиталдары	Коэффициенттердің ең жоғарғы нормативтік мәндері	
		к8	к9
1.	50 млрд-қа дейінгі	2	4
2.	50-ден 100 млрд-қа дейін	2,5	4,5
3.	100-ден 150 млрд-қа дейін	3	5
4.	150-ден 200 млрд-қа дейін	3,5	5,5
5.	200 млрд-тан жоғары	4	6

Несиелердің жіктелуі және оларға провизиялар құру

мың теңге

Жіктелуге байланысты несиелер тобы	Жалпы негізгі қарыз сомасы	соның ішінде, несиелер бойынша негізгі қарыз	Ережеге сәйкес негізгі қарыз сомасынан провизия мөлшері, (%)	Барлық нақты провизия сомасы	соның ішінде 2-ші параграфтағы несиелер бойынша провизия сомасы	Қамтамасыз ету құны
	1	2	3	4	5	6
1. Стандартты			0			
2. Күмәнді:						
1) 1-санатты күмәнді - төлемді уақытылы және толық төлеген жағдайда			5			
2) 2-санатты күмәнді - төлемді кешіктіргенде немесе толық төлемеген жағдайда			10			
3) 3-санатты күмәнді - төлемді уақытылы және толық төлеген жағдайда			20			
4) 4-санатты күмәнді - төлемді кешіктіргенде немесе толық төлемеген жағдайда			25			
5) 5-санатты күмәнді			50			
3. Үмітсіз			100			
Барлығы (1+2+3)						

ҚР екінші деңгейдегі банктердің депозиттерінің жіктелуі және оларға
провизия құру

мың теңге

Жіктелуге байланысты депозиттер тобы	Негізгі қарыз	соның ішінде, салық салына тын негізгі қарыз сомасы	Ережеге сәйкес негізгі қарыз сомасынан провизия мөлшері, (%)	Нақты құрылған провизия	соның ішінде 2 гарафа дағы қарыз бойынша
	1	2	3	4	5
1. Стандартты			0		
2. Күмәнді:					
1) 1-санатты күмәнді - төлемді уақытылы және толық төлеген жағдайда			5		
2) 2-санатты күмәнді – төлемді кешіктіргенде немесе толық төлемеген жағдайда			10		
3) 3-санатты күмәнді - төлемді уақытылы және толық төлеген жағдайда			20		
4) 4-санатты күмәнді – төлемді кешіктіргенде немесе толық төлемеген жағдайда			25		
5) 5-санатты күмәнді			50		
3. Үмітсіз			100		
Барлығы (1+2+3)					

ҚР екінші деңгейдегі банктердің бағалы қағаздарының
жіктелуі және оларға провизия құру

мың теңге

Жіктелуге тиісті бағалы қағаздар тобы	Номиналдық құны	Ережеге номиналдық байланысты мөлшері, (%)	сәйкес құнынан провизия	Нақты құрылған провизиялар
	1	2		3
1. стандарты		0		
2. Күмәнді:				
1) 1-санатты күмәнді - төлемді уақытылы және толық төлеген жағдайда		5		
2) 2-санатты күмәнді – төлемді кешіктіргенде немесе толық төлемеген жағдайда		10		
3) 3-санатты күмәнді - төлемді уақытылы және толық төлеген жағдайда		20		
4) 4-санатты күмәнді – төлемді кешіктіргенде немесе толық төлемеген жағдайда		25		
5) 5-санатты күмәнді		50		
3. Үмітсіз		100		
Барлығы (1+2+3)				

ҚР екінші деңгейдегі банктердің дебиторлық қарыздарының жіктелуі
және оларға провизиялар құру

мың теңге

Дебиторлық қарыз	Сома	соның ішінде, салық салу мақсатындаға құжатты есеп айрысулар мен кепіл-хаттар бойынша дебиторлық қарыз сомасы	Ережеге сәйкес негізгі қарыз сомасынан провизия мөлшері, (%)	Барлық нақты провизия сомасы	соның ішінде 2 гарафадағы дебиторлық қарыз бойынша провизия сомасы	Қамтама сыз ету құны
	1	2	3	4	5	6
1. стандарты			0			
2. Күмәнді:						
1) 1-санатты күмәнді - төлемді уақытылы және толық төлеген жағдайда			5			
2) 2-санатты күмәнді – төлемді кешіктіргенде немесе толық төлемеген жағдайда			10			
3) 3-санатты күмәнді - төлемді уақытылы және толық төлеген жағдайда			20			
4) 4-санатты күмәнді – төлемді кешіктіргенде немесе толық төлемеген жағдайда			25			
5) 5-санатты күмәнді			50			
3. Үмітсіз			100			
Барлығы (1+2+3)						

ҚР екінші деңгейдегі банктердің шартты міндеттемелерінің жіктелуі
және оларға провизиялар құру

мың теңге

Шартты міндеттеме	Сома	соның ішінде, қамтамасыз етілмеген аккредитив, шығарылған немесе растталған кепіл-хаттар бойынша шартты міндеттемелер сомасы	Ережеге сәйкес негізгі қарыз сомасы-нан провизия мөлшері, (%)	Барлық нақты провизия сомасы	соның ішінде 2 гарафа дағы шартты міндеттемелер бойынша провизия сомасы	Қамтамасыз ету құны
	1	2	3	4	5	6
1. Стандартты			0			
2. Күмәнді:						
1) 1-санатты күмәнді - төлемді уақытылы және толық төлеген жағдайда			5			
2) 2-санатты күмәнді – төлемді кешіктіргенде немесе толық төлемеген жағдайда			10			
3) 3-санатты күмәнді - төлемді уақытылы және толық төлеген жағдайда			20			
4) 4-санатты күмәнді – төлемді кешіктіргенде немесе толық төлемеген жағдайда			25			
5) 5-санатты күмәнді			50			
3. Үмітсіз			100			
Барлығы (1+2+3)						

Активтер мен шартты міндеттемелердің жіктелуі

		Критерилер			Баллдар
1.	<i>Қаржылық жағдайы</i>				
1)	Тұрақты			0	
2)	Қанағаттанарлық			+1	
3)	Тұрақсыз			+2	
4)	Қауіпті			+4	
2.	<i>Жіктелетін активтер бойынша кез келген төлемдерді кешіктіру</i>				
1)	Несие бойынша	Депозиттер, бағалы қағздар бойынша	Дебиторлық қарыз бойынша		
	Жіктелген актив бойынша төлемдерді төлеу мерзімінің кешіктірілуінің болмауы			0	
2)	1-30 күнге	7 күнге дейін	14 күнге дейін	+1,5	
3)	31-60 күнге	7 күннен 15 күнге	14 күннен 30 күнге	+2,5	
4)	61-90 күнге	15 күннен 30 күнге	30 күннен 60 күнге дейін	+3,5	
5)	90 күннен жоғары	30 күннен жоғары	60 күннен жоғары	+4,5	
3.	<i>Қамтамасыз ету сапасы</i>				
1)	Сенімді			-3	
2)	Жақсы			-2	
3)	Қанағаттанарлық			0	
4)	Қанағаттанарлықсыз			+1	
5)	Қамтамасыз етілмеген			+2	
4.	<i>Мерзімін ұзарту</i>				
1)	Мерзімін ұзартудың болмауы			0	
2)	Мерзімін ұзартудың болуы			мерзімін ұзарту саны +1	
5.	Мерзімі өткен өзге міндеттемелердің болуы (мерзімі өткен өзге міндеттемелердің болмауы – 0 балл)			+1	
6.	<i>Активтің көздеген мақсатқа пайдаланылмаған үлесі, % (25%-ға дейін – 0 балл)</i>				
1)	25 % жоғары			1	
2)	50 % жоғары			2	
3)	75 % жоғары			3	
4)	100 %			4	
7.	<i>Басқа несие берушілер алдында шегерілген қарыздарының болуы (шегерілген қарыздың болмауы – 0 балл)</i>			+2	
8.	<i>Қарыз алушыда рейтингтердің болуы:</i>				
1)	“А” және жоғары			-3	
2)	Қазақстан Республикасының рейтингінен жоғары -“А” дейін			-2	
3)	Қазақстан Республикасы рейтингі деңгейінде			-1	
4)	Қазақстан Республикасы рейтингі деңгейінен төмен және рейтингсіз болуы			0	
Барлығы					

Кестелерді толтыруға байланысты ескертулер:

Несиелерді жіктегенде жоғарыдағы кестеде көрсетілген 1-8 баптағы критерийлердің барлығы пайдаланылады.

Депозиттерді жіктегенде жоғарыдағы кестеде көрсетілген 1,2,5,7 және 8 баптар пайдаланылады.

Бағалы қағаздар және дебиторлық қарыздарды жіктегенде жоғарыдағы кестеде көрсетілген 1,2,4,5,7 және 8 баптар қолданылады.

Шартты міндетемелерді жіктегенде жоғарыдағы кестеде көрсетілген 1,2,3,5,7 және 8 баптар пайдаланылады.

Егер қарыз алушы оффшорлы аумақта тіркелген болса 8 бап қолданыламайды.

Қолма-қол ақшалардың кірісінің символдары төмендегідей түрде көрсетіледі

	Кіріс символдарының тізімдері
01	Тауарды сатудан, қызмет көрсетуден және жұмысты атқарудан түсетін түсімдер
02	Комуналдық төлемдерден түсетін түсімдер
04	Көлік кәсіпорындарынан түсетін түсімдер
05	Байланыс кәсіпорынан түсетін түсімдер
06	Мәйманхана, ойын және шоу бизнесінен түсетін түсімдер
07	Сақтандыру компанияларынан түсетін түсімдер
08	Жеке тұлғалардың кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруынан түсетін түсімдер
09	Өкілетті банктердің айырбастау орындарының шете валютасын сатудан түсітен түсімдері
10	Лицензиясы бар өкілетті ұйымдардың шете валютасын сатудан түсітен түсімдері
11	Жеке тұлғалардың мерзімді салымдарына түсетін түсімдер
12	Жеке тұлғалардың талап етілетін және ағымдық шоттарына түсетін түсімдер
13	Міндетті және ерікті зейнетақы жарналары
14	Бағалы қағаздарды және вексельдерді сатудан түсітен түсімдер
15	Жеке және заңды тұлғалардың займдарды өтеуі
16	Еңбек ақы төлеуге алынған ақшаның қайтарылуы
17	Өкілетті банктерге және өкілетті органдарға берілген ақшалардың қайтарылуы
18	Салықтардың, алымдардың және кедендік төлемдердің түсуі
19	Банкоматтардан алынған қолма-қол ақшалай түсімдер
20	Өзге түсімдер
21	Есептік мерзімнің басында Ұлттық банктің филиалының айналым кассасындағы қолма-қол ақшалардың қалдығы
22	Есептік мерзімнің басында ЕДБ-дің операцияндық кассасындағы қолма-қол ақшалардың қалдығы
23	ЕДБ-ден және ұйымдардан Ұлттық банктің филиалдарының айналым кассасына түсетін қолма-қол ақшалай түсімдер
24	ЕДБ-дің операцияндық кассасына Ұлттық банктің кассасынан түсетін қолма-қол ақшалай түсімдер
25	ЕДБ-дің операцияндық кассасына өзге ЕДБ-ден түсетін қолма-қол ақшалай түсімдер
26	ЕДБ-дің операцияндық кассасына өзінің құрылымдық бөлімшелерінен түсетін қолма-қол ақшалай түсімдер
27	Ұлттық банктің филиалдарының айналым кассасына резервтік қорлардан түсетін түсімдер
99	Салымдық операциялардың кассаларынан түсетін түсімдер

	Шығыс символдарының тізімдері
31	Тауарларды, қызметтердә және жұмыстарды төлеуге берген қолма-қол ақшалар
32	Еңбек ақы төлеуге берген қолма-қол ақшалар
34	Көлік және байланыс кәсіпорындарына берген қолма-қол ақшалар
36	Ауыл шаруашылық өнімдерін төлеуге берген қолма-қол ақшалар
37	Сақтандыру ұйымдарына берген қолма-қол ақшалар
38	Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалардың шоттарынан берген қолма-қол ақшалар
39	Өкілетті банктердің өздерінің айырбас орындарына шетел валюталарын сатып алуы үшін берген қолма-қол ақшалары
40	Лицензиясы бар өкілетті ұйымдардың шетел валюталарын сатып алуы үшін берген қолма-қол ақшалары
41	Жеке тұлғалардың мерзімді салымдары бойынша берген қолма-қол ақшалар
42	Жеке тұлғалардың талап етілетін және ағымдық шоттарынан берілген қолма-қол ақшалар
44	Бағалы қағаздар мен вексельдер бойынша төлемдер
45	Жеке және заңды тұлғаларға займдар беру
48	Зейнетақы және жәрдемақы төлеу
49	Банкоматтарды толтыруға берген қолма-қол ақшалар
50	Өзге шығыстар
51	Есептік мерзімнің соңында Ұлттық банктің филиалының айналым кассасындағы қолма-қол ақшалардың қалдығы
52	Есептік мерзімнің соңында ЕДБ-дің операциялық кассасындағы қолма-қол ақшалардың қалдығы
53	Ұлттық банктің филиалдарының айналым кассасынан ЕДБ-дің кассаларына берген қолма-қол ақшалар
54	ЕДБ-дің Ұлттық банктің кассасына тапсырған қолма-қол ақшалары
55	ЕДБ-дің операциялық кассасынан өзге ЕДБ-дің кассаларына берген қолма-қол ақшалар
56	ЕДБ-дің операциялық кассасынан өзінің құрылымдық бөлімшелерінің кассаларына берген қолма-қол ақшалар
57	Ұлттық банктің филиалдарының айналым кассасынан резервтік қорларға аударымдар
98	Салымдық операциялар кассасына берген қол-қол ақшалар

Төлемдердің тағайындалу кодының (ТТК) кестесі

ТТК	Аттары
0 – Зейнет ақы және жәрдем ақы	
001	Зейнетақы активтеріне инвестициялық басқаруды жүргізетін ұйымдардың зейнетақы жарнасынан алатын комиссияндық сыйақысы
002	Зейнетақы қорларының зейнетақы жарнасынан алатын комиссияндық сыйақысы (1%)
003	Инвестициялық шотқа қайтарым
004	Зейнетақы төлейтін шотқа аударым
005	Зейнетақы төлеуді ұйымдастырғаны үшін зейнетақы қорының комиссияндық ақысы (салымшылардың келісім-шарты бойынша)
006	Зейнетақы активтеріне инвестициялық басқаруды жүргізетін ұйымдардың инвестициялық табыстан алатын комиссияндық сыйақысы (10%)
007	Зейнет ақы қорларының инвестициялық табыстан алатын комиссияндық сыйақысы (10%)
008	Зейнетақы активтеріне инвестициялық басқаруды жүргізетін ұйымдардың шығындарды жабуы
009	Зейнетақы активтеріне инвестициялық басқаруды жүргізетін ұйымдардың уақытында инвестиция жасамағаны үшін пеня
010	Міндетті зейнетақы жарналары
011	Жинақтаушы зейнетақы қорларынан жасалатын төлемдер
012	Жеңілдікті (мерзімінен бұрынғы) зейнетақылар
013	Ерікті зейнетақы жарналары
014	Жинақтаушы зейнетақы қорларының арасындағы зейнетақы жинақтарын аудару
016	Зейнетақыға артық төлеген төлемдерді банктің қайтаруы
017	Бюджеттің есебінен мемлекеттік қызметкер зейнеткерлерге өтемдер
018	Зейнетақы жарнасына есептелген инвестициялық табыстар
019	Уақытында міндетті зейнетақы жарна қоспаған үшін пеня
020	Зейнетақыдан ұсталымдар
021	Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығының қате есептелген төлемдерді қайтаруы
029	Жергілікті бюджеттен трансферттер
030	Республикалық бюджеттен трансферттер
031	Банктің қате есептелген төлемдерді қайтаруы
032	Жинақтаушы зейнетақы қорларының қате есептелген сомаларды қайтаруы
033	Зейнетақы
034	Мүгедектік бойынша жәрдемақы
035	Мүгедектік бойынша жәрдемақын қайтару
036	Асыраушысын жоғалтуға байланысты жәрдемақы
037	Асыраушысын жоғалтуға байланысты жәрдемақыны қайтару
038	Жасы келуіне қарай төленетін жәрдемақы
039	Жасы келуіне қарай төленетін жәрдемақыны қайтару
040	Зейнеткерлерді, ҰОС қатысушылар мен кемтарларды жерлеуге арналған жәрдем ақылар
041	Зейнеткерлерді, ҰОС қатысушылар мен кемтарларды жерлеуге арналған жәрдем ақыларды қайтару
042	Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алатындарды жерлеуге төленетін жәрдемақы
043	Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алатындарды жерлеуге төленетін жәрдемақыны қайтару
044	Мемлекеттік арнайы жәрдемақы төлеу

045	Мемлекеттік арнайы жәрдемақыны қайтару
050	ҰОС арналған арнайы мемлекеттік жәрдемақы
051	ҰОС қатысушыларына
051	ҰОС мүгедектеріне
052	ҰОС қатысушыларын теңдестірілген ұлғаларға
053	ҰОС мүгедектеріне теңдестірілген ұлғаларға
054	ҰОС күйеулері қайтқан жесірлерге
056	Қайтыс болған әскерилердің жанұяларына
057	Қайтыс болған соғыс кемтарларының әйелдеріне (күйеулеріне)
058	ҰОС жылдары жасаған еңбегі үшін ордендар және медалдармен марапатталған тұлғаларға
059	Өзгелер
060	ҰОС арналған арнайы мемлекеттік жәрдемақыны қайтару
061	ҰОС қатысушыларына
062	ҰОС мүгедектерге
063	ҰОС қатысушыларын теңдестірілген ұлғаларға
064	ҰОС мүгедектеріне теңдестірілген ұлғаларға
065	ҰОС күйеулері қайтқан жесірлерге
066	Қайтыс болған әскерилердің жанұяларына
067	Қайтыс болған соғыс мүгедектерінің әйелдеріне (күйеулеріне)
068	ҰОС жылдары жасаған еңбегі үшін ордендар және медалдармен марапатталған тұлғаларға
069	Өзгелерге
070	Өзге санттағы азаматарға төленетін арнайы мемлекеттік жәрдемақылар
071	1 және 2 топтағы мүгедектерге
072	3 топтағы мүгедектерге
073	16 жасқа дейінгі мүгедек балаларға
074	Көпбалалы аналарға
075	Реабилитацияланған азаматтарға
076	Ерекше қызметі үшін зейнетақы алатын тұлғаларға
077	Өзгелерге
080	Өзге санттағы азаматарға төленетін арнайы мемлекеттік жәрдемақыларды қайтару
081	1 және 2 топтағы мүгедектерге
082	3 топтағы мүгедектерге
083	16 жасқа дейінгі мүгедек балаларға
084	Көпбалалы аналарға
085	Реабилитацияланған азаматтарға
086	Ерекше қызметі үшін зейнетақы алатын тұлғаларға
087	Өзгелерге
088	Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы жинақтары бойынша кредиторлық қарызын өтеуі
090	Өзге төлемдер
1-Арнайы аударымдар	
110	Өтелмейтін төлемдер
111	Емделуге арналған төлемдер
112	Білім беруге арналған төлемдер
119	Өзге
120	Мүшелік жарналар
130	Филиалдар мен өкілдіктердің төлемдері
131	Филиалдар мен өкілдіктерді қаржыландыру
132	Филиалдар мен өкілдіктердің қаржаттарын қайтару
140	Төлем карточкаларын пайдалану арқылы жасалатын төлемдер

150	Банктердің корреспонденттік шоттары бойынша транзиттік аударымдар
160	Таза-позициясы бойынша есеп айырысулар
170	Конференцияға, аукционға, тендерге қатысу
171	Кепілдік жарнасы
172	Кепілдік жарнасын қайтару
180	Құжатты операциялар
181	Аккредитив бойынша операциялар
182	Кепіл-хат бойынша операциялар
190	Өзге аударымдар
2-Шетелвалютасымен және бағалы металлдармен жасалатын аударымдар	
210	Сатып алу
211	Биржадан теңгеге шетел валютасын
212	Монеталы алтын
213	Биржадан тыс нарықтан теңгеге шетел валютасын
219	Өзге бағалы металлдарды
220	Сату
221	Биржада теңгеге шетел валютасын
222	Монеталы алтынды
223	Биржадан тыс нарықта теңгеге шетел валютасын
229	Өзге бағалы металлдарды
230	Шетел валютасын конвертациялау
290	Өзге төлемдер
3-Депозиттер	
310	Депозиттерді орналастыру
311	Талап етуге дейінге
312	Қысқамерзімге (1 жылға дейін)
313	Ортамерзімге (1 жылдан 3 жылға дейін)
314	Ұзақмерзімге (3 жылдан жоғары)
319	Өзге депозиттерге
320	Депозиттерді алу
321	Талап етуге дейінгі
322	Қысқамерзімді (1 жылға дейін)
323	Ортамерзімді (1 жылдан 3 жылға дейін)
324	Ұзақмерзімді (3 жылдан жоғары)
329	Өзге депозиттерді
390	Өзге төлемдер
4-Займдар	
410	Займдарды беру
411	Қысқамерзімге (1 жылға дейін)
412	Ортамерзімге (1 жылдан 3 жылға дейін)
413	Ұзақмерзімге (3 жылдан жоғары)
419	Өзге займдарды
420	Займдарды қайтару
421	Қысқамерзімді (1 жылға дейін)
422	Ортамерзімді (1 жылдан 3 жылға дейін)
423	Ұзақмерзімді (3 жылдан жоғары)
429	Өзге займдарды
490	Өзге төлемдер

5-Қазақстан Республикасының бейрезиденттермен шығарылған бағалы қағаздар, вексельдер және депозиттер, және шетел капиталына салынған инвестициялар	
510	Капиталға қатысуды қамтамасыз ететін акцияларды және өзге бағалы қағаздарды сатып алу
520	Мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу
521	1 жылға дейінгі өтелу мерзімі бар
522	1 жылдан жоғары өтелу мерзімі бар
529	Өзге
530	Мемлекеттік бағалы қағаздарды өтеу
531	1 жылға дейінгі өтелу мерзімі бар
532	1 жылдан жоғары өтелу мерзімі бар
539	Өзге
540	Корпоративтік қарыздық бағалы қағаздарды, вексельдерді және депозиттік сертификаттарды сатып алу
541	1 жылға дейінгі өтелу мерзімі бар векселдерді
542	1 жылдан жоғары өтелу мерзімі бар вексельдерді
543	1 жылға дейінгі өтелу мерзімі бар депозиттік сертификаты
544	1 жылдан жоғары өтелу мерзімі бар депозиттік сертификатты
545	Облигацияларды
548	1 жылға дейінгі өтелу мерзімі бар өзгелерін
549	1 жылдан жоғары өтелу мерзімі бар өзгелерін
550	Корпоративтік қарыздық бағалы қағаздарды, вексельдерді және депозиттік сертификаттарды өтеу
551	1 жылға дейінгі өтелу мерзімі бар векселдерді
552	1 жылдан жоғары өтелу мерзімі бар вексельдерді
553	1 жылға дейінгі өтелу мерзімі бар депозиттік сертификаты
554	1 жылдан жоғары өтелу мерзімі бар депозиттік сертификатты
555	Облигацияларды
558	1 жылға дейінгі өтелу мерзімі бар өзгелерін
559	1 жылдан жоғары өтелу мерзімі бар өзгелерін
560	Капитал және бағалы қағаздарға инвестициялар бойынша шығыстар
561	Бөлінген таза табыс және дивиденттер
562	Мемлекеттің бағалы қағаздары бойынша сыйақылар (пайыздар)
563	Корпоративтік қарыздық бағалы қағаздарды, вексельдерді және депозиттік сертификаттар бойынша сыйақылар (пайыздар)
570	Бағалы қағаздармен кері РЕПО операциясының ашылуы
580	Бағалы қағаздармен кері РЕПО операциясының жабылуы
590	Өзге төлемдер
6-Қазақстан Республикасының резиденттермен шығарылған бағалы қағаздар, вексельдер және депозиттер, және шетел капиталына салынған инвестициялар	
610	Капиталға қатысуды қамтамасыз ететін акцияларды және өзге бағалы қағаздарды сатып алу
620	Мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу
621	1 жылға дейінгі өтелу мерзімі бар
622	1 жылдан 3 жылға дейінгі өтелу мерзімі бар
623	3 жылдан жоғары өтелу мерзімі бар
629	Өзге
630	Мемлекеттік бағалы қағаздарды өтеу
631	1 жылға дейінгі өтелу мерзімі бар
632	1 жылдан 3 жылға дейінгі өтелу мерзімі бар

633	3 жылдан жоғары өтелу мерзімі бар
639	Өзге
640	Корпоративтік қарыздық бағалы қағаздарды және вексельдерді депозиттік сатып алу
641	1 жылға дейінгі өтелу мерзімі бар векселдерді
642	1 жылдан жоғары өтелу мерзімі бар вексельдерді
645	Облигацияларды
648	1 жылға дейінгі өтелу мерзімі бар өзгелерін
649	1 жылдан жоғары өтелу мерзімі бар өзгелерін
650	Корпоративтік қарыздық бағалы қағаздарды және вексельдерді өтеу
651	1 жылға дейінгі өтелу мерзімі бар векселдерді
652	1 жылдан жоғары өтелу мерзімі бар вексельдерді
655	Облигацияларды
658	1 жылға дейінгі өтелу мерзімі бар өзгелерін
659	1 жылдан жоғары өтелу мерзімі бар өзгелерін
660	Капитал және бағалы қағаздарға инвестициялар бойынша шығыстар
661	Бөлінген таза табыс және дивиденттер
662	Мемлекеттің бағалы қағаздары бойынша сыйақылар (пайыздар)
663	Корпоративтік қарыздық бағалы қағаздарды, вексельдерді және депозиттік сертификаттар бойынша сыйақылар (пайыздар)
670	ҚР резиденттермен шығарылған бағалы қағаздармен жасалатын кері РЕПО операциясының ашылуы
671	Мемлекеттің бағалы қағаздарымен
672	Корпоративтік қарыздық бағалы қағаздармен және вексельдермен
680	ҚР резиденттермен шығарылған бағалы қағаздармен жасалған кері РЕПО операциясының жабылуы
681	Мемлекеттің бағалы қағаздарымен
682	Корпоративтік қарыздық бағалы қағаздармен және вексельдермен
690	Өзге төлемдер
7- Тауарлар мен материалдық емес активтер	
710	Инвестицияланған тауарлар үшін төлемдер
720	Өзге тауарлар үшін төлемдер
730	Материалдық емес активтерді сатып алу
740	Тауарларды жөндеуге арналған төлемдер (компьютер және құрылыстық жөндеуден басқалары)
780	Жөнелтпеген тауарлары үшін қайтарылған қаражаттар
790	Өзге төлемдер
8-Қызметтер	
810	Көлік
811	Әуемен адам тасымалдау
812	Әуемен жүкі тасымалдау
813	Әуемен өзгелерді тасымалдау
814	Темір жолмен адам тасымалдау
815	Темір жолмен Басқа көлік түрлері –
816	Темір жолмен өзгелерді тасымалдау
817	Басқа көлік түрлері – адам тасымалдаушы
818	Басқа көлік түрлері – жүк тасымалдаушы
819	Басқа көлік түрлері – өзгелері
820	Құрылыс қызметі
830	Сақтандыру қызметі
831	Өмірді сақтандыруға байланысты сақтандыру жарнасы
832	Өмірді сақтандыруға байланысты сақтандыру төлемі

833	Өзге сақтандыру сыйақылары
834	Өзге сақтандыру төлемдері
835	Қайта сақтандыру беру
836	Қайта сақтандырушыға төлеу
837	Сақтандыру және қайта сақтандыруға байланысты комиссиялық сыйақы
839	Өзге
840	Қаржылық қызметтер
850	Өзге іскерлік қызметтер
851	Компьютерлік және ақпараттық қызметтер
852	Байланыс қызметі
853	Роялти және лицензиялық төлемдер
854	Сауда мәмілелері бойынша көрсетілетін қызметтер
855	Операциондық лизинг
856	Коммуналдық қызметтер
859	Өзге іскерлік, кәсіби және техникалық қызметтер
860	Жеке тұлғаларға көрсетілетін және мәдениет пен демалыс орындарында көрсетілетін қызметтер
861	Білім беру қызметі
862	Медициналық қызмет
869	Өзге
870	Жол жүру
880	Көрсетілмеген қызметі үшін қаражатты қайтару
890	Өзге
9-Бюджетке төлемдер мен бюджеттен төлемдер	
910	Бюджет алдындағы міндеттемелер
911	Декларациялар
912	Өткен жылдағы алынбаған алымдарды өтеу
913	Тексеру (қайта тексеру) актілері бойынша
914	Банкроттық процедурасын жүргізу кезеңінде
919	Өзге
920	Арнайы салық режимі
921	Бір жолғы талон негізінде шағын бизнес субъектілерінің
922	Патент негізінде шағын бизнес субъектілерінің
923	Оңайлатылған декларация негізінде шағын бизнес субъектілеріне
924	Шаруа (фермерлік) қожалықтарға арналған
925	Ауылшарушылық өнімдерін өндіруші - заңды тұлғаларға арналған
926	Кәсіпкерлік қызметтік жекелеген түрлеріне арналған
929	Өзге
930	Салықтық санкциялар мен пенялар
931	Салық заңын бұзғаны үшін
932	Тексеру (қайта тексеру) актілері бойынша
939	Өзге
940	Салық аударымдары және өзге міндетті төлемдердің сомаларын қайтару
941	Артық төленген соманы банктік шотқа қайтару
942	Қосылған құны салығын экспортерлардың банктік шотына қайтару
943	Бюджеттік классификацияның бір кодыннан екінші кодына қайта аудару
944	Сот органдарының шешімдері бойынша салық органдардың қате әрекеттерінен туындаған шығындарды өтеу
945	Сот органдарының шешімдері бойынша салықтарды (төлемдерді) қайтару

**Қарыз алушы сыпаты туралы
Қысқаша түйін формасы
Ұсынылатын сома (теңге немесе \$)**

1. Клиент туралы мәліметтер:

1. Клиент түрі (ЖШС, АҚ, ЖК – қарыз алушының заңи мәртебесі)
2. Байланысты компаниялар/тұлғалар
3. Негізгі қызмет
4. Жұмысшылар саны
5. Кәсіпорын мекен-жайы (бизнес орны)
6. Компания қожайындары/иелері (егер бизнес иегерлері біреуден көп болса, меншік үлесін пайыздық қатыста көрсету)
7. бизнес құрылымы сызба нұсқасы (егер керек болса)
8. Несиелік тарихы:

Банк/ несие беруші түрі	Несие сомасы	Жылын а % мөлшер леме	Несиені алу күні	өтеу мерзімі		Өтелме ген қалдық	Несие бойын ша төлем
				Келісім бойынша	Нақты		

Несиелік тарихының сипаттамасы (түсініктеме).

9. Банктік шоттары

Шот иесі	Банк түрі	Шот №	Валюта	Талдау уақытына қалдық

Шот иесі көрсетіледі, егер бизнес иесі біреуден көп болса және байлансытық компаниялар бар болса немесе біріккен бизнес болса.

2. Сұраныстырылып жатқан займ туралы мәліметтер:

1. Займ мақсаттары (егер инвестициялар болса, онда міндетті түрде қаржыландырудың толық жоспарын құру)
Қаржыландыру жоспары:

Іс-шара	Өткізу уақыты	Сомасы	Қаржыландыру көзі

Сұрастырылатын сома:		Ұсынылған сома:	
Сұрастырылатын мерзім:		Ұсынылған мерзім:	
Пайыздық сома: :		Пайыздық ставка:	
		Ай сайынғы төлем:	

3. қаржылық мәліметтер:

БАЛАНС

АКТИВ			ПАССИВ		
	Өткен талдау кезеңіне «__» _____ ж.	Ағымд. Талдау кезеңіне «__» _____ ж.		Өткен талдау кезеңіне «__» _____ ж.	Ағымд. Талдау кезеңіне «__» _____ ж.
Касса			Төлеуге шоттар		
Жинақтар			Меншікті займдары		
Есеп шот			Банк займдары		
Дебиторлық займдар			Басқа несиелер		
Жолдағы тауарлар					
ТМЗ					
Барлық айналым құралдары					
Құрал-жабдық					
Автотранспорт					
Жылжымайтын мүлік					
Барлық негізгі құралдар					
Инвестициялар			Меншікті капитал		
Барлығы:			Барлығы:		

Баланс баптарына толық түсініктеме:

Баланстарды салыстырмалы талдау: қайталау несиесі жағдайында баланс құрылымының өзгерісі, айналым және негізгі қорлардың, өзіндік капитал талданады.

Пайда мен шығын туралы есеп

(бизнестің маусымдық және басқа да ерекшеліктері жағдайында талданып жатқан период ұлғайтылуы мүмкін)

Доллар бағамы				
Айлар	-3	-2	-1	Орташа
Пайда				
өзіндік құн				
Маржа				
Жалпы пайда				
<i>Қосымша шығындар</i>				
Жалақы				

Транспорттық шығындар				
Аренда				
Салықтар				
Басқалар				
Бизнес бойынша пайда				
Басқа шығындар				
Басқа табыстар				
Таза пайда				
Несие бойынша төлем				(50-70%)
ТАЗА ҚАЛДЫҚ				

Пайда мен зиян туралы есеп егер қажет болса байланысқан компаниялар үшін бөлек немесе қосымша міндетті түрде біріккен есеп беріледі.

Егер несие АҚШ долларында берілсе және қызмет түрі, табысы доллар бағамына тәуелді болмаса және қатаң теңгелік тарифі болса, онда теңге түріндегі пайдасы көрсетілуі керек, ал АҚШ долларындағы орташа мәндерді зерттелуші периодтың орташа бағамымен емес, ағымдағы доллар бағамының орташа мәндерімен алыну керек.

«Қосымша шығындар» бабында бизнес бойынша шығындардың жалпы сомасы көрсетіледі.

Міндетті түрде несие бойынша ұсынылған төлемді көрсету және оның пайыздық қатынасының таза пайдаға қатынасын көрсету керек.

Пайда мен шығындар есбінен кейін осы есеп баптарына түсініктеме беру керек. Өндіріс талдауы кезінде өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау керек.

Шикізат түрі	Шикізат көлемі	Шикізат құны

4. ТҮСІНІКТЕМЕ:

Клиент туралы персоналды мәліметтер:

Бұл бөлімде басқарушылар, бас бухгалтер (аты-жөні, туу датасы, отбасылық жағдайы, қарамағындағы тұлғалар саны, (ата-аналар, т.б.) олардың жасы. Білімі, алғашқы жұмыс тәжірибиесі т.б.

Несие туралы ақпарат:

Келесідей ақпарат міндетті:

1. Клиент қалай жұмыс істейді – патент, куәлік немесе рыноктағы және тұлға ретінде (жай жыйықтар төленеді) тіркеусіз.
2. Жеткізушілер мен тқтынушылар құрылымы
3. Сатып алу кезеңділігі, қандай шарттармен, қайда, жиілігі.
4. Несие алу бизнес жағдайына қалай әсер етеді
5. Эскперттің қалауы бойынша басқа да ақпараттар

Қорытынды:

Клиенттің қызметін талдай келе несиені _____ көлемінде, мерзімге, ____% жылдық мөлшерінде, ұсынылған кепілге беруге болады деп санаймын.

Несие сарапшысы _____ Аты-жөні

Қамтамасыз ету (түйіндеменің бөлінбейтін бөлігі)

Қамтамасыз ету туралы мәімет сақтаулы тарау бөлек бетке шығарылып және несиелік досье құрылғанда жалпы папкаға ұсынылып отырған қамтамасыз етудің рыноктық және бағалау құны зерттелуші құрал ретінде (егер экспорт өз бетінше бағаласа) тігіледі. Егер бағалау Банкінің кепіл бөлімімен жүргізілсе, онда алынған ақпарат жай берілген кестеге жазылып, кепіл бөліміне сілтеме жасалынады.

Сипаты	Иесі	Орналасқан жері	Рыноктық құны	Кепіл құны	Төмендету коэф.
Міндеттемелердің жалпы сомасы:					
Кепілдің жалпы сомасы:					

ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК:

Жалпы сипаты:

- Мекен-жайы;
- Ауданы:
- Бөлме саны:
- Үйдің жоспарлану типі:
- Этаж- __, Этаждар-____, лифт бар-жоғы, панель/ кірпіш/сабан/т.б.
- Жалпы ауданы __ текше. м., тұруға жарайтын аудан __ текше.м., ас үй ауданы __ текше. М.
- Сан. Торап (бөлек, ортақ), сантехника (жағдайы, өндіруші ел т.б.)
- Балконның бар-жоғы, лоджиялар.
- Телефонның бар-жоғы (блокиратор арқылы, бөлек)
- Қоысмша сипаты: қабырғалары -, едені -, терезелері -, есіктері -.

Салыстырмалы сатылымдар: (мысалы): - 7 5000\$: Шагабудинов-Гоголь к-рі, 2-бөлм.

Панель 1(6), 45/35/б, сан. тор. бірікк., тел. бөлек;

«Крыша» газеті №24 15.06-21.06.2000ж.

(яғни пәтердің құнын анықтау үшін жылжымайтын мүлік нарығындағы нақты жағдай алынады, бұл үшін тура сондай пәтерлердің құны анықталады, сосын 1 текше м. құны анықталады (пәтер құны/жалпы ауданы).

Салыстырмалы бағдарлық құны(мұндағы S – зерттелініп жатқан пәтердің жалпы ауданы).

Төмендетуші және жоғарылатушы факторлар:

Банкінің өтімділік коэффициенті (___%)-___\$.

Пәтердің барлық кепіл құны: ___\$

АВТОТРАНСПОРТ:

- Маркасы:
- Мемлекеттік номер:
- Шығарылған жылы:
- Түсі:

Салыстырмалы салымдар: (жылжымайтын мүліктегідей анықталады, яғни қазіргі уақытқа бірнеше сондай ұсыныстар зерттеледі)

Зерттелуші автомобильдің салыстырмалы құны:

Төмендетуші жән жоғарлатушы факторлар:

Банкінің өтімділік коэффициенті (-___%)-___\$

Авторанспорттың барлық кепіл құны: ___\$

ТАУАРЛАР АЙНАЛЫМДА

- Тауар түрі:
- Өндіруші ел:
- Нарықтық құны:
- епіл құны:

ЖЕКЕ МҮЛКІ

- Сипаты:
- Маркасы:
- Өндіруші ел:
- Шығарылған жылы:
- Бағдарлы нарықтық құны:
- Кепіл құны:

Несие сарапшысы _____ аты-жөні

Ағымдық несиелік мониторинг туралы есебі

Банктің немесе филиалдың атауы _____
 Мониторинг күні _____
 Қарыз алушы _____
 Қарыз туралы келісім-шарт №__ күні _____
 Несие сомасы _____
 Сыйақы мөлшерлемесі _____

Көрсеткіштер	Ағымдағы төлем сомасы		Қарыз қалдығы	Түсіндірмесі (коментарии)
	жоспар	нақты		
Негізгі қарыз				
Сыйақы сомасы				

Қарыз алушының ағымдық шоты бойынша айналымы

	Кіріс	Шығыс
Соңғы айдағы		
Жылдың басынан бергі		

Жобаның іске асырылуы

№	Жоспарланған шаралар	Жобаның нақты іске асуы	Ауытқулар бойынша түсіндірме
1.	Құрал-жабдық сатып алу		
2.	Құрылыс		
3.	№ келісім-шартқа сәйкес шикізат сатып алу		

Анықталған қауіпті жағдайлар;

Қорытынды:

Несие бөлімінің бастығы

Несие менеджері

Салалар бойынша тереңдетілген мониторинг есебі

Саласы _____

Банктің немесе филиалдың атауы _____

Мониторинг күні _____

1. Несиелеу шарты.

Қарыз алушы _____

Қарыз туралы келісім-шарт №__ күні _____

Несие сомасы _____

Сыйақы мөлшерлемесі _____

Көрсеткіштер	Ағымдағы төлем сомасы		Қарыз қалдығы	Түсіндірмесі (коментарии)
	жоспар	нақты		
Негізгі қарыз				
Сыйақы сомасы				

2. Қамтамасыз етілуі.

№	Кепіл затының атауы	Кепіл құны	Жағдайы (қайта бағалау қажеттігі)

3. Несиелік ресурстардың көздеген мақсатқа пайдалануы

№	Атауы	жоспар	нақты	Түсіндермесі
1.	Құрал-жабдық сатып алу			
2.	№ келісім-шартқа сәйкес шикізат сатып алу			

4. Жобаны нақты іске асырылуы

№		Несиелеуден бастап мониторингке дейінгі әр айдағы көрсеткіштер							
		қаңтар		ақпан		наурыз		Барлығы	
		жоспар	нақты	жоспар	нақты	жоспар	нақты	жоспар	нақты
1.	Өндіріс көлемі								
2.	Сату көлемі								
3.	Бағасы								
4.	Сатудан түскен түсім								
5.	Өзіндік құны								
	соның ішінде есептелген амортизация								

6.	Жалпы пайда								
7.	Мерзім шығындары, соның ішінде								
7.1	Жалпы және әкімшілік шығындар								
7.2	Сату шығындары								
7.3	Пайыз төлеу шығыстары								
8.	Негізгі қызметтен түсетін пайда								
9.	Негізгі емес қызметтен түсетін пайда								
10.	Салық салғанға дейін жалпы қызметтен түскен пайда (зиян)								
11.	Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар								
12.	Салық салғаннан кейінгі жалпы қызметтен түскен пайда (зиян)								
13.	Өзге зияндар								
14.	Таза пайда								

5. Сатып алушылар мен жабдықтаушыларды талдау

5.1 Жабдықтаушыларды талдау

Жабдықтаушылардың аттары		Шикізат пен материалдар аттары	Жоспар бойынша			Нақты бойынша		
жоспар	нақты		Бір бірлігі үшін баға	Келісім-шарт сомасы	Төлеу шарты	Бір бірлігі үшін баға	Келісім-шарт сомасы	Төлеу шарты

5.2 Сатып алушыларды талдау

Сатып алушылардың аттары		Өнімдердің атаулары	Жоспар бойынша			Нақты бойынша		
жоспар	нақты		Бір бірлігі үшін баға	Келісім-шарт сомасы	Төлеу шарты	Бір бірлігі үшін баға	Келісім-шарт сомасы	Төлеу шарты

Ауытқуларға түсіндірме

7. Қарыз алушының ақшалай қаражатының айналымы; (несиелеуден бастап мониторинг жүргізгенге дейін)

	қаңтар		ақпан		наурыз	
	кіріс	шығыс	кіріс	шығыс	кіріс	шығыс
Касса, теңге						
Ағымдық шоты, теңге						
Валюталық шоты						
Барлығы						

8. Ақша қаражаттарының қозғалысының есебі (несиелеуден бастап мониторинг жүргізгенге дейін)

№	Ақша қаражаттарының қозғалысы	қаңтар		ақпан		наурыз	
		кіріс	шығыс	кіріс	шығыс	кіріс	шығыс
I	МЕРЗІМ БАСЫНДАҒЫ АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ						
	ОПЕРАЦИОНДЫҚ ҚЫЗМЕТ						
1.	Ақша қаражаттар түсімі						
2.	Өнімді сатудан тіскен түсім						
3	Алынған аванстар						
4	Өзге түсімдер (ашып жазу керек)						
5	<i>Ақша қаражаттар түсімінің барлығы</i>						
6	Ақша қаражаттарының шығуы						
7	Жабдықтаушылармен есеп айырысу						
8	Жалақы бойынша есеп айырысу						
9	Салықтық төлемдер						
10	Несие бойынша төлемдер (пайыз)						
11	Берілген аванстар						
12.	Өзге төлемдер (ашып жазу керек)						
13	<i>Ақша қаражаттар шығымдардың барлығы</i>						
14.	Операциялық қызметтен түсетін таза ақшалай қаражаттардың барлығы (5 жол – 13 жол)						
	ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ						
15	Ақша қаражаттар түсімі						
16	Қаржылай инвестицияларды (мемлекеттің бағалы қағаздары, облигациялар, акциялар және еншілес компаниялардағы үлесін) сату						
17	Негізгі құралдарды сату						

18	Ақша қаражаттар түсімінің барлығы						
19	Ақша қаржаттарының шығуы						
20	Қаржылай инвестицияларды (мемлекеттің бағалы қағаздары, облигациялар, акциялар және еншілес компаниялардағы үлесін) сатып алу						
21.	Негізгі құралдарды сатып алу						
22	Ақша қаражаттар шығымдардың барлығы						
23	Инвестициялық қызметтен түсетін таза ақшалай қаражаттардың барлығы (18 жол – 2 жол)						
	Қаржылық қызмет						
24.	Ақша қаражаттар түсімі						
25	Банктік несиелер алу						
26	«Байланысты компаниялардың» қаржылай көмегі						
27	Өзге түсімдер (ашып жазу керек)						
28	Ақша қаражаттар түсімінің барлығы						
29	Ақша қаржаттарының шығуы						
30	Банк несиелерін қайтару						
31	Өзге төлемдер						
32	Ақша қаражаттар шығымдардың барлығы						
33	Қаржылық қызметтен түсетін таза ақшалай қаражаттардың барлығы (28 жол – 32 жол)						
II.	МЕРЗІМНІҢ СОҢЫНДАҒЫ АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ (Мерзім басындағы ақша қаражаттар – (14 жол + 23 жол + 33 жол)						

Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептің түсіндірмесі:

9. Талдау

Қаржылық есеп

9.1 Жиынтық баланстық есеп, мың теңге

№	Көрсеткіштер	01.01.0X ж (несиені қарау күніне)	Алдыңғы мониторингтің мәліметтері	Мониторинг жүргізген күнге	Түсіндірме

			(нақты күнді көрсету)		
	АКТИВ				
	1-бөлім. Ұзақ мерзімді активтер				
1	Негізгі құралдардың бастапқы құны				
	Тозуы				
	Негізгі құралдардың қалдық құны				
2	Аяқталмаған капиталдық өндіріс				
3	Өзге ұзақ мерзімді активтер				
	1-бөлім бойынша барлығы				
	2-бөлім. Ағымдық активтер				
4	Ақшалай қаржаттар				
5	Алашақ қарыз				
6	Тауарлы-материалды запастар				
7	Өзге активтер				
	2-бөлім бойынша барлығы				
	ПАССИВ				
	3-бөлім				
8	Жарғылық капитал				
9	Бөлінбеген пайда				
10	Меншікті қаражаттардың өзге де көздері				
	3-бөлім бойынша барлығы				
	4-бөлім. Ағымдық міндеттемелер				
11	Берешек қарыз				
12	Банктік несиелер				
13	Өзге ағымдық міндеттемелер				
	4-бөлім бойынша барлығы				
	5-бөлім. Ұзақмерзімді міндеттемелер				
14	Ұзақ мерзімді банк несиелері				
15	Ұзақ мерзімді берешек қарыздар				
	5-бөлім бойынша барлығы				
	БАЛАНС				

9.2 Негізгі құралдары бойынша түсіндірме

Негізгі қорлардың атаулары	Амортизация мерзімі	Қалдық құны	Нарықтық құны	Ескертпе
Жер				
Машина және құрал-жабдықтар				
Ғимарат және құрылғылар				
Өзге негізгі құралдар				

9.3 Тауарлы-материалды запастар

Өнім түрлерінің аттаулары	Келісім-шарт сомасы	Баланс валютасына қатысты % - да	Бір өнімнің өзіндік құны	Сома	Үлесі, %	Азаймайтын қалды
Шикізат						
Жартылай өнімдер						
Дайын өнім						

9.4 Алашақ қарыздар:

Аттары	Келісім-шарт сомасы	Қарыз қалдығы	Пайда болған күні	Қайтарылу күні (жаспарланған)	Түзету коэффициенті	Қайтару кестесі	Үлесі, %	Пайда болу себебі
Барлығы								

9.5 Берешек қарыз:

Аттары	Келісім-шарт сомасы	Қарыз қалдығы	Пайда болған күні	Қайтарылу күні (жаспарланған)	Түзету коэффициенті	Қайтару кестесі	Үлесі, %	Пайда болу себебі
Барлығы								

9.6 Қайтару күндеріне байланысты алашақ және брешек қарыздарды талдау

Алашақ қарыз			
Өтімділік тобы		Сомасы (мың теңге)	Үлес салмағы
90 күнге дейін	1		
90 күннен 180 күнге дейін	2		
180 күннен 365 күнге дейін	3		
365 күннен жоғары	4		

Түсіндірме:

9.7 Қаржы коэффициенттерін талдау

Көрсеткіштер	Нормативтік мәні	Несиені берген күнге	Мониторинг жасар алдындағы күні	Мониторинг жасаған күні	Түсіндірме
1.Өтімділік коэффициенттері					
Ағымдағы өтімділік коэффициенті					

(қарастырлығын салаға арналған)					
Тез өтімділік коэффициенті					
2. Қаражат көздерін тиімді басқаруды талдауға арналған қаржылық тәуелсіздік коэффициенттері					
Міндеттемелердің активтерге қатынасы					
Міндеттемелердің меншікті капиталға қатынасы					
3.Компанияның ресурсын тиімді пайдалануды талдауға арналған айналымдылық коэффициенттері					
Алашақ қарыздың айналымдылығы, күнмен					
Берекшек қарыздың айналымдылығы, күнмен					
Тауарлы – материалды запастардың айналымдылығы, күнмен					
4. Пайдалылық коэффициенті:					
Жалпы пайданың нормасы					
Таза пайданың нормасы					

10. Қарыз алушының несиелік рейтингі

	Несиені берген күні	Мониторинг жасаған күні
Қарыз алушының жалпы несиелік рейтингі		

Түсіндірме: ауытқулар бойынша

11. Қарыз алушының жіктелімі:

	Несиені берген күні	Мониторинг жасаған күні
Несиенің жіктелімі		

Түсіндірме: ауытқулар бойынша

Анықталған қауіпті жағдайлар;

Қорытынды:

Банк филиалының бастығы

Несие бөлімінің бастығы

Несие менеджері

Сөздік

А

Аваль – вексель бойынша төлемді төлеуге міндеттеме алған тұлғаның атынан міндеттеме орындалмаға жағдайда вексельде көрсетілген соманы (толық не жартылай) төлеуге берілетін кепілдеме. Вексельді төлеуге кепілдеме беруші тұлғаны авальшы деп атайды.

Авторизация – банктік картаны пайдалану арқылы операцияны жүргізуге эмитент банктің беретін рұқсаты. Авторизациялау процедурасы аяқталған соң эмитент банк, банктік картаны (слип) пайдалану арқылы жасалған есеп айырысу және өзге құжаттарды төлеуге байланысты міндеттеме алады.

Агент банк - өзге тұлғаның атынын іс жүргізуге құзыретті банк. Агент-банк заңда қарастырылған барлық операцияларды орындай алады.

Акцепті несие - аудармалы вексельді (траттаны) акцептеу формасында банктерден, берілетін несие.

Акцепт - шаруашылық ішінде және халықаралық тауар айналымында тауарлар мен көрсетілген қызметтерді төлеуге кепіл беру немесе есеп айырысу құжаттарын төлеуге келісім беру.

Акцепті-рамбурсты несие- акцепт негізінде акцептеуші - банктің қаражатын орын толтыруға негізделген сыртқы сауданы несиелеу формасы.

Акцептеуші - төлем құжаттарын (вексель, чек, төлем талап-тапсырмасын) төлеуге келісім беретін заңды немесе жеке тұлға.

Аудармалы вексельдермен есеп айырысу барысында Акцептеуші ретінде төлем міндеттемесін өзіне қабылдайтын, немесе куәландыру трассат болады.

Акция – бұл акционерлік қоғамның жарғылық капиталына үлес қосқандығын куәландыратын және басқару ісіне қатысуға құқық беретін, сондай-ақ иесіне табыс әкелетін бағалы қағаз.

Акционерлік банктің акциясы – банктің жарғылық капиталына үлес қосқандығын куәландыратын және дивиденд алуға және банкті басқару ісіне араласуға құқық беретін бағалы қағаз.

Активті депозиттік операциялар – банктің уақытша бос ақша қаражаттарын басқа корреспондент-банктердегі шоттарда орналастыруымен байланысты операциялар. Олар банктің өтімді ретінде, яғни жалпы активтердің өте аз бөлігін алады.

Аллодж – вексельді үшінші бір тұлғаға аударып жазуға арналаған қосымша бет.

Айырбастау бағамы – шетел валютасына бейімделген сол елдің ақша бірлігінің бағасы. Айырбастау бағамының түрлері: өзгермелі (плавающий)

– валютаны еркін сатып алу-сату нарығы жағдайындағы, нарықтық ауытқулардың нәтижесінде белгіленеді; Қазақстан Республикасында 1999 ж. 4 сәуірден бастап, еркін өзгермелі бағам енгізілді, *номиналдық* (номинальный) – екі валютаның құндарының қатынасы ретінде есептелетін бағам; *тіркелген* (фиксированный) – айырбас бағамы мемлекет тарапынан қатаң түрде белгіленген айырбастау қатынасы; нақты (реальный) – валюталардың тауарлы қатынасын көрсететін айырбастау бағамы, яғни әр түрлі валютада бейнеленген бір ғана тауардың бағасының қатынасы.

Аккредитив (лат. *accredo* – сенемін) – бұл сатып алушының тапсырмасы бойынша сатып алушының (аккредитив ашушының) банкісінің жабдықтаушының банкісіне, аккредитивте көрсетілген құжаттарды жабдықтаушы бергеннен соң және аккредитивтің басқа да шарттарын орындаған жағдайда төлемді төлеуге берген шартты ақшалай міндеттемесі.

Аккредитивтің түрлері: өтелген және өтелмеген (непокрытый); қайтарылмалы және қайтарылмайтын.

Ақша ұсынымы – барлық ақша қаражаттарын қоса есептегенде орталық банктің айналысқа шығарған елдің аумағындағы ақшалар санының жиынтығы.

Ақша базасы – орталық банктің бақылауында болатын елдегі ақша ұсынысының бір бөлігі.

Акцепт (лат. *assertus* – қабылдау, келісу) – төлеуге келісім беру немесе төлемді кепілдеу. Акцепт инкассо, төлем талабы-тапсырмасы, аккредитив, аудармалы вексель сияқты есеп айырысу нысандарында қолданылады. Акцепт аталған есеп айырысу құжаттарында жазу нысанында «төлеуге келісім берілді» деп көрсетіледі. Акцепт толық немесе жартылай болуы мүмкін. Акцептің түрлері: теріс акцепт беруден бас тарту, яғни бекітілген мерзімде төлеуге келісім бермеуді білдіреді; оң акцепт – төлем құжаттарын төлеуге жазбаша келісім беру; алдын-ала – акцепт мерзімі ішінде, яғни төлем құжаттарын төлегенге дейін жасалады; кейінгі акцепт – төлемнен кейінгі келісім беру. Бұл жағдайда төлем құжаттары төлеушінің банкіне келіп түскен күні төленеді, бірақ акцепт құқығы төлеушіде сақталады, соның ішінде акцепт мерзімі ішінде акцепт бас тарту құқығы да толық сақталады. Бұл есеп айырысуды жеделдетеді.

Акционерлік банк – акционерлік қоғам сияқты ұйымдық-құқық нысанында құрылған банк. Акционерлік банк құру тәртібі мен оның қызмет ету механизімі «Акционерлік қоғам туралы», «Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы» Қазақстан Республикасы заңдарымен және Қазақстан Республикасы Ұлттық банктің нормативтік актілерімен бекітіледі.

Ақша – барлық тауарлардың құнын өлшейтін барлығына бірдей балама, ерекше тауар

Ақша массасы – 1) белгілі бір уақыт кезеңіндегі немесе белгілі бір күндегі айналыста жүрген ақшалардың саны; 2) айналысқа шығарылған ақша белгілерінің жиынтық саны, оларға: қолма-қол ақшалар, чектер, халық пен ұйымдардың банктердегі және басқа да несиелік мекемелердегі шоттарда сақталған ақшалай қаражаттары, сондай-ақ міндетті түрде төлеуге жататын ақшалай міндеттемелер жатады.

Ашық валюталық позиция – сол уақытта немесе алдағы уақыттарда жекелеген валюталарда қаражат алу талабы мен беру міндеттемесін бейнелейтін, сол валюталардағы сандық жағынан сәйкес келмейтін активтер мен міндеттемелердің (баланстан тыс талаптар мен міндеттемелерді есепке алғандағы) арасындағы шетел валютасындағы қаражаттар қалдықтарының айырмасы.

Ашық валюталық позиция қысқа және ұзын болып келеді.

Ақша мультипликаторы - ақша-несие жүйесіндегі салымдарды ұлғайту немесе қысқарту нәтижесінде қанша мөлшерде ақша ұсынысының көбеюін немесе азаюын көрсететін сандық коэффициент, мультипликатордың шамасы ақша-несие жүйесінде пайданылатын резервтеу нормасына кері пропорциональ болып келеді. Ақша мультипликаторын сондай-ақ банктік деп атайды.

Ақша-несие саясаты - экономиканың тұрақты дамуына және ұлттық валютаны сатып-алу қабілетін күшейтуге бағытталған ақша айналысын және несиелік қатынастарды басқаруға байланысты мемлекеттік атынан Орталық банк пен Үкімет арқылы жүзеге асырылатын шаралар жиынтығы.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк ақша-несие саясатының негізгі құралдары: қайта қаржыландыру мөлшерлемесін белгілеу; міндетті резерв нормасы; ашық нарықтағы операциялар; валюталық басқыншылық; тікелей сандық шектеулер.

Ақша-несие саясатының екі типі бар: экспанциялық (несие көлемін өсіру) және рестрикциялық (несие көлемін шектеу).

Ақшалай аударым – аудармада көрсетілген тұлғаға төлеуі туралы аударушының жазбаша немесе телеграфтың үкімі. Ақшалай аударымдарды несиелік және пошта мекемелері жүзеге асырады.

Ақша механизмі – ақша жиынындағы өзгерістер арқылы экономикаға ықпал ету тәсілі.

Аудармалы вексель (тратта) – вексель берушінің (трассанттың) үшінші бір тұлғаға (трассатқа) вексельді алғашқы ұстаушыға (бенефициарға) вексельде көрсетілген соманы, төлеу мерзімі жеткен кезде не оның мәлімдеуіне қарай төлеуі туралы бұйрығы. Трассат тратта бойынша төлеуге келісімін бергеннен бастап, борышқор болып табылады. Аудармалы вексель келесі бетіндегі индоссамент (басқа біреуге аударушы жазу) көмегімен айналыста жүре береді. Аудару туралы қолдардың көбеюіне байланысты вексель айналысы ұлғая түседі және мұндағы әр индоссант вексель бойынша міндеттемеге бірлесіп жауап береді.

Аударылмайтын депозиттік сертификаттар – салым иелерінің қолдарында болып, уақыты жеткен соң банкке салымды алу мақсатында ұсынылады.

Аударылатын депозиттік сертификаттар (переводимые депозитные сертификаты) – басқа бір тұлғаларға қайталама нарықта сатып алу-сату арқылы қолдан қолға ауысады.

Алғашқы резервтер – бұл сұралатын салымдарды қайтаруға және несиеге деген өтінішті қанағаттандыру үшін тез арада пайдаланылатын өтімділігі жоғары активтер.

Арнайы провизиялар – бұл құны өзінің сатып алу құнынан екі есе төмен немесе қайтарылмай қалуы мүмкін нақты жіктелінген активтер бойынша шығындарды жабу үшін құрылған резервтік ақшалар.

Авизо – өзара есеп айрысулардағы өзгерістер туралы бір банктің екінші бір банкке ресми түрдегі жазбаша хабарламасы. Авизоның екі түрі болады: кредиттік және дебеттік.

Дебеттік авизо (дебетовое авизо) – банктік шоттан қаражатты шегергені туралы хабарлама. *Кредиттік авизо* (кредитовое авизо) – банктік шотқа қаражат есептегені туралы хабарлама.

Алтын валюта резерві – халықаралық есеп айырысулар мен төлемдерді жүзеге асыру, төлем балансының тапшылығын қаржыландыру, ұлттық валюта бағамының тұрақтылығын қамтамасыз мақсатында пайдаланылатын Орталық банктің алтын және шетел валютасында құратын ресми қоры.

Ақша ағымы – қаржылық жыл ішінде банктің табатын және төлейтін ақшалай қаражаттар сомаларының арасындағы айырма.

Арнайы провизиялар – қайтарылмаған немесе құндарының төмендеуінен туындайтын нақты бір жіктелген активтер бойынша зияндарды жабуға арналған ақшалай резервтер.

Аннуитет - белгілі бір уақыт ішінде бірдей мөлшерде төленетін мерзімді төлемдер.

Андеррайтер - алдын алы келісінген шартқа сәйкес, бағалы қағаздар нарығында эмитенттің бағалы қағаздарын (акциялары мен облигацияларын) орналастыруға кепіл беруші тұлға.

Ә

Әмбебап банк – экономиканың барлық саласына бірдей қызмет көрсетумен шұғылданатын несиелік ұйым.

Б

Банк активтері – пайда табу мақсатында банктік ресурстарды, әр түрлі активтер бойынша орналастырған қаражаттары.

Банктік несие – бұл банктік мекемелерден қарыз алушыларға ақшалай түрде берілетін несие.

Банктік маркетинг банктік қызметтер рыногына бағытталған банк қызметінің түрі, оларды басқару қызметі мен тұжырымы, банк қызметтерінің ерекше ойлау философиясы.

Банктік инфрақұрылым - банктерді өміршеңдігі үшін оларды ақпараттық, әдістемелік, ғылыми жағынан, кадрлармен қамтамасыз ететін кәсіпорындар, агенттіктер байланыс және коммуникация, білім беру және ғылыми мекемелер жиынтығы.

Банк өтімділігі – бұл салымшылар мен қарыз берушілер алдында банктің өз міндеттемелерін уақытында және шығынсыз орындау қабілеттілігі.

Банктік құпия – банк клиенттерінің шоттары мен салымдары және банктің жасаған операциялары туралы айтуға болмайтын ақпараттар.

Банктік консорциум – бірлесіп несиелік операцияны жүргізуге және қарыз алушының төлем қабілетсіздігін туындайтын шығында азайту мақсатында уақытша біршама банктер арқылы ұйымдастырылған банктер тобы.

Банктік кепіл-хат – ақшалай формада орындалуға тиісті банк міндеттемесі.

Банктік қадағалау – банктік заңдылықтар орындалуын қамтамасыз ететін әр түрлі мемлекеттік органдардың қызметін сипаттайды.

Банк құжаттары – бухгалтерлік есеп және бақылауды жүргізу үшін банктер пайдаланатын ақшалай және есеп айырысу құжаттарының жиынтығы.

Банктік дағдарыс – экономикалық тұрақсыздық нәтижесінде банк жүйесінің күйреуі.

Банк құқығы – банк қызметі саласындағы қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар жиынтығы.

Банкноталарды қолдан жасау - заңсыз пайда табу мақсатында банкноталардың түп нұсқасының бастапқы түрін өзгерту. Қолдан жасауға: үстіне жапсыру, сызу, сөзді немесе санды жазу т.с.с. жатады.

Банктің ірі қатысушысы – бұл банктің басты акцияларының он немесе елу пайыздан астамын тікелей не жанама түрде иеленген, банктің қабылдаған шешімдеріне ықпал ету мүмкіндігі бар, ҚР резиденті не бейрезиденті саналатын жеке немесе заңды тұлға.

Банктің меншікті қаражаттары – банктің экономикалық дербестігін және қызмет ету тұрақтылығын қамтамасыз ететін әр түрлі қорлар (капиталдар) мен бөлінбеген пайдасы.

Банк ресурстары – бұл пассивтік операциялары негізінде қалыптасқан және барлық активтік операциялар бойынша банк өтімділігін қамтамасыз ету және пайда табу мақсатында орналастыруға бағытталатын банктің меншікті және тартылған қаражаттарының жиынтығы.

Банктің меншікті капиталы– банктің қаржылық тұрақтылығын, коммерциялық және шаруашылы қызметін қамтамасыз ету үшін құрылған банктің әр түрлі қорлары мен сол сияқты ағымдағы қызметінің нәтижесіне байланысты және өткен жылдардағы бөлінбеген пайдасы.

Банктік инвестиция – пайда табу мақсатында банктің ресурстарын орналастыруға бағытталған активтік операциялардың жиынтығы.

Банктің инвестициялық саясаты – банк қызметінің тұрақты жұмыс жасауын, нәтижелілігін немесе пайдалылығын, сондай-ақ өтімділігін қамтамасыз ету мақсатында инвестициялар портфелін басқару стратегияларын жасауға және іске асыруға бағытталатын шаралар жиынтығы.

Банктің филиалы– филиал туралы ережеде немесе лицензияда көрсетілетін банктік операцияларды жүзеге асыруға құқылы және өзінің дербес бухгалтерлік балансы бар, заңды тұлға болып табылмайтын банктік мекеме.

Банктің өкілдігі– банктік операцияларды жүзеге асырмайтын, яғни банктің тапсырмасымен және оның атынан әрекет ететін банктің орналасқан жерінен тыс орналасқан, заңды тұлға болып табылмайтын банктің құрылымдық бөлімшесі.

Банктің инвестициялық қоржыны – банктердің пайда әкелетін бағалы қағаздарға салынған қаражаттарының жиынтығын білдіреді.

Банктің субординарлық қарызы– бастапқы қайтару мерзімі бес жылдан жоғары болып келетін, депозиттік міндеттеме болып табылмайтын, меншікті капиталға жататын қарызы.

Банктің брокерлік қызметі – клиенттің тапсырмасы бойынша және оның есебінен бағалы қағаздармен операциялар жүргізу.

Банктің дилерлік қызметі– банктің өзінің атынан және өзінің есебінен бағалы қағаздармен сауда-саттық операцияларын жүзеге асыру.

Банктің бөлінбеген пайда – акциялар бойынша дивиденті төлегеннен және резервтік қорға аударғаннан кейін банктің иелігінде қалатын пайданың бөлігі.

Банкнота – Орталық банктің кепілдігімен айналысқа шығарылатын ақша белгілері.

Банктік тарифтер – инкассация және вексельді өтегені, есеп айырысуларды жүзеге асырғаны, чектерді шығарғаны, несиелерді бергені және т.б. үшін банктердің көрсететін қызметіне қосатын үстемелері.

Банктік аударым – 1) халықаралық есеп айырысу нысаны; 2) банк клиентінің екінші бір тұлғаның есебіне белгілі бір қаражат сомасын аудару туралы тапсырмасы.

Банкомат – банктік карточка көмегімен және ондағы сақталған қаражат көлемінде, оның иесіне қолма-қол ақшаны алуға мүмкіндік беретін автоматандырылған құрылым.

«Банк-клиент» жүйесі – заңды немесе жеке тұлғаларға байланыс желісі арқылы қызмет көрсетуші банкке электрондық нысанда есеп айырысу құжаттары мен өзге ақпараттарды беруге мүмкіндік беретін бағдарламалы техникалық кешен.

Банктік менеджмент – алға қойған мақсатқа жету немесе пайда табу мақсатында банк қызметін ұйымдастыруға бағытталған басқарушылық іс-әрекеттердің жүйесі.

Банкаралық несиелік нарығы – банктерге және банктік емес ұйымдарға қысқа мерзімді банкаралық депозиттер мен несиелер нысанында уақытша бос ақша қаражаттарды тартуға және орналастыруға арналған несиелік нарығының бір бөлігі.

Бэк-кеңсесі - Фронт-офис қызметін қолдай отырып, клиенттерге құжаттық қызмет көрсететін банк бөлімшесі.

Бенефициар – тапсырмада көрсетілген қолма-қол және қолма қолсыз ақшалай аударымдарды алушы тұлға.

Бенефициар банк – келісімшартқа сәйкес қаражатты жөнелтушіден (төлеушіден) бенефициардың (жабдықтаушының) атына келіп түскен қаражатты қабылдаушы немесе қаражатты жөнелтушінің тапсырмасымен көрсетілген өзгеде іс-әрекетті жүзеге асыратын банк.

В

Валюта – бұл біріншіден, сол елдің ақша бірлігі; екіншіден, шетел мемлекеттерінің ақша белгілері; үшіншіден, халықаралық есептесу бірліктері және төлем құралы СДР, еуро.

Валюталық бағам – бір елдің ақша бірлігінің екінші бір елдің ақша бірлігіне қатысты бейнелейтін бағасы.

Валюталық саясат - валютаға, валюта бағасына, валюталық операцияларға әсер ету арқылы елдің ішінде және тысқары жерлерде жүргізілетін мемлеттің экономикалық саясаты мен сыртқы экономикалық саясатының құрамдас бөлігі.

Валюталық реттеу - валюта айналысын басқаруға, валюталық операцияларға бақылау жасауға, ұлттық валютаның бағасына ықпал етуге, шетел валютасын пайдалануды шектеуге байланысты мемлекет органдарының қызметі. ҚР-да валютаны реттеуді жүргізуге валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы ҚР-заңын жетекшілікке алады.

Валюталық операциялар - шетел валютасының сауда саттық жасау, шетел валютасын төлемі құралы ретінде пайдалану, ұлттық валютаны сыртқы экономикалық қызметі жүзеге асыру барысында пайдалану шетелден валютаны әкелу және шетелге шығару валюталық құндылықтарды аударып жіберуімен байланысты операциялар.

Валюталық құндылықтар - халықаралық валюта- қаржы байланыстары арасында қолданылатын материалдық объектілер. Оларға мыналар жатады: шетел валютасы; шетел валютасындағы төлем

құжаттары (вексельдер, чектер, аккредитивтер) қор құндылықтары (акциялар, облигациялар), табиғи асыл бағалы тастар (алмаз, рубин, изумруд, сапфир, александрит, жемчук), сондай-ақ қымбат бағалы металлдар (алтын, платина және платина тобындағы металлдар - палладий, иридий, осмий, родий, рутений).

Валюталау күні – ақшаны жөнелтушінің көрсетуімен төлем құжатында жазылатын бенефициардың ақшалай аударымды алатын күні.

Валюталық тепе-теңдік - бір валютаны екінші біріне айырбастау үшін қатаң, ресми түрде белгіленген қатынас.

Валюталық резервтерді диверсификациялау – бұл халықаралық есеп айырысуларды қамтамасыз ету, валюталық интервенция жүргізу және валюталық шығындарды сақтау мақсатында әр түрлі валюталарды қосу жолымен валюталық резервтердің құрылымын реттеуге бағытталған мемлекеттің және банктердің саясаты.

Валюталық шектеу – резиденттер мен бейрезиденттердің, валюталар және басқа валюталық құндылықтармен жасалатын операцияларын заңды түрде немесе әкімшілік түрде тыйым салу.

Валюталық биржа – шетел валютасымен валюталық операцияларды жүзеге асыратын, сұраныс пен ұсыныс негізінде ұлттық валютаға қатысты шетел валюталарының ағымдағы бағамын белгілейтін ұғым.

Валюталық бақылау - валюталық операцияларды жүзеге асыру барысында валюта заңдарының орындалуын қамтамасыз ету. Валюталық бақылаудың басты міндеті: жұмыс істейтін заңдылықтарға сәкес валюталық операциялардың жүргізілуін және оларға деген лицензиялар мен рұқсат қағаздарының болуын анықтау.

Валюталық декларация - тасымалданатын валюта туралы мәліметтерден тұратын, кеден орнына ұсынылатын, өтініш түріндегі құжат.

Валюталық қоржын - ұлттық және аймақтық валюталардың бағамдарын анықтауға арналған шетел валюталарын котировкалауда пайдаланылатын валюталар жиынтығы.

Валюталық бағамдау – заңды нормаларға және қалыптасқан тәжірибеге сәкес шетел валюталарының бағамдарын белгілеу. Валюталық бағамдау тікелей және жанама болып бөлінеді. Тікелей котировкалау бойынша, шетел валютасының бағамы ұлттық валютамен бейнеленеді. Ал, жанама котировкалауда ұлттық валютаның бағамы шетел валютасына қатысты бейнеленеді (мысалы 1 АҚШ доллары =117,17 теңге).

Валюталық резервтер – халықаралық есеп айырысуларға арналған, Орталық банктегі және қаржы ұйымдарындағы немесе халықаралық қаржы-несие ұйымдарындағы шетел валютаның қаражаттар.

Валюталық бақылау – резиденттер мен бейрезиденттердің валюталық құндылықтармен жасалатын валюталық операциялардың, бекітілген заңдылықтар мен нормативтік актілерге сәйкес жүргізілуін

тексеру мақсатында Орталық банк пен кеден ұйымдары тарапынан жүзеге асырылатын бақылау түрі.

Валюталық тәуекел - шетел валютасының бағамының өзгеруіне байланысты валюталық құндылықтармен операциялар жасау барысында туындайтын қауіп.

Валюталық тәртіпті ырықтандыру – валюталық операциялар бойынша жасалатын валюталық шектеулерді алып тастау және валюталық нарық субъектілеріне еркіндік беру.

Вексель – белгілі бір соманы алдын ала келісілген мерзімде және белгіленген жерде төлейтіндігі туралы борыш қордың қарыздық міндеттемесі.

Вексель дисконты – 1) қызмет ету мерзімі аяқталғанға дейін вексельді номиналдан төменгі бағамен сатып алу; 2) вексельдерді есепке алу барысында банктердің алатын есепке алу пайызы.

Вексель валютасы - вексель төлеуге берілетін валюта; халықаралық айналымда вексельге несие беруші елдің, борышқор елдің, сондай-ақ үшінші бір елдің валютасында вексельді төлеуге берілуі мүмкін.

Г

Гэп – берілген уақыт аралығында пайыздық мөлшерлемелер өзгерісіне сезімтал активтер мен пайыздық мөлшерлемелер өзгерісіне сезімтал пассивтер арасындағы айырма.

Д

Домицилиант – вексельде көрсетілген төлемді жүзеге асыратын, вексельде делдал ретінде қатысатын банк.

Дебеттік карточка – карточкалық шот иесіне банкоматтан қолма-қол ақша алуға және карточкамен қызмет көрсететін сауда үйлерінде, мейрамханаларда және т.б. орындарда сатып алынған тауары мен қызметтері үшін есеп айрысуға мүмкіндік беретін төлем құралы.

Дебеттік (төлем) карточка - банкте арнайы карточкалық шотынды қаражаты бар, клиент пен банк арасындағы өзара келісім-шартқа сәйкес шоттағы қаражатты пайдалануға, банкомат арқылы қолма-қол ақша алуға, сондай-ақ тауарлар мен қызметтер үшін төлеуге арналған төлем құралы.

Дебеттік аударымдар – төлемді жасау үшін бенефициардың ақшаны жөнелтуші банкке төлем құжаттарын беру жолымен жүзеге асатын қолма-қол ақшасыз төлемдер.

Депозитарий қызметі – бағалы қағаздар иелерін құқықтарын есепке алу және растауға, бағалы қағаздармен мәміле жасауда техникалық жағынан қамтамасыз етумен байланысты банктердің қызметі.

Депозит – бұл клиенттердің (жеке және тұлғалардың) банктегі белгілі шотқа салған және өздері пайдалана алатын қаражаттары.

Депозиттік сертификат – заңды тұлғаның банкке салған қаражатын куәландыратын және оған салым мерзімінің өтуіне қарай банктен немесе оның филиалдарынан салған салым сомасы мен сыйқы мөлшерлемесін алуға құқық беретін бағалы қағаз.

Депозитарлық қолхат – депозитар-банкте сақталатын, шетел компанияларының акцияларына шығарылған туынды бағалы қағаз.

Дивиденд – акционерлерге қолында бар акцияларының құндылықтарына қарай жылсайын төлеп отыратын және акционерлер (акция иелері) арасында бөлінетін акционерлік қоғам пайдасының бір бөлігі.

Дисконт – төлеу мерзімі жеткенге дейін вексельді есепке алу және қайта есепке алу барысында алынатын пайыз.

Е

Еншілес банк – жарғылық капиталдың елу пайыздан астамы бас банкке тиселі және өзінің дербес бухгалтерлік балансы бар, заңды тұлға.

Есеп айырысу-кассалық бөлім – ҚР аумағында банктік операциялардың жекелеген түрлерін орындайтын, филиал немесе өкілеттік мәртебесі жоқ, заңды тұлға емес, ҚР Ұлттық банктің келісімі негізінде құрылатын банктік аумақтық бөлімшесі.

Еркін өзгермелі бағам – бұл валюталық нарықтағы сұраныс пен ұсыныс негізінде белгіленетін нарықтық бағамды білдіреді.

Ж

Жай вексель (соло) – вексельді ұстаушыға вексельде көрсетілген соманы белгілі бір уақытта немесе мәлімдеуге байланысты төлеу туралы вексель берушінің міндеттемесін сипаттайтын вексель.

Жалпы провизия - арнайы провизия құруылуға міндетті активтерден басқа барлық активтері бойынша мүмкін болар зияндарды жабуға арналған ақшалай резервтер.

Жеке шот - жеке тұлғалар мен есеп айырысу үшін банкте немесе өзге несиелік мекемелерде ашылатын шот түрі.

Жинақ кассасы – жинақ салымдары түрінде халықтың ақшалай қаражаттарын тарататын және оларға пайыз төлейтін несиелік мекеме.

Жинақ сертификаты – жеке тұлғаның банкке салған қаражатын куәландыратын және оған салым мерзімінің өтуіне қарай банктен немесе оның филиалдарынан салған салым сомасы мен сиақы мөлшерлемесін алуға құқық беретін бағалы қағаз.

Жинақ банкі – халықтың жинағын тартумен айналысып, халыққа тұтыну және ипотекалық несие беретін несиелік мекеме.

И

Инфляция (латын. inflatio, аудармасы - “қабыну”, “ісіну”) - бұл бағаның өсуінен, тауарлар тапшылығынан және тауарлар және қызметтер

сапасының төмендеуінен туындайтын ақшаның құнсыздануы, сондай-ақ ұлттық валютаның сатып алу қабілетінің төмендеуі.

Инвестициялық банк - ірі жобаларға күрделі қаржы жұмсау, ұзақмерзімді несиелер беру және өндірістік корпорациялардың акцияларын сатып алу арқылы инвестициялық саясатты жүргізетін маманданған банк. Инвестициялық банктің ресурстары облигациялар шығару және меншікті акцияларын сату есебінен құрылады. Инвестициялық банктердің басты ерекшелігі олар халықтан салым салуға маманданбайды.

Инвестициялық қоржын пайдалы объектілерге капитал салумен байланысты активтік операциялар барысында банктің сатып алған бағалы қағаздарының жиынтығы. Инвестициялық қоржын корпорациялардың, компаниялардың бағалы қағаздарына салынған меншікті инвестицияларды және екінші реттегі резервтер ретінде мемлекеттің бағалы қағаздары түріндегі өтімді активтерден құрылуы мүмкін.

Индексациялау - ақшаның құнсыздануы нәтижесінде халықтың және кәсіпорынның шеккен зиядарының толық немесе жартылай орнын толтыру. Индексациялау зейнет ақы, степендия, еңбек ақы, және ең төменгі әлеуметтік кепілдемелерді қайта қарауда білдіреді.

Инкассатор - банктің кассасынан ақшаларды кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің кассаларына жеткізуші, сондай-ақ олардың кассаларындағы ақшалай түсімдерді жинап, банкке өткізуге құзіретті лауазымды тұлға.

Инкассо (лат. inkasso) - банк клиенттің тапсырмасы бойынша төлеушіден төлемді немесе төлемге беретін келісімді алуға міндеттеме алатын банктік операцияның түрі. Инкассо – қалааралық есеп айырысудың біршама тиімді формасы, өйткені ол жабдықтаушы мен төлеуші үшін қолайлы: жабдықтаушы үшін тиімділігі, төлеушіден ақшаны алып, оны жабдықтаушының шотына есепке алу міндетін банк өзіне алса, ал төлеуші үшін тиімділігі, ол төлемде өзі бақылау жасайтындықтан да, оның төлеуден толық немесе жартылай бас тарту мүмкіндігі бар.

Инкассалық өкім – заң актілерінде көзделген жағдайда ақшаны жөнелтушінің келісімінсіз,оның банктік шотынан ақшаны алу үшін пайдаланылатын төлем құжаты.

Инспекциялық (іштей) қадағалау – банктерді орналасқан жерінде тексеру арқылы олардың жағдайлары туралы нақты мәліметтер алуға мүмкіндік беретін банктердің қызметін реттеу әдісі.

Ипотека (грек. hypothekē – кепіл) ипотекалық сауда алу мақсатында жылжымайтын мүлікті, ең бастысы жерді және құрылысты кепілге қою. Ипотекада кепілге салынған мүлік несие берушінің қолына берілмей, борышқордың қолында қалады. Ипотека – деп, сондай-ақ ипотекалық несие бойынша қарызды және мүлік актісін түсінуге болады.

Ипотекалық несие - жылжымайтын мүлікке (жер, өндіріс және үй ғимараттары, құрылғыларға) банктерден берілетін ұзақ мерзімді займ.

Ипотекалық облигациялар – жылжымайтын мүліктермен қамтамасыз етіліп шығарылған ұзақ мерзімді құнды қағаздар.

Инсайдер – жалпы халыққа қолжетімсіз, ішкі қызметтік ақпараттарды, құпиялы мәліметтерді білетін, компанияның ішінде жұмыс жасайтын немесе компанияның 10% дауысты акциясын иеленетін тұлға.

Индоссамент – бір тұлғадан (индоссанттан) екінші бір тұлғаға (индосатқа) беруге құқық беретін вексельдің, чектің, коносаменттің және өзге бағалы қағаздардың келесі бетінде көрсетілген аударып жазу туралы таңбасы.

Индоссант – вексельдің артқы бетінде аударып жазуды жүзеге асыратын және вексель бойынша төлемді алу құқығын өзге тұлғаға беруші тұлға.

Индосат - аударып жазу арқылы вексельді алушы (ұстаушы) тұлға.

К

Кастодиан (ағылшын. custodian – сақтаушы) - клиенттің тапсырмасы бойынша құнды қағаздарын сенімгерлік сақтауға қабылдайтын банк, немесе қаржы агенті; сақтаушының қызметінде клиенттің құндылықтарымен сауда-саттық операцияларын жүргізу қарастырылмайды.

Кассалық операциялар - қолма-қол ақшаларды қабылдау, беру және қайта санаумен байланысты банктердің, кәсіпорындардың және фирмалардың операциялары.

Кассалық мәміле - мәміле жасаған күні немесе бір аптадан аспайтын мерзім ішінде құнды қағаздар төленетін және сатып алушыға берілетін өзіндік ерекшелігі бар қор биржаларындағы құнды қағазбен жасалатын операция.

Комиссиондық сыйақы - 1) мәміленің сомасынан пайыз түрінде есптелетін, коммерциялық операцияны, мәмілені жүзеге асыруға байланысты делдал-агент ретінде атқарған жұмысы үшін төлемақы; 2) белгілі бір банктік операцияларды жүргізу барысында банктің алатын комиссиялық қызмет көрсеткіне үшін клиенттен алатын төлемі.

Контокорренттік несие (итал. conto corrent – ағымдық шот)- клиенттің барлық түсімдері мен төлемдері есепке алынатын банктегі бірыңғай есеп айырысу (контокорренттің) шоты бар, өзінің тұрақты клиенттеріне банктің беретін несиесі.

Кепілденген чек - чек берушінің банкіндегі шотындағы қаражаттың көлеміне байланыссыз чекте көрсетілген соманы төлеуге қызмет көрсетуші банктің беретін кепілін көрсететін чек.

Корреспондеттік қатынас – банктік қызмет көрсетумен байланысты операцияларды жүзеге асыру мақсатынды банктер бір бірінде өзара

корреспонденттік шот ашумен байланысты жасалған келісім-шарттық қатынасты сипаттайды.

Корреспондент банк- клиенттерге қызмет көрсетуге байланысты операциялар мен банкаралық операцияларды корреспонденттік келісім-шарт негізінде өзге банктің тапсырмасын орындаушы банк.

Корреспонденттік шот – бұл коммерциялық банктердің өзара есеп айырысуларды жүргізуге арналған елдің орталық банкінде және банктердің бір-бірінде ашатын шоты.

Контокоррент (итал. conto corrente- ағымдық шот) - 1) клиенттің барлық операциялық есепке алынатын біртұтас банктік активті-пассивтік шот. 2) Контокоррент салымдарды сақтау үшін, сондай-ақ клиенттің есеп айырысуы үшін, қызмет етумен қатар ағымдағы шот пен қарыз шотының біріккендігін, яғни дебеттік-кредиттік есеп айырысу шотын білдіреді.

Конверсиондық операциялар – қандай да бір елдің елдің қолма-қол және қолма-қолсыз ұлттық валюталарына қолма-қол және қолма-қолсыз шетел валюталарын сатып алу және сату мәмілелері.

Кредиттік карточка – карточканы шығарушы мен карточка иесі арасындағы келісім шартқа сәйкес, несиелік лимит көлемінде тауарлар мен қызметтер үшін төлемді жасауға, не қолма-қол ақша алуға арналған карточка.

Кредиттік корпоративтік банктік карточка - клиентпен (заңды тұлғамен) жасалған келісім-шартқа сәйкес эмитенттің белгілеген пайдалану шегінде және эмитенттің берген несиелік желі мөлшерінде операцияларды жүзеге асыруға өкілетті заңды тұлғаларды, ұстаушыларға пайдалануға мүмкіндік беретін банктік карточкасы.

Кредиттік аударымдар – ақшаны жөнелтушінің төлем құжаттарын алушы банкке төлем тапсырмасын беру арқылы жасайтын қолма-қол ақшасыз төлемдері.

Күмәнді несиелер – қайтарылу уақыты кешіктірілген, мерзімі ұзартылған және банк үшін тәуекел туғызатын несиелер. Соңғы қабылданған активтердің жіктеу ережесіне сәйкес, күмәнді несиелер ішінара бөлінеді: 1-санатты күмәнді, 2-санатты күмәнді, 3-санатты күмәнді, 4-санатты күмәнді, 5-санатты күмәнді.

Күндізгі қарыз (овердрафт) - банктік жұмыс күні ішінде екінші деңгейдегі банктердің ҚР Ұлттық банктегі корреспонденттік шоттарында уақытша қаражат жоқтығына немесе жетіспеуіне байланысты ақшалай аударымдар мен төлемдер жасау мақсатында берілетін несие.

Кук коэффициенті – банк капиталы мен оның баланстан тыс активтері арасындағы ең төменгі шекті қатынасын бейнелейді.

Кепіл-хат - қарыз алушы төлеуден бас тартқан жағдайда, үшінші бір жақтың қарызды өтеймін деген жазбаша міндеттемесін береді.

Корпоративті клиент – қызмет көрсетуде ерекше басымдықтарды иелентін және даму барысында ынтымақтасуға болатын банк клиенті.

Конгломерат – 1) көп салада бірдей қызмет етін ұйым немесе банк; 2) банктік холдинг немесе холдингтік компания.

Коммерциялық вексель – тауарды несиеге сатып алу, сату мәмілісінің жасалуы барысында туындайтын қарыздық міндеттеме.

Клирингтік палата – аймақтық банктердің өкілдерінің клиринг операциясының бойынша нәтижелік баланс құра отырып, чектерді өзара есепке алу мақсатында алдын-ала келісілген уақытта күн сайын кездесетін орыны.

Қ

Қайтарылмалы аккредитив – қаражатты алушыға алдын ала ескертусіз және қаражатты алушы алдында эмитент-банк ешқандай да міндеттеме алмай-ақ эмитент-банк тарапынан өзгертілуі немесе қайтарылып алынуы мүмкін аккредитив түрі.

Қайтарылмайтын аккредитив – қаражатты алушының келісімінсіз эмитент-банк тарапынан қайтарып алынуы мүмкін емес аккредитив түрі.

Қазақстан ипотекалық компаниясы - 2001 жылы ақпанда ҚР Ұлттық банкінің ықпалымен құрылған еліміздегі ипотекалық несиелеу жүйесін дамыту және тұрғын үй құрылысын ұзақ мерзімді қаржыландыру тұжырымдамасын іс жүзіне асыру мақсатында құрылған ұйым.

Қарыз (займ) – пайдаланғаны үшін сый ақы төлеу шартымен белгілі бір мерзімге, қайтарылатын негізде бір тұлғаның (банктің) екінші біріне берген ақшалай қаражаты.

Қарыз шоты - қарыздың берілуі мен қайтарылуы есепке алынатын шот. Қарыз шоты активтік шот болып табылады, себебі онда банктің ресурсының орналасуы көрсетеледі. Қарыз шотының дебеті бойынша-қарызды беру, кредиті бойынша өтеу жүзеге асады.

Қарыз алушы - алынған ақшалай қаражаттардың қайтарылуына, берілген несие үшін сый ақының төленетініне кепіл беретін, өзіне міндеттеме қабылдаған, қарызды алушы тұлға.

Қашықтан (сырттай) қадағалау – бұл банктердің қадағалау органдарына мәліметтер беру түрінде жүргізілетін пруденциялық қадағалау әдісі.

Қарызды қайта құрылымдау – қарыз туралы келісімшарттың қызмет ету мерзімі ішінде, оның мазмұнына (сыйақы мөлшерлемесін, қайтару көзін, қамтамасыз ету мүлкін, негізгі қарызды және сыйақыны қайтару кестесін және т.б.) өзгертулер енгізу.

Қысқа валюталық позиция – белгілі бір шетел валютасында бейнеленетін міндеттемелер (пассивтер) мен баланстан тыс міндеттемелердің сол шетел валютасындағы активтер мен баланстан тыс талаптардың артық болуына байланысты анықталатын ашық валюталық позицияның түрі.

Қолма-қолсыз ақшалар - чектер, пластикалық карточкалар электрондық аударымдар көмегімен пайдаланылатын клиенттердің шоттардағы сақтаған ақшалары (депозиттер).

Қосымша капиталдар – негізгі құралдардың тозуына байланысты аударылған аударымдар есебінен және белгілі мақсатқа бағытталатын пайданы бөлу нәтижесінде құрылатын қаражаттар.

Қоржынды инвестициялар - 1) құнды қағаздар қоржыны түрінде қалыптасқан қаржылық инвестициялар; 2) кәсіпорындарға бақылау жасауға олардың иелеріне мүмкіндік бермейтін шағын мөлшердегі инвестициялар.

Қолма қолсыз есеп айырысу – банктегі шотқа есептеу және төлеушінің шотынан алушының шотына аудару арқылы, қолма-қол ақшаның қатысуынсыз жүргізілетін ақшалай қаражаттардың қозғалысын сипаттайтын ақша айналысының нысаны.

Қолма-қолсыз ақшамен есеп айырысулар жүйесі – бұл қолма-қолсыз ақшалармен есеп айырысуларды ұйымдастыру қағидаларын, оларды ұйымдастыруға қойылатын талаптарды, сол сияқты құжат айналымына байланысты есеп айырысу әдістері мен формаларының жиынтығы.

Құжатты инкассо - коммерциялық құжаттармен (мысалға; шот, көлік және сақтандыру құжаттары) бірге жүретін қаржылық құжаттар инкассосы, сондай-ақ тек қана коммерциялық құжаттар инкассосы.

Л.

ЛОРО-КОНТО (лоро шоты) - 1) (сіздің біздегі шотыңыз) - коммерциялық банктің тапсырмасы бойынша барлық жасалған операциялар көрсетілетін, корреспондент банкінің ашқан корреспонденттік шоты.

ЛИБОР (ағыл. LIBOR, London Interbank offered Rate) - өзге бірінші класстық банктерде депозит түрінде Лондон банктерінің орналастырған (әдетте 3-6 ай мерзімге) қысқа мерзімдік несиелер бойынша мөлшерлемесі; банктердің несие үшін пайыз мөлшерлемесін белгілеуде қызмет етеін базалық мөлшерлеме. Шетел валютасында алған қарыздары бойынша банктер пайыздарын есепке алған кезде ЛИБОР мөлшерлемесінен 3 пункте жоғары шамада белгілейді.

Н

Несие (кредит лат. credit – сенім) - қайтару шартымен, белгілі бір мерзімге қарызды пайдаланғаны үшін қарыз алушыға берген ақшалай немесе тауар нысанындағы қарыз.

Несие процессі - несиелік операцияны ұйымдастыру ерекшелігін анықтайтын, банктен қабылдаған белгілі бір ретпен орналасқан несиелік қатынастарды іске асыру нысаны, яғни әдістері мен тәсілдері.

Несиелік желі – келісілген лимит шегіндегі белгілі бір уақыт ішіндегі қарыз алушығы несие беріп отыруға несиелік мекеменің оған берген заңды түрде рәсімделген міндеттемесі.

Несиелік саясат - ішкі және сыртқы несиелерді беру шарты мен әдістерін, несилеу ауқымын; несие үшін ақы алуды; жеңілдікпен несиелер беруді; несиелердің толық бағдарламаларын қамтитын, мемлекеттің, үкіметтің және банктердің жүргізетін саясаты.

Несиелік жүйе - несиелік қанынастардың, несие беру нысандары мен әдістерінің, сондай-ақ осы несиелік қатынастарды ұйымдастыратын және несиелік мекемелердің жиынтығы.

Несиелік рейтинг – несиені қайтару ықтималдығы, міндеттемені орындау тұрғысынан қарыз алушының несиені өтеу қабілеттілігін бағалау; мұндай рейтингті банктер немесе мамандандырылған консалтинг агенттіктері анықтайды.

Несиелік тәуекел – қарыз алушының банктен алған қарызын және оған төлейтін пайызды қайтара алмау қаупі.

Несие беруші - борышқордан берген қарызын қайтаруда немесе дасқа да міндеттемелерді талап ету құқы бар (заңды немес жеке тұлға) субъект.

Несиелік қабілет - қарыз алушының банк алдындағы өзінің қарызы бойынша міндеттемесін (негізгі қарызы мен пайызы) бойынша толық және уақытында қайтару мүмкіндігі.

Несиелік шектеу - өнеркәсіп және сауда кәсіпорындарына несиелерді жалпы қысқарту, өндірісті қысу немесе оның өсу қарқынын тежеуге жол беретін инфляциялық процестер мен банктердің құрдырауын болдырмау, алтын қорларының шетелге кетуіне тиым салу мақсатында коммерциялық банктерге Орталық банктің беретін несиелер көлемін шектеуі.

Несиелік келісімшарт – несие беруші банк немесе басқа несиелік ұйым мен қарыз алушының арасында жасалатын, онда несие беруші мен қарыз алушының міндеттері мен құқықтары толық көрсетілетін заңды құжат.

Несие лимиті – 1) несие берушінің қарыз алушыға беретін несиесі бойынша несиелік қатынастың шекті деңгейі; 2) қарыз алушының өз айналымында несиелік қаражаттарды пайдаланудың ең жоғарғы шегі. Несиелік лимит ішкі және сыртқы болып бөлінеді. Ішкі лимитті несие беруші банктің өзі өзінің қолында бар несиелік ресурс көлеміне және қарыз алушының несие алу мүмкіндігіне қарай белгілейді.

Несие қоржыны – несиелік тәуекелдің немесе одан қорғану тәсілдерінің әр түрлі факторларына байланысты критерийлері бойынша жіктелген несиелерге байланысты банктің қоятын талаптарының жиынтығы.

Несие тарихы – ұзақ уақыт ішіндегі қарыз алушының банктік несиелерді алу және қайтаруы туралы нақты мәліметтер; қарыз алушының

алған несиелерін қайтару тұрғысынан тұрақтылығын сипаттай отырып, банк тарапынан сол қарыз алушыға несие беру туралы шешім қабылдау барысында пайдаланылады.

Несиелік ісқұжаты – банктің нормативтік құжаттарына сәйкес бекітілген, несиені беруді рәсімдеуге және оған қызмет көрсетуге байланысты несие туралы толық ақпараттарды қамтитын құжаттардың жиынтығы. ҚР-да екінші деңгейдегі банктері несиелік іс-құжаты қалыптасытыруда Қазақстан Ұлттық банк басқармасының қаулысымен бекітілген «Несиелік құжаттарды жүргізу туралы» ережесін тікелей басшылыққа алады.

Несиe бойынша сыйақы - берілетін несиe сомасына қатысты пайызбен бейнеленетін несиені пайдаланғаны үшін қарыз алушының төлейтін төлемі.

Несиелік өтініш - қарыз алушының банктен несиe алу мақсатында толтыратын банктің нормативтік актілеріне сәйкес формасы бекітілген құжат.

Несиелік санкция – қарыз алушының несиелік келісімшартты бұзған жағдайда банк тарапынан қолданылатын шара.

Несиелік скоринг – несиелік келісімшартты бұзу ықтималдығы жағдайын бағалау және әлуетті қарыз алушыларды таңдау процесінде қолданылатын әдіс.

Несиелік саясат – банктің несиелік жұмысын ұйымдастыру негізін және несиелеу процесіне қажетті құжаттар жүйесін жасау шарттары.

Несиелеу стандарты – бұл банкте несиелік қызметті жүзеге асыратын барлық қызметкерлердің жетекшілікке алатын құжаты.

Несиелік нұсқаулық (инструкция кредитования) – несиелеу процедураларын іске асырудың жалпы алгоритімін бекітетін кезектіліктің қадамдарын суреттеуді білдіреді.

Несиелік механизм – нарықтық қатынастарға сай экономикалық тиімді дамуын қамтамасыз ететін несиe түрлерінен, несиелеу принциптерінен, несиелеу әдістері мен тәсілдерінен және несиелік тәуекелді басқарудан тұратын экономикалық механизмнің құрамдас бөлігі.

Несиелік желі – келісілген лимит негізінде белгілі бір мерзім ішінде қарыз алушыға несиe беріп отыратындығы заңдастырылған, яғни банктің қарыз алушы алдындағы міндеттемесі.

Несиелеу әдістері – ссуданың берілу және қайтарылу ерекшеліктерімен байланысты болатын, банктік несиенің кәсіпорындардың каражат айналымының шеберіне қатынасу тәсілдері.

Несиелеу механизмі– несиенің берілу және қайтарылу әдістерін және несиелеу процесін, сондай-ақ несиенің қозғалысына бақылауды қамтитын несиелік механизмнің құрамдас бөлігі.

Несиені авторизациялау – несиелік тәуекелді төмендету мақсатында жүргізілетін анықтамалар және тексерулер процесі.

Несиелік мониторинг - несиені берген күннен бастап, оны толық қайтарғанға дейін бақылауды және қарыз алушының несиелік қабілетінің өзгерісін үнемі талдап отыруды, несие сапасының төмендеуі немесе несиелік келісім-шарттың бұзылуы анықталған жағдайларда тиісті шаралар қолданылуды қамтитын банктің күнделікті жұмысы.

Несиелік қоржынды басқару – бұл банк қабылдауға дайын болып отырған тәуекел түрлерінің барлығын айқындауды және олардың ең жоғарғы жететін деңгейін анықтауды талап ететін жоғарғы жетекшілер қызметі.

М

Маусымдық несие – жабдықтаушының қаржыландыру уақыты мен түсімді алу мерзімі арасындағы уақыт бойынша алшақтықты жабуға арналған несие.

Монетаризм – экономиканы реттегіш құралдарын пайдалану арқылы нарықтық экономикаға мемлекеттің араласуын шектеуге негізделген экономика ғылымының бағыты.

Мерзімі өткен қарыз - займ туралы келесімшартта немесе несиені қайтару кестесінде көрсетілген негізгі қарыз бен оған есептелін сыйақы бойынша мерзімі өткен қарыздар.

Маржа – бағамдар, пайыздар арасындағы, сондай-ақ банктің берген несие сомасы мен несиені қамтамасыз ету сомасының арасындағы айырма.

Мемлекеттік даму банкі – бұл банк экономикалық маңызды салаларында тиімді инвестициялық жобаларды ұзақ мерзімді несиелеуді жүзеге асыруға бағытталған үкіметтің қаржы – несие институты.

Мерзімді депозит – белгілі мерзімі бар және тұрақты пайыз төленетін, сол сияқты алдын ала алуға шек қойылатын салым.

Мерзімін ұзарту (am.prolongatio-созу, ұзарту) – банкпен қарыз алушының арасындағы келісімге сәйкес, несиені қайтарылу мерзімін созу.

Міндетті резервтер нормасы - коммерциялық банктің жалпы міндеттемелеріне (немесе банктің тартқан ақшалай қаражат сомасына) қатысты белгіленетін, коммерциялық банктің Орталық банкте міндетті түрде сақтауға тиісті міндетті ақшалай резервтер сомасы.

Маманданған банк – экономиканың белгілі бір саласына банк қызметін көрсетумен айналысатын несиелік мекеме.

С

Салымдарды индекациялау - құнсыздануға байланысты салымдар боиынша төленетін пайыздарды және салымдар сомасын қайта есептеу және өзгерту.

Салым - банкке немесе басқа несиелік мекемеге сақтауға берілген ақшалай қаражат, банктік депозит. Салымы бар тұлға салымшы болып

саналады. Салымдардың түрлері: талап етілетін және мерзімді, мақсатты салымдар болып бөлінеді. Талап етілетін салымның сақталу мерзімі көрсетілмейді, ал мерзімді және мақсатты салым белгілі мерзімге сақталады.

Салым құпиясы - банктегі шоттағы қаражаты және олармен жасалған операциялар туралы мәліметтерді құпияда сақтауға деген салымшының құқығы.

Сенімді тұлға – қарыз алушының қарызды қайтармаған жағдайында, оның кепіл заты ретінде банкке берген мүлкін соттан тыс тәртіпте сатуы жүзеге асыратын тұлға.

Секьюритизация – қарыздық міндеттемелерді шығару барысында қамтамасыз ету заты ретінде келісімшартта көзделген ақшалай түсімдерді пайдалану.

Стенд-бай (ағыл. stand-by - резерв, қор) – өзара келісім бойынша банктің бекітілген мерзімге ақшалай резерв жасауы және оны қажет кезінде клиенттің пайдалануы. Стенд-бай несиесі бір жылға дейінгі мерзімге келісілген мақсатқа сәйкес Халықаралық валюта қорына (ХВҚ) мүше елдерге беріледі.

Своп (ағыл. swap – айырбас) – белгілі бір мерзім өткеннен кейін қайта ауырбастау міндеттемесін ала отырып, ұлттық валютаны шетел валютасына айырбастау операциясы.

Слип (ПОС терминал немесе банкоматтың түбіртегі) – банктік картаның көмегімен жасалған және оны пайдаланғандығын растайтын есеп айырысу құжаты.

Спот (ағыл. spot- қолма-қол, тез арада жасалатын төлем) - 1) тез арада жеткізу және төлеуді көздейтін тауарды немесе валюта туралы биржалық немесе биржадан тыс мәміле. Спот шартында валюталық мәміле жасасқанда валютаны жабдықтау бір күн ішінде жүргізіледі. Жеткізу және төлеу мерзімдері арасындағы айырма есеп айырысу бойынша банктік операцияларды жүргізуге қажеттігімен байланысты. Спот операциясы бойынша валюта бағамының шамасы басқа мәмілелер бойынша бағамдардан өзара ажыратылуы мүмкін; 2) тез арада жабдықталатын валюталарды немесе басқа тауарларды сататын баға.

СВИФТ (ағыл. SWIFT, Society of Worldwide Interbank Financial Telecommunications) - компьютерлерді және банкаралық телекоммуникацияларды пайдалану арқылы халықаралық ақшалай есеп айырысулар мен төлемдерді жүзеге асыратын автоматтандырылған жүйе. Халықаралық есеп айырысуларды жеңілдету және жүйелендіру мақсатында 15 елдің 240 банк өкілдері мен Брюссельде 1973 ж. құрылған 1977 ж. бастап қызмет етеді.

СПРЭД (ағыл. Spread - айырма)- 1) сату жеңілдігі мен басқарғаны және орналастырғаны үшін комиссия сомасына тең, инвестордың төлеген және эмитенттің алған, шығарылған құнды қағаздарының бағалары

арасындағы айырма; 2) сатып алушы бағамы мен сатушы бағамы арасындағы айырма; 3) әр түрлі мерзімде жеткізілетін бір тауарды бір уақытта сатып алу және сатуға арналған фьючер контрактілерін; 4) әр түрлі есептеу мерзімі бар және әр түрлі баға бойынша опциондарды бір уақытта сатып алу және сату; 5) бір тауарға бағаның кеңінен өсуі.

Статус-Репорт – банктің ағымдағы қаржылық жағдайын толық бағалауға мүмкіндік беретін құжат.

Ө

Өтелген аккредитив – банк-эмитент аккредитив ашу барысында төлеушінің меншікті қарататын немесе оған берілген несиені жабдықтаушының банкіне (орындаушы банкке) жеке баланстың шотқа аударуын сипаттайтын аккредитив түрі.

Өтелмеген аккредитив – банктердің арасында корреспонденттік қатынас орнату барысында аккредитив орындаушы банкте ашылып, оған эмитент-банктің шотынан аккредитивтің барлық сомасын алуға құқық беретін аккредитив түрі.

О

Облигация – оның иесінің ақшалай қаражат салғандығын куәландыратын және эмитенттің осы қаражат сомасы (номиналдық құны) мен пайызды қайтарып беру туралы міндеттемесін растайтын бағалы қағаз.

Овердрафт (ағыл. overdraft-жоспардан жоғары) - клиенттің есеп айырысу, ағымдық және корреспондентті шоттағы қаражат қалдығынан төлейтін төлемдер сомасы жоғары болған жағдайда банктің клиентке беретін қысқа мерзімді несиесінің ерекше нысаны. Мұндай жағдайда клиенттің шотынан қаражатты толық көлемде шегеріп тастап, банк, шоттағы қалдықтан асатын сомада клиентке автоматты түрде несие береді.

Овернайт (ағыл. overnight - бір түнге жасалатын мәміле) - ағымдағы банктік күннен келесі күнге дейінгі мерзімге жасалатын несиелік мәміле. Мәміле жасау жұма күні болса: онда мәміле мерзімі дүйсенбіге дейінгі мерзімді құрайды. Овернайт несиесін ҚР Ұлттық банкі екінші деңгейдегі банктерге береді.

«Он-лайн» режимі (ағыл. on-line – нақты уақыт режимі) – банктік картаны шығарушымен арадағы электронды немесе телефон байланысы арқылы немесе магнитті штрихті картаны көмегімен жасалатын операция.

«Офф-лайн» режимі (ағыл. off-line – қолжетімсіздік) - банктік карточканы шығарушымен арадағы электронды немесе телефон байланысты қажет етпейтін, яғни чипті (микросхемалы) картаның көмегімен жасалатын операция.

Опцион – сатушының белгілеген күнінде немесе одан бұрын базалық активті сатып алуға (сатуға) құқық алатын немесе сияқы төлеп қана мәміленің орындалуынан бас тартуға құқылы, біреуі осы контрактінің иесі

(немесе сатып алушы) болып табылатын екі қатысушысының арасында жасалатын келісім-шарт.

Р

Рамбурстық несие – шикізаттарды ішке алып кіру және жартылай фабрика және дайын өнімдерді сыртқа шығару тәжірибесінде пайдаланылатын несие.

Расталмаған аккредитив – сатып алушының банкісінің корреспондент банкке жабдықтаушының тұрған жері бойынша клиенттің есебінен жабдықтаушыға аккредитивте белгіленген соманы төлеуі туралы тапсырмасы, мұндай да корреспондент-банк жабдықтаушыға жөнелткен тауары немесе көрсеткен қызметі үшін төлемді төлеуге кепілдеме бермейтін аккредитив түрі.

П

Пайыз (лат. pro centrum- жүзден бір бөлігі)- 1) санның жүзден бір бөлігі; 2) несиелік пайыз - қарыз алушының пайдаланған қаражаты немесе материалдық құндылықтары үшін қарыздың төлемі. 3) депозиттік пайыз - белгілі мерзімге берген салым бойынша банктің салым иесіне төлейтін ақысы.

Пайыз мөлшерлемесі - қарыз несие үшін төленетін пайыз мөлшері; белгілі уақыт ішінде (ай, жыл) қарыз алушының несие берушіге төлейтін пайыздық төлемдерінің қатысты шамасы. Пайыз мөлшерлемесіне несие берушінің пайдасы тікелей байланысты болады Инфляция жағдайында пайыз мөлшерлемесі өседі, себебі оның құрылымына толық немесе жартылай күтілетін инфляция деңгейі кіреді. Несие мерзімінің соңына дейін мөлшері тіркелмеген пайыз мөлшерлемесі өзгермелі мөлшерлеме деп аталады.

Пайыздық шығыстар - клиенттердің талап ету және мерзімді депозиттері, басқа банктердің депозиттері бойынша, басқа да банктерден сатып алынған несиелік ресурстар үшін, сондай-ақ шығарған бағалы қағаздар бойынша төленген пайыздардан құралады.

Пассивті депозиттік операциялар – бұл клиенттердің уақытша бос ақша қаражаттарын белгілі уақытқа және пайыз төлеу шартымен тартумен байланысты операциялар.

ПИБОР (ағыл. PIBOR, Paris Interbank Offered Rate) - бірінші классты банктерге беретін Париж банктерінің қысқа мерзімді несиелері бойынша пайыз мөлшерлемесі.

Пайыз тәуекелі - берілген несиелерге байланысты пайыз мөлшерлерінен тартылған қаражат бойынша бөлінетін пайыз мөлшерлерінің артық кетуі. Нәтижесінде коммерциялық банктер, несиелік мекемелер және инвестициялық ұйымдар қызметі процесіндегі зияндардан пайда болуы қауіпі. Пайыз тәуекеліне инвестордың құнды қағаздар

рыногындағы пайыз мөлшерлеріндегі өзгерістерге байланысты зиян шегу қауіпі де жатады.

Пруденциалдық нормативтер- ҚР банкі тарапынан екінші деңгейдегі банктер қызметін реттеуге байланысты қойылатын талаптар. Пруденциалдық нормативтерге: жарғылық қордың ең төменгі мөлшері, меншікті қаржаттағы жеткілікті коэффициенті, бір қарыз алушыға келетін тәуекелдің ең жоғары мөлшері, өтімділік коэффициенті, банктің негізгі құралдары мен қаржылық емес активтеріне жұмсалатын инвестицияның ең жоғары мөлшері жатады

ПОС (ағыл. Point of Sale – сауда орны) – эквайрер банкпен өзара жасалған келісімшартқа сәйкес, тұтынушылардың сатып алған тауарлар мен қызметтері үшін төлем құралы ретінде банктік картаны қабылдайтын, сауда немесе қызмет көрсететін кәсіпорын.

ПОС-терминал – сауда немесе қызмет көрсететін кәсіпорында банктік карточкаларға қызмет көрсетуге арналған құрылым.

ПИН-код - (ағыл. Personal Identification Number – жеке идентификациялық номер) – банктік картаның иесіне банкомат немесе ПОС-терминалдар арқылы қызмет көрсетуге мүмкіндік беретін жеке идентификациялық номері.

Пайм-рейт – ең сенімді, қаржылық жағдайы тұрақты, бірінші классты ірі қарыз алушыларды несиелеуге арналған банктің белгілейтін ең төмегі (базалық) мөлшерлемесі.

Провизия – активтерді қайтармаудан туындайтын немесе олардың құндарының төмендеуінен туындайтын шығынды жабуға қажетті ақшалай резервтер. Провизияның екі түрі болады: арнайы және жалпы провизиялар

Ұ

Ұлттық банк – Орталық банктің классикалық қызметтерін жүзеге асыратын ҚР-ның орталық банкі.

Ұзын валюталық позиция – белгілі бір шетел валютасында бейнеленетін активтер мен баластан тыс талаптардың сол шетел валютасындағы міндеттемелер мен баланстан тыс міндеттемелерден артық болып келуіне байланысты анықталатын ашық валюталық позициясының түрі.

Т

Талап етілетін несие (ағыл. Lone on call - талап етілетін қарыз) - несие берушінің алғашқы талабы бойынша қарыз алушының өтеуге міндеттеме алатын қысқа мерзімді коммерциялық несиесі.

Төлем тапсырмасы – ақшаны аударушының (төлеушінің) аталған тапсырмада көрсетілген ақша сомасын бенефициарға аудару туралы қызмет көрсетуші банкке берген тапсырмасы.

Төлем талап-тапсырмасы– бенефициардың төлемшеге оған қызмет көрсетуші банкке бағытталған, жөнелтілген өнім, атқарылған жұмыстар

және көрсетілген қызмет құнын жіберілген есеп айырысу құжаттары негізінде төлеу талабы.

Тікелей инвестициялар - 1) материалдық өндіріске және белгілі бір өнімнің түрін өткізуге тікелей қаржат жұмсау. 2) компанияның бақылау пакетіне иелік етуді қамтамасыз ететін жарғылық капитаына қаражат салу.

Траст операциясы – клиенттің сенімді тұлғасы ретінде оның мүлкін басқаруға және тапсырмасы бойынша басқа да қызмет көрсетуге байланысты банктің операциялары.

Телеграфтық инкассо жабдықтаушының тауар құжаттарын инкассоға қабылдағаны туралы жабдықтаушы банкісінің жіберген телеграммасына қарсы сатып алушылық төлемі жасалатын инкассоның ерекше нысаны.

Тұрақсыздықақы - қарыз алушының банк алдындағы міндеттемесін орындай алмаған жағдайда өзара жасалған келесімшартта сәйкес төлейтін айыппұлы немесе пенясы.

Ш

Шарты және мүмкін міндеттемелер – клиенттердің өтініші бойынша берліген аккредитивтер немесе кепілхаттар мен кепілдемелер.

Ф

Фронт-кеңсесі – банк пайдасының деңгейін арттыру мақсатында клиентпен тығыз қарым-қатынас жасайтын және оларға банктің әр түрлі өнімдерін сата отырып, қызмет көрсетумен айналысатын банктің бөлімшесі.

Форс-мажор жағдайы - экономикалық келісім-шарттарға қатысушылардың әр-түрлі аяқ асты жағдайларға (өрт, жер сілкінісі, су тасқыны және т.б.) байланысты міндеттемелерді орындай алмауы.

Факторинг (ағыл. Factoring) - клиенттің айналым капиталын несиелеуге ұқсас сауда-комиссиондық операциясының бір түрі; ұсақ және орташа фирмаларға (клиенттерге) коммерциялық банктердің олардың еншілес фактор-бөлімдерінің фирма көрсететін қаржылық қызмет түрі. Оның мәні мынада, фактор-бөлімі клиенттен олардың борышқорларына қоятын талабын өтеу мерзімі жеткенше дейін сатып алып, оның 70 тен 90%-ға дейінгі мөлшерде қарызын қайтарады. Пайызды шегергеннен кейін қалатын қарыздың бөлігі клиентке қарызды толық төлеген соң қайтарылады. Нәтижесінде фактор-бөлімінің клиенті өзінің қарызын тез арада қайтарып алады, бірақ ол үшін фактор-бөлімге белгілі бір пайыз төлейді.

Форвард (ағыл. Forward-алдын-ала) – мәмілені жасағаннан кейін екі күн ішінде шұғыл түрде жасалатын есеп айырысу нысаны. Әдетте форвардтық операцияларды бағаның, валюталар бағамындағы өзгерістер ауытқулардан туындайтын мүмкін болар зияндардан алдын алу

мақсатында банктер және сауда өнеркәсіп кәсіпорындары арқылы жасайды.

Форфейтинг (франц. а forfait - тұтас, жалпы сомада) - коммерциялық вексельді сатып алу жолымен экспортты несиелеу; сыртқы сауда операцияларында қолданылатын сату барысында экспортерлерді, сатушыларды несиелеу нысаны.

Фьючерс – келісім жасалған уқытта тараптардың келісімімен белгіленген бағады базалық активті сатуға не сатып алуға құқық беретін биржалық контракт.

Фьючерстің өзге туынды бағалы қағаздардан өзгешелігі ол тек қана биржада жасалады. Қазақстанда фьючерс контрактісі валюта және астыққа және т.с.с тауар түрлеріне қолданылып отыр.

Х

Хеджерлеу– валюта бағамындағы және т.с.с. өзгерістер нәтижесінде мүмкін болар зияндарды жабуға арналған резервтерді құру, сауда немесе несие валютасын өзгерту жолымен валюталық және өзге тәуекелдерді сақтандыру.

Ч

Чек (ағыл. cheque) - чекте көрсетілген соманы чекті ұстаушыға төлеу туралы, өзінің банкіне берген чек берушінің бұйрығы. Бұл сома чек берушінің чектік шотынан шегеріліп тасталынып, чек ұстаушының шотына толығымен аударылады.

Чек кітапшасы (чековая книжка) - банктегі шоты бар тұлғаға банктен берілетін, чектердің бланкілерінен тұратын, қолдан жасауға қарсы өзіндік қорғаныс элементтері бар, кітапша түрінде болатын ақшалай құжат. Чектердің арнайы қағазбен жасалынған нысаны мен реттік номері болады. Чектер бойынша чектік кітапшадан клиент қолма-қол ақшаларды алады және олардың көмегімен басқа заңды және жеке тұлғалармен тікелей есеп айырысады.

Ц

Цессия (лат. cessio - беру) - меншікті қаражаттарды иелену немесе оларды алу құқығын басқа тұлғаға беру, мысалы, несие беруші (цедент) өзінің қарызды алу құқығын басқа тұлғаға (цессионарға) беруі мүмкін; цессия сөзі тәуекелді қайта сақтандыруға тапсыру дегенді білдіреді. Бұл жағдайда қайта сақтандыруға тапсырушы рөлін - цедент, ал қайта сақтандырушы рөлін - цессионар атқарады.

Эмиссиялық банк – қолма-қолсыз немесе қолма-қол ақша формасында ақша белгілерін, сондай-ақ өзге төлем құралдарын айналысқа шығаратын банк.

Экспорттық несие - экспорты қолдау құралы ретінде өнімді сатуды қаржыландыру мақсатында сатып алушыға немесе оның банкіне берген несие. Фирмалық экспорттық несие экспортер тарапынан беріледі де банктен қаржыландырмайды. Банктік экспорттық несие банктен шетелдік сатып алушыларға тікелей беріледі.

Эмиссия - айналысқа құнды қағаздарды, ақша белгілерін барлық нысандарда шығару. Ақшаны эмиссиалау тек қана ақша белгілерін басуды білдірмейді, сол сияқты айналыстағы қолма-қол және қолма-қолсыз ақшаларды ұлғайтуды сипаттайды. Эмиссиялаудың басты нысандары несиелік ақша - банкнотаны эмиссиялау; құнды қағазды эмиссиялау.

Электрондық ақшалар - компьютер тарабының ақпараттарды автоматты түрде өңдеу құралдарын қолданатын байланыс жүйелері арқылы жүзеге асырылатын, банктер және олардың клиенттері, сатушылар мен сатып алушылар арасындағы қолма-қолсыз есеп айырысуларды қамтамасыз ететін электрондық төлем жүйелері.

Әдебиеттер

1. “ҚР-ғы Ұлттық банк туралы” ҚР заңы 30.03.1995.
2. “ҚР-ғы банктер және банктік қызмет туралы” ҚР заңы / 31.08.1995.
3. “Бағалы қағаздар нарығы туралы” ҚР заңы// 06.08.2003.
4. “ҚР-да вексель айналысы туралы” ҚР заңы// 28.04.1997
5. “Қаржы лизингі” туралы ҚР заңы. 5.07.2000ж
6. Валюталық бақылау және реттеу туралы ҚР заңы. 18 декабрь 2005ж
7. “Қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарды мелекеттік реттеу және қадағалау туралы” ҚР заңы. 04.07.2003.
8. “Ақшалай төлемдер мен аударымдар туралы” ҚР заңы 29.06.1998
9. 2002 жылы 3 маусымдағы Ұлттық банк Басқармасының № 213 қаулысымен бекітілген “Екінші деңгейдегі банктерге арналған пруденциялық нормативтер туралы” ереже.
10. Программа развития денежно-кредитной политики Национального Банка Республики Казахстан на 2006-2008 гг.
11. 2000 жылғы 2 маусымдағы Ұлттық банк Басқармасының N 266 бекітілген “Қазақстан Республикасының банктеріндегі клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу тәртібі туралы” нұсқаулық.
12. 2002 жылы 16 қарашадағы N 465 қаулысымен бекітілген “Активтердің, шартты міндеттемелердің жіктелуі және оларды күмәнді және үмітсіз санаттарға жатқыза отырып, оларға қарсы провизиялар құру” туралы ережесі.
13. 1999 жылы 15 қарашада Ұлттық банктің Басқармасының қаулысымен бекітілген “ҚР екінші деңгейдегі банктерде кассалық операцияларды жүргізу” ережесі.
14. “Қазақстан Республикасы аумағында төлем құжаттарын пайдалану және қолма-қолсыз төлемдер мен ақшалай аударымдарды жүзеге асыру ережесі” туралы ҚР Ұлттық банк Басқармасының 2000 жылға 25 сәуірде бекіткен N 179 қаулысы.
15. Екінші деңгейдегі банктердің аудармалы және жай вексельдермен операцияларын жүргізу ережесі. 15.11.1999 ж. ҚҰБ Басқармасының N 397 қаулысымен бекітілген
16. Ұлттық Банктің Басқармасының 2002 жылы 16 қарашадағы N 465 қаулысымен бекітілген “Активтердің, шартты міндеттемелердің жіктелуі және оларды күмәнді және үмітсіз санаттарға жатқыза отырып, оларға қарсы провизиялар құру” туралы ережесі.
17. Мақыш С.Б., Ілияс А.Ә. Банк ісі: Оқу құралы. Алматы. Қазақ университеті 2004
18. Мақыш С.Б. Ақша айналысы және несие: Оқу құралы. Алматы. Издат-маркет. 2004.
19. Мақыш С.Б. Коммерциялық банктердің операциялары: Оқу құралы. Алматы. Издат-маркет. 2004

20. Макыш. С.Б., Ильяс А.А. Банковское дело: учебное пособие Алматы. Қазақ университеті, 2006.
21. Банковское дело: учебник / под ред. Г.С. Сейткасымова // Алматы “Қаржы-Қаражат” 1998.
22. Банковское дело: учебник / под ред. О.И. Лаврушина // Москва “Финансы и стататистика” 2004.
23. Банковское дело: учебник / под ред. Г.Г.Коробовой. М.:Юристь, 2002.
24. Банковское дело: учебник / под ред. А.М. Тавасиева М.:ЮНИТИ, 2002.
25. Банковское дело: стратегическое руководство / Под ред. В. Платонова, М. Хиггниса. - М.: “Консалтбанкир”, 1998.
26. Основы банковской деятельности: учебник / под ред. Тагирбекова К.Р. – Москва.: Инфра М,2003
27. Управление деятельностью коммерческого банка (Банковский менеджмент): учебник / под ред. О.И. Лаврушина // Москва .: Юристь, 2005.
28. Банковское дело: современная система кредитования / под ред. О.И. Лаврушина // Москва .: КНОРУС, 2005.
29. Моисеев С.Р. денежно-кредитная политика: теория и практика: учебная пособие / М.: Экономисть, 2005.
30. Масленченков Ю.С. Финансовый менеджмент банка: учебное пособие / М.: ЮНИТИ, 2003.
31. Ларионова И.В. Управление активами и пассивами в коммерческом банке. / М.: Издательство «Консалтбанкир» 2003.
32. Пещанская И.В. Организация деятельности коммерческого банка / М.: ИНФРА-М, 2001.
33. Щербакова Г.Н. Банковские системы развитых стран. – М.:Экзамен, 2003.
34. Панова Г.С. Кредитная политика коммерческого банка. – М. ИКЦ ДИС, 1997.
35. Е.Б. Ширинская Операции коммерческих банков и зарубежный опыт // Москва “Финансы и статистика” – 1993.
36. О.М. Маркова и др. Коммерческие банки и их операции// Москва: Банки и биржи, 1995.
37. Брокеры и регистраторы на рынке ценных бумаг. Учебное пособие Алматы. “ИРБИС“,2000.
38. Хамитов Н.Н. Банковский надзор и его эффективность. Алматы. 2001.
39. Гвоздев Б.З. Факторинг. – М. : Ассоциация авторов и издателей “ТАНДЕМ”. Изд. ЭКМОС, 2000.
40. Макыш С.Б., Сұпығалиева Г.И, Керімбеквоа Н.Н. Акша, несие банкер пәнінен практикум Оқу құралы. Алматы. Қазақ университеті 2004

Серік Биханұлы Мақыш
Экономика ғылымдарының кандидаты, доцент

БАНК ІСІ

Оқулық



Мақыш Серік Биханұлы

Экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің «Қаржы және маркетинг» кафедрасының меңгерушісі. 1994 жылы Қазақ мемлекеттік басқару академиясын «Қаржы және несие» мамандығы бойынша бітіргеннен бастап, қаржы

және банк саласына мамандар даярлауға өз үлесін қосып жүрген білікті маман. Білімін жетілдіру барысында Еуропа қауымдастығы комиссиясының ықпалы мен ұйымдастырылған Алматыдағы банктік кадрларды қайта даярлау орталығында, Қазақстандық менеджмент, экономика және болжау институтының (КИМЭП) «Жазғы мектебінде», Вена бірлескен институты (ВБИ) мен М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің бағдарламасымен бірлесіп ұйымдастырылған білімін жетілдіру курстарына қатысқан.

Көп жылдық жемісті ғылыми-ағартушылық жұмыстары үшін ҚР Білім және ғылым министрлігінің тағайындаған «Жас дарынды ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендия» иегері, Қазақстан экономистері бірлестігінің тағайындаған «Қаржы экономикасы» номинациясында экономика саласындағы ең үздік еңбектері үшін диплом және сыйақымен, сондай-ақ «Ғалымдар одағы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің «Ғылым, техника және білім саласындағы зор үлесі үшін» дипломмен марапатталған.

Автордың кітаптары:

- *Ақша айналысы және несие. Оқу құралы Алматы: Издат-Маркет, 2004.*
- *Коммерциялық банктер операциялары. Оқу құралы. Алматы: Издат-Маркет, 2004.*
- *Банк ісі. Оқу құралы Алматы: Қазақ университеті, 2004.*
- *Банковское дело. Учебное пособие. Алматы: Қазақ университеті, 2006.*
- *Қаржы-банк терминологиялық және түсіндірме сөздігі Алматы: Издат-Маркет, 2006.*
- *Қаржы және несие. Тесттер жинағы. Оқу-әдістемелік құралы Алматы: Қазақ университеті, 2000.*
- *Ақша, несие, банктер. Тесттер жинағы. Оқу-әдістемелік құралы Алматы: Қазақ университеті, 2000.*

